

**Әбиев Ж. Ә., Бабаев С. Б.
Құдиярова А. М.**

Педагогика

Оқу құралы

**Алматы
2006**

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1 ТАРАУ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- 1.1 Педагогиканың ғылымдық мәні. Оның ерекше білім саласына бөлінуі және зерттеу аймағы*
- 1.2 Педагогиканың әдіснамалық негіздері. Оның басқа ғылымдармен байланысы және зерттеу әдістері*
- 1.3 Тәрбие аясы жеке адам және оның дамуының ішкі, сыртқы факторлары*
- 1.4 Педагогикалық қызмет ретінде тәрбиенің мәні және оның жалпы заңдылықтары мен принциптері*
- 1.5 Педагогикада мақсат болжау проблемасы*
- 1.6 Тәрбие процесі түсінігі мен мазмұны Тәрбие принциптері Тұлғаны ұжымда тәрбиелеу*
- 1.7 Жалпы тәрбие әдістері Тәрбие технологиясы*
- 1.8 Қоғамдық және отбасы тәрбиесі*

2 ТАРАУ ДИДАКТИКА - БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ

- 2.1 Оқыту заңдылықтары*
- 2.2 Оқыту принциптері мен ережелері*
- 2.3 Мектептегі білімнің мазмұны*
- 2.4 Оқыту әдістері*
- 2.5 Оқытуды ұйымдастыру формалары*
- 2.6 Оқушылар оқу-танымдық әрекетін тексеру және бағалау*

3 ТАРАУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ МӘНІ МЕН НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

- 3.1 Білім жүйесін басқарудың қоғамдық-мемлекеттік сипаты*
- 3.2 Мектепті басқару негізгі функциялары*
- 3.3 Педагогикалық процесті басқарудағы әлеуметтік институттардың өзара әрекеттестігі*

4 ТАРАУ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

- 4.1 Педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығы. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оларды аттестациялау*

5 ТАРАУ ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ

- 5.1 Көне грек ойшылдарының ғылыми және ағартушылық ой пікірлері*
- 5.2 Шығыс ойшылдарының педагогикалық ой-пікірінің пайда болуы мен қалыптасуы*

5.3 XVII-XVIII ғасырлардағы революциялар кезеңіндегі демократиялық педагогиканың дамуы

5.4 Орыс және кеңес педагогикасының көзқарастары

5.5 Қазақстан педагогтарының еңбектері мен ой-пікірлерінің қалыптасуы және дамуы

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне орай елімізде жүріп жатқан реформалау процесі, оның тек экономикалық саласын ғана қамтып қоймай, сонымен бірге әлеуметтік-гуманитарлық салада да зор өзгерістер жасалуда. Қоғамдағы білім беру жүйесін реформалау - соның айқын айғағы. Соған орай жалпы білім беретін мектептерде оқу-тәрбие жұмысын нәтижелі іске асыру педагогикалық оқу орындарында білім алып жатқан болашақ жас мамандардың білім, білік және дағды сапаларының дайындық дәрежесіне байланысты болатындығы бәрімізге мәлім. Осы қоғамдық аса маңызды міндетті шешуде "Педагогика" курсының атқаратын қызметі айрықша.

"Педагогика" курсы педагогикалық оқу орындары студенттерін мұғалім мамандығына дайындау жүйесінің негізгі бір саласы. Оның мақсаты болашақ мамандарды педагогика ғылымдарының теориялық негіздерімен қаруландырып, тәрбие мен оқыту процесін нәтижелі ұйымдастыруға қажетті педагогикалық білім, білік және дағды қалыптастыру.

Педагогика пәні оқулығы негізінен 5 бөлімнен құралған. Әрбір бөлімде қарастырылған педагогикалық мәселелердің негізгі идеялары мен мазмұны тыңғылықты айқындалып, ғылыми дәрежесі көтерілген, педагогикалық ойлауды дамытуға сай негізгі ұғымдар жеке қарастырылған.

Сонымен бірге әрбір тақырып соңында студенттердің ойлау белсенділігі мен өзіндік жұмыстарын жақсартуға арналған бақылау сұрақтары берілді.

Пәнде қарастырылған бөлімдер негізінен дәстүрлі түрде оқу стандартына сай құрылған. Атап айтсақ, "Педагогика курсының теориялық және әдіснамалық негіздері", "Тәрбие теориясы мен әдістемесі", "Дидактика: Білім беру және оқыту теориясы", "Қазақстан Республикасында халыққа білім беру жүйесі, мектептерді басқару және оған басшылық жасаудың педагогикалық негіздері" секілді тақырыптар қарастырылған.

Тәрбие – педагогикалық процесте өте маңызды, әрі күрделі де ұзақ мерзімді қажет ететін құрамдас бөлігі екендігі мәлім.

Олай болса, оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру, тәрбиелік шаралардың нәтижесін арттыру одан да күрделі мәселе. Мектеп жайында бұл жауапты мәселені жүзеге асыру сынып жетекшілеріне жүктеледі. Оның нәтижелі ұйымдастырылуы, сынып жетекшілерінің педагогикалық білім дәрежесінің сапасы мен педагогтік шеберлігіне байланысты болып келеді. Оған мектептің педагогикалық ұжымы мен балалардың ата-аналарын, тіпті жұртшылықты тарта білу қабілеттерін игерудің де маңызы ерекше. А. С. Макаренко ұстаздарға қажетті мұндай қасиеттерді - өнер деп бағалаған. Сондықтан осы пәнде тәрбие теориясының мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын жүзеге асыруға бағытталған сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының ұйымдастыру форма-лары мен әдістері топтамасы қатар қарастырылған.

Бұл курстың тағы бір ерекшелігі - мұнда 5 - тарауда педагогика тарихымен байланысты оқу материалдары берілген. Авторлардың ондағы көздеген мақсаты бұрын ешбір педагогикалық оқулыққа енгізілмеген орта ғасыр ғұламаларының оқу-ағарту, тәрбие және білім беру саласындағы еңбектерінің тарихи маңызы және ой-пікірлерімен бүгінгі жас мамандарды таныстырып, алдыңғы тарауларда алған білімдерін тереңдетіп, ұштастыра оқытуды көздейді.

Қорыта айтқанда осы пәннің негізгі көздеген мақсаты – "Педагогика" курсы бойынша білім жүйесінің бірыңғай тұтастығын қамтамасыз ету болып табылады.

ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Педагогиканың ғылымдық мәні. Оның ерекше білім саласына бөлінуі және зерттеу аймағы

1. Тәрбие қажеттілігі мен педагогикалық теория дамуының әлеуметтік-экономикалық факторлары

Әр саладағы ғылымды меңгеру, әдетте, сол ғылымның пайда болуы мен дамуы, оның зерттейтін проблемаларын анықтап, түсінуден басталады. Шынығында да, әр ғылым саласы өз тарихына, зерттелуі тиіс және сол ғылымның теориялық негізін түсінуге жәрдемдесетін табиғи немесе қоғамдық құбылыстардың нақты аймағына ие.

Бұл тұрғыдан көпке мәлім "Барша заттың бастауын тапсаң, көп нәрсе түсінерсің"-деген қанатты сөзде терең мағына бар. Осыдан педагогика пәнімен танысуды да оның қысқаша болса да туындау және даму тарихымен, ол зерттейтін проблемаларды анықтап, түсінуден бастаған жөн.

Ескеретін жәйт, аталған мәселелерді қарастыруда әрдайым екі тұжырымды жадтан шығармау лазым:

1. Үлкен даму жолы қаншалықты шырғалаң және дәуір тозаңымен көмескеленсе де, қай ғылым болмасын қоғам қажеттілігінен дамып, қалыптасады.
2. Адамзат білімінің қай саласы болмасын ғылымдық дәрежеге көтерілуі үшін тек ерекше, соған ғана тән зерттеу аймағы бөлініп, нақтылануы қажет.

Осы тұрғыдан алып қарасақ, педагогиканың жайы қалай? Оның ғылым ретінде пайда болып, дамуының себептері неде? Оның жалпы заттық дүние мен білім жүйесіндегі орны қандай?

Адамзат дамуының барысында білімдік педагогика-ның саласы ең ежелгілерден, әрі қоғам дамуынан ажырап көрген емес. Бұл тұжырым түсінікті болу үшін мәнді де маңызды жағдайға назар аударған жөн. **Педагогикалық білім өсіп келе жатқан әулетті тұрмысқа дайындауға немесе тәрбиеге бағышталған адамзат іс-әрекетінің ерекше бір саласына кіреді.** Шынығында да, педагогика жөнінде сөз болғанда, әдетте, бұл термин оқу-тәрбие, адамды қалып-тастыру түсініктерімен баламалас қолданылады. Ал, тәрбиенің өзі жас әулетті тұрмысқа дайындау құралы ретінде, адамзат қоғамының іргетасы қалануымен бірге пайда болады. Еңбек құралдарын жасау, табиғат өнімдерін меншіктеуге байланысты өндірістік және бірлікті іс-әрекет пен қызметтік тәжірибелерді жинақтай келе, адамдар оларды келер ұрпаққа өткізуді мақсат-мүддесіне айналдырды. Қоғамдық ілгерілеудің өзі осы өмірге жаңадан енген әрбір әулеттің өз ата - бабаларының өндірістік, әлеуметтік және рухани құндылықтарын игерумен бірге, оларды жаңа, жоғары деңгейде байытып, өзінен соңғыларға жеткізіп беруі арқылы іске асып отырады және әрі қарай дамиды. Сонымен жинақталған өндірістік, әлеуметтік және рухани тәжірибені келесі әулетке жеткізіп отыру, адамзат қоғамының жасалуы мен дамуының алғы-шарттары және маңызды қызметіне айналады. Міне, сондықтан да тәрбие адамзат қоғамының дамуынан ажырамайды және оған ежелден-ақ тән құбылыс, демек, тәрбие жастарды тұрмысқа дайындауға бағытталған ерекше іс-әрекет ретінде қоғам дамуының барлық кезеңдерінде де өз маңыздылығын жоймаған.

Ал әрқандай қоғамдық құбылыс ретінде тәрбиелік қызмет пен оның сипаты бір қалыпта тұрып қалған емес, қоғамдық жағдайлардың ықпалымен ол үздіксіз жетіліп дамуда болды. Мысалға, ұзақ уақыт балалар өндірістік және адамгершілік тәжірибені, бірлікті еңбек әрекетінде, үлкендермен араласа жүріп игеріп отырды. Осылайша жағдай тайпалық қауымға дейін де, тайпалық қауым кезінде де күнделікті іс-әрекеттің қарапайымдылығынан болған еді. Сондықтан да бұл дәуірде тәрбие адамдардың арнайы кәсіби қызметі бола алмады, яғни арнайы тәрбиелік мекемелер болмады, тәрбиені кәсіпке айналдырған адамдардың да қажеттігі әлі туындамаған кез еді. Құл иленушілік қоғамда да бұл жағдай ұзақ уақыт сақталды.

Бірақ, уақыт өткен сайын тәрбие саласындағы бұл жағдай өзгере бастады. Жер өңдеу мен мал шаруашылығы, қолөнершілік бірте-бірте дамып, күрделенеді. Адамдардың қоршаған дүние жөніндегі ілімдері қордаланып, келе-келе ғылымның дамуына бастау берді. Жаңарған қоғамдық жағдайда өндірістік тәжірибе мен ғылыми біліктерді игеру енді арнайы және ұзақ мерзімді үйренуші мүмкін болмай қалды.

өндірістік даму мен күрделену өріс алып, ғылым-білім қоры жинақталған сайын, өсіп келе жатқан әулетті тұрмысқа арнайы дайындаудың қажеттігі арта түсті де, оларды арнайы ұйымдастырылған тәрбиеге тартудың маңызы барған сайын күшейіп отырды. Осылайша, білім беру мен тәрбие қоғамның объективті қажеттігіне айналды және оның бұдан былай дамуының ең маңызды алғышарты болды.

Міне осыдан бастап, адамзат қоғамының белгілі кезеңінде, дәлірек құл иеленуші дәуірдің аяғына таман, өндіріс пен ғылым едәуір дамыған шақта ерекше қоғамдық қызметке айналды,

арнайы тәрбиелік мекемелер пайда болып, кәсіби мамандыққа балаларды оқытып, тәрбиелейтін адамдар шыға бастады.

Тәрбиенің дербес қоғамдық қызметі сипат ала бастауы адамдарда тәрбиелік қызмет тәжірибесін жинақ-тап, қортындылауды ойластыру қажеттігін туындатты. Тәрбиенің кең өріс алып күрделенуі тәрбие қызметімен байланысты теориялық білімдердің ерекше саласының қарқыны мен дамуына жол ашты. Қоғам мен табиғат жөніндегі барша білімдер секілді тәрбиелік білім де философия аясында нақтыланып, зерттелді. Бұл жағдай ежелгі грек дүниесінен басталып, XI ғасырдың аяғына дейін сақталды.

2. Педагогиканың арнайы ғылым-білім саласына бөлініп шығуы және оның көрнекті өкілдері

Тәрбие теориясының қарқынды дамуына қарамастан, XII ғасырдың басына дейін педагогика философия-ның бір бөлігі ретінде қарастырылып келді. Шынында, осы күннің өзінде де атақты философтардың қай-қайсысы да тәрбие мәселесін айналып өтпейді, осының өзі педагогикалық проблемалардың қоғам мен ғылым үшін аса маңызды екенінің кепілі.

Педагогика ерекше ғылым ретінде философиялық білімдер жүйесінен XII ғасырдың басында бөлектеніп шықты. Ағылшын жаратылыстанушысы және философы Фрэнсис Бэкон /1561-1626/ 1623 жылы өзінің "Ғылымның қадір-қасиеті және жетілуі" атты трактатын жария етті. Бұл еңбегінде ол ғылымдарды сарапқа сала отырып, олардың арасында педагогиканы ғылыми білімдердің дербес саласы деп бөлектеді. Осы ғасырда-ақ педагогика-ның өзіндік статусы аса көрнекті чех педагогі **Ян Амос Коменскийдің** /1592-1670/ еңбектерінде беки түсті. Оның теориялық идеялары дүние жүзіне кең танымал да, әрі осы күнге дейін өз маңызын жойған емес. Коменскийдің әйгілі "Ұлы дидактика" атты еңбегінде балаларды оқытудың негізгі теориялық мәселелері мен оларды ұйымдастырудың жолдары баяндалды. өз еңбектерінде Я. А. Коменский балалардың адамгершілік тәрбиесіне өте үлкен мән берді, ол "Аналар мектебі" атты кітабында отбасы тәрбиесіне байланысты өз көзқарастарын паш етті.

Коменский ізімен батыс еуропалық педагогика тарихында елеулі еңбегімен көрінген ғылым өкілдері келіп шықты. Олардың ішінде аса көрнектілері Англияда Джон Локк /1632-1704/, Францияда Жан-Жак Руссо /1712-1781/, Швейцарияда Иоганн Генрих Песталоцци /1746-1827/, Германияда Иоганн Гербарт /1776-1841/ және Адольф Дистерверг /1790-1866/ т. б. болды.

Джон Локк өзінің "Тәрбие жөніндегі ойлар" деген еңбегінде тәрбиенің психологиялық негіздеріне және адамгершілік қалыптастыру мәселесіне үлкен мән берді. Баладағы тума қасиеттерді жоққа шығара отырып, ол нәрестені не сызса сол болатын "таза тақтаға" теңеумен, тәрбиенің үлкен әсерлі күш екенін баса айтты. Ал **Жан-Жак Руссо**, керісінше баланы табиғаттан дарынды деп таныды. Осыдан, оның ойынша, тәрбие баладағы тума қасиеттердің дамуына кедергі болмай, оған толық еркіндік беріп, әрі оның қызығулары мен құмарлығына икемделуі тиіс - деген тұжырымға келді.

М. Г. Песталоцци педагогикада алғашқылардың бірі болып тәрбие мекемелерінде теориялық қызмет пен тәрбие іс-әрекеті бірлігінің маңыздылығын көре білді. өзінің "Лингард пен Гертруда" шығармасында, ол тәрбиенің адамгершілікке негізделуі, балаларға сыйластық қатынас және оларда адамға деген мейірім мен қайырымдылыққа баулу хақындағы демократиялық идеяларын дамытты. Күнделікті педагогикалық қызметінде Песталоцци балалардың оқуы мен тәрбиесін олардың мүмкіндігіне орай еңбекпен ұштастыруға көңіл бөлді, балалар қауымы-ның тәрбиелік ықпалын пайдалана білуді уағыздады.

Педагогикалық идеялары кейбір мәселелерде дағдарыс, сипатқа ие болғанымен, педагогикалық теорияны өрістетуде елеулі рөл танытқандардың бірі **Иоганн Гербарт**. Ол балаларды өрескел бұзық қол жазасымен тойтарып отыру қажет, олардың тәртібін үздіксіз қадағалап, арнаулы журналға жазып отыру керек деп есептеді. Сонымен қатар, оның шығармаларында біршама пайдалы идеялар да баршылық. Ол алғашқы-лардың қатарында оқыту мен тәрбиенің психологиялық негіздерін жобалап берді, баладағы адамгершілік қасиетті қалыптастыру, үшін оның саналылығын көтеріп, онымен сыйластық қатынас жасау қажеттігін жариялады.

өзінің педагогикалық теориясын прогрестік-демократиялық бағытта дамытқандардың бірі **Адольф Дистерверг**. Ол өрістеткен аса құнды идеялар: балалардың оқу жұмысының белсенділігін арттыру, шәкірттердің өзіндік оқуына мән беру, сондай-ақ халық мұғалімдерін дайындау.

XVIII ғ. Германияда алғашқы рет мұғалімдерді дайындайтын арнайы оқу орны ашылып, онда ерекше ғылыми пән ретінде педагогика оқытыла бастады. Осының бәрі педагогикалық теорияның жедел дамуына себепші болып, ірі-ірі оқымысты педагогтардың қалыптасуына мүмкіндік берді.

Сонымен, XII ғ. мен XIX ғасырдың аралығы педагогикалық теорияның үлкен қарқын ала дамыған, аса құнды тәрбиелік идеялардың өрбіген заманы болды. Педагогикалық ойдың аса кемелденген орталығы Ресейде К. Д. Ушинский (1824-1870), Н. И. Пирогов (1810-1881), В. И. Водовозов (1825-1886), А. Ф. Лесгафт (1837-1909), Л. Н. Толстой (1828-1910) және т. б. еңбектері үлкен маңызға ие болды.

Ұлттық педагогикалық теориямыз бен тәрбие мәселелері Ы. Алтынсарин, С. Көбеев, А. Байтұрсынов, С. Асфандияров сынды және т.б. кемеңгер ағартушы-педагогтардың еңбектерінде өз көрінісін тауып, біздің дәуірімізге дейін жетіп, егеменді ел ұрпағын тәрбиелеуде таптырмас құралға айналып отыр.

Аталған дәуірде мұншама көрнекті педагогтардың аренаға шығуы кездейсоқ емес. Қарқынды дамыған өндірісті, ғылыми және мәдениетті қоғам өзінің негізгі өндірушілерінің сауаттануын басты талап етіп қойды. Онсыз қоғамның дамуы мүмкін емес те еді. Сондықтан да соңғы ғасырлардағы Батыс Еуропа, Ресей және Қазақстандағы технологиялық прогресс жастарды өндірісте істеуге, тәрбиелеуге, білім беру, тәрбие мекемелерінің көбейуіне, халықтық мектептердің дамуына жол ашты.

3. Педагогика пәні және зерттейтін негізгі проблемалары

Тәрбие қоғамдық құбылыс ретінде өздігінен пайда болып, жасамай, тұлғаны қалыптастырып оны өмірге дайындаудың және оған қажетті қоғамдық сана мен қасиеттерді дамытудың құралы ретінде көрінетінін жоғарыда айтқанбыз. Осыдан, тәрбие заңдылықтары, оның сипаты мен әдістемелік негіздері тәрбиелік қызметтің өзінде ғана көрінбей, әлеуметтік тұлға сипатына ие адамның даму және қалыптасу заңдылықтарына негізделеді. Сондықтан педагогиканың шұғыл-данатын заты жеке адамның дамуы мен оның арасында болған заңдылықты байланыстарды зерттеу және оның негізінде тәрбиелік жұмыстардың теориялық және әдістемелік проблемаларын шешу, яғни **педагогика адам дамуы мен қалыптасуының мән-мағынасын зерттей отырып, арнайы ұйымдастырылған үрдіс сипатындағы тәрбиенің теориясы мен әдістерін айқындайды.**

Келтірілген педагогиканың анықтамасын зерттеуші-лерді ғана емес, солармен бірге мектеп қызметіне тікелей араласып жүрген практиктерді де жеке тұлғаның даму процесін, сол даму мен тәрбие арасында жатқан терең астарлы тәуелдік байланыстарды жан-жақты танып, түсіну қажеттігіне бағдарлайды. Мұндай қажеттіліктің пайда болуының себептері жаңашыл педагогикалық ой- пікірлердің туындауына байланысты өрістейді.

Мысалы, көп уақытқа дейін жеке тұлға дамуының қозғаушы күштері ретінде тек сыртқы ықпалдар ғана назарға алынды. Ал адамның ішкі жандүниелік кейіптері естен шығарылып, тіпті олар қажетсіз деп есептелінеді. Келе-келе сыртқы әсерлердің өзінен-өзі керекті нәтиже-лерді бере бермейтіні айдан-анық болып, бұл ықпалдардың педагогикалық тараптан адам қалыптасуындағы ұнамды да, келеңсіз де, ал кей жағдайларда бейтарап та сипатқа ие болатыны айқындалды. Іс жүзінде, тәрбиеленушінің тәлімдік әрекетті қалайша қабылдайтыны, оған қалайша қатынастық байланыс жасайтыны үлкен маңызға ие. Осыдан педагогикада келесі теориялық идея бекіді: жеке адамның дамуы мен оның мінез-құлқы тәрбиелік ықпалды қабылдау сипатына, бұл ықпалдың адам жан дүниесі туғызатын сезімдік күйге байланысты. Осы идеяның қабылдануы педагогикалық теория мен тәрбие әдістерінің дамуын алға ілгерілетті, мағынасын тереңдете түсті.

Сонымен, **педагогика тәрбие теориясы мен әдістемесін нақтылай отырып, жеке адам дамуының астарлы, тереңде жатқан тетіктерін және оның дайындығына қоғам тарапынан қойылған талаптар мен әлеуметтік сапаларға орай арнайы ұйымдастырылған қалыптасу процесін зерттейді.** Бұл педагогика зерттейтін негізгі теориялық проблемаларды бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Ондай проблема-лардың қатарына кіретіндер:

а) жеке адамның арнайы ұйымдастырылған тәрбие жағдайында дамуы және қалыптасуының мән-мағынасы мен заңдылықтарын зерттеу;

ә) тәрбиенің мақсатын анықтау;

б) тәрбиенің мазмұнын белгілеу;

в) тәрбие тәсілдерін зерттеу.

Бақылау сұрақтары

1. Тәрбие қажеттігі мен педагогикалық теорияның дамуына себепші болған қоғамдық-экономикалық объективтік шарттар қандай?
2. Тәрбие жөніндегі ғылым-педагогика атауы қалай келіп шықты және ол қай кезеңде дербес ғылым саласына бөлінді?
3. Адам тәрбиесіндегі сыртқы және ішкі ықпалдардың рөлін сипаттап беріңіз?
4. Педагогика нені зерттейді және қандай проблемалармен шұғылданады?

5. Көрнекті тұрмыс деректерін пайдалана отырып, тәрбиенің қоғамда және адам қалыптасуындағы беделінің артуын түсіндіріп беріңіз?

1.2 Педагогиканың әдіснамалық негіздері. Оның басқа ғылымдармен байланысы және зерттеу әдістері

1. Педагогикалық теориялардың әдіснамалық негіздері

Педагогикалық теория дамуының ежелден-ақ маңызды факторы оның ғылымдық өрістеуіне арқау болған әдіснамалық шарттар. **Ғылым әдіснамасы бұл - табиғат пен қоғам құбылыстарын зерттеуге негіз болған, әрі сол құбылыстардың теориялық түсіндірмесіне шешімді ықпал етуші философиялық бастау идеялар жиынтығы.** Ұзақ уақыт философияның бір бөлігі болған педагогика екі негізгі философиялық әдіснама: идеалистік және материалистік тұжырымдамаларға арқа сүйеп дамыды және қазірде дамып отыр. Ежелгі грек философия-педагогикалық ой-пікір саласында **идеалистік** бағытты ұстаған **Сократ** пен **Платон** адам дамуының шешуші факторы бір табиғат екенін мойындаса, **материалистік** бағыттағы **Гераклит**, **Демокрит** және **Эпикур** адамның қалыптасуын басқаша түсіндіріп, сыртқы ықпалдар мен тұрмыстық жағдайларға байланыстырады.

Педагогикалық теорияның бұдан былайғы да етек алуында осы екі әдіснамалық бағыттың маңызы зор болды. Осының салдарынан батыстық педагогикада қазіргі кезеңге дейін адамның дамуы мен тәрбие мәселелері бойынша белгілі бір қауымдастықтың мүддесін жақтаған идеалистік ойшылдар бар. Солармен қатар оқыту және тәрбие теориясына елеулі үлес болып қосылған, әрі жалпы адамзаттық маңызға ие болған материалистік идеялардың иелері де баршылық.

Көп әдіснамалық алғышарттардың ішінде аса маңыздыларының бірі тәрбиенің барша табиғи және қоғамдық құбылыстар сияқты **себепті-салдарлы** бай-ланысты сипатта екендігі. Тәрбие әрқашан, бұрында атап өткенбіз, қоғамның және оның даму бағытының қажеті-нен туындаған. Осыдан материалистік бағытқа негізделген педагогика өз зерттеулерін тәрбие мен оның теориялық тұғырнамасына ықпал жасаушы **өндірістік -экономикалық және әлеуметтік-саяси** факторларға байланыстыра жүргізеді.

Материалистік педагогика өткен дәуірлердегі қоғамда көрініс берген теориялық тұжырымдарға, бүгінгі күні өзгерген саяси-әлеуметтік талаптарға орай қалыптасып жатқан тәрбиелік ой-пікір ауқымын дәл осы тұрғыдан зерттейді, әрі өрбітеді.

Материалистік тәрбие теориясының шешімі үшін ең маңызды идея - бұл **адамның жеке тұлға болып дамуының көзі тіршілік иесінен сыртта, әрі оның қалыптасуы "әлеуметтік бағдарламаға" сәйкес, қоғамдық ықпалдың, соның ішінде тәрбиенің нәтижесінде іске асады.** Сонымен қатар бұл әдіснама, **адам дамуының көзі,** одан тыс екенін айта отырып, **оның қоғамдық тұлға болып қалыптасуында өзінің ішкі жан дүниелік белсенділігінің де маңызды рөл атқаратынын алға тартады,** әрі зерттеушілерге осы өзіндік жан белсенділігін көтерудің жолдарын табудың қажеттігін түсіндіреді.

Материалистік философия мен педагогика қоғамдағы әлеуметтік және рухани қатынастардың жетілуімен адамның өзі де жетіліп, әрі дамып отырады, оның өзіндік қасиеттері мен сапаларын ұнамды бағытта өзгертіп және жақсартып отыруы үшін зор табиғи мүмкіндіктерге ие екендігін жария етеді. Сонымен қатар, бүгінгі педагогика тағылымы қоғамдық дамудың объектив заңдылықтарына жүгіне отырып, қоғамдық ілгерлеуге қызмет ету қажеттігін, **адамды қоғамның ең жоғарғы құндылығы деп тануды** өз міндеті деп санайды.

Біздің ойымызша, адам тәрбиесінің күнделікті практикасында болсын, теориялық тұғырнама пайымдауда болсын жоғарыда айтылған бүгінгі педагогика тұжырымдамаларын негізге ала отырып, **идеалистік бағыт-ты да, имандылық шарттарын да өз орнымен үйлесімді пайдаланып** отырған қажет.

2. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы

Педагогиканың дамуында оның басқа ғылымдар-мен байланысы ерекше маңызды рөл атқарады. Педагогика өзінің ғылыми қалыптасуында философия, әлеуметтану, этика, эстетика, психология, анатомия мен адам физиологиясы, гигиена, этнография, математика, кибернетика және т.б. ғылымдардың идеяларын пайдаланып жетілуде. Аталған және басқа ғылым салаларынан көптеген идеяларды педагогика өзінің зерттеу аймағы тұрғысынан өңдеп тәрбиенің мән-мағынасын тереңірек түсінуге және соның көмегімен тәрбиенің теориялық негіздерін нақтылауға пайдаланады. Мысалы, жоғарыда айтылғандай, **философия** педагогикалық теорияларды бағыттауда әдіснамалық тараптан жәрдемдеседі, яғни ғалымдарға педагогикалық құбылыстардың сырын ашуда бастау жолды көрсетеді. Педагогикалық зерттеулердің осындай әдіснамалық бастаулары әлеуметтану, этика, эстетика және т. б. ғылымдардан алынады. Ал басқа ғылымдардың идеялары тәрбиенің нақты саласындағы педагогикалық проблемаларды шешуде тікелей негіз бола алады. Мысалы, психология деректері педагогика үшін адамның жеке

тұлғалық ерекшеліктерімен оның ішкі жан-дүниелік заңдылықтарын балаларды оқыту процесінде дұрыс пайдалануға бағдарлайды. **Физиологиядағы** іс-әрекеттің шартты рефлекстігі жөніндегі идеялар адамда сыртқы әсерлердің ықпалымен болып жататын өзгеріс-тердің және тәрбиеленушіде ептілік, дағды мен әдет қалыптасудың ғылыми негіздерін ашуда өз себін тигізеді.

Сонымен, адам жөніндегі басқа ғылымдардың идеялары педагогикаға тәрбие заңдылықтарын терең және жан-жақты зерттеуге мүмкіндік ашады. өз дәуірінде К. Д. Ушинский "Педагогикалық антропология" еңбегінде "Егер педагогика адамды әр тараптан тәрбиелегісі келсе, онда ол ең алдымен сол адамды жан-жақты танып алуы тиіс" - деген. Мұнысымен көрнекті ғалым педагогика үшін адам зерттеуші антропологиялық ғылымдардың бәрімен де терең таныс болу қажеттігін баса айтып отыр.

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысының екінші тарапы - олардың зерттеу әдістері мен тәсілдерін үйрену және шығармашылықпен игеріп, пайдалану. Нақтырақ айтсақ, психология, социология және т.б. ғылымдар педагогикалық құбылыстарды эксперименталды зерттеудегі әдістердің аумағын кеңейтуде себебін тигізеді, ал математика педагогиканы статистикалық тәсілдермен байытады.

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы жөнінде айта отырып, оның сол ғылымдарға жасаған әсерін де елемеуге болмайды. Мысалы, педагогикада негіз тапқан ұжымның тәрбиелік рөлі хақындағы идея осы проблема бойынша психология, философия, этика, социология және т. б. ғылымдар аймағында жүргізіліп жатқан зерттеулерге үлкен ықпалын тигізіп отыр.

3. Педагогикадағы зерттеу әдістері

Педагогика ғылымы дамуының маңызды факторы, оның зерттеу әдістерінің көбеюі мен ұдайы жетіліп отыруы. Айта кетерліктей, бұл бағытта педагогика үлкен прогреске ие. Бір кезеңдерде педагогика үстірт философиялық-әлеуметтік бақылау, пайымдаулар бойынша ғана зерттеліп, ал педагогикалық идеялар ұлы ойшылдардың тек шығармашылық қызметінің нәтижесінде ғана туындап келді. Ал XIII ғ. бастап педагогиканың толық қанды ғылымға айналуына теориялық ізденулерді практикалық тәрбие істерімен байланыста жүргізген ғалымдардың белсенді үлесі болды. Бұл тәрбиелік ой мен істі біріктіріп, ғылыми тұжырымдар жасағандардың ішінде бүгінге дейін танымал Я. А. Коменский, Г. Песталоцци, А. Дистерберг, К. Д. Ушинский, Л. Толстой, П. П. Блонский, А. С. Макаренко, С. Т. Шацкий сынды педагог-ғалымдар болды.

XIX ғ. оқыту және тәрбие теориясының бұдан былай тереңдеуіне ықпал жасаған эксперименталдық зерттеулер еді.

Қазіргі кезеңде педагогикалық зерттеулер әртүрлі әдістердің бүтін бір жүйесі жәрдемімен алға басуда. Бұларға: педагогикалық бақылау, әңгімелесу, мектеп құжаттарын зерттеу, оқушылардың шығармашылық жұмыстарымен танысу, озат педагогикалық тәжірибені үйрену және қортындылау, әлеуметтік талдау (сұрақ, анкета жүргізу, тестен өткізу, рейтингтік сараптау), математикалық статистиканы талдау, педагогикалық идеяларды теориялық талдаудан өткізу және т.б. әдістер.

Педагогикалық бақылау әдісі. Бұл әдіс педагогикалық зерттеудің қай-қайсысында да қолданыс табады. Себебі педагогикалық құбылыспен танысу зерттеушіге педагогикалық жұмысқа қатысы бар деректерді үйреніп, жинақтап, белгілеп алуды қажет етеді. Мысалға, ғалым сабаққа қатыса отырып, оқушылардың, егер мұғалім сабақ материалын қызықты түрде баяндаса, жым-жырт отырып, зейінді тыңдайтынын аңғарады. Одан әрі зерттеушіге аян болатыны: бір оқушылар өзін сабақта белсенділікпен көрсетіп, мұғалімнің сұрақтарына ықласпен жауап беруге тырысады; жолдастарының жауаптарына толықтырулар енгізеді, өздері сұрақ қоя отырып, сабақ мазмұнын тереңдете ұққысы келеді және т.б. Ал кейбіреулер сабаққа деген енжарлығы мен зейінсіздігін байқатады. Осы құбылыстарды бақылау зерттеушіге алғашқы болжам-дарын қортындылауға мүмкіндік береді. Оның мән-мағынасы келесідей болуы ықтимал: 1) оқушылардың зейінділігі сабақтың мазмұндығына байланысты, 2) сабақта зейінділік және белсенділік танытқан оқушы-лардың білімі біршама жоғары дәрежеде. Бақылау әдісі, осылайша, нақты теориялық ой-пікірлерге нәр беріп, кейін олар басқа да әдістердің көмегімен тереңдете зерттеліп, тексеріледі.

Әңгімелесу әдісі. Бұл әдіс те ғалым-тәрбиеші мен тәрбиеленушінің екеуінің де бірдей педагогикалық дерек

пен құбылысқа деген ойы мен қатынасын айқындауға жәрдемін тигізеді. Соның арқасында ол көрініс берген құбылыстардың мәні мен септері жөнінде тереңдеу пайымдалған ғылыми тоқтамға келуге тырысады. Егер, мысалға, жоғарыда келтірілген оқушылардың сабаққа деген әртүрлі мінез-құлықтық қатынасын алар болсақ, зерттеуші бұл құбылыстың себептері жөніндегі өзінің пікірін мұғалімнің ойымен салыстырғанды жөн табады. Бұл үшін ол мұғаліммен әңгімелесуді бірден-бір жол деп, сабаққа кезіккен құбылыстардың себебін түсіндіріп беруге мұғалімді ойыстырып, оның

пікірін білуге ұмтылады. Белгіленген сұрақтар бойынша, мұғалім мен оқушы пікірлерінің өзара сай келуі немесе алшақтығы, ең берген педагогикалық жағдайдың түп төркінін айқындауға себін тигізеді, әлбетте сөзсіз.

Мектептік құжаттар мен оқушылардың шығарма-шылық өнімдерін зерттеу әдісі. Көптеген педагогикалық құбылыстарды зерттеу барысында мектеп құжаттары мен оқушылардың шығармашылық іс-құжаттарын көздеп отыру үлкен маңызға ие. Мысалы, оқушылардың күнделікті сабақ бағаларының олардың жалпы үлгеріміне ықпалын білу үшін мектеп журналымен, өткен жылдар-дағы табельдерімен танысып шығу орынды. Мектеп кітапханасындағы балалардың оқырман карточкесімен танысу олардың қызығу өрісінен хабар береді. Үй тапсырма дәптерлерін көре отырып, зерттеуші баланың үйге берілген жұмыстарды орындауға деген қатынасын байқайды. Белгілі бір тақырыпта еркін шығарма жаздырып немесе сурет салдырып, ғалым оқушының дүниеге, қоғамға көзқарасын болжауы мүмкін және т.б.

Педагогикалық эксперимент. Бұл арнайы ұйымдас-тырылып, алдын-ала зерттеу мақсаты белгіленген мұғалім мен оқушылардың педагогикалық іс-әрекеті. Бұл сипаттағы эксперименттер әртүрлі: жетіскен білім деңгейін анықтау, дамытып қайта жасау, бақылау эксперименттері.

Жетіскен білім деңгейін анықтау экспериментті- зерттеу жұмыстарының бастапқы сатысы болып, зерт-телінуі тиіс. Ол проблеманың жалпы жағдайымен танысуға негіз болады. Мысалға, егер оқу жұмысы барысындағы шәкірттердің өзін бақылауы зерттелінуі қажет болса, осы эксперимент арқылы және басқа әдістерді (әңгімелесу, анкета) қолдана отырып, ғалым-оқушылардың өзіндік бақылау әдістерін қаншалықты білетінін анықтайды. Нәтижеде оқушылардың өз оқу жұмысына өзіндік бақылауының мүмкіндіктері жөнінде қорытынды жасайды.

Егер зерттеуші бұл проблеманың мектеп ісінде кері сипатқа ие болғанын анықтаса, ол зерттеуді одан әрі жалғастырып, **дамыту-қайта жасау** экспериментіне кіріседі, яғни алдын-ала түзілген жоспар бойынша оқушылардың білім игеру тәжірибесінде өзіндік бақылаудың тиімді тәсілдерін ендіреді. Егер нәтиже ұнамды болып шықса, алынған көрсеткіштер теориялық талдаудан өтіп, бұл әдістің мектеп жұмысында қолданылуы жөнінде қажетті қорытындылар жасалады.

Бұл проблема жөнінде зерттеу барысының келесі кезеңі аталған эксперимент бойынша жетіскен көрсеткіштер мен қорытындыларды жалпы көпшілік мектеп тәжірибесінде тексеру. Бұл міндет **бақылау экспериментінің** жәрдемімен шешіледі. Бұл мектепте сыналған әдіс басқа мектептер мен мұғалімдердің тәжірибесінде пайдалануға ұсынылады. Егер ол да бұрынғы қорытындылардың дұрыстығын негіздесе, зерттеуші ең соңғы деректерді бір ғылыми тұжырымға жеткізіп, оларды педагогиканың теориялық және методикалық қорына өз жаңалығы етіп қосады.

Озат педагогикалық тәжірибені үйрену және жинақтау.

Бұл әдіс оқыту мен тәрбие жұмыстарын табысты өткізіп жатқан озат мектептер мен мұғалімдердің тәжірибесін үйрену және оны теориялық пайымдауға негізделген. Көп жағдайларда мұғалімдер күнделікті сабақ тәжірибесімен эмпирикалық түрде маңызды педагогикалық жаңалық-тарға жетіп отырады, бірақ олардың бұл пайдалы істері педагогикада танылмай, тиісті зерттеуден тыс, жеке ынталы ұстаздың пайымы ғана болып, көпшілікке жетпей, қалып кете береді. Яғни, жеке мектеп тұрмысындағы педагогикалық практика теориялық ой-пікірі ме, әдістемелік қорытындысына жетпейді. Оқыту-тәрбие-леудің озат тәжірибесі теориялық пайымдау мен талдауға түссе ғана педагогикалық ғылым жүйесінде орнығуға мүмкіндік алады.

Педагогикадағы әлеуметтік зерттеу әдістері. Жоғарыда қарастырылған әдістер біршама құндылығымен қатар жалғыз-ақ елеулі кемшілікке ие: ғалым ол әдістерді қолдана отырып, тар өрісті деректерді ғана дамытуы мүмкін, яғни зерттеу қорытындысы болмашы сандағы мектептер мен оқушыларға байланысты жасалынады. Ал көп жағдайларда кейбір мәселелердің шешімі ауқымды зерттеуді талап етеді. Бұл ретте педагогтар **әлеуметтік зерттеу әдістерін** (анкета жүргізу, рейтингтік бағалау) алға тартады. Мұнымен қойылған мәселені жылдам әрі көп сандағы оқушыларға сұрақ қойып анықтауға болады.

Педагогикадағы әдістер тізбегі аталғандармен шектелмейді. Олардың түрі мен формасы педагогикалық теориямен айналысқан зерттеуші - ғалымдар мен озат мұғалімдердің ынта-ықылас ізденуіне байланысты, әдістердің жаман, жақсысы болмайды, олардың әрбірі өз орнында құнды.

өкінішке орай, сталиндік жеке басқа табыну мен брежневтік тоқырау жылдары педагогика ғылымының рөлі төмендеп, оның қызметі мектеп пен білім мәселелері бойынша жоғарыдан түскен нданалық көрсетпелерге түсіндірме беріп, олардың "тек дұрыс" екенін негіздеумен болды. Бұл теориялық ой-пікірдің дамуына, үлкен кедергі болып, шығармашылық ой ұмтылысын тұсаулап тастады.

Қазіргі кезеңде, егеменді ел-Қазақстан Республика-сы аясында педагогика ғылымында догматизм мен жеке пікір үстемдігіне тойтарыс беріліп, шын мәніндегі жаңа-шыл педагогикалық зерттеулерге қажетті жағдайлар жасалып, халыққа білім беру саласының бүтіндей қайта түзілуіне,

біздің қоғамымыздың демократиялануына, ғылыми техникалық даму талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне тиімді жолдар ашылуда.

4. Педагогиканың бөлек ғылым салаларына жіктелуі

Қандай ғылым болмасын, дами отырып, өз теориясын байыта түседі, жаңа мазмұнымен толығады, осыдан өз ішіндегі зерттеу бағыттарына орай жіктеле бастайды. Бұл жағдай педагогиканы да айналып өткен емес. Қазіргі кезде "педагогика" түсінігі педагогикалық ғылымдардың біртұтас жүйесін танытады. өз алдына дербестік сипатқа ие болған педагогика салаларынан төмендегілерді атауға болады:

1. Жалпы педагогика (тәрбие білім беру және оқытудың жалпы заңдылықтарын зерттейді).
2. Сәбилер және мектеп алды педагогикасы.
3. Мектеп педагогикасы.
4. Сурдотифло және олигофренопедагогика саңырау зағип және ақылы кем балалардың тәрбиесін зерттейді.
5. Жеке пән әдістері.
6. Педагогика тарихы.

Жаңадан қалыптасып жатқан педагогика салалары да жоқ емес, олардан: мектептану, отбасы тәрбиесінің педагогикасы, басқару педагогикасы, ішкі істер органдарының педагогикасы және т.б. Дербес педагогикалық пән ретінде әскери педагогика, жоғары мектеп педагогикасы, кәсіби-техникалық білім беру педагогикасы және т.б. жедел қарқынмен дамуда.

5. Педагогика теориялық ғылым және өнер сипатында

Педагогиканың дамуы мен оның мән-мағынасына зер сала отырып, оның ғылым ретінде де көрініс беретін ерекше өзіндік сипатына көңіл аудармай болмайды.

К. Д. Ушинскийдің пікірінше педагогиканың басқа ғылымдарға ұқсамайтын ерекшелігі: ол теориялық жағынан, біріншіден, өз зерттеулерінің нәтижелерін, қорытындыларын пайдаланады, екіншіден, адам жөніндегі ғылымдардың теориялық идеяларын біріктіріп, оларды өз теориясын дамытуда негізге алады. Сонымен қатар, педагогика таза қолданбалық қызмет атқарып, адам тәрбиесіне бағытталған практикалық іс-әрекетті, яғни қажетті болған ептіліктер, дағдылар мен қабілеттер жүйесін қамтиды. Бұл тараптан ол тәрбиелік шеберлік, өнермен ұштасып жатады. Педагогиканың міне осы ғылымдық әрі өнерлік ерекше сипатына кейбір үстірт ойлайтын адамдар, оны аса қажет теориялық құндылық деп бағаламай, тәрбие ісіндегі ептіліктер мен икемділіктерге бұра салады. К. Д. Ушинский "Тәрбие ісі біршама жеңілдеу көрінеді. Тәрбиеге шыдамдылық керек екені баршаға аян, кейбіреулер ол үшін тума дарын қажет деп ойлайды, тек аздаған ғана мамандар шыдамдылық, тума қабілет және ептіліктерден басқа арнайы білімдердің де қажет екенін бүгінгі күні мойындап отыр" - деген.

Тәрбиелік қызметте ептілік, дарын (талант) және теориялық білімдер бірдей керекті екенін П. П. Блонский ескерген. Ептілік күнделікті тәрбиеде ұшталады, дарын тәрбиелік жұмыс барысында шыңдалады, теориялық білімдер адам дамуы мен тәрбиенің мән-мағынасын тереңдеп танумен қалыптасады да, ғылыми идеялар түрінде бірден бірге өтеді деген.

А. С. Макаренко ықпалды тәрбие жүргізу үшін әрбір мұғалім-тәрбиеші педагогикалық шеберлікке бейімделуі тиіс, ал сол шеберліктің астарында міндетті түрде игерілген теориялық білімдер болуы шарт деп өте дұрыс пайымдаған.

Адам қызметінің әртүрлі саласында теорияның маңыздылығын ежелгі ойшылдарда айтып кеткен. Грек философы Анаксагор "Практикалық іс-әрекеттің еркін өрістеуі мен үнемді болуы тек қана теориялық танымнан", -деген. "Әркім жақсы білгенінен данышпан", - деп Сократ та текке айтпаған. Теориялық білімдердің маңыздылығы бүгінгі ғылым мен техниканың, өмірдің барша тармағында кең орын алуына орай ерекше артып отыр. Сондықтан да, педагогиканың мәнін түсініп, тәрбиеге байланысты негізгі теориялық идеяларын игеру педагогикалық қызметке дайындалуда өте маңызды.

Бақылау сұрақтары

1. Осы заманға педагогиканың дамуы қандай әдіснамалық шарттарға негізделеді?
2. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы қандай және ол неден көрінеді?
3. Педагогиканың басқа ғылымдардың дамуына ықпалы қандай?
4. Педагогикалық идеялар жинақтауда жәрдемін тигізетін әдістердің түрлері қандай?
5. Педагогика жүйесіне енетін ғылыми салалардың түрі мен олардың мазмұны қандай?
6. Педагогиканың ғылымдық әрі өнерлік мәні неде? Бұл проблеманы көрнекті ғалымдар қалай түсіндірген?

1.3 Тәрбие аясы жеке адам және оның дамуының ішкі, сыртқы факторлары

1. Педагогикадағы жеке адамның дамуы мен тәрбие ісінің проблемалары. Жеке адам, оның дамуы мен қалыптасуы жөніндегі түсініктер.

Тәрбиенің негізгі мақсаты жеке адамды қалыптас-тыру және оның жан-жақты толыққанды дамуын қамтамасыз ету. Ал бұл міндеттердің табысты шешімін беру жеке адамның дамуы қалай өтетінін және оның қалыптасуына қандай жағдаяттар ықпал ететінін білумен байланысты.

Педагогика үшін мәнді мәселенің бірі "жеке адам" түсінігінің өзін айқындап алу. Шынында да тәрбие аясы "жеке адам" нені білдіреді? Бұл түсініктің "адам" түсінігімен арақатынасы қандай? Бұл сұрақтардың жауабын генетикалық тұрғыдан берген жөн.

Ең алдымен ескертетін жәйт: адамның дамуында бір-біріне байланысты екі өзек байқалады, оның бірі - биологиялық, екіншісі - әлеуметтік. Осы бағыттар адамның дүниеге келген күнінен бастап оның дамуы мен қалыптасуында көрініс бере бастайды. Адам туылғанда тек **биологиялық** тіршілік иесі болып танылады, жеке тұлғалыққа жету әлі ерте. Биологиялық нысандар мен қасиеттердің дамуы адамның өмір бойы мүшелік пісіп жетілуі және қалыптасуы процесінің сипатын көрсетіп отырады. Адамның биологиялық кемелдену және өзгеру процесі, оның дамуының жастық сатылары мен мінез-құлығында көрініп, осыдан балалық, жасөспірімділік, ересектік және қариялық табиғи бітістерін ажыратамыз.

Бірақ адамның табиғи дамуы көпсанды әрі сан алуан **әлеуметтік** салалар мен қасиеттерді қабылдауымен тығыз байланыста бірге дамып барады, бұл адамды қоғамдық тіршілік иесі ретінде сипаттайды. Мысалы, нәрестенің жақын адамдарды танып, күлімсіреуі, кейін тілге келуі, тік жүру қабілетін игеруі, үйдегі және көпшілік арасындағы қалыптары, еңбектеуі және т.б. өсе келе ол білім игереді, моральдық қалыптар мен ерекшеліктерді орындайды, әртүрлі жұмыс істеуге ептіліктер мен дағдыларды қалып-тастырады және олардың барлығы да өмір барысында адамда пайда болып, дамып отырады.

Сонымен, адам баласы тұлға ретінде өмір сүру барысында өзінің қоғамдық мәнін сипаттайтын көптеген әлеуметтік сапалар мен қасиеттерді қалыптастырады әрі дамытады. Міне осыдан, ол ғылымда **биоәлеуметтік** тұлға, субъект, яғни тарихи-қоғамдық қызмет пен таным иесі деп танылады. Демек, **"адам" түсінігі осыдан биологиялық және әлеуметтік (қоғамдық), сапа мен қасиеттердің бірлігін білдіреді.**

Ал **"жеке адам"** түсінігін алатын болсақ, ол тек қана **әлеуметтік сапа мен қасиеттерді игерген тұлғаны** танумен байланысты. Бұл тұлға қоғамдық тіршілік иесі сипатында көрініп, тіл игеруі, санасы, әртүрлі әдеттерімен ерекше-ленеді. Жеке адамдық қасиетке ие болу, оның табиғи, биологиялық болмысына емес, қоғамдық қасиеттерге тікелей байланысты. Сонымен **"жеке адам"** дегеніміз **адамның қоғамдық сипатын танытып, оның өмір барысында өзіне топтаған әлеуметтік сапалар мен қасиеттер жиынтығын білдіреді.**

Жеке адамдық сапалар өмір барысында қалыптасқан-дықтан, олар біреулерде айқын көрініп, басқаларда күңгірттеу болады. Олай болса, жеке адамдық дәреже деңгейін қалай білеміз және оның өлшемдері қандай деген сұрақтар туындайтыны сөзсіз.

С. Л. Рубинштейннің зерттеуі бойынша жеке адам өз қылығы мен іс-әрекетін саналы басқаруға мүмкіндік беретін психикалық даму деңгейімен сипатталады, яғни өз әрекетін ойластыра біліп, жауапкершілікті сезіну қабілетінің болуы; өз бетінше дербес іс-әрекетін жасай білуі – жеке адамның мәнді белгілері. Белгілі философ-ғалым **В. П. Тугаринов** жеке адамның сапалық көрсеткіштері ретінде төмендегілерді атайды: 1) саналылық; 2) жауапкершілік; 3) еркіндік; 4) жеке басының қадірі; 5) даралық; осыларға және қоғамдық белсенділік пен бекіген саяси-идеялық бағытты қосады.

Жеке адамдықтың критерийлерін (өлшемін) белгілеумен В. П. Тугаринов бұл түсінікті адамның жастық әрі психикалық кемелденуімен байланыстырады.

Егер жеке адам өз сапа және іс-әрекетін қоғамдық прогресс бағытымен ойластыра алса, өз бойына игерген сапа мен қасиеттерді неғұрлым айқын көрсете алса, өз іс-әрекетіне ерекше жасампаздық сипат бере алса, оның құндылығы арта түседі. Бұл тұрғыдан "адам" және "жеке адам" түсініктерінің сипаттамасы "даралық" түсінігімен толықтырылады.

Даралық бір адамның екіншісіне ұқсамайтын, өзін-дік ерекшелігі мен өзгешелігін сипаттайды. Даралық, әдетте, мінез бен темпераменттің айрықша бітістері (сал-мақты, сабырлы), шығармашылық іс-әрекет және қабілетінің ерекшеліктерінің (ойлап тапқыш, ұқыпты) өзіндік көріністерімен бөлектенеді. Аталғандар сияқты мұғалімнің де даралық белгілері оның терең білімдар-лығында, педагогикалық ой-өрісінде, балаларға жайлы-лығы мен еңбектегі жасампаздығында танылуы мүмкін. Даралық түсінігі бір адамды екіншіден айырып, оған өзіндік

қайталанбас сән беретін жалпылық және жалқылық қасиеттерді білдіреді.

Адамның қоғамдық тіршілік иесі сипатының толықтығы үшін "**индивид**" түсінігін де білген жөн. Бұл латын сөзі қазақша "жекелік" дегенді білдіреді. Түсінік ретінде одан адамзат тегінің әрбір бөлек өкілін, оның сапа-қасиеттеріне қатысынсыз танимыз. Бұл тұрғыдан әрбір ақыл-есі дұрыс адам "индивид" бола алады. "Жеке адам" түсінігінің және онымен байланысты ғылыми категориялардың мәні міне осындай.

Ал жеке адамдық сапалар адамның өмір барысында дамуы және қалыптасуынан педагогика үшін "даму" және "қалыптасу" категорияларының мәнін ашып беру өз алдына маңызды. Сонымен бұл түсініктер нені білдіреді?

Даму - бұл жеке адам сапалары мен қасиеттеріндегі сандық өзгерістер жүйесі. Адамның туған күннен бастап дене құрылымы мен әртүрлі мүшелері ұлғаяды. Ол сөйлей бастайды, сөздік қоры молая түседі; көптеген әлеуметтік-тұрмыстық және рухани ептіліктер мен еңбектік дағды және әдеттерді игереді. Бірақ адамның жеке адам болып дамуындағы басты белгі, ондағы сапалық өзгерістер. Оны мына мысалдардан түсінуге болады: тілдік қызметтің жіктелуі адамның танымдық қабілетін арттырады, сезімдік аймағын кеңейтеді. Танымдық қызмет барысында абстракт ойлау, логикалық ес дамиды, өмірге деген көзқарас пен наным-сенімдер орнығады. Еліктеушілік мінез-құлық бірте-бірте белсенді – жасампаз, шығармашылық іске ауысады, өз қылық-әрекетін басқара алу мен өзіндік билік қабілеті көркейеді. Бұл өзгерістердің бәрінен адамның анатомиялық-физиологиялық кемелденуіндегі, жүйке жүйесі мен психикасының және танымдық пен шығарма-шылық іс-әрекетінің жетілуіндегі, дүниетанымдық, имандылық, қоғамдық-саяси көзқарастары мен наным-дарындағы бір-біріне кіріге байланысқан сандық және сапалық өзгерістер үрдісін білеміз.

Қалыптасу түсінігіне келетін болсақ, ол жеке адам дамуының нәтижесі ретінде оның кемелденуі мен тұрақты сапалар мен қасиеттерді иемденуін білдіреді.

2. Жеке адам дамуы мен қалыптасуы жөніндегі теориялық көзқарастар

Адам жөніндегі басқа ғылымдардағыдай педагогика үшін де ең басты мәселе - жеке адамның дамуы және сол дамудың көзі мен ықпал күштері. Идеалистік және материалистік ағымдар бұл туралы әртүрлі тұжырымдар пайымдауда. Ғылымда ежелден бір-біріне қарама-қарсы келе жатқан теориялық пікірлердің дұрыс-бұрыстығына баға беруді оқырманның өзіне қалдырып, оларға тек қана объектив сипаттама беруді өз міндетіміз деп есептейміз.

Идеализм өкілдері, қай бағыттағы болмасын, жеке адамның қалыптасуын алдын-ала болжастырылған бағдарламаға теліп, ол бағдарламадағы сапа мен қасиеттер өз бетінше өріс алатынын уағыздайды. Ал тәрбие олардың ойынша, жәрдемші рөл атқарып, сол бағдарламаның іске асуына көмектесуші ғана құрал.

Қазіргі заманғы иедалистік философия, психология мен педагогика әлеуметтік төңкерістер мен күйзелістерге толы қоғам жеке адамның тозуына себепші, сондықтан да адам өзінің шын кемеліне жету үшін қоғаммен байланысын үзу қажеттігін дәріптейді. Бұдан шығатын қорытынды: адамдық мән рухани және әлеуметтік бостандықты алу үшін күрес емес, өз болмысының шын, ең жоғары сыр-мағынасын тану (экзистенциализм) немесе тәңірлік кемелге жақындау (неотомизм).

Идеалистік педагогикада жеке адам дамуы жөніндегі пікір-сайыста бірнеше теориялық концепциялар бар. Олар: **биологизаторлық бағыт**: адамның дамуы оның табиғи (биологиялық) жетілуімен байланысты, соның барысында оның дене құрылымы мен рухани қасиеттері қалыптасады. Адамдар арасындағы моралдық қатынастар биологиялық негізде орнығады (Аристотель, Ф. Мюллер, Э. Геккель, Ш. Летурно, Ч. Ломброзо). **Психоаналитикалық бағыт**: жеке адамдық қалыптасуда қоғам зиянды. Адамның дамуы мен оның мінез-құлқы толығымен жыныстық инстинктке тәуелді (З. Фрейд). **Прагматикалық бағыт**: адамның психикалық дамуы тума инстинктерге байланысты, әрбір адамды тұрақты нәсілдік қасиеттерді сақтаушы ерекше саналық гендер болады. Сондықтан да жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың қоғамдағы орнын иеленуі олардың биологиялық болмысымен анықталуы тиіс, себебі әртүрлі халықтар мен нәсілдердің бірі табиғатынан дарынды, ал екіншілері – кемірек дамыған (Дж. Дьюи, Э. Л. Торндайк).

Материалистік бағыттағы философия және оның көрнекті өкілдері жеке адамның дамуы мен қалыптасуы туралы:

- ежелгі грек философы **Эпикур**: адамның қоғамдағы иеленген орнының әртүрлі болуы оның табиғатынан емес, тұрмыстық жағдайы мен таптық тұрғысынан;
- француз философы **Гельвеций**: адам қоршаған орта, нәсілдік және тәрбиеге байланысты біртұтас әсерлердің нәтижесінде қалыптасады. Соның ішінде аса маңыздысы - тәрбие;
- **В. Г. Белинский**: адам табиғаттан, бірақ оны дамытып, жасайтын қоғамнан;
- **Н. Т. Чернышевский**: адамдарды бұзықтыққа келтіретін табиғат не олардың нәсілдік кемістігі

емес, қолайсыз қоғамдық жағдайлар мен жаман тәрбие.

Осы күнгі педагогикада жеке адам дамуы жөнінде қалыптасқан ой-пікірлер төмендегіше:

- **Адамның** қоғамдық тұлға ретінде қалыптасуына, оның дамуға деген **табиғи қабілеті** аса маңызды. Әр адам іс-әрекеттің түріне негіз болар нышанмен дүниеге келеді, сондықтан да адамның биологиялық және әлеуметтік даму мүмкіншілігі бір-бірімен тығыз байланыста, бірақ әлеуметтік фактордың рөлі басымдау.

Жеке адамдық дамудың ықпалды көзі – тәрбие, қоршаған орта, табиғи нышандармен қатар тұрса, ол адам қалыптасуына жетекші фактор.

3. Жеке адамның дамуындағы өзіндік белсенділіктің маңызы

Адам дамуында тәрбиенің ықпалды күш екенін айта отырып, оның қоршаған орта мен нәсілдік әсерлердің енжар объектісі деп тануға болмайды. Бұл процесте жеке адамның өз белсенділігі мен шығармашыл-жасампаздық іс-әрекетінің маңыздылығын ескеру қажет.

Жеке адам дамуы мен қалыптасуында ықпал жасаушы әсерлер екі топқа бөлінеді: ішкі және сыртқы. **Қоршаған орта және тәрбие** - сыртқы әсерлер: табиғи икемділік пен құмарлықтар. Сыртқы тәрбие орта әсерлерінен пайда болатын **сезімдер мен толғаныстардың жиынтығы - ішкі әсерлерге** жатады. Жеке адамның дамуы мен қалыптасуы осы екі фактордың байланысынан болады. Тәрбие адамның ішкі жан дүниесіне ұнамды қозғау салып, (өзіне бағдарланған) өзіндік өңдеу белсенділігін арттыра алса ғана, адам өз дамуындағы қызметін орныдай алғаны.

Бақылау сұрақтары

1. Адам, жеке адам және даралық түсініктерінің мәні қандай? Олардың педагогика үшін маңызы неде?
2. Жеке адамдық дамудың өлшемдері (критерийлері) қандай?
3. Даму мен қалыптасу түсініктері нені білдіреді?
4. Жеке адам дамуы жөніндегі идеалистік көзқарастар қандай?
5. Материалистік педагогика жеке адам дамуын қалай түсіндіреді?
6. Тәрбиенің айрықша жетекшілік рөлі неде?
7. Адам дамуындағы ішкі және сыртқы әсерлердің бір-бірімен байланысын қалай түсінесіз?

1.4 Педагогикалық қызмет ретінде тәрбиенің мәні және оның жалпы заңдылықтары мен принциптері

1. Тәрбие - арнайы ұйымдастырылған және саналы жүргізілетін педагогикалық қызмет

Тәрбие түсінігі мағыналық жағынан кең ауқымды категория. Мысалы, жоғарыда тәрбиені өсіп келе жатқан әулетті тұрмысқа дайындау деп анықтағанбыз. Ал, бұл дайындықты арнайы ұйымдастырылған тәрбие қызметінің барысында іске асыруға болады, сонымен бірге ол балалардың күнделікті үлкендермен араласа жүріп, тұрмыстық іс-әрекетке үйренумен де орындалуы мүмкін. Бірақ аталған екі жағдайдағы тәрбиелік әрекеттер әртүрлі мағынаға ие болатыны сөзсіз. **"Қоршаған орта тәрбиеледі", "Отбасының тәрбие жемісі", "Мектеп тәрбиесі адам қылды"** деп нақтылап айтатын болсақ, онда бұл бір мақсатты сияқты әрекеттердің өзара теңгерілмейтінін байқаймыз. "Қоршаған орта тәрбиеледі" немесе "Отбасы тұрмысы тәрбиеледі" деумен жеке адам дамуы мен қалыптасуына әлеуметтік-экономикалық және тұрмыстық жағдайлардың күнделікті жоспарсыз, мақсатты бағдары болмаған ықпалын түсінеміз. Ал енді "мектеп тәрбиесі" десек, әңгіме басқаша, бұл ретте арнайы ұйымдастырылған және саналы іске асырылатын тәрбиелік қызметті білеміз. К. Д. Ушинский: "Педагогикадағы тәрбие – алдын-ала ниеттелген және арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процесс" - деп тұжырымдаған.

2. Арнайы ұйымдастырылған тәрбиенің мән-мағынасы

Тәрбие мәнін дәлірек топшылау мақсатымен американ психологы және педагогі Эдвард Ли Торндайк былай деген еді: "Тәрбие сөзіне әркім әртүрлі мағына береді, бірақ ол қашанда **өзгеріс** дегенді аңдатады. Егер біреуді өзгеріске келтіре алмасақ, біз оны тәрбиелемегеніміз". Ал енді осы өзгерістер жеке адам дамуында қалай көрінеді? Бұл сұраққа жауап бере, К. Маркс "Адамның қоғамдық тұлға ретінде дамуы мен қалыптасуы азаматтық болмысты игеру жолымен іске асады"- деген еді. Бұл тұрғыдан тәрбиені өсіп келе жатқан әулеттің адамзаттық болмысты игеруге пайдаланатын құрал-жабдығы деп білу қажет.

Ал енді осы болмыстың өзі не және оны игеру қалай өтеді? **Адамзаттық болмыс** дегеніміз адамдардың көптеген ұрпағының еңбегі және жасампаздық ұмтылысынан туындаған **қоғамдық тәжірибе**. Бұл тәжірибе өз ішінде келесі құрылым бірліктерін қамтиды: 1) адамдардың табиғат және қоғам жөнінде жасаған білімдерінің жиынтығы, 2) еңбектің әрқилы саласында қажет ептіліктер мен дағдылар және шығармашылық іс-әрекет әдістері, 3) әлеуметтік, рухани қатынастар.

Аталған тәжірибе көп ұрпақтың еңбегі және шығар-машылық күшімен жасалатындықтан білімдер де, тұрмыстық ептіліктер мен дағдылар да, сондай-ақ ғылыми және көркемдік туындылар мен рухани-әлеуметтік қатынастар да адамдардың әртүрлі танымдық, көркем шығармашылық, әлеуметтік және рухани қызметінің нәтижелерінен қалыптасады. Енді осы тәжірибені өз "игілігіне" айналдырып, "меншіктеп" алу үшін жаңа әулет қайтадан бұл "затты" ақыл-саналық сипатқа келтіруі тиіс, яғни қай формада болмасын оны жасауға бағышталған іс-әрекетті (еңбектік, танымдық, әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық) шығармашылықпен көркейте, байыта отырып, қайта жаңғыртып, бұрынғыдан да дамыңқыраған түрде өзінен кейінгі ұрпаққа жеткізуге борышты. Тек **өз қызметінің күшімен, шығармашылық ұмтылысымен ғана адам қоғамдық тәжірибені және оның құрылымдық бірліктерін игеруі мүмкін**. Осыдан тәрбиенің негізгі қызметі – жас адамды қоғамдық тәжірибенің әр тарапын заттықтан саналылыққа айналдыру ісіне жұмылдырып, өткен тәжірибені өзі қайтадан жаңғыртып, осылайша өз бойында қоғамдық сапалар мен қасиеттерді өзі баулуына, яғни оның жеке адамдық сатыға көтерілуіне көмектесу. Бұдан тәрбиенің терең астарлы күші үгіт-насихаттық құрғақ сөзбен жас адамды іске бағдарлауға емес, ал оның өзін жеке адамдық қасиеттерін қалыптастыратын қоғамдық тәжірибенің әр түрлі тарапын игеруге, пайдалы қызметке қосуда.

Педагогика үшін және бір маңыздысы – жеке адамдық даму тұлғаны тәжірибе игеру қызметіне қосумен ғана шектелмейді, ең бастысы, оның сол сәттегі істе белсенділігіне, оның бағыт-бағдарына, яғни еңбекке деген қатынасына байланысты.

Жеке адамның дамуы үшін оның ұйымдастырылған іс-әрекеттегі белсенділігінің бағыт-бағдар сипаты да біршама маңызға ие. Мысалы, сынып пен мектептің жалпы табысы еңбектегі белсенділік пен өзара байланысқан көмек болуы мүмкін.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында әрдайым оқушылардың белсенділігіне жол бере отырып, оларда сол қызметке деген ұнамды және шынайы адамгершілік қатынас қалыптастыру қажет.

Келтірілген пікірлер, біздіңше, тәрбиенің мәнін жеткілікті әрі түсінікті де ашып, оған ғылыми анықтама беруге негіз болуы мүмкін. Сонымен, **тәрбие - бұл жеке адамның қоғамдық**

тәжірибені (білімді, ептіліктер мен дағдыларды шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін, әлеуметтік және рухани қатынастарды) **игеру үшін бағытталған белсенді іс-әрекетін қолдап, қуаттаушы әрі ұйымдастырушы мақсат бағдарлы әрі сапалы орындалатын педагогикалық процесс.**

3. Тәрбие заңдылықтары туралы түсінік

К. Д. Ушинский ескерткендей, тәрбие заңдылық-тарын ғылыми тұрғыдан тану өте қажет. Себебі, оның айтуынша, педагогикалық ережелерді қара дүрсін жаттау ешбір пайда бермейді. Сол ережелерді туындататын ғылыми негіздерді зерттеу міндетті іс. Ұлы педагогтың кеңесі: **басқарылуы қажет болған психикалық құбылыс-тардың заңдарын ашып, өз іс-әрекетінді сол заңдарға және оларды қолданатын жағдайларға орайластырған жөн.**

Тәрбиенің астарлы терең заңдылықтарын білместен, оны жетілдіруге ұмтылудың өзі бос әрекет. өмір шындығы заңдылықтары мен жеке адамның дамуы және кемелденуіндегі қайшылықтарды тану ғана белгілі бір дәуір тәрбиесіндегі күнделікті шараларды іске асырудың және сол процесті ғылыми тұрғыдан басқарудың теориялық-әдіснамалық негізін бере алады.

Сонымен, **тәрбие заңдылықтары** деген не? Бұл түсініктің мәні: **орындалуы жеке адам дамуы мен қалыптасуында тиімді нәтижеге жеткізетін тәрбиелік процестегі орнықты, қайталап отыратын қажетті байланыстар.** Мұндай заңдылықтарды біле отырып, тәрбие жұмыстарын алдын-ала болжауға және ол іске терең мазмұндық, әрі әдістемелік мән-бағдар беруге болады.

4. Тәрбиенің жалпы заңдылықтары

1. Барша тарих кезеңдерінде тәрбие объективтік-қоғамдық қажеттіліктен туындайды және ол қоғамға қызмет етеді. 2. Тәрбиенің мақсаты, мазмұны және тәсілдері біртұтас байланыста, бір-бірінен нәтиже бермейді.

3. Біртұтас педагогикалық процестегі оқу мен тәрбие (тар мағынадағы) өзара кіріге ұштасқан.

Келтірілген заңдылықтар тәрбиені ұйымдастырудың жалпы негіздерін құрайды, ал енді сөз болатын заңдылық-тар тікелей тәрбиелік процесті іске асырудағы педагогика-лық құрал ретінде танылуы тиіс. Олардың қатарына кіретіндер:

1. Дамушы жеке адамның тәрбиесі сол адамды тікелей іс-әрекетке қосу барысында орындалады.

2. Тәрбие - ұйымдастырылған іс-әрекеттегі жеке адамның белсенділігін арттыруға ықпал етуші фактор.

3. Тәрбие барысында тәрбиеленушіге деген жоғары гуманизм мен сый-құрмет орынды талаппен ұштасуға міндетті.

4. Тәрбие барысында оқушыға алдағы жетістіктерін көрсете отырып, табыс қуанышына ере білуге көмектесу.

5. Тәрбие барысында оқушылардың ұнамды сапаларын тану мен оларды орынды пайдалану қажет.

6. Тәрбиелеуде оқушылардың жастық және даралық ерекшеліктерін ескеру орынды.

7. Тәрбие ұжымда жүргізіліп, ұжым арқылы іске асырылуы қажет.

8. Тәрбие барысында мұғалімнің, мектептің, отбасының және қоғамдық мекемелердің педагогикалық ұмтылыс-тарының бірлігі мен келісімі қажет.

Мектептегі оқу жұмысы да, оқушылардағы жеке адамдық сапаларды тәрбиелеу де осы заңдылықтарды ескеру негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Бақылау сұрақтары

1. "Тәрбие" түсінігінің педагогикадағы анықтамасы қандай?

2. Тәрбиенің мән-мағынасы неде?

3. Тәрбиенің жалпы заңдылықтары қандай және олардың мәні мен психологиялық негізі қалай түсіндіріледі?

4. Тәрбие заңдылықтары деп нені түсінеміз?

5. Не себепті жалпы заңдылықтар оқытуға да, тар мағынадағы тәрбиеге де бірдей қатысты?

1.5 Педагогикада мақсат болжау проблемасы

1. Тәрбие мақсаты түсінігі

Педагогтің кәсіби қызметі адамның барша іс-әрекетіндегідей мақсат қоядан басталады. Педагогтің балалармен жүргізіп жатқан ісінде мақсат болмаса, ол істі кәсіпқой маманның жұмысы деп бағалауға болмайды, оны әншейін бір әрекет, тәрбиелік процеспен ешбір байланысы жоқ, жәй белсенділік деп түсіну керек.

Мақсатты сезіну әрқандай іс-әрекетке қуат береді. Ұлы да шапағатты мақсат адамның бар шығармашылық күшіне қанат беріп, оны өрістете түседі. Мақсатқа жету адам бағытының негізі болған терең де толық қанағат-танушылық тудырады.

Тәрбие мақсаты – педагогика ғылымының өзекті категориясы. Оны нақтылау, жобалау, дайындау – педагогикалық тұжырымдар жасаудың арқауы.

Кейде педагог балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын нақты айқындалған мақсатсыз-ақ орындаған сияқты болады. Бірақ сол бағыт-бағдарсыз бастаған ісінде қаншалықты сарсаңға түсіп, оңды-солды ұрынғанын, нәтижеге жете алмай шаршап-шалдыққанында бір-ақ түсінеді. Егер түсінсе!

Шынында да, күнделікті мектептегі педагогикалық тәрбиеде болмыс көрсеткендей, мақсат проблемасы өте нашар шешілуде, кейде ол мәселе тіпті естен шығарылады, осыдан "мақсатсыз тәрбие", яғни жол-жөнекей тәлім етек алған құбылыс. Осының салдарынан педагогтің кәсіби қызметінің өнімі жоқтың қасы, балалар мен ұстаздардың шығармашылық мүмкіншіліктері іске қосылмайды, ал кәсіптік іскер не істерін білмей, ақырында түңіледі, жұмысынан қанағаттанушылық рахат көрмейді.

Тәрбиелік істің мұндай келеңсіз жағдайларының объективті себептері мақсаттың әлеуметтік-психологиялық табиғатынан туындайтынын түсіне білу қажет.

Мақсат - субъект санасында оның қоршаған ортамен өзара ықпал байланысынан туындайтын әрекеттің нәтижесі туралы ой болжамы. Демек, мақсат - жағдайлар себепті пайда болуынан, нақты болмыстан алынатындықтан – ол **объективті** құбылыс. Мысалы, өмірінде домбыра ұстап, үніне зер салмаған педагог балаға музыкалық тәрбие беруі мүмкін емес т.б.

Мақсат объективті себептерден бастау алумен бірге **субъективтік те** категория, себебі ол сана туындысы, ол адам ойында пайда болып, әр нақты тұлғаның сана-сезімдік ерекшеліктерінің көрінісін береді. Ертедегі латындар айтқандай: "Екі адам зат жөнінде бір әңгіме айтуы мүмкін, бірақ бірінің әңгімесі екіншісіне ұқсасмас". Бір мақсатты жалау еткен педагогтар, сол мақсаттың өзін әртүрлі баламада түсінеді, себебі олардың әрқайсысы кәсіби әрекеттің нәтижесінде өз сана деңгейінен баға береді. Сондықтан, мақсат болжау проблемасы – тәрбиелі адамның идеалды образының дараланған саналардағы көптеген баламаларын қамтыған мақсаттың мүмкін-дігінше нұсқасын анықтау – байсалды зердемен қоса, көп уақыт та, мамандық күш салуды да талап етеді. Адам өзіне ықпал етуші объективті және субъективті әсерлердің нәтижесінде өмір бойы қалыптасады. Бірақ педагогикалық жүйелер (мектепке дейінгі, мектептік, мектептен соңғы) жеке адамның қалыптасу деңгейі мен сапаларын нақты көрсететін өзінің уақыттық шектеріне ие болғандықтан, әр саты аяғындағы тәрбиелік нәтижелер жөнінде сөз қозғауы мүмкін.

өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мақсаты – кең әлеумет пен ғылымның араласуымен тек мемлекет белгі-лейтін педагогикалық саясаттың басты құрылым бірлігі. Жарияланатын тәрбиелік мақсаттардың экономикалық, құқықтық және ұйымдастыру шарттарын қамтамасыз ету мемлекеттің міндеті. Былайша айтқанда, құқық негізінде бекіген тәрбие мақсатының іске асуына қоғамның бар мүмкіндіктері бағытталуы қажет, әлбетте, бұған да тиісті бақылау қажет.

Тәрбие мақсатының мазмұны неде, ол қалай айқындалады?

өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мақсатының мазмұны қоғамның өркениеттілігіне (цивилизациялану), оның демократиялық сипатына, экономикалық мүмкін-дігіне, педагогикалық жүйелер дамуын болжастыратын және нақты жағдайларды үйлестіріп отыратын мекеме-леріне байланысты.

Мақсаттың жалпыланған сипаты жағдайлардың әртүрлі көрініске енуіне тәуелсіз, оның іске асып отыруын қамтамасыз етеді.

Мақсат әрекеті адамның **саналық** (идеялық) **өнімі** болғандықтан өте құбылмалы, тез өзгеріске түседі, себебі ол үздіксіз ауыспалы дүниемен, сонымен бірге өзгерістегі тұлғамен де әрекеттік-қозғалмалы байланыста болады. Тәжірибе, білім, оқиға т.б. адамды байытып отырады, бірақ құбылмалы сана иесі – субъект сол байлыққа жету жолында өзінің де өзгеріп жатқанын байқай бермейді, не оған тіпті мән бермейді. Мысалы, педагог "кеше" де, "бүгін" де өзін бір мақсат ұстағандай сезінеді, ал сырттан қарағанға, оның кәсіби педагогикалық ісінде өзгерістердің болғаны

айдан анық байқалады. өмірдің өтпелі-ауыспалылығы мақсаттың да бір қалыпта өзгеріссіз қалмауына ықпал жасайды.

Мақсаттың **өзгермелі қозғалысы** педагогикалық процесте өте айқын көрінеді. Себебі, баланың сыныптан сыныпқа қарай, жастан жасқа дамып өзгеруі қас қағымдай, сондықтан өсіп келе жатқан жеке адамның әлеуметтік-психологиялық жаңа құрылымдары бір мақсаттың ысырылып, орнына екіншісінің қойылуы табиғи талаптар дамуының нәтижесі болып есептеледі.

Ал, соңғы нәтижені көздеген жалпыланған сипатты мақсат жастық өзгерістер байланыстылығын сақтап, "тәрбиелі адамның" жеке образын баламаластырып қарауға, айқындауға мүмкіндік береді.

Момын да, айдағанға көнгіш бастауыш сынып оқушысы да, тынымсыз, беймаза жасөспірім де, менмен-сінген "данагөй" жоғары сынып шәкірті де – бәрі де мұғалім бастаған бір даму жолын басып өтеді, әңгіме сол жолдың кең болып, күтілген жеке адамдық әртүрлілікті сыйғыза алуында. Осы мысалда көптеген әр жас деңгейіне байланысты күтілген нәтиже – нақты мақсатқа байланысты 6 жастағы балаусаның мектеп жолын түгелдей басып, 17 жасында жетілетін нәтижесі – жалпы мақсат өнімі.

Мақсаттың **қозғалмалылығы мен ауыспалылығы** оның ешқашан шектелмейтінін көрсетеді. Мақсатты, көр-кемдеп айтсақ, жақындаған сайын, алыстай түсетін жұлдызбен теңестірген жөн. Мақсаттың бітуі – рухани не заттай жойылу деген сөз. Мақсат өзін белгілейтін субъект - адаммен бірге дамып отырады, себебі ол сол субъектіде жасалады, сондықтан да субъектінің өрлеуімен мақсат та жоғарылай бастайды. өссем деген кәсіпкерге тән қасиет: көңіл толмау, күйзелу, алас ұру; ал тоқтаған кәсіп иесі - мәңгі тыныштықтағы өлі жан. Міне дамудың бір көрінісі.

Жеткізбес мақсат - мақсат болып қала беру үшін, оған жетем дегенді шарш атып, шалдықтырмас үшін, шексіз мақсатқа жетудің қиындығынан адам бас тартып, бос арманшылдардың қатары толыспас үшін, мақсат жалпы сипатқа ие болуы керек, сонда ғана ол ілгерілеген сайын ұлғайып, іс-әрекетке бағыт-бағдар бола алады. Қарапайым мысал, бір кісі кіріп, жасасам болар дегендей, баспана жоспарлап, бастады. Бірақ көпті көрген бір көршісі келіп: "Бөлмелеріңді былай жаса" – деп ақыл берді: мақсат туды – бөлме өзгерді, екінші көрші тұрып "Айна, есіктеріңді олай ет"- деп ақыл айтты. Мақсат өзгерді – айна, есіктер көрік алды. үшіншісі келіп: "Шатырыңды сен олай қылма, былай қыл"- деп және бір кеңес қосты: сәнді шатыр шықты. Ақыр аяғында кісінің жалпы мақсаты – баспана да бітті, бірақ әншейін баспана емес, көз тойдырар үй болды. үй салушының мақсатқа орай жоспары мен әдісі негізінен сақталды, бірақ ол жасаған өнім бастапқы күтілген нәтижеден айрықша болып шықты, оның себебі – мақсаттың жалпы сипатындағы шығармашылық еркіндіктің болуынан туындады. Іскер мақсат аймағында әрекет етті, бірақ осы аймақ тар болғанда оның шеберлікке жетуі күмәнді болар еді.

Сонымен, мақсат - өз қызметін атқару үшін жалпы сипатқа ие болуы тиіс. Сонда ғана тәрбие мақсатының жалпы тәрбие процесіне байланысты орны нақ көрінеді: мақсат – бастау көзі, педагогтің кәсіби қызметінің бірінші элементі. Схема түрінде бұл былайша сипатталады.

Тәрбие мақсаты ® Тәрбие процесі ® Тәрбие нәтижесі

Бұдан туындайтын ой – мақсат тәрбие процесінің мазмұнын айқандайды, мақсат тәрбие нәтижесіне негіз болады, мақсат - педагогтің кәсіби іс-әрекетінің баға-өлшемі, мақсат - педагог санасының үздіксіз айналымда жүретін ой объектісі. Бұған қосымша, тәрбие жүйесі толығымен мақсатқа тәуелді, оған орай өз мән-мағынасына ие болады.

Сонымен, педагогикадағы мақсат болжау анықтамасы:

Мақсат болжау – бұл қазіргі заман өркениетінде жасап жаңартушы қабілетке ие осы дәуір жеке адамының қажетті даму деңгейін қамтамасыз ететін **объектив, әлеуметтік-психологиялық және мәдени жағдайларды түсіну**; бұл сондай **адамның жалпы идеал бейнесін мейлінше нақтылайтын сөз жүйесін іздестіру**; бұл тәрбие мақсатын қабылдауға мүмкіндік беретін шарттар ретінде балалық шақ табиғатына, **жеке адам даму мәніне және даралық болмысына талдау, баға бере алу**; бұл нақты бала жасаған **нақты жағдайларды** талдай отырып, оларды қойылған мақсат мазмұнымен орайластыру.

2. Тәрбие мақсаты мен тәрбие міндеттері

Мақсат категориясына қарама-қарсы категория – арман. Екеуінің бір-біріне ортақ ұқсастығы олардың санада туындап, әрі жасайтын идеялық бейне болуында. Ал айырмашылығы – осы бейнеге субъект қатынасының әртүрлілігі.

Арман - елестің немесе қиялдың субъектіге берер біршама қанағаттану сезімі. Арман адамды шындық болмыстан алшақтатады.

Мақсат - бұл да бейне, бірақ онан келетін қанағаттану тек ішкі қабылдаудан емес, сол бейнені іс-әрекетке қосып шындыққа айналдырудан. Бұл бейне субъекті белсенді әрекетке бағыттайды, ықпал жасайды. Туындай отырып, мақсат ойға алған, көздеген нәтижеге жетпей, өз қанағатын таппайды. Бұл арада бейне-нәтиже тек іштей қызығу үшін емес, нақты жетістік үшін қажет.

Арман субъекттің енжарлығынан келіп шығады, әрекетсіздікке байланысты, ал **мақсат - іс-әрекет, белсенді қызметтің бастау көзі**.

Бірақ өзіміз жасап отырған, қарама-қайшылығы қабысқан барша дүниеміздегідей – бұл екі шекті құбылыс – арман мен мақсат өзара тығыз байланысқан. Арман – мақсат түзу үшін негіз, арман – мақсаттарды қайта қарас-тырып, үйлестіріп отыруға ықпал. Мақсат та өз кезегінде жаңа мақсатқа жетелейтін жаңа арманға жол ашады. Мақсатқа жетудің жолы тұп-тура болмақ емес, ол үшін талай міндеттерді іске асыру қажеттіліктері туындайды.

Міндет - бұл мақсатқа жету жолдарындағы бір саты, орындалуы қажет нәтиженің бір бөлігі, осы бөлік өзінің іс-әрекеттік бітімін таппаса, жалпы нәтиже де жоқ. Міндет мақсаттың өзін құрайтын элементтерге бөлінуінен пайда болады. Кейін сол элементтердің бәрі бірігіп, іс-әрекеттің жалпы нәтижесін алуға жұмсалады. Іс-әрекеттің барысын-да субъект, әдетте, мақсат жөнінде ойламайды, оның есінде тек міндеттері, өз іс-әрекетін сол міндеттердің кезегімен шешілуі деп біледі.

Мақсаттың **ұмыт болуы** – жалпы стратегиялық бағыттың жойылуына әкеледі, ендеше, міндеттер де тактикалық бағдар ретінде өз маңызын жояды. Мысалы, бағбан адамдарға ләззат берер бақ бергісі келді (жалпы мақсат). Бірақ нақты істерді (міндеттерді) орындау күй-беңімен жүріп, тиісті орынға гүл егуді ұмытты, соның салдарынан бақ ләззат беру сипатынан айрылды, яғни негізгі мақсат іске аспады, сонымен атқарылған міндеттер (атызды дайындау, суғару, күтім жасау – бәрі де) босқа кетті.

Мақсат болжау – мақсат пен міндеттердің өзара байланысын тану нәтижесі.

Міндет - мақсаттың бір бөлігі, құрылым бірлігі. Міндет көрер көзге дербес, өз алдына жасағанымен, мақсат бағытында орындалып барады. Мысалы, педагог баланы күнделікті адамгершілікке баули отырып, қоғам азаматын тәрбиелеу бағдарындағы мақсатты мүлде естен шығармауы тиіс, өмірде адамның тұлғалық мазмұнын оның әр секунд, минут, сағаттағы белсенді тіршілігі қалайды, - дегендей философиялық тұжырымды бетке ұстау ләзім.

Кәсіптік еңбектің ажырамас бөлігі ретінде мақсат болжау мұғалімнің, жоғары оқу орны оқытушысының қызметінің құрамды бөлігі. Осыдан, ертең ұстаздық іске араласамын деген студент мақсат болжау проблемасының ғылыми мағынасын, педагогикалық қызмет құрылымындағы мақсат болжаудың мәні мен мақсаттың орны мен маңызын, мақсаттарды әртүрлі негізде сараптауды жете түсініп, игеруі міндетті.

Әрбір **міндет өзінің орындалу** сәтінде субъект үшін нақты бір мақсатқа айналады да, ол мақсат өз кезегінде төменірек деңгейдегі жаңа міндеттерді жүзеге әкеледі. Педагог жалпы мақсат бағдарын жаздырмай отырып, таңғажайып үздіксіз міндетке, міндеттің мақсатқа өзгерісі мен ауысу аймағына тап болды. Осыдан да, педагогикалық тәжірибеде түсініспестік орын алып келе жатыр: нені мақсат, нені міндет деп танимыз?

Егер тәрбие мақсатының жалпылығы сақталса, онда педагогтің қадам сайын алға қойып, әр сәт сайын шешіп отыратын әрекеттінің бәрі – міндеттер. Жалпы мақсаттық бағдар назардан ғайып болып, педагог бір міндет бағытында жұмыс істеп, ойлай бастағаннан, дәл осы міндет мақсат мазмұнына ие болып, өзіне қажетті ендігі міндеттерге ие болады.

Міне, осыдан педагогикалық сөздікте "Тәрбиенің мақсаты мен міндеті", "Тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері" тіркестерін жиі кездестіреміз. Бұлардың бірін таңдауымыз белгілі мақсаттың жалпы бағдарына байланысты да, бір жағдайдың өзінде де мақсаттық мәнге де, міндеттік мәнге де ие бола беретінінен. Мысалы, мұғалім сабақты дайындауда нақты сабақ "мақсатын" белгілейді, ал енді осы мақсаттың өзі жалпы тәрбие мақсатының міндеті болып шыға келеді. Сондықтан, дайындалып жатқан сабақ келесі аталған көп "міндеттің" орындалу құралына айналады: мәдени, саясат бойынша жасау қабілетін қалыптастыру, адам бола білу қабілетін жетілдіру, әлеуметтік қатынастарға араласа алу қабілетін түзу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, өмірлік бағыт қалыптастырып, өз тіршілігінің мазмұнын реттей алу қабілетін орнықтыру; тұрмыстық міндеттерге дайындау: өмірлік еңбекке дайындық, отбасылық өмірге дайындық, бос уақытын мазмұнды өткізуге дайындау, өзін шығармашылықпен баулуға дайындау.

3. Тәрбиенің мақсаты мен тәрбиелік кәсіби қызметінің мотивтері

Мақсат пен мотив адам іс-әрекетінің мәндік бірліктері. Мақсатсыз әрекет жоқ. Ал мотивсіз

мақсат белсенділігі қарапайым әрекет шеңберінен аспайды.

Әрекетке итермелеуші ықпал - мақсат, ал сондай ықпалдық мотивтерде де бар. Мақсат пен мотив әрдайым бірге, іс-әрекеттің мазмұны мен сипатын анықтайтын құбылыстар. **Мақсат** - "субъект не істеп жатыр?" дегенге жауап. **Мотив** болса "субъект мұны не үшін істеп жатқанын", яғни ықпалдық себебін ашады.

Субъект, жалпылама болса да, мақсат пен мотивті айқындамағанша, іс-әрекетке бара алмайды. Мақсат болжастыру аймағында мотив екі себептік маңызға ие. Біріншіден, мотив іс-әрекет сипатына әсер етеді: қуат, күш салу, адалдық, нәтиже жолында белсенділік деңгейі, субъектің психологиялық қалпы. Екіншіден – мақсаттың мотивпен бірлесуі, мотивпен орын ауысуы. Мысалы, тұрмысын жақсарту ниетімен жігіт педагогикалық кәсіпті таңдады. Алдыңғы мақсат мотивпен ауысты, енді оның мақсаты кәсіптік шеберлікті игеру болды, ал мақсатқа деген ұмтылысты әлеуметтік бағыт мотиві қолдап-қуаттайды.

Педагогтің тәрбие ұйымдастыруға байланысты кәсіби қызметінің мақсаты – тәрбие мақсатын анықтау, оны іске асыру. Ал осы педагогикалық іс-әрекеттің мотивтері неде?

Бұл тұрғыдан, педагогикалық мақсат мотивтері келесідей: 1. Қайшылығы көп, күрделі өмірге еніп жатқан **сәбидің бақыты үшін қамқорлық**; 2. Балалық шақтың сәулелі өтуіне көмек беру және **адамға деген инабатты қатынас**. Мұндай сипаттағы мотивтер педагогке кәсіптік және әлеуметтік келеңсіздіктерді елей бермей, ізгі мақсатқа жетуге жол ашады.

Педагогикалық қызметке араласуға түрткі болатын қарапайым мотивтерді де жоққа шығаруға болмайды; мысалы, қаражат табудың көзі, демалыс уақыттарының ыңғайлығы, бүкіл өмір бойы балалар мен жастар арасында жүріп, өзінің де рухани кәрілікке берілместігін сақтап қалу т.с.с. Бірақ бұлардың бәрі де кәсіп таңдаған тәрбиеші-педагогтің балаға деген қамқорлығы мен оны азаматтық кемеліне жеткізуге байланысты ықпал-ынтасына күш-қуат бере алмайды. Жоғары сезімнен шыққан ізгі ниет тәрбиешінің кәсіби ісінің сипатына үлкен ықпал жасайды; осыдан мұғалім-педагог қарадүрсін әрекетке бармауға тырысады, баланы көптің бірі деп қарамай, онымен жеке тәрбие жұмысын өткізуге ұмтылады. Балаға деген қамқорлық мұғалімді әлеуметтік аласапыран кезеңдегі келді-кетті, жалған қоғамдық құндылықтарды бала тәрбиесіне қосудан сақтайды.

Сонымен, педагогтің адами-имандылық бағыт-бағдары оның ұстанған мақсат, мотивтеріне ерекше сипат береді де, бір-бірімен іргелес жасап, педагог қызметінде өзара байланысты болады.

Ал, осы педагогтің мақсаты балаға белгілі ме? Мектепке аяқ басқанда ертең ұлағатты азамат болып шығатынын ол сезіне ме?

Әлбетте, оның төңірегіндегілердің бәрінің де әңгімесі баланың келешекте адам болуы жөнінде. Ал, оның өзі оқу, сызу, жазу, сурет салу тағы басқалармен әуре, өзінің тәрбиеленіп жатқанымен тіпті ісі жоқ, ол педагогті өзінің жақсы досы, кеңесшісі, қайырымды ұстаз-мұғалім деп таниды. Педагог болса жасырын педагогикалық "тақта" ол мақсат белгілеп, оны балаға жария етпестен, іске асырудың жолында болады.

Бала бақытына деген жанпидалықтан туындайтын мотив "жасырын" педагог бағытының жүзіне келуіне себін тигізеді; баланың **тәрбиеленуі емес, жасауы қажет, бала өмір ләззатына дайындалуға тиіс емес, ол ләззатқа бөленіп өсуі керек**; бақытты болу үшін бала **педагогикалық басшылықты танып баруға тиіс емес, өмірдің әрбір қасқағым сәтін жоспарлаған дамудың элементтеріндей қабылдамай, өз өмірінің болмысы** деп білгені жөн. Есейе келе әр бала тәрбие мақсатын өзіндік тәрбие мен өзіндік дамудың мақсаты сипатында қабылдап, педагогтан тәрбие эстафетасын қолына алып, тәрбие субъектісіне айналуы қажет. Осыдан, педагог рөлі жаңа кейіпке енеді.

Балаға деген қамқорлық қазіргі заманның өте күрделі аймағында өз орнын иелеп, педагогтің өз кәсіптік деңгейін көтеруіне, өз педагогикалық шеберлігіне жаңа әдістеме-лерді қосуына, мамандық белсенділігі мен рухының ұзақ жасауына күш-қуат береді.

Педагогикалық қызметтің **имандылық мотивациясы** балалармен ұйымдастырылатын іс-әрекеттің қажет септігіне негіз болады. Педагог өзінің кәсіптік міндеттерін орындай отырып, балалардың дене және рухани дамуына байланысты әрқандай жұмыстарды атқарып барады. Бірақ бұл жұмыстар баланың саналы кемелденуіне бағытталып, механикалық жаттықтырудан (дрессировка) аулақ болғаны әбден қажет.

Бақылау сұрақтары

1. Тәрбие мақсаты ретінде жан-жақты адам тәрбиелеудің мәні неде?
2. өзіңіздің мектеп жылдарындағы дамуыңызға талдау жүргізіп көріңіз, ондағы алдыңызға қойған басты мақсаттар қандай еді?
3. Мақсаттар мен міндеттердің өзара жақындығын және айырмашылығын қалай түсіндіресіз?

4. Педагогикалық мамандықты таңдауыңыздағы себеп-түрткілер қандай болды?
5. өз қалыптасуыңыздың міндеттерін айқындап, олардың орындалу мүмкіндіктеріне талдау беріңіз?
6. Мақсаттың мотивке, міндеттердің мақсаттарға ауысуына орай тұрмыстық мысалдар келтіріңіз?
7. Мақсат болжау қандай мәселелермен байланысты.?

1.6 Тәрбие процесі түсінігі мен мазмұны

1. "Тәрбие процесі" ұғымының анықтамасы

Тәрбие процесі (ТП) – бұл сыртқы мақсат бағдарлы ықпал мен тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуін кірістіре жүргізлетін тұлға қалыптастыру, дамыту процесі.

ТП – бұл өзара байланыстағы ұдайы дамып отыратын тәрбиелеу жүйесінің тізбегі, мұндағы әрбір тізбек алдыңғы нәтижелер есебінен құралады. Бұл түсінік бойынша тәрбие процесі өзіндік даму жүйесі ретінде қарастырылады және оның бірлігі болып дамушы тәрбиелеу жағдайында (тәрбие ісі) есептеледі. Мұнда тәрбиеленушілер, тәрбие іс-әрекеті, тәрбиеші, оның тәрбиеленушілерімен өзара әрекеті ғана дамып қоймай, келешек күрделі жүйе қалыптастыратын біртұтас объектіні дамытады.

ТП көпқырлылық, иерархиялық, статистикалық, өзін-өзі басқару сияқты қасиеттермен сипатталады.

ТП-де мазмұндық және процессуалдық жақтары анықталады. Бұлардың бірлігі тек тәрбие іске асатын нақты жағдайлар төңірегінен шығуға мүмкіндік беретін жоғары дәрежедегі абстракциялау арқылы жасалады. Оқу пәні мұғалімнің, сынып жетекшісінің, ұжымның тәрбие-лік іс-әрекеті – бұлар бәрі тәрбие процесі болып табылады. Бұлардың арғы жағындағы тұтастықты көру үшін педагогикалық абстракциялау қажет. Абстракциялаудың жеткілікті дәрежесі – тәрбиелеу теориясының аса маңызды әдіснамалық проблемасы. Өйткені, төмен дәрежедегі абстракциялауда тәрбие процесі тексеріле алмайды, ал өте жоғары болса, шындықтан алшақтау қаупі туады.

2. Тәрбие процесінің ерекшеліктері

Біртұтас педагогикалық процесте тәрбие процесі ерекше орын алады.

Бұл процестің орны мен рөлі тұлға қалыптастыру процесі құрылымында тез байқалады. Тұлға қалыптастыру басқарушы, бақылаушы сипат алған тұтастығында, яғни адамдар саналы ниетпен, алдын-ала белгіленген жоспар мен міндеттерге сәйкес әрекет жасаған тұтас ортада тәрбие іске кіріседі. Тәрбие – бұл тұлғаны мақсат-бағдарлы қалыптастыру процесі. Бұл сонымен қоса, қоғамға қажетті әрі пайдалы тұлға қалыптастыру мақсатындағы тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің ұйымдасқан, басқарылған, бақыланатын бірлескен өзара әрекеті. ТП-бұл белгіленген мақсатқа жетуге бағытталған тәрбиешілер мен тәрбие-ленушілердің нақты пәрменді **бірлескен әрекеті**.

ТП-нің өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен бұл процесс мақсат-бағдарлы болып табылады. Оны ұйым-дастыруда мейлінше пәрменділікке жеткізетіні – тәрбие мақсатының тәрбиелеушіге жақын әрі түсінікті мақсатқа айналуы. Нақты осы мақсаттардың бірлігі мен оған жетудегі өзара байланыс арқылы қазіргі тәрбиелеу процесі сипатталады.

ТП – көпфакторлы процесс. Ондағы көптеген объективті, субъективті факторлардың әрекеттері бұл процестің өте күрделі екенін байқатады. Субъективті факторлар тұлғаның ішкі қажеттіліктерін білдіріп, тұлға қалыптасып, өмір сүретін объективті жағдайларды білдіре отырып, тәрбие міндеттерін табысты шешуіне көмектеседі. Ұйымдастырылған тәрбие іс-әрекетімен объективті жағдайлардың мазмұны мен бағыты қаншалықты сәйкес келсе, жеке тұлғаның қалыптасуы да соншалықты табысты болады. Бұл процесті басқарушы тәрбиеші қызметі объективті заңдылықтарымен шектелмейді. Бұл өз мәнінде, тәрбиеші тұлғаның өзіндік бейнесін, даралық қасиеттерін, мінез-құлқын, тәрбиеленушілерге қатынасын білдіретін өнер деп танылады.

Тұлға әртүрлі әсерлердің ықпалына түседі, жағымды тәжірибе ғана емес, түзетуді қажет ететін жағымсыз тәжірибені де қамтиды. ТП-ң қиындығы, оның өзгерісті, динамикалық, қозғалмалы болуымен байланысты.

ТП өзінің **ұзақтығымен** ерекшелінеді. Негізінен ол өмір бойына созылады. К. Гельвеций былай деп жазған: "Мен оқуды әлі жалғастырудамын, менің тәрбием әлі біткен жоқ. Ол қашан бітеді? Менің оған тек өлген соң мүмкіндігім болмайды. Менің бар ғұмырым ұзақ тәрбие-ден тұрады". Тәрбие процесі үшін тәрбиелік ықпал ету басталғаннан бастап, соңғы нәтижелер арасының алыс-тығы, ұзақтығын айқындайды. .

ТП -нің тағы бір ерекшелігі - оның **үзіліссіз болуы**. Мектептік тәрбие процесі - бұл тәрбиеші мен тәрбиелену-шілердің өзара жүйелі, үздіксіз әрекеттесу процесі. Жеке бір ғана "іс-шара" оқушының мінез-құлқын ерекше өзгертеді деуші тәрбиешілер қателеседі. Жұмыстың белгілі бір мақсаты белгіленген жүйесі қажет. Егер ТП үзіліп қалса, онда тәрбиеші оқушының есіне жаңадан "із" салуы керек және оны тұрақты әдетке айналдыруы шарт.

ТП – **комплекстік** процесс, тәрбиелік жұмыстардың мақсаты, мазмұны, формалары мен әдістерінің бірлігін білдіреді. Жеке тұлғаның сапалы қалыптасуы кезектесіп жасалынбайды, бір уақытта болатындықтан педагогика-лық ықпал ету комплексті сипатта болады. Қалыптастыру кезінде бір қасиеттер екінші қасиеттердің дамуына ыңғайлы әсер етіп отырады.

ТП-нің комплекстік сипаты бірқатар маңызды педагогикалық талаптардың ұстанымын, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер арасындағы өзара әрекетті мұқият түрде ұйымдастырылуын талап етеді.

ТП-не нәтижелердің **бірмәнді** және **анық болмауы** да құбылыс. Жағдайлар бірдей болғанда да нәтижелер бөлектеніп тұрады. Мұның өзі мынадай субъективті факторларға байланысты болады: тәрбиеленушілердің жеке өзгешеліктерінің көптігі, олардың әлеуметтік нәтижелері, тәрбиеге деген қатынастары. Сонымен бірге, тәрбиешілер дайындығының кәсіптік деңгейі, олардың процесті жүргізу шеберлігі де осы процестің іске асып, жақсы нәтижелер беруіне үлкен ықпал жасайды.

ТП-і **екіжақты** сипаты мен ерекшеленеді. Олар тәрбиешіден тәрбиеленушіге (тікелей байланыс) және тәрбиеленушіден тәрбиешіге қарай (кері байланыс). Процесті басқару негізінен кері байланыс арқылы құрылады, яғни тәрбиеленушілерден түсетін ақпараттар арқылы ерекшеленеді. Осы кері байланысты тәрбиеші неғұрлым көп пайдаланса, соғұрлым тәрбиелік әсер де жоғары болады.

3. Тәрбие процесінің диалектикасы

ТП диалектикалық сипатта болып келеді. Бұл оның үздіксіз дамуынан, динамикалық болуынан, қозғалмалы әрі өзгермелі болуынан байқалады. ТП болып жатқан себептерге сәйкес дамиды. Мысалы, оқушылардың әртүрлі жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады, сонымен бірге әртүрлі жағдайлар мен нақты ситуацияларға қарай басқадай сипат алуы мүмкін. Кейде бірдей тәрбие құралы бірдей жағдайда тәрбиеленушілерге күшті әсер етуі де, төмен әсер етуі де кездеседі.

ТП-нің диалектикасы оның қарама-қарсылығымен, демек, ішкі және сыртқы қарсылықтарымен бейнеледі. Нақты, осы қарама-қарсылықтар процестің үздіксіз жүруіне күш береді. Ішкі **қарама-қарсылықтар** тұлғаның барлық кезеңдерде байқалатын, оның жаңа қажеттілігі мен қанағаттану мүмкіндіктерінде көрінеді. Осы жағдайдан туындайтын "қарсылық" адамның тәжірибесін белсенді толтырып, кеңейтуіне, жаңа білімдер мен құлық формаларын алуына, нормалар мен ережелерді игеруіне итермелейді. Бұл жаңа сапалардың қай бағытқа құрылатындығы тұлғаның іс-әрекетіне, белсенділігіне, өмірлік позицияларына байланысты болады. Тәрбиенің бағыты – тұлға қалыптастыруды дұрыс бағдарлау, ал мұның өзі тәрбиеленушілердің қозғаушы күштерін, мотивтерін, қажеттіліктерін, өмірлік жоспарларын терең білу негізінде ғана жүзеге асырылады.

Сыртқы қарама-қарсылық та тәрбие процесінің бағыттылығы мен нәтижесінде байқалады. Мысалы, кейбір жағдайда мектеп пен жанұя арасындағы қарама-қарсылықтар, педагогтардың кейбір талаптарына ата-ананың қарсы әрекеті жайсыз әсер қалдырады. Сөз бен іс арасындағы қарама-қайшылықтар да тәрбиедегі көптеген қиыншылықтар мен кемшіліктерге себепші болады. Педагогтар әсіресе, тәрбиеленушілердің ішкі талпыныстары мен сыртқы әсер арасындағы қарама-қарсылығына көп мән берулері керек. Л. С. Рубинштейн баланың ішкі әрекет мазмұнына қырағылық танытылмаса, педагогтың іс-әрекеті үмітсіз формализмге ұшырайтынын баса айтқан. Соңғы кездерде тәрбиешілер жұмыстарында тәрбиеленуші дайындығына педагогикалық талаптардың сай болмауы көп қиыншылықтар туғызып жүр. Егер тәрбиеленушінің дайындық деңгейі қойылған талаптардан көп төмен болса, онда талаптар қойылмайды, өзгеріске келтіріледі.

4 . Т ә р б и е ш і т ұ л ғ а с ы

Тәрбиенің ең маңызды субъективті факторы – бұл **тәрбиеші тұлғасы**. Адам жанының кейбір нәзік тұстарын, тәрбие процесімен ілесе жүретін мыңдаған үлкенді-кішілі өзара ықпал-әрекеттерді қамтудың мүмкіншілігі аз. Мұндайда пәрменді тәрбиенің аса маңызды шарты – тәрбиеші тұлғасы.

Қазіргі тәрбиелеу процесіндегі тәрбиешінің рөлі тәрбиелік әсердің бәрін өзіне бұрып, процеске жетекшілікті өз қолына алу емес, керісінше, оның ұйымдастыру-шылық және бағыттаушылық күшінің мәнділігі мен ондағы демократизмнің, шығармашылық еркіндіктің көптігімен байланысты. Тәрбиеші маңызды табыстарға нақты жүргізіліп отырған ТП жағдайын ескеріп, өзінің тәрбие жұмыстарына дұрыс талдау жасап, олардан дұрыс шешім шығарғанда ғана қол жеткізеді.

Авторитарлы педагогиканы туындатқан төмен кәсіптік деңгей тәрбиеленушілердің тәрбиешіден бөлініп қалуына басты себеп болды. Педагогикалық жаңаша қатынас жасау мектепті демократизациялау және гумани-зациялау идеялары негізінде

іске асады, сонымен қоса, балаға қамқорлық, сүйіспеншілік және рақымшылық сияқты қарапайым адамдық сезімдерді түзету негізінде мүмкіндік туады. Сондықтан, қазіргі тәрбиешінің негізгі міндеті де тәрбиеленушіні педагогикалық ықпалға дайындап, ыңғайластыруға байланысты. Педагогикалық позицияның өзі де тәрбиеленушіге білінбейтін, жасырын, әдепті болуы қажет. Педагог бала жанының төбеден бақылаушысы болмай, оны достық пиғылмен тәрбиелеп өсіруі қажет.

5. Тәрбие процесінің жүйесі мен құрылымы

ТП – күрделі **динамикалық жүйе**. Бұл жүйенің әр компоненті өз кезегінде өзіндік компоненттері бар жүйе ретінде қаралады. Қолайлы анықтау шектерін қолдану арқылы әрқилы жүйе мен құрылымдар түзуге болады. Қазіргі теориялық педагогикада ТП талаптарымен құрылған мынадай жүйелері белгілі: ТП мақсаты, міндеті, мазмұны, процестің өту жағдайлары, тәрбиеші мен тәрбиеленушінің қарым-қатынасы, тәрбие іс-әрекетінің қолданылатын әдістері мен формалары, процестің даму кезеңдері және т.б. Солардың кейбіреулерін қарастырайық:

Мақсаттық талап ТП-нің құрылымын шешуге бағытталған міндеттердің бірізділігін білдіреді. Қазіргі мектеп жағдайында тәрбие процесінің бағыттары мынадай:

- үйлесімді, жан-жақты дамыту мақсатын есепке ала отырып, тұлғаны біртұтас қалыптастыру;
- азаматтық құндылықтар, әлеуметтік-бағдарлы мотивация, ақыл-ой, эмоционалды және еріктік үйлесім ауқымы негізінде тұлғаның адамгершілік сапаларын қалыптастыру;
- оқушыларды ғылыми, мәдени және өнер, т.б. қоғамдық құндылыққа қатыстыру;
- қоғамның демократиялық өңделуіне, тұлғаның құқық-тары мен міндеттеріне сәйкес өмірлік позицияға тәрбиелеу;
- тұлғаның мүмкіндіктері мен тілектерін, сонымен бірге әлеуметтік талаптарын ескере отырып, оның икемділігін, ептілігін және қызығушылығын дамыту;
- оқушылардың даралық және қоғамдық түсінімдерін дамытатын танымдық іс-әрекет ұйымдастыру;
- тұлғаны сапалы тәрбиелеу мақсатында әлеуметтік құнды, әрі жан-жақты іс-әрекет ұйымдастыру;
- тұлғаның аса маңызды әлеуметтік функциясын, яғни, өзгермелі еңбектік іс-әрекет жағдайындағы қатынастарын дамыту, әлеуметтік қуаттылықты көтеру.

Келесі құрылым ТП-нің **негізгі сатыларын** белгілеуге негізделеді. Бұл сатылар - қойылған міндеттердің сапалы шешілуіне бағытталған бірізді кезеңдердің міндетті түрде өтетін процесі. Құрылым ТП бірізділігінің және бірлігінің терең заңдылығын түсінуде өте маңызды:

- қойылатын талаптар мен ережелерді тәрбиеленушілердің түсінуі;
- білімнің сенімділігі;
- сезім қалыптастыру;
- іс-әрекетке араласу және іс-әрекет арқылы тәрбиелеу.

Келесі құрылым да бірізді процесс кезеңдерін анықтауға негізделеді, бірақ ол енді басқа талаптарға, яғни процестің жүруінің пәрменділігін қамтамасыз ететін **бірліктер арасындағы байланыстар мен тәуелділіктерге** негізделеді: а) тәрбиенің негізгі міндеттері мен мақсат-тарын қамтитын процесті жоспарлау; б) материалды (еңбек, табиғатты қорғау); қоғамдық (ұжымдық, ұйымдастыру-басқарушылық, коммуникативтік); рухани (эмоционалды -сезімдік, танымдық, құндылық-бағдарлаушылық) іс-әрекеттерді ұйымдастыру; в) тәрбиеленушілердің негізгі іс-әрекеттерінде тұлға аралық қарым-қатынасын және оның дамуын реттеу; г) жоспарланған және алынған нәтижелердің айырмашылығын бақылау және қорытындылар шығару, жіберілген қателіктер мен қол жеткізетін жетістіктерге талдау жасау.

ТП кезеңдерінің өлшем шектері ретінде **педагогика-лық әрекеттің бірізділігін** пайдалануға болады. Бұл жағдайда құрылымда мынадай бірліктер пайда болады:

- 1) жалпы нормалар және талаптармен танысу;
- 2) қарым-қатынас қалыптастыру;
- 3) көзқарастар мен тұжырымдар қалыптастыру;
- 4) тұлғаның жалпы бағытын қалыптастыру.

Бұл әрекеттердің барлығының нәтижесі – нормалық қалыптағы тұрақты мінез-құлық әдеттерін баулу. Әрекеттердің әдеттенуі біртіндеп мінез бітістеріне, тұлғалық қасиеттерге ауысады.

6. Тәрбие процесінің жалпы заңдылықтары

Жалпы заңдылық ауқымының әрекеті ТП-нің барлық жүйесіне таралады. Жалпы заңдылық осы процестің маңызды және ірі бірліктерінің арасын байланыстырып отырады. Жүйе ішіндегі бірліктерінің байланысын анықтайтын заңдылық **жеке (нақты) заңдылық** деп аталады. ТП жалпы

педагогикалық процестің бөлігі ретінде осы процестің заңдылықтарына бағынады.

Тәрбиелеу тәжірибесі үшін ТП-інің кейбір бірліктерін тәрбие сапасына ықпал жасайтын **заңды қатынастар пәрменділігімен** байланыстыру қажет.

Тәрбиелеу пәрменділігі мыналарға байланысты:

- 1) қалыптасқан тәрбиелік қатынастарға;
- 2) әрекеттерді ұйымдастыру мен оған қойылған мақсат-тардың бір-біріне үйлесуіне;
- 3) тәрбиелік әсердің әлеуметтік тәжірибесі мен сипатының (бағыттылығы, мазмұны) тәрбиеленушілерге ықпал етуіне;
- 4) объективті және субъективті факторлар әрекетінің байланысына;
- 5) тәрбиелеудің және өзіндік тәрбиенің қарқындылығына;
- 6) педагогикалық өзара әрекеттегі тәрбие процесіне қатысушылардың белсенділігіне;
- 7) тәрбиемен ұштасушы дамыту және оқыту процестерінің пәрменділігіне;
- 8) тәрбиелік ықпалдың сапасына;
- 9) тәрбиеленушінің "ішкі жан дүниесіне" әсер ету қарқындылығына;
- 10) тәрбиеленушілердегі сөздік және сезімдік процестердің даму деңгейі мен педагогикалық әсер етудің үйлесуіне;
- 11) тәрбиеленушілердің өзара бір-бірімен қарым-қатынасының қарқындылығы мен санасына байланысты болады.

7. Тәрбие процесінің мазмұны

Тәрбие мазмұнын түсінерде қойылатын талаптар мен мақсаттарға сай оқушының білімі, нанымы, дағдылары, тұлғалық сапасы мен белгілері **тұрақты әдеттер жүйесі** деп қабылданған.

Тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуы – бұл ақыл-ой, дене, адамгершілік, еңбек пен политехникалық, эстетикалық тәрбиелердің біртұтас педагогикалық процесте тоғысуы.

Қазіргі тәрбие бағыттарының негізіне мына идеялар жатады:

1. Тәрбие мақсаттарының шынайы болуы. Бүгінгі нақты мақсат - бұл адамның ептіліктері мен дарындығына сүйене отырып, оны жан-жақты дамыту. Бұл мақсатқа жетудің құралы - әр адамның мәдениет қоры негіздерін игеруі. Осыдан тәрбие мазмұнының орталық түсінігі, яғни тұлғаның "**базалық мәдениеті**" келіп шығады. Бұл өмірлік өзін-өзі анықтау мәдениеті болып табылады, яғни, экономикалық мәдениет пен еңбек мәдениеті, саяси, демократиялық және құқықтық мәдениет, адамгершілік пен экологиялық мәдениет, көркемөнер және дене мәдениеті, отбасы қатынастар мәдениеті.

2. Үлкендер мен балалардың біріккен іс-әрекеті. Тәрбиеші жұмысының мазмұны балалармен бірге рухани мәдениеттің жақсы үлгілерін, адамгершіліктік өнеге, іс-әрекет мәдениетін іздестіру арқылы өмір нормалары мен заңдылықтарын өңдеуден құралады. ТП-де оқушының өзіндік белсенділігі көрінеді.

3. өзін-өзі тану. Адамның сенімі, демократиялық көзқарасы, өмірлік позициясы арқылы тұлғаның толық қалыптасуы нақты тәрбиеде жобаланады.

Тәрбие мазмұнындағы маңызды элемент – адамның өмірлік өзін-өзі тану мәдениеті. өмірлік өзіндік таным – бұл кәсіптік, азаматтық түсініктерді қамты-майтын өте кең ұғым. өмірлік өзін-өзі анықтау мәдениеті адамды өз бақытының және өз өмірінің субъектісі ретінде сипатталады. Адамның өзіне-өзі үйлесімді болуы арқылы оның кәсіптік, азаматтық және адамгершілік өзіндік танымы қалыптасады.

4. Тәрбиенің тұлғалық бағыты. Мектептегі тәрбие жұмысының өзегін тек бағдарлама, іс-шаралар, әдістері мен формалары ғана құрамайды, сонымен қоса ол бала, жеткіншек, жасөспірім арқылы сипатталатын педагогика-лық істің жоғары мақсаты мен мәніне тәуелді. Олардың жеке қызығушылығы, ыңғайы, өзіндік мінез-сипаты мен бірге өз қадірін сезінуін дамыту керек. Тәрбиеленушілердің қызығушылығынан жоғары рухани қажеттіліктеріне қарай өтуі тәрбие ережесіне айналуы қажет.

5. өз еркіндігі. Тәрбиеленушінің өз еркі болмай, тәрбие жұмыстарын дамыту, бірлесе жұмыс істеу идея-ларын іске асыру мүмкін емес. ТП-і еріксіз ұйымдас-тырылса, ол балаға да, мұғалімге де кері әсерін тигізеді. Балаларды "тәрбиелеуге" міндеттеме керек. Егер тәрбиелеушілер тәрбиеленушілердің қызығушылығына, асқақ арманына, азаматтық және жолдастық міндеттеріне, өзбеттілігі мен шығармашылығына сүйенсе, сонда тәрбиеленушілердің тәрбиеге деген ықылас-ынтасы оянады.

6. Ұжымдық бағыты. Тәрбие жұмысының мазмұны ұжымда тәртіп құралы ретінде қолданылатын тұлғаны мәжбүрлеу әдісіне емес, оның рухани, адамгер-шілік күштерінің ырықты артуына бағытталады.

Мектептің нақты тұрмыс, өмірге қарай бағыт-талуы тәрбие мазмұны мен тәсілдерін жаңартудың тірегі. Ол келесі мүмкіндіктерге жол ашады:

- тұлғаны тоқыраудан құтқарып, оның жан-жақты дамуына қуат береді;
- ескі догмаларды жаттай беруден гөрі, әлемді танып, өзгертуге бағыттайды;
- әміршілдік пен жатсынудан гуманистік және бірлескен іс-әрекетке жол көрсетеді.

Бүгінгі күнде тәрбиеленушіге ақпарат жеткізіп, оны ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық т.б. тәрбие әрекетіне қосу басты мәселе. Осыдан, бұл не үшін керек, ол не береді? – деген сұрақтар туады. Шетел тәрбие жүйе-сінде нақты осы тұрмыс-тәжірибелік сұраныс бірінші орында, сонымен тапсырыс осы қоғамдық тәрбие маз-мұнына дұрыс ықпал жасап, оның іске асуында табысты қызмет ететіндігі алға тартылуда.

өз дәрежесінде және жақсы ұйымдастырылған тәрбие адамды өмірдегі үш негізгі қызметке, яғни азамат-тыққа, іскер жұмысшы болуға және үлгілі жанұялық адам болуға дайындайды.

Бақылау сұрақтары

1. Тәрбие процесінің ерекшеліктерін айтып беріңіз?
2. Тәрбие процесінің диалектикасы дегенді қалай түсінесіз?
3. Тәрбие процесінің жалпы заңдылықтары және мазмұны қандай?

Тәрбие принциптері

1. Тәрбие принциптерінің ерекшеліктері

Тәрбие процесінің принциптері (тәрбие принцип-тері) – бұл тәрбие процесінің мазмұнына, әдістеріне оны ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптарды анықтайтын бастау ережелері. Олар тәрбие процесінің өзіндік ерекше-лігін танытады. Педагогикалық процестің жалпы принциптерінен нақты тәрбие принциптерінің өзгешелігі – тәрбие міндеттерін шешудегі педагогтар ұсынатын ортақ ережелер екендігінде жатыр. Осы принциптерге қойылатын талаптарды сипаттайық.

1. Міндеттілік. Тәрбие принциптері - бұл кеңес, нұсқау емес, олар толық және міндетті түрде тәжірибеге ұласуды талап етеді. Принциптерді дөрекі түрде әркез бұзу және ондағы міндеттерді орындамау тәрбиелеу процесінің пәрменділігін кемітіп қана қоймай, сонымен бірге ол принциптердің негізін, түп-тамырын ыдыратады. Егер тәрбиеші принцип міндеттерін бұзса, онда ол тәрбие процесі жетекшілігінен аластатылады. Тіпті, мысалы, егер педагог гуманистік принциптерді, жеке басты қадірлеу принциптерін қасақана әрі дөрекі бұзса, онда ол заңды жауапкершілікке тартылуы қажет.

2. Комплекстілік. Принциптер комплекс, бөлін-беген талаптар түрінде тәрбие процесінің барлық кезеңдерінде бірігімді қолданылуы тиіс. Принциптер тармақталмай, фронтальды әрі барлығы бірдей іске асып отырады.

3. Бірмәнділік. Тәрбие принциптері жалпыға бірдей ортақ ережелер ретінде бірмәнді болып келеді, олардың арасында біреуін бірінші кезекте орындау керекті немесе ертеңге қалдыра салуға болатын сияқты негізгі немесе қосалқы принциптері болмайды. Барлық принциптерді теңдей мәнді деп бағалау тәрбиелеу процесінің жемісті болуының кепілі.

Сонымен бірге тәрбие принциптері - дайын нұсқау емес, тіпті олар ұстану арқылы жоғары нәтижеге автоматты түрде жеткізе салатын әмбебап (универсал) ережелер де емес. Олар тәрбиеге қажет арнайы білімдерді, тұлға тәжірибесін, шеберлігін алмастыра алмайды. Тәрбие принциптерінің талаптары баршаға бірдей болса да, олардың практика жүзінде іске асырылуы тұлғалық шарттарға байланысты болады.

Тәрбие процесі сүйенетін принциптер белгілі жүйені құрайды. Тәрбие жүйелерінің түрлері бұрын да, қазір де көптеп саналады. Әлбетте, олардағы принциптердің сипаты, жекелей міндеттері, тіпті кейбір принциптердің өздері өзгеріске түседі. Қазіргі тәрбиелеу жүйесі мынадай принциптерді ұстанады:

- тәрбиенің қоғамдық бағытта болуы;
- тәрбиенің өмірмен, еңбекпен байланысы;
- тәрбиеде дұрыстыққа арқа сүйеу;
- тәрбие гуманизациясы;

- тәрбиеге тұлғалық тұрғыдан қарау;
- тәрбиелік ықпалдардың бірлігі.

2. Тәрбиенің қоғамдық бағытта болуы

Тәрбие мемлекеттік, құрылыстың, ондағы өкімет билігі мен мекемелерінің қуатына арқа сүйеп, сонымен бірге мемлекетте қабылданған және жүргізіліп жатқан саясат. Ата заң мен заңдар негіздегі азаматтық және әлеуметтік сапалардың қалыптасуына бағытталады. Бұл принцип педагог іс-әрекетін мемлекеттік тәрбие стратегиясына сәйкес өскелең ұрпақ тәрбиелеу міндеттеріне бағындыруды көздейді және тәрбиеші іс-әрекетін қажетті тұлға типін қалыптастыруға бағдарлайды. Мемлекеттік қызметте жұмыс істегендіктен тәрбиеші тәрбие саласы бойынша мемлекеттік тапсырысты орындайды. Егер мемлекеттік және қоғамдық мүдделер бір-біріне сай келіп, азамат-тардың жеке мүдделерімен келісімді болса, онда жоғары-дағы принцип талаптары, әлбетте, тәрбие мақсаттары мен міндеттері құрылымына сәйкестеледі. Ал мемлекет, қоғам және тұлға мақсаттары үйлеспесе, ол принциптің орындалуы қиындайды.

Тәрбиешіде толыққанды тәрбие үшін нақты деректі материалдар жетісе бермейді. Мектеп – бұл мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның білімділік сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған әлеуметтік мекеме және қоғамдық-мемлекеттік жүйе. Мектеп қоғамдық-мемлекеттік мекеме ретінде тек мемлекет демеуімен ғана өмір сүре алмайды. Ерте ме, кеш пе оған қоғам көмекке келуі қажет. Қоғамның мектептен, мектептің қоғамнан бөлініп қалуын, қоғамдық өмірдегі болып жатқан процестерден мектептің ажырауын, кәсіби педагогтардың тар және біржақты жұмыс істеуін болдырмау шаралары қарастырылуы қажет. Педагогтар өздерін тәрбие билігінің жалғыз иегері деп ұғынбай, тәрбие істеріндегі халық өкіліміз деп түсінуі керек.

Қоғамдық бағытты іске асыра отырып, тәрбие-ленушілермен тәжірибелік себеп-түрткілі өзара әрекетке жетудің маңызы зор. Бұл жерде ұрандаған педагогикадан аулақ болған жөн, өйткені тиімді тәрбие құлық пен қатынас тәжірибесі негіз болар тәрбие мен тәрбиелену-шілер арасындағы байланыс орнайтын пайдалы іс-әрекетте іске асады. Дегенмен де, іс-әрекет (еңбектік, қоғамдық, ойындық, спорттық) тәрбиелік мәнге ие болуы үшін, тәрбиеленуші іс-әрекетінің қоғамдық құнды мотивтерін қалыптастыру қажет. Осы мотивтер жоғары парасатты, қоғамдық мәнді болса, онда ұнамды қылықтарға бастау беретін іс-әрекеттің де тәрбиелік сапасы жоғары болады.

Әлеуметтік сапаларды жасау процесінде мақсат-бағдарлы тілдестік пен адамгершілік танымы арқылы гуманистік түсінік қалыптастырып, оны саналуан қоғам-дық пайдалы іс-әрекетті ұйымдастырумен байланыстыру керек. Сөздік ықпал міндетті түрде пайдалы тәжірибелік істермен бекітілуі қажет, сонымен бірге ол қарым-қатынастағы және басқа адамдармен бірігіп орындалатын іс-әрекеттегі дұрыс әлеуметтік тәжірибелер көрсету арқылы тұжырымдалуы керек.

Қоғамдық процестерге әр адам ерте балалық шақтан араласады. Сондықтан адамзаттық тәрбие де жас кезеңде басталады. Әлеуметтік жауапкершілік сезімі балада сәл кешірек, яғни мектептің екінші сатысында ояна бастайды. Әлеуметтік саналарды қалыптастыру кезең-дерінде берілетін білімдердің оқушылар жасы мен даму деңгейіне сәйкестігіне жете көңіл бөлінуі тиіс. Балаларға мектептің бірінші сатысында "өкімет", "президент", "үкімет", "бедел" т.б. ұғымдарды түсіндіруге нақты мысалдар пайдаланылса, тәжірибе жүзінде дер кезінде дәйектеліп, бекітілсе, онда олар бұл ұғымдарды тез меңгереді. Екінші, үшінші сатыдағы мектеп осы секілді қажетті ұғымдарды бекітіп, дамытады, нанымдарды қалыптастырады, тәрбиеленушілер әлеуметтік шынайы процестерге қызыға отырып, азаматтық сапаларын орнықтырады.

Адамның тұлға болып қалыптасуы оның қоғам-дық және еңбектік қатынастарға жекелей түсуі, әрекетке араласуына тікелей тәуелді. Еңбек адамдағы жағымды сапаларды дамытады, яғни еңбек қарқынды болған сайын тұлғаның әлеуметтену және даму деңгейі жоғарылай түседі. Сондықтан тәрбиеленушілерді қоғамдық өмірге, әртүрлі пайдалы істерге араластырып, оларға деген жағымды қатынасын қалыптастыру қажет. Еңбекке араласа отырып, адамгершілік құлық тәрбиесін алған тәрбиеленушілер рухани және дене жағынан қатайып, еңбектің қоғамдық маңызды мотивтерін ұғынады, өзіндік ар-ұят сапаларын бекітіп, жетілдіреді.

Тәрбие "Мектеп үшін емес - өмір үшін" деген ұранмен ежелгі римдік мектеп өз оқушыларын күтіп алады екен. Сол кездегі ежелгі педагогтардың өздері өмірден, тәжірибеден ажыраған тәрбиенің ешқандай мәні болмайтынын сезген.

өмір мектебі – ең күшті тәрбие мектебі. Сондықтан **тәрбиенің өмірмен байланысты болуы** принципі көптеген тәрбие жүйелерінің негізгі принципі болып табылады. Ол тәрбиешілердің мынадай екі бағыттағы белсенді іс-әрекетін талап етеді: 1) әртүрлі өзгерістері мол қоғамдық және еңбектік өмірмен тәрбиеленушілерді кең және нақтылай таныстыру; 2) тәрбиеленушілерді шынайы өмірлік қатынастарға, әртүрлі қоғамдық пайдалы еңбектерге

араластыру.

И. П. Павлов адам ағзасының өмірлік іс-әрекеті қоршаған орта әсерінен, өмір сүру жағдайына байланысты екендігін атап көрсеткен. Бұл әсерді ол "өмірлік тәрбие" деп атаған. Бұл тәрбиені, яғни "өмір мектебін" барлық өскелең ұрпақ өз басынан өткізеді. Нәтижеде оларда әрекет-қылық тәжірибесі жинақталады, қоғамдық өмірге кірісуге қажетті дағдылар қалыптасады.

Тәрбиенің өмірмен байланысты болу принципін дұрыс іске асыру педагогтан төмендегі бірліктерді қамтамасыз етуін талап етеді:

- оқушылардың қоғам өмірі мен әрбір адам үшін еңбектің рөлін, азаматтардың үздіксіз толастаған сұраныстарын қанағаттандыру үшін қоғамның экономикалық базасының мәнін түсіндіру;
- материалды және рухани байлықтар мен құндылықтарды жасайтын еңбек адамдарына сый-құрмет жасау;
- көп және табысты еңбек ету ептіліктерін дамыту, өзі үшін және қоғам пайдасына орай жауапкершілік және шығармашылықпен еңбектенуге ниеттендіру;
- қазіргі өндірістің жалпы негіздерін түсіну, политехникалық білімдерін кеңейтуге талпыну, еңбекті ғылыми ұйымдастыру негіздерін және жалпы мәдениетті меңгеруге бағыт беру;
- еңбек іс-әрекетінде жеке және қоғамдық нанымдарды үйлестіру мен міндеттерін және шаруашылық қажетті-лігіне сәйкес мамандық таңдай білуге баулу;
- қоғамдық мүлік пен табиғат байлықтарына күтімді қарау, өз еңбегі арқылы қоғамдық меншікті көбейтуге талпыну ниетін қалыптастыру;
- жауапсыздыққа, шаруасыздыққа, еңбек тәртібін бұзу-шылыққа, жайбарақаттыққа, енжарлық пен іссіздікке, сергелдендікке төтеп беріп, қоғамдық меншікті және табиғат байлығын талан-таражға түсіруге ымырасыз болуға тәрбиелеу.

Еңбекпен, өмірмен байланысқан тәрбие келесі ережелерді ұстану арқылы іске асады:

1. Оқушылардың әлеуметтік және еңбектік тәрбиесіндегі абстрактілік пен догматизмді шегеріп, оларды нақты және ерен іс-әрекетке кірістіру. Сабақта және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында көзделген талаптарды орындау принципін бағдарламасы болуы шарт. Оларды біртіндеп іске асырып бару қажет.
2. Тәрбиеші өз әрекеттерін отбасы мүддесімен келістіре отырып, әрбір тәрбиеленушіге қоғамдық өндіріске негізгі тигізер пайдасы оның оқу еңбегі, отбасы мен мектептегі көмегі екендігін түсіндіреді. Жасөспірімдердің өндірістік ұжымға, шаруашылық есептегі бригадаларға бірігіп, демалыс кездерінде еңбек етулерін қолдап, қуаттау керек.
3. Балалар әдетте іс-әрекет жасауға құлшыныс білдіріп тұрады. Енжарлық, іссіздік дегендер бала табиғатына жат нәрселер. Осыны ескермеген тәрбиеші тұлғаның әлеуметтену процесін бұзып, оның дамуын бәсеңдетеді.
4. Бұл принципті іске асыру сабақтар мен сынып-тан тыс тәрбие жұмыстарда жергілікті өлкелік материал-дарды кеңінен пайдалануды талап етеді.
5. Оқушылар үлкендермен бірдей маңызды өмірлік мәселелерді шешуге қатыса отырып, өз шешімдеріне жауапкершілікпен қарауға үйренеді, сонымен бірге оларда азаматтық сапалар шапшаң әрі табысты қалыптаса бастайды.
6. Елдің әлеуметтік өмірі мен шаруашылығындағы өзгерістерге сәйкес тәрбиенің өмірмен байланысы принципін табысты іске асырылуы тәрбие мазмұнын, ұйым-дастырылуы және әдістемесін үнемі қайта қарап, жаңартып отыру міндетті іс.
7. Тәрбие процесінде балалар өз еңбегінің қоғамға, адамдарға қажет екендігін сезініп, одан қанағат ләззатын алуы қажет.

3. Ұнамды өнеге-үлгіге арқа сүйеу

өнеге-үлгіге арқа сүйеу принципін талаптарының бәрі қарапайым болып келеді. Олар мыналар: педагогтар адамдағы жақсы қасиеттерді анықтауға міндетті, соларға сүйене отырып, әлі толық қалыптаспаған немесе кері бағыттағы қасиеттерді үнемі дамытып, оларды қажетті деңгей мен жан-жақты үйлесімге жеткізуі қажет.

Бұл принциптің философиялық негізі - адам табиғатының "қарама-қайшылықтығы" туралы белгілі философиялық ереже бойынша. Адамдағы жақсы қасиеттер (жан-жануарды жақсы көру, табиғи кішіпейілділік т.б.) оған кері қасиеттермен (өз сөзінде тұра алмау, өтірік айту, еріншектік т.б.) бірге жүреді. Тек "кері", сол сияқты жүз-пайыздық "жақсы" адам болмайды. Тұлғаны жақсылыққа қарай бағыттайтын тәрбиенің міндеті, адамда өнегелі қасиеттерді молайтып, кері қасиеттердің азаюына қол жеткізу.

Тәрбиеші іс-әрекетінің табысты болып, жылдам әрі нәтижелі болуы үшін принциптерді іске асыру ережелерін басшылыққа алу керек.

h Тәрбие процесіндегі келіспеушілік (конфронтация), тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің өзара

ой-пікір тайталасы мен көзқарастарының үйлесімсіздігінен туындайды. Тек бірлесіп жұмыс істеу, шыдамдылық, тәрбиешінің тәрбиеленуші тағдырына қызығушылықпен қатысуы жақсы нәтижелер береді.

h Оқушының қателіктері мен қылығындағы кемшіліктеріне ғана мән беру де дұрыс емес. Тәрбиенің басты парызы, керісінше, жақсы қасиеттерді анықтап, оларды қолдау. Әрине, кері қасиетті айыптау және түзету керек. Бірақ, ең негізгісі – алдымен қажетті оң қасиеттерді дұрыс танып және олардың дамуына жол ашу.

h Тәрбиеленушілердің қызығушылықтарына (танымдық, эстетикалық, табиғатқа, жан-жануарға деген сүйіспеншілік және т.б.) сүйену педагогикалық жағынан әрқашан ұтымды нәтижеге жетудің кепілі. Осылардың көмегі арқылы еңбек, адамгершілік және эстетикалық тәрбиенің көптеген міндеттерін шешуге болады. Жақсы нәрсеге сүйену принципі тәрбие процесінде жетекші әрекетті таңдап алумен де байланысты. Осы әрекетті әрбір нақты жағдайға үйлестіре білу - тәрбиешінің міндеті.

h өнеге-үлгіге сүйенудің тағы бір жағы бар, оны ұнамды тәрбиелік жағдай жасау құралы ретінде пайдалануға болады. Бұл тәрбиеленушілердің өмірлік іс-әрекеті және тәрбиелік қатынас жасау стилі, тіпті оқу-тәрбие мекемелерінің "рухы". Әрқайсысы өз ісімен шұғылданып, бір-біріне ешкім кедергі жасамайтын тыныш, іскерлік жағдайында да, сенімді әрі ерікті ілгері жылжуға ықпал ететін еңбек пен демалысты жоғары дәрежеде ұйымдастырумен әрбір ұсақ бөлшегіне дейін ойластырылған оқу орнының тәрбиелік мәнінде, бірлес-кен әрекет сезілген жерде өнімді табыс мотивацияларының болмауы мүмкін емес.

h Кемшіліктерін бетіне баса бергенде тәрбиеленуші-лердің өз-өзіне, күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімі азаяды. Тәжірибелі тәрбиешілер осыны сезіп, баланы мақтап-мадақтауды, оның алдағы болатын жақсы қасиет-теріне күні бұрын қолдау береді. Келешек әрекет-қылық-тардың жобасын жасап, тәрбиеленушілердің табысты нәтижелерін орнықтырады, оларға сеніп, сәтсіздіктерде олардың тірегі болып, көмек көрсетеді.

4. Тәрбие гуманизациясы

Жақсы (жағымды) өнегеге сүйену принципіне тағы бір маңызды принцип жанасады – ол **гуманизация**. Бұл принциптің талаптары: 1) тәрбиеленуші тұлғасына адамилық тұрғысынан қарау; 2) оның құқықтары мен тәуелсіздігін сыйлау; 3) тәрбиеленушіге саналы ойлас-тырылған талаптар қою; 4) қойылған талапты орындаудан бас тартқан кезде де оның ұстанымын (позиция) құрмет-теу; 5) адамның өзімен-өзі болу құқығын қолдау; 6) тәрбиеленушінің санасына тәрбиенің нақты мақсатын жеткізу; 7) қажетті сапалардың қиналыссыз, зорлықсыз қалыптасуы; 8) тұлғаның қадір-қасиетін төмендететін дене және басқа да жазалаудан бас тарту; 9) тұлғаның наным-дарына қандай да бір себептермен қайшы келетін қасиеттерді қалыптастырудан аулақ болу құқығын мойындау (гуманитарлық, діни сенімдер және т.б.).

ЮНЕСКО қабылдаған "Адам құқығы декларациясының" бірінші бабында былай деп жазылған: "Барлық адамдар өз қадірі мен құқығы бойынша ерікті және тең. Олардың өзіндік санасы мен намысы бар және олар бір-бірімен қарым-қатынаста болуы керек. Тәрбиеленушілерді құлдық бас июші емес, тәуелсіз адамдар санатында танып, тәрбиеші күш билігін пайдаланбай, шәкірттер төбесіне тұрмай, олардың болашағы үшін жас әулетпен бірлікте күресуі қажет".

5. Тәрбиеге тұлғалық бағыт беру

Тәрбиелеу процесінде тәрбиеленушілердің жеке міндеттемесі мен мүмкіншіліктерін есепке алу маңызды жұмыс болып табылады. **Тұлғалық сапаларға сүйену** тәрбиенің өте маңызды сипаттамаларының бірі, яғни тұлғаның бағыттылығы мен оның құндылықтар таңдауын ескере білу. Тұлға бағыты оның өмірлік жоспарларын, қалыптасқан өмір жолдарын, іс-әрекетін және қылығын басқарушы мотивтерін білдіреді.

Тәрбиеге тұлғалық тұрғыдан қарау принципі тәрбиешіден мына міндеттерді орындауды талап етеді: 1) өз тәрбиеленушілерінің жеке темперамент ерекшелік-терін, мінез бітістерін, көзқарастарын, талғамдарын, әдеттерін қырағы танып, жақсы білу; 2) ойлау бейімі, тұлғаның бағыттылық мотивтері, қызығушылықтары, өмірге, еңбек етуге көзқарасы, құндылықтар пайымы, өмірлік жоспарлары т.б. сияқты аса маңызды сапалардың қалыптасу деңгейінің қаншалықты болғанын және болатынын анықтай білу; 3) тұлға дамытудың әсерлі түрін біртіндеп күрделендіре отырып тәрбиелік іс-әрекеттерге әрбір тәрбиеленушіні тарту; 4) дер кезінде мақсатқа жетуге кедергі болатын себептерді анықтап, олардан арылу, ал егер дер кезінде сезіп, жою мүмкіндігі болмаса, онда жаңа туындаған жағдайларға байланысты тәрбие тактикасын ауыстыра білу; 5) тұлғаның өз белсенділігіне көбірек сүйену; 6) тәрбиені тұлғаның өзіндік тәрбиесімен байланыстырып, өзіндік тәрбиенің мақсат, әдіс, форма-ларын таңдауға көмектесу; 7) тәрбиеленушінің өзіндік іс-әрекетін, белсенділігін, дербестігін дамытып, оған жетекшілік етіп,

ұйымдастыра табысқа жетуге бағыттау.

Бұл талаптардың бірлікті түрде іске асырылуы жас және жеке ерекшеліктеріне үстірт қарамай, процестердің тереңнен дамуына, себеп-салдарлы қатынас заңдылық-тарына сүйенуге тәрбиешіні міндеттейді.

Тәрбиені тұлғалық тұрғыдан жүргізген кезде жас және жеке ерекшеліктерді есепке алу жаңа бағыт алады. Адамгершілік, әлеуметтік сапаларды қалыптастырудың ең ыңғайлы мүмкіндіктері бастауыш мектеп жасында болады. Неғұрлым жасы кіші болса, соғұрлым тәрбие ықпалдарын нақты қабылдап, бала өз тәрбиешісіне көбірек сенеді, оның беделіне сөзсіз бағынады. Сондықтан кіші мектеп жасында және ерте жеткіншек жаста жағымды әдеттерді тәрбиелеуге, балаларды еңбекке, тәртіпке, қоғамдық іс-әрекеттерге үйрету жеңіл болады. Ересек жеткіншектер болса, пайдалы еңбектің тура, ашық міндеттерін қалайды, оларды орындауда белсенділік танытуға құмар келеді. Дегенмен де, бұл белсенділік, талпыныстар педагогтар тарапынан өте жақсы ұйымдастырылуы қажет.

Тәрбиенің болашақ нәтижелерін жобалағанда тәрбиеленушілердің мүмкіншілік пәрменділігінің кейбір сапаларды қалыптастыруда азаятынын, жасына байланысты жүйке жүйесінің нәзіктігін, сыртқы әсерлерге психологиялық қарсылықтың көбейетінін, сензитивті кезең қажеттерінің өзгеруін естен шығармаған жөн.

Тәрбиеші сүйенетін оқушының жеке ерекшеліктерінің қатарында олардың қабылдау, ойлау, есте сақтау, сөйлеу, мінез, темперамент, ерік бітістерін атауға болады. Бұл және басқа да ерекшеліктерді айыра тану тәрбиелеуде қиынға соқса да, тәрбиеші табысқа жетуді ниет қылса, қосымша уақытын, күш-жігерін, құралдарын пайдаланып, тұлғалық сапаларды толық және нақты танып-білуге ынта-ықыласты болуы шарт.

Тәрбиеші қазіргі заманғы оқушылардың білім деңгейінің жоғарылығын ескере отырып, өзі де жан-жақты дамып отыруы керек, яғни өз мамандығы төңірегіндегі ғана біліп қоймай, сонымен қоса саясат, өнер, мәдениет саласындағы білімдерді жинақтап, өз тәрбиеленушілеріне өзін адамгершіліктің жоғары үлгісі ретінде, адамдық қадір-қасиеттің, құндылықтың таратушысы ретінде танылуы тиіс.

Балалық және жеткіншек жастағы тұлғалық сапалардың жылдам қарқынмен қалыптасуы озық әрекет етуді, тәрбиеленушіден даму желісіндегі тәрбие мазмұны мен оның ұйымдастырылуы, әдістері және формалары арасында қайшылық туындамай тұрғанда, жағымсыз әдеттер баланың жан дүниесіне орнығып қалмай тұрып, алдын-ала қимылдауды қауырт талап етеді. Әйтсе де, талаптарды күшейте отырып, тәрбие ықпалдары бағытталған тәрбиеленушілердің шама-шарқын ескерген абзал. Қиын талаптар баланың өз күшіне сенімін азайтып, көңілдерін қалдырады, тіпті ең қауіптісі, сол талаптарды үстірт орындауға итермелейді. Әдетте, мұндай жағдайда жартылай істелінген іске қанағат тұту әдеті қалыптасып қалуы мүмкін.

Тәрбиешілер әсіресе, тұлғаның негізгі сапаларына, яғни, олардың құндылықтарды таңдау бағытына, іс-әрекет жасаудың және қылық қалыптастырудың өмірлік жоспарларына мән беріп, тәрбие процесін түзейді, әрі бұл процесті тұлғалық және қоғамдық қажеттерді қанағат-тандыруға бағдарлайды.

Кейбір тәрбиешілер нақты тәрбиені тек "қиын" оқушылар мен тәртіп бұзушыларға қатысты деп ойлайды. Сөз жоқ, мұндай тәрбиелеушілер көбірек бақылауды керек етеді. Бірақ "жағдайы жақсы" оқушыларға да мойын бұру керек. Сырттай жақсы көріністің көлеңкесінде жаман пиғылды ойлар, мотивтер, әрекеттер де жасырынып жатуы мүмкін. Бұған ешкімді ешуақытта кінәлауға болмайды, бірақ барлық оқушыларға теңдей көңіл бөлу керек.

Тұлғаның сыртқы көрініс, әрекеттерінен оның ішкі мінез-құлқын түсіну өте қиын, осыдан тәрбие мақсаты әрқашан іске аса бермейді. Тәрбиешіге тәрбиеленушінің өзі көмектесуі қажет. Тәрбиеленушіні дос, көмекші, одақтас етіңіз. Бұл түпкілікті сапаларды түсініп, болжаудың ең қысқа, анық жолы болып табылады.

6. Тәрбиелік ықпалдар бірлігі

Бұл принцип келешек ұрпақ тәрбиесіндегі мектеп, отбасы және қоғамдық орындар талпыныстарын **реттеу принципі** деп те аталады. Бұл принцип тәрбиеге қатысы бар барлық адамдардың педагогикалық әрекеттерді өзара хабарласа, бірлесе толықтырып және дамытып баруын талап етеді. Егер тәрбие ықпалдарын іске асыру бірлігі келісілмей, керісінше, қайшы келсе, онда табысқа жету қиынға соғады.

Ықпалдар келісімі болмаған жағдайда тәрбиеленуші үлкен психикалық ауыртпашылық тартады, өйткені кімге сенерін білмей, кімнің соңынан ерерін түсінбей, ықпалдар ішінен дұрысын анықтай алмай, ол дал болады. Баланы әрқилы деңгейдегі тәрбие ықпалдарының қайшылығынан құтқарып, тұлғаға болған педагогикалық әсерлерді арт-тырып бару – осы тәрбиелік ықпалдар бірлігі принципіннің талабы.

Бұл принципті негізге алудан тәрбиеші барлық ықпал етуші талаптар жұмыстарын қамтып, басқаруға мүмкіндік алады.

1. Тәрбиеленуші тұлғасы жанұя, жолдас-жоралары, ересектер, қоғамдық ұйымдар, оқушылар ұжымдары әсерлерінен қалыптасады. Осы ықпалдар ішінде сынып ұжымы мен тәрбиеші беделі ерекше рөлге ие. Тәрбиеші мен тәрбиеленушілер тарапынан қойылған талаптар бірлікте болып, бір-біріне қайшы келмеуі аса маңызды.

2. Тұлға қалыптастыруда отбасы өте ауқымды қызмет атқарады. Ата-ананың өз баласындағы жекелік қасиеттерді білуі, отбасы ықпалдарының көптүрлілігі мен қайталанбауы басқа педагогикалық әсерлерден ерекше келеді. Шынына келсек, адамның отбасындағы тәрбиесі түбегейлі болады. Осыдан отбасымен байланыс құру және оны дамыту барлық тәрбие міндеттерін шешуде басты рөл атқарады.

Отбасы мен мектеп арасын байланыстыруда өзін ақтаған құрал – **оқушының күнделігі**. Сондықтан күнделік рөлін арттырып, оны оқушы өмірінің айнасы – негізгі құжат деп тану қажет.

3. Тәрбиешінің өзі жоғары инабаттылық тәрбие өнегесін көрсете білуі шарт. Педагогтар мен ата-аналар балаларға қандай қажет сана бергісі келсе, соларды алдымен өз бойында қалыптастыруы тиіс.

4. Тәрбиеде тәрбиеші мен ата-ана арасындағы келіспеу-шіліктер де аз емес. Кейде ата-ана педагог талаптарын жоққа шығарып, балаларын шектен тыс еркелетеді. Мұндай келіспеушілікті жою үшін екі тараптың да тәрбие талпыныс-тары өзара үйлесімге келгені жөн.

5. Кейде тәрбиешінің ұжым, қоғамдық орындардың пікірлерімен келіспей, басқа тәрбиешілердің әрекеттерін сынайтын кездері де кездеседі. Осының бәрі тәрбиеленуші тұлғаның көзқарасы мен нанымын қалыптастыруда өзінің кері әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан, тәрбиешілер бір-біріне саналы талаптар қойып, ұжымның абырой беделін сақтауға талпынуы педагогикалық процесс тиімділігінің кепілі.

6. Ықпалдар бірлігі принципіннің практика жүзінде іске асырылуы сабақта және одан тыс кезде де тәрбиенің біртұтас жүйесіне байланысты. Тәрбие процесінің жүйелілігі тұлғалық белгілерді қалыптастырудағы бірізділікті сақтаумен қамтамасыз етіледі. Тәрбие жұмыстарында алдыңғы қалыптасқан сапалар мен қылық нормаларына сүйену қажет. Педагогикалық ықпал нормалары мен құралдары біртіндеп күрделеніп баруы тиіс. Тәрбиешілер ата-ананы хабардар ете отырып, осы талаптың отбасында сақталып, орындалуын қадағалауы қажет.

7. Тәрбие ықпалдарының бірлігіне жету тәсілі – бұл тәрбие процесіне қатысты ересектердің, әлеуметтік мекемелер талпыныстарын реттеп бару қызметі. Міне, сондықтан да тәрбиешілер, сынып жетекшілері тәрбиеге қатынасы бар барлық адамдармен қарым-қатынас жасауға күш-жігерін аямауы қажет.

Бақылау сұрақтары

1. Тәрбие принциптерінің негізгі ерекшеліктері қандай?
2. Тәрбиенің қоғамдық бағытта болуы және оның өмірмен байланысын дәлелдеңіз?
3. Тәрбие гуманизациясы дегеніміз не?
4. Тәрбиенің тұлға дамуындағы маңызы қандай?

Тұлғаны ұжымда тәрбиелеу

1. Тәрбие формалары

Тәрбие формасы - бұл тәрбие процесінің **сыртқы көрінісі**. Мазмұн және форманың философиялық категориялары тәрбие құбылыстарындағы ішкі және сыртқы ұғымдардың бірлігін танытады, яғни біріншісі, не бар екенін көрсетсе, ал екіншісі, қандай түрде екендігін білдіреді. Мазмұн мен форма бір-бірімен тығыз байланысты, яғни мазмұн өзгерісі форма өзгерісіне әкеліп соғады және керісінше. Мазмұн қалыптасады немесе формаланады, форма мазмұнмен толығады. Жетекші рөл мазмұнға қарасты.

Тәрбие процесінің мазмұны жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаның рухани, адамгершілік, эстетикалық, еңбектік, әлеуметтік қасиеттерден құралады.

Тәжірибе жүзінде бұл мазмұн өзіне барынша сәйкес келген ұжымға өтеді. Егер бұл сәйкестік бұзылса, онда тәрбие қиын және шешілмес дағдарыстарға тап болады.

Педагогика тарихы тәрбие процесін ұйымдастыру-дың әртүрлі формаларын басынан кешірді. Олардың әрқайсысы өзгермелі жағдайлардағы белгілі-бір мазмұнды ашу үшін жасалынады. Біріншіден, балалар саны өзгерді: ежелгі оқу орнындағы бір немесе оншақты баладан бүгінгі барлық балалардың міндетті мектеп тәрбиесіне өтуі. Сондықтан, тәрбие формасын талдаудың алғашқы бағамы сандық өлшеммен беріледі. Тәрбие процесінде қамтылған адам санына қарай тәрбие формалары **жеке, шағын топтық, топтық** (ұжымдық) және **бұқаралық** болып бөлінеді. Топтағы (ұжымдағы) тәрбиеленушілер саны 5-7-ден 25-40 дейін болса, бұқаралық формада оның шегі болмайды. Тәрбие процесінің пәрменділігі оны ұйымдастырудың формасына байланысты. Тәрбиеленушілер саны тәрбие жұмысының мазмұнына және оны басқаруға әсерін тигізеді. Тәрбиеленушілер саны көбейген сайын тәрбие сапасы нашарлайды. Тәрбиелеуде жеке және шағын топтық формалар дұрыс. Бұл тәрбие жұмысын ұйымдастыру формаларын өте жылдам және мақсатты бағдарлауға, жағдайдың өзгеруіне қарай педагогикалық амалдарды өзгертуге ыңғайлы. Бірақ жеке және шағын тәрбиенің жоғары экономикалық шығындарды керек етуі – оның кең тарауындағы елеулі кедергі. Қазіргі жүйелердің көпшілігі тәрбиенің топтық (ұжымдық) формасын пайдалануға көшті. Ол өзінің жеткілікті тиімділігімен, санымен бірге өкініштісі, педагогикалық қызметтің салыстырмалы түрде төмен бағалануымен ерекшеленеді. Соңғысы – біздің елімізде тәрбие формасын таңдаудағы шешуші себеп болып отыр.

2. Мектеп тәрбиесіндегі жетекші идея

Мектеп тәрбиесін ұйымдастырудың топтық формасы **ұжымдық** деп аталады. "Тек ұжымда ғана тұлға өзінің жан-жақты даму мүмкіншілігіне ие, сонымен бірге тек ұжымда ғана жекелей еркіндік болуы мүмкін". Ұжымдық рухта тәрбиелеу педагогикалық тәрбие мақсатындағы негізгі принцип. Бұл мақсатқа жетудің жолдары мен формалары ұжымға байланысты.

Шетелдік жүйе тәрбиесінен өткен кеңестік жүйе өзгешелігі - тұлға дамытудағы **ұжымның атқаратын қызметі жетекші** болып белгіленуінде. Кеңес мектебі әлемде бірінші болып, жеке тұлғаға бағдарланған тәрбиеден бас тартып, тәрбие іс-әрекетінің негізіне ұжымды қалады. Сөйтіп, тәрбие тәжірибесі мен теориясының дамуына деген көз-қараста үлкен қадам жасады. Ұжым тәрбиелік талпыныс-тар орталығына айналды, оны қалыптастыру мектептің негізгі міндеті ретінде қабылданды. Жаңа қойылған мақсаттар кіші және үлкен мәселелерді теориялық үйлестіру мен талдауды қажет етті. Оларды шешуге А. С. Макаренко, Н. К. Крупская, В. А. Сухомлинский және т.б. атақты педагогтар күш жұмсады.

Бірақ, кең көлемде көзделген тәрбие жұмыстары жақсы нәтиже бере қоймады, жақсы ойлар іске аспады. Көптеген жылдар бойы үстемдік еткен ұжымдық тәрбие біздің мектептерде адамды жаңаша тәрбиелеуге өзінің елеулі үлесін қоса алмады. Бұл нені көрсетті – идеяның нашарлығын ба, әлде оның өмір қажеттігіне сай келмегенін бе? өткенді ойлай келе, бүгінде адамның жеке табиғатын жасау идеясы нақты да қарапайым болып шықты. Бұдан мынадай қорытынды шығады: жекелей дамуды кемсіте не ұжымдауды әсірелеп, тәрбие ісін біржақты қателікке апаруға болмайды. Ұжымдық және тұлғалық үйлесім көп жағдайда тәрбие туралы дұрыс көзқарастар негізіне алынуы шарт.

3. Оқушылар ұжымы

Латынның "коллективус" деген сөзі "жиын", "ұжым", "топ" дегенді білдіреді. Осыдан

коллектив, яғни ұжым - бұл адамдар тобы. Бірақ кез-келген топ ұжым ба? Қазіргі әдебиетте "ұжым" түсінігінің екі мәні қолданылады. Бірінші: кез-келген адамдар тобы ұжым болып табылады; екінші: жоғары ұйымдасқан топ қана ұжым болып есептеледі. "Ұжым" педагогикалық әдебиеттерде тәрбиеленушілер (оқушылар) бірлестігі деп түсіндіріледі. Ал мұндай ұжымның **өзіндік маңызды** белгілері бар:

1. *Жалпы әлеуметтік мәнді мақсат.* Кез-келген топта, трамвайға мінген жолаушыларда да, ұрлық істеген қылмыскерлерде де мақсат болады. Мәселенің бәрі мақсат мазмұнымен, оның бағытында. Ұжымның мақсаты қоғамдық мақсаттармен сәйкес келеді, яғни өкімет заң-дарына, конституцияға, басшы идеологияға сай келмей, қоғам мен мемлекеттік қолдау көрмейді.

2. *Жалпы бірлікті іс-әрекет.* Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін жалпы біріккен іс-әрекет ұйымдастыру қажет. Адамдар белгілі бір мақсат жолында ұжымдарға бірігеді. Бұл үшін ұжымның әрбір мүшесі біріккен іс-әрекетке белсенді қатысуы керек және жалпы іс-әрекет ұйымдастыруы шарт. Ұжым мүшелерін ерекшелейтін белгі – олардың іс-әрекет қорытындысы үшін болған жоғары өзіндік жауапкершілігінің болуы.

3. *Кері жауапты тәуелділік қатынастары - ұжым мүшелері арасында өзіндік ерекше қарым-қатынас.* Бұл олардың іс-әрекеттері мен мақсаттарының бірлігінде ғана емес, ортақ толғаныстары мен бағалы өзара талқылау-ларында да көрінеді.

4. *Жалпы таңдалған басқарушы орган.* Ұжымда демократиялық қатынас пайда болады. Басқару органы ұжымның беделді мүшелерін ашық және тікелей таңдайды.

Ұжым аталған қасиеттерінен басқа да маңызды ерекшеліктерімен бөлектенеді. Бұл ұжымның ішкі хал-ахуалын, ұжым мүшелерінің бір-біріне деген қарым-қатынасын білдіретін сипаттама. Жақсы ұйымдасқан ұжымда бір-біріне көмек, бір-біріне жауапкершілік, дұрысын айту, өзін-өзі сынау, бәсекелестік сияқты сана қалыптасады.

Формалды қатынастағы адамдар тобында мұндай қасиеттер болмайды, ал ұжым бұл қасиеттерсіз өзінің артықшылығынан айрылады.

Жоғарыда аталған белгілері бар ұжымда еңбекке, адамдарға, жеке және қоғамдық міндеттерге гуманистік қатынастар жүйесі қалыптасады.

Берік, бірауызды ұжымда мұндай қатынас жүйесі тұлға мен барлық ұжым мүшелерінің қызығушылық үйлесімімен, тұлғаның көпшілік беделін мойындаумен ерекшеленеді. Бұл жүйе объективті және субъективті қарама-қайшылықтарды жеңе алатын, өз міндеттерін білетін ұжымның әрбір мүшесінде айқын сенімді көзқарастар бағытын қалыптастырады.

Мектеп ұжымы құрылымының негізгі де тұрақты бөлігі - басты іс-әрекеті оқу болатын оқушылардың сыныптық ұжымы. Осы сыныптық ұжымда оқушылар арасындағы тұлға аралық байланыс пен қатынас пайда болады. Осыдан, ол мектеп ұжымдарының басқа да түрлеріне негіз қалайды.

Мектеп сынып ұжымындағы ерекшеліктерге орай мынадай қорытындыға келуге болады: **оқушылар ұжымы - бұл жалпы әлеуметтік маңызды мақсаттарымен, іс-әрекеттерімен, іс-әрекетті ұйымдастырумен, жалпы міндеттерімен, теңдік жағдайында ортақ мүдде бірлігімен ұжымдасқан оқушылар тобы.**

4. А. С. Макаренконың ұжым туралы тағылымы

А. С. Макаренко тағылымы ұжымды сатылы қалып-тастырудың егжей-тегжейлі технологиясынан тұрады. Ол ұжымның өмір сүру заңын былай түсіндіреді: **қозғалыс - ұжымның өмір сүру формасы; тоқтау – оның жойылу формасы.** Әйгілі педагог ұжымның даму принциптерін анықтады (ашықтық, жауапкерлі тәуелділік, перспектива-лық, бірлікті әрекет).

Ұжым болу үшін, топ сапалы тіктелу жолынан өтуі қажет. Осы жолда А. С. Макаренко бірнеше сатыларды белгілейді.

Бірінші саты - **ұжымның құрылуы** (алғашқы бірігу сатысы). Бұл кезеңде ұжым педагог тәрбие жұмысының мақсаты ретінде көрінеді, мұның өзі ұйымдасқан, белгі-ленген топты (сынып, үйірме т.б.) ұжымға айналдыруға талпыну, яғни оқушылардың ұжымға қатынасы бірлескен іс-әрекет мазмұнымен, мақсат-міндеттерімен, құндылықтарымен анықталады. Ұжымның ұйымдастырушысы-педагог, барлық талаптар осы педагогтан басталады. Ұжым белсенділері анықталып, тәрбиеленушілер жалпы мақсатқа, іс-әрекетке және ұжымдық бірлікке келгенде бірінші кезең аяқталады.

Екінші сатыда **белсенділердің ықпалы** арта түседі. Енді белсенділер тек педагогтардың талаптарын қолдап қана қоймай, ұжым мүшелеріне ұжымға не пайдалы, не зиянды екенін

байқатып, өз түсініктері бойынша басқара бастайды. Егер белсенділер ұжым қажеттілігін дұрыс түсінсе, онда олар педагогтың сенімді көмекшілеріне айналады. Бұл кезеңде белсенділер жұмысына педагог көп көңіл бөлуі керек.

Екінші кезең ұжым құрылымының тұрақтауымен сипатталады. Бұл сатыда ұжым бүтінделген жүйе ретінде көрінеді, онда **өзін-өзі ұйымдастыру** және **өзін-өзі реттеу** механизмдері іске қосыла бастайды. Ұжым өз мүшелерінен белгілі-бір қылықтар нормаларын талап ете бастайды, ал талаптар біртіндеп кеңейе береді.

Бұл сатыдағы педагогтың басты мақсаты-осы ұжымның алға қойған міндеттерін шешу мүмкіндіктерін мейлінше көп пайдалану.

Тәжірибе жүзінде әр ұжым – дара оқушының жеке дамуын мақсатты бағыттауын тәрбие субъектісі ретінде танылуы тиіс.

Ұжымның бұл сатыда дамуы кейбір қарама-қайшы-лықтарды жеңумен байланысты, атап айтқанда:

- ұжым мен жеке оқушылар арасындағы;
- жалпы және жеке перспективалар арасындағы;
- әр қилы ерекшеліктері бар оқушылар топтары арасындағы т.б.

Сондықтан ұжым дамуында секірістер, тоқырау-лар, өзгерістер мен ауысулар болмауы мүмкін емес.

Үшінші және одан кейінгі сатылар ұжымның кемел-денуі. Алдыңғы даму сатыларында қол жеткізген қасиеттер киелі тұлғалық ерекшеліктерді топтастырады: жолдас-тарына қарағанда өзіне жоғары талап қоюы, көзқарастарының, әдеттерінің, әрекет-қылықтарының тұрақтануы. Егер ұжым осы сатыға жетсе, онда толыққанды, адамгер-шілікті тұлға қалыптастыру үстінде деген сөз. Жалпы тәжірибе, болған оқиғаны бірдей бағалай білуі - үшінші сатыдағы ұжымның ең негізгі белгісі.

Барлық даму сатыларында ұжым үлкен және кіші дәстүрлерді қалыптастырады. **Дәстүрлер – тәрбиеленуші-лерді эмоционалды қабылдайтын әдет-ғұрып, ниет арқылы жасалатын ұжым өмірінің тұрақты формалары.** Дәстүр жүріп-тұру нормаларының бекуіне көмектесіп, ұжымдық мәселелерді бірлікті шешу қабілеттерін дамытады, өмірді қызықты етеді.

Ұжымда мақсатты таңдай білу маңызды рөл атқарады. Тәрбиеленушілер мұрат еткен мақсат перс-пектива деп аталады. Адам өмірінің негізгі стимулы (ынтасы) – ертеңгі қуаныш. Тәрбиеленушіге түсінікті перспективалы мақсат - қиыншылықтар мен кедергілерді жеңуге көмектесетін үлкен күш.

Тәрбие жұмысы тәжірибесінде перспективаның үш түрі кездеседі, олар: жақын, орташа және алыс перспективалар.

Жақын перспектива – ертеңгі серуен, яғни ұжым мүшелерінің жеке қызығушылығынан туындайды.

Орташа перспектива – уақыт бойынша алыстау ұжымдық оқиғаның жобасы.

Алыс перспектива - ұзақ уақытқа көзделген үлкен мағыналы, маңызды талаптарға қол жеткізуге арналған мақсат.

Мұндай перспективада тұлға мен ортаның қажеттері міндетті түрде үйлеседі. Перспективалық жолдар жүйесі ұжымға етене енуі керек. Оны уақыттың кез-келген сәтін ұжымның айқын да қызықты мақсаты болатындай, сонымен өмір сүретіндей әрі сол мақсатты орындауға талпынатындай етіп құру қажет. Перспективаны таңда-ғанда жұмыстың нәтижелі бітуін ескеру әбден қажет.

Кейде педагогтың оқушыға әсері кейбір себептерге байланысты кем нәтижелі болып қалады. Оған жанындағы оқушылар арқылы әсер ету өте жақсы жеміс береді. Бұдан **қатар әрекет** (параллельное действие) принципі іске қосылады. Оның негізінде оқушыға тікелей емес, ұжым арқылы әсер ету талабы жатыр.

А. С. Макаренко ұжымаралық қатынасқа көп көңіл бөлді. Қалыптасқан ұжымның ерекше белгілері ретінде ол мыналарды ескерді: 1) үнемі сергектік, іс-әрекетке дайындық; 2) өзіндік қадірін сезіну; 3) мүшелерінің достық бірлігі; 4) әр мүшенің өз қауіпсіздігін сезінуі; 5) іс-қимыл, әрекет белсенділігі; 6) дер кезінде ұстамдылыққа әдеттенуі, көңіл шарпулары мен тілдесудегі өзіне шек қоя білуі.

5. Ұжым және тұлға

Ұжым мен тұлға арасындағы байланыс – тәрбиені демократияландыру жағдайындағы, адам құқығы мен бостандығын сақтаудағы маңызды мәселенің бірі. Көптеген онжылдықтар бойы ұжымға әсер ету арқылы оқушы тұлғасын қалыптастыру отандық педагогикалық әдебиет-терде қарастырылмады. Тұлға міндетті түрде ұжымға бағыну керек деп есептелінді. Қазіргі кезде адам жөніндегі философиялық концепцияларға және әлемдік педагогика-лық ой тәжірибесіне сүйене

отырып заманға сай, жаңа шешімдер іздестіруге тура келді.

Оқушыны ұжымдық қатынас процесіне енгізу қиын әрі күрделі шаруа.

Ең алдымен баланың жекелей мәнді екенін ескеру керек. Оқушыларды - болашақ ұжым мүшелерін бір-бірінен денсаулықтарына, сыртқы көріністеріне, мінез бітістеріне, қатысу деңгейіне, біліміне, біліктілігіне т.б. қасиеттеріне қарап ажыратамыз. Сондықтан, олар ұжымдық қатынас жүйесіне әртүрлі болып енеді, жас жағынан әртүрлі реакциялар туындатады, кейде ұжымға кері әсерін тигізуі де мүмкін. Ұжымдық қатынас жүйесін-дегі тұлғаның жеке әлеуметтік тәжірибесіде маңызды келеді. Ол арқылы оқушының сана-сезім ерекшеліктері, құнды бағдарлау жүйесі, жүріс-тұрысы белгіленеді. Ал бұлар осы ұжымның дәстүр-тәртіптеріне, құндылықтарына сай келуі не сай келмеуі де мүмкін. Оқушы тәжірибиесі басқадай болған жағдайда тәжірибе ауқымы мен сапасына сәйкес өз құрдастарымен қарым-қатынас орнатуы қиынға түседі. Әсіресе, жеке әлеуметтік тәжірибе сол ұжымның құнды тәжірибесіне қарама-қайшы келсе, онда қарым-қатынас қиындыққа соқтырады.

Тұлға мен ұжым арасындағы қатынас тек тұлға сапасына ғана емес, ұжымға да байланысты. өз күшін, салт-дәстүрін құрған, басқарушы белсенділері бар, даму-дың жоғары деңгейіне қол жеткізген ұжыммен қатынас жақсы орнығады. Бұндай ұжым басқаларына қарағанда өзіне жаңадан кірген тұлғамен қатынасқа оңай түседі.

Әрбір адам аз немесе көп күш жұмсау арқылы ұжымдағы өз орнын табуға талпынады. Бірақ кейбір объективті немесе субъективті себептердің әсерінен тұлғаның барлығы бірдей табысқа қол жеткізе бермейді. Табиғи мүмкіндіктері бойынша жеке адам ұжымдағы кейбір құндылықтардың өзіне сәйкес келмеуінен өз жасқаншақтығын жеңе алмай, табыстарға қолын жеткізе бермейді. Әсіресе, ұжымның, достарының өзіне деген қатынасын бағалай алмайтын, өзін-өзі тануы мен бағалауы сияқты қасиеттері толық дамымаған бастауыш сынып оқушыларына мұның қиын соғуы мүмкін. Бұл педагогикалық жағдайдың объективті себептері бар: іс-әрекеттердің бірсарындылығы, ұжымдағы оқушының атқаратын рөлінің тарлығы, ұжым мүшелері арасындағы қатынастың ұйымдастыру формаларының біртараптылығы мен мазмұнының жұтаңдығы, бірін-бірі қабылдау мәдениетінің кемшілігі, жолдасының ескеруге тұрарлық бағалы да қызықты қасиеттерін елей алмауы және т.б.

Ғылыми зерттеулер нәтижесінде тұлға мен ұжым арасындағы қатынас дамуының кең тараған үш түрі анық-талған: 1) Тұлға ұжымға бағынады (конформизм); 2) Тұлға мен ұжым бір-бірімен үйлесімді қатынаста (гармония) болады. 3) Тұлға ұжымды өзіне бағындырады (лидерлік).

Бірінші түрі бойынша тұлға ұжым талаптарына өз еркімен бағынады, ал кейде ұжымға сырттай бағынып, әрі қарай өзінің жекелігін және тәуелсіздігін сақтауы мүмкін. Егер тұлға ұжымға кіргісі келсе, онда ұжымның құндылықтарын, нормаларын және дәстүрлерін қабылдайды.

Екінші түрі бойынша жағдай әртүрлі жолмен дамуы мүмкін: 1) Тұлға өз тәуелсіздігін барынша сақтап ұжым талаптарына сырттай бағынады; 2) Тұлғаның кейбір өзіндік іс-қимылы ұжым талаптарына сай келмейді. Мектеп ұжымдарында көп кездесетін мотив немесе себеп-салдарынан тұлға кейбір қиын іс-қимылдарға бой ұрады. Мұндай жағдайда оқушы ұжым нормалары мен құндылықтарын сырттай қабылдайды, талқылау кезінде ұжымның одан күтетінін айтады, әртүрлі жағдайларда ұжымдағы қалыптасқан қасиеттерді ұстанады, бірақ мектеп ұжымынан тыс жерде бұрынғы қалыптасқан тәжірибесі бойынша өзін басқадай ұстайды, өзгеше ойлайды, басқаша бағалайды. Бұл жағдай кейде уақытша болса, кейде тұрақты болып отырады. Соңғысы тұлғаның бұрынғы әлеуметтік тәжірибесі ұжым тарапынан қолдау көрмей, өз ұжымының тәжірибесімен ұштаспайтын жайларда жиі кездеседі. Біздің мектептерімізде ұжымға ашық түрде қарсы шығу көп кездеспейді. Алайда, балалар кейде қарсылық білдіреді, оның өзі де негізсіз себептерден туын-дайды: көбіне өзін-өзі қорғап қалу сезімінің үстемдігінен болады.

Тұлға мен ұжым арасындағы қатынастың қазіргі мектепке сай типі – **бұл бірлікті өмір сүру талпынысы**. Тұлға мен ұжым ұдайы қарым-қатынаста болуы тиіс.

Үшінші модельде тұлға **ұжымды бағындырады**, бірақ бұл сирек кездесетін құбылыс. Нағыз лидер еңбектері, іс-әрекеттері ескерілумен, бұл модельде тиісті бағасын алады. Жарқын тұлға, оның өзіндік жеке тәжірибесі ұжым мүшелеріне тартымды болуы міндетті.

Психологтар мен педагогтар жекелік қасиеттердің жасырын түрде дамиды мектеп ұжымы мүшелерінің арасында кең тараған бағыт-бағдарын бөліп қарастырады. Берілген жұмыстарды, әсіресе жауапты тапсырмаларды бар ынтасымен орындайтын оқушылар аз емес. Баршаның көзіне түсу, басқаның үстінен өз билігін жүргізу – олардың талпынысына күш-қуат береді. Олар ұжымның қиын жағдайына қайғырмайды, жұмысына көп мән бермейді, басты мақсаты - өз беделін ғана таныту.

6. Ұжымға педагогикалық жетекшілік

Ұжым үнемі өзгеріп отырады, себебі оны құрайтын адамдар ауысады. Бірақ ұжымның даму процесі кездейсоқ емес, оған педагогтар жетекшілік етеді. Ұжымға жетекшілік етудің нәтижелігі, оның даму заңдылығын қандай мөлшерде зерттегеніне, тәрбие жағдайының қаншалықты дұрыс анықталғанына, педагогтың әсер ету тәсілдеріне байланысты.

Мұндай әсердің маңызды шарты - үздіксіз болып келетін, ұжымға әсер ететін тәрбиелік шаралардың бір жүйеге бірігуі. Ал мұндай интеграцияға келесі жолдар арқылы қол жеткізуге болады:

- 1) Ұжымға болар педагогикалық әсерлерді бірлікті (комплексті) пайдалану;
- 2) Күнделікті өмірде ұжым мүшелерінің бір-біріне үнемі және жан-жақты көмегі;
- 3) Ұжым өміріне және оның жеке мүшелеріне жағымды әсер ететін жағдайлар тудыру;
- 4) Оқушылардың өзін-өзі басқару ісін кеңейту;
- 5) Ұжыммен жұмыс істейтін барлық ұйымдардың талпыныстарын біріктіру.

Мектеп ұжымын басқарудың педагогикалық тәжірибе-бесінде келесі маңызды ережелерді сақтау керек:

1. Педагогикалық жетекшілікті оқушының өз қызығушылығына, ынтасына, тәуелсіздігіне орайластыру, дербес қарапайым талпынысымен саналы байланыстыру;
2. Ұжым – динамикалық жүйе болғандықтан, ол үнемі өзгеріп, дамып отырады және кемелденеді. Сол үшін педагогикалық жетекшілер қарым-қатынас және әсер ету жобаларын жиі өзгертіп отыруы міндетті.
3. Сынып жетекшісі ұжым тәрбиесінде мұғалімдер тобына, сынып ұйымына сүйеніп, отбасыларымен үнемі байланыста бола отырып, жоғары жетістіктерді көздеуі لازم.
4. Формализм – тәрбиенің қас жауы;
5. Жетекшіліктің жақсы көрсеткіші – сынып өміріндегі маңызды мәселелерге ортақ ұжымдық пікірдің болуы;
6. Ұжым мүшелерінің өз міндеттерін орындауын дұрыс қадағалау негізінде тәрбиені дамыту;
7. Тәрбиені ұжымдағы қарым-қатынас құрылымының көп деңгейлігін ескере жүргізу:
 - 1) Жеке қарым-қатынас жасау;
 - 2) Бірлескен іс-әрекет қатынастарын дамыту;
 - 3) Әлеуметтік мәні бар ұжым іс-әрекетіне байланысты қатынас жасау;
8. Ұжым мүшелерінің атқарып жүрген рөлдері мен олардың шын мәніндегі мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану;
9. Ұжымдағы қатынастың өтіп жатқан жағдайына белсене араласу;
10. Уақытша ұжымдар құру, нашар оқушыларды жоғары мүмкіндіктерге жеткізе алатын ұжымға ауыстыру;
11. Ұжымдағы оқушыларды жаңаша қатынасқа кірістіретін ұжымдық іс-әрекет түрлерімен олардың қалпын өзгертуді әр кез естен шығармау.

Бақылау сұрақтары

1. Тәрбие формалары дегеніміз не?
2. Оқушылар ұжымының жұмыс ерекшелігі, сипаты қандай?
3. А. С. Макаренконың ұжым туралы ой-пікірлерінің мәні неде?
4. Ұжым және тұлға тұтастығын қалай ұйымдастыру мүмкін?.

1.7 Жалпы тәрбие әдістері

1. Тәрбие әдістері мен тәсілдері жөнінде түсінік

Тәрбие әдісі (гректің "методос" – жол деген сөз) – бұл мектеп тәжірибесінде тәрбиеге қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылатын жол, **тәсілдер** – тәрбиелеу саласына, еркіне, сезіміне, іс-әрекетіне әсер ету шаралары.

Тәрбиелеу мақсаттарына әртүрлі жолдармен жетуге болады. Тәрбиеші тәрбиеленушімен, олардың күш-қуатына, мүмкіндіктеріне, ынталарына сүйене отырып, істеген жұмысында қанша жол тапса, сонша тәрбие мақсатына жету тәсілі ашылады. Әрине, кейбір жолдар басқасына қарағанда мақсатқа тезірек жеткізеді. Тәрбиешінің алдында тәрбиеге сай келетін, көзделген жетістікке тез апаратын және аз күш жұмсайтын жаңа, қолданылмаған жол табу міндеті тұрады. Құрастыру, таңдау және тәрбие әдістерін дұрыс пайдалану – кәсіптік педагогиканың асқар шыңы болып есептеледі.

Алайда, тәрбиенің жаңа әдісін жасауға көрінген тәрбиешінің күші келе бермейтіні белгілі. Әдістерді жоғары деңгейге көтеру үнемі алға тартылатын міндет. Тәрбие процесінің жағдайына тура келетіндей, тәрбиеші өз күші мен мүмкіндігіне қарай жалпы әдістер мен толықтырулар енгізе отырып, өз міндеттерін шеше алады.

Тәрбие тәсілі - жалпы әдістің бөлігі, жеке дара әрекет (әсер ету), нақты іс. Тәсілдер – бұл тәрбиешінің қойылған мақсатқа тез жету үшін тәрбиеленушімен бірге салатын соқпақ жолы деуге болады. Егер оны басқа тәрбиешілер де пайдалана бастаса, біртіндеп ол соқпақ үлкен жолға - әдіске айналады. Тәрбие әдістері мен тәсілдерін тану, оларды дұрыс қолдану - бұл педагогикалық шеберлік деңгейінің маңызды сипаттамасын білдіреді. Демек, тәрбие әдістері мен тәсілдері тығыз байланысты.

Тәрбие құрал-жабдығы кең түсінікті қамтиды. Тәсіл- деп жеке әсер етуді түсінсек, құрал түсінігі сол тәсілдердің бірлігін білдіреді. Құрал-жабдық - бұл қолданымдағы тәсіл емес, бірақ әлі әдістікке жете қоймаған шара. Мысалы, еңбек - тәрбие құралы, бірақ еңбекті бағалау, көрсету, қателігін анықтау - бұл ондағы тәсілдер. Сөз (кең түсініктегі) - тәрбие құралы, бірақ ескертулер, сын айту, теңеу - бұлар тәсілдерге жатады. Осыған байланысты кейде тәрбие әдісі қойылған мақсатқа жету тәсілдері мен құралдары жүйесі ретінде анықталады, өйткені әдіс құрылымында тәсілдер мен құралдар міндетті түрде бірге қарастырылады.

2. Тәрбие әдістерін таңдау

Әдістердің жақсы, жаманы болмайды, тәрбиелеу жолын алдын-ала оның қандай жағдайда қолданылғанын ескермей тұрып, жемісті-жеміссіз деп жариялауға болмайды.

Әдістерді таңдау көптеген жағдайларға байланысты. Бірақ факторлардың саналуандығына қарамастан әдістерді таңдау детерминатты, яғни себепті байланыста болып келеді. Тәрбиеші қолданған әдістерінің себептерін қанша-лықты терең түсінсе, әдістің өзіндік сипатын біліп, қолдануды білсе, соншалықты әдістің өнімдісін, тәрбиелеу жолының дұрысын таңдағаны.

Тәжірибеде үнемі тұратын міндет - әдістің біреуін ғана қолданбай, тиімдісін, нәтижелі болатынын таңдау. Тиімді деп - қойылған мақсатқа көп күш-қуат жұмсамай жететін неғұрлым пайдалы жолды айтамыз.

Кейбір жағдайларды жете ескерген, өзіне тиімді педагогикалық іс-әрекетті пайдаланған тәрбиеші тәрбие жұмысында әрқашан жоғары жетістікке жетеді. Тәрбие әдісін таңдау - жоғары өнер. Ал бұл өнер ғылымға сүйенеді.

Тәрбие әдістерін таңдауды анықтайтын жалпы принциптерді қарастырайық. Бірінші кезекте төмендегілер ескерілуі қажет:

1. **Тәрбие мақсаттары мен міндеттері.** Мақсат әдісті тек жақтап қана қоймай, оны белгілейді. Қандай мақсат болса, оған жетудің нақты тәсілі болуы керек.

2. **Тәрбие мағынасы.** Бір міндет бірнеше мағынаға ие болатынын естен шығармау қажет. Сол үшін әдісті мазмұнмен емес, нақты мағынамен байланыстыру тиімді.

3. **Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері.** Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне қарамай, міндет әртүрлі әдістермен шешіледі. Тәрбие процесінің барлық кезеңінде белгілі бір сапалар қалыптасады, бірақ әр жеке сыныпта тәрбие әдісі өзгеріп отыруы тиіс. Бірінші сыныпқа дәл келетіні, үшінші сыныптағыларға сәйкес келмейді, ал бесінші сыныптағылар оны қабылдамауы мүмкін.

4. **Ұжымның қалыптасу деңгейі.** Ұжымның өзін-өзі басқару формасының дамуына қарай педагогикалық әсер әдістері өзгеріссіз қалмайды: басқарудың ыңғайлы (гибкость) болып келуі

тәрбиеші мен тәрбиеленушінің бірігіп қызмет етуінің табысты шарты ретінде қажет.

5. *Тәрбиеленушілердің жекелік және тұлғалық ерекшеліктері.* Жалпы әдістер, жалпы бағдарламалар тәрбиелік өзара әрекеттегі тек бастама ғана. Жекелік және тұлғалық түзетулер (корректировка) қажет. Инабатты тәрбиеші өз әдістерінде әр тұлғаның өзіне тән қабілеттерін дамытуға, оның өзіндік қасиеттерінің сақталуына, "мендік" белгілерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін әрекеттерді жасайды.

6. *Тәрбиелік жағдайлар.* Мұндай жағдайларға психологиялық-физиологиялық, санитарлы-гигиеналық, сонымен бірге сыныпта болатын қарым-қатынастар, яғни ұжымның көңіл-жайы, педагогикалық жетекшіліктің стилі және тағы басқалар жатады. Абстрактты (дерексіз) жағдайлар болмайды, жағдайлар әрдайым нақты келеді. Олардың үйлесуімен жасалатын тәрбиелік шаралар – **педагогикалық ситуация** деп аталады.

7. *Тәрбие құралдары.* Тәрбие әдістері тәрбие процесінің бөліктері ретінде көрінеді, олар педагогикалық құралдар бірлігін құрайды. Әдістерден басқа да тәрбие құралдары баршылық, олар әдістермен тығыз байланыста, бірге қолданылады (көрнекі құралдар, өнер шығармалары, бұқаралық ақпарат құралдары). Тәрбие құралдарына олармен бірге, әртүрлі іс-әрекет түрлері (ойын, оқу, еңбек), педагогикалық техника (тіл, ым, қимыл т.б.), мұғалім мен оқушының қалыпты өмірлік іс-әрекетін жасауға көмектесетін құралдар жатады. Егер аталған жабдықтар белгілі бір деңгейде пайдаланылмаса, олардың маңызы еленбейді. Алайда осы жаңа жабдықтар әсері тәрбие әдістерін таңдауға негізгі ықпал жасайды.

8. *Педагогикалық дәреже деңгейі.* Тәрбиеші өзі білетін, жеке меңгерген әдістерді таңдайды. Көптеген әдістер қиын, әрі көп күш жұмсауды талап етеді: кейбір педагогтар бұл мәселені айналып өткісі келеді. Осыдан болатын кемшілік - тәрбиенің жетімсіздігі.

9. *Тәрбие уақыты.* Уақыт аз болып, мақсат ауқымды болған жағдайда **"ықпалды әсер ету"** әдісі қолданылады. Бұл әдіс әсіресе қысқа мерзімде қайта тәрбиелеу үшін қолданылады. Мектеп уақытының, тұлғаның тұрақты қасиеттерін қалыптастыруға жеткілікті болатынын мойын-дайтын біртұтас көзқарас жоқ. Кейбір педагогтар уақыттың жеткіліксіздігін алға тартып, ықпалды әсер ету әдістеріне бағытталғанды жөн көреді. Қалай болғанда да, уақыт факторы тәрбие әдістерін таңдауда және жобалауда маңызды рөл атқарады.

10. *Күтілетін қорытындылар.* Тәрбиеші әдістерді таңдай отырып, оның табысқа жеткізетініне сенімді болуы қажет. Бұл үшін ол қолданылған әдістердің қандай қорытындыға әкелетінін алдынала болжай білуі шарт.

3. Тәрбие әдістерінің жіктелуі

Әдіс құру - тәрбиелеу міндетіне орайластырылған жауап болып есептеледі. Педагогикалық әдебиеттерде көптеген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін әртүрлі әдістерді табуға болады. Әдістер және олардың әртүрлі модельдерінің көптігі соншалық, керекті мақсатқа сай келер әдісті таңдауға сол әдістердің жіктелуі ғана көмектесе алады. **Әдістердің жіктелуі** – анықталған белгілерге қарай құрылған әдістер жүйесі. Жіктелудің өзі әдістердің қайсысының жалпы және жалқы екенін, нақты және кездейсоқ, теориялық немесе практикалық екенін білуге, сонымен бірге оларды дұрыс таңдауға, барынша ұтымды пайдалануға көмектеседі. Жіктелуге сүйене отырып, педагог тек әдістер жүйесін ғана танып қоймай, ол әртүрлі әдістер белгілерінің өзгерісін жақсы түсінеді.

Кез келген әдістің ғылыми жіктелуі олардың жалпы негіздері мен белгілерін анықтаудан басталады. Тәрбие әдістері жүйесіне орай танылатын белгілер өте көп. Кез келген жалпы белгілерден жеке-дара жіктеме жасауға болады. Қазіргі педагогикада ондаған жіктеме белгілі, бірі тәжірибелік міндеттерді шешуге қажет болса, екіншісі теориялық міндеттерді қарастырады. Көптеген әдістер жүйесінде жіктелудің логикалық негізі анық емес. Бұған тәжірибелік мәні бар жіктеулерге негіз ретінде әдістің бір емес, бірнеше маңызды және жалпы тұстарының болуы айқын дәлел.

Тәрбие тәсілдері өз ерекшеліктері бойынша былай жіктеледі: сендіру, жаттықтыру, мадақтау және жазалау, іс-әрекетті ұйымдастыру, оқушыларды мінез-құлыққа ынталандыру, түсіндірмелі-көрнекі, үйрету, үйлесімділікке келтіру, өзіндік тәрбие. Тәрбиелік әсер ету әдістерінің нәтижесі бойынша оларды екі топқа бөлуге болады:

1. Адамгершілік қасиеттерін құрайтын ықпалдар: түрткілер, қатынас, көзқарас қалыптастыратын түсініктер, жаңашыл көзқарастар, ой-пікірлер.

2. Қандай да бір көзқарас ұғымдарға сәйкес әдеттер орнықтырушы ықпалдар.

Қазіргі кезде тәрбие әдістерінің тиімді жетілуі бір мақсатқа, мазмұнға негізделген тәрбие бағытын қолдайды. Осыған орай тәрбие әдісінің үш тобын бөлуге болады:

1. Тұлғаның ақыл-ойын қалыптастыру әдістері.
2. Іс-әрекеттерді ұйымдастыру және қоғамдық, құқықтық тәжірибе қалыптастыру әдістері.
3. Іс-әрекетке және мінез-құлыққа ынталандыру әдістері.

4. Тұлғаның ақыл-ойын қалыптастыру әдістері

Көзқарас, түсінік, сенімді қалыптастыру үшін тұлғаның ақыл-ойын қалыптастыру әдістері қолданылады. Бұл әдістер сенім, қажетті құлықтың эмоционалды жақтарын қалыптастыруда да маңызды орын алады. Егер оқушылар педагогикалық әсерден тыс қалып отырса, онда қойылған мақсатқа жету процесі өте баяу жүреді. Терең сезім оқушы-лардың ойы айқын, әсерлі бейнелерге аударылғанда ғана пайда болады. Тәрбиеленушілердің тәрбие іс-әрекетіне белсенді араласу дайындығы қалыптасқан жағдайда ғана әдістер өз мақсатына жетеді.

Әрбір әдістің өзіндік сипаты және қолдау аумағы болады. Педагогтың деңгейі жоғары болған жағдайда бұл топтағы әдістер жүйелі әрі басқалармен бірлескен түрде қолданылады. Мазмұны мен қолданылуына қарай ана-ғұрлым қиын, сөздік-эмоционалды әсер етуші әдістері мынадай: әңгімелеу, түсіндіру, этикалық кеңес, диспут және көрнекі тәжірибелік әсер ету әдісі, өнеге-өрнек келтіру.

Бастауыш сыныптарда пайдаланылатын **этика тақырыбындағы әңгіме** – бұл адамгершілік мазмұны бар нақты деректер мен оқиғалардың эмоционалды, айқын көрінісі. Сезімге әсер ету әңгімелері тәрбиеленушілерді моралды жәйттерді бағалауға, олардың мәнін түсінуге көмектеседі. Этика тақырыбындағы әңгіме бірнеше қызмет орындайды: баланың білім деңгейін көтеру, басқа адамдардың тәжірибесін баланың тұлғалық, адамгершілік тәжірибесін байытуға бағыттау.

Этикалық әңгімені өткізудің жағдайлары:

1. Әңгіме оқушының әлеуметтік деңгейіне сай келуі керек.
2. Әңгіме көрсетпе-көрнекі құралдармен бірге жүрілуі қажет.
3. Қоршаған ортаның эмоциялы әсері әңгіменің мәні мен мазмұнына сай болуы керек.
4. Әңгіме кәсіптік деңгейде өткенде ғана тартымды болады.
5. Әңгіме тыңдаушыларды толғандыруы міндетті.

Түсіндіру - тәрбиеленушіге эмоционалды - сөзді әсер ету әдісі. Түсіндірудің әңгімелеуден айырмашылығы - берілген топқа немесе нысаналы әсер етуде. Бұл әдісті қолдануда педагог ұжым мүшелерінің тұлғалық сапасына, сыныптың білім ерекшеліктеріне сүйенеді. Бастауыш сынып оқушылары үшін түсіндірудің қарапайым тәсілдері мен құралдары қолданылады: "Былай істеу керек", "Барлығы осылай істейді" т.с.с. Бұл әдіс мынадай жағдай-ларда қолданылады: а) қылық формасы немесе жаңа моралдық сапаны қалыптастыру және бекіту үшін; б) болған іске тәрбиеленушінің дұрыс қатынасын орнықтыру үшін.

Мектеп тәжірибесінде түсіндіру адам психикасына еніп, іс-әрекеттің себептерін тудыратын және тұлғаға жалпы әсер ететінін сендіруге сүйенеді. **Сендіру** тәрбие-ленушіге белгілі бір шешім қабылдату жағдайында пайдаланылады. Сендіру басқа тәрбие әдістерінің әсерін күшейту үшін қолданылады.

Этикалы сұхбат тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің пікір алысуға екі жақты кірісуін керек ететін жүйелі және бірізді әдіс түрі. Сұхбаттың (беседа) әңгімеден айырмашылығы – сөйлеушіні тыңдап, оның ойын ескере отырып, онымен қарым-қатынас жасау жолдарын құру. Мұндай әңгіме моралды, этикалы, тәрбиелі мәні бар тақырыптардан тұрады. Этикалы сұхбат мақсаты – адамгершілік түсінік-терін тереңдету және бекіту, білімді жалпылау және нақтылап орнықтыру, адамгершілік көзқарастары мен нанымдар жүйесін қалыптастыру.

Этикалы сұхбатқа нақты деректер, оқиғалар, сыныптағылардың қылықтары себепші болады. Мұндай сұхбаттасу оқиға "ізіңше" немесе кейінірек, балалар өз қылықтарының жақсы не жаман екенін ойластырып түсінген соң өткізіледі.

Этикалы сұхбаттасудың нәтижелілігі бірнеше маңызды шарттарға байланысты:

1. Сұхбаттасудың проблемалы болғаны маңызды. Тәрбиеші шәкірттерін үйреншікті емес сұрақтар қоюға ынталан-дырады, сол сұраққа жауапты оқушылардың өздерінің табуына көмектеседі.
2. Этикалы сұхбаттар алдын-ала дайындалған, жауаптарын айтып қойған даяр сценарий бойынша өтпеуі тиіс. Оқушы-ларға өз ойларын баяндауға мүмкіндік беру қажет, оларды басқалар ойларын сыйлауға, оған дұрыс көзқарас нышаны-мен қарауға үйрету керек.
3. Сұхбатты дәрісбаянға айналдыруға болмайды.
4. Сұхбаттасу құралдары тәрбиеленушінің эмоционалды тәжірибесіне жақын болғаны абзал.
5. Сұхбаттасу кезінде барлық көзқарастар мен пікірлерді анықтап, оларды салыстыра білудің маңызы зор.

6. Өңгімеге дұрыс жетекшілік – тәрбиеленушінің оңды шешімге өзбетімен келуіне арқау.

Тәрбиеленушілермен өткізілетін жеке этикалы сұхбат тәрбиешінің жоғары кәсіптік деңгейін керек етеді. Мұндай сұхбат кезінде психикалы тосқауыл туып кетпеуі лазым. Егер тәрбиеші жеке сұхбаттасуға жан-тәнімен мән берсе, онда оның үлкен табысқа жететіні сөзсіз.

Пікірталастар - тәрбиеленушілерді қызықтыратын әртүрлі тақырыптарға арналған қызу пікір сайысы. Мұндай тәрбиелік әдіс орта және жоғары сыныптарда әртүрлі қоғамдық-гуманитарлық тақырыптарда қолданылады.

Пікірталас негізі - бұл пікір сайысы, ой күресі, ол арнайы дайындықты талап етеді. Пікірталас мақсаты – белгілі бір шешім шығару емес, оның маңызы - балаларды процеске қосу әрі оны басқара жүргізу. Педагог балаларға ойды жинақтауға, логикалы дәлелдерге сүйенуге, өз ұстанған бағытын ашып көрсете білуге көмектеседі.

Пікірталас - қиын әдістердің бірі және ол педагогтан жоғары кәсіби біліктілікті, білімділікті талап етеді. Басқаларды үйрету үшін тәрбиешінің өзі алдымен, шебер ұйымдастырылған пікір сайыстар мектебінен өтуі керек.

өнеге-өрнек – өте күшті тәрбие әдісі. Бұл әдіс келесі заңдылыққа негізделеді: көру арқылы қабылданатын құбылыстар тез әрі ешбір қиындықсыз санада бекиді. Сонымен бірге кітаптағы, кинодағы бас кейіпкерлерді, тарихи тұлғаларды, атақты ғалымдарды, саяси майталман-дарды т.б. өнеге ету үлкен тәрбиелік мәнге ие.

Мысалы, бұл жағдайдың психологиялық негізі ретінде **еліктеуді** айтуға болады. Еліктеудің арқасында адамдар әлеуметтік және адамгершілік тәжірибе жинақ-тайды. Еліктеу - жеке адам іс-әрекеті. Кейде еліктеудің аяқталып, шығармашылықтың басталатын кезін анықтау қиынға соғады. Көбінесе шығармашылық өзіндік, ерекше еліктеуден болады.

өмірде жақсы да, жаман да өрнектер бар. Оқушылар-дың назарын адамдар өміріндегі теріс қимылдарға аударып, соларды талқылап, дұрыс қорытынды шығаруға бағыттау қажет. Уақытында және орынды келтірілген мысалдар тәрбиеленушінің теріс қылықтардан аулақ болуына көмектеседі.

Әрине, тәрбиешінің өз өнегесін, тәрбиеленушілерге қатынасын, іскерлік қасиеттерін, жеке басының қадірін мысал етуі тәрбиенің дұрыс жүргізілуіне әсерін тигізеді. Тәрбиеші өз тұлғасымен, қадір-қасиетімен жүйелі және бірізді әрекет жасаса, өзін мысал етудің оңды әсері ұлғая түседі.

5. Іс-әрекет ұйымдастыру әдістері

Тәрбие талапқа сай тұлға қалыптастыруы керек. Тұлғаның түсінігі, нанымдары емес, істеген ісі, қылығы оның тәрбиелілігін сипаттайды. Сол себепті **қоғамдық қылық тәжірибесін** қалыптастыру және **іс-әрекет ұйымдастыру** тәрбие процесінің түбірі деп қарастырылады.

Бұл топқа кіретін барлық әдістер тәрбиеленушілердің тәжірибелік іс-әрекетіне негізделген. Осы іс-әрекетті бас-қаруда педагогтар оны құрамдас бірліктерге, яғни **қылық-әрекеттер** мен кіші бөліктер - **операцияларға** бөліп қарас-тырғандықтан іске асыра алады. Тәрбие процесі педагогтың операцияларды орындаудан әрекеттерді басқаруға, содан кейін тәрбиеленуші іс-әрекетін басқаруға өтуімен анықталады.

Тәрбиеленушінің пайдалы істерін ұйымдастыру міндетті түрде олардың басқа адамдармен жан-жақты қарым-қатынас жасауын қажет етеді. Әртүрлі жағдайда болған ұжымдық қарым-қатынас белгілі-бір іске, шешімге, құлықтың бір жолын таңдауға әкеліп соғады, яғни тұлғаның күрделі құлықтары мен белгілері қарапайым қылықтар негізінде қалыптасады.

Тұлғаның қажетті қасиеттерін қалыптастырудың біртұтас әдісі – бұл **жаттықтыру**. Қоғамдық қылық тәжірибесін игеруде іс-әрекет шешуші рөл атқарады. Тәрбиеленушілерді нақты, мақсатты бағытталған, белсенді іс-әрекетке кірістірмей, қажетті қылық типін қалыптас-тыру мүмкін емес. Іс-әрекетке кірістіру тәсілі – жаттық-тыру болады. Жаттығу – автоматты түрде жеткізілетін талап әрекетті көп қайталап орындаудан болатын тәрбиенің тәжірибелік әдісі. Жаттығу нәтижесі – тұлғаның тұрақты қасиеттері – **дағдылар мен әдеттер**. Әдеттер сана мен ерікті жаңа жұмыстарды атқаруға босатады. Ойлау қабілетімен айналысып, жақсы әдеттердің қалыптасуын қадағалаудан тыс қалған тәрбие өзінің мықты сүйенішінен айрылады.

Жаттығу нәтижесінің ұтымды болуы мына жағдай-ларға байланысты: 1) жаттығулар жүйесі; 2) оның маз-мұнына; 3) жаттығулардың мүмкіндікке сай болуына; 4) көлеміне; 5) қайталау жиілігіне; 6) бақылау мен түзетуге; 7) тәрбиеленушінің өзіндік ерекшелігіне; 8) топтық, жеке және ұжымдық жаттығулардың үйлесімділігіне; 9) жаттығу-дың мотивтік негізіне және ынталандыру істеріне.

Талап – бұл тәрбиеленушінің білгілі бір іс-әрекетін тежеп не ынталандырып, жекелей қарым-қатынаста жоғарылайтын, баланың белгілі қасиеттерінің көрінуіне себепші әсер ететін тәрбие әдістерінің бір түрі.

Қойылу формасына қарай талаптар мынадай болып бөлінеді: 1) тікелей талап (жеке, нақты, дәл, түсінікті); 2) қосымша (кеңес, өтініш, сенім, қолдау т.б.); 3) талап-кеңес; 4) ойын түріндегі талап; 5) сенім арқылы талап; 6) талап-өтініш; 7) талап-ишара; 8) талап-қуаттау; 9) позитивті және негативті талаптар.

Үйрету – бұл пәрменді жасалатын дағдыландыру. Тез және жоғары деңгейде керекті сапаны қалыптастыру қажеттілігі туғанда осы әдісті қолданамыз.

Гуманистік педагогика қатал үйретуге қарсы, себебі ол адам құқығына қайшы келеді, оны басқа әдістермен бірге, әсіресе ойын әдістерімен пайдаланған жөн.

Үйрету әдісін дұрыс пайдалану шарттары:

- 1) мақсаттың айқын болуы;
- 2) түсінімді үйрету;
- 3) тапсырманы беру уақытымен санасу;
- 4) орындау жолдарын және нәтижені көрсету;
- 5) сапалардың бірізді және қатар тәрбиесі;
- 6) үнемі бақылау жасау.

Тапсырма беру әдісі жақсы нәтижелер береді. Жүйелі тапсырма беру арқылы оқушыларды дұрыс істерге үйретуге болады. Тапсырма беру әртүрлі болып келеді: ол көбінесе оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты шешіледі. Мысалы, ойыншықтар, модельдер, схемалар дайындау.

Тәрбиеленушілердің іс-әрекеті мен жасанды жағдай-дағы қылығын ұйымдастыру әдісі **тәрбиелеуші ситуациялар әдісі** деп аталады.

6. Ынталандыру әдістері

Ынталандыру әдісі **мақтау** және **жазалау** болып бөлінеді. Тәрбиеленушінің іс-әрекетіне қойылған жақсы бағаны мақтау деуге болады. Мақтаудың түрлері: қолдау, қуаттау, алғыс айту, мадақтау. Мақтау әдісі әдептілік пен нақты мөлшерді сақтауды талап етеді. Ең алдымен мақтаудың психологиялық тарапы маңызды келеді. **Мақтау әдісі** мына жағдайда нәтиже береді:

- 1) Балалардың мақтау алуға іштей сенімді талпыныстары болуы.
- 2) Мақтау арқылы тәрбиеленушінің ұжымның қалған мүшелеріне қарсы қоймау.
- 3) Мақтаудың қылық-ісіне сай болуы.
- 4) Мақтау арқылы оқушыға жекелей шешім табуды үйрету.
- 5) Мақтаудың шындыққа негізделуі.

Жазалау - қате қылықты ескертіп тежеу, өз ар-ұяты алдында, басқа адамдар алдында кінәсін түсінуге әсерін тигізетін педагогикалық әдіс.

Жазалаудың мынадай түрлері белгілі:

- 1) қосымша тапсырмалар беру;
- 2) белгілі бір құқынан айыру немесе уақытша рұқсат етпеу;
- 3) моральдық кемшілігін таныту.

Педагогикалық талаптар ішінде жазалау әдісінің нәтижелі болуына негіз қалайтын шарттар:

- 1) жазаның ұжым тарапынан туындауы;
- 2) жазаның нақты болуы;
- 3) жазаның міндетті түрде орындалуы;
- 4) оқушының не үшін жазаланғанын түсінуі;
- 5) тәрбиеленушінің жеке тұлғасын масқаралаудан аулақ болуы;
- 6) жазалау мақсатының тек ұнамды қасиеттерді баулуға бағытталуы;
- 7) жазаның қате қылықтарды толық түсіну негізінде орындалуы;
- 8) жазаның өш алу құралы болмауы;
- 9) жазалаудың жеке оқушыға бағытталуы;
- 10) балалардың дара психологиясын біліп барып жазалау.

Тәрбиелеушілерге тәрбиесіз болудың пайдасыз екендігін сезіндіретін жағдайларды тудыру-ынталандырудың **субъективтік - прагматикалық әдісі** деп аталады.

Субъективтік - прагматикалық әдістің нақты форма-лары мыналар: 1) келісім; 2) жеке өзін-өзі тәрбиелеу кар-точкалары; 3) ЭЕМ мониторингі; 4) тәрбиелеу тестері.

Жарыс – адамға, қоғамға қажетті сапаларды тәрбиелеуде оқушылардың табиғи, бәсекелестік қасиет-терін бағыттайтын әдіс. Жарысу әсіресе, үлгермеушілер арасында маңызды болып, олардың дамуы үшін қажет болған мақсатты ынталануға жол ашады. Жарысты ұйымдастыру оңай шаруа емес, ол тәрбиеленушілердің психологиясын толық білуді талап етеді. Жарысты ұйымдастыруда мына жағдайларды ескеру қажет:

- 1) жарысты белгілі мақсатқа орай ұйымдастыра білу;
- 2) жарыстың бағытын белгілеп, мазмұнын анықтау.

Тәрбие технологиясы

1. Тәрбие өнері мен тәрбиелеу технологиясы

Тәжірибеде теория технология көмегімен іске асады. "Технология" сөзі "техно" - өнер, шеберлік және "логос" - ғылым деген сөздерден құралған. Технологияның өндірістік процестегі мәні – бұл қолдану кезінде алдын-ала белгіленген нәтижеге жеткізетін, берілген саны мен сапасы арқылы тауар алуға керек болар ғылыми-өндірістік әдістер, құралдар мен алгоритмдер жүйесі. Қазіргі өндірістер осы технологияға негізделеді. Технология – бұл өндірістің қол жеткізер деңгейінің шоғырлы көрініс белгісі, ғылыми жетістіктерді енгізудің тәсілі мен нәтижесі. Кез-келген іс-әрекет негізінде технология немесе өнерлік сипат бар. өнер интуицияға негізделеді, ал технология ғылымды арқау етеді.

Технология өзiрге жасалынбаса, онда жеке шеберлік үстем алады. Бірақ ерте ме, кеш пе "ұжымдық шеберліктің" жинақты көрінісі технологияға айналады.

Соңғы кезге дейін "ой шығармашылығы", оның ішінде адам тәрбиесі де технология түсінігінен тыс болатын. Қазіргі педагогикалық теория технологияның мақсат-тылығын рационалды, яғни ұтымды екендігін мойын-дайды, бірақ мектеп өндірісіндегі технологияның механикалық түрде өтуімен ешбір келіспейді.

Мектеп тәрбиесі мен өндіріс түсініктері бір-бірінен алыс емес. өндіріс сияқты мектепке де қоғам өзінің әлеуметтік тапсырысын жасайды, өндірістегі сияқты мектептің де алдына қойылған міндеттеріне сәйкес белгілі материалдық базасының болуы көзделеді. Осы міндеттерді шешуге өндірістегідей тәрбие процесіне бағытталады. Бұл процестің негізі – жоспарланған нәтижеге жету тәсіл-дерімен, сол тәсілдердің модельденуімен, адамдар іс-әрекет және қылығын басқарумен байланысты педагогтардың тәрбиелік іс-әрекеті. Мұндағы педагогтардың басқару іс-әрекеті өндірістегідей жүйенің жағдайы және оның жүргізілу пәрменділігін сипаттайтын ақпараттар негізінде іске асырылады.

Мектептегі тәрбие жүйесі сонымен бірге өндіріс секілді қоғамдық мақсаттар жолында материалдық базаны іске қосып, оқу-тәрбиелік міндеттерді шешуге, педагогтар ұжымына арналған процестер бағдарын түзеді, яғни әртүрлі іс-әрекеттерін басқару ұйымдастырып, сонымен бірге оларды орындаушыларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ететін коммуникативті желіні іске қосады.

Бірақ адам тәрбиелеу технологиясының өзіндік ерекшеліктері болатынын ескеру қажет. өндірістегі қарапайым да анық жұмыс барысына қарағанда мектептегі технологияның күтілмеген күрделі жәйіттері мен белгілері сан-қилы, олар:

1. Тәрбие процесінің өндірістік процестен айырма-шылығы оның **біртұтас** болуында. Тәрбие процесін жеке операцияларға бөліп-жаруға, жеке қасиеттер қалыптас-тырып, педагогикалық ықпалдарды кішігірім қадамдар ретінде іске асыру қиынға соғады. Тәрбиелік ықпал бірізді – параллель схемада емес, комплекс түрде орындалады.

2. Сапаларды қалыптастыру әдістемесін, яғни "технологиялық операцияларды" игеруші тұлғаларды тәрбиеге тарту мәселесін өте байыппен, салмақты шешу керек. Тәрбиеші алдында технологиялық процесті басынан аяғына дейін жүргізу қажеттілігі тұрады, яғни тәрбие жалпы технологияға негізделген **жеке шеберлікпен** ұштасады.

3. **Тәрбие технологиясы барлық тәрбиешілерге ортақ**, ол тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, оны дамыту жолын-дағы барша кезеңдерімен толық қабылдануы тиіс. Оларды анықтап, нәтижеге жету бағыт-бағдарын көрсету педагогика ғылымының міндеті. Тәрбие мәселелерін технологиялық шешуде әрбір тәрбиеші мақсатқа қол жеткізудің мехнатты жолын алдын-ала белгілеген **"өзекті нүктелердің"** арасында әрбір тәрбиеші өз мүмкіншілігіне және нақты жағдайларға байланысты шеберлік әрекетін жасай алады.

Қазіргі тәрбие тәжірибесі өзінің өтпелі кезеңінде тұр. Тәрбиешілердің көбі ғылыми технология бойынша жұмыс істеуді әлі де мойынсынбайды, бірақ тәрбие міндеттерін шешудің жекелей интуитивті жолынан жалпы бұрылыс көрініс бере бастады. Пайдасы көп, сарапталған техно-логиялық жаңалықтарды енгізуге педагогтар қауымы ыңғай танытуда.

2. Тәрбиенің комплекстігі

Тәжірибелік технологиядағы **біртұтас тәрбие** процесі оның құрылым бірліктерін комплексті

түрде қабылдау арқылы іске асырылады. Комплексті ықпал тәрбиелік мақсаттардың, міндеттердің, мазмұнның, әдістер мен формалардың бірлігін білдіреді.

Комплексті қажеттік тәрбие теориясы мен мектептегі тәрбие жұмысы тәжірибесінің соңғы 10 жылдықта жетекші процестердің бірігімі ретінде танылуына байланысты болды. Бұл процестер уақытында өз бетінше ұйымдас-тырылатын, сонымен өзінше жетілетін құбылыс деп есептелінді. Осыдан бұл процесте біртұтас тұлғаны қалыптастыруға емес, сол тұлғаның жеке-дара қасиеттерін қалыптастыруға көп көңіл бөлінді. Тұлғаны жан-жақты, үйлесімді дамыту принципі бұзылды.

Қазіргі тәрбие технологиясы комплексті бағыт мәселесін шеше отырып мынадай талаптарды орындайды:

1. Тәрбиеленушілерге үш бағытта, яғни санасына, сезіміне және қылықтарына әсер ету.
2. Тәрбие және өзіндік тәрбие бірігуі арқылы дұрыс нәтижеге қол жеткізу.
3. Тәрбиеге қатысты барлық факторлардың бірлігі мен реттелуі – тәрбиеге комплексті түрде қараудың кезек күттірмес шарты.
4. Тұлғада берілген қасиеттер тәрбие істерінің жүйесі арқылы қалыптасады. Бұл істер бір арнаға бағыттанып, процестегі ой, дене, адамгершілік, эстетикалық және еңбек тәрбие міндеттерінің бір мезетте орындалуын талап ететін нақты комплексті сипатта болуы қажет.
5. Тәрбиеге комплексті қарау тәрбие процесінің және оны басқарудың жүйелілігін талап етеді. Тәрбиедегі сыртқы және ішкі факторлар мен олардың өзара байланысын ескермей тұрып, басқару табысты болмайды. Ол үшін бұл факторлар мен олардың әсер ету сипаты туралы педагог-тың айқын түсінігі болуы шарт.

Негізгі факторлар қатарына жататындар:

- 1) оқушының өмір сүру қалпы; 2) әртүрлі аймақтардың өмір сүру жағдайлары мен дәстүрлері; 3) бұқаралық ақпарат және насихат құралдары; 4) ұжымның өмір сүру жағдайы мен даму деңгейі; 5) оқушының ұжымдық қатынас жүйесіндегі жағдайы; 6) тәрбиеленушінің жеке және тұлғалық ерекшеліктері.

Тұлғаны толық қалыптастырудағы комплекстік осы жағдайлардың біріккен сипаты ретінде ескерілгені жөн.

Тәрбие комплекстігінің маңызды шарты – тәрбие мақсаттарының, мазмұнының, формалары мен әдістерінің бірлігі. Мұндай бірлікке келген ой мен әрекеттің қара-қарсылықсыз орындалуы және алға қойған мақсат, міндеттің нәтижелерімен сәйкес келуі комплекстіліктің жоғары деңгейде іске асқаны.

3. Тәрбиелік істер

Тәрбиенің жүйелілігі, комплекстілігі, бірізділігі, үздіксіздігі "**тәрбие ісі**" деген түсінік береді. Бұны соңғы кезде теоретиктер мен практиктер көп қолданып жүр. Тәрбие ісі - тәрбиеленушілердің нақты іс-әрекетін ұйымдастыру мен дамытудың бір түрі (формасы). ТІ ең басты ерекшеліктері - қажеттілігі, пайдалылығы, міндетті орындалатындығы.

Тәрбие процесі үздіксіз жалғасты ТІ-нен тұрады.

ТІ ұжымдық және шығармашылық сипатта болатындықтан және **ұжымдық тәрбие істері** (ҰТІ) немесе **ұжымдық шығармашылық істер** (ҰШІ) деп аталады. ТІ-де тәрбиеші мен оқушылардың өзара әрекеттерінің формасы, құралы және тәсілдері үйлесіп келеді.

ТІ өз құрамында адамгершілік, эстетикалық, саяси, ақыл-ой әсерлерін топтастырады. Іс-әрекеттік тұрғыдан ТІ тәрбие бағытын көрсетсе, комплексті қолдаудан тәрбие сипаты мен мазмұнын анықтайды.

ТІ білім жүйесіне сәйкес, негізінен сабақтас құралады. Кез келген ТІ кезеңдері: 1) мақсат анықтау; 2) жоспарлау; 3) дайындық және ұйымдастыру; 4) жұмыстың міндетті түрде іске асуы; 5) нәтижелерді талдау.

ТІ-нің **мақсаты мен жоспарлауының негізгі көздері:** 1) қоғамдық жағдайларға негізделген әлеуметтік ситуация-лар; 2) белгілі бір кезеңге арналған оқу-тәрбие мекемесі жұмыстарының бағыты; 3) тұлғада қалыптасуы қажет сапаларға анықтама.

Осындай негізгі көздердің бәрі ТІ-нің өмірлік күшін толықтырады, оның нақты бағыты мен көкейтестілігін айқындауға көмектеседі. Осының арқасында төмендегі сұрақтарға оңды жауаптар беріледі:

- а) Тәрбиелік ықпал бағытталаатын ұжым сипаты қандай?
- б) Оның осы бағыттағы даму деңгейі қай дәрежеде?
- в) Істерді орындау барысында неге қол жеткізу керек?
- г) Жоспарланған нәтижеге қандай тәрбие құралдар жүйесі арқылы жетуге болады.

ТІ педагогикалық тәжірибесін жалпылау арқылы келесі әдістемелік ережелерді ұсынуға болады:

1. ТІ-нің міндеттерін терең түсіну.
2. ТІ, педагогикалық іс-әрекетке нақты және комплексті назар сала білуден құралады.
3. Процесте ТІ-нің міндеттері шешімінің баламалылығын қолдау қажет.
4. ТІ-нің міндеттері мен жағдайларына қарай мазмұнын анықтап алу өте маңызды.
5. ТІ әр кезеңіндегі істер мен құралдар рационалды түрде жобаланады.
6. ТІ дайындық кезінде мейлінше ұйымдастыру сапасына мән беру керек.
7. ТІ көптүрлілігі міндетті.
8. ТІ оқушылар көңілінің ең әсерлі қозғаушы күші ретінде қабылдануы тиіс.
9. ТІ "сіңірлі" дәстүрге көнбейді, икемділік және тапқырлықтың кеңдігі – ТІ-нің өзіндік ерекше белгілері.

Жоспарлау кезеңі мақсаттық кезеңнен кейін келеді. Ол мақсаттық кезеңнен теориялық жағынан бөлінгенімен, практикалық жағынан үздіксіз процестің құрамды бірлігі. Бұл кезеңде педагог алдында тұрған маңызды міндет – тәрбиеленушілермен бірге барлық бөлшектердегі жұмыс бағытын белгілеу, оқушылардың жеке міндеттерін айқын-дау, орындалған істің қалай өткенімен бірге, енді істеліне-тін істің қалай жасалатынын көрсету.

Тәрбие істерін жоспарлауда оқушылар да ат салысып, жұмыс жоспарын ұйымдастыру мектебінен өтеді. Сол үшін жұмыс жоспарының тәжірибелік мәнін жете түсіндірудің маңызы зор.

ТІ ұйымдастыруда мұғалімдер басшылыққа алатын 6 теориялық кезеңі ұсынылады, олар:

- 1) мақсатты айқын түсіну;
- 2) әрбір оқушының міндетін дәл анықтау;
- 3) мақсат пен нәтижеге қол жеткізу үшін барлық қажеттікті дайындау;
- 4) нәтиже өзгерісіне орай орындалатын қосымшаларды белгілеу;
- 5) ТІ-не жауапкердің есеп беру сәтін белгілеу;
- 6) орындаушыларға түсініктеме-нұсқау беру.

ТІ - **ұйымдастыруға қатысу** тұлғаның төмендегідей маңызды қасиеттерін тәрбиелейді:

- а) мақсатқа жетуде шаршап- шалдықпау;
- б) жауапкершілік;
- в) бастаған жұмысын аяғына дейін жеткізу;
- г) тәртіптілік;
- д) орындаушылық.

ТІ-нің барлық процестерін **орындау кезінде**, ескерілетін жәйттер:

- 1) тәрбиеші бастаған ісін оның аяғына дейін назардан тыс қалдырмауы міндетті;
- 2) ТІ-і кезінде тәрбиеші дұрыс бағыт-бағдар ұстануы қажет;
- 3) байқалған қателіктер дер кезінде түзелуі шарт.

Істің **қорытындылау кезеңі** ұжымдық талқылау мен жеке педагогикалық сарапқа бағытталады. Қойылатын мақсат – жетістік пен кемшіліктердің себептерін анықтау.

ТІ **талдау схемасында** ескерілетін мәселелер:

1. Жоспарда ТІ дайындау мен өткізудің барша бағыт-бағдары ескерілген бе?
2. Ұйымдастыру деңгейі көзделген мақсаттар мен міндеттерге жауап бере ме?
3. Мазмұн мақсаттарына сәйкес келе ме?
4. Жоспарланған істерге сәйкес қор жеткілікті ме?
5. Істің қай бөліктері жақсы нәтиже берді, не себепті?
6. ТІ жоспарлы уақыты сақталды ма?
7. Орындалу мерзімін кім және неліктен өзгертті, не бұзды?
8. ТІ жүйелі болды ма, әлде кездейсоқ байланысқан бөліктермен шектелді ме?
9. Жаңалықты енгізудің пайдасы қаншалықты болды?
10. ТІ-нің эмоциялық жағы оның бастау ниетіне сай ма?
11. ТІ-нің сапасы қанағатанарлық па, оқушылардың оған қатынасы қандай және толғандыра ма?
12. ТІ қатысқан ұжымның әрбір мүшесі қандай бағаға лайық?
13. Оқушылардың әрекет-қылығы ТІ-ге қаншалықты сәйкес болды?
14. Педагогтың кейбір әрекетіне оқушылар қарсылығы неліктен туындады?
15. Кезекті ТІ-де неден аулақ болған жөн?
16. Келесі ТІ-ге қандай жаңалықтар енгізу қажет?

4. Әлеуметтік бағдарлық тәрбие істері

ТІ **мақсаттарына** қарай бірнеше түрге бөлінеді: этикалық, әлеуметтік бағдарлы (ӘБ), эстетикалық, танымдық, спорт және дене тәрбиесі, экология, еңбек және т.б. Қоғамдық маңызы бар қасиеттерді тәрбиелеу мақсатындағы ТІ-ін ӘБ деп атайды. Бұл бағыттағы ТІ-дің негізгі

мақсаты - **оқушыларда әлеуметтік қатынастар жүйесін қалыптастыру**: қоғамға, мемлекеттік басқару және құқық мекемелеріне.

Тұлғаның негізгі қоғамдық сапаларының мазмұны қандай? Маңыздысы - қоғамда, мемлекетте, әлемде болып жатқанның барлығына жеке азаматтық бағам білдіре алу. **Азаматтық борыш** қазіргі жағдайда аса көкейкесті мәселе. Бұл сапа **тәртіптілікпен**, яғни тұлғаның маңызды әлеуметтік-адамгершілік қасиетімен тікелей байланысты.

Тәртіп негізінде ғана әлеуметтік қатынасты ұғуға болады. Тәртіптілік әр адамның қоғам нормалары мен қылық ережелерін саналы орындау әрекеттерінде көрінеді.

Саналы тәртіпті үйретудің негізгі жолы – ТІ-ін ұйымдастыру.

Бұл жұмыстың мақсаты – оқушылардың мінез-құлық ережесін, күн тәртібі талаптарын сақтауын, өмірлік іс-әрекеттер тәртібін орындауға үйрету. Сол үшін әрбір оқу орнында мінез-құлық ережелері белгіленеді. Ал бұл ережелер бір жағынан – қоғамдық мораль принциптерін танытса, екінші жағынан – сол оқу орнының жұмыс ерекшелігін білдіреді.

Оқушылардың өмірі мен іс-әрекетінің тәртібін күн ережесі деп атайды. **Күн ережесі** - бұл үздіксіз орындалатын ТІ. Ереже талаптарын орындау – тәрбиенің нәтижелілігі, ол тұлғаның тұрақты әдеттерін тез дамытады.

Қажет болған жерде ереже өзгереді. Ереже сипаты: 1) тәрбиеленушінің өмір жағдайына сай әрі үйлесімді, оның мүмкіншіліктері мен қабілеттеріне сәйкес болуы керек; 2) дәл белгіленген мерзімде барлық іс-әрекеттің бірге орындалуын міндеттейтін болуы қажет; 3) нақты; 4) шынайы орындалатын әрекеттерді қамтуы шарт.

ТІ табысты болуына арқау тәртіптілік бағытындағы жалпы талаптар: 1) әрбір жаңа іс бұрынғыға негізделе отырып, сапалы тәртіп дайындығы процесін жоғары деңгейде жалғастыруы міндетті; 2) олар жалпы принциптерге сәйкес, бірақ стандартқа қатып қалмай, орын және уақыт жағдайларын ескеруі шарт; 3) тұлға тәрбие бөлшектеліп емес, біртұтас жүретіндіктен, тәрбие істері де белгіленген нақты, жинақы жүйеде орындалуы қажет.

Егер тәртіптілік сапасы үнемі өзгеріп жатса, онда педагог мінез ауысуларының қайда, қашан басталғанын зерттеп үйренуі керек. Педагог шеберлігі ТІ белгілі кезеңде жаңа сапаға бағыттай алуынан көрінеді.

ТІ-ін дұрыс ұйымдастыруға кедергі жасайтын себептер:

- 1) Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының нашар құрылуы.
- 2) Тәрбие жұмысының бір жақтылығы, яғни тәртіптілік басқа сапалардан бөлініп қалады немесе оларды кезекпен дамыту ұстанымы белең алады.
- 3) Тәрбие жұмыстарында науқаншылдықтың жеңіп, бірізділіктің болмауы.
- 4) Тәрбиешінің оқушылармен қатынасындағы мәдениеттің кемдігі.
- 5) Формализм, педагогтың тек әсіре көрсеткішке көңіл бөлуі.
- 6) Тәртіпке шақыру жолдарын пайдаланудағы қателік: орынсыз төмен не асыра бағалау.
- 7) ТІ-де әрекеттердің келісімді жүйелі болмауы, басты проблема тасада қалып, елеусіздеріне үміт арту.

өмірлік ұстаным (позиция) – бұл ішкі наным, тұлғаның қоғамға субъективті қатынасын көрсететін, оның дүниетанымдық, моральдық, психологиялық сапаларынан шығатын сана-сезім бағдары. Адамның өмірлік ұстанымы белсенді (активті) және енжар (пассивті) болып келеді. Белсенді тұлға болып жатқан жағдайға нем-құрайлы қарай алмайды. Ал енжар бағдарлы адам дайын көзқарас, құндылықтар мен әдет-қылық үлгілерін қабыл-дайды, оларды сана талдауына салалайды, қайшылықтары аз, тіпті жоқ жолды таңдайды.

Әлеуметтік белсенділігі бар тұлға болып жатқан жағдайды түбегейлі шектемейді, бірақ сын сарабына салады. Елде, әлемде болған жағдайларға өз бетінше баға беріп, өмірді жақсартуға ат салысады.

Енжар ұстаным мәні – жаңалықтан қорқу, өз белсенділігінен қашу, әрқашан қауіпсіздікке бола, бағынышты халде жүру, жауапкершіліктен бас тарту. Мектеп ықпалы отбасы тәрбиесін реттеп, оның қалыпқа түсуіне көмектеседі. Қоғамдық белсенділік танытпайтын оқушылар тек үлгерімі мен жеңіл жұмысты ғана істеуін қадағалайтын отбасылардан шығады.

Әлеуметтік бағдарлы тәрбие істері оқушылардың өмір позициясын қалыптастыруда қажетті жағдайлар жасайды. Олар арасында берілген тапсырмалар ойын түрінде емес, нағыз жауапты жұмыс сипатында бала тарапынан қабылдануы тиіс.

5. Этикалық тәрбие істері

Адамгершілік тәрбиесі – бұл тәрбиеленушінің қоғамдық мораль талаптарына сай санасына, сезіміне, әдет-қылығына, мақсат бағытына жүйелі түрде ықпал ету. Адамгершілік

тәрбиесінің негізгі міндеттері: 1) ізгілік сана қалыптастыру; 2) инабаттылық сезімдер тәрбиелеу және дамыту; 3) адамгершілік әдет-қылықтың ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Адамгершілік тәрбиесінің құрамы: адам және қоғам байланысын қалыптастыру, өз қылығының қоғаммен сәйкес болуы қажеттігін сезіндіру; адамгершілік білімді адамгершілік нанымға ауыстыру; тұрақты адамгершілік сезімдер мен сапалар орнықтыру; адамның басқалармен қатынасындағы жоғары мәдениет пен адамгершілік әдеттерді бекіту.

Қазіргі мектепте адамгершілік тәрбиесінің мазмұны жалпы адам құндылығын жоғарылату қажеттігінен көптеген өзгерістерге бет бұрды. Осыдан әрбір оқушыға төмендегі проблемалардың маңыздылығын түсіндіру лазым: 1) адамға ең қымбат - өмір; 2) балалар - өмір жалғасы; 3) тәртіптілікпен байланысқан еркіндік; 4) отансүйгіштік (патриотизм); 5) ұлтжандылық; 6) интернационализм; 7) борыш, ар, намыс, ождан, тәртіп сақтау, кішіпейілдік және т.б.

Қазіргі тәрбие жүйесіндегі ең маңызды да көкейтесті проблемалар - бұл оқушылардың жыныстық тәрбиесі және еңбекке қатынасы.

ТІ-нің этикалық бағыттағы құрылымына педагог адам моралі туралы мәліметтер ендіреді. **Мораль** – адам санасының формасы және адамзат мәдениетінің бөлігі. Мораль принциптерін, нормасы мен мәнін түсінуден тәрбиеленушілер өздерінің және басқа адамдардың қылықтарын дұрыс бағалауға үйренеді. Адамгершілік жағынан тұрақталған тұлға моральдық нормалардың шындығына сенімді болады, оларды орындау қажеттілігін мойындайды. Бірақ, адамгершілік нормаларды білу, түсіну наным-сенімдер бекуін өзінше қамтамасыз ете алмайды, тек - олардың қалыптасуына қажетті алғышарттар ғана болып есептеледі.

Адамгершілік білімдер баланың өмір тәжірибесіне өтіп, ой толғанысына еніп, тәрбиеленушілердің өзіндік талқы сарабына түскен болса ғана адамгершілік нанымдар дәрежесіне көтеріледі.

Этикалық ТІ-нің ең басты мақсаты - адамгершілік мінез-құлықтарды қалыптастыру, ТІ күнделікті өмір жағдайындағы адамгершілік іс-әрекет бірлігінен құралады. өз қылықтарымен адам айналамен байланысып, ондағы жағдайлармен қарым-қатынас бейнелейді. Адамгершілік әдет-қылық тудыру үшін соған сәйкес жағдай жасау керек. Жоғары адамгершілік іс-әрекет қажеттігін қалыптастыру – этикалы ТІ-нің маңызды бөлігі.

Тұлғаның адамгершілік қажеттігін қалыптастыру – оның түйсік жүйесіне моральдық нормалар мен принциптерді қабылдату процесі.

Адамгершілікті қажеттіктің көмегімен ізгілік мораль негізі - **еркін таңдау** мүмкіндігі туады. Адамның еркін таңдау мүмкіндігін дамытудан этикалы ТІ функциясы орындалады. Әдет-қылықтар жүйесі **адамгершілік әдеттерді** қалыптастырады. Әдеттерден адамгершілік қылықтарды қалау тұрақты қажеттілікке айналады. Әдеттер қарапайым (қарым-қатынас ережесі, жүріп-тұру мәдениеті, тәртіп) және күрделі болады (еңбекке дайындық және оны қажетсіну).

ТІ-ні орындау мақсатында мектеп тәжірибесінде тексерілген келесі ережелерді негізге алған жөн:

1. Адамгершілік тәрбие процесі адам үшін "күреске" айналмауы тиіс. Тәрбие "күрес" емес, күнделікті күрделі жұмыстан тұратын ұзақ маңдай тер ісі.
2. Тұлғаның ізгілікті қасиеттері өмір қажетінсіз қалыптаспайды.
3. Тұлғаны жақсылық жасауға ынталандыратын жағдайлар туындату қажет.
4. Бірнеше әдетті қатар бір мезетте дамытуға болмайды, оқушының жаңа нормалар мен ережелерді қабылдауға дайындығын ескерген жөн: жаман қылықтары болса, одан арылуы тиіс, олардың жақсы не келеңсіз екенін түсіндіру қажет.
5. Жоғары адамгершілік қасиет қарапайым, жәй нәрселерге негізделеді. Гуманизм, сыйластық, қылық мәдениеті дағдыларын дамытпай, адамды мейірімділікке тәрбиелеуге болмайды: сыпайылық, есіркеушілік, сөйлеу мәнері, мейір белгілері.
6. Ұжымдық, азаматтық тәртіпті түсіну сияқты адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу үшін арнайы әдеттерді ұғыну керек: басқаларға қамқорлық, адамды түсіну, өзінің эгоис-тік сезімін тежеу, ұжым талабын орындау, қауым алдын-дағы міндеттер, өз ісі мен сөзіне жауап беру т.б.
7. Мораль арқылы жаман әдеттерді айыра білу: өте қатты сөйлеу, басқалар сөзін бөлу және тыңдамау, тырнақ тістелеу, қол сілтеу т.б.

Арнайы мысалдар арқылы жастарға бір қарағанда еленбес әдеттердің салдарынан болашақ өз өміріне келетін зиянды түсіндіре әрі нақты көрсете білуі керек.

6. Эстетикалық және дене шынықтыру тәрбие істері

Эстетикалық (әсем) істер – арнайы бағыттағы тәрбие жұмыстарының жалпы атауы, **мақсаты** - өмірге эстетика-лық қатынас баулу: еңбекке, қоғамдық іске, табиғатқа, өнерге, өз

қылығына деген қатынасты таныту. Бұл тәрбиенің басты міндеті – эстетикалық түсінік, баға, талқы, қажеттік, таңдау және қабілет дамыту.

Эстетикалық тәрбие тұлғада **әсемдік сезімін** дамытады. Адам әсемдікті сезінуден, өз өмірін сұлулық заңымен құруға ұмтылады. Эстетикалық тәрбие адамгершілік, ақыл-ой, еңбек және дене тәрбиесімен тығыз байланысты. Табиғатқа, әдебиетке, театрға, музыкаға, поэзияға, көркем сурет және т.б. өнерге деген сүйіспеншілік адамның жан-жақты саналы дамуына әсер етеді. Адамгершілік қалыптасуда эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Әсемдік рахаты әр адамды жақсылыққа, ұжымшылдыққа, адал еңбекке жетелейді. **Дене тәрбиесі** сұлулықтың көп элементтеріне арқау: дене дамуының үйлесімі, жүріс-тұрысы, адам мінезі, ойлау мәнері т.б.

Әсемдік ТІ-не байланысты оқушылар эстетика теориясы білімдерін меңгеруі тиіс. "Эстетика" термині гректің "эстетис" - сезімталдық деген сөзінен шыққан. Бұл сөзді алғаш рет неміс өнертану ғалымы Баумгартен ғылыми атау ретінде енгізді. 1750 ж. оның "Эстетика" деген еңбегі жарық көрді. Сол кезден бастап эстетика ғылым саласына айналды. Ал эстетика ұғымының өзі ертеректе туған. Оның бастауы ежелгі заманға кетеді. өркениет өрісінде адам өзін қоршаған ортада сұлулық іздеп, сезінуге үйренеді. Бұл қабілет **эстетикалық сезім** деп атауын алды. Ол еңбек процесіне орай дамиды және кемелденеді. Адам табиғатты жаңалау, өзгерту арқылы өз табиғатын, әлеуметтік қарым-қатынасын қалыптастырып отырады.

Эстетика категориясының ең негізгісі - **әдемілік, әсемдік категориясы**. Әсемдік – бұл өмірдің өзі, бұл табиғат және адам қарым-қатынасы мен оның еңбегінің жемісі.

ТІ процесінде эстетикалық білім дамыту шаралары – бұл конкурс, викторина, мектеп мерекелері, үйірмелер, шығармашылық топтар т.б. Оқушылар оларда қысқаша мәлімет алып қана қоймай, эстетика ғылымын толықтай түсінуге бастау алады. Эстетика сабақтары оқушыларға эстетикалық таным заңдары мен заңдылықтарынан, өнердің жалпы принциптерінен ақпараттар береді.

ТІ-ін ұйымдастырғанда эстетикалық қабылдаудың психикалық заңдылықтарын ескеру керек, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай, эстетикалық форма мен мағына жағдайларының қиын да күрделі сәттерін пайымдауға бағыттап барған жөн.

Эстетикалық қабылдаудың маңызды тұсы – шындықты бейнелеумен бірге жүретін адамның көңіл шарпулары. Жоғары көркем өнер шығармаларын қабылдай отырып, оқушы қуаныш пен тебіреніс, қорқу мен үміт сезінеді. Бұл сезімдер балаларды әсемдік заңымен өмір сүруге бағыттайды.

Эстетикалық тәрбиенің көптүрлі құралдары көркем-дік жұмыстарда көрінеді. ТІ-нің эстетикалық бағыттағы құралдары сан-алуан: табиғат, еңбек, адам қатынасы, өнер және т.б. тәрбиелеу көздері - қоршаған орта, оқу-үйрету еңбегі, өнер әлемі, музыка, суреткер шығармасы т.б.

Қазіргі педагогика ТІ әртүрлі бағытта ұйымдастыру және өткізуде үлкен тәжірибе жинады. Олардың ішінде: конкурстар, викторина, мектеп мекемелері, үйірмелер, шығармашылық топтар, ұжымдық жаңа жұмыс формасы - "ұшқын" концертті, қуыршақ театры, әдеби-шығарма конкурсы, ұнамды сабақ эстафетасы, гигиеналық мәдениет, тазалық пен тәртіпті тек оқу орындарында емес, сол аймақта сақтау қажеттігі мен байланыстыру - бұл эстетика бағытының жұмысы.

ТІ **дене шынықтыру** бағытындағы мақсаты дене саулығы және тән сұлулығы тәрбиесі міндеттерінен туындайды. Олар:

- 1) Дене шынықтыру, оқушыларды салауаттылыққа дағдыландыру, дұрыс өсуіне көмектесу;
- 2) Спорт – дене тәрбиесі білімдерін меңгерту;
- 3) Қозғалыс дағдылары мен біліктерін дамыту;
- 4) Қозғалыс сапасын дамыту (күш, ептілік т.б.);
- 5) Адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу (ерлік, тұрақ-тылық, тәртіп, ұжымшылдық);
- 6) Эстетикалық қасиеттерді қалыптастыру (дене түзулігі, жүріс-тұрыс мәдениеті);
- 7) Дене шынықтыру мен спортпен үнемі айналысуды әдетке айналдыру;
- 8) Гигиеналық дағды мен ептілікті қалыптастыру.

Дене тәрбиесі бағытындағы ТІ жан-жақтылығы алға қойылған міндеттерді адамгершілік, ой-сана, эстетика, еңбек тәрбие түрлерімен бірге шешуге көмектеседі.

Бұл бағыттағы ТІ-нің көп тараған түрі - сабақ алдында мектептегі еңбек күнін бастайтын дене машықтары.

ТІ дене тәрбиесі бағытындағы дене шынықтыру сәттері, шаршағанда сергітуші бұл бірнеше жаттығулар да маңызды келеді.

ТІ-ге "қозғалысты үзілісі" оқушылардың күнделікті сабақ арасында таза ауамен тыныс алуына жәрдемдеседі.

7. Экологиялық және еңбектік тәрбие істері

Қазіргі кезеңде экологиялық апат қаупінің алдын алатын, жедел табиғатты қорғау жұмыстарын жүргізу көкейкесті проблемалардың бірі болып тұр.

өмір бір жақты экологиялық ТІ-мен шектелмей, оларды үздіксіз табиғат қорғау әрекетімен байланыстыру, еңбек тәрбиесімен ұштастыруды талап етеді. Осыған орай ТІ бастауы экология туралы білімдерге, яғни қажетті ақпараттарды қабылдау, талқылау, түсіну.

Жергілікті материалдар мен экология туралы жалпы мәліметтерге қосымша табиғатқа көмек қажеттігін түсіндіру – педагогтың тікелей парызы.

Егер жасөспірім өзінің ертеңгі күні, өзімен бірге достары және жақындарының бақыты ауаның, судың тазалығына байланысты екенін түсінсе, жасыл желек пен ағын суды таза ұстауға көмек тигізсе, ол табиғатты қорғаушылар қатарында болғаны.

Экологиялық ТІ негізі – табиғатты қорғау ниеттерін тәрбие жүзінде іске асыру. Бұл істің көзі адам өмірінің бастауы - жер, су, ауа, аң, өсімдік. Аймақ қажеттігі жергілікті табиғат жағдайы ТІ бағытын, түрін, оны ұйымдас-тыру мен іске асыру формалары мен мазмұнын анық-тайды (жасыл патрулдер, орман достары, аңдар мен құстар қорғаушылар тобы).

Рухани және материалдық байлық еңбек жемісі болады; еңбектің арқасында адам кемелденеді, өз тұлғасын қалыптастырады. Сол үшін мектептегі еңбек тәрбиесі оқушыларды психологиялық тұрғыдан және тәжірибе жүзінде еңбеккерлікке дайындауға бағытталған.

Қазіргі экономикалық және қоғамдық даму кезеңі тұлғаға жоғары талаптар қояды:

- 1) Еңбекті маңызды қоғамдық борыш ретінде бағалай білу;
- 2) Барлық жұмыс түрлерінің маңыздылығын тану, еңбекті және оның нәтижесін құрметтей білу;
- 3) Еңбекте үнемі белсенділік, жаңалық, шығармашылық таныту;
- 4) Ой-сана және дене күші деңгейіне қарай еңбек ету қажеттілігін іштей түсіну;
- 5) Еңбекті ғылыми ұйымдастыру принциптеріне сүйене жүргізу;
- 6) Еңбекке адам өмірінің негізгі қажеттігі ретінде қарым-қатынас жасау.

Еңбекке психологиялық дайындық ТІ жүйесінде қалыптасады, ол келесі міндеттер негізінде шешіледі:

- 1) еңбек мақсаты мен міндетін түсіну;
- 2) еңбек мотивтерін тәрбиелеу;
- 3) еңбек дағдылары мен біліктерін қалыптастыру.

Елде экономика және экология жағдайларының өзгеруі, маңызды заңдар қабылдануы оқушылардың еңбек тәрбиесінің бағытына өзгерістер енгізеді.

Еңбек тәрбиесі процесінде алған білім, ептілік және дағдылардың негізгі мақсаты немесе педагогикалық істің соңғы жемісі емес, ол тұлғаның басты қажеттігі - **еңбек ету қабілетін дамыту құралы**.

Еңбекке үйрету мен оған байланысты оқуды ұйым-дастыру формаларын мұғалім таңдайды. Еңбек сүйікті іске айналуы үшін балаға еңбектің жемісі мен одан болатын қуанышын сезіндіре білу керек. Сол үшін оқу ісін жоғары сатылап, бірақ қол жететін деңгейде құру керек: істеген еңбегінің жетістігін түсінген жасөспірім өз-өзіне сенімі артып, еңбегін мақтаныш ете бастайды.

Еңбек ТІ-нің белсенді бағыты сынып жетекшісінің өз жұмыс тәжірибесіне байланысты мектеп тәжірибесіне көптеген жаңа жұмыс формалары енуде. Олар: еңбек вахтасы, еңбек мерекесі, жасалынған заттар көрмесі, тазалық сақтау, гуманитарлық көмек, мектепті көгалдандыру, қолөнершілер сайысы, жақсылық жасау аптасы, көңілді ұсталар қаласы, еріктілер жұмысы, қамқоршылық көмек, ниеттілер көмегі, еңбек десанты, мектеп жөндеу бригадасы және басқалар.

Бақылау сұрақтары

1. Технологиялық терминінің мәні қандай?
2. "Тәрбие технологиясы" түсінігінің мазмұны неде?
3. Тәрбие өнері мен тәрбие технологиясының айырма-шылығы неде?
4. Тәрбиенің комплекстігі нені аңдатады?.
5. Комплексті бағыт талаптары қандай?
6. Тәрбиелік істер мәні неде?
7. Тәрбиелік істердің өзіндік ерекшеліктерін атаңыз.
8. Әлеуметтік бағдарлы тәрбие істерінің маңызы неде?

9. Этикалық тәрбие істерінің мазмұнына талдау беріңіз.
10. Эстетикалық және тәрбие істері қызметтерінің мәнін түсіндіріңіз.
11. Экологиялық және еңбектік істердің қазіргі заманғы мәні неде?

1.8 Қоғамдық және отбасы тәрбиесі

1. Әлеуметтік жұмыс

өткен жүзжылдықта үшінші Еуразиялық революция тыныш та, қантөгіссіз өтті. Ескірген мемлекет және қоғамдық құрылыс құрылымы опат болып, өзімен бірге байырғы тәрбие жүйесін де жойып тынды. Мұның зардабы ең алдымен тұлға қалыптастыруда жетекші маңызға ие болған қоғамдық және отбасы тәрбиесін күйзеліске түсірді.

Қоғамдық (әлеуметтік) тәрбие – бұл "адам-адам" қатынастары желісінде жүргізілетін тәрбие, яғни тікелей адамаралық байланыстар мен осы мақсатқа арнайы ұйымдастырылған қоғамдық мекемелер (қайырымдылық қорлары, ұйымдары, қоғамдар, бірлестіктер т.б.) тарапынан болатын істер.

Қоғамдық тәрбие проблемаларын **арнайы педагогика** саласы зерттейді. Оның пәні – тұлға қалыптастырушы ықпал жасайтын **қоршаған орта заңдылықтары**. Дәлірек айтсақ, отбасы, ресми ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, діни-руханият мекемелерінің қоғам мүшелеріне жасайтын әсерлері сарапталады.

Педагогиканың басты назары тағдыр тәлкегінен адасқан "тәуекелшіл топ" (нашақорлар, маскүнемдер, жезөкшелер, бас бостандығын өтеп жатқандар, қарақшы топтарға іліккендер мен заңға қайшы діни секта арбауына түскендер және т.б.) аударылады. Мұндай адамдар маманданған педагогикалық жәрдемге өте мұқтаж келеді. Әлеуметтік педагогика шұғылданатын және бір өмір саласы – бұл ересектер мен кәрілер тәрбиесі, нарықтық экономика қыспағынан өзгеріске келген адамаралық қатынастар, аяусыз бәсекелестіктер жағдайына жеке тұлғаларды икемдестіру. Сонымен бірге бұл педагогика саласын қызықтыратын мәселелер - қызмет бабында көтерілу, әйел-қыздар тәрбиесі, кәсіптен қанағат табу, жұмыстан бос уақытты пайдалы ұйымдастыру. Адамдарды рухани кемелдендіруге орай діни мекемелермен белсенді байланыс жасау проблемалары да осы әлеуметтік педагогиканың айналысатын шұғыл міндеттерінен тұрады.

Қоғамдық тәрбие өркениетті елдерде тұрақты тәрбиелік іске айналып, кәсіби деңгейге көтерілген. Бұл сала батыстық педагогика ғылымында **"әлеуметтік жұмыстар"** атамасымен қабылданған. Бізде осы терминді қолданғанды жөн көрдік.

"Әлеуметтік жұмыстар" - адам мен адамның инабат-тылық қатынастары қажеттігінен туындаған әлеуметтік іс-әрекет құбылысы. Бұның бастауы ежелгі дүниеден келе жатқан адам қайырымдылығы мен Жаратқан алдындағы борышты сезінуден, қасіретті жандарға қол ұшы көмегін беру жүйесі ретінде қалыптасқан. Дегенмен, арнайы дайындықты қажет еткен бұл әлеуметтік жұмыстар біздің заманымызда ғана қоғамдық кәсіп түрінде танылып отыр.

Әлеуметтік жұмыстар, сонымен бірге - адамның қоғам қолайсыздықтарына икемделуін жеңілдететін үздіксіз, жүйелі орындалып баратын іс-шаралар бірлігі. Тәжірибеде көрсеткендей, жекеленген, науқандық тәрбие істерінен түсер пайда шамалы, сондықтан әлеуметтік жұмыстар мемлекет және қоғамдық көзқарас қолдауымен ұйымдасқан қуатты кәсіби ұйымдарды (коммерциялық, коммерциялық емес) сүйеніш етеді. Әлеуметтік жәрдем – бұл қоғамның жоғары мәдениеті мен өркениеттілігінің көрсеткіші. Әдетте, мұндай істер барша қауымның қолдауы мен сый-құрметіне іс болып, жоғары беделімен танылуда, мысалы, қайырымдылық "Бәбек" қоры елімізде алғаш ұйымдастырылып, бүгінде мол игілікті әлеуметтік шараларға бастау берген әлеуметтік мекемелердің ең танымалысы.

Әлеуметтік педагог қызметін бірдей рухани-иман-дылық борыш ісі, кәсіби қызмет және бизнес ретінде қарастыруға болады.

өз тәжірибелік іс-әрекетінде алғашқы батыстық әлеуметтік тәрбие қызметкерлері кең ауқымды мәселе-лермен шұғылданған: адамдарға тіл үйрету, индустриалды қоғамда қызмет етуге қажет ептіліктер мен дағдыларды меңгеруде жәрдемдесу. Әлеуметтік педагогтар өз алдына қоғамдағы әделетсіздік пен теңсіздікті (әсіресе әйелдер мен балаларға байланысты) жою және ғылым жетістіктерін кедейлерге жәрдем көзі ретінде пайдалану проблемаларын қойып, оларды шешуге ұмтылыс танытуда. Олардың пайымдауынша, әлем халықтары көбінің жоқшылық жағдайдағы тұрмысы себептерін тек ғалымдар ғана шеше алады, ал ғылыми әдістеме нақты проблемалық ұсыныстардың іске асуын тездетеді.

"Тәжірибелік әлеуметтік жұмыстары" 1970 ж. бері қолданымда. Алғашқыда бұл жұмыс түрі әрқилы түсін-діріліп, **әдіснамалық тұрғыдан** клиенттермен (қорғаушыларға ісі түскен, алыс-беріс жүргізуші мекемелерге қатысты жұмысы барлар) жұмыс, топтар мен қауымдардағы істер; **бағыт-бағдар тұрғысынан** - балаларды әлеуметтік қамсыз-дандыру, отбасылық көмек қызметтер, дәрігерлік әлеумет-тік жәрдем, тәрбиелік түзету мекемелеріндегі жұмыстар; әлеуметтік қызмет аясына түскен адамдар мен **проблемді топтар тұрғысынан** – кедейлер, мүгедектер, есі

ауысқандар, ақылы кемдер, қараусыз қалған балалар, маскүнем және нашақорлармен жұмыстар мәні берілді. Әлеуметтік қызметтер мән-мағынасы біртіндеп аталған тар бағыттағы істерден кең қоғамдық проблемаға айналған мәселелерді қамти бастады. Олардың ішінде бастылары: жеке меншік құқықтарының бұзылысы, балаларға қастандық, ерлі-зайыптылар жанжалы, психикалық және тән сырқаттары, қаңғыбастық, қоғамнан аласталу, оқу жасындағылардың мектептен тыс қалуы, балалардың отбасынан қашуы ж.т.б. Бұдан былай аталған проблемалар тобы бойынша арнайы мамандандыру қажеттігі туындап отыр, себебі әлеуметтік қызметтердің байыпты да терең дайындығы үшін бұл өте қажет.

Қазіргі күнде **әлеуметтік тәжірибе** жұмыстары келесі салаларға бөлінген: ортасы, балаларға жәрдем, денсаулық және салауатты өмір, есі ауысқандармен жұмыс, кәсіптік дайындық, кәрілер мен жетімдерге қамқорлық, сауат ашу мен білім көтеру, тәрбие түзету мәселелері. Бұл маман-дануға болған аса кең бағыт-бағдар. Осыдан белгілі әлеуметтік бағытты таңдаған маман өзінен жәрдем күткен адамдар мен топтар жөнінде қажетті білімдерді жеткілікті игеріп, туындаған проблемаларды шешуде жоғары біліктілік танытуға ұмтылғаны жөн.

Бұрынғы ТМД елдерінде әлеуметтік тәрбие жұмыс-тары осы күнге дейін ескірген мемлекеттік жүйеден босай алмай отыр. Ал осы процеске жан ендіруі тиіс қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер селқостық танытуды. Қоғам мен әрбір жеке адам үлкен күйзеліске түсіп, қайдан жәрдем күтерін білмей алаңдауда. Сондықтан да әлеумет-тік қызмет көздерін тез дамытып, нарықтық заман адымына жедел жәрдемге келу – бүгінгі күннің шұғыл да көкейкесті мәселесі.

2. Отбасы тәрбиесі

Отбасы тәрбиесі – **көзделген нәтижеге жету мақсатын-да ата-аналар мен жанұя мүшелерінің тарапына жасалатын ықпал** процестерінің жалпы атамасы. Әлеуметтік, отбасы және мектеп тәрбиесі ажырамас бірлікте орындалатын істері ауқымын құрайды. Отбасылық тәрбиенің мектеп тәрбиесімен тоғысқан тұсындағы проблемалар жалпы педагогикада қарастырылады да, ал сол мәселенің әлеуметтік жағдайлары әлеуметтік педагогиканың үлесінде.

Отбасының жетекшілік маңызы онда тәрбиеленіп жатқан адамның тән-дене және рухани дамуына әсер етуші ықпалдар мәні мен мағынасының тереңдігіне тәуелді келеді. Бала үшін отбасы бір жағынан - тіршілік қоршауы болса, екінші тараптан - тәрбиелік орта. Баланың алғашқы өмірі жағдайындағы отбасы ықпалы басқа жағдайлар мен кейінгі жас кезеңдерінде болатын ықпал-дардан басымдау келеді. Зерттеу деректеріне сүйенсек, отбасы - бұл мектеп те, ақпарат көзі де, қоғамдық ұйым-дар да, еңбек ұжымы да, дос-жарандары да, отбасы – бұл әдеп пен өнер кілті де. Осыдан, педагогтар нақты да дәл тұжырымға келіп отыр: тұлғаның қалыптасу нәтижелілігі ең алдымен отбасыға тәуелді. Неғұрлым отбасы жақсы болып, оның тәрбиелік ықпалы ұнамды келсе, тұлғаның тән-дене, рухани-адамгершілік, еңбектік тәрбиесінің өнімі де жоғары. Аса бір кездейсоқтық болмаса, әр уақыт тұлғаның кемелденуі келесі заңдылыққа тәуелді: жанұя қандай болса, онда өсіп, ер жеткен адам да сондай.

Жеке адамның қалыптасу процесі мен оның нәти-жесіне болар отбасы тәрбиесінің күші мен қуатын мойын-дайтын болсақ, ендеше мемлекет пен қоғам да тәрбиелік шараларын дұрыс жолмен ұйымдастыруда ең алдымен отбасыға үлкен назар аударғаны жөн. Бұл өркениетті елдер ұстанған бұлжымас ереже.

Неке мен отбасыға деген үстірт көзқарас, халықтық және ұлттық үрдістерді естен шығару, инабаттылық прин-циптерінен тайқу, шектен тыс арсыздық пен маскүнемдік, іштей тәртіптің болмауы мен жыныстық салғырттық, ерлі-зайыптылар арасында жоғары белең алған ажырасулар – бәрі де отбасыдағы бала тәрбиесіне болатын теріс ықпалдар көзі.

Отбасы – тұлға қалыптастырушы бесік. Осыдан, "Азамат қалыптастырамын десен, бесігіңді түзе"- деп ұлы ғұлама М. Әуезов бекер айтпаған. Отбасыда адамаралық қатынастар негізі қаланады, бүкіл өмірге жетер еңбектік және әлеуметтік бағыт-бағдар түзіледі. Отбасыда өз ретімен қарапайым да жеңіл шешіліп жатқан көптеген проб-лемалар, есейген, ересек шақта бітискен шырғалаң күйге түсіп жататыны баршаға аян.

Жоғарыда әңгіме арқауы болған тұжырымдарды жинақтаумен келесідей қорытындылар жасауға болады:

- отбасы ықпалы басқа тәрбиелік әсерлердің бәрінен де күштірек. Жас ұлғаюмен ол әсер бәсеңдеуі мүмкін де, бірақ ешқашан өз маңызын жоймайды;
- қандай да бір басқа жағдайларда қалыптасуы мүмкін болмаған сапа-қасиеттер тек отбасында ғана өрісін алады;
- отбасы тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді, оның тәндік, моральдық және еңбектік тәрбиесіне болған мүмкіндіктерді мейлінше шоғырландырып, іске қосады. Қоғамның азамат

мүшесі отбасыдан бастау алады, қоғам келбеті отбасыдан көрінеді;

- салт-дәстүр жалғастығын қамтамасыз ететін отбасы;

- отбасының аса маңызды әлеуметтік қызметтері – азамат тәрбиелеу, патриот қалыптастыру, болашақ жанұя иегерін кемелдендіру және мемлекет заңдарын мойындап, құқықтарын сауатты пайдалана білетін қоғам мүшесін жетілдіру;

- отбасының кәсіп таңдауға да тигізер ықпалы орасан.

Нарықтық экономикалық жүйеге байланысы отбасындағы тәрбие жетімсіздігінің кейбір себептері ретінде келесі жағдайларды алға тартуға болады:

1. Көптеген еңбеккер отбасылардың экономикалық жағдайының әлсіздігі.
2. Қоғамдық өмір мәдениетінің төмендігі.
3. Отбасы анасы - әйел мойнына артылған екіталай – жұмыс орнында, жанұяда – ауыртпалық.
4. Көптеген әлеуметтік-тұрмыстық және моралдық себептердің салдарынан болып жатқан ерлі-зайыптылар-дың ажырасуы.
5. Бала тәрбиесінде ер адам әйел көмекшісі деген қоғамдық пікірдің белең алуы.
6. Күннен күнге шиеленісіп бара жатқан әулеттер арасындағы бәсеке, дау-дамай.
7. Отбасы мен мектеп арасындағы байланыстың күннен күнге әлсіреуі.

Отбасы дағдарысын ретке келтіру және оның тәрбие-лік ықпалын көтеру бағытында қазіргі заман педагогикасы қандай тиімді ұсыныстар беруі мүмкін?

Бұл орайда педагогика қандай да тосын жаңалық ашып беруі мүмкін емес: тәрбиенің қоғамдық, эконо-микалық қатынастардың жалпы заңдылықтарына тәуелділігі объективті шындық. Бәріміз де осы заңдылық-тардың құрсауындамыз. Барша үмітімізді мұғалімге артамыз, тәрбиелік жақсылықтарымызды оның жанпида-лығынан күтеміз. Жалған, алдамшы ой-пікірлерден арыла білген шынайы ұстаздың өз іс-әрекетін келесідей жоспарға орайластырғанын жөн деп білер едік:

- отбасындағы қатынастарды гуманизациялау, яғни адамластыру. Әміршіл-әкімшіл ықпал, заң алдындағы жауапкершілік, қатаң талап не үркіте зорлаудың заманы өтті - алдыратын лыпасы жоқ пенде неден қорықсын. Тек кеңпейіл мұғалім жан дүниесімен сәулеленген қайырымдылық, мейір, нақты көмек, ұстаздық жана-шырлық қана күйзеліске ұшыраған ата-аналар көңіліне демеу беріп, өз перзенттерінің жарқын болашағы үшін күресте шаршап-шалдығудан азат етері кәміл;

- адамдардың рухани дүниесін қалыптастырып, нығайтуда зайырлы мектеп пен мұсылмандық тәрбие ошағы - мешіттердің ықпалдарын біріктіру әрі осы ықпал-дарды жалпыланған қызмет түрінде шашыратпай, нақты отбасының нақты проблемасына бағыттау;

- педагогикалық мүдде - ниеттерді гуманитарлық қор, қоғамдар мен ұжымдар жұмыстарымен үйлестіре отырып, қайырымдылық-тәрбие бағдарламасын жасау.

Ең бастысы, жалпы адамға, оның табиғатына берілген қайырымдылық пен мейірімге болған сенімнен ажырап қалмау- әрбір тәрбиешінің негізгі ұстамы болғаны жөн.

Атам қазақ басынан талай "ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұламаның" кешкен, солай болса да ортасында жүрген дана тәрбиешілерінің, ғұлама ұстаздарының болуынан өз болмысын сақтап қалғаны баршаға аян.

Дүние ауыспалы ал педагогиканың міндеті қоғам өзгерістерінің ізімен жалғаса, дамып бару. Әр дәуір ұрпақ-тары арасындағы тартыс, бәсеке мәңгілік, бірақ олардың нақты кезеңдердегі шешімі әрқашан жаңаланып барғаны дұрыс. Ал ондай шешімдерді ата-аналар есіне салу отбасылық драмалардың астарлы, көзден таса бұлтарыс-тарын тереңнен түсінетін педагогтың міндеті.

Қаншалықты отбасы болса, тәрбие ерекшеліктері де соншалықты мол. Алайда олардың көптүрлілігіне қарамас-тан, жанұядағы ересектер мен балалар арасында кезігетін қатынастардың жалпылай моделін ажырата тану мүмкіндігі баршылық. Отбасындағы қатынастар түрі сол қатынастар-дың қай бағытта, қай дәрежеде өсіртеуі мен балалар тәрбиесіне болған келеңсіз ықпалдардың салдарына тәуелді анықталады. Олар:

1. Балаларына құрмет көрсете алатын отбасы.
2. Қайырқом, мейірлі отбасы.
3. Күнделікті дүниепараздыққа жүгінген отбасы.
4. Алауыз, жауласқан отбасы.
5. Теріс әлеуметтік бағыттағы отбасы.
6. Ата мен аналардың педагогикалық үйлесімсіздігі жайлаған отбасы.
7. Тұрпайы тәрбие әдістерімен қаруланған отбасы.

Отбасыдағы тәрбие мазмұны демократиялық қоғам-ның өзекті мүдде-мұраттарына орайластырылады. Болашақтағы еңбектік, қоғамдық, отбасылық өмірге бейім дені сау, психикалық болымды, адамгершілікті, иманды, парасаты тұлға дайындау - отбасы міндеті. Жанұялық тәрбие

мазмұнының құрамды бірліктері ежелден белгілі бағыт-бағдарларды, тән-дене, адамгершілік-имандылық, сана-сезім, эстетикалық, еңбек тәрбиесін қамтиды, олар өз кезегінде жас әулетті экономикалық, экологиялық, саяси, жыныстық білімдендіру істерімен толығып отырады.

1. Балалар мен жастардың отбасындағы тәрбиесі салауатты өмір болмысына негізделіп, дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібін, спорттық жаттығуларды, дене шынықтыруларын т.б. қамтиды.

2. Отбасындағы сана-сезім тәрбиесі ата-аналардың өз балаларын білімдермен байытып, соны ақпараттарға деген тұрақты қажетсінуін қалыптастырып, оларды үздіксіз жаңалап бару ұмтылыстарын баулуға негізделеді. Таным-дық қызықсыну, қабілет, бейімділіктер мен нышандарды дамытып бару бала тәрбиесіндегі ата-аналардың аса өзекті шаруасы.

3. Отбасыдағы адамгершілік-имандылық тәрбиесі тұлға қалыптастыру жолындағы қатынастардың бұлжымас төркіні. Бұл орайда алғы шепке тартылатын мәселе мәңгілікті өзгермес адамзаттық мораль құндылықтары – сүйіспеншілік, құрмет пен сыйластық, әділдік пен ар-намыс, қадір-қасиет пен борыш сезімдерін тәрбиелеу. Адамгершілік сапа, қасиеттердің басқа да түрлері: парасатты қажетсіну, тәртіптілік, жауапкершілік, дербестік пен ұстамдылық та осы отбасында баулынады.

4. Отбасыдағы эстетикалық тәрбие балалардың таланты мен дарынын дамытуға бағытталып, өмір болмысы әсемдіктері жөнінде тағлым беруге арналады.

5. Отбасындағы еңбек тәрбиесі балалардың болашақтағы адал өмірінің негізін қалайды. Еңбектенуге отбасынан дағдыланбаған баланың есейген кезде де бар есіл-дерті "жеңілдің астымен, ауырдың үстімен" жүріп, шалқып өмір сүру. Ал мұндай еңбексіз "күнде той" өмірдің жақсылыққа апармайтынын тұрмыс қадам сайын дәлелдеп отыр.

Ата-аналар міндетіндегі отбасылық тәрбие – балалар-дың тән-дене және рухани сапаларын қалыптастыру бағытындағы саналы да парасатты істерге негізделген үздіксіз жетіліп барушы процесс.

Әрбір әке мен кез келген ана өз перзентіне бола-шақта қай сапа-қасиеттерді баулу керектігін жете білгені жөн. Отбасылық тәрбиенің саналылық сипаты мен тәрбие-лік міндеттерді парасатты шешу жолдары осымен айқындалады.

Отбасындағы тәрбие әдістері – бұл ата-аналардың өз баласының санасы мен әрекет-қылығына педагогикалық ықпал жасаудың мақсатты көзделген жөн-жосығы, жолы. Бұлардың бәрі де тәрбиенің жалпы әдістерімен теңдейлес, дегенмен өз ерекшеліктеріне ие. Олар:

- әр балаға болған ықпал тұлғаның жекелеген нақты әрекет-қылығы мен ақыл-парасатына икемделуінен даралықты келеді;

- тәрбие әдістерін таңдау ата-аналардың педагогикалық мәдениетіне орайлас келіп, олардың тәрбие мақсатын тануына, өз қадір-қасиетіне құндылықтық бағыт-бағдарына, өз жанұясында орнатқан қарым-қатынасына т.б. тәуелді.

Осыдан да отбасылық тәрбие әдістері ата-аналардың тұлғалық сән-сипатымен қайнай біткен және олардан ажыратыла қараластырылуы мүмкін емес. Қаншама ата-ана болса, әдістері түрі де соншалықты: жылы сөзбен көндіру, қорқыту, айқайлап үркіту, мақтау мен мадақтау, қаталдық құрсауына салу және жазалау. Әдістер ата-аналар таңдаған тәрбиелік бағыт-бағдарға тәуелді келеді: біреулері өз баласының тіл алғыштығын тәрбиелегісі келеді, осыдан олардың әдісі ересектер талабын мүлтіксіз орындатуға бағдарланады. Екінші біреулері дербес, өз бетінше ойлай білуге негіз болар тұлғалық қасиеттерді орнықтыруды көздеп, осыған сәйкес әдістік жолдарды таңдастырып, қолданады.

Отбасылық тәрбие арасында ата-аналар баршаға бірдей ортақ жалпыланған әдістерді пайдалану үрдіске айналған. Мұндай әдістер түрі келесідей топтастырылған: сендіру (мақтау, мадақтау, балаға болашақта пайдалы да қызықты мүддені түсіндіру арқылы); жазалау (қандай да көңіл рахатынан айыру, ортадағы достық қатынасты ұзу, ұрып-соғу); кей отбасыларда педагогтар кеңесі мен тәрбиелік жағдайлар әдейі жасалып қолданылады.

Отбасындағы тәрбиелік міндеттерді атқарудың құралдары да әртүрлі. Олар арасында кең қолданым-дағылар: сөз, ауыз әдебиеті, ата-ана беделі, еңбек, оқу, табиғат, үй тұрмысы, ұлттық салт-дәстүрлер, қоғамдық пікір, жанұядағы рухани және материалдық болмыс, ақпарат көздері (газет, журнал, радио, теледидар), күн тәртібі, көркем әдебиет, мұражайлар мен көрмелер, ойындар мен ойыншықтар, дене шынықтырулар мен спорт, мейрамдар, рәміздер, ерекше белгілер (атрибут), қастерлі заттар, бұйымдар ж.т.б.

Ата-аналар тәрбиесі әдістерін іріктеу мен қолдануда келесідей жалпы шарттар ескерілуі тиіс:

1. Ата-аналардың өз баласының болмысын жете тануы.

2. Ата-аналардың жеке тәрбиесі мен беделі, отбасында орнатқан қатынастар сипаты.

3. Егер ата-аналардың тәрбиелік істерінің бағыты бірлікті келсе, іс-әрекеттер әдістері басым

келеді.

4. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті, осыдан педагогиканы меңгеру, тәрбиелік ықпалдардың қыр сырларын үйрену, тұрмыстық қажеттікке айналады.

3. Отбасылық тәрбие ережелері

Ұзаққа созылған өз тарихы бар отбасы балаларды тәрбиелеу жолында орасан көп бақылаулар нәтижесін жинақтап, қорытты. Осы қорытулар негізінде аса маңызды тұжырымдар жасалып, олар отбасыдағы балаларды тәрбие-леудің жалпы заңдылықтары ретінде белгілі жүйелерге орай топтастырылды. Дегенмен олардың бәрі ғылыми заңдылық байланыс белгілеріне ие болмаса да, өз дәрежесі бойынша алғашқы тұрмыстық деректі пайымдар мен қарапайым көзқарас пікірлерден жоғары келеді. Олардың бәрінің төркін мәні - ата-аналарға кеңес, **отбасылық тәрбие ережелері**.

Ата-аналар өз тәрбиелік әрекеттерін осы ережелер тұрғысынан салыстыра бағалап барады, сонымен бірге ережелер педагогтар үшін, әсіресе егде ата-аналарға өнімді де негізді кеңестер беріп отыруға қажетті.

Жалпы адамзаттық мәдениеттің бірегейлігі мен тұрақтылығын ескеретін болсақ, балалар ата-аналарынан өз тұлғалық қажет сапалары жағынан онша алшақтамайды. Егер әке мен шеше екеуінің болымды да болымсыз барша қажеттері мен сапаларының қосындысын тең ортадан бөлетін болсақ, олардың жұптастығынан болған баланың біршама дәл бейнесін алуға мүмкін екендігін ғылым дәлелдеп отыр. Бұдан табиғат-ананың біз үшін аса күрделі мәселе туындатпайтынын байқаймыз. Солай да болса отбасыдағы бала тәрбиесіне байланысты көкейтесті проб-лемалар түбегейлі шешімін таппауынан қате кемшіліктер бітер емес, бітпейді де.

Отбасы тәрбиесінің тиімділігін көтеруге кедергі болар жәйттер қандай?

Біріншіден, **нәсілдік**. Егер ата-аналардың өздері балалық шағында қандай да жүйке, тәндік, сана-сезімдік проблемаларға кезіккен болса, олардың өз ұрпақтарында да қайталанатынына дайын болып, тумадан көрінетін дерттердің алдын алғаны жөн. Екіншіден, өзгеріске түсіп, үздіксіз күрделеніп баратын балалардың **болмыс, тұрмыс жағдайлары**, әлбетте, мұндай жәйттердің жүз беруі, бермеуі әрі соларға байланысты проблемалардың туындауы ата-аналардың өздеріне тәуелді. Үшіншіден, күннен-күнге төмендеп бара жатқан отбасылық **тәрбие мәдениеті**. Әрине, бұл тұрғыдан ата-аналардың жетімсіз педагогика-лық мәдениетін ғана кінәләп қоймай, халықтық тәлім-тәрбие үрдістерінен алшақтап бара жатқанымызды, барша қоғамдағы тәрбие салт-дәстүрлерінің келеңсіз бағытта белең алып жатқанын ескеріп барған жөн.

Аталған және басқа да сан қилы әлеуметтік-қоғам-дық себептер негізінде ата-аналар ықпалы мен бала тәрбиесінің сапасы арасында мың сан тәуелді байланыстар өрбитіні белгілі. Солардың арасынан аса көзге түсер, маңызды болған жәйттерге талдау беріп, және олар бойынша жасалатын тұжырымдарға орай ата-аналар мен педагогтарға қажетті кеңес ұсыныстарды алға тартқан жөн болар.

Отбасы проблемаларымен шұғылданушы әлеуметтік педагогика тәрбиеге байланысты аса нәзік те тереңдей жайлаған тәуелділіктерді байқастырып, оларды қазіргі заман балаларын қоғамдық оңды үрдістерге икемдестіре тәрбиелеу сапасын көтеру үшін пайдалануды ұсынады.

Олар арасында елеулі маңызды болғандары:

1. Баланы қоршаған **жақын орта басымдылығы** (приоритет). өмір дәлелдегеніндей, адамдардың бір-біріне ықпал жасау дәрежесі олар арасындағы жақындыққа тікелей де тура байланысты. Жақын-жуықтар шеңберіндегі қатынастардан туындайтын талап, шектеулер жалпы қоғамды қоса, бізден аулақ болған қауымдастықтар мен әлеуметтік топтардан болатын ықпалдардан гөрі салмақты да әсерлілеу. Осыдан да баланың болашақ сәтті өмірін қамтамасыз етуде отбасының рөлі орасан.

2. **Мейір мен сүйіспеншілік** баланы билеудің басты құралы. "Өркім сүйгенінің құлы" деп атам қазақ бекер айтпаған. Балаңызды тәрбиелі көргіңіз келсе, оны аталық мейірім мен аналық махаббатқа бөлеңіз. Сонда әке, шеше тарапынан қолданылатын басқа ықпалдардың қажеті болмай қалады.

3. Бала тәрбиесінде ұлы ғұлама **В. Гете** даналығынан бірер сөзді ереже ретінде қабылдаған көп болмас: "Егер біз адамдарды сол күйінде қабылдайтын болсақ онда, оларды тәрбиеден алыстатқанымыз. Ал, егер біз оларды болашақтағы өзіміз арман еткен тұлға ретінде қабылдасақ, олардың бойындағы табиғаттан дарыған жақсылық-тарының жүз беруіне, содан азаматтық кемелге жетуіне көмектескеніміз".

4. Ата-аналар өзімшілдігіне (эгоизм) негіз болар **"мүдделі күтім"** (востребованное ожидание): адам пендеге кейде тән болатын қасиет - өз қалауымызды ғана қалай-тынымыз, осы қалаудан қандай да ауытқу болса, оған деген қызығушылық өрістей даму орнына, керісінше,

құрдымға кетеді. Ал мұндай өзгеріс, сіз қанша тырыс-қаныңызбен балаңыздың даму барысында көрініп жобалаған жоспарыңыз ақталмай жатады. Тәрбие барысында күткен мүддеңіз орындалмай, сіз қиналасыз, атасы мен анасы күткеніндей бола алмағанын балаңыз күйзеледі. Нәтижеде жалпы отбасыдағы тәрбие дағдарысқа ұшырайды.

5. Балаға қаратылған **ниетті өтініш** әсерін күшейте түсу жолын қарастыру – ата-ана қалауынан ауытқу ықтималын кемітеді. Бұл үшін өз қалауыңызды әдейі керісінше талаппен ауыстырыңыз (инверсия). Мысалы, айтқанды қылмай жүрген баланы ұйықтатқыңыз келсе, қандай да сылтау тауып, көзін жұмдырмаңыз; беті қолын жуып-шайып жүретін еткіңіз келсе, суға жақындатпай көріңіз, сонда баяғыдан сізді қинап келе жатқан кері әжеттік сіздің қалауыңызға қызмет ете бастайды; яғни өз "менің" көрсетуге табиғатынан құштар бала ал, "ұйық-тағаным ұйықтаған", "жуғаным жуған" деумен өзі бұрын қаламайтын әрекетін енді сезбестен орындаумен болады.

6. Отбасылық тәрбиеде **дағдарысқа кезіктіру** тәсілін қолданудың пайдалы тарапы бар. Бала үшін қатерлі, түсініксіз, немен аяқталары белгісіз жағдайларды әдейі ұйымдастырып, содан баланы өзінше жол тауып шығуға мәжбүрлеу қажет. Әлбетте, мұндайда ата-ана баласының қандай да қатерге ұрынып қалмауын аңдып, оның әрекеттеріне байқатпай реттеу-түзетулер беріп барады. Осындайда қажетті бейімділіктерді алған бала, болашақ өміріндегі қай дағдарысқа да дайын болып өседі.

7. Балаға үйретіп жатқанын өзі **орындай алған мұғалім** - ұлағатты ұстаз.

8. Баламен араласа жүргізілетін жұмыста **"үзілді үнсіздіктен"** сақтаныңыз.

9. **"Бір жөнді қаталдықта ұстау"**. Алдын ала көзделген құлық-әрекет қалпы шеңберінде өскен баланың бола-шақта кім әрі не болары күні ілгері түсінікті келіп, қатер туғызбайды.

10. Бала тәрбиесінде **ұсақ-түйек** болмайды. Ірі жетістіктерді бала болмысындағы майда-шүйде қажет сапаларды біріктіре қалыптастырудан бастаңыз.

11. Педагогтар мен ата-аналар өздерінің **бұрыннан қалыптасқан қатынастар тәуелділігінде қалып қоятынын** ұмытпағаны жөн. Кейде ата-аналар оқиғаны қабылдауды оқиғаның өз мәнінен шығармай, сол оқиғаға болған бұрынғы қатынасын тәуелді болып қалады, яғни бала қылығын өткен бір уақытта жек көргенімізден, бұдан былайғы да қылықтарын оңды қабылдамаймыз. Мысалы, сағат кешкі 20-дан соң баланың кешігіп келуін жаман әдет деп қабылдауымыздан, бұдан былайғы кешік-көндерінің бәрін, қандай себептер табуына қарамастан теріс бағалаймыз.

12. Әр бастауыңыз **жаңалықты** болсын. Кешегіңізді қайталамауға тырысыңыз. Табиғаттан үлгі алыңыз: ағаш-тан үзілген миуа өз орнына қайта ілінбес. Балаңызға болған кешегі ықпал бүгін сол күйінде оған әсер ете алмайды.

13. **"Қызықсыну екпініне"** арқа сүйей отырып, балаға әр іс басында жеңілдік беріңіз. Содан соң бірте-бірте талапты күшейтумен, ақырында алғашқы талап формасын өзгертіңіз. Іс бастауындағы "қуаныш сезімі" тұрақты бекіп, сол сезім кейін де балаға қолдау-қуат көзіне айналады.

14. Бала тәрбиесіндегі көптеген кемшіліктер негізі бір себепті - бір топқа біріктірілген **"ұсақ-түйектер"** санының үлғайып кетуі. Осындай жинақталып келген "ұсақ-түйектер" адамның өз болмысын анықтамай, сырттай "бет әлпетін" айқындайтыны бар. Мұғалім санасында қалыптасқан оқушы бейнесі "жалпыланған" күйде болып, нақты тәрбиелік ықпалға үйлеспей қалады. Сондықтан да әрбір отбасы өз перзентінің дарындылық тарапын баса айтып, мұғалімдерден баланың ұнамды тараптарына ыңғайласа жұмыс жүргізуін талап еткені жөн.

15. Мүмкіндігі болса, үйде баланың оқу жұмыс-тарын орындайтын **дөңгелек формалы** стол пайдаланыңыз. Дөңгелек стол төңірегіндегі адамдардың әрқашан еріксіз қайрымды болатыны ғылымда дәлелденген.

16. **Ата-ана әлпеші** мен оның ғажайып ұнамды ықпалға ие болатыны баршаға аян. Осы киелі ықпалды жалықпай пайдалануға күш салыңыз.

17. Отбасыда **өшпенділікке** бірде-бір **орын қалмауы тиіс**. "өшпенділік жолын қалаған адам екі табыт арқалайды, бірі - өзінікі" (О. Уайльд). Бала қылығына егесіп, оны қандайда жақсылықтан айырған әке мен шеше оған өшпенділік жасағаны. Мұндай жағдайда балаға ықпалды қатынасыңызды ашу-ызаға бұрмай, экономикалық жолмен шешкеніңіз дұрыс: істемеген екенсің - еш нәрсе алмайсың, ештеңе саған берілмейді.

18. Еш бір пендеге де өз өмірін қате, кемшіліксіз, **"басын жарға ұрмай"** жүріп өту бұйырмаған. өмір күрде-лілігі мен таңданарлығы да осынысында. Көбірек өмір тұрмысы жайында баламен сұхбаттасыңыз. Құрғақ уағыз-дан гөрі балаңызға үлгі-өнеге көрсетіңіз, өз тәжірибеңізді әңгімелеңіз, отбасылық, бабалар тарихын қозғаңыз, өсиет, хадис сөздерін пайдаланыңыз.

19. Бос әрекеттен қашыңыз, адами намысын оятып, баланы өз бойында **мақтаныш көздерін табуға** үйретіңіз. өз қадір-қауметін сезіп, бағалай білген адам қандай қиыншылық кезіксе де ұяттан үстем болуға, ел көзінде аяқ асты болмауға тырысады, бар күшін салып бағады.

20. Әр қандай жүйе тұрақты да берік болуы үшін оны уақытылы-уақытымен **"сілкілеп"** тұрған жөн. өз бала-ларың бен шәкірттеріңді осылайша берік, белсенділік тексерісіне салып тұрсаңыз, тәрбиелік ісіңіздің қанша-лықты жемісті болғанына не боларына көзіңіз жетеді.

21. Алдымен көздеген әрбір ісіңізді **ой сарабынан өткізуді** ұмытпаңыз, әрекет кейін бола береді.

22. Баланың қандай да келеңсіз істелген әрекетіне қатынасыңыздың алғашқыда сезімдік (эмоционалды) болатынын, ол екінші әрекетіңіз – **насихат айту** көңіл шарпуыңызбен бірге жүреді. Осы байланысты өз мүдденізге бірлікті қолдана біліңіз.

23. Ғылым дәлелдегеніндей, уақыт қорының 20 пайыздық алғашқы мезетінде көздеген нәтиженің 80 пайызы қолға тиеді, ал қалған 80 пайыз уақытында 20 пайыз нәтиже орындалады. Сондықтан **"қуалай" тәрбие-леуді** үрдіс етпеңіз, пайдасы шамалы.

24. **Біркелкілік пен бірізділік** – тәрбиедегі маңызды принциптер.

25. Балалардың ересектермен қатынасында теңдік болмайды, бұлар арасындағы қатынас **тәуелділік пен бағыныштылыққа** негізделген. Мұндай теңсіздік арадағы көңіл жақындығы не алшақтығымен өлшенеді. Балаларға қойылатын шектеулер осы қатынасқа тәуелді. Бала-ларыңызбен қатынастың қандай да қаншалықты болары - өз шешіміңізге орайлас.

26. Басқалар көзінше берілген ескертуді бала әрдайым **жазғыру, кінә қою** ретінде қабылдайтыны белгілі. Балалар-мен тілдесуді мұны ешқандай ұмытуға болмайды.

27. Талаптар әрқашан **әділ де анық** қойылып, **нақты** орындалуы тиіс. өз педагогикалық талаптарыңызды орынсыз, қажетсіз түсіндірме, құрғақ сөзді, екі ұшты насихаттармен күрделендірмеңіз.

28. Тіл алмайтын балаларды күтілмеген, **"тосын жағдайға"** салып тәрбиелеңіз.

29. Балаға болған **қадағалау неғұрлым жақын** болса, оның арқасында орындалатын бағындыру қызметі тиімділеу келеді. өз қалауыңызға орайластыра қадағалау дәрежесін белгілеп алыңыз.

30. өзіңіз таңдаған тәрбие ықпалы нәтиже бермей жатса, **әрекетіңіздің бағдарын шұғыл өзгерткеніңіз** жөн.

31. Балалар саналы парасаттылықтан гөрі **тұрақтылықты** сезінгіш. өте дұрыс, бірақ "бір мезеттік" ықпалға қарағанда, оншама ойланылмаған, бірақ ұзаққа созылған әсер пайдалылау келеді.

32. **Тар шеңбердегі адамдармен** болған қатынас өзара, қызығушылықты кемітеді. Егер мұндай байланысты кеміте алмайтыныңызға көзіңіз жетсе, ата-аналар назарын, міндетін өзіңізге аударудың жолын қарастырыңыз. Сонда әке мен шеше міндеті қандай да уақытқа ауысып – балалар сізден тартынатын болады.

33. Әр адамның **өз келеңсіз тәжірибесінің күші** әсерлілеу келеді, яғни "балық басын жарға ұрмай қайт-пайды". Сөзбен қайталай үйрете бергенше, кейде балаға ыстық үтікке қолын басып күйдіруге, мұрнын қанатуға, тізесін жарақаттап алуға "рұқсат" бергеннің кемістігі болмайды.

Айтылғандардың бәрі – отбасылық тәрбиеде қажет болар тәуелділіктердің шет-шеңбері ғана. өз тәжірибе, қорытуларыңызбен бұларды толықтырып бару ата-аналар мен педагогтар тәрбиесінің ықпалын көтерудің міндеттері де қажетті шарттары.

4. Отбасына педагогикалық қолдау беру

Мөлтек ауданындағы отбасы мен қоғамдық тәрбие істерін ұйымдастырудағы жетекшілік мектепке жүктелген. Тәрбиелік ықпал көздерін орайластыруда бүгінде ол өз жұмыстарын қайта қарастырып, өткен дәуірлердегі ата-аналар мен қоғамдық мекемелер арасында қалыптасқан бір тарапты формальды істерден бас тартып, педагогикалық ағарту – сауаттандырудың гуманистік бағдарына өткені қажет.

Балаларды тәрбиелеуге байланысты осы заман тәжірибесінде мектеп, отбасы және қоғамдық іс-әрекет-терді бірлестіре орындаудың келесідей ұйымдастыру формалары қабылданған:

1. Педагогикалық ұжым, ата-аналар комитеті, жер- жердегі қоғамдық кеңестер, клубтар, кітапханалар, стадиондар, тәртіп сақтау және денсаулық мекемелерінің жоспарларын біріктіре түзу, сонымен тәрбие процесіне қатысушылардың нақты міндеттерін айқын бөлістіріп беру.
2. Мектеп күшімен ата-аналар және қоғам өкілдерін балалармен жұмыс жүргізудің тиімді тәсілдерімен таныс-тырып, жүйелі оқыту.

3. Тәрбие жұмыстарының барысын тыңғылықты зерттей отырып, олардың нәтижесін бірлікті талдауға салу, сонымен кезіккен кемшіліктердің алдын алып, оларды болдырмауға бірлікті ат салысу.

Ата-аналарға арналған негізгі жұмыстарды мектеп ата-аналар бірлестіктері (комитеттер, кеңестер, конгрестер, қолдау қоғамдары, кешендер, клубтар, т.б.) арқылы орындап барады. Мұндай бірлестіктердің әрбірі өз жарғы-сына (ереже, регламент, жоспар) ие болып, олар негізінде өз іс-әрекетінің басты бағыт-бағдарын белгілейді, тәрбие процесіне қатысушылардың міндеттерін айқындайды. Көп жағдайларда отбасы, мектеп және қоғамдық мекемелердің бірлікті ортақ жоспары түзіледі.

Білім жүйесіндегі жаңа қатынастарға орай ата-аналар көптеген мүмкіндіктерге ие болып отыр: оқу пәндерін таңдау, олардың меңгеру көлемін анықтау, оқу жоспар-ларын түзу, оқу тоқсандары мен демалыс мерзімдерін белгілеу және өзгерту, мектептің оқу, білім бағдарын таңдау, мектепшілік жарғылар қабылдау, тәртіп, оқу еңбегі, тыныс алу, тамақтану, оқушыларға дәрігерлік көмек шараларын қарастыру, мадақтау және жазалау жобаларын ұсыну т.б. Бір сөзбен келісімді ұйымдастырылған бірлікті тәрбие істері нәтижесінде мектеп пен отбасы балалар тәрбиесінде өзара шынайы үйлесімді жолдас болып, өздеріне жүктелген міндеттерді бірігіп атқарары сөзсіз.

Ата-аналар бірлестігінің басты қызметтерінің бірі - әрқашанда педагогикалық жалпы сауаттылықты көтеру. Педагогикалық дәрісбаян сағаттары, ата-аналар университеттері, дөңгелек үстелдер, конференциялар, ата-аналар мектебі мен басқа да үздіксіз жүргізілетін ағымды не бір сәттік педагогикалық ағарту істерінің өз баласын жете түсінем деген ата мен анаға олармен дұрыс қатынас жасап, қиын мәселелерді оңтайлы шешуде, дау-дамайлы жағдайларды үйлестіруде тигізер көмегі орасан. Осы мақсатпен көптеген ата-аналар комитеттері өз мүшелері үшін педагогикалық әдебиеттер сатып алуға қаржы бөліп, жағымды педагогикалық газеттер мен журналдар шығарып, талдатуға себін тигізуде.

Жалпы әдептілік, эстетикалық, адамгершілік, ерік пен сана-сезімдік құндылықтар қорын түзу ата-аналар мектебін ұйымдастырудан басталады. Қарым-қатынасқа шебер оның белсенді мүшелері барша ата-аналарды гуманистік педагогика негіздерін үйреніп, меңгеруге насихаттап, қызметтестік педагогика мен іс-әрекеттік тәрбие бағыттарын игеруде үлкен табыстарға жетуде. өз білімдерін толықтыруға ынталандыру нәтижесінде ата-аналар отбасындағы балалар тәрбиесін ұйымдастыруда көп нәрсені үйренуде.

Ата-аналардың көпшілігі өз балаларының дарынды да талантты, мәдениетті де талапшаң болғанына мүдделі. Мектеп пен отбасы арасындағы қатынас осы секілді табиғи ұмтылыс негізінде құрылғаны жөн. Мектеп пен отбасы арасындағы қатынаста ешқандай қайшылық болмағаны абзал. Екі тәрбие көзінің де ортадағы келіспеу-шілік сәттерін жойып, біртекті тәрбиелік ері дамыту арна-сына түскені әбден қажет.

Мектеп пен отбасының бірлікті ісінің бағыты - бала-лардың адамгершілік – имандылық сапаларын дамыту, денсаулығын нығайту, сана-сезімдік қажеттерін өрбітіп, қоршаған дүние әсемдігін қабылдауға баулу.

Қазіргі заман отбасы тәрбиесі гуманистік педагогика принциптеріне негізделеді. Ол принциптердің бастылары: - **креативтік** (еркіндік) – бала қабілетінің кедергісіз өз бетінше дамуы; - **гуманизм** – тұлға болмысын тану әрі оның беделін мойындап, ең жоғары құндылық ретінде бағалау;

- **демократизм** – ересектер мен балалар арасындағы рухани қатынастар тендігін қалыптастыру; - **азаматтық** - қоғам мен мемлекеттік жүйеде тұлғаның өз "Менін" танып, қастерлей білуі; - **ретроспективтік** – халықтық педагогика дәртүрлері негізінде жүргізілетін тәрбиеге арқа сүйеу; - жалпы адамзаттық **адамгершілік - инабаттылық** қалыптар мен құндылықтар басымдылығын ардақтай білу.

Отбасындағы баланың дамуы мен тәрбиесі тұлғаны көздеген бағытта қалыптастыруға арналған көптеген іс-әрекеттік ситуацияларды қажет етеді. Солардың бірі әрі аса маңыздысы **отбасы мен сынып жетекшісінің** өзара байланыс қызметі. Сынып жетекшісі бұл орайдағы, іс-әрекетін сыныптық ата-аналар комитеті, ата-аналар жиналысы, сондай-ақ, сол сыныпта оқу жүргізетін мұғалімдер арқылы іске асырып барады. Отбасымен байланыс жасауда сынып жетекшісінің атқаруы тиіс аса қажетті міндеттері: оқушылар үйіне жеке өзінің барып, хабар алып тұруы; баланың үй-тұрмыстық өмір жағдай-ларымен танысуы; ата-аналарымен тәрбиелік ықпал

тиім-ділігін көтеріп бару мақсатында бірлікті іс-қимылдарды орайластыру; келеңсіз нәтижелерді болдырмау жолдарын ата-аналармен бірге кеңесе отырып, шешу. Сынып жетекшісінің бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі қызметі ретінде отбасы педагогикалық - ағарту істерін белсенді ұйымдастыра білу, себебі көптеген отбасыдағы әке мен шеше, ата мен әже тәрбие тақырыбындағы кеңестер мен кәсіптік қолдауға өте зәру. Оларды аса қызықтыратын проблемалар - отбасы тәрбиесі міндеттері, формалары мен әдістері, нақты жастағы оқушылардың психологиялық - физио-логиялық даму ерекшеліктері; әрқилы жастағы балаларды тәрбиелеудің көптүрлілігі; жекеленген тәрбие бағыттары - инабаттылық - имандылық, адамгершілік, тән-дене, еңбек, сана-сезім, нарықтық заманға орай жаңа көзқарас - ұғым (экономикалық, экологиялық, шаруашылық, құқықтық тәрбие) қалыптастыру мәселелері. Сонымен бірге ата-аналар лекторийлерінде бала денсаулығын нығайту, салауатты өмір салттарына баулу, азаматтық, ұлтжандылық пен Отан сүйгіштік сезімдерін ерте бастан ояту, баланы жас шағынан тәртіпке бағынуға, борышын мойындау мен жауапкершілікті сезінуге үйрету мәселелеріне үлкен мән беру - сынып жетекшісінің міндеті. Отбасы тәрбиесінің кейбір мәселелерін оқшау қарастырған жөн. Олар: ата-аналар мен балалар арасындағы алшақтық, отбасы тәрбиесіндегі дау-дамай мен жанжал; қоғам, ел, Алла алдындағы жауапкершілік.

Ата-аналар жиналысында балалардың үлгерімі мен сабаққа қатынасы, тәртіпсіздіктері, оқудағы үлгермеуі жөнінде ақпарат беріп шектелместен, келеңсіз құбылыс-тардың алдын алу жағдайдарына орай нақты шаралар жолын сөз еткен пайдалы. Ата-аналар жиналысын құрғақ уағыз бен кейіп-сөгу, оқушымен оның отбасын әшкере ету де сынып жетекшісіне жараспайды.

Ата-аналар мен мектеп арасындағы байланысты жақындатудың бір жолы баланың әкешесін мектепке шақырып, сабаққа қатыстырып, оқушы үлгерімі мен тәртібінен хабардар етіп тұру. Бірақ, мұндайға себеп болатын бір келеңсіз жағдайдан гуманист сынып жетекшісінің аулақ болғаны жөн. Мысалы, әміршіл-әкімшіл жүйеден босай алмаған мектепте ата-аналарды мектепке шақырудың себебі біреу-ақ: оқушы тәртібі мен үлгерімі-нен қанағаттанбаушылық, ал сылтауы - нақты факт. Ал осындай ата-аналардың көңіліне тиіп, ашу-ызаға булық-тыратын мұндай шақырулар оларды мектептен бездіреді, мектеп баладан безінеді.

Қызметтестік педагогикасын ұстанған мектепте келесідей ереже қалыптасқан: әрбір әке не шеше міндетті түрде аптасына бір рет мектептен хабар алып тұруы. Мұн-дай да кезекті мектепке келу алдынан болған оқушының қандай да болымсыз әрекеті қалыпты қабылданып, жалпы ұнамды фонда аса қатерлідей, ата-ана жанына батқандай сезілмейді осындай формада жүргізілген жұмыспен мектеп, сынып жетекшісі ата-аналарға өз балаларының тәрбиесімен жүйелі айналысуға көп себін тигізеді, әрі осындай тәрбие-лік іспен тұрақты шұғылдануға үйретеді. Өлбетте, мұндайда сынып жетекшісінің жүктемесі ауырлайды: әр күні ол 3-4 ата не анамен қатынас жасауына тура келеді, дегенмен бұдан түсер пайда отбасы үшін де, мектеп үшін де орасан. Уақыт озуымен ата-аналардың мектептен хабар алып тұруының тұрақты "кестесі" қалыптасады, ал бұл барша оқушылардың - үздіктердің де, үлгермейтіндердің де, тәртіпсіз не тәртіптілердің де жалпы оқуы мен қылық-тарының жақсара түсуіне ұнамды ықпал жасайды.

Сынып жетекшісі өз тәрбиеленушілерінің үй тұр-мыстық жағдайларымен, үйдегі тәрбие жөнімен жақыннан танысуы үшін отбасынан хабар алып тұруы - міндетті істердің бірі. Үйдегі жалпы ахуал, отбасы мүшелері арасындағы үлкенді-кішілі қатынастар тәжірибелі ұстазға көп нәрседен ақпарат береді. Оқушы отбасының босағасын аттауда сынып жетекшісі аса әдептілік сақтап, келесі ережелерге бағынғаны өте қажетті:

- шақырусыз бармаңыз, қандай да жолмен болса да ата-ана рұқсатын алуға тырысыңыз;
- отбасының ересек мүшелерімен әңгімелесуде аса жоғары әдептілік мәдениетін сақтаңыз, ерқашан әңгімені көңілге жылу беретіндей сөздермен, мақтаумен бастаңыз;
- оқушыңыз үлгерімі не тәртібі жөнінде арыз айтуды тіпті де естен шығарыңыз, ойыңызда болса, ондай жағдайларды үлкен, маңызды проблемалармен жанама-ластырып, шешу жолдарынан кеңес айтыңыз;
- әңгімелесу кезінде оқушыларыңыз қастарыңызда болғаны жөн, ата-анамен көзбе көз сөйлесулерді аса қажетті жағдайда ғана қолданыңыз;
- ата не анаға мін тағудан сақтаныңыз;
- оқушы тағдырына жаныңызбен ортақ екпінін білдіруге тырысыңыз;
- кеңестеріңіз бен ұсыныстарыңызды ата-ана мойнына таға салуға тырыспаңыз, өз талаптарыңыз бен отбасы мүмкіндіктері сай келетін болсын;
- бірлікті атқарылатын жобалар ұсыныңыз, екі талап-тың бірдей қатысып, орындалу мүмкін істер жөнінде келісіңіз;
- негізсіз уәде беруден тартыныңыз, қандай да күрделі жағдайларда ұстамды болыңыз,

бөріде жақсы болып кетеріне сенім, ниет білдіріңіз.

өкініштісі, ата-аналармен жұмыс алып баруда сынып жетекшісінің, жалпы педагогтардың кәсіби деңгейінің төмендігі мұғалімдер мен мектептің абырой-беделіне нұқсан келтіреді. Отбасының ересек мүшелерін бірлікті істер мен бұдан былайғы байланыс-қатынастарға қызықтырып тартатын бірден-бір себеп – сынып жетекшісінің отбасы балаларының тағдырына етене жақындығы және ол үшін жанпидалыққа баратыны.

Бақылау сұрақтары

1. Қоғамдық және отбасы тәрбиесінің өзіндік функцияларын айырыңыз?
2. Осы заманға педагогикадағы әлеуметтік жұмыстардың теоремалық дамуы.
3. Қоғамдағы арнайы ұйымдастырылған әлеуметтік жұмыстың мазмұнын ашып беріңіз.
4. Отбасы тәрбиесінің қоғамдық рөлі қандай?
5. Ата-ана тәрбиесінің мәнін айқындайтын шарттары қандай?
6. Отбасы тәрбие ережелерінің мәнін тұрмыстық тәжірибемен байланыстыра ашыңыз.
7. Отбасын педагогикалық қолдау үйрету дегенді қалай түсінесіз?

ДИДАКТИКА - БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ

1. Дидактика пәні және категориялары

Дидактика - педагогиканың маңызды саласы. **Дидактика** (didaktikas - оқытушы, didasko - оқышы) ұғымы грек тілінен алынған, оқыту немесе үйрету деген сөз.

Бұл ұғымды ғылыми айналымға алғаш енгізген неміс педагогы Вольфганг Ратке (1571-1635). Сол мағынада бұл ұғымды чех педагогы Я. А. Коменский пайдаланып, 1657 жылы өзінің "Ұлы дидактика" еңбегін жарыққа шығарды. Оның ойы бойынша, дидактика "нені оқыту" және "қалай оқыту керек" деген сұрақтарға жауап береді. Заманауи ғалымдардың зерттейтін сұрақтары: кімді, қашан, қайда, неге оқыту.

Қазіргі түсінік бойынша, **дидактика - білім беру мен оқыту мәселелерін зерттейтін ғылым саласы**. Ол оқыту теориясы деп те аталады. **Дидактиканың зерттеу пәні** – оқыту мен оқудың себептері, барысы, нәтижелері.

Зерттеу пәні аясына байланысты **жалпы** және **жеке** дидактикалар айқындалады. Жалпы дидактика оқытудың жалпы заңдылықтарын, принциптерін қарастырады. Жеке дидактика жеке оқу пәнінің мазмұнын, барысын, түрі мен әдістерін зерттеуіне қарап оқыту әдістемесі деп аталады. Мысалы, математиканы оқыту әдістемесі, тарихты оқыту әдістемесі.

Дидактика әрі теориялық, әрі қолданбалы ғылым болғандықтан ғылыми-теориялық және қолданбалы қызметтер орындайды. **Дидактиканың ғылыми-теориялық қызметі**: білім беру мен оқыту процестерінің мәні мен заңдылықтарын, мазмұнын, принциптерін, ұйымдастыру формалары мен әдістерін зерттеу. **Дидактиканың қолданбалы қызметі**: білім мазмұнын оқыту мақсатына сәйкес-тендіру, оқыту принциптерін белгілеу, оқытудың тиімді әдістері мен ұйымдастыру формаларын анықтау, жаңа технологияларды жасап енгізу.

Дидактика педагогиканың жалпы категорияларын (тәрбие, педагогтік іс-әрекет, білім беру) пайдаланады. Сонымен қатар **дидактиканың өз категориялары** да бар: білім беру, оқыту, оқу, оқыту принциптері, оқыту процесі, мақсаты, міндеттері, мазмұны, түрлері, әдістері, құрал-дары, оқытудың нәтижесі. Кейбір категорияларға анық-тама берейік.

Оқыту - оқушыны білімдендіру, тәрбиелеу, дамыту мақсатына бағытталған алдын-ала жоспарланған іс-әрекет.

Оқыту мазмұны - өкімет арнайы таңдап анықтаған белгілі салада жұмыс істеу үшін қажетті адамзат тәжірибесінің бөлшегі. Ол - оқытудың нәтижесі болатын білім, білік, дағды, тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

2. Оқыту процесінің мәні, оның ерекшеліктері мен қызметі

Оқыту процесі - *білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертетін, оқушылардың дүниетанымын, күш-қайратын, қабілеттерін тәрбиелеп дамытатын іс-әрекет барысы*. Оқу барысында оқушының сана-сезімі, адамгер-шілік қасиеттері, эстетикалық талғамы, тұлғалық қасиеттері қалыптасып дамиды.

Оқытудың психологиялық, педагогикалық ерекше-ліктеріне назар аударайық.

Оқыту - мақсатты процесс. Оқытудың басты мақсаты, әдіс тәсілдері мазмұны мен міндеттері қоғам талабынан туындап, ұдайы өсіп, жаңарады.

Оқыту - таным процесі. Танымның ерекшелігі оқушыда білімге деген қызығушылығы ұдайы өсіп арта түседі.

Оқытудың **міндеті** – оқушыны айнала ортамен (табиғат, қоғам) және адам дамуының негізгі заңдылық-тарымен қаруландыру. Оқушы дүние тануда бұрын ғылымда белгілі болған, зерттеліп дәлелденген жаңалық-тарды, заңдылықтар мен тұжырымдарды әрі қарай дамыта түседі.

Оқытуда ғылым негіздерін оқып үйренудің өзі, ғылым тарихымен, оның әдістерімен танысу, ұлы ғалымдардың өмірі мен қызметі жайлы ақпарат алады.

Оқыту – даму негізі. Педагогикалық процесс өзіне тән негізгі екі белгіні: организмнің өзіндік дамуына жүйелі түрдегі көмек және жеке бастың жан-жақты жетілуін түйістіреді.

Баланың өзіндік дамуына әсер ететін негізгі фактор-дың бірі - өзара қарым-қатынас жасау іс-әрекеті. Сөйтіп, оқыту процесі – мұғалімнің баламен үнемі рухани қарым-қатынаста, ынтымақтастық жағдайда болуын қажет етеді. Оқыту процесінде бала тек мұғалімнің әсерін қабылдаушы ғана емес, оның оқу іс-қимылы мен өзінің психикалық процестерін басқару, ұйымдастыра білуі (іс-әрекетін білуі, бағалауы, өзін-өзі басқаруы) оқытудағы субъекті екенін айқындайды. Оқыту процесінде бала логикалық ойлау болмысының жалпы тәсілдерін қолдануға және дербес шығармашылық әрекет жасауға дағдыланады. Бұдан шығатын қорытынды: оқыту – баланың рухани жағынан жетілуін қамтамасыз етеді; оқыту – бала дамуының алғы шарты. Демек, оқыту мен дамудың арасында тығыз байланыс туындап отырады. Л. С. Выготскийдің баланың дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады. Ол баланың кешегі күнгі дамуына

емес, ертеңгі күнгі дамуына қарау керек деп ескертеді, осыған орай, бала дамуының "екі зонасы" болатынын айтады. "Бірінші зона" – бала дамуының қазіргі қол жеткен сатысы, осыған қанағаттанып қоймай, мұғалімнің оқушыларды болашақтағы дамудың ең жақын сатысына ("екінші зонаға") жеткізуге міндетті екендігін айтады.

Оқушының жалпы психикалық дамуы - мектептегі оқу мен оның өздігінен оқуына тығыз байланысты. Оқушының ойлау қабілетінің дамуына оқу процесінде қолайлы жағдай туады. Білім мен ойлау арасында тығыз байланыс бар.

Оқыту - екі жақты процесс. Оқыту оқушы мен мұғалімнің өзара бірлесіп жасайтын әрекетінен тұратын күрделі процесс. Әйткені, оқыту – мұғалімнің білім берудегі негізгі іс-әрекеті болса, оқу – баланың өзінің танымдық, практикалық әрекеті. Сөйтіп, оқушының таным әрекеті мұғалімнің басшылығы арқасында ғана жүзеге асады.

Оқыту – жоспарлы процесс. Мұғалім оқушылардың жалпы рухани дамуын жүйелі қамтамасыз етуі үшін оқыту процесін жоспарланған, ұйымдастырылған түрде жүзеге асырады. Оқушы білімді қысқартылған, педагогикалық тұрғыдан өзгертілген жолмен мұғалімнің және арнайы жазылған оқу құралдарының көмегіне сүйене отыра меңгереді.

Сөйтіп, оқыту процесі оқушылардың жас ерекшелік-терінің сәйкестігін ескере отырып, таным қызметінің формасы мен әдістерін соған орай өзгертіп отырады.

Оқыту – бұл күрделі процесс. Ол тұлғаға білім беру, тәрбиелеу және ақыл-ойы мен творчестволық қабілетін, демек біліктілігі мен дағдысын дамыту негізінде жүзеге асырылады. Мұның мәнісі, жеке тұлғаға біртұтас (комп-лексті) ықпал жасауды көздейді. Осы негізде, оқыту процесінің **бірінші қызметі – оқушыларға білім беру.**

Білім беру, біріншіден, ғылым негіздеріне сай оқушыларды нақты фактілермен, қағида және түсініктер-мен, заңдылықтармен қаруландыруды қамтамасыз етсе, екіншіден солардың негізінде, айналасындағы әртүрлі құбылыстарға олардың ғылыми көзқарасын қалыптастыру.

Екінші қызметі – тәрбиелеу. Оқыту барысында оқушыларды теориялық білімдер жүйесімен қарулан-дырып, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып дамыту. Сонымен бірге оқыту барысында тәрбиенің мақсат, міндеттері және мазмұны мен тәсілдері анықталады. Оқытуда тәрбие мен оқытудың байланысы біржақты қарастырылмайды, керісінше біртұтастық принципке негізделіп, бірлікте қолданылады. Демек, тұлғаға білім бере отырып, оны тәрбиелейміз, тәрбиелей отыра білім береміз. Сөйтіп, тәрбие процесі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда оқытудың барысына қолайлы ықпал етеді, соның негізінде тұлғаның танымдық қызметі мен оқуға деген қызығу-шылығы артады.

Үшінші қызметі – дамыту. Оқыту барысында оқушы-ларға білім беру, оларды тәрбиелеу негізінде тұлғаның ақыл-ойы, сана-сезімі, шығармашылық қабілеті т.б. көптеген тұлғалық қасиеттерінің дамуына, біліктіліктері шындалып, қабілеттерінің артуына оң әсер етеді. Демек, тұлға жан-жақты қалыптасып дамиды (байқағыштығы, ойы, есі, қиялы секілді психикалық процестері де қарастырылады).

Даму қызметінің ерекшелігі сол, ол өз алдына жеке өмір сүрмейді, керісінше оқытудың білім беру мен тәрбие-леу қызметінің жалғасы боп есептеледі. Сондықтан, даму-дың қарқынды, жан-жақты әрі, терең болуы білім беру мен тәрбиенің қандай дәрежеде іске асырылуына байланысты. Бұдан шығатын қорытынды, оқытудың білім беру мен тәрбиелеу қызметінің негізі болып саналса, даму өз алдына олардың қызметінің нәтижелі болуына қолайлы ықпал етеді.

Дидактикада "Жетілдіре оқыту" процесі 1960 жылдар-дан басталды. Осы негізде Л. В. Занков, Н. А. Менчин-ская, Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов, М. А. Данилов, М. Н. Скаткин еңбектерінде, оның жолдарын шешу үшін әртүрлі принциптерді ұсынды. Солардың ішінде Л. В. Занковтың оқу процесі арқылы білім беруді қарқынды, ұйымдастыру, оқушылардың оқуды саналы меңгеруін қамтамасыз ету ережесін ұсынылды.

Бұл, дамуда тек ойды қалыптастырумен ғана емес, ол тұлғаның дамуына оңтайлы әсер етеді.

3. Педагогикалық процестің құрылымы

Педагогикалық процес - тәлім-тәрбиелік қарым-қатынастарды ұйымдастырудың тәсілі. Педагогикалық процесті ұйымдастыратын педагог. Педагогикалық процес - бірнеше элементтен құрылатын жүйе. **Педагогикалық процестің үш құрылымы болады: педагогикалық, әдістемелік, психологиялық.**

Педагогикалық процестің педагогикалық құрылымы: мақсат - принциптер - мазмұн - әдістер - құралдар - түрлер.

Мақсат - ұстаз бен шәкірт арасындағы педагогикалық қатынастардың нәтижесі.

Принциптер мақсатқа жету жолдарын анықтайды. Мазмұн - мақсатқа жету жолында оқушыларға берілетін тұлғалар тәжірибесінің бөлігі. Әдістер - мұғалім мен оқушының мазмұнды жетілдіру-қабылдауға арналған іс-әрекеттері. Құралдар - мазмұнмен жұмыс жасайтын материалдық тәсілдер мен әдістер.

Педагогикалық процестің әдістемелік жүйесін жасау үшін мақсат бірнеше міндеттерге бөлінеді. Әрбір міндет ұстаз бен шәкірт іс-әрекеттерінің кезеңдерін анықтайды. Мысалы, сабақтың әдістемелік құрылымы: сабаққа дайындалу, сабақты өткізу, сабақты талдау; экскурсияның әдістемелік құрылымы: дайындық, керекті жерге бару, бақылау, көргенді бекіту, нәтижені талдау.

Педагогикалық процестің психологиялық құрылымы: танымдық процестер (қабылдау, ойлау, есте сақтау, ақпарат сіңіру), оқуға қызығушылық (оқуға қызығуды, қабілетті, ынтаны айқындау), қуат (көтеріңкі не түсіңкі дене мен жан күш-қуаты, белсенділік, еңбекқорлық не шаршау динамикасы).

Оқыту адамның қызметінің бір ғана түрі, ол екі жақты сипатта болады. Ол мұғалім мен оқушылар арасында оқудың мақсат - міндеттерін жүзеге асыруға байланысты бір мезгілде өзара қарым-қатынастары мен оқу әрекеттерінен тұрады. Оқу әрекеті дегенде: мұғалімдер тарапынан білім беру қызметіне басшылық болса, оқу - бұл оқушылар тарапынан білімдерді белсенді түрде меңгеруі, таным әрекеті. Мұғалім оқушыларға білім беруде қаншалықты белсенділік танытқанымен, егерде ондай белсенділік оқушылар тарапынан қолдау таппаса оқыту нәтижелі болмайды. Сондықтан, белгілі бір мақсатқа бағытталған бұндай өзара қарым-қатынаста біржақты көзқарас болмауы тиіс. Оқыту процесі тек мұғалім мен оқушылар арасындағы оқу әрекетінен құралмайды, сонымен бірге оқытудың басқа да элементтері бар. Олар мыналар:

1. Оқытудың мақсаттылығы. Мұнда мұғалімнің оқылатын тақырыптың мақсат-міндеттерін айқын қарастыруы көзделеді.
2. Оқытудың мазмұны. Жас ұрпақты ғылымның жетістіктерін меңгеруді, білімдерін дамытуды міндеттейді.
3. Оқыту формалары мен тәсілдері. Оқыту мазмұнын қандай амал-тәсілдермен, нақтылы практикалық жолдармен меңгеруді баяндайды.
4. Оқыту нәтижесін талдау және бағалау. Мұғалімнің және оқушының оқу әрекетінің құрылымын бірлесе отыра сараптама жұмыстарын жүргізуі, оқушылардың оқу әрекетінің сапасына көзқарасын білдіріп, бағалап және білім деңгейін тексеріп отыруы. Оқушылардың өзін-өзі қадағалап, тексеріп отыруы.

Мектеп тарихының бастапқы кезеңінен оқыту, білімдер жүйесін оқушылардың меңгеруі белгілі бір дидактикалық буындардан немесе **кезеңдерден** тұрады:

1. Оқушыға берілетін білім мақсаты мен қажетін түсіндіру және оларды әрекетке бағыттайтын мотивтерді туғызу. Осыған орай оқу міндеттерін (тапсырмаларды) анықтау.
2. Оқушыға жаңа берілетін білімді баяндау және оны қабылдауға жағдай туғызу.
3. Оқушының білімді қабылдауы және оның санасында жаңа білімнің қорытылып, ғылыми ұғымдар мен тұжырымдардың қалыптасуына мүмкіндік беру.
4. Берілген білімді бекітуге басшылық ету.
5. Білімді практикада қолдануға қаракет ету.
6. Оқушының білімі мен дағдысының сапасы және деңгейін есепке алу, тексеру және бағалау.

Оқыту процесінде мұндай басқару жүйесі оқушы-лардың білім алудағы таным әрекетінің ерекшеліктеріне байланысы, білімді жүйелі түрде ұғынуға мүмкіндік туғызады.

Демек, білімді бекіту кезінде жаңа білімді қайталау, жаттығу, практикада қолдану т.б. оқыту процесінің элементтері қолданылады.

Ұйымдастыру жағынан алғанда, дидактикалық әр кезеңнің өзіне тән ерекшелігі болатынын ұмытпаған жөн.

Білім алудың мотиві мен мақсатын анықтау - белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталады. Сөйтіп, ол оқушының білім алудағы әрекеті де мотив пен мақсатқа сәйкес іске асады.

Түрткі- әрекеттің себебін, оны неге жасау керектігін анықтайды.

Мақсат - әрекеттің нәтижесі қандай болуға тиісті екенін анықтайды.

Баланың оқудағы негізгі түрткісінің бірі - **қызығу**.

Оқу жұмысының жемісті болуы, ең алдымен, балада білімге деген қызығушылықтың нәтижесі болып табылады. Мүмкін бала өзі оқуға талпынбаса, күшпен зорлап оқыту мүмкін емес. Қызығуды туғызу үшін оқушыларға берілетін білімнің мақсаты мен қажетін түсіндіріп, оларға нақты оқу міндеттерін үйрету керек.

Қызығуды туғызудың шарттары мен амалдары көп. Солардың ішінен мына төмендегідей 3 процесті атап көрсеткен пайдалы:

1. Оқу материалының мазмұны /ондағы жаңалық-тар, қазіргі ғылым мен техникадағы жаңа

табыстар, оның практика үшін пайдасы т.б./

2. Оқуды ұйымдастыру, басқару процесінің ерекшеліктері /оның әдістері мен формалары т.б./ Мысалы оқытудың проблемалық сипаты, оқушылардың творчестволық және практикалық жұмыстарды өздігінен орындауы, көрнекі құралдар мен техникалық құралдар т.б.

3. Мұғалім мен оқушылар арасындағы **қарым-қатынас-тың ерекшеліктері**. Мысалы, сабақта мұғалім мен оқушылар арасында жылы шырайлы педагогикалық қарым-қатынастың болуы, еркін, жағымды ерекше жағдай, мұғалімнің көңіл-күйі, ақжарқын болуы, оқушылардың бір-біріне көмек беруі, өзара ойын-жарыс ұйымдастыру т.б.

Жаңа оқу материалын танымдық қабылдау

Оқушының білімді меңгеруі жаңа оқу материалын қабылдаудан басталады. **Қабылдау** – адамға тікелей әсер ететін заттардың немесе құбылыстардың адам санасында бейнелену процесі. Сабақ үстінде оқушылардың жаңа материалмен танысуы түйсіктен және қабылдаудан басталады. Ал түйсік сананың сыртқы әлемімен байланысты. Сезім мүшелерімізге әсер етіп, оның миымызда бейне-ленуін **түйсік** деп атайды.

Білімді жан-жақты меңгеру және түсіну үшін оқу материалын қабылдау - бақылау жеткіліксіз. Одан әрі оқушылар қортындылар жасауға тиіс. Бұл оқушылардың білім мазмұнын жете түсініп, ұғынуы және белсенді де терең ойлау әрекетінің нәтижесінде ғана жүзеге асады.

Ұғыну - бұл саналы түрде ғылыми білімді, заңды-лықтарды ұғу, фактілерді жинақтау процесі, қорытынды шығару. Ұғыну процесінде оқылатын материал терең ойластырылады, дәлелденіледі және бекітіледі.

Ұғым, қарапайым және ғылыми ұғым болып екіге бөлінеді. Қарапайым ұғым дегеніміз баланың оқудан емес, өмірден көріп – білгендерінен туатын әртүрлі құбылыстар жөніндегі түсінігі. Ғылыми ұғымдар тек оқыту процесінде жинақталатын мәліметтер, қағидалар мен құбылыстар туралы білім, түсінік.

Ұғымның қалыптасуы - өте күрделі процесс, ол – оқушылардан белгілі ойлау амалдарын қолдануды талап етеді. Ойлау – талдау /анализ/, синтез, дерексіздендіру /абстракция/, жалпылау сияқты операциялардан тұрады.

Оқушыларда ұғымды қалыптастыру үшін мұғалім оларды осындай ойлау операцияларын қолдануға үйретеді.

Абстракциялау деп заттардың негізгі қасиеттерін, оның екінші дәрежелі қасиеттерінен бөліп алып, жалпылап қарауды айтады.

Білімді бекіту

Оқыту процесінде оқушылардың алған білімдерін бекітіп отырудың маңызы ерекше.

Бекіту - бұл оқушылардың білімді берік ұғынуының тиімді әдіс-тәсілі. Сабақта жаңа материалды қабылдаудан кейін, бекіту әр түрлі практикалық, лабораториялық жұмыстар негізінде жүзеге асады.

Бекітудің бұдан да басқа әдіс-тәсілдері бар. өтілген оқу материалын бөліктерге бөліп қайталап отыру: күнделікті қайталау, тақырыптық қайталау, есте қалдырудың тәсілдерін үйрету т.с.с.

Білім мен дағдыны практикада қолдану

Білімді жан-жақты меңгеру, оны практикада қолдануды қажет етеді.. Білім мен дағдының сапасы мен нәтижесінің көрсеткіші практика. Егер оқушы білімді практикада қолдана алмаса, бұл оның білімді үстірт қабылдағандығынан, жете түсінбегенінен болады. Білімді практикада қолданудың оқу процесінде екі түрі жиі кездеседі. Бірінші – білімді жаңа материалды ұғыну үстінде қолдану, екіншісі – жаңа оқу міндеттерін шешу үстінде қолдану. Бұл кезде оқушы бұрын алған білімін жаңа мәселелерді шешуге байланыстырып, өздігінен әрекет жасай алады.

Білім мен дағды оқыту процесінде түрлі практикалық және лабораториялық жұмыстарда кеңінен қолданылады. Мұндай жағдайда оқушылар өздігінен бақылау, тәжірибе жасау, іздену әрекеттеріне негізделген жұмыстарды орындайды.

Оқушылардың білімі мен дағдысын тексеру, оны талдау және бағалау. Оқыту процесінде бұл жұмыс өз алдына дербес практикалық буын болып табылады және оқытудың әрбір кезеңінің құрамынан да орын алады.

Оқытудың білім алудағы жетістіктерін, табыстарын және мүмкіндіктерін талдап, айтып берудің және оны бағалаудың маңызы ерекше. Мұғалім мен оқушы үшін мұндай жұмыс, кибернетикалық тілмен айтқанда **кері байланыс** болып табылады. Мұны мұғалім оқытудың әрбір кезеңінде: жаңа білімді қабылдау, оны ұғыну, бекіту, практикада қолдану кездерінде іске асырады. Сонымен қатар бұл жұмыс оқыту процесінің белгілі кезеңіндегі /тоқсан және жыл аяғында/ дербес буын ретінде де қолданылады.

Бағаны дұрыс қоюдың оқушылар үшін тәрбиелік маңызы ерекше: ол – оқуға деген стимул,

мотив функцияларын атқаруы мүмкін.

Оқыту процесінің жоғарыда айтылған жеке буын-дарының маңызы мен орнын білумен қатар, олардың бір-бірімен өзара тығыз байланысты болатынын, **біртұтас процесс** екенін ұмытпау керек. Сондықтан оқушының білім мен дағдыны меңгеру жолын біртұтас процесс деп қараған жөн. Ол - қабылдау, түсіну, бекіту, қолдану сияқты өзара байланысты құрамнан тұрады.

4. Оқытудың түрлері

Оқыту теориясы мен тәжірибесі дамуының жалпы заңдылықтарының бірі - дидактикалық жүйелердің бірізділігі, ұрпақтылығы. Әрбір жаңа жүйе дәстүрлі жүйелердің күшті қасиеттерін, идеяларын, тәжірибесін өзіне сіңіріп алады. Дидактика тарихында оқытудың үш түрі қалып-тасқан: **түсіндірмелі-иллюстрациялы (дәстүрлі), проблемалы, бағдарламалы (компьютерлік)**. Енді осылардың жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқталайық:

1. Түсіндірмелі-иллюстрациялы оқыту дәстүрлі оқыту деп аталатыны тарихта ұзақ уақыт бойы өміршең болғанына байланысты. Дәстүрлі оқыту жаңадан пайда болған түсіндіру жолдары мен көрнекіліктерді өзіне кіріктіріп отырады. Бұл жүйедегі негізгі оқыту әдіс-тәсілдеріне көрнекіліктерді пайдалана отырып түсіндіру жатады. Оқушылардың негізгі іс-әрекеті: берілген білімнің мазмұнын тыңдау, қабылдау, естерінде сақтау. Мұндай оқытудың талабы: оқушылар есте сақтаған өткен оқу материалының мазмұнын қатесіз қайталап айтып беруі.

Түсіндірмелі-иллюстрациялы оқытудың ғасырлар бойы нығайтылған пайдалы жақтары:

- уақытты үнемдейді;
- мұғалім мен шәкірттердің күш-қайратын жетілдіреді;
- күрделі білімдерді қабылдауды жеңілдетеді;
- оқыту процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді.

Түсіндірмелі-иллюстрациялы оқытудың кемшіліктері:

- оқушылардың дайын білімді жаттап алуы,
- шәкірттердің өз бетінше ойлауына қажетті көңіл бөлінбеуі,
- дара және бөліп оқыту мүмкіндіктерінің жетімсіздігі.

2. Бағдарламалы (компьютерлік) оқыту

Бағдарламалы оқытудың негізгі мақсаты - оқыту процесін басқаруды жетілдіру, тексеруден өзін-өзі тексеруге, оқытудан өзін-өзі оқытуға көшу. Бағдарламалы оқытуда жаңа бағдарланған оқулықтар, оқыту құжаттары, үйрету (оқыту) машиналары қолданылады. Оқытудың бұл түрі 1960 жылдан бастап Б. Скиннер, Н. Краудер бастамасынан кейін, педагогика, психология және кибернетиканы ұштастырып пайдаланылады.

Бағдарламалы оқытудың ерекшеліктері: оқу материалы жеке логикалы бөлшектерге бөлінеді; әр бөлімді меңгерген соң, оқушы өздігінен тест-сұрақтарға жауап береді; дұрыс жауап берілсе, келесі бөлімге өтеді; жауап қате болса, өзі бөлімді қайталап өтіп, сұрақтарға тағы да жауап береді.

Оқытудың бұл түріне негіз болған оқу бағдарламасы оқу материалын, оны меңгеру барысындағы оқушының іс-әрекетін, тексеру түрлерін бір тәртіппен ретке келтіреді.

Бағдарламалап оқытудың үш принципі бар: **сызықты, тармақты және аралас**. Сызықты бағдарламада оқу материалы бірізділікпен беріледі. Тармақты бағдарламада әр оқушы мақсатқа өз жолымен келеді. Қате жауап берген кезде оқушы керекті тармаққа өтіп, қайтадан оқып, қосымша түсініктеме алып, қатені жойып, негізгі сызыққа қайтып оралады. Мықты оқушылар негізгі сызықпен жүрсе, әлсіз оқушылар тармақтарға кіру арқылы нәтижеге жетеді. Аралас бағдарламада қиын тақырыптар тармақтарға бөлінеді, басқалары сызық бойынша орналасады.

Бұл оқыту машинасыз және машиналы болып екіге бөлінеді. Машинасыз бағдарлама оқыту үшін арнайы оқулықтар, перфокарталар пайдаланылады, негізгі деректер көзі қағаз болады. Оқу нәтижесі біраз уақыттан соң бағаланылады. Соңғы кезде машиналы бағдарламалап оқыту үшін компьютер кең қолданылуда. Тапсырмалар, мәтіндер, сұрақтар, жауаптар дисплей дидарында жазылып, сол мезгілде бағаланып тұрады.

Оқу бағдарламасы оқыту алгоритміне негізделген. Алгоритм - дұрыс жауапқа жетелейтін бірізді ақыл-ой және оқу іс-әрекеттерінің жүйесі. Білім мен біліктерді толық меңгеру үшін алгоритм оқушыларға оқу әрекетінің құрамы мен орындау тәртібін белгілейді. Оқу бағдарламасын құрастырудан алдын-ала оқу барысын басқару үшін алгоритм жасалынады. Алгоритм сапасы компьютерлік оқытудың сапасына тікелей ықпал жасайды. Сондықтан, компьютерлік оқытудың сапасы оқу бағдарламасы мен техника сапасына тәуелді.

Бағдарламалап оқытудың күшті жақтары:

- оқу материалының бөлшектенілуі,
- оқушының белсенді өзіндік жұмысы,

- тұрақты тексеру,
- оқыту қарқыны мен оқу материалы көлемінің даралануы,
- техникалық оқыту құралдарын пайдалану.

Бағдарламалап оқытудың кемшіліктері:

- бағдарлама жасауға көп уақыт, күш керектігінен ол өте тиімді,
- мектептегі компьютерлердің саны мен сапасы жеткіліксіз.

3. Проблемалық оқыту

Заманауи білімдендірудің мақсаты мамандарды шығармашылыққа дайындау екені даусыз. Шығарма-шылық дегеніміз жаңалықты (жаңа нысана, жаңа білім, жаңа проблема, жаңа әдіс) ашу. Осыған орай, проблемалық оқытудың өзі де шығармашыл процесс: бейқалыпты ғылыми-оқу мәселені бейқалыпты әдістермен шешу. Соңғы кезде кең тараған оқу түрінің мәні: мұғалім жаңа білімді дайын түрде баяндамай, оқушылардың алдына проблемалық сұрақтарды қойып, оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін іздеуге бейімдейді.

Аталмыш оқыту жаңадан ғана пайда болған жоқ. Кезінде бұған өз үлесін қосқан педагог-ғалымдар Сократ, Руссо, Дистервег, Ушинский. Мысалы, Дистервегтің дәлелдеуінше, "жаман ұстаз ақиқатты айта салады, жақсы ұстаз оны іздеп табуды үйретеді".

Проблемалық оқытуды ойдағыдай іске асыру үшін шәкірттерге ұсынатын проблемалық сұрақтар жүйесін жасап шығу қажет. Ескеретін жайт: кез келген сұрақ проблемалы бола бермейді. Проблемалы сұрақтың жауабы дайын болмайды, оны оқушы міндетті түрде өзі іздеуі шарт. Ол сұрақ баланың сана-сезімінде қиындық туғызуы қажет. Оқушы іштей түйсінген ойлау қиыншылығы проблемалық жағдаят деп аталады. Проблемалық сұрақ, бір жағынан, қиын болуы, екінші жағынан, оқушының шамасына лайық болуы керек. Осындай проблемалық жағдаят туғызу, проблемалық сұрақ қою - проблемалық оқытудың алғашқы кезеңі.

Келесі кезеңде бала іштей өз білімін талдап, таңдап, олардың жауап алуға жеткіліксіз екенін анықтайды да ізденіс жолына белсенділікпен түседі. Үшінші кезеңде ол сұрақтың жауабын дұрыс шеше білу амалдарын, жаңа білімді меңгереді. "Мен білдім!" деген қуанышты жағдайға жетеді. Кейінгі кезеңдерде дұрыс жауапты тексереді, алғашқы гипотезамен салыстырады, алынған білім мен білікті қорытындылайды, жинақтайды.

Мұғалім проблемалы оқытудың барысында оқушы ойына, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар жасай отыра, жауап табу әдістерін үйретеді. Әдетте, оқытудың бұл түрі жаңа оқу материалын түсіндіру кезеңінде қолданылады. Сонымен, проблемалы оқытудың ерекшелігі: оқушыға дайын білім берілмей, одан проблемаларды ізденіс арқылы шешу талап етіледі.

Проблемалық оқытудың күшті жақтары:

- оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады;
- оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады;
- оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді;
- берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді.

Проблемалық оқытудың кемшіліктері:

- оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруға әлсіз ықпал ету;
- мақсатқа жету үшін көп уақыт жұмсау.

Қазіргі мектептерде түсіндірмелі және проблемалық оқыту түрлері бірге қатар қолданылады.

Бақылау сұрақтары

1. Педагогиканың қай саласы оқыту процесіне арналған?
2. Дидактика қандай мәселелерді қарастырады?
3. Оқыту мен оқудың қандай айырмашылығы бар?
4. Оқытудың ғылыми негіздерін атап көрсетіңіз?
5. Оқытудың қызметін атаңыз.
6. Оқыту процесінің құрылымын және оның буындарын сипаттаңыз.
7. Оқу түрлерін, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін атаңыз.
8. Оқыту түрлерінің сипаттамасын және ерекшеліктерін атаңыз.

2.1 Оқыту заңдылықтары

1. Оқыту заңдылықтары туралы жалпы түсінік

Оқыту процесін іске асыру белгілі бір заңдылық-тарды меңгеру негізінде жүзеге асады.

Құбылыстар мен процестер арасындағы объектілі, маңызды, қажетті, жалпы, берік, белгілі жағдайда қайтала-натын өзара байланыс заңдылық деп аталады. өзара байланысы бар объектілер, байланыстың түрі, сипаты, қызмет аясы анықталған кезде заңдылықты заң деп білеміз.

Оқыту процесінің заңдылықтары оның тұтастығын дәлелдейді. Оқыту заңдылықтары **сыртқы** және **ішкі, жалпы** және **жеке** деп бөлінеді. Сыртқы заңдылықтар оқытудың қоғамдық шарттардан, саяси-әлеуметтік жағдайлардан тәуелділігін сипаттайды. Ішкі заңдылықтар оқытудың мақсаты, әдістері, құралдары, түрлері арасындағы байланыстарды сипаттайды. Жалпы заңдылықтар бүкіл оқыту жүйесін қамтыса, жеке заңдылықтар оқыту жүйесінің нақты, жеке бөліктерін қамтиды.

Оқыту процесінің жалпы заңдылықтары:

1. Оқытудың мақсаттары, мазмұны, сапасы мен әдіс-тәсілдері қоғам талабына, мүмкіндіктеріне, педагогика ғылымының даму деңгейіне тәуелді.

2. Білім беру, тәрбиелеу және дамыту өзара байланысты.

3. Оқушының таным белсенділігі артқан сайын, оқыту сапасы жоғарылайды.

4. Оқытудың тиімділігі кері байланысқа, қайталауға, түзету іс-әрекеттеріне тәуелді.

5. Әрбір тұлғаның жас және дара ерекшеліктеріне байланысты таным әрекетін ұйымдастыру.

6. Оқытудың мақсаттары, мазмұны, сапасы мен әдіс-тәсілдерінің өзгеріп, жаңарып, толықтырылуы.

Жеке заңдылықтарға дидактикалық, психологиялық, ұйымдастыру заңдылықтары жатады.

Оқытудың негізгі заңдары:

- Қоғамдық қатынастар, әлеуметтік құрылыс пен әлеуметтік тапсырыс тәрбие мен оқыту жүйесін қалып-тастыруға ықпал етуі туралы заң.

- Білім алу, іс-әрекет жолдарын меңгеру және тұлғалық дамудың өзара байланысы туралы заң.

- Педагогикалық процестің бөліктерінің бірлігі және біртұтастығы туралы заң.

- Оқытуда теория мен тәжірибе бірлігі және өзара байланысы туралы заң.

- Оқу іс-әрекетінің жеке және ұжымдық түрлерінің бірлігі және өзара байланысы туралы заң.

Заңдылықтар мен заңдар ғылыми теорияның негізгі бөліктері болып келеді. Кейбір зерттеушілер педагогиканың өз заңдылықтары мен заңдары жоқ, сондықтан ол ғылым емес деген пікірді білдіреді. Жоғарыда аталған педагогикалық заңдылықтар мен заңдар теріс пікірлерді жоққа шығарады.

2.2 Оқыту принциптері мен ережелері

1. Оқыту принциптері туралы түсінік

Принцип (латын сөзі) - басшылыққа алатын идея, негізгі талап, қағида. Дидактикалық принциптер - оқытудың мазмұнын, ұйымдастыру түрлерін, әдістерін оқытудың мақсаты мен заңдылықтарына сай анықтайтын қағидалар жүйесі. Оқыту принциптері дидактиканың категорияларына жатады. Олар оқыту заңдарын және заңдылықтарын пайдалану әдістерін сипаттайды.

Дидактика тарихында зерттеушілер оқыту принциптерін, негізгі қағидаларды белгілеуге көп күш салды.

Дидактикалық принциптер нақтылы тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты. Қоғамның оқытуға қойылатын талаптары өзгеріп отырғандықтан, кейбір принциптер ескіріп (табиғатқа сәйкестік, партиялылық), кейбіреулері жаңадан пайда болады (кіріктіру, ізгілендіру). Кейбір авторлар оқыту принциптерінің санын қысқартуды ұсынса, басқалары, керісінше, кеңейтуді ұсынып келеді. Заманауи принциптер оқу процесінің барлық құрамдас бөліктеріне (логикасына, мақсатына, міндеттеріне, мазмұнын қалыптастыруға, түрлері мен әдістерін таңдауға, ынталандыруға, нәтижелерді жоспарлау мен талдауға) өз талаптарын ұсынады.

Оқыту процесінде кез келген мұғалім дидактиканың принциптерін басшылыққа ала отырып оқытудың мазмұнын, амал-тәсілдерін және ұйымдастыру формаларын таңдап, шәкірттерін жоғары нәтижелерге жеткізуі шарт. Мұғалім дидактикалық принциптерді дұрыс таңдаса, оқытуды дұрыс ұйымдастырса сабақ тиімді және нәтижелі болары даусыз.

Дидактикалық принциптердің қызметі: олардың негізінде оқушыларда оқытудың мақсатына сәйкес берілетін білім мазмұнын жүйелі, саналылықпен белсенді түрде меңгеруге деген қызығушылықтар пайда болады. Дидактика принциптері оқыту процесінің негізгі буыны ретінде бірімен-бірі логикалық өзара байланыста болады.

Сонымен, ең негізгі, ғасырлар бойы педагогтар қауымы мойындаған дидактикалық принциптер жүйесі:

- ғылымилық,
- саналылық пен белсенділік,
- көрнекілік,
- жүйелілік пен бірізділік,
- беріктілік,
- тиімділік,
- теория мен тәжірибенің байланыстылығы.

Осы принциптерді талдаудан алдын принциптер мен ережелер байланысына тоқталайық. Педагогикалық ереже - жалпы принциптерге негізделген белгілі жағдайдағы белгілі мақсаттағы педагогтық қызметтің бейнеленуі. Ережелер оқыту принциптерін қолданудың тәжірибелік жақтарын көрсетеді, теориядан тәжірибеге көшу жолдарын айқындайды. Заңдылықтармен, принциптермен салыс-тырғанда ережелер мұғалімге нақты педагогтық жағдайда қандай нақты шараларды пайдалану қажеттілігін ұсынады.

Осы жерде айта кететін жайт: ережелерді қатаң, мүлтіксіз орындау ұстаздың қолын байлап қояды; ереже-лерге немқұрайлы қарау оқыту сапасын төмендетеді. Сондықтан, әрбір мұғалім дидактикалық ережелерді типтік, стандарттық жағдайларда тиімді пайдаланса, күрделі педагогтық жағдайларда дидактикалық принциптерге сүйеніп шығармашылық танытса қойылған мақсатына жетері сөзсіз.

Ережелер принциптерге сүйенеді, принциптер ереже-лер арқылы жүзеге асады. Ережелер педагогтық тәжірибе-нің қорытындысы ретінде дидактика принциптерін қолдану құралы болады. Сонымен, педагогтар оқытудың принциптеріне сай қалыптасқан белгілі ережелерге сүйеніп мақсат-міндеттерін іске асырады.

Біздің оқулықта арнайы қарастырылмаған принциптер көп, мысалы, мұғалімнің басшылық ролі; ынталан-дыру; проблемалық оқыту; дамыту, оқыту және тәрбиелеу бірлігі; ізгілендіру; жас және дара ерекшеліктерін назарға алу; кіріктіру принциптері.

Енді принциптер мен ережелердің мәнін ашу жолдарын қарастырайық.

Ғылымилық принципі

Оқытудың ғылымилық принципіне орай оқушыларға ғылыми білімдер мен ғылыми әдістерді меңгерту керек. Бұл принциптің астарында жатқан заңдылықтар: дүниені танып білуге болады, адам өмірінде ғылымның рөлі күннен күнге өсуде, оқытудың ғылымилығы оқытудың мазмұны және мұғалімнің іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Мысалы, педагог ғылым жаңалықтарын адам үшін қызмет ететінін түсіндіре отырып, оқушыларда дүниеге диалектикалық, ғылыми-материалистік көзқарас қалыптастырады.

Аталмыш принципті іске асыру үшін педагог орындайтын негізгі талаптар:

- Білім мазмұнын педагогика, психология ғылым-дарының қазіргі даму дәрежесіне сәйкестендіру, жаңа әдіс-тәсілдер мен жаңашыл ұстаздардың тәжірибесін қолдану.
- Оқушылардың ғылыми диалектикалық ойлау қабілетін дамыту, бастауыш мектептің өзінде тек индукциялық ғана емес, дедукциялық оқытуды енгізу.
- Шәкірттерге жаңа ғылыми ұғымдарды түсіндіру, жүйелі түрде қайталау, пайдалану, қолдану, іске асыру.
- Оқыту әдістері арқылы оқушыларды ғылыми әдістермен таныстыру, оларды ізденушілікке, шығармашылыққа баулу, зерттеу тәсілдерін пайдалану үшін кітаппен, анықтамалармен жұмыс істеуге ынталандыру.
- Әрбір ғылымның ашқан жаңалықтарын оқушылар санасына жүйелі түрде қарапайым ұғымдармен берік түрде жеткізу мұғалімнің негізгі міндеті.
- Ғылымдағы жаңалықтардың жан-жақты байланыс-тарын көрсетіп оқушылардың білім деңгейімен ұштастыру, жаңа пән сөздерді қолдану.
- Белгілі ғалымдардың өмірбаянымен, олардың қосқан үлесімен оқушыларды таныстыру.

Жүйелілік пен бірізділік принципі

Бұл принциптің өзекті негіздері: адам миында сыртқы дүниені бейнелейтін өзара байланысты түсініктер жүйесі қалыптасқанда ғана, оның білімі толық және шынайы болады; оқылатын оқу материалын белгілі реттілікпен оқушыларға жеткізгенде, олардың санасында ғылыми білімдер жүйесі қамтамасыз етіледі; ғылыми білімдер жүйесі оқу материалының ішкі логикасына және әрбір оқушының таным мүмкіндіктеріне бағынышты; оқушыларды логикалық ойлауға үйрету, дағдыларын жүйелі түрде шынықтыру, олардың тұлғасын үзіліссіз, кедергісіз дамыту. Бұл принцип оқытудың ғылымилығы принципімен тығыз байланыста болғандықтан, ғылыми білімдер негізін оқушылардың жүйелі түрде және реттілікпен ұғынуы сабақтардың мазмұнының негізгі өзегі болуы тиіс.

Әрбір мұғалім сабаққа әзірлену барысында не сабақ барысында жүйелілік пен бірізділік принципін жүзеге асыру үшін келесі ережелерді назарға алады.

- Оқу міндеттерін оқушылар түсініп, оқу материалын логикалық тұрғыда жүйелі қабылдауы мақсатында кесте, сызба, жоспарларды қолдану.
- Оқу мазмұны мен әдістерінің жүйелілігін сақтау, бастауыш пен орта, орта мен жоғары сыныптардағы оқу мазмұны мен әдістерінің бірізділігін қамтамасыз ету.
- Оқу пәні - ғылымның көшірмесі болғандықтан оқушыларға ғылымның жүйесін көрсетіп, пәнаралық байланыс-тарды пайдалану.
- Бұрын ұғындырған білімді жиі қайталау және жетілдіру; қысқа қорытындылауды сабақтың басында, барысында және аяғында өткізу.
- Тек тіл мұғалімдері емес, барлық педагогтар барлық сабақтарда оқушылардың ой білдіру әдістері мен түрлерін бақылау; үнемі оларды өз қателерін тауып, талдауға үйрету.
- Әрбір тақырып, бөлім, тарау, пән аяқталғанда қорытын-дылау және жүйелеу сабақтарын өткізу.
- Табиғатына байланысты, шәкірттер бірнеше сабақта меңгеретін материалды бір сабақта "айлақорлықпен" ұғындырмау.
- Оқушылардан әр тарау мен бүкіл бағдарлама бойынша білім, дағды, білік жүйесін меңгеруін талап ету.

Сонымен, жоғарыда сөз болған принцип Я. А. Коменскийдің "бүгінгі оқыту кешегіні бекітіп, ертеңгіге жол салады" өсиетін нақтылай түседі.

Теория мен тәжірибенің байланыстылығы принципі

Бұл принцип философияның "тәжірибе - танымның ілкі бұлағы" қағидасына негізделген. Оның түбінде көптеген заңдылықтар жатыр: оқытудың сапасы мен тиімділігін тәжірибе көрсетеді, тексереді, анықтайды; тәжірибе - ақиқаттың көрсеткіші; тәрбие өмірмен, тәжірибемен тығыз байланысты; теория мен тәжірибе байланысы оқу мазмұнына, әдістеріне, түрлеріне тәуелді; оқушыларды мамандыққа бағдарлау сапасы жоғары болса, олар заманауи өндіріске тез икемделеді.

Осыған орай мұғалім орындайтын ережелерді атап өтейік.

- Оқу - өмір қажеттілігі екенін оқушыға түсіндіру, сездіру.
- Үнемі теория мен тәжірибе байланысын көрсету, адамзат тарихындағы ғылыми білімдердің маңызын ашу.
- Оқытуда оқушылар жалаң теориялық білім алып қана қоймай, сол алған білімдерін өмірде қолдана білуін қамтамасыз ету.

- Шәкірттерге өз білімдерін тәжірибеде қолдануды үйрету.
- Оқушыға проблемалық, ізденіс, зерттеу тапсырмаларын орындатып теория мен тәжірибе бірлігін дәлелдеу, өзіндік жұмысты орындауға және өз бетімен білім алуды үйрету.
- Әр сабақта оқушыларға политехникалық білім беру, туған жердің шаруашылығына лайықты мамандықтарға дайындау.
- Оқушының қоғамдық еңбегі тәлім-тәрбие, оқу мақсаттарына сай болуы керек.
- Тәжірибелік сабақтардың көмегімен оқушылар теориялық қағидаларды, заңдар мен ережелерді іс жүзінде тексеріп, ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіншіліктерін жасау.
- Оқушылардың тәжірибелік әрекеттері тек мектеп, сынып шеңберінде қалып қоймай, мектептен тыс өмірмен, еңбекпен ұштасып отыруы шарт.

Саналылық пен белсенділік принципі

Бұл принципке негіз болатын заңдылықтар: тек өз ақылымен қабылдаған сапалы да, саналы білім адам білімінің шынайы өзегі болады; оқушылардың білімді саналы түрде меңгеруі таным әрекетінің белсенділігі мен оқуға ынталануына, мұғалім қолданатын әдістерге тәуелді, ғылыми білімдерді меңгеруде саналылық, әрі белсенділік танытқан оқушылар ғана оны терең және ойларына берік тоқулары сөзсіз.

Саналылық пен белсенділік принципін жүзеге асыру үшін мұғалім оқыту процесінде төмендегі оқыту ережелерін басшылыққа алады.

- Оқушы алдында тұрған мақсат пен міндеттерді анық түсінуі саналы оқытудың шарты боларын назарға алу.
- Оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, олардың мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету.
- Әр бір сөздің, сөйлемнің, ұғымның мәнін түсіндіру үшін оқушылардың білімі мен тәжірибесін негізге алу.
- Оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттыратындай тиімді әдістерді үнемі қолдану, бүгінгі белсенді шәкірт ертеңгі белсенді қоғам мүшесі екенін ұмытпау.
- Оқу материалын саналы түрде меңгерту үшін әлі бейтаныс мағлұматтарды бұрыннан белгілі ақпаратпен ұштастыра білу.
- өз бетімен оқуды үйрету, таным әрекетінің тиімді әдістерімен таныстыру.
- Бас және қосалқы оқу материалын ажыратуды үйрету, назарларына негізгі ойларды алу.
- Оқушыларды ойлауға үйретіп, "неге" сұрағын жиі қоюға дағдыландыру.
- Әрбір оқушы тұлғасына қамқорлық жасау, оны оқу пәнін игеретін субъект ретінде қалыптастыру.
- Оқушы білімдерін тәжірибеде қолдануына көмектесу.

Көрнекілік принципі

Оқыту жүйесінде Я. А. Коменский көрнекілік принципін оқу материалын меңгеру құралы ретінде қарастырып, дидактиканың алтын ережесі деп атаған. Оқушылардың дүниетанымы негізінен көрнекілік арқылы жүзеге асырылады: олар заттардың өзін немесе бейнесін, көлемін тікелей көріп, байқап таниды. Бұл принципті соңғы ғылыми жетістіктер де дәлелдеді. Мысалы, көру органдары миға есту органдарымен салыстырғанда 5 есе, сипалау органдарымен салыстырғанда 13 есе көп ақпарат өткізеді екен. Көз арқылы алған мәліметтерді адам жеңіл, тез, берік есте сақтайды.

Көрнекілік принципін жүзеге асырып, оқушылардың білім көлемін тереңдету, қызығушылығын арттырып және есте сақтау қабілетін шыңдау үшін мұғалім өз ойын оқушыларға нақтылы жеткізуі үшін қолданатын ережелерді атап өтейік.

- "Алтын ереже": көруге болатынды - көрсету, есіте алатынды - естірту, сезіне алатынның бәрін - оқушылардың сезім мүшелеріне сездірту, түйсік туғызу.
- Оқушылар заттың немесе құбылыстар мен оқиғалардың бейнелерін, көлемін, түр-түстерін сөзбен емес көру арқылы әрі жеңіл, әрі тез есте сақтайтынын қамтамасыз ету.
- Қолданылатын көрнекі құралдардың өмірмен байланысын қамтамасыз ету.
- Оқушылар тікелей түйсіну, көру, есту мүшелері арқылы әртүрлі заттардың формасын, түсін, көлемін, бейнесін көріп, дыбысын естуі негізінде оларда ой пайда болады.
- Көрнекілік - көрсету мақсатында емес, логикалық ойлауды дамыту құралы ретінде пайдаланылады.
- Оқушылар заттарды қолымен ұстап, көлемін, түр-түсін байқап, көзімен көруге және әр түрлі дыбысын естуге жағдай туғызу.
- Көрнекілік заттар мен құбылыстардың өзін тікелей көрсетуге мүмкіндік болмаған жағдайда да қолданылады.

- Көрнекіліктер оқушының құбылыстарды байқауға, қабылдауға деген ынтасын оятып, ізденіс дағдыларын қалыптастырады.
- Көрнекілік бақылай білуге, салыстыру, қатар қоя білуге, абстракты ұғымдарды дамытып, жетілдіруге жол ашады. - Көрнекілікті оқытудың белгілі мақсатына сай қолдану.
- Көрнекілік құралдарын қолдану барысында алғаш оны бүтіндей, кейін бас және қосалқы бөлшектерін, соңында тағы бүтіндей көрсету керек.
- Көрнекілікті оқушылармен бірігіп жасау.
- Көрнекі құралдарын оқу пәндерінде нақтылы өз орнында оқушылардың жас, таным ерекшеліктерін ескере отыра пайдалану.
- Көрнекіліктерді қолдануда сан емес сапасына көңіл аудару.

Беріктік принципі

Оқытудың тиімділігін, сапасын жақсарту үшін оқушылардың білімдерінің берік болуы даусыз. Бұл принцип көптеген тәжірибелік және теориялық заңдылықтарға сүйенеді: оқушылардың білім мазмұнын меңгеруі мен танымдық дамуы, оқу процесінің өзара байланысты екі жағы; білім беріктігі оқушының мұғалімге, оқу пәніне, жалпы оқуға деген субъективті қатынасына тәуелді; оқушылардың білім беріктігі оқытудың ұйымдастырылуы, түрі, әдістері, уақыты арқылы қамтамасыз етіледі; қызықты және маңызды материал ұзақ әрі берік есте сақталады.

Осы принципті іске асыру үшін мұғалім бірнеше ережелерді орындауы қажет.

- Оқушылар білімдерін сабақтар барысында; тақырып, тарауды оқыту аяқталған жағдайда; тоқсан мен оқу жылының басында, соңында қайталауды үнемі ұйымдастыру.
- Қазіргі мектеп жаттаудан ойлауға көшуіне байланысты оқушылардың жадын зорламай, білімді санасы мен сезімдерімен қабылдауды үйрету.
- Жақсы түсінбегенді оқушының есінде сақтауына жол бермей, тек саналы білімді жадында сақтату.
- Басты, негізгі идеялар мен ұғымдарды есте сақтауды қамтамасыз ету үшін оқушыларды анықтамалармен, энциклопедиялармен жұмыс істеуге машықтандыру.
- Оқыту жүйесінде түрлі (ауызша, жазбаша, лабора-ториялық-практикалық жұмыстары) жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру.
- Оқуға, білімге ынта-ықылас, қызығушылық, мұғалімнің өзіне сенімі болса, оқушылардың оқу-таным әрекеті ерікті, қуанышты болып, білімдері ұзақ уақытқа дейін сақталады. - Білімнің беріктілігіне кедергі жасайтын сабаққа кешігу, келмеу, сабақ кезінде бос не басқа нәрселермен шұғыл-данып отыру, жалқаулыққа жол бермеу.
- Логикалық түрде берілген, алынған, қайталанған білімдер мен біліктер байланыссыз ақпаратпен салыстырғанда берік екенін ұмытпау.
- Оқушылардың ерікті және еріксіз зейінін тиімді пайдалану: тікелей ұсыныстың орнына қызықты тапсырма, тәртіпке шақыру орнына мысал, мақал-мәтелдерді қолдану.
- Оқушылардың алған білімдерінің беріктілігін нығайту-дың әр түрлі әдіс-тәсілдерін (сезімге толы әңгіме, заманауи көрнекіліктер, техникалық құралдар, оқу ойындары, пікір таластар) іске асыру.
- Жаттығуларды орындаған кезінде оқушылар шаршауының алдын-алу.
- Жаңа оқу материалын ескі, таныс ақпаратпен байланыстыру.
- Оқушыларды өз білімін алу мен тексеруге бейімдеу.

Оқытуды аталмыш ережелерге бағындыру - оқушылар білімінің ұзақ уақыт бойы есте сақталуын, сол білімді өз өмірінде пайдалануын қамтамасыз ету.

Сәйкестік принципі

Бұл принцип ғасырлар бойы жинақталған педагог-тық тәжірибеге негізделіп, оқушыларға жеке-дара қарауды талап етеді.

Демек бұл оқушының бойында бар білім, білік, дағдылар деңгейіне сай жаңа ақпаратты ғана меңгере алады. Сәйкестік принципін дәлелдейтін заңдылықтар: оқыту жас және дара ерекшеліктерге, оқу процесінің ұйымдастырылуы мен әдістеріне тәуелді; ақыл-ой дамуы мен алғашқы білімдері жетік оқушы жаңа материалды тез меңгереді, оқудағы қиыншылықтарды жою баланың мінез-құлқына, қабілеттерінің қалыптасуына, білімінің сапасы мен нәтижелілігіне оң /дұрыс/ ықпал етеді.

Сәйкестік принципін жүзеге асыру үшін орындалатын ережелер:

- Оңайдан қиынға, таныстан бейтанысқа, жеңілден күрделіге көшіп оқыту.
- Білім беруде оқушы әрқашан дара, өзінше ерекше екенін ұмытпау.
- Балалардың ақыл-ойы, қабілеттері мен мүмкіндіктері әртүрлілігін ескере оқыту.
- Оқуда барлық оқушылар табысқа бірдей жетуін талап етпеу, алдыңғы дайындық деңгейіне

сүйену.

- Оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес әдістерді анықтау.
- Оқушылардан мүмкін еместі талап етпеу, тапсырма өте жеңіл де, өте қиын да болмауын ойластыру.
- Оқыту жылдамдығы озат оқушыны тоқтатпай, әлсіз оқушыны ілгері тарту мақсатын көздеу.
- Жаңа күрделі материалды өткенде озат оқушыға, қайталағанда орташа және нашар оқушыға сүйеніп оқыту.
- Ең күрделі білімді игерту үшін аналогия, салыстыру, теңдестіру, қарсы қоюды пайдаланып оқушы ойын қоздыру.
- Жалпы заңдар мен заңдылықтарды түсіндіру қиын болғандықтан, әртүрлі пәнаралық байланыстар арқылы сол заңдылықтардың көрінісін айқындау, методологиялық білімдерді сіңірту.
- Баяу асығыңыздар! Қажетсіз оқытуды тездетуге болмайды, оқыту жылдамдығы жас және дара қасиеттерге сай болуын ұдайы қамтамасыз ету.
- Сәйкестік мұғалімнің әңгімелеу, сөйлеу, тіл анықтылығына тәуелділігін ұмытпау.
- Сәйкестік - жеңілдік емес, оқушы еңбегін жеңілдету мақсат емес, бірақ оқушыға өздігінен білім табуға, қабылдауға, меңгеруге көмектесу қажеттілігін қамтамасыз ету.
- Сәйкестік еңбекқорлықпен байланысты, еңбекқорлық күшейген сайын оқу сәйкестігі кедергісі төмендейтінін ұмытпау.

Әрбір мұғалім оқыту процесіне байланысты білім беру, тәрбиелеу және дамыту қызметінде үнемі дидактикалық принциптерді басшылыққа алуы шарт.

Бақылау сұрақтары

1. "Заң" және "заңдылық" ұғымдарының анықтамаларын атаңыз.
2. Қазіргі дидактика қандай заңдылықтарды ұсынады?
3. Оқыту принциптері деген не?
4. Жүйелілік пен бірізділік принципі деген не?

2.3 Мектептегі білімнің мазмұны

1. Білім беру мазмұны

Білім беру мазмұны - оқушыларды жан-жақты дамыту, ақыл-ойын, танымдық қызығушылығын қалыптастыру, еңбекке дайындау үшін белгілі типтегі мектепте оқытылатын білім мен біліктер жүйесі.

Білім беру мазмұны дидактикалық категория ретінде "нені оқыту керек" сұрағына жауап береді. Оқушыларды жан-жақты дамыту үшін оларға адамзат жинақтаған білім-дер, біліктер мен дағдылардың жүйесін меңгерту керек. Білім беру мазмұны қоғамның мектеп алдына қоятын ағымдағы және болашақ мақсаттары арқылы айқындалады. Сонымен бірге, оқу мазмұны жеке адамдардың да мақсат-тарын ескереді. Айта кететін жайт, оқу мазмұны әрқашан саяси, идеологиялық күрес сахнасы. Саяси күштер мектеп арқылы барша қоғамға өз ықпалын таратуға тырысады.

Оқу мазмұны қоғамның әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық қажеттіліктеріне сай қалып-тасады. Еліміздің тәуелсіздігі, Республикамыздағы әлеумет-тік-экономикалық және саяси өзгерістер мектеп түлектері жаңа қоғам құруға, мәдени және рухани өрлеуге дайын болуын талап етеді.

Білім мазмұнына әлеуметтік және ғылыми жетіс-тіктер деңгейі де өз әсерін тигізеді. Соңғы кезде ғылыми жаңалықтың пайда болуы мен оның мектепте оқытылуы арасындағы уақыт қысқарып бара жатыр. Мысалы, радио шыққанына 40 жыл өткенде ғана мектеп бағдарламасына енгізілсе, заманауи компьютерлік бағдарламалар шыққан жылы оқытылуда.

Оқу мазмұнына кіретін мәліметтер жас мүмкіндік-теріне де байланысты. Баланың есте сақтау қабілеті жоғары болғанымен, білімді игеру, мәнін түсіну үшін өмірлік тәжірибе керек.

Ұлттық және жалпы адамзаттық мәдениетке байла-нысты да оқу мазмұнында ерекшеліктер болады. Қазіргі заманда дүниежүзі бойынша оқу мазмұны адамдандыру, компьютерлендіру, кіріктіру, тұлғалық даму ережелеріне негізделеді.

Оқу мазмұны дидактикалық талаптар негізінде қай сыныпта, қандай көлемде қандай пәндер оқытылуы керектігін белгілейді. Бастауыш сыныптарда барлық пәндерден алғашқы элементарлық ақпарат берілсе, орта сыныптарда жүйелі білім беріледі.

Білім берудің мазмұны оқу жоспарларында, жеке пәндердің оқу бағдарламаларында және оқулықтарда, электрондық оқу құралдарында нақтыланады.

2. Оқу жоспары, бағдарламалар, оқулықтар

Оқу жоспары

- оқу жылының, тоқсандардың, демалыс күндерінің мерзімін,
- оқытылуға тиісті оқу пәндерінің тізімін,
- әрбір оқу жылы /сыныптар/ бойынша оқу тәртібін және ретін,
- әрбір пәнге бүкіл оқу мерзімінде және апта сайын әр пәнге бөлінетін сағаттардың мөлшерін көрсететін мемлекеттік құжат.

Типтік оқу жоспары оқу министрлігінде жасалынып барлық орта мектептерге ортақ болып бекітіледі. Оқу жоспары мектептердің түрлеріне орай да жасалынады. Шағын комплектті, сегіз жылдық, ұлттық мектептерде жоспар өзінше құрылады.

Оқу жоспары қоғамның мектеп алдына қойған мақсатымен тығыз байланысты. Оқу жоспарында жеке пәндер педагогикалық заңдылықтарға, бірізділік және жүйелілік принциптеріне, оқушылардың жас және таным ерекшеліктеріне, санитарлық-гигиеналық талаптарға сай орналасады. Жеке пәндердің белгілі бір реттілікпен оқу жоспарында берілуі олардың өзара логикалық байланыс-тылығына тәуелді. Оқу пәндері міндетті және таңдаулы деп бөлінеді.

Оқу бағдарламалары оқу жоспары негізінде құрас-тырылады. Оқу бағдарламасының құрамы:

- аталмыш пән бойынша оқытудың мақсатын, оқушылар білімдеріне, біліктер мен дағдыларына қойы-латын талаптарды, олардың білімін бағалау жолдарын, оқытудың түрлері мен әдістері туралы нұсқауларды, бағдарламаның басты ерекшеліктері мен айырмашылық-тарын анықтайтын түсінік хат;

- пәннің мазмұнын анықтайтын тараулар мен тақырыптар;
- негізгі дүниетанымдық сұрақтар, басты ғылыми проблемалар тізімі;
- әр тақырыпқа қажетті сағат мөлшері;
- пәнаралық байланыстар туралы ұсыныстар;
- әдістемелік оқу құралдары мен көрнекіліктер тізімі;

- ұсынылған әдебиет.

Сонымен, оқу жоспарының негізінде әрбір жеке пәндер бойынша бағдарлама құрылады. Ол **түсінік хат, негізгі бөлім және әдістемелік аппаратынан** тұрады.

Қоғамның дамып, жаңаруына, ғылыми жаңалық-тардың өсуіне байланысты оқу бағдарламалары қайта қаралады. 1990 жылдан бастап Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне, ұлттық идеяға бағытталған бағдарламалар дүниеге келуде. 1999 жылы қабылданған "Білім туралы" заңға байланысты білім беру саласын демократияландыру, гуманитарландыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құнды-лықтарды меңгеруге сай білім беру саласының құрылымына, мазмұнына, сипаты мен оқу жоспарына, оқу бағдарламасы мен оқулықтарға өзгерістер енгізілді.

Бағдарлама жасауда кейбір кемшіліктерді атап өткен жөн болар:

- оқушылардың түсінігіне қиын оқу материалын енгізу;
- курсаралық байланысты ұмыту;

Оқу бағдарламасы оқушыларға оқу әдебиеті арқылы жетеді. Оқу әдебиетіне оқулықтар, анықтамалар, қосымша кітаптар, есептер мен жаттығулар жинақтары, атластар, карталар, жұмыс дәптерлері жатады. Солардың ішінде басты назар оқулыққа арналады. Жақсы оқулық оқушыны нәтижелі оқуға жетелейді.

Оқулық – оқу бағдарламасына сай оқу пәнінің мазмұнын жүйелі түрде баяндайтын кітап.

Оқулыққа қойылатын негізгі **талаптар**:

- оқу бағдарламасына сәйкес болу;
- оқушылар үшін ұғымды, қысқа және қызықты болу;
- көрнекіліктермен жақсы жабдықталу;
- тілі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек;
- тексеру, өзін-өзі тексеру және оқу нәтижелерін түзетуге арналған сұрақтар мен жаттығулардың болуы.

Оқулық оқушылар оқу материалын саналы, белсенді түрде, толық меңгеруін қамтамасыз етуі керек.

Оқулыққа қойылатын талаптар күрделі болғандық-тан соңғы кезде әрбір пәннен бірнеше нұсқада оқулықтар, оқу құралдары жарыққа шығуда. Дәстүрлі кітаптармен қатар аудио-, видеокассеталар және компактдисктерге жазылған оқулықтар пайдаланып жүр.

Бақылау сұрақтары

1. Білім беру мазмұны дегеніміз не?
2. Білім мазмұны немен байланысты анықталады?
3. Жалпы білім беру, политехникалық және кәсіптік білім беруді қалай түсінесіз?
4. Қандай мемлекеттік құжаттар оқытудың мазмұнын анықтайды?
5. Оқыту процесінде оқу жоспары, оқу бағдарламасының қызметі қандай деп ойлайсыз? Олардың құрылымына сипаттама беріңіз.
6. Оқу пәні немесе оқулық дегеніміз не? Оқыту жұмысындағы, оның атқаратын қызметі қандай?
7. Оқу жоспары, оқу бағдарламасы мен оқулыққа қойылатын қандай дидактикалық талаптарды білесіз?
8. Қазіргі кезеңде мектептегі оқытудың мазмұнын қайта қараудың негізгі себептері қандай?

2.4 Оқыту әдістері

1. Оқыту әдістері туралы түсінік

Оқыту әдісі дидактиканың негізгі бір құрамды бөлігі болып табылады. Себебі, оқыту процесі оның мақсаты, мазмұны, әдістері және ұйымдастыру формаларының біртұтастығы болып табылады.

Әдіс деген сөз гректің "metodos" деген сөзінен шыққан. Метод деген ұғым *белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары* деген мағынаны білдіреді. Оқыту әдістері туралы әрбір автор өз анықтамасын береді.

Қысқаша психологиялық-педагогикалық сөздік "әдіс" – мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет" - деген анықтама береді.

Оқыту әдісі - оқушыларға білім беру және оларды дамыту мақсатында мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жасайтын қызметі мен қарым-қатынасының тәсіл-амалдары – деген де пікір айтылады.

Оқыту әдістері – оқытушы мен оқушылардың жұмыс істеу әдісі, оның арқасында білім, іскерлік, дағды қалыптасып, оқушылардың дүние танымдылығы мен қабілеттілігі артады.

Оқыту әдістері – мұғалім мен оқушылардың бірлесе жасайтын әрекеті.

Оқыту әдістері – мұғалім мен оқушылардың өзара әрекетінің барысында білім алу жолдары.

Оқыту әдістері – мұғалім мен оқушылардың өзара әрекетінің негізінде білім, тәрбие және таным процесін жетілдіру.

"Әдіске" қатысты анықтамаларда бәріне ортақ пікір: "белгілі бір мақсатты көздеген мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас және іс-әрекет".

Олай болса **оқыту әдістері** - оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Оқу құралдарына оқу кітаптары, көрнекі және техникалық құралдар жатады.

1. Оқу кітаптары - оқулықтар, оқу-әдістемелік кітаптар, анықтамалар, сөздіктер, есептер жинағы т.б.

2. Көрнекі құралдар - кестелер, сызбалар, чертеждар, суреттер, фотосуреттер, альбомдар, тарихи, экономика-лық-географиялық карталар т.б.

3. Техникалық құралдар - ұнтаспа, телеарна, бейнетаспа, компьютер т.б.

Сабақтар жүйесінде оқытудың әр алуан әдістерін мұғалімнің пайдалана білуі оқыту процесінің дұрыс ұйымдастырылғандығын сипаттайды. Бұл турасында Л. Н. Толстой былай дейді: "Қандай мұғалім болмасын, әдістерді неғұрлым көп білуге тырысуға, оларды көмекші шара ретінде қабыл алуға тиісті. Оқушының сабақ түсінуіндегі қиыншылығының қандайын болса да, оны оқушының кемшілігі емес, қайта өзінің сабақ оқытудағы кемшілігі деп қабылдауға тиісті. Жаңа тәсілдерді ойлап табу жөнінде өзінің қабілетін дамыта беруге ұмтылуға тиісті".

Сондықтан, әрбір мұғалім сабаққа дайындалу барысында оқу материалын оқушыларға қалай меңгертуге болатыны жайында үнемі шығармашылықпен жұмыс істеуі тиіс.

Оқыту процесінде оқушыларға ғылым негіздеріне сай терең де тиянақты білім беру, оларды адамгершілік рухта тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешудегі мұғалімнің басшылық ету тәсілдері, амалдары мен құралдарының біртұтастығын оқыту әдістері демекпіз.

2. Оқыту әдістерінің көптүрлілігі, оларды топтастыру

Оқыту әдістері педагогика саласында талас тудыратын күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Соған орай бүгінгі таңда оқыту әдістерінің анықтамасы және оларды топтастыру мәселесінде ортақ пікір қалыптаспаған.

Бұл мәселені зерттеуші авторлар (С. И. Архангельский, С. И. Зиновьев, Н. В. Кузьмина, Т. А. Ильина, Н. Д. Никандоров т.б.) оқыту әдістеріне түрліше анық-тама беріп, оларды әр түрлі негізде топтастыруды ұсынады.

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерде топтастырудың жиырмадан астам түрі бар екен.

1. Оқушылардың таным белсенділігіне қарай (М. Н. Скаткин, И. Я. Лернер):

- түсіндірмелі хабарлау әдісі;
- репродуктивтік әдіс;
- проблемалық баяндау әдісі;
- эвристикалық әдіс.

2. Оқытудың мақсаттары мен құралдарына қарай (М. А. Данилов, Б. П. Есипов, Т. А. Ильина):

- жаңа білім беру әдісі;
- біліктер мен дағдыларды қалыптастыру әдісі;
- Техникалық құралдармен жұмыс істеу әдісі;
- өзіндік жұмыс істеу әдісі;
- білімді тексеру әдісі;
- проблемалық, программаланған оқыту әдісі.

3. Тұтас педагогикалық әрекеттің тәсілдеріне қарай (Ю. К. Бабанский):

- оқу-танымдық әрекеттерді ұйымдастыру;
- оқуға ынталандыру;
- оқытудағы бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері.

4. Әдістің логикалық және психологиялық сипатына қарай (Р. Г. Лемберг):

- ауызша баяндау әдісі;
- есеп шығару әдісі;
- өнер құралдарын пайдалану әдісі.

5. Мұғалім мен оқушылардың жасайтын әрекетінің ерекшеліктеріне қарай (В. Оконь):

- жаңа білімді игеру әдісі;
- өзіндік білім әдісі;
- проблемалық әдіс;
- практикалық әдіс;
- көркем әдебиет пен өнер құралдарын пайдалану әдісі.

Солардың ішінде ең көп тарағаны – **білім берудің көздеріне** сәйкес (И. Т. Огородников, С.

И. Перовский, Е. Я. Голант):

- сөздік немесе ауызша баяндау әдісі;
- көрнекілік әдістер;
- тәжірибелік әдістер.

Бұл әдістің ерекшелігі: егер мұғалім оқу материалын ауызша баяндаса, онда білім алу көзі мұғалімнің сөзі болып табылады немесе мұғалім оқушыларға білім беруде көрнекіліктерді қолданса, онда білім алу көзі көрнекіліктер болып есептелінеді т.с.с.

3. Оқыту әдістеріне жалпы сипаттама

Білімді меңгерту қандай жолдармен немесе тәсілдермен іске асса да, оқыту әдістерін таңдау негізінен, білім берудің мазмұны сияқты, оқытудың жалпы мақсаттары және міндеттеріне сәйкес анықталады.

Оқу процесінде **білім берудің көздеріне** қарай қолданылатын әдістер:

Сөздік әдістер: түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу, лекция, кітаппен жұмыс.

Көрнекі әдістер: иллюстрация және демонстрация.

Тәжірибелік әдістер: лабораториялық, практикалық, графикалық, әр түрлі жаттығу жұмыстары.

Оқыту процесінде ең көп тараған дәстүрлі әдіс - **сөздік немесе мұғалімнің ауызша баяндау әдісі**. Бұл әдіс оқыту процесінде басқа әдістерге қарағанда жетекші роль атқарады. В. А. Сухомлинский: "Сөз – ең маңызды педагогикалық құрал, оны еш нәрсемен ауыстыра алмайсың..."- деп оның маңызына ерекше назар аударады

Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сенімді, сондай-ақ дауыс ырғағы мен мимикасы мәнерлі және бай болғаны қажет. Бұл ойымыз дәлелді болу үшін Ы. Алтынсаринның пікірін келтірейік: "Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кіналамай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кіналауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек".

Бұл әдісті қолданғанда мұғалім оқушыларға білім берумен қатар олардың таным белсенділігін арттыруға (зейін, қабылдау, ойлау т.б. процестерін) байланысты да әрекет жасайды.

Мұғалімнің оқу материалын ауызша баяндауы көп жағдайда түрлі көрнекі және техникалық құралдарды пайдаланумен ұштастырылады.

Ауызша баяндаудың тағы бір ерекшелігі, оқытушының түсіндіруі мен оқушылардың ұғыну процесінің қатар жүруінде. Түсіндіру барысында әңгіме, әңгімелесу, ауызша-жазба және лабораториялық жұмыстарын қажетіне сай қатар қолдану керек.

Түсіндіру – оқу материалын мұғалімнің логикалық тұрғыдан дәйекті де сындарлы баяндауы. Оның себебі, түрлі заңдылықтар мен ережелерді түсіндіру белгілі дәрежеде логикалық

жүйелілікті қажет етеді.

Түсіндіру әдісінің **мақсаты**: заттардың елеулі белгі-лерін ашып көрсету, фактілер мен құбылыстарды талқы-лау. Сондықтан мұғалімнің оқу материалын түсіндіруінде әрқашанда **пайымдау, қорыту, дәлелдеу** көп болады.

Түсіндіру әдісінің ең маңызды мәселелері – оқушылардың алдына жаңа мәселені айқын, ашық етіп қойып, оқу материалын тыңғылықты баяндап шығу. Түсіндіру әдісінің табысты болуы мұғалімнің нақтылы деректерді қаншама сәтті қолдана білгендігіне де байланысты.

Түсіндіру әрқашанда заттар мен фактілердің, құбылыстардың мәнін ашу, қағидаларды түсіндіру, осы-лардың негізінде оқушыларға жаңа білімді баяндауда оны терең және түсінікті ұғынуларына мүмкіндік туғызады. Бірақ ол оқушылардың жас ерекшеліктеріне, сынып және пән ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырады.

Әңгіме – мұғалімнің сабақ барысында оқушылармен араласуының неғұрлым қолайлы тәсілі болып табылады. Сөйтіп, оқушыларға жаңа білімді түсіндірудің неғұрлым қарапайым және түсінікті түрі.

Әңгіме барысында мұғалім құбылыстарды бірізділікпен көркем суреттей отыра, өз сөзін әртүрлі көркем шығармалар (картина, фотосурет) мен көрнекі құралдарды қолдану арқылы жалғастырып отырады. Оқытуды бұлай ұйымдастыру оқушылардың фактілер мен құбылыстарды жақсы түсініп, ұғынуына көмектеседі.

Бұл әдісті қолдану барысында мұғалім мен оқушылар арасында диалог пайда болады. Әңгіме оқытудың түрлі міндеттерін орындауға бағытталады: жаңа білімді хабарлау, оны бекіту мақсатында қолданылатын әңгіме; өткен материалды жаңамен байланыстыру, өткенді қайталау, оны тексеру және бағалау үшін қолданылатын әңгіме.

Әңгіме әдісі көбінесе бастауыш немесе орта буын сыныптарда кеңінен қолданылады.

Мұғалімнің сабақта әңгіме әдісін қолдану ұзақтығы, берілетін оқу материалының сипатына байланысты болып келеді.

Әңгімелесу - мұғалім мен оқушылар арасында жаңа білімдерді хабарлау, пысықтау, қорытындылауды дұрыс ұйымдастырылған сұрақ-жауап тәсілінде қолданылады. Сондықтан әңгімелесу оқытудың аса күрделі әдісі болып есептеледі. Бұл әдісті нәтижелі пайдалану мұғалімдер тарапынан өте мұқият дайындықты талап етеді.

Әңгімелесу барысында мұғалім оқушылардың жеке басының қабілетін, зейінін (т. б. психикалық процестерін), таным ерекшеліктерін танып біледі, баяндалып отырған немесе өтілген оқу материалын олардың қалай ұғынғанын анықтайды.

Әңгімелесуде баяндау, талдау, қорытынды жасау тәсілдері қолданылады. Бұл әдіс, сонымен қатар, сұрақ-жауап тәсілі арқылы да іске асады. Ол үшін мұғалімнің сұрақтары дәл, жинақы, оқушының ойын оятуға, дамытуға бағытталған болуы тиіс.

Дәрісбаян - сөзге негізделген оқыту әдісі ретінде ол өзінің құрылымы, баяндалатын оқу материалының дәлдігі және сабақтың өн бойында тыңдаушыларының ойлау қабілетін белсенді етуі жағынан басқа әдістерге қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар.

Дәрісбаян әдетте жоғары сынып оқушылары арасында көптеп қолданылатын әдістің бірі. Дәрісбаян барысында оқушылар жаңа оқу материалын тыңдайды, қабылдайды, ұғынады, мұғалім сөзіне зейін қоя тыңдайды, мазмұнын қадағалап отырады.

Дәрісбаянның басқа ауызша баяндау әдістерінен тағы бір ерекшелігі, мұғалімнен жаңа білімді баяндамас бұрын оқушыларға оның жоспарымен, қажетті әдебиеттер тізімі-мен таныстыруын қажет етеді. Оқушылардың лекция жоспарымен алдын-ала танысуы, оның мазмұнын баян-дауда мұғалімнің ойын жақсы ұғынуға көмектеседі.

Ол үшін лекция мақсатының идеялық бағыты, оның нақтылығы, берілетін білімнің оқушыларға түсінікті болуы мұғалімдер тарапынан үлкен шеберлікті қажет етеді.

Дәрісбаян барысында баяндалған оқу материалының мазмұнын оқушылардың қысқаша жазып отыруы, оны өз беттерінше қайталап оқуы, дағдылануы да қажеттілік болып табылады.

Дәрісбаян және әңгіме әдістері оқу материалына жұмсалатын уақытты үнемдеу жағынан тиімді болғанымен де, оқушылардың өз ойын, пікірін айтып, кеңес алуға қолайлы жағдай туғыза алмайды. Бұл турасында әңгімелесу әдісінің мүмкіндігі мол.

Мұғалім дәрісбаянға дайындалу барысында оның мазмұнына, амал-тәсілдеріне және құрылымына назар аударады. Дәрісбаянның мазмұнын ол оқу бағдарламасы, оқулық және оқу құралдарына байланысты анықтайды. Бірақ, бағдарламада көрсетілген барлық мәселелердің ішінен түйінді мәселелерді айырып, ғылымның соңғы жаңалықтары мен табыстарын озат тәжірибемен байланыс-тырып, материалдың белгілі бір бөлігін оқушыларға оқу-лықтан, басқа әдебиеттерден өздігінен оқып алуға тапсыр-малар беріп отыруды оқытушы мұқият ойластыруы

қажет. Сонымен, лекцияның мазмұны, баяндалу формасы, оқытушы-ның шеберлігі лекцияның тиімділігін арттырудың кепілі.

Оқулықпен және кітаппен жұмыс істеу әдісі – оқушылардың өздігінен жаңа білімдерді қабылдау, сыныпта алған білімдерін бекіту, біліктілік пен дағды қалыптастыруда тиімді әдіс болып табылады.

Кітап - білімнің сарқылмас қайнар бұлағы. Ол білім мазмұнын кеңірек ашып, оқушылардың оны терең игеруіне көмегін тигізеді. Оқулық және кітаптың көмегімен оқушылар сабақта немесе сабақтан тыс кездерінде түрлі жаттығу жұмыстарын орындап, мұғалімнің басқаруымен сыныпта алған білімдерін толықтырып отырады.

Оқушылар оқулықтармен және басқа оқу кітаптары-мен жұмыс істей отырып, белгілі білім жүйелерін меңгереді, өздерінің көзқарастарын қалыптастырады, ой-өрісін дамытады, өздігінен жұмыс істей білуге дағдыланады.

Кітаппен жұмыс істеу оқушы үшін оқытуда күрделі тәсіл болып танылады. Қазіргі мектеп тәжірибесіне жүгінсек, көптеген жағдайда, оны бітірушілер арасында кітапты оқи немесе нәтижелі қолдана білмейтіндер кездеседі.

Кітапты немесе оқулықты оқи отыра, оның нақтылы мазмұнын, тақырыптың негізгі ойын, құнды деректер мен қағидаларын жеке қарастыру, жетекші идеяларын ашып көрсете немесе өз сөзімен тиянақты баяндай алмау мәселе-лерін ұмытпаған жөн. Ол үшін оқушы оқу материалының құрылымымен жалпы танысу, оны көз жүгірте қарап шығу, содан кейін барып кейбір маңызды бөліктеріне жете мән беру, оған қатысты жаттығу жұмыстарын жасау, ең соңында оқығанын есінде сақтауға күш салуға дағдылануы тиіс.

Екінші мәселе, бастауыш сыныптан бастап оқушыларды дауыстап оқуға, одан кейін тез, іштей оқуға, оқығанды өз сөзімен айтып беруге дағдыландыру қажет.

Мәтінмен жұмыс істегенде оқушыларды, оның ең негізгі мазмұнын айтуға, бөліктерге бөліп жоспар жасауға, қорытынды мен тұжырымдар жасауға үйрету керек. Егер оқушы осындай тәсілдерді қолдана білсе, онда ол оқығандарын тек жаттап алуға дағдыланады.

Кітаппен жұмыс істеудің өзіндік мәнді психологиялық ерекшелігі бар. Кітап оқу мұғалімнің сөзін тыңдауға қарағанда оқушының ақыл-ой күші мен ерік-жігерін көп керек етеді. Ол оқушының өзіндік ойлауын, іс-әрекетін жандан-дырып, оның білім деңгейін, дүниетанымын арттырады. Қоғамға, өмірге, адамдар-арасындағы қарым-қатынаста басқаша көзқараспен қарауға тәрбиелейді. Яғни, ол білім беру көзі ғана емес, сонымен қатар тәрбие құралы.

Дегенменде, оқушының үй тапсырмасын кітап немесе оқулық көмегімен орындау барысында қажетті уақытты тиімді пайдалану, өзіне-өзі бақылау немесе есеп беру жұмыстарында айтарлықтай кемшіліктер бар. Барлық оқушылар бірдей біздің жоғарыда айтқан кітаппен жұмыс жасау тәсілдеріне мән бермейді, оның талаптарын толығы-мен сақтамайды. Соның негізінде білім мазмұны нашар меңгеріледі.

Сондықтан оқушының кітаппен өз бетінше нәтижелі жұмыс істеуін, оның саналы көзқарасын және өзіне-өзі бақылауды үйрету, ұйымдастырып отыру мұғалім тарапынан жауапкершілікпен көңіл аударып отыруды қажет етеді.

Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді.

Бұған демонстрация, иллюстрация және бақылау тәсілдері жатады.

Демонстрация (көрсету) оқушыларды құбылыстар, процестер және заттардың нысанасымен табиғи жағдайда таныстыру барысында қолданылады. Әдістің бұл түрі оқылып отырған құбылыстың қозғалысын анықтау, заттың ішкі құрылысы және сыртқы көрінісімен немесе бірыңғай заттардың орналасу жағдайымен таныстыруды көздейді.

Табиғи нысананы көрсету негізінен сыртқы көрінісінен басталады (көлемі, түсі, формасы, өзара байланысы т. б). Келесі кезекте оның ішкі құрылысы немесе жекелеген құрамы бөлініп көрсетіледі. Заттың үлгісі және көркем туындылар оқушылар тарапынан біртұтастық жағдайында қабылданады.

Демонстрациялау көбінесе оқушылардың практика-лық оқу әрекетімен ұштаса жүргізіледі. Приборлар мен нысандарды демонстрациялау нәтижесінің табысты болуы бірнеше жағдайға байланысты болады:

- көрсетіліп отырған нысана барлық оқушыларға жақсы көрінуі тиіс;
- оқу материалын түсіндіру кезінде көрсету жұмыс-тары жүргізіліп, соңынан нысана алынып тасталуы керек. Оны оқушыларға алдынала көрсетуге болмайды;
- көрнекі құралдарды бақылау барысында әрбір оқушы мұғалімнің нұсқауы бойынша жұмыс істеуі тиіс;

- көрсету кезінде мұғалімнің ауызша баяндауы оқушылардың бақылауын дамытуға және көркем сөйлеуін орнықтыруға ықпал етуі тиіс;

- оқушыларды бақылау жұмыстары нәтижесіне қорытынды жасай білуге дағдыландыру т. б.

Оқытуды бұлай ұйымдастыру оқушылардың оқу материалын жеңіл әрі терең ұғынуына мүмкіндік туғызады, олардың ойлау әрекетін жандандырып, қосымша ақпараттар береді.

Оқушылардың құбылыстарды, процестерді және нысандарды өздері белсенділік танытып оқып үйренсе, шын мәнісінде бұл әдіс нәтижелі болмақ. Олар тарапынан мұндай қарым-қатынас оқытуда проблемалық және ізденушілік жағдайға итермелейді.

Сабақ барысында оқытудың демонстрациялау әдістерінен қолдануда оқу киносы, диапозитив, диафильм, магнитофон, радио, ұнтаспа, киноскоп, эпидиоскоп, теледидар, видеофильм секілді техника құралдары көптеп пайданылады.

Заттар мен құбылыстарды, кейбір жағдайда қажет-тігіне сай табиғи ортада көрсетуге болады (Мысалы, табиғат, оның құбылыстары, жан-жануарлар, өсімдіктер, ауылшаруашылығы техникалары, өндіріс құралдары т.б.).

Иллюстрация - демонстрация әдісімен тығыз байланыста болады. Бұл әдісті иллюстративті құралдарды (плакаттар, картиналар, суреттер, чертеждер, портреттер, картограммалар, модельдер) көрсетуде қолданады.

Иллюстрация әдісінің нәтижелі болуы, негізінен оның қолдану тәсілдерін мұғалімнің қаншалықты меңгергеніне байланысты болып келеді. Соның негізінде оқушылар мен мұғалімге оқу материалын табысты меңгеруге айтарлықтай көмек бере отыра, ғылыми ұғымдарды жеңіл меңгеруге септігін тигізеді.

Мектеп тәжірибесі көрсеткендей сабақта иллюстрациялы материалдарын көптеп қолдану, оқушылардың назарын нақтылы оқу материалынан ауытқуына әкеп соғады. Сондықтан, көрнекі құралдарды пайдаланудың дидактикалық қолданысын және таным процесінде олардың рөлін алдын-ала жақсылап ойластырып алу қажет. Бұған қосымша мұғалімдер көрнекі құралдардың тиімді көлемін де анықтауы қажет.

Бұл әдістердің ішінде ең басты рөл атқаратыны – **бақылау** әдісі. Ол барлық оқу пәндерін оқытуда кеңінен қолданылады.

Бақылау әдісі сабақта нақты заттар мен көрнекі және техника құралдарын көрсету кезінде, экскурсияда, лабораториялық жұмыстарда, еңбек операцияларын орындау барысында ерекше орын алады. Бақылау мұғалімнің басшылығымен сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта мұғалімнің тапсырмасына байланысты немесе оқушылардың өздерінің қалауы бойынша кеңінен іске асырылады. Дұрыс қолданған бақылау әдісі оқушылардың байқағыш-тық, логикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

Бақылау әдістерін қолданудың тиімділігі мынандай тәсілдерді қолдана білуге байланысты:

- байқаудың мақсатын анықтау;
- қабылдайтын нәрселердің мөлшерін белгілеу, салыстыру арқылы олардың көптеген белгілерінің ішінен ең негізгі, бастыларын ажырату;
- оларды топтастырып, қортындылар мен тұжырымдар жасау.

Байқайтын нәрселердің, бейнелердің ерекшеліктеріне байланысты бақылау әдісінің негізгі түрлері:

- демонстрациялық бақылау;
- экскурсиялық бақылау;
- лабораториялық бақылау;
- техникалық бақылау;
- оқушылардың өздігінен дербес бақылауы.

Оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың күшті құралы – бақылау. К. Д. Ушинский "Бақылау-логикалық ойлаудың негізі", - деп жай айтпаған. Ұлы педагог логикалық ойлауға үйрену үшін, ең алдымен, балаларды жан-жақты бақылауға үйрету керектігін де ескертеді.

Бақылау өткізудің негізгі әдістемелік талаптары:

1. Мұғалім оқушыларды белгілі нәрсені жан-жақты бақылауға, оның неғұрлым көп және әртүрлі қасиеттерін, ерекшеліктерін, мүмкіндігінше, көру, есту, дәм, иіс т.б. сезім мүшелерін қатыстыру арқылы зерттеуге бағыт беруінің маңызы зор. Бақылау тек көру т. б. сезім мүшелерінің жұмысымен ғана емес, ол адамның ойлау әрекетімен тығыз байланысты болуы керек.

2. Мұғалім бақылауда оқушыға анализ бен синтез арқылы заттардың негізгі қасиеттерін ажырату, топтастыру, қорытындылау сияқты ойлау процестерін қолдануға басшылық етуі қажет.

3. Мұғалім оқушылардың бақылауын ұйымдастыру үшін, ең алдымен, бақылаудың мақсатын,

байқайтын нәрселердің мөлшерін немесе көлемін анықтап, жоспарын жасап беруі керек.

Тәжірибелік әдістер. Оқушылардың сабақта алған теориялық білімдерін, біліктілік пен дағдыларын тереңдету және жетілдіре түсу мақсатында олардың практикалық жұмыстарының маңызы ерекше.

Оқытудың негізгі дәстүрлі әдістерімен қатар мұғалім оқушылармен бірігіп сабақта, оқу-тәжірибе участогінде оқу приборлары және техника құралдары көмегіне сүйеніп оқу тәжірибелерін жүргізеді.

Оқытудың **зертханалық** тәсілі негізінен биология, химия, физика пәндерінде жиі қолданылады. Аталған пәндердің мазмұны зертханалық жұмыстарды қажет етеді.

Зертханалық жұмыстар жаппай түрде немесе оқушының жеке-дара орындауы арқылы жүреді. Жаппай түрде жүргізгенде сыныптағы оқушылардың бәрі бірыңғай тәжірибе жасайды, ал жеке оқушылар орындағанда әрқайсысының жасайтын тәжірибесі әр түрлі болады да, кейін ол жинақталады.

Оқушылардың зертханалық жұмыстары мектеп жанындағы оқу-тәжірибе учаскесінде жүргізілетін тәжірибелермен де тығыз байланысты. Олар **дайындау, өткізу, қорыту кезеңі** болып бөлінеді.

Дайындау кезеңінде оның мақсаты белгіленеді, жоспары жасалады және оқушыларды қажетті аспаптармен, реактивтермен, басқа да оқу құралдарымен, жұмыс істеу принциптерімен таныстырады.

өткізу барысында мұғалім әр оқушының қойған тәжірибесін мұқият бақылайды және қажет болған жағдайда оларға көмектеседі.

Қорыту кезеңін бірнеше тәсілмен өткізуге болады. Біріншіден, әр оқушы өзінің орындаған жұмысын хабарлайды, екіншіден, ұжымдық түрде орындалған жұмыстың нәтижесі туралы әңгіме өткізіледі, үшіншіден, зертханалық жұмыстардың нақтылы қорытындыларын мұғалімнің өзі жинақтап, оқушылар орындаған жұмыстардың нәтижесін қорытып баяндайды.

Графикалық жұмыстар барлық пәннен орындалады. Бұған кестелер жасау, диаграммалар құру, сызбалар сызу секілді оқушылар әрекеттері жатады. Графикалық жұмыстар география мен тарих, сурет сабақтарында кеңінен пайдаланылады.

Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны – **жаттығу** әдісі. Бұл әдіс оқушыларда біліктер мен дағдыларды қалыптастырады. Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады. Сондықтан, бұл әдіс барлық пәндерді оқытуда кеңінен қолданылады.

Жаттығу жұмыстары негізінен тіл мен математика, сонымен бірге, шет тілдерін оқу пәндерінде көбірек жүргізіледі. Оқушылар осы пәндердің мазмұнына қатысты теориялық білімдерін пысықтау барысында практикалық жұмыстарын атқарады. Мысалы, есеп сабақтарында жазбаша есеп шығару, тіл сабақтарында диктант жазу, грамматика және фонетика жұмыстарын орындау т. б.

Жаттығу оқушылардың оқу жұмысын өздігінен орындау белсенділігін арттырады. өзіндік жұмыстарына оқушылардың шығармашылықпен атқаратын реферат, шығарма жұмыстары да жатады. Оқушылардың осындай жұмыстары **жазбаша жаттығу** деп аталады.

Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяндауға дағдылану мақсатын көздейді. Бұны негізінен үш түрге бөлуге болады. Біріншісі - ғылыми пәндердің ережелері мен қағидаларын жатқа айта білу. Екіншісі – оқу материалының мазмұнын ауызекі баяндау. Үшіншісі – көркем әдебиеттерден жатқа үзінділер оқу, баяндамалар жасау немесе өздерінің жазған шығармаларын ауызша айтып беру.

Оқыту әдістері - оқыту процесінің барлық кезең-дерінде оқытудың түрлі мақсат-міндеттерін орындау барысында оқушылардың таным әрекетін арттыруға бағытталуы тиіс. Сондықтан, оқыту процесінде оқушылар-дың таным әрекетінің белсенділігін арттыруға септігін тигізетін әдістерге айрықша назар аудару қажет.

4. Оқыту әдістерін жетілдіру және мұғалімнің сабақтар жүйесінде оларды таңдай білуі

Оқыту әдістерін жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Оқыту әдістерінің тиімділігін арт-тырып, оқытудың жаңа формалары мен тәсілдерін мең-геру қажеттігіне педагогикалық зерттеулерде айрықша маңыз беріледі.

Алайда, оқыту әдісін қайта құру – күрделі процестің бірі. Кейбір әдістерді қолдануда

біржақты асыра сілтеушілікке жол бермеу керек. Тіпті әр тақырыптың өзі де оқытудың ерекше тәсілдері мен жолдарын талап етеді. Сондықтан, оқытуда әртүрлі әдістерді қолдану қажет.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатына, оқу материалының мазмұны мен көлеміне, оқушылардың дайындық дәрежесіне сәйкес, сабақтың құрылысы мен оқу әдісін ұдайы толықтырып отыруды мұғалім өзі белгілеп, өзі таңдап алады.

Олай болса, оқыту әдісін мұғалімнің таңдап алуы белгілі **шарттарға** байланысты болып келеді.

1. Оқыту әдістерін оның мақсат-міндеттеріне, оқушылардың жас және таным әрекетінің ерекшеліктеріне сай қолдану.
2. Қолда бар нақтылы көрнекі және техника құралдарын, кабинет жабдықтарын ескеру.
3. Мектептің географиялық орналасуын ескеру. Мысалы, оқытуды қала мектептерінде оқушылардың өндіріс орын-дарына экскурсия жасау мүмкіндігімен, ал ауыл мектеп-терінде мектеп жанындағы участкелерге, табиғатқа, ауылшаруашылық өндірісіне бару жағдайымен байланыстыру.
4. Мұғалімнің іс-тәжірибесінің шығармашылық сипатына, оның шеберлігіне тікелей байланысты шараларды іске асыру.

Оқытудың нәтижелі өтуіне негіз болатын түп қазық - мақсаттың жүзеге асуы. Мұғалім қандай тақырып өтсе де, ең алдымен, оның мақсатын анықтауы тиіс. Бұл мұғалімнің өзіне қажет. Себебі оқылатын оқу материалын баяндауда оның негізгі идеясын немесе оқушылардың назар аударатын басты мәселесін есте сақтауға тиіс және оқушының ойында бекітілуге қажетті қосымша материалдарды анықтау жұмыстарын атқармай тұрып, оның мақсатын белгілей алмайды.

Бақылау сұрақтары

1. Оқыту әдісі дегеніміз не?
2. Оқыту әдістерінің педагогикалық-психологиялық негіздеріне талдау жасаңыз.
3. Оқыту әдістерінің түрлерін топтастыру қажеттілігі неде деп ойлайсыз? "Білім беру көзіне сай топтастыру" деп нені айтамыз?
4. Оқыту әдістерінің түрлеріне сипаттама беріңіз. Олардың бір-бірінен ерекшелігі қандай?
5. Мектептегі озат мұғалімдер тәжірибесінен қандай әдістерді жиі қолдануын байқадыңыз?
6. Қазіргі оқыту әдістеріне қандай талаптар қойылады?
7. Оқыту әдістерін мұғалімнің таңдап алуы немен байланысты?

2.5 Оқытуды ұйымдастыру формалары

1. Оқытуды ұйымдастыру формалары туралы түсінік

Оқытуды ұйымдастыру формасы - оқыту процесінің міндеттерін іске асырудағы мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеттерінің сыртқы көрінісі. Ұйымдастыру форма-сында оқытудың мақсаты, мазмұны мен әдістері бір-ыңғай жүзеге асады.

Қоғамның даму тарихында жас ұрпақты оқыту-дың ұйымдастыру тәсілдері де өзгеріп тұрады. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың тарихында, оның негізінен **үш** түрлі формасы қалыптасқан: **жеке-дара, топтық және сынып-сабақтық жүйе**.

Жекелеп оқыту жүйесі көне және орта ғасырларда пайдаланылды. Мұғалім жеке оқушының орындаған жаттығу жұмыстарын тексеріп, мәтінді оқытып тың-дайтын, қалай оқу керектігін көрсететін, үй тапсыр-маларын орындау амалдарын түсіндіретін, музыкалық құралдармен пайдалануды үйрететін. Дене шынықтыру тәрбиесінен жарыс және бәсеке жұмыстарын ұйымдас-тыратын, жеке не бірнеше оқушымен әңгіме жүргізу әдістерін де қолданатын.

Бұрын қазақ еліндегі молдалардың балаларды оқытуы да осы орта ғасырлық оқу жүйесіне өте ұқсас еді. Әр жастағы балалар молданың алдында жүгініп отырып, әр кітаптан оқыған.

Жаңа дәуірде Англияда оқытудың **"белл-ланкастер"** жүйесі тарады. **"Сатылы"** немесе **"өзара оқыту"** түрінің ерекшелігі: бір оқу жылында жас шамалары, білім дәрежелері әртүрлі, құрамы тұрақты емес оқушыларды жылдың қай мезгілінде болмасын оқуға қабылдап отырған. 200-300 немесе 600-ден астам оқушыны мұғалім сатылап оқытуды ұйымдастырған, түске дейін ересектерді оқытса, түстен кейін олар өз кезегінде жасы кіші оқушыларға өздерінің мұғалімнен алған білімдерін үйретіп отырған.

Америка Құрама Штаттарында ХХ ғ. басында **"дальтон-жоспар"** оқу формасы тұңғыш рет қолданылды. Бұл жүйенің ерекшелігі, оқу жеке дара, әрбір оқушының өз күшімен, белгілі бір бағдарламаларды бөлшектеп оқытуды ұсынды. Мұндай оқытуды ұйымдастыруда мұғалімнің басшылық рөлі төмен болды.

Кеңес мектебінің алғашқы жылдарында оқу ісінде балалардың бірлесіп атқаратын жұмысы ретінде **бригадалық-зертханалық әдіс** жүйесі ұсынылды. Бұл әдіс бойынша, оқу сыныптары 3-4 топқа бөлінді. Әр топты басқаратын бригадирлер (жақсы оқытындары және ұйымдастыруға қабілетті балалар) белгіленді. Бригадирлер өз тобындағы оқушылардың орындаған тапсырмаларын жинақтап, мұғалімге бригада атынан жауап берді. Бригадирдің жауабына қарай, бригадаға оқушылар білімінің бағасы қойылды. Мұндай жағдайда оқушының жеке басының ерекшелігімен санасушылық болмады. Мұғалім тек консультант есебінде ғана жұмыс атқарды.

Оқытудың кең таралған **сынып - сабақ жүйесінің** негізін қалаған Ян Амос Коменский болды. Ол өзінен бұрын өткен және ағымдағы педагогикалық тәжірибелерді зерттеп, оқу ісін жүйелі ұйымдастыруды ұсынды.

1. Оқушыларды сыныпқа жас шамалары мен таным қабілеттері бойынша топтастыру.
2. Сыныптағы оқушылар құрамының әркезде тұрақты болуы.
3. Жеке пәндерді тұрақты оқу кестелері арқылы алмакезек оқыту.
4. Оқытуды оқу жоспарына, оқу бағдарламалары және оқулықтарға негіздеу.
5. Оқытуды жылдың тұрақты бір мезгілінде бастап, аяқтау.
6. Оқытуды ұйымдастыру тек мұғалімнің басшылығымен жүргізілуі.

Қорыта айтқанда, мұғалім бір мезгілде жас шамалары бірдей, құрамы әркезде тұрақты оқушылар тобымен жұмыс істейді.

Неміс педагогы И. Ф. Гербарт сабақтың негізгі **төрт кезеңін** ұсынды. Мұғалімнің оқу материалын мазмұндау кезеңі, жаңа материалды өткен материалмен байланыстыру кезеңі, сабақты жаттығу әдісімен жүргізу кезеңі және қысқаша қорытынды жасау кезеңі.

Сынып-сабақ формасы оқыту жұмысын ұйымдас-тырудың негізгі формасы ретінде күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Себебі, ол ең алдымен мұғалімге оқытатын пәннің мазмұнын жүйелі түрде баяндауына мүм-кіндік береді. Сондай-ақ, сабақ баланың оқу әрекетінің сыныптан тыс және үйдегі түрлеріне де бағыт-бағдар беріп, жетекшілік рөлін атқарады.

Сабақ - оқыту жұмысын ұйымдастырудың басты формасы болғандықтан, ендігі жерде оның атқаратын қызметі мен оқыту процесінде алатын орны ерекше болды. Сабақта оқушыларға білім берумен қатар, олардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен ақыл-ой қабілеттерін дамыту мақсаттары көзделеді.

Сабақ - күрделі психологиялық және дидактикалық процесс, онда оқушылармен педагогикалық қарым-қатынас жасау және тәрбиелеу міндеттері іске асырылады.

2. Сабаққа қойылатын дидактикалық талаптар жүйесі

1. Сабақтың мақсаты айқын, мазмұны, жоспары және оның құрылымы алдын-ала белгілі болуы тиіс.
2. Сабақ оқыту принциптерінің ережелері мен талаптарына сәйкес болуы қажет.
3. Сабақтың ғылыми мазмұны оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай ұғынымды, түсінікті болуы керек. Сондай-ақ сабақта оқушылардың бойында біліктер мен дағдыларды қалыптастыру міндеті жүзеге асырылуы тиіс.
4. Сабақтың мазмұны оқытатын пәннің бағдарламасына сәйкес болуы және әрбір сабақ басқа сабақтар жүйесінің буыны болуы міндетті нәрсе.
5. Сабақта оқушылардың білімге ынтасы мен қызығуын арттыру үшін сабақтың құрылымы мен әдістерін түрлендіріп, көрнекі және техникалық құралдарды, түрлі ойындарды тиімді қолдану керек. "Баланың ынтасын арттыру үшін оқытылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек"- деп Ж. Аймауытов жайдан-жай айтпағанын ескеру керек.
6. Сабақта оқушылардың белсенділігін арттыру үшін проблемалық ситуациялар туғызып, проблемалық міндеттер мен тапсырмаларды орындауға басшылық ету қажет.
7. Сабақтың сапасын жақсарту үшін мұғалім оқушылар-мен қарым-қатынас жасау шеберлігін арттырып отыруы керек. Педагогикалық қарым-қатынас мұғалімге оқушы-лармен рухани байланыс жасауға мүмкіндік береді. Білім арқылы қарым-қатынас жасау және қарым-қатынас арқылы білім алу керек деген қағиданы іске асыру пайдалы.
8. Сабақта оқушыларға білім берумен қатар оларды өздігі-нен білім алудың әдіс-тәсілдеріне үйрету міндет.
9. Сабақ оқытудың білім беру, тәрбиелеу және дамыту қызметін біртұтастық принципке сай жүргізуі тиіс.
10. Сабақтың дидактикалық құрылымы немесе кезеңдері бірізділікте, бір-бірімен өзара байланыста, бірін-бірі толықтырып тұрулары қажет.
11. Сабаққа дайындалу және оны өткізу барысында мұғалімнің сыныптағы, мектептегі нақтылы жағдайды (оқу кабинетінің жабдықталуы, оқу-техникалық, көрнекі-лік құралдарының нақты қолда болуы, тұрғылықты жер-дегі табиғат, өндіріс ресурстарын пайдалану т.с.с) ескеріп отыруы шарт.

3. Сабақтың түрлері және оның дидактикалық құрылымы

Қазіргі кездегі сабақты жетілдіру жұмыстарының ішіндегі негізгі мәселелерінің бірі - оның түрлері мен құрылымы.

Мектеп тәжірибесінде бір типті сабақтар болмайды. Сондықтан, оқыту жұмысын жүйелі әрі нәтижелі жүргізу үшін, оны топтастырудың мәні орасан зор. Сол себептен әрбір мұғалімнің сабақ классификациясын ойдағыдай білуі шарт.

Сабақ классификациясы (жіктелуі) - сабақтарды құрылысы жөнінен топтастыру, түрге бөлу. Дидактикада сабақ классификациясын анықтауға айрықша маңыз береді. Бұл мәселе турасында педагогикалық ғылыми еңбектерде ортақ пікірлер әлі де қалыптаспаған. Қоғам дамыған сайын оқу жүйесінің қайта құрылатындығы және соған орай оқытудың мазмұны, әдіс-тәсілдерінің де өзгеріп, жаңарып отыруы сөзсіз.

Сонымен қатар, сабақты жіктеу әрбір пәннің ерекшеліктеріне, оқушылардың жас және таным ерекшелік-теріне де байланысты болып келеді.

Мысалы, И. Н. Казанцев сабақты жіктеуді оқу материалының мазмұны мен дидактикалық мақсатына және өткізу әдісіне қарай белгілесе, С. В. Иванов оқыту процесінің ерекшеліктеріне қарай анықтайды. Ал, Данилов пен Есипов сабақтың негізгі дидактикалық мақсаттарына қарай құрады. Бұлардың сабақ түрлерін топтастыру ұстанымдары әр түрлі болғанымен де, ішкі мазмұндары бір-біріне өте ұқсас келеді.

И. Н. Казанцев бойынша:

1. Алғашқы сабақ - әр пәннен оқу жылының басында өтетін сабақтар.
2. Кіріспе сабақ - бағдарламаның күрделі тараулары мен тақырыптарынан өтетін бірінші сабақ.
3. Жаңа білімді меңгеру сабағы - жаңа оқу материалы өтетін сабақ.
4. Пысықтау сабағы - өткен оқу материалын пысықтау сабағы.
5. Жаттығу сабағы - оқушылардың білімі мен дағдысын жаттықтыру сабағы.
6. Тәжірибелі сабақ - оқушылардың алған білімін өмірде қолдану жолдарын көрсететін сабақтар.
7. Қайталау-қорыту сабағы - өткен күрделі тараулар мен тақырыптарды қайталау-қорыту сабақтары.
8. Тексеру сабағы – оқушылардың білімін тексеретін сабақтар.

9. Білім сапасын бағалау сабағы – оқушылардың алған білімін бағалау сабақтары.
10. Қорытынды сабақ - оқу жылының ақырында әр пәннің жылдық курсы қорыту сабақтары.

С. В. Иванов бойынша:

1. Кіріспе сабақтар.
2. Оқу материалымен алғашқы рет танысу сабағы.
3. Жаңа білімді меңгеру сабағы.
4. Меңгерген білімді тәжірибеде қолдану сабағы.
5. Дағдылану сабағы.
6. Қайталау, пысықтау және қорыту сабақтары.
7. Бақылау сабағы.

Б. П. Есипов бойынша:

1. Аралас сабақтар.
2. Жаңа оқу материалымен танысу сабағы.
3. Пысықтау сабағы.
4. Қайталап жинақтау, қорыту сабағы.
5. Оқушылардың білімі мен дағдысын жаттықтыру сабағы.
6. Білім сынау сабағы.

Сол секілді шет елдер тәжірибесінен, атап айтсақ, Чехословакия мектептерінен мысал келтірсек, ондағы сабақты жіктеуде біздің тәжірибемізге ұқсастығын байқаймыз.

1. Жаңа оқу материалын мазмұндау сабағы.
2. Жаттығу сабағы.
3. Қорыту сабағы.
4. Қайталау, білім сынау сабағы.
5. Аралас сабақ.

Қорыта айтқанда, қазіргі мектеп тәжірибесінде көптеп қолданылатын сабақ түрлеріне мыналарды жат-қызуға болады:

1. Кіріспе сабағы.
2. Жаңа білімді хабарлау сабағы.
3. Білімді, білікті және дағдыны бекіту сабағы.
4. Жаттығу және тәжірибе сабақтары.
5. Зертханалық сабақ.
6. Қайталау-қорыту сабағы.
7. Оқушылардың білімдерін, біліктіліктері мен дағдыларын тексеру және бақылау сабағы.
8. Аралас сабақ
9. өздігінен білім алу сабағы.

Сабақты бұлай жіктеу кездейсоқ емес, оның бұлай қалыптасуында белгілі бір заңдылықтар бар. Атап айтсақ, сабақтың **мақсатына** байланысты мұғалім оқушыларға жаңа білім беруді көздесе, осыған орай "Жаңа білімді хабарлау сабағы" деп аталса, сабақта оқушылардың қабылдаған жаңа білімін іс жүзінде пайдалана білу жолын қарастырса, онда ол "Жаттығу немесе практикалық сабақ" деп аталады.

Сол секілді мұғалім өткен оқу материалын оқушылардың есіне салу, қайталау мақсатын көздесе, ол "Қайта-лау-қорыту сабағы" деп аталады.

Ал сабақтың "Аралас сабақ" түрі оның **құрылымына** байланысты болып келеді.

Мұғалім сабақтар жүйесінде дидактикалық бірнеше мақсаттарды жүзеге асырады. Демек, оқушыларға жаңа білім береді, оны өмірде, практикада пайдалану жолын үйретеді, өткен оқу материалын қайталап. қорытады, сонымен бірге оқушылардың білім көлемі мен сапасын сынап, оны бағалайды. Мұндай жағдайда көпшілік сабақ оның бірнеше элементтері (кезеңдері) арқылы аралас өтеді. Міне, осындай сабақ түрі "**Аралас сабақ**" деп аталады.

Сонымен **сабақ құрылымы деп** сабақтың барысында (45 минут) оның құрамды бөліктерінің, кезеңдерінің бір-бірімен ұштасып, белгілі тәртіппен жүзеге асырылуын айтады. Олар мынандай болып келеді:

1. Сабақты ұйымдастыру бөлімі (сабақтың тақырыбын белгілеп, оның мақсат, міндеттерін тұжырымдау).
2. Сабақта үй тапсырмасын тексеру.
3. Жаңа білімді немесе оқу материалын баяндау, түсіндіру.
4. Жаңа білімді пысықтау, бекіту (ауызша, жазбаша жат-тығулар жасау, тәжірибелік және зертханалық жұмыстар жүргізу).
5. Қорытындылау (оқушылар білімін бағалау), сабақтың аяқталуы.

6. Үйге тапсырма беру, оны түсіндіру.

Сабақ құрылымын белгілеу оқу жұмысын неғұрлым айқын және дұрыс ұйымдастыру үшін маңызы ерекше. Мұның өзі мұғалімнің сабақ жоспарын құрудағы аса елеулі кезеңі болады.

Сөйтіп, сабақ түрін жіктеу және құрылымын құру өзара байланысты, бірақ әрқайсысының өзіне тән өзгешелігі болады.

Жоғарыда баяндағанымыздай сабақтарды топтас-тыру, оның құрылымын белгілеу негізінен дидактикалық мақсат пен міндеттерге және сабақтың кезеңдеріне байланысты болып келетіндігінде.

4. Кіріспе сабағының құрылымы

1. Сабақтың басталуын ұйымдастыру. Оқушыларға сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіру. Оларды сабаққа әзірлеу.

2. Жаңа оқу материалын ендіру.

3. Жаңа білімді пысықтау, бекіту.

4. Сабақты қорытындылау, үйге тапсырма беру.

Кіріспе сабағының ерекшелігі, оқу бағдарламасының жаңа тақырыптарын немесе тарауын оқып үйренуде қолданылады. Мұғалім тараудың немесе тақырыптың оқу-тәрбиелік мәнін ашып береді, алдағы сабақтарда оларды өткізу тәртібін оқушыларға түсіндіреді, ондағы жаңа оқу материалдарының мазмұнын оқып үйренудің тәсілдерін көрсетеді.

5. Жаңа білімді хабарлау сабағының құрылымы

1. Сабақтың басталуын ұйымдастыру. Оқушыларға сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіру. Оларды сабаққа әзірлеу.

2. Жаңа оқу материалын ендіру.

3. Жаңа оқу материалын пысықтау, бекіту.

4. Сабақты қорытындылау, үйге тапсырма беру.

Алғашқы тарау немесе тақырыптық кіріспе сабақ-тарына қатысты мәселелерді шешіп алған жағдайда, ендігі жерде мұғалім ағымдағы әрбір оқу материалын меңгеруге сай сабақтар жүйесін ұйымдастырады. Сабақ үстінде жаңа білімдерді баяндау немесе түсіндіру жұмыстары оның өн бойында жүріп отырады. Сондықтан да ол сабақтың негізгі бөлімі болып есептеледі.

Сабақта қойылған мақсатқа сәйкес және оқушылардың жас ерекшеліктері мен таным қабілеттеріне орайластырып жаңа білімдердің баяндалуына тиісті мөлшерде уақыт бөлінеді.

Жаңа сабақты (білімді) хабарлау барысында мұғалімнің оқу материалын түсіндіруі оқушылардың сабақ үстіндегі өздігінен істейтін жұмыстарымен ұласып отырады.

6. Білімді, іскерлікті және дағдыны бекіту сабағының құрылымы

1. Сабақтың басталуын ұйымдастыру. Оқушыларға сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіру. Оқушыларды сабаққа әзірлеу.

2. Бұрын өтілген оқу материалдарын қайталау, пысықтау.

3. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуі. Түрлі жаттығу-лар мен практикалық және лабораториялық жұмыстарын атқаруы.

4. Сабақты қорытындылау, үйге тапсырма беру, түсіндіру.

Жаңа білімді оқушылардың қабылдап, меңгеруі барысында сабақтың пысықтау және бекіту кезеңдері де белсенді қызмет атқарады. Себебі жаңадан оқып үйренген білімдерді пысықтап отыру әр сабақтың елеулі элементі болып табылады. Алған білімді бекітпейінше, оны сапалы да берік меңгеру мүмкін емес.

Сондықтан білімді бекіту сабағы өзінің құрылысы жөнінен әр алуан болып келеді.

Мұғалімнің түсіндіруі жағдайында оның сөзімен бірге оқушылардың өз бетінше жаттығу істері және тәжірибелік-зертханалық жұмыстарында тәжірибелер жүргізіп, көрнекі құралдарын көрсету жұмыстары қоса атқарылады.

Оқу жұмысының мұндай алуан түріне қарамастан мұғалімнің сөзі жетекші рөл атқарады.

Мұндай сабақтарда бұрынғы ұғынған оқу материалдарын оқушылардың қаншалықты терең меңгергенін, көлемін, сапасын тексеру жұмыстары да кіреді.

7. Жаттығу және тәжірибелік сабақтың құрылымы

1. Сабақтың басталуын ұйымдастыру. Оқушыларға сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіру. Оларды сабаққа әзірлеу.

2. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуі. Түрлі жаттығу-лар мен практикалық және

лабораториялық жұмыстарын атқаруы.

3. Сабақты қорытындылау, үйге тапсырма беру.

Практикалық сабақ оқушылардың алған теориялық білімдерін практикамен байланыстыру, пысықтау және бекіту мақсатын көздейді.

Практикалық сабақты жүргізу үшін түрлі жаттығу жұмыстары мен тәжірибелер қолданылады. Олар әр пәннің ерекшеліктеріне қарай атқарылады. Мысалы, тілден грамматикалық түрлі ережелерге сәйкес жазбаша және ауызша жаттығу не талдау жұмыстары жүргізілсе, сызу пәнінен графикалық, ал физика мен химиядан лабора-ториялық-эксперименттік тәжірибелер жасалады. Яғни, практикалық сабақтарда оқушылардың білімімен қатар олардың біліктілік және дағдыларын пысықтау да көзделеді.

8. Қайталау сабағының құрылымы

1. Сабақтың басталуын ұйымдастыру. Оқушыларға сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіру. Оларды сабаққа әзірлеу.

2. Бұрын өткен оқу материалдарын қайталау, пысықтау, еске түсіру арқылы оларды жүйеге келтіріп, жинақтау және қорытындылар мен тұжырымдар жасау.

3. Сабақты қорытындылау, үйге тапсырма беру.

Қайталау-қорыту сабақтың аса көп тараған түрі.

Қайталудың мақсаты - өткен оқу материалдарының ең негізгі түйінді мәселелерін қайталап пысықтауды (қай-талау - оқытудың анасы), оқушыларды өздігінен қоры-тынды жасауға үйретуді көздейді. Бұған мұғалімнің аса жауапкершілікпен ой жіберіп, тыңғылықты әзірлігін қажет етеді.

Қайталау сабақтары не сабақ үстінде, болмаса арнайы ұйымдастырылған сабақ арқылы өткізіледі. Ол оқу бағдар-ламасы бойынша көлемі жағынан ірі тақырыптар немесе тарауларды оқып үйренуге байланысты соңында, сол сияқты оқу тоқсанының және оқу жылының аяғында жүргізіліп отырады.

Қайталау сабағына оқушыларды жақсы ұйымдастыру үшін оның сұрақтары мен пайдалануға тиісті әдебиеттерін оқу және сабақ барысында қолданылатын қажетті құрал-дарын әзірлеу жұмыстарын алдын ала белгілеу керек.

Қайталау сабағын әр түрлі тәсілдермен (ауызша, жазбаша, графикалық, лабораториялық жұмыстары және саяхат жасау) ұйымдастыруға болады.

Сабақ соңында мұғалім оның нәтижесін қорытын-дылап, оқушыларға қосымша тапсырмалар беруі мүмкін. Мұғалім оқушылар біліміндегі басты жетістіктері мен кемшіліктерді басымырақ көрсетіп, келешекте қандай мәселелерге көбірек көңіл бөлу қажеттігіне оқушылардың назарын аударады.

9. Аралас сабақтың құрылымы

1. Сабақтың басталуын ұйымдастыру. Оқушыларға сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіру. Оларды сабаққа әзірлеу.

2. Оқушылардың орындаған үй тапсырмаларын тексеру.

3. Жаңа оқу материалын ендіру.

4. Жаңа оқу материалын пысықтау, бекіту.

5. Қорытындылау, сабақтың аяқталуы.

6. Үйге тапсырма беру, оны түсіндіру.

Аралас сабақ - мектеп тәжірибесінде көптеп қолданылатын сабақ түрі. Мұндай сабақ барысында сабақтың барлық дидактикалық кезеңдері немесе буындары алма кезек өзара ұштасып жатады.

Сабақ үстінде өткенді қайталау, жаңа материалды мең-геру, пысықтау және тексеру, бағалау жұмыстары оқушы-лардың логикалық ойлау қабілеттерін арттырады, назарын тұрақты етеді. Сондықтан, ол мұғалімнің оқу ісін ұйымдастыруында және оқушылардың оқу материалын жете түсінуіне өте қолайлы.

Аралас сабақ әсіресе бастауыш және орта сыныптарда, сонымен қатар тілге қатысты пәндерде көптеп қолданы-лады.

Сондай сабақтың бір вариантын профессор Р. Г. Лемберг өзінің "Дидактикалық очерктер" деген еңбегінде ұсынады. Оның ерекшелігі, дәстүрлі сабақта ұйымдастыру кезеңінен кейінгі ретте мұғалімдердің көпшілігі сабақты оқушылардың үй тапсырмасын тексеріп, бағалаудан бастаса, мұнда оған керісінше жаңа оқу материалын енгізіп, түсіндіру жұмыстарына айрықша мән береді.

Мысалы, оның құрылымы мынандай болып келеді:

1. Жаңа оқу материалын өткен материалға байланыстыра түсіндіру.

2. Үйге тапсырма беру.

3. Оқушылардың түсінбеген сұрақтарына жауап беру.

4. өткен оқу материалын қайталап, оқушылардың білімін сынау және жаңа сабақты пысықтау.

Р. Г. Лембергтің тұжырымдауы бойынша, егер сабақты өткен оқу материалын ұзақ уақыт сұраудан бастаса, оқушылардың жаңа оқу материалын қабылдау, түсіну белсенділігі төмендейді. Сол үшін жаңа оқу материалын сабақтың бастапқы кезеңінде, демек, оқушылардың таным қабілеттерінің белсенділігі жоғары жағдайында, шаршамай, тың отырған уақытында өту ұсынылады.

Бұл құптарлық ұсыныс. Осы үлгіні әсіресе, жоғары сыныптарда кеңірек қолданған дұрыс болар. Себебі, оқушылардың оқу жұмысы жоғары сыныптарда күрделі болып келеді. Сөйтіп, олардың оқу материалын тиянақты меңгеруінде түсіндіру және оны пысықтау, бекіту жұмыстарына айрықша мән берген жөн болар. Сабақта жаңа оқу материалын жақсы меңгерген оқушы әрине үй тапсырмасын дұрыс өз дәрежесінде орындап келуіне ешкімнің де шүбәсі болмас деп ойлаймыз. Мұндай жағдайда үй жұмысын тексеруде арнайы уақыт бөлу, мүмкін қажет емес болуы шарт, оны басқадай жолдармен немесе оқушылардың өздеріне тапсыруды да қарастырған жөн болмақ.

Оқушылардың білімдерін, іскерліктері мен дағды-ларын тексеру, бақылау сабағының құрылымы

1. Сабақтың басталуын ұйымдастыру. Оқушыларға сабақ-тың мақсат-міндеттерін түсіндіру. Оларды сабаққа әзірлеу.

2. Тексеру, бақылау жұмыстарын ұйымдастыру.

3. Оқушылардың өзіндік жұмыстары.

4. Оқушылар білімдері, іскерліктері мен дағдыларын бағалау.

5. Қорытындылау, сабақтың аяқталуы.

Сабақтың бұл түрінің көздейтін мақсаты – оқушы-лардың алған білімдері мен дағды көлемінің қандай дәрежеде екендігін байқап, тексерумен қатар, оның сапасын бағалау; олардың білетіндері мен білмейтін мәселелерін анықтап, оны болдырмау жолдарын қарастыру.

Білімді тексеру және бағалау жұмыстары күнделікті сабақтар барысында, сонымен қатар арнаулы сабақтар түрінде де өткізіледі. Соның барысында оқушыларды оқу материалын терең ұғынуға және меңгеруіне мүмкіндік береді.

Бұл жұмыстың білімдік және тәрбиелік қызметі жағынан маңызы зор. Біріншіден, оқушылардың біліміне бақылау жүргізу, олардың білімін толықтыру болса, екін-шіден, олардың жеке басын жан-жақты дамытып, тәрбиелеу жөнінен ойдағыдай рөл атқарады.

Тексеру және бағалау жұмыстарын жүйелі атқару оқушыларды тегіс қамтып, олардағы білім, дағдыларындағы кемшіліктерді дер кезінде анықтап, болдырмау жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

10. Сабақта оқушылардың жеке дара, топтық және ұжымдық танымдық іс-әрекеттері

Мұғалім сабақты пысықтау, бекіту және соған орай оқушылармен практикалық жұмыстарды орындау барысында олардың белсенділігін оятуы тиіс. Әсіресе, оқушылардың қабілетімен қатаң санасып отыруы керек. Сондықтан, олармен жеке дара немесе топтық және ұжымдық әрі фронталдық жұмыс түрлерін ұйымдастырады.

Оқыту процесі – мұғалімнің бір мезгілде барлық оқушыларды бірыңғай оқытуы болғанымен де, негізінен ол оқушының жеке дара жұмысының түрі. Себебі, әрбір оқушы оны өзінің шама-шарқысы, дайындық жағдайына байланысты өзінше қабылдап, меңгереді.

Соған орай **жеке дара жұмыс** әр оқушының өз бетімен жұмыс істеуге, білімді саналықпен ұғынуға дағдыландырады, оларды қоршаған ортадағы құбылыстар-дың заңдылықтарын оқып білуге ықыласын тудырады, ойлау белсенділігін арттырады.

Оқушылардың жеке дара жұмыс түрлеріне:

1. Оқулықпен жұмыс істеу.

2. Практикалық жұмысы: ауызша, жазбаша жұмыстары (есеп шығару, шығарма жазу, диалог құру т.б.).

3. Мұғалімнің тапсырмасы бойынша әр түрлі лаборатория-лық тәжірибелерді орындау.

Жеке дара жұмыс оқушыларды өз бетімен білім алуға ынталандырады, тәртібін күшейтіп, оқуға ықыласын арттырады. Сабақта оқушылардың оқу-таным әрекетін ұйымдастыруда жеке-дара жұмыс түрінен басқа олардың топтық және ұжым болып жұмыс істеуінің маңызы ерекше.

Оқушылардың топтық танымдық жұмыстары сабақ барысында оқу міндеттерін шешуде, өзара көмекке негізделген екі, төрт, алты т.с.с оқушылар тобының белгілі бір жұмыс көлемін

атқаруын көздейді.

Жұмыстың бұл түрі негізінен екі бағытта іске асады: біркелкі немесе бірыңғай (однородный) және бірнеше бөлшекке бөлу (дифференция) жағдайында ұйымдастыру.

Оқушылардың бірыңғай, біркелкі оқу жұмыстары мұғалімнің барлығына ортақ бірыңғай тапсырмасын шағын топтарға бөліп өзара әрекеттесу жағдайында орындауы жатқызылады.

Ал бөлшекке бөліп оқыту – бір мезгілде бірнеше тапсырманы әр түрлі тәсілдермен оқушылардың бірнеше тобы арқылы орындалуы қарастырылады.

Жұмыстың бұл түрі топ ішінде оқушылардың тап-сырманың мақсатын, мазмұнын, оны орындау тәсілдерін бір-бірімен өзара ақылдасып шешуі, оның нәтижесін талдауы, бағалауымен ерекшелінеді. Оқушылардың осын-дай өзара бірлесіп атқаратын оқу-танымдық жұмыстары олардың жеке дара жұмыстарына қарағанда әлдеқандай жемісті болып келеді. Әрі уақытты аз және тиімді пайдалануға мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар бір сыныптағы оқушылардың оқу міндеттерін топ болып шешуде өзара әрекеттесуі немесе жарысы олардың ортақ іске деген жауапкершілік сезімін тудырады.

Мұндай жұмыс барысында оқушылардың өз тобының нәтижесіне өзара әсерленуінің (переживание) маңызы ерекше.

Мұғалімнің топтық жұмысты нәтижелі ұйымдастыру шартына:

- оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге үйрету;
- жолдастарымен ақылдасуға үйрету;
- оқушылардың жекелеген топтарына оқу тапсырмалары жүйесінің нақты болуы;
- тапсырмаларды оқушылардың жекелеген топтарына үлестіру іскерлігінің болуы т.б.

Оқытуды осындай тәртіппен ұйымдастыру оқушылардың тәрбиесіне, атап айтқанда өздігінен білім алу белсенділігін, олардың өзара тату-тәтті ұжымдық қарым-қатынасын, жауапкершілігін, әсерленушілігін (күйінішін, сүйінішін) т.б. әлеуметтік қасиеттерін қалыптастырады.

Оқушылардың ұжымдық жұмысы дегеніміз – ортақ мақсатты көздейтін жұмыс. Алайда, бұл ортақ мақсатқа жету жолында оқу әрекетінде белгілі бір өте күрделі еңбек бөлінісіне жол беріледі. Оған сыныптағы оқушылардың жеке-дара және топтық жұмыстарының элементтері кіреді.

Сондықтан ұжымдық жұмыстың ерекшелігі, өз бетімен істейтін дара жұмысқа бөгет болмайды, керісінше әрбір оқушыға өзінің алдына қойылған міндеттерін жақсы ұғынуға көмектеседі.

Фронталдық жұмыс ерекшелігі – бір сыныптағы барлық оқушылардың бір бағытта бөріне ортақ бірыңғай тапсырманы мұғалім басшылығымен біркелкі жағдайда орындауы.

11. Мұғалімнің сабаққа дайындалу жұмыстары.

Тақырыптық және жеке сабақтардың жоспары

Мектептің аса жауапты міндеті – оқушыларды ғылым негіздерімен терең және берік қаруландыру, табанды және жемісті білім алуға оқушылардың ынтасын арттыру, оларды өздерінің алған білімдерін практикада қолдана білуге үйрету және дағдыландыру болса, осы орайда мұғалімнің жауапкершілігі, оның сабақтар жүйесіне даярлануы оқу жұмысын ұйымдастыру үшін аса зор мәні бар. Жақсы жоспарланған, мұғалімнің нәтижелі даярлығын бейнелейтін сабақ сыныптағы оқу жұмысын ойдағыдай өткізудің ең жақсы кепілі болады.

Сабаққа мұқият дайындалу, оның мазмұны мен ұйымдастыру әдістемесін ойластыру жұмысын әрбір мұғалім өзінің ең басты міндеті деп сезінуі тиіс.

Егер сабақ көңілсіз өтсе, мұғалімдер сабақты босаң және енжарлықпен өткізсе, онда, сөз жоқ, бұл мұғалімдердің сабаққа дайындалу ісіне немқұрайлылықпен қарауы, сабаққа деп бөлінген 45 минут уақытты толық әрі жан-жақты пайдалануға деген оның ұмтылысының жоқ екендігінде деп қарауға болады. (Осы орайда айта кетуге болады: 40 жыл мұғалім болып істесең де 45 минут

сабағыңа әзірленуді ұмыта!).

Мұғалімнің сабаққа дайындалуы – аса жауапты іс. Мұғалім өзі оқытатын пәнді қанша жақсы білгенімен, егер ол сабақтар жүйесі жөнінде тыңғылықты жұмыс істемесе және әр сабаққа жеке даярланып отырмаса, оның сабақ оқытуында ірі кемшіліктері болмақ. Бұл – педагогтік стажы бар көп мұғалімдерге де қатысты.

Әрбір мұғалімнің сабаққа дайындалуы жөніндегі талап, педагогикалық процестің күрделілігінен туады. Соған сәйкес мұғалімнің сабаққа әзірленуі барысында төмендегідей сұраққа жауап беруі керек:

1. Сабақтың мақсаты қандай?
2. Оқушылар қандай жаңа білімдер алуы қажет және олар практика жүзінде нені үйренеді ?
3. Сабақта айтылатын ойдың бастысы қайсысы?
4. Бұл ойлар қандай жүйемен баяндалмақ?
5. Олар қандай жолмен негізделмек?
6. Қандай қорытындылар керек?
7. Сабақта қандай әдістер және көрнекті құралдар пайдаланылмақ?
8. Оқушылардың білімін тексеру үшін оларға қандай бақылау сұрақтарын беру керек ?
9. Оқушылар алған білімдерін пысықтау және практикада қолдану мақсатында қандай жаттығулар беру керек ?
10. Үй тапсырмасына нені беруге болады және оны қалай тапсыру керек.

Озық тәжірбелі мұғалімдер сабаққа белгілі бір тиянақты жүйемен даярланады дедік. Ол төмендегідей кезеңдерден құралады:

- а) Алдағы оқу тоқсанына оқу материалын жоспарлау.
- б) өтілген сабақтың табыстары мен кемшіліктерін есепке ала отырып, келесі тақырыпты белгілеу.
- в) Кезекті сабақтың жоспарын жасау.

Мұғалім жұмысындағы мұндай жүйелік оқу процесін үздіксіз жетілдіре беруге, әрбір жеке алынған сабақты сабақтар жүйесіндегі буын ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Оқу жұмысының мазмұнын ойластырып алу - сыныпта оқу материалын өтудің бірізділігі жөнінде айқын да анық түсінік құрып алу деген сөз. Сондықтан мұғалімнің оқу бағдарламасымен жүргізетін жұмысы оларға оқу тоқсанына белгіленген материалдың өтілуін қысқаша **жоспарлап** алу болып табылады. Бұлай ету оларға әр тақырып не болмаса тақырыпша шеңберінде сабақтарды неғұрлым айқын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Мектепе оқу материалы әрбір жарты жыл бойынша жоспарланады. Мұндай жоспардың түрін **күнтізбелік** (календарный) жоспар деп атайды. Күнтізбелік жоспар жүйесіне белгілі бір тоқсан ішінде өтетін **тақырыптар** енгізіледі.

Тақырыптық жоспарлау - белгілі бір пәнге қатысты оқытудың барлық формасының **бірлігі** мен **байланысының** көрінісі (Ильина, 363).

Ол мұғалімге бір сабақтан келесі сабаққа өту барысында дидактикалық мақсаттарды анықтауда бірізділік пен жүйелілікті анықтауға септігін тигізеді, оқу материалының мазмұнындағы негізгі ойды бөліп қарауға, оқушылар мен мұғалімдердің негізгі оқу әрекеттерін белгілеуге, пәнаралық байланысты орнықтыруға, оның барысында пайдаланылатын көрнекі және техникалық құралдарын ойластыру, сонымен бірге нақтылы тақырыптарды оқыту нәтижелерін алдын ала болжауға мүмкіндік береді.

Тәжірибелі мұғалім тақырыпты зерттегенде, оқу материалын оқып біледі, осы тақырып бойынша өткен оқу жылында жүргізген сабақтардың тәжірибесін ескереді, жеке сабақтарға арналған тақырыптың мазмұнын жоспарлайды және сабақта тек білімдік міндеттерді ғана емес, сол сияқты тәрбие міндеттерінің шешілуін де белгілейді.

Сабаққа осындай жүйемен даярлануда мұғалімдер оқушылардың оқу еңбегін жақсы ұйымдастырады, әрбір жеке оқушыға зейін қойып, сезімталдықпен қарайтын болады, соның арқасында оларға жоғары сапада білім беріп, жеке басын нәтижелі тәрбиелеуге қол жеткізеді. Себебі, сабаққа тұтас тақырып бойынша даярлану белгілі бір оқу материалын мектепте өту үшін жақсылап жоспарлау ғана емес, сол сияқты оқушылардың ұжымдық және дара жүргізетін оқу жұмысын, сабақ үстінде оқушылардан сабақ сұрауды және артта қалушыларға көмек көрсетуді күні бұрын ескеруге мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасының тараулары бойынша сабақтардың тақырыптарын жасап болғанан кейін, іле-шала мұғалім алдағы әрбір сабақтың мазмұны мен ұйымдастыру әдістемесін толық ойластырып алады.

Жеке сабақтардың жоспары - әрбір мұғалімнің жеке сабақ құжаты. Ол мұғалімнің тақырып жөнінде алдын-ала қандай жұмыс жүргізетіндігімен анықталады. Сондықтан тиімді

жасалған жоспар - тиімді өткен сабақ болып табылады.

Қазіргі кезде мектеп тәжірибесінде қалыптасқан мұғалімнің жеке жоспарының **үлгісі** төмендегідей:

1. Оқу бағдарламасының берілген тарауы бойынша сабақтың күні мен реттік саны анықталады.
2. Сабақтың тақырыбы.
3. Сабақтың мақсаты.
4. Сабақтың құрылымы немесе дидактикалық кезеңдері.
5. Сабақтың мазмұны.
6. Оқыту әдіс-тәсілдері.
7. Сабақ құралдары.
8. Үй тапсырмасы.
9. Қорытынды, сабақтың аяқталуы.

Сабақтың анағұрлым негізгі бөлігі – оның төртінші және бесінші кезеңі болып табылады.

Сабақтың әрбір құрамды буынына немесе дидактикалық элементтеріне мұғалімнің жұмсайтын уақытын көрсетудің мәні зор. Содан кейін барып оның қалған буын-дары мен мазмұны ашып көрсетіледі. Сабақты бұлай жоспарлау мұғалімге сабақ барысын нәтижелі ұйымдас-тыруға қолайлы жағдай туғызады.

Одан әрі қарай оқушылардың тәжірибелік жұмыстарын ұйымдастыру тәсілдері қарастырылады. Оқыту әдістерін қолдану нақты атап көрсетіледі.

Содан кейін сабақта қолданылатын әр түрлі оқу құралдары (карта, глобус, приборлар, оқу-әдістемелік кітаптары, көмекші оқу құралдары т.б.) және оны пайдалану әдістемесі көрсетіледі.

Сабақтың соңғы буыны - үй тапсырмасын беру.

Н. К. Крупская мұғалімдердің назарын тапсырманы орындау жөнінде оқушыларға мұқият түсіндіру жұмыс-тарын ұйымдастыруға, оның мақсаты түсінікті болуына, бұл мақсат оларды рухтандыратындай дәрежеде болуына аударады. "Ең қызық тапсырма - дейді ол, - баланың өз бетінше жұмыс істей алуын барынша дамытып, оның ойын оятатын тапсырма екендігі мәлім"- деген тұжырым-дама жасайды.

Сонымен бірге Н. К. Крупская мұғалімдердің сабаққа әзірлену барысында оқушылардың үй тапсырмасында теңестірушілікке жол берілуге болмайтындығына олардың назарын баса аударады. "Тапсырманы дараландыру керек, оқушының олқы жерлерін, оның білімі мен дағдыларының жиынтығын есепке алу қажет, сабаққа күштірек оқушыларға берілетін тапсырмалар оларды тым алға сүйреп әкетпей, олардың алған білімін тереңдете, оның сапасын жақсартып түсетін болсын"- дейді ол (Таңдамалы шығармалары, 202- 203 беттер орыс тілінде).

Сабақ жоспарлары мұғалімнің дайындығы мен тәжірибесіне байланысты өзгеруі мүмкін, бірақ негізінен жоғарыда көрсетілген кезеңдерді қамтуы тиіс.

Тәжірибелі мұғалімдер жоспарды жасап, сол жоспар бойынша сабақты өткізгеннен кейін, оған қысқаша талдау жасайды: жоспар қаншалықты сәтті орындалды және мақсат-қа қалай қол жеткізілді т.с.с. Бұл мәліметтер мұғалімге келесі сабақты нәтижелі даярлауға септігін тигізеді.

12. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың сабақтан басқа түрлері

Оқыту жұмысын тек сабақ арқылы ұйымдастыру мүмкін емес.

Сыныптық-сабақ жүйесінің негізгі кемшілігі - оқушылардың дара ерекшеліктерін дамытуға жеткілікті мүмкіндіктердің болмауы – оқытуды ұйымдастырудың басқа жолдарын іздестіруге себеп болды. Сондықтан оқушылардың сыныптық-сабақтағы танымдық әрекетін дамыту, толықтыру және оқушылардың өзіндік шығар-машылық белсенділіктерін, қабілеттерін арттыру мақсатында оқыту жұмысын ұйымдастырудың қосымша түрлері қолданылады. Олардың қатарына семинар, экскурсия, факультативтік, қосымша, конференция сабақтары, өндірістік оқу, үйдегі оқу жұмысы, тәжірибелік-зертханалық (практикум) және пәндік үйірме жұмыстары, олимпиада, сынақ және емтихан, өзіндік жұмыс түрлерін жатқызуға болады.

Семинар сабақтары көбінесе оқылған лекция тақырыбына байланысты негізгі өзекті мәселелерді талқылау, оқушылардың танымдық ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік шығармашылық белсенділіктерін шыңдау мақсатын көздейді. Тақырып сұрақтарына сай пікір алмасу, өз көзқарастарын дәлелдеу, мұғалімдерге оқушылардың оқу материалын қаншалықты меңгергенін, соған орай сенімдері мен түсініктерінің қалыптасқандығын бақылап, тексеріп, бағалап және бағыт-бағдар беріп отыруға мүмкіндік туғызады.

Семинар сабағына әзірлену кезінде оқушылар тезистер мен баяндамалар жазып, қосымша әдебиеттерді пайдаланады. Ұсынып отырған сұрақтарға қатысты, ондағы бар негізгі ойларды қамтып, конспект құрады. Міне, осындай жұмыс-тардың нәтижесінде семинар жұмысы оқытуды

ұйымдас-тыруда тиімді форма екенін тәжірибе көрсетуде.

Семинар сабағын өткізу барысында мұғалім пробле-малық жағдай туғызып, талқыланып отырған сұрақтарға оқушылардың қызығушылығын оятады, олармен ақылдаса отыра оны талдаудың жоспарын құрады және ұжымдық ізденушілік әрекеттеріне қолайлы жағдай туғызады.

Экскурсия жұмысының мақсаты - оқушылардың сабақта алған теориялық оқу материалдарын практикамен жалғастыру, бекіту. Сондықтан оқыту процесінде оның маңызы зор. Ол барлық оқу пәндерінде, әсіресе физика, химия, биология, тарих және еңбек сабақтарында кеңінен қолданылады. Бұл оқушыларды оқу процесін бақылай білуге жаттықтырады және оқу материалын өмірмен байланыстыра алуға үйретеді.

Экскурсия сабағын өткізу орнына: мектептің оқу алаңына, табиғат аясына, ауыл шаруашылығына, өндіріске, көрмелерге, музейге бару т.б. нысаналар жатады.

Оқыту процесін бұлай ұйымдастыру мұғалімнен зор ұйымдастыру жұмысын талап етеді. Экскурсия түрінде жақсы өткізілген әрбір сабақ оқушыларға нақтылы фактілер мен құбылыстарды жақсы оқып үйренуге, өз түсініктерін кеңейтіп, білімдерін бекітуге мүмкіндік береді.

Экскурсия сабақтарында мұғалім оқушыларға оның тақырыбы мен мақсатын алдын ала түсіндіреді. Соның негізінде оқушылар нақтылы заттарды байқап, оларға бақылау жасайды.

Оқытуды экскурсия жолымен ұйымдастырудың үш түрі бар:

Біріншісі – кіріспе экскурсия деп аталады. Ол сабақта күрделі тарау, тақырыптарды өтер алдында ұйымдастырылады. Экскурсияның бұл түрін бастауыш және орта сыныптарда алдын ала өткізсе, олар үшін сабақ өте қызықты жағдайда болады.

Екіншісі - ілеспелі экскурсия деп аталады. Ол белгілі бір тақырыпқа арналып, сабақ барысында оның орта шенінде немесе өн бойында жүргізілуі мүмкін.

Үшіншісі - қорытынды экскурсия. Ол күрделі тарау немесе тақырыпты өтіп болғанан кейін оқушылардың сабақтар жүйесінде алған теориялық білімдерін пысықтау, бекіту мақсатын көздейді.

Экскурсия сабағының нәтижелі өтуі негізінен мұғалімнің алдын-ала дайындық жұмыстары мен өткізу орнын дұрыс таңдай білуіне байланысты болмақ. Мұғалім экскурсия болатын нысананы алдын ала барлап, содан кейін оқушыларға оның мақсатын түсіндіреді. Мақсатына қарай оның жоспары жасалады. Жоспарда негізінен мына мәселелер қарастырылады:

1. экскурсияның барысы, негізгі кезеңдері, басталу және аяқталу уақыты;
2. маршруты, қамтитын нысанасы;
3. экскурсияға қажетті құрал-жабдықтар;
4. экскурсия барысында байқау нысаналары мен оларды пайдалану жолдары.
5. жеке және топ болып атқаратын жұмыстардың түрлері;
6. экскурсия қорытындысына сай оқушылардың тапсырмалары т.б.

XVIII ғ. Францияның атақты ғалымы Жан-Жак Руссо балалардың сезімін дамыту үшін, олармен табиғатқа экскурсия жасау қажеттігін дұрыс деп тапты. Оқытудың бұл түрі тек XIX ғ. бастап қолданыла бастады. Оны Ресейде Л. Н. Толстой ұйымдастырған Ясная Поляна мектебінде кеңірек пайдаланды.

Оқыту жұмысын ұйымдастырудың **факультатив** түрі оқушылардың сұранысы мен қызығушылығы негізінде әртүрлі пәндерге қатысты ұйымдастырылады. Оның қызметі көпжақты: оқушыларды ғылымға қатыстыра отырып, олардың дүниетанымын тереңдетеді және кеңейтеді; белгілі бір пәнге қатысты танымдық қызығушылықтарын тұрақты қалыптастырады. Оқушылардың пәнге бейімділігін ескере отыра, факультативтік оқуды олардың қалаған мамандық-тарына сай психологиялық және практикалық дайындығын арттыру және кәсіби бағдарын қалыптастырудың нәтижелі формасы ретінде қолдануға болады; олар жоғары сынып оқушыларының еңбекке дайындығына елеулі үлес қосады.

Ол оқудың жоғары ғылыми деңгейін қамтамасыз етіп, оқушылардың өзіндік білім алуы мен шығармашылық дамуына да ықпал етеді. Кітаппен, анықтама әдебиеттерімен, оқу-әдістемелік нұсқауларымен өз беттерінше жұмыс істеу дағдысын тәрбиелейді, приборлармен қарым-қатынасқа түсу, оларды орнықтыруда өзіндік ақыл-ой еңбегі мен тәжірибелік біліктілікті қалыптастырып, эксперимент жұмыстарын жүргізу тәсілін меңгереді.

Оқушылардың факультативтік оқуда алған білімдері мен дағдылары сабақтарда белсенді қолданылып, олардың міндеттері, мазмұны мен әдістері арасындағы өзара байла-ныс логикалық тұрғыда іске асса, онда оқу жүйесінің нәтижесі анағұрлым артады.

Конференция ретінде өткізілетін сабақ түрі кейбір тақырыптарды тереңірек меңгерту, оның ғылыми дәрежесін көтеру мақсатын көздейді. Сол үшін де семинар сабақ-тарына қарағанда, конференция түрінде өткізілетін оқу жұмысы ұсынылған әдебиеттер мен қосымша құралдардың көлемі кеңірек болады. Оны дайындау және өткізу тәртібі семинар сабағына ұқсас келеді. Бірақ, оқу конференция-сында баяндамашылар мен сөйлеушілердің саны көбірек болуы қажет.

Сондықтан, оған бірнеше қатар сыныптар-дың оқушыларын қатыстыруға болады.

Оқу жұмысын ұйымдастыруда мұғалімнің тағы бір міндеті – оқушылардың сабақтан тыс кездерінде таным-дық әрекеттерін тереңдету, үлгермеушілікті болдырмау. Сондықтан кейбір оқушылардың дарын-талаптарын, ғылымға бейімділігін немесе сұранысын сабақ барысында толық қамтамасыз етіп, жағдайлар жасауға әр кезде мүмкіндік бола бермейді. Ол үшін оларға үйірме мен ғылыми жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы бар.

Пәндік үйірме жұмыстары сабаққа қарағанда бағыты, мазмұны, ұйымдастыру тәсілі мен уақыт өлшемі тұрғысы-нан өзіндік ерекшеліктері бар. Олар оқушылардың қызығушылығы мен пәндерге бейімділігін дамытуда және тапсырылған жұмыстарды нәтижелі орындауға қолайлы жағдайлар туғызып отырады. Сонымен қатар оқытудың өмірмен байланысын қамтамасыз ету, пәнаралық бай-ланысты нығайтуға ықпалын тигізеді.

Оқушылардың пәндік үйірме жұмыстары оқыту процесін жандандырып, оның сапасын көтеруге әсер етеді.

Үлгере алмаушылықты жою үшін жеке немесе бір топ оқушылармен қосымша және консультация сабақтары да ұйымдастырылады.

Сынақ жұмыстарын жоғары сынып оқушыларына енгізудегі мақсат – бағдарламадағы теориялық білімдерді күшейту, бекіту және оқыту процесінде оқушылардың жоғары белсенділіктерін, жауапкершілігін, дербестігін орнықтыру.

Сынақ жұмыстары өзінің ұйымдастыру ерекшелігіне сай оқу жұмысынан тыс оқушылардың өздігінен білім алуын жалғастыруға ықпал етеді.

Сынақ жұмысы, ереже бойынша бағдарламаның негізгі бөлімін, тарауын оқып болғанан кейін жүргізіледі. Мұғалім оның өткізу мерзімін, тақырыптары мен талқы-ланатын сұрақтарын оқушыларға алдын ала хабарлайды. Оларға жеке дара тапсырмалар беріліп, қосымша әдебиет-терді оқу тапсырылады және қосымша сабақ өткізіледі.

Сынақты ұйымдастыру оқушылардың жеке жауап-тары, бақылау және топтық практикалық-лабораториялық жұмыстары, тақырып бойынша шығарма және баяндама жазу түрінде жүргізіледі.

Үйдегі оқу жұмысы

Оқушылардың үйде өз беттерінше орындайтын оқу жұмыстары сыныпта өткен сабақтардың жалғасы ретінде саналады. Сондықтан да оны кей жағдайда оқыту процесінің бір компоненті ретінде қарастырады.

Оқушының үйдегі оқу жұмысын сыныптағы оқу жұмысымен жалғастырып, толықтырып отырса, онда олардың алған білімдері терең және берік болады. Оның маңызы оқыту жұмысын ұйымдастырудың сабақтың басқа түрлеріне қарағанда ерекше. Бұл жұмыстың танымдық қызметімен бірге оның тәрбиелік мәні де зор. Себебі, үй жұмысын күнделікті орындау барысында оқушылардың дербестігі, ойлау қабілеті артып, өздігінен білім алуға жүйелі түрде дағдыланады. Олар өзінің оқу жұмысын жоспарлауға, қажетті оқу материалын жинақтауға дағдыланады, сабақта алған білімдері мен біліктіліктерін өзіндік еңбекте қолдана білуге жаттығады, өзін өзі бақылау және кітаппен жұмыс істей білу тәсілдерін меңгереді, оқудың әртүрлі амал-тәсілдерін қолдана отырып, өз бетінше баяндама жасауға дайындалады. Соның негізінде білім мен біліктілік өте берік меңгеріледі, оқушының ақыл-ой әрекетінің жеке дара дәстүрі қалыптасады.

Оқушының үйдегі оқу жұмысын дұрыс ұйымдас-тырудың мынандай **шарттары** бар:

1. Үй тапсырмаларын бергенде мұғалім оларды орындау-дың қандай тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануға болатыны туралы жақсылап нұсқау беруі қажет.
2. Үйге берілетін тапсырмалар оқушыларды қызық-тыратындай болуы және өмірмен, олардың іс-тәжірибе-лерімен байланысты болғаны жөн.
3. Үй тапсырмасы оқушының бәріне бірдей бірыңғай мазмұнда емес, мүмкін болған жағдайда бірнеше нұсқада (вариант) болғаны пайдалы.
4. Үй тапсырмасының мазмұны шығармашылық сипатта болғаны жөн.
5. Үйдегі оқу жұмысының табысты болуы, көбінесе сабақта мұғалімнің үй тапсырмасын орындау тәсілін оқушыларға тыңғылықты етіп түсіндіруіне байланысты.
6. Үй тапсырмасының көлемін белгілеуде мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктері мен таным қабілеттерін ескергені жөн.
7. Үй тапсырмасын тексеру және бағалау барысында мұғалім, оның орындалу сапасына айрықша мән беріп, жетістігі мен кемшілігіне оқушылардың назарын аударып отырғаны жөн.
8. Мұғалімнің берген бағасы әділетті болса онда ол оқушы-ның ынтасын артырып, үй тапсырмасын тыңғылықты орындап отыруға септігін тигізеді.
9. Мұғалімнің бағалауы оқушылардың өзін-өзі бағалауы-мен ұштасып отырса ғана ол жемісті болмақ.

Жоғарыда аталған шарттардың тиянақты орын-далуын ескеру мұғалімдер үшін аса қажет болмақ.

Мұғалімдер тарапынан оқушыларға шамадан тыс үй тапсырмасын тапсыруды болдырмау және олардың жас ерекшеліктері мен таным қабілеттерінің мүмкіншілігін ескеру мақсатын көздей отыра, оқу министрлігінің нұсқауы бойынша әр сыныпта үй тапсырмаларын орындауға берілген уақыт мөлшері мынандай болып белгіленген:

I – II сыныптарда – 1 сағат;

III – IV сыныптарда – 1,5;

V – VIII сыныптарда – 2 сағат;

IX – X сыныптарда – 2,5 – 3 сағат.

Сонымен қатар, оқушылардың сенбі және жексенбі күндері бос болуы үшін дүйсенбіге тапсырма берілмейді. Үй тапсырмалары мұғалімнің қатысынсыз орындалатын болғаннан кейін, олар ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болып, оларға оқушылардың үйде орындайтын жұмыстарына көмектесіп отырулары үшін үнемі әдістемелік тұрғыдан басшылық жасап отырғаны жөн.

Ол үшін әрбір оқушының үйлерінде тұрақты жұмыс кестесі болуы тиіс. Осы кесте бойынша оқушылар күнде-лікті үй тапсырмаларын орындап отыруға дағдылануы қажет. Оны ата-аналар ұйымдастырып, бақылап, жағдай жасап отыруы тиіс.

Үй тапсырмасын орындар алдында оқушы бір мезгіл таза ауаға шығып демалып, дер кезінде тамақтанып, тынығып және уақытылы ұйықтап тұрса баланың оқу жұмысын жақсы ұйымдастыруға тигізер әсері мол.

Оқушылардың өзіндік жұмыстары

Оқушылардың оқу жұмысын сәтті ұйымдастыруда оның өзіндік жұмыстарының маңызы ерекше.

Бүгінгі таңда оқушылардың үзіліссіз білім алу міндеттерін жетілдіруге сай мектеп мұғалімдерінен олардың ойлау қабілеттерін одан әрі арттыру, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, сонымен қатар өзіндік жұмыстарына қатысты іскерліктері мен дағдысын тәрбиелеу талап етілуде. Ол үшін өзіндік жұмыс оқушылардың тек үй жұмысын орындау барысында ғана емес, оқыту процесінің өн бойында өз орнын табуы тиіс. Оқушылардың әртүрлі өзіндік жұмыстары негізінде сабақтың нәтижесін және таным қабілеттерінің белсенділігін арттыруға болады.

Оқушылардың таным белсенділігі – оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеру және оларды өмірде, прак-тикада пайдалана білуге, үйренуге оқушының істейтін саналы әрекеті.

Оқыту процесінде оқушының белсенділігі, негізінен, екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік.

Сыртқы белсенділік дегеніміз- оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл қозғалыстары, тәжіри-белік әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы, мими-касы т.б.) бірақ осы кезде ол басқа нәрсені ойлап отыруы да мүмкін.

Оқушының **ішкі белсенділігіне** – оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Белсенділік жеке басқа тән, маңыз-ды бір қасиет болып саналады. Бұл қасиетсіз адамның қандайда болмасын жұмысы нәтижелі болуы мүмкін емес.

Оқушы белсенділігі қандай болғанда да ой дербестігіне сүйенеді. Оқыту процесінде оқушылардың белсенділігін арттыру принципін жүзеге асыруды мақсат еткен мұғалім сабақтың барлық кезеңінде олардың ой дербестігін дамытуға тырысады. Оқушыда белсенділік бір қалыпта болмайды, оның қарапайым (еліктеушілікке, жай қайталауға, біреудің айтқанын бұлжытпай орындауға негізделген белсенділік) және күрделі (творчестволық т.б. белсенділік) түрлері болады.

Соңғысы оқушының жоғарғы саналылығы мен дербестігін керек етеді.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне және психика-лық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып, дамиды: қимыл және сөйлеу, ойын және оқу (таным), өзін-өзі тәрбиелеу т.б. белсенділіктер.

өзіндік жұмысты ұйымдастырудың **шарттары** мыналар:

- мұғалімнің нақты тапсырмалар (нұсқаулар) беруі;
- жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеуі;
- мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің мөлшері, олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі;
- оған әсер ететін мотивтер т.б.

Оқушылардың өзіндік жұмысы міндетті түрде мұғалімнің басшылығын, сонымен қатар оқушылардың дербестігін, олардың қызығып өз ықыласымен жасайтын әрекетін де керек етеді. Осыған байланысты кейбір педагогтар мен психологтар (Р. Г. Лемберг, М. Н. Скаткин, В. А. Занков т.б.) оқушылардың өзіндік жұмыстарының **ерекшелігі** – олардың ықыласы және өз еркімен әрекет

жасауына байланысты деп санайды.

Алдыңғы қатарлы мектептердің іс тәжірибелеріне көңіл бөлсек, оқушылардың өздік жұмыстарының сан алуан түрі бар екенін байқаймыз. Мәселен, оқушылардың сабақ үстінде меңгерген оқу материалдарын пысықтау үшін оқулық не басқа құралдар бойынша жұмыс істеуі, көркем әдебиеттерін, ғылыми және техникалық әдебиет-терді пайдалануы; жаттығу жұмыстарын жазба түрде орын-дауы, графикалық жаттығу жұмыстарын жүргізуі, түрлі практикалық немесе лабораториялық бақылау жұмыс-тарын өткізуі (**репродукциялы жұмыстар**), **шығармашылық** дағдыларын дамыту мақсатында баяндама, реферат, шығармалар, пікір жазуы және көрнекі құралдар, модель-дер, конструкциялық т.б. жұмыс түрлерін жатқызуға болады.

Репродуктивтік типтегі өзіндік жұмыстарын оқушы-лар өздерінің меңгерген білімдеріне сүйене отырып орындайды. Шығармашылық (творчестволық) типтегі өзіндік жұмыстарын орындауда оқушылар өзінің болжау, топшылау, түрлі құбылыстардың арасындағы байланыс-тарды салыстыра білу қабілетіне сүйене отырып, ой қорытындысын жасап жаңа шешім табады, өзіндік жаңалық ашады. Сөйтіп бұл жағдайда белгілі дәрежеде оқушылардың бейімділігін айқындап береді.

Оқушылардың үй жұмыстары мен оқу материалын қайталау кезіндегі өздігінен істейтін жұмыстарының да маңызы ерекше. Бұған қоса көрнекі құралдарын (карточкалар, схемалар, чертеждар, оқу карталары т.б.) пайдалана отырып өздік жұмыстарын ұйымдастырудың да пайдасы зор.

Мұғалім оқушылардың өзіндік жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру үшін, алдымен, олардың өзіндік әрекеттері-нің негізгі психологиялық ерекшеліктерін білгені жөн.

Оқушылардың **өзіндік әрекетіне** тән ерекшеліктері мыналар:

- оқушының алдын ала өз әрекетінің жалпы және нақты мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- жоспарға сәйкес амал-тәсілдерді қолдана білу;
- өз әрекетінің барысын бақылап отыру.

Егер оқушы өздігінен жұмыс істеуге үйренбесе, оның оқуы жемісті болмайды, ол жиі сәтсіздікке ұшырайды. Мұндай жағдайда оқушының оқуға деген ынтасы төмендейді, соның салдарынан үлгермеушілер қатарына қосылады.

Профессор Р. Г. Лембергтің пікірінше, оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мына **шарттарға** байланысты болмақ:

- оқушының істейтін жұмысының мақсатына айқын түсінуі;
 - жұмыстың жемісті аяқталуына, оның алдағы нәтижесіне қызығуы;
 - жұмысты оқушылардың өз еркімен, қалауымен орындауы.
- өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын **талаптар** мыналар:
- жұмыстың көлемін шамадан тыс асырмай, оның сапасын арттыруға көңіл аудару;
 - оқушылардың жұмысын оқу жұмысының басқа түрлерімен дұрыс ұштастыра білу;
 - оқушылардың дербестігін арттырып, өзіндік білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту;
 - өзіндік жұмыстың мазмұнына күнделікті өмірден алынған материалдарды, хабарларды енгізу;
 - оқушыларды табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдылықтарын, сонымен қатар нақты фактілер мен құбылыстарды өздігінен талдап түсінуге үйрету;
 - оқушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру;
 - оқушыларды оқу жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарауға, әр уақытты дербес және белсенді әрекет жасауға баулу;
 - оқушылардың өздігінен дербес жұмыс істеу, еңбек ету дағдысын қалыптастыру.

Н. К. Крупская 1934 ж. жазған "өздігінен білім алумен шұғылданушының есіне" деген тезистерінде мынадай жалпы кеңестер (нұсқаулар) береді:

1. өздігінен білім алу үшін, алдымен, сол жұмысқа қажетті нақты дағдыларға (іштей жылдам оқи білу, библио-графиялық дағдылар, түрлі анықтама әдебиеттерді пайдалана білу, оқығандарды жазып алу т.б.) ие болу керек.
2. Біліммен жемісті шұғылдану қолайлы жағдайларды (уақыт, орын, тиісті әдебиеттер мен құралдардың болуы т.б.) керек етеді. Ең дұрысы - кітапханаларда, оқу залдарында біліммен шұғылдануға дағдылану.
3. өздігінен білім алатын адам нені оқитынын анық біліп, ол жұмысты белгілі жоспармен, жүйемен жасауы керек.
4. Алғашқы кездерде тәжірибелі адамдардан, кітапхана-шылардан кеңес, консультациялар алудың пайдасы зор.
5. өздігінен білім алу жұмысын асықпай, көп үзіліс жасамай жүргізген жөн.

Оқыған материалды мұқият ұғатындай етіп оқып, түсінбеген жерлерді қалдырмай, бір

оқығанда қайта оқып, оның негізгі жақтарын жазып алу қажет. Сонымен қатар анықтама әдебиеттерді, энциклопедияларды, түрлі сөздіктерді қоса пайдаланып отыру керек.

Н. К. Крупскаяның бұл кеңес-нұсқаулары қазіргі күнде де маңызын жойған жоқ.

Оқушылардың өздігінен білім алу әрекетін арттыру мақсатында қазіргі озат мектептер арнайы жұмыстар жүргізуде. Жоғары сынып оқушыларына арналған еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру (НОТ) сабақтары, кітапхана сабақтары, библиографиялық конкурстар, саяси тақырыптарға арналған факультативтер, саяси клубтар, оқушылардың қызығулары бойынша ұйымдас-тырылған үйірмелер, арнайы семинарлар мен лекторий-лер, ой еңбегінің мәдениетін жетілдіру университеті, кон-сультациялық бюролар, жас мұғалімдер үшін "өздігінен білім алу мектебі" т.б. жұмыстар. Мұндағы көзделген мақсат - оқушылардың өздігінен білім алуға қызықтыру және бұл жұмысқа қажетті нақты қарапайым дағдыларды қалыптастырып, дербес білім алу мәдениетін арттыру.

Бұл жұмыста жоғары сынып оқушыларын өз жұмысын жоспарлауға, уақытты дұрыс (үнемдеп) пайда-лануға, өзіне қолайлы күн режимін белгілеуге үйретудің маңызы зор. Сол сияқты оқығанын конспектiлеуге, тыңда-ғанын жазып алуға, өзіне керек хабарларды іздеуге, библиографиялық және анықтама материалдарды пайда-лануға кітаппен, каталогпен жұмыс істеуге арнайы дайын-дау және үйрету мектептің өте маңызды міндеті болып табылады.

Ол үшін мектеп оқушыларына арнап "Кітап оқу мәдениетінің негіздері" атты факультативтік сабақ ұйымдастырудың да маңызы ерекше.

В. А. Сухомлинский оқушының өздігінен, өз ықыла-сымен жүйелі кітап оқуын ақыл-ой тәрбиесінің екінші бағдарламасы деп санаған. "Кітап, - дейді ол, балалардың өмірінде бала жақсы оқи білуге үйренгенде ғана үлкен рөл атқарады. "Жақсы оқи білу" деңгейінің мәні неде? Бұл, ең алдымен, кітап оқудың қарапайым әдісін білу, игеру болып табылады" дей келе, ол кітапты жүйелі оқудың, ең алдымен көркем әдеби шығармалардан, одан әрі ғылыми-көпшілік әдебиеттерге ауысуын жөн көреді. Егер адам өз өмірінде екі мыңдай кітап оқитын болса, соның жарты-сын балалық және жасөспірім шақта оқуға тиісті дейді.

өздігінен білім алудың қайнар бұлағы – біріншіден кітап болса, екіншісі мерзімді баспасөз. Соған орай газетпен жұмыс істей білу – газет бетінен керек материалды таба білу деген сөз. Газетпен жұмыс істеу аса ауыр да, күрделі болумен қатар, тым қызықты да.

Оқушыларды газет-журналдарды жүйелі оқуға итермелейтін мотив – білімге деген құштарлық, қызығу (таным мотиві). Газет оқуға олардың ынта-ықыласын арт-тыру үшін, мұғалім сабақта мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған материалдарды өзі пайдаланып және оқушыларға содан үйде оқуына арнайы тапсырмалар беріп отыруы қажет.

13. Қазіргі сабақтың жаңа түрлері және оларға сипаттама

Қазіргі кезде мектеп тәжірибесінде сабақтың қалып-тасқан дәстүрлі түрлерінен басқа, дәстүрсіз түрлері де пайда болуда. Ол, әрине қоғамның жаңару, жетілдіру жағдайында білім беру саласын реформалаумен тығыз байланыста іске асуда. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың мұндай дәстүрсіз түрлері көбінесе оның жеке әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсат - әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік мүмкіндік-терінің мол екенін көрсете отыра, оны жаңа сапалық сатыға көтеру. Олардың қатарына лекция, конференция, пікір-талас, панорама, компьютерлік сабақтарын жатқызуға болады.

Бірақ, жоғарыда аталған сабақтың дәстүрлі емес түрлері – оның жаңа немесе жеке түрлеріне жатпайды. Себебі, ондай сабақтардың дидактикалық құрылымы анықтал-маған, ешбір дидактикалық қағидаларға негізделмеген. Сабақта қолданатын дәстүрлі емес жеке тәсіл-амалдарға жататын (конкурс, сайыс, көкпар, жарыс, бәйге, аукцион, ойын, экспедиция) - сабақтың элементтері деп қарау керек.

Дәстүрлі емес сабақ түрлерін жаңа сабақ ретінде ұсынып жүрген авторлар сабақты оқу жұмысын ұйымдас-тырудың басқа формаларымен (экскурсия, конференция, семинар, консультация т.б.) шатастырады. Бұлар оқу жұмысын ұйымдастырудың қосымша формаларына жатады, сондықтан оларды сабақтан өзгеше қарау дұрыс.

И. П. Подласый "Педагогика" атты оқулығында "Дәстүрлі емес сабақ - дәстүрлі құрылымы жоқ ойдан шығарылған оқу жұмысы" - деп бағалайды.

Педагогтардың дәстүрлі емес сабақтар бойынша пікірлерінде қарама-қайшылықтар бар: біреулері педаго-гикалық ойлауда прогресс, мектептерді демократияландыру бағытында дұрыс қадам деп қараса, басқалары, керісінше, мұндай сабақтар педагогикалық қағидаларды қауіпті жағдайда бұзу, шындап еңбек ету қолынан келмейтін және оны қаламайтын жалқау оқушылардың қысымымен педагогтардың амалсыз кейін шегінуі – деп осы мәселе жайында өз көзқарасындағы

пікір қайшылықтарын алға тартады. Оның бұл еңбегінде көптеп таралған дәстүрлі емес сабақтың 36 түрін ұсынады.

Әрине, дәстүрлі емес сабақтар қатаң құрылымы және қалыптасқан жұмыс кестесі бар күнделікті оқу жұмыс-тарына қарағанда әдеттегідей емес ой, ұйымдастыру, өткізу тәсілдері оқушыларға өте ұнайды.

Дегенменде ол мұғалімдерге оқыту жұмысында осындай тәсілдерді көптеп сабақтар жүйесінде пайдалануға кеңес береді.

Қорыта айтқанда оқыту жұмысын ұйымдастырудың қандай да формасын қолданбайық, сабақтар жүйесінде олардың көздейтін мақсат-міндеттері, мазмұны өзара бір-бірімен байланыста, бірін-бірі толықтыратындай жағдайда, оқушылардың білім дәрежесін нығайтып, жетілдіруде едәуір көмек етеді.

Бақылау сұрақтары

1. Оқыту формасы дегеніміз не?
2. Мектептің даму тарихында оқытуды ұйымдастырудың қандай негізгі формалары қалыптасты?
3. Сыныптық-сабақ жүйесі қандай дара ерекшеліктерімен сипатталады?
4. Қазіргі кезде сабаққа қойылатын негізгі талаптарды атаңыз? Олардың маңызы қандай және сипаттамасын беріңіз?
5. Сабақты жіктеу тәсілдері, ол неге байланысты және оның жолдары қандай?
6. Сабақтың негізгі түрлері мен оның құрылысын атаңыз?
7. Аралас сабақтың негізгі жетістіктері мен кемшіліктері қандай?
8. Жаңа оқу материалын енгізу сабағының құрылымын айтыңыз?
9. Мұғалімнің сабаққа дайындалу тәсілдері қандай?
10. Оқыту жұмысын ұйымдастыру формасының сабақтан басқа түрлерін атаңыз және оларға сипаттама беріп, маңызын дәлелдеңіз.
11. Оқушылардың өзіндік жұмысының маңызы, ерекшелігі қандай?

2.6 Оқушылардың оқу-танымдық әрекетін тексеру және бағалау

1. Оқыту процесінде білімді есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы, қызметі

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі, көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін, мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың, сабақтар жүйесінде білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдының қалыптасу дәрежесі анықталады.

Осы тұрғыда білім, білік, дағдыны есепке алу және бағалау мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаудың маңыздылығы ерекше.

Бақылаудың тақырыптық түрін ұйымдастырудың практикалық мәселелері П. Горбунов, Е. С. Березняк, В. И. Иващенко, А. К. Исаков, Е. И. Перовский, С. Ф. Сухорский, Н. В. Чертинский, В. О. Онищуктің ғылыми педагогикалық еңбектерінде талданған.

Бақылауды ұйымдастырудың жекеленген әдістемелік мәселелері жайында М. Р. Львов, Н. Н. Светловский, А. П. Пышкало, Т. Л. Коган және т.б. теориялық талдау жасаған.

Осылардың негізінде қаралып отырған педагогика-лық мәселенің теориялық аспектісі жеткілікті дәрежеде зерттелген деп қорытынды шығаруға болады, себебі "есепке алу", "бақылау", "бағалауды" ұйымдастырудың мәні, олардың оқу-тәрбие процесіндегі қызметі, форма-лары мен тәсілдері анықталған.

Екіншіден, оқыту сапасын тексерудің "5" балдық жүйесі оқушылар білімдерінің нақтылы дайындық дәрежесін барлық жағдайда дұрыс көрсетпейді. Ондағы негізгі кемшілік, оның жеткілікті түрде ішкі және сыртқы кері байланысты қамтамасыз ете алмауында, соның нәтиже-сінде оқыту процесінің сапасын арттыруда мұғалім әркезде бағалау жүйесін дұрыс қолдана алмайды.

Жоғарыда айтылған тұжырымдамаға сүйене отыра, білім, білік пен дағды нәтижесін есепке алу, бақылау мен бағалаудың теориялық талдауы және практикада қолдану тәжірибесі арасында әлі де болса қарама қайшылықтың бар екендігін байқаймыз.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау негізінде бұл мәселенің қалыптасуы мен даму динамика-сын бірнеше кезеңге бөлуге болады.

20 жылдары үй тапсырмасын беру, білімді және емтиханды бағалауды оқыту процесі жүйесінде қарастырмайды, соның нәтижесінде оқушының үлгерім сапасына мұғалімнің бақылау жасау орнына "бригадалық-лабораториялық" әдіс жүйесіне негізделген "өздігінен бақылаудың" түрлері кең көлемде тартылды. Ол бір жағдайда үлгерім нәтижесін бақылауда иесіздік, жауапкершілсіздікке әкелсе, екінші жағдайда, оқу сапасының төмендеуіне кері ықпалын тигізді.

30 жылдары білім, білік пен дағды нәтижесін есепке алуды бақылау (Е. В. Гурьянов) және тәрбиелік қызметіне (П. Г. Ананьев) көптеп көңіл аударыла бастады.

40-60 жылдары бұл мәселе төңірегінде отандық ғылым мен практика тәжірибесін жинақтау жұмыстары қолға алынды. Онда білімді бақылау (Е. И. Перовский), оқушыларды бақылау ретінде қарастырылды. Оқушыларды бақылау: әрі оқыту, әрі тәрбиелеуді көздесе, кейіннен оның дамыту қызметі ойластырылды (Н. Т. Дайри).

Осы мәселені дұрыс шешудегі оң қадам 70 жылдары Педагогика ғылымы Академиясының оқыту мазмұны мен әдістері ғылыми зерттеу институты қызметкерлерінің зерттеулері негізінде бастама алды. Мұнда оқу-тәрбие процесінің барлық буындарын басқару және тексерудің диагностикалық қызметі айқындалды.

80 жылдардан бастап оқыту нәтижесін есепке алу, бақылау және бағалаудың мазмұны, амал-тәсілдері мен қызметінің дидактикалық-әдістемелік негіздерін талдап, жасау қолға алынды. Оның әділдігін, дәлдігін көтеруге бағытталған мәселелер, үлгерім нәтижесін есепке алуды қатаң және тәртіпке келтіру жүйесіне арналған жұмыстар қолға алына бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар күні бүгін де өз жалғасын табууда.

Дегенменде, бүгінгі таңда оқыту теориясында бақылау немесе бағаның мәні, тәсілдері жайлы әлі де болса ортақ пікір қалыптаспай отыр.

Бақылау - кең көлемде бір нәрсені тексеру деген мағынаны білдіреді. Бақылау оқыту процесінде оқушы-лардың оқу әрекетіне басшылық жасау қызметін атқарады, олардың творчестволық күші мен қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Бағалау - оқытудың құрамдас бөлігі және қорытын-дылау сатысы. Бағалау, бір нәрсенің деңгейін, сапасын, дәрежесін белгілеу. Оны оқушының оқу-таным әрекетінде қарастырсақ оқыту процесінің міндеттерін оқушылардың қандай дәрежеде меңгеруі, дайындық деңгейі мен дамуын,

білімдерінің сапасын, білік пен дағды көлемін анықтайтын құрал.

Келесі кезекте білім, білік және дағдыны бақылау және бағалау **қызметіне** тоқталамыз. Ол негізінен **үш жақты сипатта** болып келеді: білім беру, тәрбиелеу және дамыту.

Бақылаудың білім беру қызметі негізінде оқушылар жаңа білімдерді қабылдайды, бұрын алған білімдерін толықтырып, жетілдіріп, белгілі бір жүйеге келтіреді.

Тәрбиелік қызметі оқушыларды жүйелі түрде жұмыс істеуге үйретеді. Бақылаудың нәтижесінде олар күнделікті сабаққа үзбей дайындалады, жауапкершілік сезімдері артады.

Дамыту қызметінің маңызы сол, оқушылар өз бетінше оқу тапсырмаларын орындауда жаңа білімдерді қабылдайды, қорытынды жасайды, баяндамалар әзірлейді, хабарламалар жасайды.

Бағалаудың да қызметі **үш топқа** бөлінеді: хабарлау-шылық (информирующие), басқарушылық (управляющие), тәрбиелеушілік (воспитывающие).

Бірінші топ өз алдына: белгілеп қоюшылық (фик-сирующая), бағдарлаушы (ориентирующая), бақылаушы (контролирующая) болып келеді. Бұл топтың қызметі білім, білік және дағдыны бағалауды, әрбір бағаның көрсеткіштері мен өлшемдеріне мұғалім мен оқушылардың арқа сүйеуі жағдайында іске асады.

Екінші топ: ұйымдастырушылық (организующая), реттеушілік (регулирующая), дәлдеп түзетушілік (коррек-тирующая) болып келеді. Осы топты жүзеге асырудың қажетті шарты бағадағы көрініс тек қана оқытудағы қол жеткізілген нәтиженің мөлшері ғана емес, сонымен бірге сапасын белгілейтін көрсеткіш.

Үшінші топ: қалыптастырушылық (формирующая), дамытушылық (развивающая), ынталандырушылық (стимулирующая) болып келеді. Бұл топтың қызметінің нәтижелі болуының кепілі, баға оқытудың нәтижесін нақты бейнелей білуде.

2. Білімді бақылау және бағалаудың түрлері, әдістері мен формалары

Педагогика ғылымы саласында білім, білік, дағдыны бақылаудың көптеген түрлері кең тараған. Мысалы, ғалым-педагогтар Ю. К. Бабанский, Н. А. Сорокин бақылауды **күнделікті, оқтын-оқтын, қорытынды** деген пікірлер айтады. Ал Г. И. Щукина - күнделікті, тақырыптық, оқтын-оқтын, қорытынды және емтихан деген көзқарастарын білдіреді. Е. А. Дмитриев - күнделікті, тақырыптық және қорытынды, нәтижесі деген тұжырымға келген.

Профессорлар Ж. Б. Қоянбаев, Р. М. Қоянбаевтың "Педагогика" оқулығында ол тақырыптық, тараулар бойынша, оқтын-оқтын және қорытынды бақылау деп бөлінген.

Күнделікті бақылау оқыту процесінде күнделікті қолданылады және сабақ барысында оқушылардың оқу-танымдық әрекетіне басшылық жасайды. Ол ішкі және сыртқы байланысты жан-жақты жүзеге асырауға мүмкіндік туғызады, соның негізінде оқушылардың келесі оқу әрекетіне ықпал етеді.

Күнделікті бақылау мұғалімнің жалпы немесе жекелеген оқушылар жұмысына жүйелі түрде бақылау жасау көмегімен жүргізіледі. Бақылаудың бұл түрі оқушылардың сынып немесе үй тапсырмаларын өз бетінше орындауға деген ниеттері мен берілген тапсырманы орындауға деген олардың қызығушылығы және жауапкершілік сезімін ынталандыруда үлкен маңызға ие болады.

Тақырыптық бақылау - оқу бағдарламаларындағы белгілі тақырыптар бойынша өткізіледі. Сабақтың тақырыбы және әрбір кезеңдері негізінде оқушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны игеруі тексеріледі. Сонымен бірге, мұғалім жаңа тақырыптың кейбір басты мәселелерін өткен сабақтардағы оқу материалдарымен толықтырады, кейбір ұғымдарды, анықтамаларды, ғылыми ережелерді оқушы-лардың есіне салады.

Қорытынды бақылау - барлық пәндер бойынша жыл аяғында өткізіледі. Бақылау процесінде тақырыптық және тарау бойынша бақылау нәтижелері есепке алынады. Оқушылардың жыл бойында алған теориялық және тәжірибелік білімдері анықталады. Сондықтан қорытынды бақылаудың негізі емтихан және оқушылардың жылдық үлгерім бағалары болады. Емтихан мен жылдық үлгерім бағаларынан педагогикалық кеңестің шешімі бойынша қорытынды бағалар шығарылады. Бақылау әдістері арқылы оқушылар жұмысының тиімділігі мен мазмұны туралы кері байланыс қамтамасыз етіледі. Бақылау әдістеріне ауызша, жазбаша және графикалық бақылау әдістері жатады. Бұл әдістерге қарағанда бағдарламалап бақылау әдістерінің өзіндік ерекшелігі бар. Олар машинасыз және машиналы бағдарламалап бақылау әдістеріне бөлінеді.

Машинасыз бағдарламалап бақылау әдістері бойынша перфокарталар және бақылау карталарын қолданып, оқушылардың теориялық және практикалық білімдерін анықтайды. Мұғалім оқыту және білім беру мазмұны бөлімі бойынша 20-25 сұрақтар дайындап, әрбір сұраққа 4 вариантты жауаптың мазмұнын жазады. Олардың ішінен бір сұраққа ғана дұрыс жауап беріледі.

Қалған сұрақтар варианттары: дәл емес, толық емес немесе басқа тектес ұғымдарға сәйкес келеді" (1, 269 бет).

Бақылаудың тағы бір бөлігі, кейбір жағдайда, тапсырмалар түрі деп ұғынылады (жазбаша бақылау жұмысы, тесталық жұмыс, зертханалық-тәжірибелік жұмыс, зачет, шығарма, диктант т.б.) немесе оқушылар әрекетінің түрі болып (баяндама, хабарлама, оқушы әңгімесі, мұғалім сұрағына жауап беру т.б.).

Білімді бақылау және бағалау ғылыми дәлелденген, тәжірибеде қолданылған **принциптер** негізінде жүргізіледі: әділдік, жан-жақтылық, жүйелік, жеке-даралық, диф-ференциалдық және тәрбиелік.

Әділдік, шындық (білім сапасының нақтылығы, баға өлшемі мен ережесі нормасына қатысты) – бұл субъективтік факторларды болдырмауды көздейді.

Жүйелік, бірізділік - әрбір сабақ, тақырып бойынша оқушылар оқу әрекетінің басқа буындарымен байланыстыра қаралып, оқыту процесінің барлық кезең-дерінде бақылау жүргізуді көздейді: түйінді сұрақтар бойынша оқыту нәтижесін қорытындылау, тақырыптық бақылау, сабақтар бойынша балл қою т.с.с.)

Жеке-дара қатынас - әрбір оқушының ерекшелігін бағалау (оның қабілеті, бейімділігі, денсаулығы, оқу әрекеті т.б.) қарастырады.

Жан-жақтылықта - бақылау оқу бағдарламасының барлық бөлігін қамтиды, оқушылардың теориялық білімдерін, интеллектуалдық және практикалық білік пен дағдысын бақылауды қамтамасыз етеді.

Дифференциалдық қатынас - әрбір пәннің ерекше-лігін, жекелеген бөлімдерін, сонымен бірге оқушылардың жеке-дара қасиетін ескеріп, соған сәйкес бақылаудың әртүрлі әдістері мен мұғалімнің педагогикалық әдеп сақтауын талап етеді.

Жоғарыда айтылған талаптарды орындау, ең алдымен бақылаудың сенімділігін және оқыту процесінде өздерінің алдында тұрған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді, бақылауда әр түрлі қателіктер мен сәтсіздіктердің болмауына кепілдік жасайды.

Оқушылардың білім, білік және дағдыларын бақылау, бағалау педагогика ғылымы мен практикасында белгілі бір **әдістерді** қолдану негізінде жүзеге асады. Олар мыналар:

- ауызша баяндау (әңгіме, жеке-дара, топтық, фронтальдық сұрақ).
- жазбаша бақылау (диктант, шығарма, таблица, схема, суреттер құрастыру).
- практикалық бақылау (лабораториялық жұмыстарын, еңбек операцияларын орындау, тәжірибе жүргізу).
- машиналы бағдарламалап бақылау (перфокарталар, бақылау карталарын, дұрыс жауаптарды, диафильмдерді қолдану).
- өзін-өзі бақылау, бағалау (қателерді болдырмау, оларды түзеу, оқудағы өз жетістіктерін бағалау, соған сәйкес балл қою).

Оқыту процесінде бақылаудың **фронтальдық, топтық және дербес формалары** қалыптасқан. Оның тиімділігі - мұғалімнің оларды дұрыс ұйымдастыруына байланысты.

Фронтальдық (жаппай) бақылау жағдайында барлық оқушыларға сұрақтар немесе мазмұны бірдей тапсырмалар беріледі. Оларды орындау барысында оқушылар арасында ынтымақтастық, жолдастық сезім пайда болады, бір-біріне сұрақтар қойып, жауаптарын толықтырады, орындалған жұмыстарды өзара тексеріп, іске асырады. Демек, бірігу іс-әрекетінде әлеуметтік құнды мотивтер қалыптасады.

Топтық бақылауда белгілі оқушылар тобы сабақ барысында мұғалімнен тапсырмалар алып орындайды. Кейде, кейбір оқушылар түрлі себептерге байланысты (сабақ жіберу, нашар үлгеру, ауыру т.б.), қосымша көмекті қажет етулері мүмкін. Сондықтан, олардың жұмысын ерекше еске алған жөн.

Бақылаудың дербес формасы әрбір оқушының білімін, іскерлігін және дағдысын терең, жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді. Дербес бақылау бағдарламалап және дифференциялы оқыту барысында жақсы нәтиже береді. Дербес бақылауда оқушылар жауабының логикалық бірізділігі, олар өз пікірлерін қалай байымдайды, қалай дәлелдейді, міне, осы мәселелерге аса көңіл аудару керек.

Оқыту процесінде оқушылардың өзін-өзі бақылауы өте қажет. өзін-өзі бақылау, олардың оқу бағдарламасы материалы мен игерген іскерлігі және дағдысының беріктігі жайлы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. өзін-өзі тексеру арқылы оқушылардың алған біліміне сенімі артады, орындаған жаттығу, есеп шығару және тәжірибе жұмыстарының нәтижесін бағалайды.

Баға білімді есепке алу ғана емес, ол тәрбиелік құрал. Сондықтан, оқушы білімін бағалауда немқұрай-лылыққа салынуға болмайды.

Баға "балл" есебінде көрсетіледі. Келесі кезекте баға және оның өлшемі қандай, соған тоқталамыз. Қазіргі кезде білім беру саласының барлық құрылымында оқу-таным әрекетінің сапасын анықтайтын дәстүрлі "5" балдық жүйелер қолданылады.

"5" бағасы - оқу материалын толық, дәл логикалық, бірізділікпен айтылған жауапқа қойылады;

"4" бағасы – оқу материалын толық біледі, бірақ болар-болмас кемшілігі бар жауапқа қойылады;

"3" бағасы – жауабы негізінен дұрыс, бірақ толық емес, білімінде кейбір проблемалар еске алынбаған жауапқа қойылады;

"2" бағасы – оқушы жауабында қателер, білімінде елеулі кемшіліктер бар жауапқа қойылады;

"1" бағасы – тексерілген оқу материалы бойынша білімі жоқ, толып жатқан өрескел қателер үшін қойылады.

Зачет (сынақ) - қорытынды бақылаудың айрықша түрі, ол белгілі бір тарау немесе тақырып бойынша атқарылған оқу жұмыстарының бүкіл өн бойында мұғалім қолданған тексерудің барлық түрлерін ескере отыра қойылады. Ол (1959 жылдан енгізілген) оқу бағдарламасының негізгі бөлімдері және тақырыптардағы білім, білік, дағдыларды жүйеге келтіру, тереңдету міндеттерін шешеді.

Емтихан - оқушылардың білімін қорытынды тексеру-дің және бағалаудың арнаулы формасы. Ол (1944 жылдан енгізілген) оқушылардың білімін жинақтауға және бір жүйеге келтіруге, оларды оқу жылы бойынша оқуға ынталандырады, оқу жұмысының сапасын арттыруға көмектеседі.

Емтихан мен жылдық үлгерім бағаларынан педагогикалық кеңестің шешімі бойынша қорытынды бағалар шығарылады.

3. Қазіргі кездегі оқыту жүйесіндегі білімді тексеру, бақылау және бағалаудың жаңа технологиясы

Оқыту - динамикалық процесс. Оның сапасын үнемі жетілдіріп отыру - өмір талабы. Білім беру саласында оқу-таным әрекетінің сапасын, дәрежесін есепке алу, тексеру және бағалаудың білім, білік, дағдының нәтижесін арттыруда қызметі ерекше. Сөйтіп, оның технологиясын әркезде өмір талабына сай жетілдіріп отыру оқыту міндеттерінің өзекті мәселелерінің бірі.

Күні бүгінге дейін оқыту саласында қолданылып жүрген білім, білік және дағдыны тексеру мен бағалаудың "5" балдық жүйесі, оның сапасын, дәрежесін анықтап, белгілеуде барлық жағдайда объективтік тұрғыда қамтамасыз етпейді. Соның нәтижесінде қазіргі кезде жоғары оқу орындарында оқыту процесіндегі **рейтинг - тестік** жүйе оқу-таным әрекетінің сапасын анықтайтын бақылаудың жаңа түрі өмірге келді.

Рейтинг - ағылшын тілінде **torat** - "бағалау" немесе "жетістік өлшемі" деген ұғымды білдіреді.

Рейтинг жүйесінің **мақсаты:**

- оқу-таным әрекетінің сапасын, нәтижесін арттыру;
- оқу-таным әрекетінің сапасын тексеру, бағалаудың тиімділігін жетілдіру және әділдігін орнықтыру;
- оқу-таным әрекетіндегі білім, білік, дағды сапасын, дәрежесін бақылауда жүйелілікті қамтамасыз ету;
- оқу-таным әрекетіндегі студенттердің жауапкершілігін, белсенділігін арттыру;
- тексеруде уақытты үнемдеу.

Бұл жүйенің ерекшелігі оқытушының педагогикалық әрекеті мен студенттердің оқу әрекетінің сапасын жақсартуға мүмкіндік туғызады, оқу процесінің барлық кезеңдерінде олардың білім, білік, дағды нәтижелерін тексеру, бақылау және бағалаудың тиімділігін арттырады.

Тест - оқытудың белгілі бір бөлігін меңгеру дәрежесін өлшеуге бағытталған тапсырмалар жиынтығы. Олар уақытты көп жолғалтпас үшін көлемінің шағын болуы, тестік тапсырманы өз бетінше қалай болса, солай түсінік беруге жібермеуді, жауапта дәлсіздік немесе көп сипаттылықты болдырмауды, оның әрі қысқа әрі жинақы болуын, тестік тапсырманы орындау мен сандық бағалау арақатынасының мүмкіндігінің жариялылығын, тапсырма мен жауаптағы дәлдік пен айқындықты қамтамасыз етуді т.б. талап етеді.

Бақылауда рейтинг-тестік жүйесін **қолдану** ерекшелігі, оқу материалдары логикалық тұрғыдан аяқталған бөлік, немесе тарау болып саналатын модульдерге (блоктарға) біріктіріледі. Модульдердің саны оқу пәндерінің мазмұнының көлеміне байланысты белгіленеді. Модульдердің құрылымы оқу материалының белгілі бір бөліктерінен (порция) тұрады. Әрбір модуль нақтылы

міндеттерден және өзбетінше тереңдетіп оқу тақырыптары мен тапсырмаларынан құрылады.

Рейтинг-тестік бақылау түрлеріне:

- а) күнделікті немесе ағымдық (текущий),
- ә) аралық (рубежный),
- б) қорытынды (итоговый) бақылау жатады.

Күнделікті немесе ағымдағы бақылау әрбір модульдер бойынша жүргізіледі. Ол курстың белгілі бір тарулары немесе бөліктері, болмаса күрделі тақырыптары аяқталған кезеңде ұйымдастырылады.

Аралық бақылау әрбір модульдер аяқталған кезеңде жүргізіледі. Осы аралықта коллоквиум, реферат қорғау, өзіндік жұмыстарын қолдануға болады. Дегенменде, тестік жұмыстарын қолдану артықшылығы басым болады. Себебі,

- тест бағалау нәтижесін нақты көрсетеді;
- уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндік туғызады;
- бақылау бір мезгілде барлық оқушыларды қамтуға қол жеткізеді;
- тест жұмысын атқару барысында барлық оқушылар бірдей тең жағдайда болады.

Қорытынды бақылау: зачет, емтихан.

- Зачет (сынақ) жұмыстары бақылаудың дәстүрлі тәсілдері арқылы жүргізіледі.
- Емтихан тестік форма негізінде жүргізіледі.

Тестік тапсырманың түрлері бақылау нысанасы мен тапсырманың сипатына сай анықталады. Ол бірнеше нұсқада жасалуы қажет.

Қорытынды бақылауға тек күнделікті және аралық бақылау қорытындысын жинақтап орта есеппен 41% жоғары балл жинағанда ғана жіберіледі.

4. Оқыту жүйесіндегі білімді бақылау және бағалаудағы немқұрайлылықты (формализмді) жою

Оқушылардың білімін бағалау процесінде күні бүгінге дейін субъективизм (формализм) әлі де бар.

Арнайы жүргізген психологиялық зерттеулер көрсетуінше, жауап берген жоғары сынып оқушыларының 50% жуығы "Мұғалімдер біздің білімімізді дұрыс бағаламайды, көбінесе шын дәрежесінен төмен бағалайды", - деген, ал 10% "Артық бағалайды", - деген. Оқушылардың көпшілігі: "Біздің шамамыз бен біліміміздің сапасына және оқудағы табыстарымыз бен жетістіктеріміз туралы дұрыстау, дәлірек баға беретін мұғалім де, тіпті бірге оқитын сынып-тастар емес өзіміз", - деп жауап берген.

Бірақ оқушылардың мұғалім мен басқалардың берген бағасын мән-мағына жағынан өздерінікінен гөрі жоғары санайтыны байқалған. Олардың өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі бақылауы, өзін-өзі түзетуі бір-бірімен тығыз байланысты процестер.

Сондықтан оқушылардың дербестігін, белсенділігін арттыруда мұндай өзіндік әрекеттерге үйрету маңызды мәселе болмақ. Оларды өз жұмыстарының нәтижесін бағалай білуге үйретудің тәрбиелік маңызы зор.

Бақылау сұрақтары

1. Оқыту процесінде білімді тексеру, бақылау және бағалаудың маңызы қандай?
2. Сіздің көзқарасыңызша оқушылардың білім, білік, дағдысын бағасыз бақылап, тексеруге бола ма?
3. Бір жолғы жауап үшін баға қоюдың, тоқсандық бағалар мен емтиханда баға қоюдың қандай айырмашылығы бар?
4. Оқыту процесінің қандай кезеңдерінде білім тексеруді қолданады?
5. Мұғалім бақылау жұмысын жүргізгенде қандай педагогикалық ұсыныстарды ескеруге тиіс?
6. Білімді тексеруде және бағалауда күнделікті байқау қандай рөл атқарады?
7. Баға қоюда мұғалімдер қандай кемшіліктер жібереді?
8. Педагогикада білімді тексеру және бағалау саласында жете айқындалмаған қандай мәселелер бар?

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ МӘНІ МЕН НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

3.1 Білім жүйесін басқарудың қоғамдық-мемлекеттік сипаты

1. Басқару, мектепшілік басқару және мектепшілік менеджмент

Педагогика ғылым мен тәжірибеде тұтас педагогикалық процесті басқару ғылыми тұрғыдан қарастырып, оған қатаң ғылыми негізделген сипат беруге деген ұмтылыс күшейе түсуде. Шындығында басқару тек техникалық және өндірістік процестерге ғана емес, сонымен бірге педагогика сияқты күрделі әлеуметтік жүйе үшін де қажет.

Жалпы басқару дегенді - шешім қабылдауға бағытталған, белгіленген мақсатқа сәйкес басқару нысанын ұйымдастыру, қадағалау, реттеу, алынған шынайы ақпарат негізінде талдау жасап, нәтижесінің қорытын-дысын шығару әрекеті деп түсіндіруге болады. Басқару нысаны биологиялық, техникалық, әлеуметтік жүйелер болуы мүмкін. Әлеуметтік жүйенің бірі ауыл, аудан, облыс, мемлекет көлемін қамтитын білім беру жүйесі деп білеміз. Бұл жерде білім жүйесі ретінде ҚР Білім және ғылым министрлігі, облыстық білім департаменттері, аудандық білім бөлімдерін атаймыз. Ал орта мектеп күрделі қозғалыстағы әлеуметтік жүйе ретіндегі мектеп-шілік басқарудың нысаны болады. Біз мектепті басқару немесе оның компоненттері туралы айтқанда олардың жалпы жүйе - орта мектепті басқарудың бөліктері ретінде қарастырамыз. Ол бөліктерге тұтас педагогикалық, сынып сабақ жүйесі, мектеп тәрбие жұмысының жүйесі, оқушыларға эстетикалық тәрбие, кәсіптік бағдар беру жүйесі және т.б.

Мектепшілік басқару дегеніміз біртұтас педагогика-лық процеске қатыстылардың барынша жоғары нәтижеге жетуді көздеген мақсатты, сапалы өзара әрекеттесуі. Біртұтас педагогикалық процеске қатысушылардың өзара әрекеті мынадай бірізді, өзара байланысты әрекеттер мен қызметтердің тізбегінен тұрады, олар: педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу және түзету.

Мектепшілік басқарудың дәстүрлі ұғымдарын жаңа ұғымдар алмастыруда. Мысалы, "ықпал ету" ұғымының орнына "өзара әрекеттесу", "ынтымақтасу", "рефлексивті басқару" ұғымдары қолданылуда.

Сол сияқты мектепті басқару теориясы мектепшілік менеджмент теориясымен толығыда. Менеджмент теория-сы басшы қызметінің өзара құрметке, қарамағындағы қызметкерлерге сенім білдіруді, олардың табысты еңбек етуіне қолайлы жағдай туғызуымен ерекшеленеді. Менеджменттің осы қыры мектепшілік басқару теориясын одан ары байыта түскен.

Мемлекеттік басқарудың негізгі белгілері

Қазіргі заманың білім жүйесінің басты ерекшелік-терінің бірі - мемлекеттік басқарудан мемлекеттік-қоғамдық басқаруға өту. Білім беруді мемлекеттік-қоғамдық басқарудың негізгі идеясы - білім проблема-ларын шешуде мемлекет пен жұртшылықтың күш-қуатын біріктіру, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналарға оқу процесінің мазмұны мен түрін ұйымдастыру әдістерін және білім беру мекемелерін таңдауға барынша кең құқық пен еркіндік беру.

Білім беру жүйесінің мемлекеттік сипаты елде "Білім туралы" заң негізінде бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізілуімен ерекшеленеді. Заң аясында Қазақстан Республикасының білім саласына басымдық берілген, яғни еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси, халықаралық салаларындағы жетістіктері білім саласындағы жетістік-терімен байланыстырылады. Білім саласының басымды-лығы білім жүйесінің материалдық, қаржылық мәселелерін бірінші кезекте шешуді талап етеді.

Сонымен бірге білім беруді басқарудың мемлекеттік сипаты "Білім туралы" заңда белгіленген мемлекеттік саясат принциптерін мынадай бағыттарымен де айқындайды:

- білім берудің гуманистік сипаты, жалпы адамзаттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығын, жеке тұлға бостандығының басымдылығы. Азаматтық пен Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

- республикадағы мәдени және білім беру кеңістігінің біртұтастығы, аз ұлттардың білім беру жүйесінің қорғалуы;

- білімнің жалпыға бірдейлігі, білім беру жүйесінің дайындығы, даму деңгейі мен ерекшеліктеріне бейімдел-гіштігі;

- білім жүйесінің еркіндігі мен көптүрлілігі;

- білім беруді басқарудың демократиялық, мемлекеттік қоғамдық сипаты. Білім беру мекемелерінің дербестігі.

Білім беруді басқарудың жергілікті органдары мемлекеттік саясатын мемлекеттік білім

стандарттарын сақтау арқылы іске асырады. Білім стандарты оқу бағдар-ламасының міндеті минимумы мен оқушылар жүктеме-сінің максимум көлемін және бітірушілерге қойылатын талап деңгейін қамтиды. Білім беруді басқару органдары-ның міндеті білім алуды формальді түрде қамтамасыз етумен шектелмейді, ол сонымен бірге жеке тұлғаның өзін-өзі айқындалуына қолайлы жағдай туғызады.

Білім беру саласында мемлекеттік саясатты дәйекті іске асыру үшін білім беруді басқарудың мемлекеттік органдары құрылады. Олар республикалық, облыстық, қалалық және аудандық басқару мекемелері.

Мемлекеттік басқару органдары - білім және ғылым министрлігі, облыстық білім департаменттері өздерінің компетенциясы шеңберінде білім берудің мақсат бағдарламаларын жасайды және іске асырады; мемлекеттік білім стандарттарын жасап, білім туралы құжаттардың баламаларын (постификация) айқындайды; білім мекеме-лерін қаржыландырады және т.б. көптеген мәселелерді шешеді.

Қазіргі жағдайда білім беруді басқару жүйесін орталықсыздандыру (децентрализация) процесі жүреді. Оның мәні жоғарғы басқару органдарының бірқатар функциясын жергілікті органдарға беру. Бұл жерде республикалық органдар стратегиялық бағыттарды талдап жасаумен айналысса, жергілікті органдар нақты қаржылық, кад-рлық, материалдық және ұйымдастырушылық мәселе-лермен айналысуы тиіс.

Қоғамдық басқарудың негізгі белгілері

Мемлекеттік басқару органдарымен қатар қоғамдық басқару органдары да құрылады. Оның құрамына мұғалімдер мен оқушылар ұжымы, ата-аналар мен жұрт-шылық өкілдері енеді. Олардың басқаруға қатысатындары мектеп ұжымында ғылыми ізденіс атмосферасын және қолайлы психологиялық климат қалыптастыруға алғы- шарт қалайды. Білім беруді басқарудың қоғамдық сипатының нақты көрінісі – мектеп кеңесі сияқты ұжымдық басқару органдарының қызметінен танылады. Кеңес жұмысының мазмұны мен қызметі мемлекеттік нормативтік құжаттарымен айқындалады.

Мектептің ең жоғарғы басқару органы жылда бір рет өткізілетін конференция болып есептеледі. Оның өкілеттігі өте кең; жалпы мектептік конференция мектеп кеңесін, оның төрағасын сайлайды, олардың қызметінің мерзімін белгілейді. Әрбір оқу орны конференцияда оқу орнының жарғысын қабылдап, нақты жағдайға қарай оқу орнының дамуын, оның міндеттері мен мақсаттарын белгілейді. Сондықтан да бір мектептің Жарғысы екінші мектептікінен өзгеше болуы мүмкін. Мектеп кеңесі алқалы орган болғандықтан дамудың негізгі бағыттарын, оқу-тәрбие процесінің сапасын көтеру шараларын белгілейді. Сонымен бірге мектеп кеңесі оқу орнының жұмыс бағыттары бойынша тұрақты комиссия, штаб құрып, олардың құқықтары мен міндеттерін өкілеттік шегін белгілейді. Ал, конференцияға шешуші дауыспен орталау және жоғары сынып оқушылары, мұғалімдер, оқу орнының басқа да қызметкерлері, ата-аналар, жұртшылық өкілдері сайланады. Конференциялар аралығында жоғары басты органның рөлі мектеп кеңесіне беріледі.

Мектеп кеңесінің қызметі мынадай негізгі бағыт-тарда іске асады:

- конференция шешімдерін іске асыруды ұйымдастырады;
- мемлекеттік және қоғамдық органдар оқушылардың мүддесіне қатысты мәселе қарастырғанда ата-аналармен бірге оқушылардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді;
- бірінші сыныпқа оқушылар қабылданғанда олардың жасын, оқу түрін белгілейді.
- бюджет шығындардың есебін талқылайды, оқу орнының жеке қорын қалыптастырады, оқу орнының бюджеттік және бюджеттен тыс қаржысын жұмсауының негізгі бағыттарын айқындайды;
- Мектеп директорының, оның орынбасарларының, жекелеген мұғалімдердің есептерін тыңдайды;
- Мектеп әкімшілігі және жұртшылық өкілдерімен бірігіп ата-аналарға педагогикалық білім беруге жағдай туғызады.

Жұртшылық немесе ата-аналар өкілдерінің бірі бас-қаратын мектеп кеңесі мектеп әкімшілігі және қоғамдық ұйымдармен тығыз бірлікте жұмыс жүргізеді. Кеңестің шешімі ата-аналарға хабарланады. Әрине, кеңес шешімі оған қатысқандардың үштен екісі қоштап дауыс бергенде заңдық күші бар деп есептеледі.

Білім беруді басқарудың қоғамдық сипатының арта түсуі білім жүйесін мемлекетсіздендіру және білім мекеме-лерін диверсификациялаудан көрінеді.

Мемлекетсіздендірудің мәні мемлекеттік білім беру жүйесімен бірге мемлекеттік емес білім мекемелерінің де құрылуын аңғартады. Олар мемлекеттік ақпарат құралына енбейді, мұғалімдер мен тәрбиешілер, оқушылар мен ата-аналар өздерінің жеке мүдделері, аймақтық, ұлттық, кәсіптік, діни бірлестіктің, топтың мүддесіне жұмыс жасайды. Ал диверсификация (латын тілінен алғанда – көптүрлілік, дамудың жан-жақтылығы) бір мезгілде білім беру мекемелерінің бірнеше типінің қатар

дамуы. Мысалы, гимназия, лицей, колледж, жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын, мемлекеттік емес білім беру мекемесінің бірқатар ерекшеліктері болады. Ондай мекемені басқару тікелей оның құрылтайшысы немесе сол құрылтайшы тағайындаған қамқоршылар кеңесі іске асырады. Мемлекеттік емес білім мекемелерінің қамқоршылар кеңесінің өкілеттілігі, басқару құрылымы, мекеменің басшысын сайлау, тағайындау тәртібін айқындайтын өз жарғысы болады.

Педагогикалық жүйені басқарудың жалпы қағидалары

Кез келген әрекет, соның ішінде басқару әрекеті де ұйымдастырушы мен басшылық жасаудың барлық функцияларын іске асыруда басшылыққа алатын бірқатар қағидаларды сақтауға негізделеді. Ол қағидалар мақсат қою және жоспарластыру, ұйымдастыру, бақылау және т.б. топтастырылады. Ал басқару қағидалары басқару заңдылығының бейнелену және нақты іске асуын танытады. Мектепшілік менеджменттің негізгі заңдылығы талдағыштық, мақсатқа сәйкестік, ізгілік, басқарудағы демократиялық және мектеп түрлі басқару қызметіне дейін болуы сияқты компоненттерді қамтиды. Осы заңдылықтардан мектеп директорының, менеджердің оқу жүйесін басқарудағы басшылыққа алатын негізгі қағидалары туындайды. Сонымен негізгі қағидаларға мыналар жатады: педагогикалық жүйені демократизациялау және ізгілеу; орталықтандыру және орталықсыздандырудың парасатты үйлесімі; жеке билік пен алқалы биліктің бірлігі; педагогикалық жүйені басқару ақпараттарының объективтілігі және толықтылығы.

2. Педагогикалық жүйені басқаруды демократияландыру және ізгілендіру

Мектепшілік басқару ең алдымен басшылардың, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналардың бастамашылығы мен өздігінен жұмыс жасай алуын дамытуға бағытталады. Бұл жағдай тек қана шешім қабылдау мен талқылаудың бүкпесіз, ашық жүргізгенде ғана мүмкін. Мектеп басшы-ларын сайлау, педагогикалық кадрларды байқау және контракт негізінде қабылдаудың жүйесі – мектептегі демократияның бастауы. Сол сияқты мектепті басқарудағы жариялылық ақпараттың ашықтығы және түсініктілігіне негізделеді. Мектептің алдында тұрған міндетті, оның қиындығын жете сезінген әрбір мұғалім оған бей-жай қарамайды. Мектеп әкімшілігінің, мектеп кеңесінің тұрақты түрде есеп беріп отыруы оны талқылауға және шешім қабылдауға мұғалімдер мен оқушыларды қатыс-тыруы мектеп өмірінде демократияның орнығуына негіз қалайды.

Басқарудың жүйелілігі мен тұтастығы

Педагогикалық процесті басқару жүйесінің табиғатын түсіну, басқаруға қолайлы алғышарт жасайды. Мектептегі басқаруды жүйелілік ыңғайының бірінші белгісі – мектепті жүйе ретінде танып, оның негізгі белгілерінен құралатын осы жүйенің тұтастығын көре білу. Екінші белгі мектептің құрылымы болып табылады. Жүйенің құрылымы қалай болса мектептің байланыстары мен қатынастарының дамуы соған тікелей байланысты болмақ. Жүйенің үшінші компоненті оның өзіндік ерекшеліктері мен сипаттарынан туындайды. Дегенмен олардың өзара әрекеттесуі арқылы жүйенің жаңа сапасы қалыптасады. Компоненттердің тұрақты түрде өзара жақындауға ұмтылуы жүйенің тұтастығын айқындайды. Мектепті басқаруда жүйенің төртінші ерекшелігі – оның қоршаған ортамен тығыз және өзгеше байланыстылығын естен шығармаған жөн. Мектеп пен қоршаған ортаның әрекеттесуі екі формада көрінеді. Бірінші жағдайда мектеп өз әрекетін сыртқы ортаға бейімдесе, екінші жағдайда мектеп өз мақсаттарына жету үшін ортаны өзіне бағындырады.

Мектепті басқарудағы жүйелілік пен тұтастық мектептің басшысы мен ұжымының басқару қызмет-терінің өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін де қарас-тырады. Бұл қағиданы іске асыруда біржақтылыққа жол бермеуге болмайды. Осы қағида арқылы басқару қызметі-нің бірізділігін, қисындылығын, өзара пайдалылығын, оның барлық қызметінің де бірдей маңыздылығын аңғарамыз.

Орталықтандыру мен орталықсыздандырудың парасатты үйлесуі

Мектеп және педагогика тарихы шамадан тыс орталықтандырудың әкімшілік басқаруды күшейтуге әкеліп соғатындығына талай рет көз жеткізді. Басқаруды орталықтандыру төменгі буындағы жетек-шілердің, мұғалімдер мен оқушылардың бастамалығын шектеп, оларды өздерінің қатысуынсыз қабылдаған шешімдерді жай ғана орындаушыларға айналдырады. Біржақты орталықтандыру жағдайында басқару қызметінің қосарлануы, уақыт шығыны басшы мен орындаушы-лардың жұмыс бастылығы сөзсіз орындаушылардың жұмыс бастылығы орын алады.

Соған сәйкес орталықсыздандыруға шамадан тыс мән беру педагогикалық жүйе қызметінің

тиімділігін төмендетеді. Орталықтандыруды орталықсыздандыруға пайдасына жығып беру тұтастай басқару мен әкімшіліктің рөлін төмендетіп, басқарудың талдамалық және қадағалаушылық қызметін жояды. Мектеп тәжірибесі көрсетіп отырғандай демократиялық ойындар және орталықсыздандыруға әсуестенушілік ұжымының қызметі мен өміріне елеулі нұқсан келтіріп, педагогикалық ұжымда түсініспеушілік пен жанжалға негіз болып, әкімшілік пен қоғамдық басқару орындарының бір-біріне қарсы тұруына жол берді.

Сондықтан да мектепшілік басқаруды қамтамасыз етуде орталықтандыру мен орталықсыздандыруды үйлестіру әкімшілік және қоғамдық органдар басшыларына бүкіл мектеп ұйымының мүддесін ескеріп, кәсіптік деңгейде шешім қабылдауға мүмкіндік беріп, педагогикалық жүйенің барлық құрылымдық бөлімдердің қызметін жоғары деңгейге көтеруге жағдай туғызады.

Жеке билік пен басқарудың біртұтастығы

Бұл қағиданы іске асыру педагогикалық жүйені басқаруда субъективтілікке, билеп-төстеушілікке жол бермеуге бағытталады. Басқару қызметінде әріптестердің тәжірибесі мен біліміне сүйеніп, оларды талдамалар жасау мен шешім қабылдауға қатыстыру, әр түрлі көзқарастарды салыстыра отырып оңтайлы шешім қабылдаудың маңызы зор. Оның үстіне алқалық шешім ұжымның әрбір мүшесінің тапсырылған міндетке жеке жауапкершілігін жоққа шығармайды.

Басқарудағы жеке билік тәртіпті қамтамасыз етіп, педагогикалық процеске қатысушылардың өкілеттілігін айыптауды және оны қатаң сақтауды қамтамасыз етеді. Егер алқалы билік қабылданған шешімді іске асыру кезеңінде белгілі бір шешім қабылдаса, бұл өте маңызды.

Педагогикалық жүйе басшысының жеке билігін билеп төстеді, беделді алға салу емес, ол терең педагогикалық бітім мен тұлғаның және әлеуметтік психологияны жете меңгеру, оқушы, мұғалім, ата-ананың дербес-психологиялық ерекшеліктерін жіті есепке алуға негіз-деледі. Басқарудағы жеке мен алқалы билік біртұтастығының көрінісі. Жеке билік шешімді орындауда жеделдігімен ерекшеленсе, алқалы билік біршама "бәсеңдігімен" ерекшеленеді. Сондықтан да тактикалық әрекеттерді айқындағанда жеке билікке, ал стратегияны талдап жасағанда алқалы билікке арқа сүйенген дұрыс болмақ.

Бұл принцип оқу-тәрбие процесін басқаруда қоғамдық негізде жұмыс істейтін түрлі комиссиялар мен кеңестердің қызметінен көрініс табады. Әсіресе ұжымдық ізденіс пен қабылданған шешімге жеке жауапкершілік қажет болатын съезд, слет, конференциялардың жұмысы осы қағиданы қатаң басшылыққа алады. Білім беруді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық сипаты орталықта және жергілікті жерлерде бұл қағиданың күнделікті практикада орнығуына қолайлы жағдай туғызады.

Педагогикалық жүйені басқарудағы ақпараттардың объективтілігі және толықтылығы

Педагогикалық жүйені басқару тиімділігі едәуір дәрежеде қажетті және толық ақпараттың болуына байланысты. Ақпараттың объективтілігі және толықтығы ақпараты талдау және өңдеудегі асығыстыққа, дерексіз-дікке қарсы қойылады. Әлеуметтік педагогикалық әдебиетте ақпарат педагог пен тәрбиеленушінің арасындағы байланыс құралы ретінде, кейде жүйе мен қоршаған орта туралы мағлұматтар жиынтығы ретінде қарастырылады.

Басқаруда ақпаратты пайдаланудың қиындығы оның тым көптігінен немесе тым аздығынан туындайды. Мектепшілік басқаруда ақпаратты біржақты қарастыруға болмайды. Ақпараттың аздығы да, көптігі де шешім қабылдауға, оны іске асыруды реттеуге кедергі жасайды. Әдетте педагогикалық жүйедегі ақпараттың жетістіктері тәрбиелік қызмет саласынан байқалады. Ал оқу тәрбие процесінде тұлға дамудың бағыттары, оның оқу және оқудан тыс әрекеті, мінезі мен даму ерекшеліктері туралы да ақпараттар жетіспей жатады.

Мектепшілік ақпаратпен айналысқан адам оны жинау, өңдеу сақтау және қолданудың әдістерін жете білуі тиіс. Мектеп басшысы, менеджер өз қызметіне бақылау, анкета жүргізу, тестілеу, нұсқаулық және әдістемелік материалдармен жұмыс жасау жиі қолданылады. Техникалық құралдарды және компьютерлендірудің нәтижесінде материал жинау, оны өңдеудің мерзімі едәуір қысқарды. Қазіргі мектеп басшысының міндеті – мектепшілік ақпараттық басқару технологиясын жасап, енгізу. Ол технологияны басшымен бірге мұғалімдер де пайдалана алуы тиіс.

Педагогикалық жүйені басқаруда кез келген ақпарат маңызды, әсіресе жүйенің оңтайлы жұмыс жүргізу үшін қажетті басқару ақпаратының маңызы ерекше. Түрлі белгілеріне қарап басқару ақпаратын былай топтастыруға болады: уақыты бойынша – күнделікті, айлық, тоқсандық, жылдық; басқару қызметіне қарай – талдамалық, баға беруші, конструктивті, ұйымдық; жиналған мәлімет көзіне қарай - мектепшілік, ведомстволық, ведомстводан тыс; мақсатты пайдалануы бойынша - директивалық, таныстырушылық, кепілдемелік және т.б.

Ақпараттық банк қалыптастыру, оны шұғыл қолдану технологиясын енгізуде, еңбекті

басқару ғылыми ұйымдастырудың деңгейін арттырады.

3. Мектеп педагогикалық жүйе және басқару нысаны

Педагогикалық жүйе дербес дамитын және тұтас басқарылатын бірнеше компоненттерден құралады. Педагогикалық жүйені басқару бір жағынан оның тұтастығын сақтаса, екінші жағынан оның жекелеген компоненттеріне ықпал жасауға, өзгертуге мүмкіндік береді. Осылайша педагогикалық жүйенің қызметі қатаң белгіленген уақыт шегінде (9-11 жыл) орындалуы тиіс қоғамның қажеттілігін орындауға бағытталады. Жүйенің мақсаты оның мазмұнын айқындайды, ол мазмұн көп түрлі және оны іске асыру әдістері де сан алуан. Басқа жүйелер сияқты педагогикалық жүйе де алынған нәтижелердің деңгейімен сипатталады.

Педагогикалық құбылыстың диалектикалық табиға-тын таныта отырып, педагогикалық жүйенің компонент-тері, оның оңтайлы қызмет етуіне қажетті және жеткілікті болуы тиіс. Осы негізде мектеп жүйе құраушы фактор-лардың жиынтығы болып табылады. Жүйені құраушы фактор мақсат пен нәтиже факторларынан көрінеді. Қызмет ету шарттары - әлеуметтік-педагогикалық және уақытша шарттарды; Құрылымдық компоненттер – басқарушы (педагогикалық ұжым) және басқарылушы (оқушылар ұжымы) жүйені, педагогикалық әрекеттің мазмұны, құралы, формалары мен әдістерінен түзіледі; Қызметтік компоненттер – педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарластыру, ұйымдастыру, бақылау, қадағалау және түзетуді құрайды.

Мектепті педагогикалық жүйені басқару нысаны ретінде қарастыру, білім беруді басқару, қызмет басқаруды басшылар, мұғалімдер мен оқушылардың бірдей дәрежеде мақсат қойып, нәтижеге қол жеткізуге ұмтылуын, педагогикалық және оқушылар ұжымын қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайды, оқу-тәрбие жұмыстарының түрлі құралдары мен әдістерін таңдап, пайдалануды білдіреді. Бұндай жағдай педагогикалық жүйенің мақсат-тылығын сақтауға және оны құрайтын компоненттерді жақсартуға оң ықпал жасайды.

4. Педагогикалық жүйенің жүйе құраушы факторлары

Жүйе құраушы маңызды факторлардың бірі, педагогикалық жүйенің қызметінің бастау көзі – оқушы тұлғасының үйлесімді дамуы, оның өзін-өзі айқындауына бағытталған мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен әрекетінің мақсаты болып табылады. Мектептің мақсаты – тұлға қасиетінің ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық еңбек, экологиялық, құқықтық және басқа да базаның мәдениетін қалыптастыру. Жалпы мақсаттар оқу тәрбие процесінің жекелеген бағыттары бойынша нақтыланады. Басқарудың тиімділігін арттырудың ең басты белгісі мектеп басшылығының, мұғалімдердің, оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының жекелеген мақсаттарды белгілей алуы және белгілі бір уақыт кезеңінде оны жалпы мақсатпен үйлестіріп, реттеп отыру.

5. Педагогикалық жүйенің қызмет етуінің әлеуметтік-педагогикалық және уақыттық шарттары

Педагогикалық жүйенің қызмет етуінің әлеуметтік-педагогикалық шарттары деп оның ахуалы мен дамуының тұрақты жағдайын айтамыз. Мектепті басқарудың шарт-тары жалпы және арнайы деп екі топқа бөлінеді. Жалпы шарттарға әлеуметтік, экономикалық, мәдени, ұлттық, географиялық шарттарды жатқызуға болады. Ал арнайы шарттар – оқушылардың әлеуметтік-демографиялық құрамы; мектептің орналасқан жері (қалалық, аудандық); мектептің материалдық мүмкіндігі; қоршаған ортаның тәрбиелік мүмкіндігі сияқты компоненттерден құралады. Педагогикалық процестің тиімділігінің, маңызды көрсеткіші педагогикалық және оқушылар ұжымдарындағы моральдық психологиялық ахуалдың сипаты, оқушылар ата-аналарының педагогикалық деңгейі болмақ.

Педагогикалық жүйенің уақыттық сипаты бала-лардың дербес-психологиялық дамуы және жас ерекше-лігіне сәйкес өзара тығыз байланысты үш кезеңнен тұрады. Ол жалпы ұзақтығы он бір жылды құрайтын жалпы білім беретін мектептің үш сатысын (бастауыш – I-IV; негізгі орта – V-IX; жоғары – X-XI сыныптар) құрайды. Жалпы білім берудің әр сатысы өзіндік міндеттерді шешуге бағытталғанмен, ол бала тұлғасын дамыту - деп аталатын ортақ міндетке жұмылдырылады. Оқытудың бір сатысынан екінші сатысына өту дербестігі тұлғалық дамуда елеулі секіріс болып табылады. Жүйе құраушы факторлар, әлеуметтік – педагогикалық және уақыттық шарттар құрылымдық бақылау мен функциялық компоненттердің ерекшеліктерін айқындайды.

6. Педагогикалық жүйенің құрылымдық компоненттері

Кез келген әлеуметтік жүйеде басқарудың жеке немесе ұжымдық субъектісі шешуші рөл

атқарады. Мектептің педагогикалық жүйесінің құрылымдық компоненттері айқындалатын нағыз педагогикалық ұжым және оның басшысын немесе жүйені басқарушының әрекеті болмақ. Практикалық істерді талдау және арнайы зерттеулер педагогикалық ұжымның алға қойған мақсатына өз функцияларын кеңейту арқылы ғана емес, сонымен бірге ол функциялардың мүмкіндігін сарқа пайдаланып, оларды үйлестіру арқылы жетуге болатын-дығын көрсетеді. Осыдан келіп басқару жүйесінің деңгейі проблемасы туындайды. Көптеген мектептердің басқару жүйесінің құрылымы басқарудың төрт деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей - ұжым сайлаған немесе мемлекеттік орган тағайындаған мектеп директоры: мектеп кеңесі, оқушылар комитеті, қоғамдық бірлестік басшылары.

Екінші деңгей - мектеп директорының орынбасарлары, мектеп психологиясы, әлеуметтік педагог, аға тәлімгер, мектеп директорының әкімшілік-шаруашылық істері бойынша көмекшісі, сонымен бірге өзін-өзі басқарушы бірлестіктер мен органдар.

Үшінші деңгей-оқушылар мен ата-аналарға, балалар бірлестіктері, сабақтан тыс үйірмелерге қатысты басқару қызметін атқаратын мұғалімдер, тәрбиешілер, сынып жетекшілері.

Төртінші деңгей - сыныптық және жалпы мемлекеттік оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесіне басшылық жасайтын оқушылар. Бұл деңгей мұғалім мен оқушы қарым-қатынасының сипатын айқындайды. Оқушы ол қарым-қатынастың объектісі болумен бірге өз дамуының субъектісі де болады. Бұл келтірілген өзара қарым-қатынастар тізбегінен аңғаратынымыз, әрбір төменгі деңгейдегі басқару объектісі бір мезгілде өзінен жоғары деңгейдегі басқарудың объектісі болады. Басқару жүйесінде оқушылар ұжымы негізгі орын алады, оны да жалпы мемлекеттік ұжым және сыныптық ұжым деп басқарудың екі деңгейіне топтастыруға болады. Ал көлбеу бағыттағы басқару жүйесі оқушылардың қоғамдық ұйымдары, спорт секциялары, шығармашылық бірлестіктер, үйірмелер деп жіктеледі. Басқару жүйесі оқушылар қатысатын іс-әрекеттің біртұтастығын (оқу, ізденушілік, спорт, көркем-эстетикалық, қоғамдық пайдалы еңбек) танытады. Тұтас педагогикалық процестің құрылымдық компоненті ретінде мазмұн білім беретін мекеменің (мектеп, лицей т.б) алдына қойған мақсатымен айқындалады. Ал педагогика-лық және оқушылар ұжымының оқу-тәрбие процесі мазмұнының өзгеруі мемлекеттік білім стандарттары негізінде реттеледі.

Қазіргі қоғамға тән білім беру процесін ізгілендіру, дербестендіру және дифференциялау, мәдениеттанушылық сипат беру бағыттарын іске асыру балалар мен жасөспірім-дерді оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен түрлерін пайдаланудың ерекшеліктерін айқындайды. Бұл бағытта ұжымдық және топтық жұмыс түрлерімен бірге дербес жұмыс түрлеріне де баса мән беріледі.

Педагогикалық әрекеттегі басқару жүйесінің басқарылушыға ықпал жасау әдістері де айқын болуы тиіс. Оның тиімділігі - қолданған әдістің нақты педагогикалық жағдайға сәйкестілігіне байланысты.

Тұтас педагогикалық процестің ұйымдастыру әдіс-тері жүйенің ұйымдық, функционалдық және ақпараттық бірлігін тоқтатуы тиіс. Сондықтан мұғалім сендіру, жаттығу, бақылау және өзін-өзі бақылау, ынталандыру сияқты тәсілдермен бірге ақпарат жинау және оны талдау, дербес дамудың диагностикасын жасау, түзету және т.б. сияқты әдістерді де игеруі тиіс.

Сонымен, аталған жүйе құраушы факторлар педагогикалық процесті ұйымдастырудың ішкі құрылымының өте күрделі екендігін танытады. Сонымен бірге әрбір компонентті алға қойған мақсатқа, қалыптасқан нақты жағдайға байланысты дер кезінде реттеп отыруды қажет етеді.

Аталған компоненттер өз бетінше өмір сүрмейді, олар мұғалім әрекетімен тығыз байланысты болады да педагогикалық жүйенің функционалдық компоненттерін құрайды. Функциялық компоненттердің негізіне педагог әрекетінің процесінде туындаған тұрақты базалық құрылымдық компоненттер түзеді. Ал функциялық компоненттер педагогикалық процестің қозғалысын, өзгерісін танытып, оның даму қисынын айқындайды.

3.2 Мектепті басқарудың негізгі функциялары

1. Мектеп басшысының басқару мәдениеті

Басқару мәдениетінің негізгі компоненттері. Білім саласында еңбек ететін адамдардың басқару мәдениеті, олардың кәсіптік-педагогикалық мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады. Дәстүрлі ұғымда кәсіптік-педагогикалық мәдениет негізінен педагогикалық қызметтің нормалары, ережелері, педагогикалық техника және шеберлікпен байланыстырылады. Ал, соңғы жылдардағы психологиялық-педагогикалық зерттеулер педагогикалық мәдениет категорияларына педагогикалық құндылықтар, педагогикалық технология және педагогикалық шығарма-шылықты да қосатын болды.

Мектеп басшысының басқару мәдениеті, оның тұлға ретінде мектеп басқарудың технологиясы мен құндылық-тарын жасау, игеру және оны алға жылжытуға бағытталған жұмыстарда өзінің шығармашылық күш-қуатын танытуы. Бұндай жағдайда басқару мәдениетінің компоненттері – аксиологиялық, технологиялық және тұлғалық-шығарма-шылық болып табылады.

Мектеп басшысы басқару мәдениетінің аксио-логиялық компоненттері. Қазіргі заманғы мектепті басқарудың маңызы мен мәні болып табылатын басқару-педагогикалық құндылықтардың жиынтығын құрайды. Мектеп басшысы басқару қызметінің процесінде басқарудың жаңа теориясы мен концепциясын игеріп, ептілік пен дағдыларды меңгереді. Ал практикалық қызмет барысында олардың қаншалықты маңыздылығына баға беріледі. Қазіргі кезде басқару тиімділігін артыруда білім, идея, концепция сияқты басқаруға қатысты педагогикалық құндылықтар үлкен маңызға ие болуда.

Педагогикалық жүйені басқарудың құндылықтары сан алуан. Олар: әртүрлі деңгейдегі тұтас педагогикалық процесті басқарудың мәні мен маңызын ашатын құндылық-мақсаттар; білім жүйесін басқару мақсаты, мектепті басқару мақсаты, педагогикалық ұжымды, оқушылар ұжымын басқару мақсаты, тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамытуын басқару мақсаты және бағалау құндылық-мағлұматтарға басқару қызметіне реттеушілік сипат береді; құндылық-білімдер басқару саласындағы мектептің білімінің мәні мен маңызын ашады; басқарудың әдістемелік негізін, мектепшілік менеджментті білу, ауыл және қала мектептері мұғалімдерімен жұмыстың ерекшеліктерін білу, педагогикалық процестерді басқару тиімділігін критерийлерін және т.б.

Құндылық-қатынастар педагогикалық процеске қатысушылар арасында өзара байланыстың, кәсіптік қызметке, өзіне деген қатынастың, педагогикалық және оқушылар ұжымындағы тұлғааралық қатынастардың мәнін ашады;

Құндылық-сапалар басқарудың субъективтігі ретінде басқарушы-менеджердің дербестік, тұлғалық, арасушылық қасиеттерінің көптүрлілігінің мәнін ашады. Ол сапалар бастықтың өз қызметін болжамдап, оның салдарын алдын-ала көре білу қабілеті, өз әрекеті мен мақсатын өзгелердің әрекетімен, мақсатымен салыстыра білу қабілеті, ынтымақ-тасу және бірлесе басқару қабілетінен және т.б. көрінеді.

Мектеп директорының басқару мәдениетінің техно-логиялық компоненті педагогикалық процесті басқарудың әдістері мен тәсілдерін біріктіреді. Мектепшілік басқару технологиясы арнайы педагогикалық міндеттерді шешу басшы-менеджердің педагогикалық талдау және жоспарластыру, педагогикалық процесті бақылау және реттеуді атқара алатын іскерлігіне байланысты. Мектеп директорының басқару мәдениетінің деңгейі аталған міндеттерді шешудің әдіс, тәсілдерін қаншалықты меңгере алуына тікелей байланысты.

Мектеп директорының басқару мәдениетінің тұлғалық-шығармашылық компоненті педагогикалық жүйені басқаруды шығармашылық акт ретінде қарастыру арқылы ашылады. Мектеп басшысының басқару қызметі өзінің табиғатында шығармашылық болып табылады. Басқарудың құндылықтары мен технологиясын меңгере отырып басшы-менеджер тұлғалық ерекшеліктері мен басқару объектісінің ерекшеліктеріне сай, ол құндылық-тарды өзінше қайта құрып, талдап түсіндіруге ұмтылады. Осылайша, педагогикалық жүйені басқару тұлғалық қабілеттерді іске асыратын және жұмсайтын сала болып табылады. Басқару қызметінде мектеп директоры тұлға, басшы, ұйымдастырушы және тәрбиеші ретінде өзін-өзі танытады.

Білім беру мекемесі басшыларының функциялық міндеттері

Оқу орнын басқаруды директор және оның орын-басарлары іске асырады, ал олардың функциялық міндеттерін, тағайындау немесе сайлау тәртібін жалпы білім беретін мектеп жарғысы анықтайды. Оқу-тәрбие процесін басқаруды ең алдымен педагогикалық стажы үш жылдан кем емес, өзін мұғалімдік қызметте көрсете алған және қажетті ұйымдастырушылық қабілеті бар мектеп директоры атқарады.

Мектеп директорының функциялық міндеттері "Жалпы білім беретін мемлекеттік оқу

орындары туралы уақытша ережесінен" және соның негізінде жасалатын әрбір жалпы білім беретін оқу орнының өз жарғысымен айқындалады.

Жалпы білім беретін оқу орнының директоры мынадай функциялық міндеттерді атқарады:

Мемлекет және қоғам алдында балалар құқын қорғау талаптарының орындалуына жауапты, оқу-тәрбие процесін жоспарластырады және ұйымдастырады, оны орындалу барысын және нәтижесін қадағалайды, оқу орнының тиімді және сапалы жұмыс істеуіне жауап береді;

мемлекеттік және қоғамдық органдар алдында мектептің мүддесін танытады;

мектептен тыс және сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға қажетті жағдай туғызады;

мектеп директорының орынбасарын таңдайды, олардың функциялық міндеттерін белгілейді;

педұжымның, ата-аналардың және оқушылардың пікірін ескере отырып оқу орнының педагог кадрларын орналастырады, соның жетекшілерін тағайындайды;

оқу орнының педагог, әкімшілік, оқу-тәрбие және қызмет көрсетуші кадрларын жұмысқа қабылдайды және босатады;

белгіленген тәртіп бойынша оқу орнына бөлінген бюджет қаржысының ұтымды жұмсалуды ұйымдас-тырады;

оқу орны Кеңесінің келісімімен шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің жалақысына үстеме қосады;

шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің педагогикалық эксперимент жасауына, оқу мен тәрбиенің өзінің әдістерін практикада қолдануына қолайлы жағдай жасайды; өзінің қызметі бойынша білім басқармасы органының алдында жауап береді.

Мектеп директорының бұл функциялық міндеттері мектептің типіне, орналасқан жеріне, мұғалімдер мен оқушылар құрамының ерекшеліктеріне, ата-аналар мен қоғамдық өкілдердің арасында қалыптасқан жұмыс жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты, мектеп жарғысына одан әрі толықтыру енгізуі мүмкін. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы, кәсіптік бағдар, ата-аналармен жұмыс сияқты мәселелер мектеп директорының басты назарында болуы тиіс. өз компетенциясының негізінде мектеп директоры оқу орнының атынан мүлкін пайдалану жөнінде келісім-шарт түзіп, басқа да әрекеттерді іске асыра алады.

Мектептегі жекелеген жұмыс бағыттары директордың орынбасарына жүктеледі. Олар оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс-тарды ұйымдастырушы, ғылыми-зерттеу жұмыстар жөніндегі орынбасар, мамандыққа бейімделген сыныптар немесе жекелеген пәнді тереңдетіп оқитын сыныптар жөніндегі орынбасар және мектеп директорының шаруа-шылық бөлімі бойынша орынбасары немесе көмекшісі.

Мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары педагогикалық процесті ұйымдас-тыруға, білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік білім стандарттарының орындалуына жауапты; оқушылардың білім саласы мен тәртібі бақылауды іске асырады; оқушылар мен мұғалімдер жұмысын реттеп, сабақ кестесін түзеді; мектептің әдістемелік жұмыстарына басшылық жасап, педагогикалық мәдениетін көтеруді ынталандырады. Кейбір мектептерде мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары бірнешеу болса мектеп жарғысы бойынша олардың әрқайсысының функциялық міндет-тері дербес белгіленеді.

Сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыс-тарын ұйымдастырушының (мектеп директорының орын-басары құқында) міндеттерінің аясына балалар шығарма-шылығының сарайлары, жас натуралистер, жас техниктер станциялары, балалар бірлестіктері мен клубтары сияқты қосымша білім беретін мекемелермен байланыс орнату; сынып жетекшісінің жұмыс мазмұнын жақсарту, оларға әдістемелік көмек көрсету, оқушылардың тұрғылықты мекені бойынша жұмыс жүргізу БҰҰ Конвенциясының талаптарына сай балалардың қоғамдық ұйымдарына қолдау көрсету сияқты өзекті мәселелер жатады.

Соңғы жылдары жаңа типті мектептер – гимназия, лицей және т.б. мектеп кеңесінің шешімімен жаңа перспективалық бағыттар жөнінде мектеп директорының орынбасары қызметі еңгізілуде. Мысалы, сондай жаңа қызметтің бірі – мектеп директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары жоғары оқу орындарының ғалым-дары, оқытушыларымен, ғылыми орталықтармен байланыс орнатып, оларды мектептегі педагогикалық жұмысқа тартады, мұғалімдердің тәжірибе - экспери-менттік жұмыстарына көмектеседі.

Мектеп директорының коммерция жөніндегі орын-басары: орынбасар - үйлестіруші: демеушілермен, комиссиялармен байланыс орнатып, бюджеттен тыс қаржыландыруға басшылық жасайды. Кейбір ірі немесе мамандандырылған мектептерде мектеп директорының әлеуметтік-педагогикалық сауықтыру істері жөніндегі орынбасары қызметі еңгізіліп, ол сыныптарда теңестіру, педагогикалық түзету және бейімдеу жұмыстарын қадағалайды.

Директорды басқару қызметінің тиімділігі мектеп әкімшілігінің аппаратында міндеттер мен құқықтарды айқын белгілеуге тікелей байланысты. Қажеттілікке байланысты мектеп директоры

шұғыл немесе нұсқаулық кеңес, педагогикалық кеңес мәжілістерін өткізу барысында бүкіл педагогикалық процесті үйлестіріп отырады.

2. Мектепішілік басқарудағы педагогикалық талдау

Тұтас педагогикалық процестегі педагогикалық талдаудың рөлі. Тұтас педагогикалық процесті басқару функцияларының бірі педагогикалық талдау болып табылады. Педагогикалық талдау функциясын қазіргі ұғымда алғаш рет қолданып, мектепішілік басқару теориясына енгізген Ю. А. Копержевский еді.

Педагогикалық талдау басқару циклы құрылымында ерекше орын алады: бір-бірімен байланысқан функция-лардан тұратын кез-келген басқару циклы талдаудан басталып, талдаумен аяқталады. Басқару қызметінің жалпы тізбегінен педагогикалық талдауды алып тастау оның күйреуіне жол береді, өйткені жоспарластыру, ұйым-дастыру, бақылау, реттеу функцияларына өз кезегінде талдау жасалмаса ол логикалық қорытындыға жете алмайды.

Педагогикалық талдау педагогикалық басқару процесінде тікелей емес, оқу-тәрбие барысында іске асырылатын болғанықтан мұғалім сабақ, тәрбиелік туралы өткізер алдында соған тікелей қатысты болатын педагогикалық жағдайдың негізгі элементтерін ескеруі және жан-жақты талдауы тиіс. Уақытынан кеш немесе шала-шарпы жүргізілген талдау мектеп директорының мақсатын белгілеп, міндеттерді айқындау кезеңде қателікке, шашыраңқылыққа, көбіне негізсіз шешім қабылдауға душар етеді. Педагогикалық немесе оқушылар ұжымында шынайы жағдайды білмеу педагогикалық процесте және өзара қарым-қатынастарда дұрыс жүйе қалыптастыруда қиындықтар тұғызады.

Педагогикалық талдаудың мектепті басқару функциясы ретіндегі негізгі қызметі Ю. А. Копержевскийдің пікірінше педагогикалық процестің даму тенденциялары мен жағдайын зерттеу, оның нәтижелерін объективті бағалап, соның негізінде басқарылатын жүйелі жақсарту туралы ұсыныстар дайындау болмақ. Бұл функция – басқару циклының құрылымындағы ең күрделісі, өйткені, талдау зерттеу объектісін бөлшектеуді, оның әрқайсы-сының орны мен рөлін бағалауды, жеке бөліктен тұтас объектіні тани алуды, жүйе құрушы факторлердің байланысын анықтауды қамтыды. Басқа функциялар мен, мысалы жоспарластыру және ұйымдастыруға қарағанда сырттай тиімділігі төмен болып көрінетін педагогикалық талдау жасырын, көлеңкелі сипат алады, сондықтан ол тұлғадан жинақтау, салыстыру, жүйелеу арқылы педагогикалық факторлер мен құбылыстарды талдау үшін ақыл-ойды барынша ширатуды талап етеді.

Педагогикалық талдаудың түрлері мен мазмұны

Мектепішілік басқарудың теориясы мен практика-сында (Ю. А. Копержевский, Т. И. Шомова және т.б.) педагогикалық талдаудың негізгі түрлері анықталған. Талдаудың субъектісіне (не талданады) қарай оның көп-теген түрлері кездеседі. Солардың арасынан параметрлік, тақырыптық және қорытынды талдау деп аталатын үш түрді бөліп атауға болады.

Параметрлік талдау оқу процесінің барысы мен нәтижесі туралы күнделікті мәлімет жинап, ондағы кемші-ліктердің себебін анықтауға бағытталды. Параметрлік талдау барысында тұтас педагогикалық процестің барысына өзгерістер мен түзетулер еңгізіледі. Параметрлік талдаудың мазмұны ағымдағы сабақ үлгерімі, сыныптағы, мектептегі бір күндік, бір апталық тәртіп, сабаққа, сыныптан тыс шараларға қатысу, мектептің санитарлық жағдайы, сабақ кестесінің сақталуы және т.б. сияқты мәселелерді қамтиды. Соның ішіндегі мектеп директоры мен оның орынбасарларының негізгі жұмысы сабаққа және сыныптан тыс шараларға қатысуы. Параметрлік талдау нәтижелерін тіркеп, жүйелеп, қорыту тақырыптық педагогикалық талдауға негіз қалайды. Осы тұрғыдан алғанда параметрлік талдау – фактілерді атап көрсету емес, оларды салыстыру, жинақтау, оның қалыптасу себебін анықтап, соңғы салдарын болжау. Осындай талдау нәтижелері және соның негізінде қабылданған шешім шұғыл түрде іске асыруды қажет етеді.

Тақырыптық талдау педагогикалық процестің барысында барынша тұрақты ағымдар мен нәтижелерді зерттеуге бағытталады. Тақырыптық талдау мазмұны мынадай кешенді мәселелерді қамтиды: оқытудың озық әдістерін үйлестіру, оқушылардың білім жүйесін қалып-тастыру; мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің адамгер-шілік, эстетикалық, дене, ақыл-ой тәрбиесінің жүйесі; мұғалімнің педагогикалық мәдениетінің деңгейін көтеру; мектепте кановациялық орта қалыптастырудағы педұжымның рөлі және т.б.

Параметрлік талдау негізіне сүйене отырып, тақырыптық талдау барысында мектеп басшылары қорытынды талдаудың мазмұны мен технологиясын негіздейді.

Қорытынды талдау уақыт, кеңістік және мазмұн жағынан да барынша кең көлемді қамтиды. Ол оқу тоқсаны, жарты жылдық, оқу жылының қорытындысымен өткізіліп, қол жеткен нәтижелер, олардың алғышарттарын оқып-үйренуге бағытталады. Қорытынды талдау басқару циклының

барлық функцияларын қамтиды. Қорытынды талдау үшін мәліметтер параметрін, тақырыптық талдау тоқсандық, жарты жылдық бақылау жұмыстары, мұғалім-дер, сынып жетекшілері, қоғамдық ұйымдар ұсынған ресми есеп, анықтамалардан құралады.

Педагогикалық талдаудың негізгі объектілері

өз бойына балаларды оқыту мен тәрбиелеудің барлық мақсаты, міндеті, мазмұны, түрлері мен тәсілдерін жинақтаған педагогикалық талдаудың негізгі объектісі ең алдымен сабақ, сыныптан тыс шаралар және мектептің оқу жылының қорытындысы. Педагогикалық талдаудың барлық объектісін біріктіруші - ортақ әдістемелік жүйе болып табылады.

Мектепті басқарудың қызметі ретінде педагогикалық талдаудың жүйелік ыңғайының әдістемесі мен қисыны мынадай әрекеттердің сабақтастығынан аңғарылады: -сабақты, тәрбиелі шараларды немесе оқу жылына барынша жалпы жүйелік бөлігі ретінде қарастыру, яғни олардың рөлін сабақтар, тәрбиелік шаралар жүйесіндегі және осы оқу жылын өтпек, болашақ оқу жылдарымен салыстырғанда алатын орнымен айқындау;

-(педұжым, оның педагогикалық мәдениет деңгейі, мектептегі моральдік-психологиялық ахуал және т.б.) тиімділігін айқындайтын жиынтық факторларды табу;

- оқу жылында жоспарластырған жұмыстардың негізгі бағыттарының мазмұны мен түрін, әдебиеттің мақсат-тылығы мен негізділігін айқындау;

- оқу жылы бойындағы жұмыстың, сабақ, тәрбиелік шаралар нәтижесін талдау;

- оларды ұйымдастырудағы кемшіліктер мен жетістіктердің негізгі себептерін айқындау;

- жаңа оқу жылында жүргізілетін кешенді жұмыстарды жақсартуға ұсыныстар мен қорытындылар жасау.

Мектеп басшыларының үнемі назарында болатын нысан - сабаққа қатысу және оған педагогикалық талдау жасау. Мектептің даму тарихында басшылардың сабаққа енуінің ақылға сиятын да, сыймайтын да нормативі болды. Бірақ, қатысқан сабақтың соңы оған жасалған талдаудың сапасына тікелей әсер ететіндігі ақиқат.

Мектеп басшыларының басқару қызметінде сабаққа талдау жасаудың кеңейтілген, қысқа және кезеңдік түрлері кеңінен қолданылады.

Сабаққа кеңейтілген педагогикалық талдау жасау сабаққа қойылатын тәрбиелік, дидактикалық, психологиялық, санитарлық-гигиеналық талаптардың барлығына тоқталуды қажет етеді. Талдаудың бұл түрі жұмысты жаңа бастаған мұғалімдерге, белгілі бір қиындыққа тап болған мұғалімдерге немесе іс-тәжірибесі арнайы зерттелетін мұғалімдердің сабағына баға беруде қолданылады.

Сабаққа қысқа талдау жасау директор, оқу ісінің меңгерушісі немесе әдіскер тарапынан ұсыныс не ескерт-пені барынша объективті етіп беруді талап етеді. Сабаққа қысқа талдау жасау - атүсті талдау, немесе сабаққа көз алдау үшін қатысу емес, талдаудың бұл түрі мұғалім тұлғасын жақсы білу, жоғары әдістеменің және басқару мәдениетін талап етеді.

Кезеңдік талдау сабақтың белгілі бір кезеңін, мысалы оқушылардың таным белсенділігін артыруда көрнекілік қолдану, немесе мұғалімнің үй тапсырмасын тексеру жұмысы, немесе сабақ барысында оқушылармен топтық жұмыс жасау еркселігін қамтиды.

Мектеп басшысының талдамалық қызметінде тәрбиелік шараларға педагогикалық талдау жасау маңызды орын алады. Бұрын атап өтілгенді, тәрбиелік шаруалар іске асу процесінде балалар қатысатын ұйымдық, пәндік, шығармашылық әрекеттер сияқты бір-бірімен өзара байланысты бірнеше кезеңдерден тұрады.

Тәрбиелік шараларға педагогикалық талдау жасаудың қисыны оның кезеңдерінің бірізділікпен іске асуынан көрінеді. Кезеңдердің бірізділігі былай іске асады: тәрбиелік шараның мақсатымен міндеттерін, іске асыру түрін бірлесіп дайындау; бірігіп жоспарластыру; оқушылардың дайындыққа тартылуы және мұғалімдердің педагогикалық басшылығының ерекшеліктері; тәрбие ісін тікелей жүргізу; бірлесіп қорыту және талдау жасау.

Мектептің және оның басшыларының жұмыс тәжірибесін зерттеу тәрбие ісіне педагогикалық талдау жасаудың барысында мынадай мүмкін мәнді нұсқа ұсынуға болады:

Тәрбие ісін мақсатына талдау;

Тәрбие ісінің тақырыбына, осы іске асырудың түріне талдау, аталған шараның сынып, мектептік тәрбие жүйесіндегі орнын анықтау;

Тәрбиелік істің өтетін орнын бағалау, аудиторияны безендіру, пайдаланылатын құралдардың сапасы мен күтімі;

Тәрбиелік істің әрбір кезеңіне талдау (кезекшінің тәрбиені міндетті іске асыруы, кезек міндеттерінің мазмұнға сай келуі қолданылған әдістердің тиімділігі, кезең нәтижесінде талдау);

Тәрбиелік шараның оқушы тұлғасына дербес ықылас, оның балалар ұжымын қалыптастыру, өзін-өзі басқаруын дамытуына талдау;

Мұғалім, сынып жетекшісінің қызметіне, педагогикалық шеберлігіне тәрбиешінің тәрбие процесін басқарудағы біліктілігі мен кәсіпқойлығына, беделі, педагогикалық әзірлігіне баға беру;

Тәрбие ісінің жүргізудегі кемшіліктері оның себептері;

Сынып жетекшісіне, мұғалім мен тәрбиешіге тәрбие процесін жетілдіруіне ұсыныс, ақыл-кеңес беру.

Мектептің оқу жылында атқарған жұмыстарының қорытынды талдауының негізгі мазмұнын мынадай басты бағыттар құрайды:

Оқыту сапасы – мұғалімдердің қажеттік дайын-дығының дамыта оқыту талаптарына сай болуы;

Білім беру бағдарламалары мен стандарттардың орындалуы; оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін қолдану; сабақтың тәрбиелік мүмкіндігін іске асыру; тұлғалық ерекшеліктер мен дербестік нышандарды дамыту; оқушылардың білім, дағды, іскерлігін бағалаудың шараларын сақтау;

Оқушылардың білім, іскерлік дағдысының сапасы – көлемі, тереңдігі, жүйелілігі, түсініктілігі, танымды-лығы; оқушылардың жалпы білім берудің барлық сатысындағы білім сапасы; оқушылар біліміндегі типтік олқылықтар мен олардың себептері; оқушылардың компьютерлік білімі және т.б.

Оқушылардың тәрбиелік деңгейі; мектептегі әдістемелік жұмыстың жағдайы мен сапасы;

Ата-аналармен және қоғамдық ұйымдармен тиімділігі;

Оқушылар денсаулығы жайлы санитарлық-гигиеналық мәдениет;

Мектеп кеңесінің, педагогикалық кеңес қызметінің нәтижелілігі; он бір жылдық оқу және тәрбие циклындағы мектеп жұмысы; мектептің есепті баяндамасы.

Қорытынды талдау жасау оның объективтілігі, тереңдігі, перспективлігі жаңа оқу жылының жоспарын жасауға дайындық қызметін атқарады.

3. Мектеп басқаруға байланысты мақсат белгілеу және жоспарлау

Кез келген педагогикалық процесті басқару мақсат қою мен жоспарлаудан тұрады. Педагогикалық жүйенің үнемі қозғалыста, үнемі даму үстінде болуы оқу-тәрбие жұмысында мақсат қою мен жоспарлауды жетілдіріп отыруды қажет етеді. Әрине, тәрбиеленушілердің бойында белгілі бір қасиеттің қалыптасуын дәл белгілеу, жоспарлау мүмкін емес. Ал жоспарлау жеке тұлғаның барынша және жан жақты дамуына қолайлы объективті жағдай туғызуы тиіс.

Сондықтан педагогтардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер қоғамның алдындағы жалпы міндеттер мен мақсаттардың көрінісі болып табылады. Мақсат жоспардың өзегі болғандықтан ол педагогтің де, оқушының да әрекетін қамтуы керек. Басқару қызметінің мақсаты – жұмыс түрлері мен тәсілдерін, оның жалпы бағыттарын айқындайтын бастау.

Педагогикалық жүйеде мақсат қоюдың ерекшелігі бұл жерде қоғамның объективті талаптарын білу жеткіліксіз.

Бір жерде басқару әрекетінің жалпы мақсаттарын оқушылардың жас ерекшелігі мен дербес-психологиялық ерекшеліктерін ескеріп белгілеу орынды. Жалпы мақсатты жан-жақты тармақталған "ағашқа" теңейтін болсақ "басты" мақсат оның діңі болып шығады. Сондықтан оның педагогикалық процестің басты мақсаты жекелеген мақсаттардың іске асуы есебінен нәтиже беретінін ұмытпау қажет.

Сапалы түрде мақсат белгілегенде директормен бірге мұғалімдер, оқушылардың да осы жұмысқа тартылуы, оладың әрқайсысының педагогикалық процесте белгілі бір құқық, міндет, жауапкершілік арқалауына жағдай жасайды.

Мақсат қоюды осылай түсіну кешенді мақсатты бағдарламаны іске асыратын жоспарластыруға мүмкіндік береді. Кешенді мақсатты бағдарлама мектеп жұмысы жоспарының қысқартылған моделі емес, ол мектептің жалпы жоспарынан бөліп алынған барынша маңызды 3-4 мәселені нақтылана түскен бөлігі.

Бұндай мақсатты бағдарламаның мазмұнын айқындайтын қысқаша түсініктемесі болады; оның жалпы мектептік жоспардағы орны; басты мақсаты, міндеттер жүйесі; мақсатқа жету көрсеткіштері; орындалу мерзімі; міндетті орындауды басқарудың мәліметпен қамтамасыз етілуі; бағдарламаның орындалуын бақылау; қорытынды талдау; бағдарламаны орындауға енгізілген түзету.

Мектептегі басқаруды жоспарластыру зерттейтін құбылысқа жасалған педагогикалық талдаудың негізінде іске асатын мақсатты бағдарлама деп білеміз. Бұл жерде жоспар түрінде қабылданған шешім ұзақ перспективаға арналуы, шұғыл, адамдағы істерді шешуге бағытталуы

мүмкін. Осыған байланысты мектеп жұмысының жоспарын перспективалық, жылдық, ағымдағы деп бөліп қарастырамыз.

Мектеп жұмысы жоспарының түрлері және оған қойылатын негізгі талаптар

Мектеп жұмысының жоспарын дайындау оның орындалуының шынайылығын, нақтылығын, үздіксіз-дігін қамтамасыз ететін бірқатар талаптарды сақтауды қажет етеді. Ол ең алдымен мақсатты бағытының талабын сақтауға байланысты. **Мақсатты бағыттылық** дегеніміз белгілі бір мақсатты қондырғы деп бағалауымыз керек. Оның мәні педагог және оқушылар ұжымы жұмысының негізгі бағыттарын дамытып және тереңдетіп, мектеп жұмысының барлығы тәжірибесін есепке алу деген сөз. Бұл мұғалім, сынып жетекшісі, қоғамдық ұйымдар әрекетіне және мақсаттар қою болып табылады.

Жоспарластыруға қойылатын перспективалық талап біріншіден мақсаттың жақындығы, түсініктілігі, қолайлы-лығы сияқты сезімдік сипатын білдірсе, екіншіден стратегия ретінде мақсаттың ұзақ мерзімділігін, сонымен бірге іске асыруға болатын шынайылығын танытады. Ал, жоспарластыруға қойылатын комплекстілік талап жоспарды түзу барысында әртүрлі құралдар, әдіс, тәсілдер мен әрекет түрлерін біртұтас байланыста қарастыруды қажет етеді. Ендігі бір талап түрі объективтілік. Ол мектеп қызметінің объективті жағдайын, орналасқан жерін, қоршаған табиғи, әлеуметтік ортасын, педагог және оқушылар ұжымының мүмкіндіктерін ескеруді қажет етеді.

Мектеп жұмысында бұл талаптарды ескермеу талдау негіздемесінің жетімсіздігіне, шашыраңқылығына, мектеп-тегі өзге басқару құрылымдарының жоспарымен үйлес-пеушілікке апарып соғады. Мектептердің тәжірибесі көрсеткендей, кейде мектеп басқарудың функциясы ретінде жоспарлауды жоғары қояды да басшының барлық күш-жігері жақсы жоспар жасауға жұмылдырылады, ал ол жоспар ұйымдастырушылық жұмыспен қамтамасыз етілмейді.

Мектеп жұмысының практикасында **жоспардың негізгі үш түрі** кең қолданылады: **перспективалық, жылдық және ағымдық.**

Перспективалық жоспар мектепті соңғы жылдардағы жұмыстарына терең талдау жасау негізінде бес жылға жасалады.

Оның құрылымы мына сипатта болуы мүмкін:

1. Жоспарластырған мерзімдегі мектептік міндеттері.
2. Оқушылар контингентінің жылдар бойынша дамуы, сыныптардың арту мүмкіндігінің перспективасы.
3. Оқу-тәрбие процесін жаңалаудың, педагогикалық инновация еңгізудің перспективасы.
4. Мектептің педагог кадрларға деген сұранымы.
5. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру (МБЖИ, курстар, семинарлар, тренингтер және т.б.)
6. Мектептің материалдық-техникалық базасы мен оқу-әдістемелік жарақтандырылуын дамыту (құрылыс жұмыстары, ЭЕТ және компьютер жабдықтары, кітап қорын толықтыру, кабинет безендіру).
7. Оқушылар мен мұғалімдерді әлеуметтік қорғау, олардың тұрмысын, еңбек және демалыс жағдайын жақсарту.

Жылдық жоспар жазғы каникулды қосқанда бүкіл оқу жылын қамтиды. Мектептің жұмыс жоспарын дайындау ағымдағы оқу жылында басталады да бірнеше кезеңді қамтиды. Бірінші кезеңде (бірінші оқу тоқсаны) мектеп директоры, оның орынбасарлары дамыту мен білім беру, соның ішінде жоспарластыруға да қатысты теория-лық және әдістемелік, нормативтік және нұсқау сипатындағы құжаттармен танысады. Екінші кезеңде (екінші оқу тоқсаны) директордың басшылығымен жоспар, жобасының құрылымын жасау, қажетті мағлұмат көздерін тауып, мәлімет жинақтайтын бастамашыл топ құрылады. Үшінші кезеңде (үшінші оқу тоқсаны) жинақталған мәліметтер талданады, комиссия мүшелерінің есептері талданады, қалыптасқан қиындықтардың себебі айқындалып, оларды жоюдың жолдары қарастырылады. Төртінші кезеңде (төртінші тоқсанның соңы) жоспар жобасы дайындалып, талқыға салынады. Жоба оқу жылының алғашқы педкеңесінде мектептің жұмыс жоспары бекітіледі.

Ағымдағы жоспар жалпы мектептік жоспарды нақтылау үшін оқу тоқсанында жасалады. Осылайша жоспарлардың негізгі түрлері педагог, оқушы және ата-аналар ұжымдарының әрекетін үйлестіруге мүмкіндік береді. Бұл жоспарлар мұғалімдер мен сынып жетекші-лерінің жұмысы үшін стратегиялық жоспар болып табылады.

Мектептің жылдық жұмыс жоспарының үлгі мазмұны

Мектептердің жылдық жоспарларының түрлі нұсқаларын жинақтай келіп, жоғарыда жоспарластыруға қойылған талаптарды ескеріп, жылдық жоспардың мынадай үлгі жоспарын көрсетуге болады:

1. Мектеп жұмысының өткен оқу жылының қысқаша қорытынды талдауы және жаңа оқу жылының міндеттері.
2. Мектеп ұжымының жалпы білім қорының жұмысын атқаруы.
Жұмыс жоспарының бұл бөлігінде мектеп мөлтек ауданы анықталады, нақты мектептанту мүмкіндігі ескеріледі. Мектеп оқушылардың жалпы орта білім алуына бағытталған шараларды жоспарластырады. ҚР "Білім туралы" заңның баптарының орындалуын басшылыққа алады, ата-анасы жоқ, қамқорлыққа зәру балаларға материалдық көмек ұйымдастырады. Бұл жоспар бойынша баланың құқын қорғау, оларды үйде оқыту, тәрбиесі қиын оқушыларға көмек көрсету мәселелері де қамтылады. Педұжым мен ата-аналардың жұмыс жоспарында балалардың дербес-шығармашылық дамуына жағдай жасау да қарастырылуы тиіс.
3. Педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие процесінің сапасын көтеру қызметі
Оқушы мен мұғалім қызметінің барлық саласын қамтитын болғандықтан жоспардың бұл бөлімінің көлемі барынша мол болады. Бұл, әсіресе, білімнің, дағдының іскерліктің сапасын қамтамасыз ету, ол үшін оқу процесін ұйымдастырудың жаңа түрлерін қолдану, оқытуды дербестендіру және жіктеу болып табылады. Сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру, оқушы тұлғасының мәдени базасын қалыптастырудағы мектеп қызметінің алуан түрлілігі оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту, балалардың қоғамдық ұйымдарын қолдаудың "Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенция-сына" сәйкестігі.
4. Мектептің, отбасының, қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымының оқушылар тәрбиесіндегі бірлескен жұмыстары. Мектептің ата-аналардың педагогикалық білімін көтерудегі жұмыстары. Бұл жұмыстың мазмұны отбасы мен қоғамдық орталық бірлескен әрекетіндегі мектептің ұйымдастырушы орталық ретіндегі рөлін нығайтуға бағытталады. Ол мазмұнға ата-аналар ұжымы мен мектеп кеңесінің жұмысы, педагогикалық лекторийлер, жалпы мектептік педагогикалық конференция, педагогикалық университет сабақтары, ата-аналар үшін ашық есік күндері енеді. Ата-аналарды үйірме, секция, студия және т.б. қоғамдық жұмыстарды жетекшісі ретінде оқушылардың тәрбие жұмыстарына тарту, сол сияқты ата-аналармен дербес жұмыс жүргізу де осы бағыттың мазмұнын құрайды.
5. Педагог кадрлармен жұмыс. Педагог кадрларды аттестациялау, олардың кәсіптік дайындығының деңгейіне баға беруде информатика мен ЭЕТ құралдарын пайдалану, мектеп ұжымының жалпы мектептік ғылыми-әдістемелік мәселелермен - семинар, конференция, педоқу, әдісте-мелік кеңес отырыстары, педагогикалық кеңес өткізу. Озық педагогикалық тәжірибе мектебінің жұмысын жолға қою. Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктері қызметінің мазмұнын айқындау. Педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және таратуға басшылық жасау. Мектепте инновациялық орта қалыптастыру, педагогикалық инновацияны бағалау және енгізу.
6. Мектепішілік бақылау жүйесі. Бұл тарауда бақылауға байланысты арнайы іс-әрекет бағдарламасы қарас-тырылады.
7. Мектептің оқу-материалдық базасын нығайту мектептің материалдық құндылықтары, оқытудың техникалық құралдары, оқу құралдарын түгендеп отыру жыл бойына жоспарластырылады. Оқу кабинеттерін безендіру және қайта жабдықтау. Ұзартылған күн тобы мен 6 жасар балалармен жүргізілетін сабақ жұмыстарын жетілдіру. Спорт, туризм, техникалық шығармашылықпен айналысудың материалдық-техникалық базасын нығайту. Мектеп кітапханасының қорын толықтыру. Мектепті ағымдағы және күрделі жөндеуден өткізудің бағдарламасы.
8. Ұйымдық-педагогикалық іс-шаралар. Жоспардың бұл бөлімінде мектеп кеңесі отырысының, педагогикалық кеңестің, өндірістік жиынның тақырыптары жазылады. Мектеп басшылары арасында міндет бөлісіледі, мектептің біртұтас жұмыс тәртібі, кезекшілік кестесі анықталады, оқу жүктемесі, сынып жетекшілігі, кабинет меңгерушілігі және т.б. бөлініп беріледі.
Біртұтас басқару циклында жоспарластыру қызметін іске асыру мектеп қызметінің тиімділігін арттырады.

4. Мектепті басқарудағы ұйымдастырушылық қызмет

Қабылданған шешімдерді іске асыруда оған қажетті жүйені іске қосу, оның түрлі компоненттерінің өзара тиімді әрекеттесуін қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру кезеңі қажет. "**Ұйымдастыру**" ұғымы бірнеше мағынада қолданылады. *Біріншіден*, өткізілген сабақтың сыныптан тыс жұмыстың сапасын, тұтас оқу-тәрбие процесінің немесе оның бір бөлігінің жағдайына берілген баға ретінде қолданылады. *Екіншіден*, ұйымдастыру ұғымы мектеп басшыларының, мұғалімдердің, оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының белгіленген жоспарды іске асыруға, алға қойған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған, жалпы тұтас педагогикалық процесті басқаруды ұйымдастыру мағынасында қолданылады.

Адамның ұйымдастырушылық қызметі өзінің табиғатынан нақты жағдайда психологиялық-

педагогикалық білімдерді шұғыл қолдана алуға негізделген практикалық қызмет. Әріптестермен, оқушылармен тұрақты түрде өзара байланыста болу ұйымдастырушылық қызметке біршама танымалдық бағдар береді. Ұйымдастыру қызметін жетілдіруді жоспарлауда мектеп басшысы тұлғааралық қатынастарды ұйымдастыру, мектеп менеджерлерін дайындау жүйесі сияқты мектепшілік менеджмент идеяларын қолдану мүмкін.

Мектеп басқарудағы ұйымдастыру қызметінің мазмұны Ұйымдастыру қызметі қабылданған шешімдерді іске асыруға бағытталады. Ал оны нақты – мұғалімдер, балалар, ата-аналар, жұртшылдық өкілдер атқарады. Сондықтан кез келген істі ұйымдастырғанда оны адамдық фактордың мүмкіндігін пайдалану және іске асыру тұрғысынан бағалаған орынды. Ұйымдастырушы орындау-шыларды алдын ала іріктеу, оларды жұмыс орны, уақыты және ұжымдық іске қатысу реттілігімен бөлу сияқты мәселелерді шешеді. Алдағы іс-әрекеттің мазмұнын, түрі мен әдістерін таңдауда нақты жағдай мен орындау-шылардың мүмкіндігін арақатынасын айқындау қажет. Бұл жерде нақты жағдай ретінде әрекетке қажетті еңбек заттары мен құралдары, олардың орналасуы мен өтетін орны және т.б. компоненттерді атауға болады. Басшының ұйымдастыру қызметінің құрамында алдағы әрекетті дәлелдеу, нұсқау беру, тапсырманы орындаудың қажеттілігіне деген сенім қалыптастыру, педагогикалық және оқушылар ұжымы әрекетінің бірлігін қамтамасыз ету, әрекеті ынталандырудың ең тиімді формасын таңдау маңызды орын алады. Сол сияқты басшының ұйымдастырушылық қызметінде нақты істің барысы және нәтижесін бағалау да аса қажет сапалардың бірі. Сонымен бірге мектеп директорының ұйымдастырушылық қызметі педагогикалық ұжымды, пікірлестер ұжымын қалыптастыруға бағытталады. Бұл жұмыста **басшының** кәсіпқойлық, жалпы және педагогикалық мәдениеті, мектептің, оқушылар мен мұғалімдер қызметіне деген қызығушылығы, міндет қоя білу және іске асыруға қол жеткізе алу сияқты жеке қасиеттері маңызды рөл атқарады. Басшының ұйымдастырушылық мәдениетінің ендігі бір көрсеткіші-өзінің және қарамағындағылардың уақыттарын барынша тиімді етіп жоспарлау. Бұл жерде мектеп директорының әкімшілік қызметпен бірге белгілі бір пәннің мұғалімі ретінде педагогикалық қызметпен де айналысатындығын ескеру керек. Директордың негізгі уақыты әкімшілік қызметіне жұмсалады, бірақ оның педагогикалық қызметі өзге мұғалімдерге үлгі болатындай болу керек, сонда ғана директор ұстаздардың ұстазы бола алады. Бұл жағдай сабаққа дайындалуға, жаңа психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді оқуға көп уақыт бөлуді талап етеді. Сондықтан да уақытты мақсатты түрде пайдалана білу шеберлігі – мектеп директорының, мұғалімнің еңбегін ғылыми ұйымдастырудың негізі. Әсіресе мұғалімдердің де, басшылардың да жүктемесі шамадан тыс артып отырған кезде бұл әрекеттің маңызы арта түседі.

Мектепте басқару қызметінің ұйымдастыру шаралары. Мектептегі басқару қызметін ұйымдастыру формаларының ең бастылары ретінде мектеп кеңесі, педагогикалық кеңес, директор жанындағы кеңес, мектеп директорының орынбасары жанындағы кеңес, әдістемелік семинар, комиссия, клуб мәжілістері, оқушылар комитетінің отырыстарын атауға болады. Ендігі кезекте мектептің педагогикалық кеңесінің ұйымдастырушылық қызметіне мектептің педагогикалық кеңесінің құрамы, құрылымы және оның қызметінің мазмұнын мектеп Жарғысы анықтайды. Педкеңестің жұмысына педагогикалық қызметкерлер ұжымы сайлайтын төраға басқарады. Мектеп кеңесі мен педкеңес бірін-бірі қайталамайды, олар бірін-бірі толықтырады. Педагогикалық кеңес – тікелей оқу-тәрбие процесімен және оны жетілдіру мәселелерімен айналысатын, бір педагогикалық ұжымда жұмыс істейтін кәсіпқойлардың кеңесі. Педагогикалық кеңестің қызметі мынадай міндеттерді шешуге бағытталады; Мемлекеттік стандарт талабына сай оқу бағдарламаларын, жоспар-ларын, оқулықтар мен оқу құралдарын талқылау, бағалау және таңдау, сол сияқты оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын талқылау; Мектеп мұғалімдері мен тәрбиешілерінің біліктілігін арттырудағы шығармашылық белсенділігін дамыту, педагогикалық ұжымда инновациялық орта қалыптастыру, озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және насихаттау жұмыстары; Педагогикалық қызметкерлерді мұғалімдердің, оқушылар мен ата-аналардың пікірін ескере отырып аттестациялау өткізу, аттестация технологиясын жетілдіруге байланысты ұсыныстар енгізу, білім басқармаларының алдына категориалар, атақтар мен разрядтар беру туралы өтініш жасау; Тәжірибеден өту, біліктілік көтеру курсына, аспирантураға жіберетін мұғалімдердің кандидатурасын талқылау және бекіту, озат мұғалімдерді әртүрлі моральдық және материалдық көтермелеу шараларына ұсыну; Мектептің ғылыми-зерттеу мекемелері және оқу орындарымен, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен, шығармашылық одақтармен өзара байланысының негізгі бағыттарын анықтау; тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру, мектеп құрылымында әдістемелік қызмет, орталық құру. Педагогикалық кеңес демократия-мен жариялылық жағдайында – дайындыққа мұғалім-дерді, оқушылар мен ата-аналарды қатыстыру арқылы өтеді. Педкеңесті өткізудің алдында сұрау салу, анкеталау, бақылау

жұмысы, байқау өткізілуі мүмкін. Педкеңес мәжілісіне мектеп өмірі мен қызметінің принципті мәселе-лері еңгізіледі. Педкеңес мәжілісінің жүгін жеңілдету үшін мектептерде ұйымдастырудың директор жанындағы кеңес формасы қолданылады. Мектеп директоры жанындағы кеңес мұғалімдер, басшылар үшін міндетті болғандықтан онда оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға тікелей қатысты мәселелер талқыланады. Ондай мәселелер қатарында оқу үлгерімі ішкі тәртіптің сақталуы, сабақтан тыс қызметті ұйымдастыруды атауға болады. Директор жанындағы кеңесте жекелеген мұғалімдердің білім стандартын орындауы, оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудағы жұмысы және т.б. мәселелер қаралуы мүмкін. Кеңестің өткізілуі жиілігін мектеп директоры белгілейді. Мектеп директорының орынбасары жанындағы кеңесте оның әкімшілік компетенциясына жататын ағымдағы мәселелер қаралады. Бұндай кеңестерді өткізу мектептің тоқсандық немесе айлық жоспарында белгіленеді. Шұғыл ақпараттық кеңес мектепте оқу процесін ұйымдастыруға қажетті форма болып табылады. Оның мазмұны нақты жағдайдан туындайды. Ол біріншай педагог қызметкерлер немесе тек оқушылар үшін, тіпті екеуіне де бірдей тақырыпта өткілуі мүмкін. Басқару қызметінің ұйымдық формаларын сабаққа және сыныптан тыс сабаққа, спорт жарыстары, кештер мен көркем студияларға қатысу сияқты жұмыстар да толықтырады. Мектеп басшыларының шұғыл ұйымдастырушылық жұмыстары ата-аналар, жұртшылық, еңбек ұжымдарының өкілдерімен кездесуді де қамтиды.

Балалардың мектепті басқару ісіне қатысуының тиімді формасы сайланбалы орган-оқушылар комитетінің құрамында жұмыс істеуі. Балалардың оқушылар комитетінің түрлі комиссияларына қатысуы мектеп өмірінде демократиялық бастаулардың дамуына, балалардың бойында бастамашылдық пен жауапкершіліктің қалып-тасуына негіз қалап, қабылданған шешімді іске асырудың жеделдігін арттырады.

Мектепті басқарудың ұйымдық формаларын тиімді пайдалану оның дайындық деңгейі мен бағыттылығына тікелей байланысты. Педкеңес, директор жанындағы кеңес немесе ұйымдастырудың шұғыл формалары педагогика-лық процеске қатысушылардың ынтымақтастығы мен мүдделігіне қарай мақсатқа жеткізеді.

5. Мектепішілік бақылау және басқаруды реттеу

Жалпы ережелер

Жете зерттелгеніне қарамастан мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушының (мектеп директорының орынбасары құқында) міндеттерінің аясына балалар шығармашылығының сарайлары, жас натуралистер, жас техниктер станциялары, балалар бірлестіктері мен клубтары сияқты қосымша білім беретін мекемелермен байланыс орнату; сынып жетекшісінің жұмыс мазмұнын жақсарту, оларға әдістемелік көмек көрсету, оқушылардың тұрғылықты жері бойынша жұмыс жүргізу БҰҰ Конвенциясының талаптарына сай балалардың қоғамдық ұйымдарына қолдау көрсету сияқты өзекті мәселелер жатады.

Демек, бақылау процесінде жинақталған нақты материал педагогикалық талдауға негіз болады. Сондықтан мектепішілік бақылау мен педагогикалық талдау мектеп қызметінің бір бағыты деп есептелінеді.

Мектепішілік бақылаудың ерекшелігі оның бағалау қызметімен байланысты. Ол бағалау мұғалім тұлғасының ерекшелігін ескеруге бағытталады. Егер бақылаушы жас мұғалім болса, бағалау оның кәсіптік қалыптасуына, еңбек өтімі мол мұғалім болса оның кәсіпқойлық позициясының нығаюы немесе әлсіреуі және мектептегі беделіне байланысты болмақ. Сондықтан тексеру барысында тексерушінің кәсіпқойлылығы мен ісін жете білуінің маңызы зор. Тексерушілік қызметті орындайтын қазіргі инспектор немесе мектеп директоры кісілік келбеті мығым тұлға болуы қажет.

Олардың міндеті мұғалімдерді қорқытып, үркіту емес, қайта істің жағдайына әділ баға беріп, педагогика-лық қызметті ынталандырып, қолдап, әдістемелік көмек көрсету болуы тиіс. Осы тұрғыдан алып қарағанда мектепішілік бақылауды бірқатар кемшіліктерді атауға болады. Біріншіден, директор мен оның орынбасарлары арасында тексеру нысандарының бөлінбеуі, тексерудің есеп үшін немесе өзара сабаққа енудің санын анықтау мақсатында ұйымдастырылуы байқаудың жүйесіздігі. Екіншіден, бақылауды ұйымдастырудағы немқұрайлылық. Ол жүргізілген тексеру мақсатының анық қойылмауы, бағалаудың әділ критерийлерінің болмауы немесе қолданылмауы түрінде көрінеді. Үшіншіден, тексерудің педагогикалық процесстің бір ғана бағытын, бір ғана қырын қамтудан көрінетін мектепішілік бақылаудың біржақтылығы. Мысалы, тек оқу процесі немесе қазақ тілі мен математика ғана тексеріледі. Төртіншіден, тексеруге тек лауазымды адамдар қатыстырылып, оның есесіне тәжірибелі мұғалімдер мен әдіскерлердің тыс қалуы.

Мектепішілік тексеруді ұйымдастыруда осындай және бұдан басқа да кемшіліктер мен

түсінбеушіліктерді болдырмау үшін бірқатар жалпы талаптарды білу қажет. Ондай талаптарға мыналар жатады: **жүйелілік** - бұл талап мектептегі оқу процесінің бүкіл барысын басқаруға мүмкіндік беретін бақылау жүйесін құрып, бақылау мен тексеруді тұрақты жүргізуге бағытталады; **әділдік** – бұл талап бойынша мұғалімнің немесе педагогикалық ұжымның әрекеті мемлекеттік стандарт және білім бағдарламалары талабына сай жасалынған және келісілген критерийлермен бағалануы тиіс; **ықпалдылық** - тексеру нәтижелері анықталған кемшіліктерді жойып, оңды өзгерістер жасауды талап етеді; **тексерушінің өз ісін жетік білуі** - тексеретін тақырыпты білу, тексеру әдістемесін меңгеру, тексеру нәтижесінің дамуын болжай алуы талап етеді.

Мектептану әдебиетінде (М. Л. Портнов, Т. И. Шамова, Н. А. Шубин және т.б.) мектепшілік бақылау мазмұнына мынадай бағыттарды қосады:

жалпыға бірдей білім берудің ұйымдық-педагогикалық мәселелерін орындау;

оқу бағдарламалары мен мемлекеттік білім стандартының орындалу барысы және сапасы;

білім сапасы, оқушылардың ептілігі мен дағдысы;

оқушылардың тәрбиелілігінің деңгейі;

білім, тәрбие және оқытудың дамытушылық қызметін іске асыратын оқу пәндерінің берілу жайы;

сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың жайы мен сапасы;

педагог кадрлармен жұмыс;

оқушыларды тәрбиелеудегі мектептің, отбасылық және жұртшылықтың бірлескен әрекетінің тиімділігі;

нормативті құжаттар мен қабылданған шешімдердің орындалуы.

Тексеруші органның немесе мектеп әкімшілігін арнайы дайындағын естелік, нұсқау, ұсыныстарды тексерудің аталған бағыттары нақтылана түседі.

Мектепшілік бақылаудың құрылымы, түрлері мен әдістері

Қазіргі кезде мектепшілік бақылаудың құрылымы, түрлері мен әдістерін жіктеу мәселесі пікірталас деңгейінде қалып отыр. М. Л. Портновтың "Мектеп басшысының еңбегі" деп аталатын кітабында тексерудің үш түрін бөліп көрсетеді: алдын-ала, ағымдағы, қорытынды. Ал Н. А. Шубин түр мен әдісті бірге топтастыра отырып былайша үйлестіреді: алдын-ала шолу, дербес, тақырып-тық, жан-жақты және топтық, жинақтаушылық.

Педагог - теоретиктер мен практиктердің арасында Т. И. Шамова ұсынған мектепшілік бақылаудың құрылымы мен түрлері кең қолдау тапты. Ол жіктеу құрылымдық жағынан тыңғылықты, қисынды, практикалық қолданымға қолайлы және ең бастысы бақылаудың құрылымы мен түрлері тұтас педагогикалық процесстің табиғатына толық жауап бере алады.

Ол ұсынған тексерудің түрі - жан-жақты және тақырыптық болып бөлінеді. **Тақырыптық тексеру** – педагогикалық ұжымның мұғалімдер тобының немесе жекелеген мұғалімнің қызмет жүйесіндегі белгілі бір нақты мәселені тереңдей зерттеуге бағытталады. Тақырып-тық тексерудің мазмұны педагогикалық процестің түрлі бағыттары, жекелеген мәселелерді қамтығанымен ол терең және мақсатты зерттеледі. Ол мазмұн мектептегі инновация, озық педагогикалық тәжірибені енгізу мәселесін де қамтиды.

Жан-жақты тексеру - педагогикалық ұжымның, әдістемелік бірлестіктің немесе жекелеген мұғалімнің қызметін жан-жақты тексеруге бағытталады. Көп еңбек сіңіруді және тексеруге көп адам тартуды қажет ететіндіктен жаппай тексеруді жылына екі-үш рет қана жүргізу тиімді. Жекелеген мұғалімнің қызметіне жан-жақты тексеру жүргізгенде, мысалы, аттестациялау барысында оның жұмысының барлық бағыттары - оқу, тәрбие, қоғамдық-саяси, басшылық әрекеттері түгел зерттеледі. Ал мектепті жан-жақты тексеру кезінде білім беру мекемесіне тән қызметтің

барлық аспектілері қамтылады, ол жалпы білім беру заңын, білім беру процессін ұйымдастыру, ата-аналармен жұмыс, қаржы-шаруашылық қызметі және т.б.

Тексеру кімнің жүргізетіндігі және нені тексеретін-дігіне байланысты мынадай түрлерге бөлінеді.

Дербес тексеру жекелеген мұғалім, сынып жетекшісі, тәрбиешілік жұмысын қамтиды. Ол тақырыптық та, жан-жақты да болуы мүмкін. Педагогтар ұжымының жұмысы оның жекелеген мүшелерінің жұмысынан құралатындықтан дербес тексеру өзін-өзі ақтайды. Мұғалім қызметінде дербес тексеру педагогтың өзін-өзі басқару құралы, кәсіпқой болып қалыптасуының стимулы ретінде аса маңызды.

Сыныптық-жинақтаушылық тексеру оқу және оқудан тыс әрекет процессінде сынып ұжымын қалыптас-тыруға ықпал жасайтын факторлар жиынтығын зерттеуде қолданылады. Тексеру түрлерінің арттарында "жинақ-таушылық" ұғымының жиі қайталануы педагогикалық процесті басқаруға бақылау- тексеру қызметінің дәлелді, әділ, жинақтаушы ақпаратпен қамтамасыз етумен байланысты. өйткені, осындай ақпарат педагогикалық талдау, мақсат қою, шешім қабылдау және оны іске асыру кезеңінде қажетті шынайы ақпарат алуды қамтамасыз етеді. Мектеп құжаттарын зерттеу, бақылау, әңгімелесу, ауызша және жазбаша тексеру, анкеталау, озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, хронометрия, болжамдау сияқты әдістер де қолданылады. Ол әдістер бірін-бірі толықтырып отырады. Егер істің шынайы жағдайын білгіміз келсе онда мүмкіндігінше түрлі әдістерін қолданып көру қажет.

Оқу-тәрбие процесінің сандық және сапалық сипаттамасын жасау үшін мектеп құжаттарын зерттеу әдісін қолдануға болады. Мектептің оқу-педагогикалық құжаттары мыналар; оқушылардың алфавиттік тіркеу кітабы, оқушылардың жеке іс қағаздары, сынып жор-налдары, факультативтік сабақ құралдары, ұзартылған күн тобының жорналы, білім туралы аттестат беру және бланкыларды есепке алу кітабы, педагогикалық кеңестің және мектеп кеңесі мәжілісінің хаттамалар кітабы, оқушылар қозғалысының бұйрық кітабы, жалпы мектептік бұйрық кітабы, мектеп педагог кадрларының есеп беру кітабы және т.б.

Мектеп құжаттарының қатары аса мол, ал олардан алынатын ақпараттар да сан-салалы, мазмұны бай болып келеді.

Мектеп құжаттары бірнеше жылдық ақпараттарын жинақтайды, қажет болған жағдайда мұрағаттың көмегіне сүйенуге болады. Осылайша жинақталған ақпарат салыстырмалы талдау жасауға, әсіресе педагогикалық әрекетті болжамдауға мүмкіндік береді.

Мектеп практикасында ауызша және жазбаша тексеру барынша жиі қолданылады. Қолдануға жеңіл әрі оңай болғанымен тексерудің тек осы түрімен шектеліп қалуға болмайды. Сонымен бірге мектеп практикасында ақпарат жинаудың социологиялық әдістері - анкеталау, сұрау салу, интервью алу, әңгімелесу, эксперименттік бағалау да қолданылады. Олар тексеруші қажетті ақпаратты тез алуға мүмкіндік береді.

Хронометриялық әдіс мектептің жұмыс тәртібін, сабақ және сыныптан тыс оқу уақытын тиімді ұйымдас-тыру, оқушылар мен мұғалімдердің жұмыс бастылығын, оның сабағын, үй тапсырмасының көлемін, оқу жылдам-дығын анықтауға қолданылады.

Мектепішілік тексерудің түрі мен әдістерін таңдау оның мақсаты, міндеттері, тексеру нысаны, уақыт жағдайына тікелей байланысты. Ал тексерудің түрлері мен әдістерін тиімді етіп қолдану жоспарлауға және тексеруге әкімшілік, мұғалімдер, білім беруді басқару органдарының өкілдерін кеңінен тарта отырып іске асырғанда нәтижелі болмақ.

Бақылау сұрақтары

1. Білім беру мекемесі басшысының басқару мәдениетінің негізгі компоненттерін атаңыз?
2. Жалпы білім беретін мектеп басшысының негізгі қызметтік міндеттері қандай? Лауазымды адамдардың міндеттері қандай құжат арқылы белгіленген?
3. Мектеп басқарудағы педагогикалық талдаудың мазмұны қандай және оның рөлі?
4. Мектептің түрлі жұмыс жоспарларына талдау жасаңыз. Олардың өзара байланысы қалай іске асады.
5. Мектептегі лабораториялық сабақ барысында мектептің жылдық жұмыс жоспарымен танысыңыз. Жоспардың негізгі бөлімдерінің мазмұнына талдау жасаңыз.
6. Мектеп басшысының ұйымдастырушылық қызметінің негізгі мазмұны қандай?

7. Мектептің педагогикалық кеңесінің, директор жанындағы кеңестің, оқушылар комитетінің қызметіне сипат-тама беріңіз.

8. Тексеру мен реттеу басқа мектепшілік басқару қызметтерімен қалай байланысқан? Мектепшілік басқаруда қандай әдістер қолданылады?

3.3 Педагогикалық процесті басқарудағы әлеуметтік институттардың өзара әрекеттестігі

1. Мектеп, отбасы, жұртшылық және мектептің бірлескен жұмысын ұйымдастырушы орталық

Мектептің ұйымдастырушы тәртіп орталығы ретіндегі қызметінің ең маңызды бағыттарының бірі-мектептің, отбасының және жұртшылықтың күшін біріктіру. Бұл жұмыстың мазмұны, әдістері мен түрлеріне қарай өзіндік ерекшелігі болады. Ол әрекеттің өзіндік ерекшелігі бірқатар факторларға байланысты. Олар педагогикалық процестің объективті заңдылықтарын білу; қазіргі жағдайдағы мектептің әлеуметтік қызметіне қанық болу; қазіргі отбасының ерекшеліктері мен даму тенденцияларын түсіну, мұғалімнің, ата-аналар, жұртшылық өкілдерімен жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты жұмысқа практикалық тұрғыдан дайын болуы.

Мектеп балалар тәрбиесі мен отбасы тәрбиесін педагогикалық басқарудағы тікелей іске асыратын маңызды әлеуметтік институт болып табылады. Жас ұрпақты өмірге дайындауда жаңа сапалық белгілер қалыптасып, дербестікті дамыту, кәсіптік бағдар, білім алу және өздігінен білім алу, қабілеттерді анықтау және дамыту сияқты мәселелерге ерекше маңыз бере бастады. Мектептің, отбасының және жұртшылықтың тәрбиелік қызметінің біртұтастығы мектептің мақсатты түрде жүргізген жүйелі жұмыстарының нәтижесі. Ал бұл нәтиже қазіргі заманғы білім беру мекемесіне қойылатын басты талаптардың бірі.

Белгілі педагог В. А. Сухомлинскийдің еңбектерінде "мектептік-отбасылық тәрбие" ұғымы кең қолданылады. Оның пікірінше тәрбиені мектептік немесе отбасылық деп қарастыруға болмайды, өйткені бала тұлғасы біртұтас және оны қалыптастыру процесі де біртұтас сипат алады. Міне, осындай біртұтас тәрбие процесінде мектеп жетекші рөл атқарады.

Мектеп отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңітеді және дамытады, осы бағытта педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізеді, қоғамдық және мектептен тыс ұйымдардың мектеп пен отбасына белсенді түрде көмек көрсетуін ұйымдастырады және бағыттайды, олардың әрекеттерін үйлестіреді. Мектеп басшысының, сынып жетекшісінің жұмыс жүйесі ең тиімді түрлер мен әдістер таңдап алу арқылы ұзақ жылдар барысында қалыптасады. Ол жүйе жұмыстың нәтижелігін қамтамасыз ететіндей талаптарға жауап беруі тиіс.

Ең бірінші талап - бүкіл педагогикалық ұжым әрекетінің мақсаттылығы. Ата-аналармен жұмыс деген мүлде жалпы ұғым. Оның орнына нақты педагогикалық проблемаларды шешу үшін ата-аналар жиналысын өткізу, лекция оқу, ата-анаға, отбасына жекелеп ықпал жасау қажет.

Екінші талап - мұғалімнің кәсіптік біліктілігін, педагогикалық мәдениетін көтеру. Оның жолдары әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы: сынып жетекшілері секциясының жұмысы, "Отбасылық педагогика" немесе "Отбасы тәрбиесін жетілдіру" сияқты тұрақты педагогикалық семинар жұмысы; мектеп тәжірибесінде анықталған формалды емес жасөспірімдер тобының ерекшеліктерін есепке алу, қолайсыз отбасылар мен педагогикалық тұрғыдан бетімен жіберілген балаларды есепке алу, ата-аналардың жүргізген жұмыстарының тиімділігін анықтау, олардың озық тәжірибелеріне педагогикалық талдау жасау.

Үшінші талап - педагогикалық ұжымның сынып жетекшісі мен мұғалімдердің ата-аналармен жүргізетін жұмыстарына бірыңғай талап жүйесін жасау. Бұл талап негізді, әдепті, заңды болуы тиіс. Асығыстық, талапты бұрмалаушылық ата-аналармен келіспеушілікке апарып соғады.

Төртінші талап – ықпалды қоғамдық ата-аналар ұйымын қалыптастыру.

2. Мектептің педагогикалық ұжымы. Педагогикалық ұжымның ерекшеліктері

Басқарудың және өзін-өзі дамытудың субъектісі ретінде қазіргі педагогикалық ұжым туралы ұғымдар орыс педагогтары Л. Н. Толстой, К. Д. Ушинский, Н. И. Пироговтардың оқыту мен тәрбиенің өзара байланыстылығы, оқушылар мен педагогтардың бірлесе жұмыс істеуі, педагогтардың өзін-өзі дамытуға ұмтылуы сияқты идеяларының ықпалымен қалыптасты.

Тәрбие мақсаты, балалар ұжымын қалыптастыру мәселесі отандық педагогика ғылымында педагогикалық ұжымның екі орнықты моделін іздеумен бірге қарастырылды. Мұғалімдердің тәрбиелік ықпалын біріктіру 20-30 жылдары педагогика мен мектептің маңызды міндеттерінің бірі болды. Н. К. Крупская, С. Т. Шацкая, А. С. Макаренко және т.б./ "Тәрбиешілер ұжымы болуы керек", – деп жазды. А. С. Макаренко - тәрбиешілер ұжымға біріккен жерде және біртұтас жұмыс жоспары, балаға деген бірыңғай ықпал жоқ жерде ешқандай тәрбие процесі болуы мүмкін емес".

Педагогикалық ұжымның топтасуы және дамуы идеясы В. А. Сухомлинскийдің педагогикалық жүйесінде практикалық көрініс тапты. Ол әрбір педагогикалық ұжымның өзіндік ерекшелігі болатындығын атап көрсетті. Тәжірибе алмасу сол мектептің жұмысын көшіріп алу емес, қайта оның қызметінің идеялары мен концепция-ларын бағалау болмақ.

Соңғы жылдары педагогикалық ұжымның дамуы мен қызметінің ішкі механизмін ашуға арналған /Н. С. Дежиннова, В. А. Кераковский, Л. И. Новикова, Р. Х. Жакуров және т.б./ еңбектері жарияланды.

Педагогикалық ұжым адамдардың әлеуметтік және кәсіптік бірлестігі ретінде ұжымға тән барлық белгілерді біріктіреді. Ерекше адамдар тобы ретінде мектеп педагогикалық ұжымына жинақылық, басшының болуы, топтасу, салыстырмалы түрде тұрақты және ұзақ мерзімде әрекет ету сияқты қоғамдық және кәсіптік сипаттар тән.

Педагогикалық ұжым сондай-ақ, оқушылар ұжымы да, оның құрамдас бөлігі болып есептеледі. Кез келген ұжым сияқты мектептің педагогикалық ұжымының өзіндік ерекшеліктері болады.

Педагогикалық ұжымның ең басты ерекшелігі оның кәсіптік қызметіне байланысты, нақтылай айтқанда жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде. Педагогикалық ұжымның кәсіптік қызметінің тиімділігі оның мүшелерінің педагогикалық мәдениетінің деңгейімен, тұлғаларының қатынас сипатымен, ұжымдық және дербес жауапкершілікті сезінуімен, ұйымшылдық, ынтымақтастық деңгейімен анықталады. өзінің мәні жағынан педагогикалық, тәрбиелік болып табылатын оқу орындарының ұжымы оқушыларға үлкендердің ұжымы, олардың өзара қатынасы, бірлесе әрекет етуі туралы алғашқы түсініктерді қалыптастырады. Бұл жағдай педагогикалық ұжымды өзін-өзі ұйымдастыруға, үнемі өздігінен жетілуге ынталандырады.

Мұғалімдер ұжымның педагогикалық қызметі оқушылар ұжымымен өзара тығыз әрекеттестікте өрбиді. Сондықтан педагогикалық міндетті шешу оқушылар ұжымының тәрбиелік мүмкіндігі қай деңгейде, қанша-лықты іске асырылуына тікелей тәуелді болып келеді. Басқару ілімінің категориясы ретінде педагогикалық ұжым басқарушы, ал оқушылар ұжымы басқарылушы болады. Ал қазіргі әрекет пен қатынастың субъектісі ретінде жеке тұлғаға баса назар аударылған жағдайда педагогикалық және оқушылар ұжымы басқарудың да, өзін-өзі дамыту-дың да субъектісі болып отыр. Мұғалімдер ұжымы өзінің орасан зор интеллектуалдық, тәрбиелік күш-қуаты бойынша балалар ұжымына ғана емес, өз ұжымына қатыстылығына байланысты да тәрбие субъектісі ретінде әрекет жасайды.

Педагогикалық ұжымның басты ерекшелігінің бірі ретінде мұғалімдік кәсіп қызметінің көп қырлылығын атау керек. Қазіргі мұғалім пән мұғалімі, сынып жетекшісі, үйірме, студия жетекшісі, қоғамдық жұмыстар сияқты қызметтерді атқарады. Бұндай көпқырлылық барлық педагогикалық ұжымға тән. өзінің кәсіптік міндеттерін шешу барысында педагогикалық ұжым мектеп шегінен шығып кетеді. Қоршаған әлеуметтік ортаны педагогика-ландыру, яғни ата-аналар мен жұртшылық өкілдерінің педагогикалық мәдениетін қалыптастыру тұтас алғанда педагогикалық ұжымның ажырамас қызметіне айналады.

Көптеген мұғалімдердің педагогикалық әрекетіне зерттеушілік қызметі тән. Қазіргі мұғалім-зерттеуші - нормативті қызмет жасымен шектелмейтін, педагогика-лық жаңалықтың жетістігі мен кемшілігін тез аңғаратын, жаңа құндылықтар мен технологияларға баға беріп, игеріп және практикада қолдануға қаблетті педагог.

Педагогикалық ұжымның ендігі бір ерекшелігі оның жоғары деңгейде өзін-өзі басқара алуында. Ұжымдағы мектеп кеңесі, әдістемелік комиссиялар, қоғамдық ұйымдар да қатардағы мұғалімдердің сайлану арқылы өкілеттік алуы ұжымда дұрыс қоғамдық пікір қалыптас-тырып дербестік пен белсенділік дамытады. Педагогика-лық ұжым мүшелерінің, оның басшыларының қызметтік міндеттері, қызметтік нұсқаулары арқылы дәл айқын-далуы да ұжымның ұйымдасқандық сипатын нығайтады.

Педагогикалық ұжымның келесі ерекшелігі оның қызметінің ұжымдық сипаты мен нәтиже үшін ұжымдық жауапкершілігі. Егер жекелеген мұғалімдердің, әсіресе орта және жоғары сынып мұғалімдерінің іс- әрекетін өзге мұғалімдердің іс-әрекетімен сәйкестендірмесе, оқушы-лардың білімін бағалау, мектеп жұмысын ұйымдастыруда бірыңғай талап болмаса онда ол табысқа жеткізбейді. Мұғалімдердің біртұтастығы олардың құндылық бағдар-лары мен сенімдерінен көрінеді, дегенмен бұл жағдай педагогикалық технологияның бірсарындылығын білдірмейді. Балаға деген махаббат, оны оқытуға деген ынта, оқушы тұлғасына деген құрмет педагогикалық шығармашылық, оптимизм, жалпы және кәсіптік мәдениет мұғалімдердің іс-әрекетінің біртұтастығын материалдық негізін құрайды.

Педагогикалық ұжым өмірінің ерекшеліктерінің қатарында белгілі бір педагогикалық еңбектің түрін атқарудан уақыт шегінің болмауын атауға болады. Бұл жағдай мұғалімнің шамадан тыс жұмыс бастылығына, рухани дүниесін байытып, кәсіптік дамуын арттыруға уақыт таба алмауына себеп болады. Бақылау нәтижелері

көрсеткендей соңғы жылдары материалдық жағдайға, уақыт жетіспеуіне байланысты мұғалімдердің баспасөзге жазылуы, түрлі әдебиеттер сатып алуы, олардың кино-театрлар, мұражайлар мен көрмелерге қатысуы күрт төмендеп кетті.

Педагогикалық ұжымға тән өзіндік ерекшеліктердің бірі оның құрамында әйелдердің басым

болуы десек, бұл жағдай ұжымдағы өзара қатыстық сипатына ықпал жасайды. Әйелдер ұжымы еркектер басым болып кететін ұйымдарға қарағанда тез әсерленгіш, көңіл күйі жиі алмасады, барынша дау-жанжалға бейім. Дей тұрғанмен, әйелдер жаратылысынан тәрбие ісіне бейім, педагогикалық ықпал жасаудың әдістері мен тәсілдерін таңдауда барынша икемді екендігін де есте ұстау керек.

Педагогикалық ұжымдарда әйелдердің басым болуы – жаңа проблема емес. Ол проблема материалдық сипаттағы себептерге байланысты педагогикалық ұжым-дардан еркектердің басқа табысты салаларға көптеп ауысуына байланысты шиеленісе түсті. В. А. Сухом-линский, А. А. Захаренко сияқты педагогтар мектебінің тәжірибесі педагогикалық ұжымда, әр жыныстың қажетті өкілеттілігінің болуы педагогикалық ұжымның үйлесім-ділігін, педагогикалық процестің біртұтастығын қамтама-сыз ететіндігін көрсетеді.

Бұл проблема соңғы кезде әкесіз отбасылар көбеюіне байланысты маңызды бола түсуде. Дегенмен, педагогика-лық ұжымдағы еркек пен әйелдердің барынша орнықты арақатынасын айқындау өте қиын. Ол әрбір нақты жағдайда өзінше шешім табуы тиіс. Бірақ қалай болғанда да мектептегі еркектердің жетіспеушілігін әке, ата-аналарды, өндірістік ұжым мүшелерін сабақтан тыс уақыт-тағы тәрбие жұмыстарына тарту арқылы толықтыру қажет.

Педагогикалық ұжымның ұйымдық құрылымы

Ұжым психологиясы жөніндегі зерттеулер /А. И. Донцов, А. Н. Лутошкин, А. В. Петровский, А. Л. Свентицкий және т.б./ ұжымның құрылымы туралы тиянақты мағлұмат береді. Соның ішінде ұжымға әлеуметтік-психологиялық талдау жасағанда, оның ұйым-дық құрылымы ресми және бейресми болып бөлінетіндігін аңғарамыз. Бұл жағдайда құрылым ретінде ұжым мүшелерінің салыстырмалы түрде біршама тұрақты өзара қатынасын атауға болады.

Ұжымның ресми құрылымы оның мүшелерінің міндеттері мен құқықтары, еңбек бөлінісінің ресми реттелуіне байланысты. Ресми құрылымның шеңберінде әрбір адам кәсіптік қызметті атқаруда белгілі тәртіп, ережелер негізінде еңбек ұжымының өзге мүшелерімен әрекеттеседі. Бір сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдер білім стандарттарын, оқу бағдарламаларын, сабақ кестесін, кәсіптік этика нормаларын басшылыққа алады. Әрбір мұғалім мектеп басшыларымен, әріптестерімен іскерлік қатынаста болады. Ал, мұғалім мен мектеп басшылары-ның арақатынасы қызметтік нұсқаулар және өнімдермен реттеледі.

Ұжымның қалыпты жұмыс істеуі, оның ресми құрылымы бірқатар жағдайларға байланысты. Мұғалім-дердің ұжымдық өзара ықпалдастығы ресми құрылым шегінде бірлескен жұмысты ұйымдастыру деңгейімен, әрекеттерді үйлестіру, түрлі шұғыл жұмыс кестелерінің, оқу-тәрбие процесінің барысы мен нәтижелерін тексеру жүйесінің болуымен, қоғамдық міндеттер мен тапсырма-лардың теңдей бөлінуімен айқындалады.

Педагогикалық ұжымның бейресми құрылымы ұжым мүшелерінің алдын ала белгіленген міндеттерінен тыс нақты іс-әрекет негізінде қалыптасады. Ұжымның бейресми құрылымы оның мүшелері арасындағы қалып-тасқан қатынастар жүйесінен тұрады. Ондай қатынастар жек көру мен ұнату, құрметтеу, махаббат, сенім немесе сенімсіздік, ынтымақтасу, бірлесе жұмыс істеуді қалау немесе қаламау сезімдері негізінде қалыптасады. Бұндай құрылым ұжымның ішкі, көбіне жасырын, көзге көрінбейтін жағдайын танытады.

Жас мұғалім педагогикалық қызмет процесінде қиындыққа кездескенде ресми ұйымдық құрылымға сәйкес мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орын-басарына, сонымен бірге қажет деп тапса білікті, тәжірибелі маман ретінде басқа мұғалімнен көмек сұрайды.

Ал мұғалімдер арасындағы бейресми байланыстар түрлі себептерден туындайды. Бір жағдайларда бұл араласу, достық, махаббат сияқты әлеуметтік қажеттіліктен туындаса, келесі жағдайда тәжірибелі жолдасынан кәсіптік көмек, қолдау алуға байланысты, үшінші жағдайда – жаңа, қызықты ақпарат алуға байланысты, төртінші жағдайда өзгелерді өзіне бағындыруға ұмтылған эгоистік себеп-терден туындайды. Ұжымдағы бейресми қатынастардың пайда болуының мынадай белгілерін бөліп айтуға болады: достық, жолдастық топтардың құрылуы, бейресми пікірдің қалыптасуы, бейресми басшылардың шығуы, жаңа құндылық бағдарлардың нығаюы және т.б.

Ұжымның ұйымдық құрылымының дамуына бір-қатар факторлар ықпал етеді. Педагогикалық ұжымның өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, осындай ықпал етуші факторларды қарастырып көрейік.

Ол ең алдымен мұғалімдер ұжымы шешетін *кәсіптік-педагогикалық міндеттердің сипаты*. Педагогикалық процестің тұтастығы, оқыту мен тәрбиелік ажырамас байланысы мұғалімдер, сынып жетекшілері, ата-ана мен жұртшылық өкілдерінің әрекетін біріктіреді. Дегенмен, әр мұғалім өзінің нақты қызметін атқарғанымен ол өз әрекетін педагогикалық процестің

басқа да қатысушылары – мұғалімдер, оқушылар, мектеп әкімшілігімен келісе отырып жүргізеді.

Мектептегі, сыныптағы істің жағдайы туралы дер кезінде алынған объективті ақпарат ұжымның ұйымдық құрылымын нығайтып, ұжым мүшелерін біріктіре түседі. Психологиялық зерттеулер /А. И. Донцов, Р. Х. Шакуров/ ұжымның топтасуының қажетті шарты мақсат бірлігі екендігін дәлелдейді.

Ұжымдық құрылым белгілі дәрежеде *педагогикалық ұжым мүшелерінің әлеуметтік-демографиялық, дербестік-психологиялық ерекшеліктеріне* тәуелді тығыз іскерлік, тұлғааралық қатынастардың қолайлы негізі ұжымның жасына, біліміне, біліктілік деңгейіне, кәсіптік құндылықтары сияқты белгілері бойынша біртектілік екендігі даусыз.

Бұндай ұжымдар топтасу, ұйымдасудың жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Дегенмен педагогикалық ұжымдар өзінің құрамы жағынан барынша әртекті болып келеді: оның құрамына біліктілік деңгейі әртүрлі жыныс өкілдерінен тұратын жас және тәжірибелі мұғалімдер енеді. Бұның барлығы әртүрлі бағыттағы бейресми топтардың құрылуына негіз қалайды. Мектеп басшылары педагогикалық ұжымды ұйымдастырғанда және басқарғанда бұл жағдайды ескеруі тиіс.

өзара қатынастың педагогикалық ұжымның тұрақтылығына ықпал екі жақты сипат алады. Бір жағынан ұжымшылық қатынас, ұжымның тұрақтылығын білдірсе, екінші жағынан педагогикалық ұжымдағы тұрақтылық педагогтардың өзара қатынасының сипатын айқындайды.

Ұжымның ұйымдық құрылымы *ұжым мүшелерінің мүддесін, қажеттілігін, қанағатты қанағаттандыруна* да байланысты. Қанағаттану деңгейін анықтайтын бұндай факторлардың қатарында ұжымның беделі, достарының болуы, осы ұжымдағы өз еңбегінің мәнін сезіне білу, моральдық-психологиялық ахуал, ұжымның дәстүрлерін айтуға болады.

Ұжымның ұйымдық құрылымының сипатын айқындауды оның *көлемі* де елеулі етеді. Психологияда шағын ұжымдардың мүшелері арасында байланыс біршама тұрақты, берік болып келетіндігі дәлелденген. Ұжым үлкейген сайын ұжым мүшелерінің арасындағы қатынас ресми сипат ала береді. 30 адамнан асатын педагогикалық ұжымда мүдде, қызығушылық ортақтығы, бірге демалу сияқты түрлі себептермен бейресми топтар, бірлестіктер пайда бола бастайды.

Педагогикалық ұжым мүшелерінің саны оны басқарудың сипатын айқындайды. Шағын ұжымдарда педагогтар бірін-бірі жақсы біледі, бірақ бұндай ұжымдарда араласу, бірін-бірі рухани байыту мүмкіндігі барынша шектеулі. Ал үлкен ұжымдарда өзара қатынастың күрделі құрылымы қалыптасады, олар барынша қунақы, кейде тіпті ұрыс-жанжалға бейім, бірақ осындай ұжымдарда жарқын, ешкімге ұқсамайтын тұлғалардың танылуы мүмкіндігі де үлкен.

Педагогикалық ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық климат

Ұжымдағы көңіл-күй мен қоғамдық пікір, эмоциялық күш-қуат пен өзара қатынастың деңгейін ондағы қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық климатпен айқындалады. "Психологиялық климат", "әлеуметтік-психологиялық климат" немесе "микроклимат" ұғымдары ғылыми емес, астарлы, ауыспалы ұғымдар. Географиялық климат сияқты мамыражай әлеуметтік-психологиялық климат адамның осындай климаттағы ұжымда өзін барынша жайлы сезініп, тұлғалық және кәсіптік қатынас-тарда өзін жан-жақты таныта алуын білдіреді. Ұжымдағы психологиялық климаттың мазмұндық сипатын адамдардың өзара қарым-қатынасы, олардың көңіл-күйі, хал-жайы, бірлесе атқарған жұмыс процесіне көңілі толуы айқындайтын болғандықтан психологиялық климатты сипаттауда эмоциялық бағаның маңызы зор. Жағымды әлеуметтік-психологиялық климат қалыптасқан педагогикалық ұжым қолайлы моральдық-психологиялық ауа-райымен, жылы шырайлылықпен, парыз бен жауапкершілікті құрметтеумен өзара талапшылдықпен, сергектікпен ерекшеленеді. Сондықтан да А. С. Макаренко ұжымдағы өзара қатынастағы сергек көңілді /мажырлы/ екінің баса мән берген.

Әлеуметтік-психологиялық климат ұжым мүшелерінің бірлескен іс-әрекет пен өзара қатынас процесінің сипатын танытатын ұжымның сезімдік-психологиялық жағдайларының жүйесін білдіреді. Әлеуметтік-психологиялық климатты осылай түсіне отырып, оның мынадай негізгі қызметтерін атауға болады. Педагогикалық ұжымның әлеуметтік-психологиялық климатының *топтастырушылық* қызметі ұжым мүшелерінің оқу-тәрбие міндеттерін шешуге ұжымдық күш-жігерді топтастыруын, бірігуін іске асырады. *Ынталан-дырушылық қызметі* педагогикалық әрекеттің қолдануына қажетті ұжымның "эмоционалдық күш-қуатын" қалыптас-тыруға байланысты. *Тұрақтандырушылық қызметі* ұжым ішілік тұрақтылығын қамтамасыз етіп, ұжымға жаңа мүшелердің енуіне қажетті алғышарт жасайды.

Реттеушілік қызмет өзара қатынас нормаларын нығайтуда, ұжым мүшелерінің тәртібіне баға беруде көрінеді.

Психологияда қолайлы әлеуметтік-психологиялық климаттың басты көрсеткіштерін айқындау бағытында зерттеулер жүргізілуде. Бір жағдайларда көрсеткіш ерекшеліктері ретінде

тұлғааралық, адамгершілік, сезімдік, құқықтық өзара қатынастар қарастырылса, ендігі бір жағдайларда ұжымдық әрекет тиімділігінің барынша жалпы сипаттамасына баса мән беріледі.

Ондай сипаттамаларға мыналар жатады:

ұжым мүшелерінің ұжымда болғанына, ондағы еңбек процесі мен нәтижесіне қанағаттануы;

ресми және бейресми жетекшілердің беделін мойындауы;

ұжымдағы жарқын, көтеріңкі көңіл-күй;

ұжым мүшелерінің басқаруға және ұжымның өзін-өзі басқаруға қатысуының жоғары деңгейі;

ұжым мүшелерінің топтасушылығы мен ұйымшыл-дығы;

сапалы тәртіп;

еңбектің өнімділігі;

кадрлардың тұрақтылығы.

Қолайлы әлеуметтік-психологиялық климаттың бұл белгілерін педагогикалық ұжымға баға беруде қолдануға болады.

Әлеуметтік-психологиялық климат қалыптасқан жағдайда ол ұжым мүшелеріне жағымды немесе жағымсыз ықпал жасайды. өзара ақыл, ынтымақтастық қатынас біріккен ұжымда тәжірибелі немесе жас мұғалім бірлескен қуаныш табады. Ал немқұрайдылық, селқостық немесе қысым үстемдік еткен жағдайда ұжым мүшесі ұнжырғасы түсіп, қағажау көреді, бұл жағдай оның кәсіптік қызметінің төмендеуіне, дау-жанжалдың пайда болуына, тіпті басқа ұжымға ауысуына апарып соғады.

Кең көлемдегі кәсіптік-педагогикалық міндеттерін атқара жүріп мұғалім өзін және еңбегін жұртшылықтың бағалауын қажетсінеді. Педагогтар әсіресе беделді адамдар тарапынан, соның ішінде басшылар мен ата-аналар тарапынан берілген бағаны түсінуге бейім. Жағымды баға педагогты ынталандырады. Жағымсыз баға өзінің қызметін, кәсіптік позициясын, өзгелермен қарым-қатынасын қайта қарауға негіз болады. Сондықтан педагогикалық ұжым-дағы қатынас өзара сыйластық, принципті, талапшыл және тілеулестік сипатта болуды талап етеді.

Әлеуметтік-психологиялық климаттың тұлғаға ықпал жасауының механизмі еліктеуден - өзге адамдар-дың сезімін, ойларын тікелей қолдану, пайдаланудан тұрады. Педагогикалық қызмет барысында кейбір мұғалімдер өз әріптестерінің эмоциялық жағдайын түсінуге және оған төзуге қабілетті болса, екіншілері оның психологиялық жағдайына талдау жасап, өз сенімі, ықыласымен сәйкес келетін, келмейтіндігін салыстыруға бейім. Ұзақ уақыт бірлесе қызмет жасау, мүдде ортақтығы жағымды еліктеу процесін едәуір жеделдетеді. өз әріптесінің сезімдік-психологиялық көңіл-күйін танып, оны түсіне алған педагог қалыптасқан жағдайдан шығудың оңтайлы шешімін өз басынан іздестіреді.

өзара әрекеттестіктен екінші жағы жеке тұлғаның ұжымдағы климатқа ықпалынан тұрады. Обал, сауапты білетін, принципті, іске жауапкершілікпен қарайтын, тәртіпті, көпшіл, қайырымды, әдепті педагогтар ұжымда жағымды климат қалыптастыруға елеулі ықпал жасай алады. Ал керісінше, тоғышар, әдепсіз, тәртібі тиянақсыз ұжым мүшесі жағымсыз климат орнықтыруға ықпал жасайды.

Ұжымның жалпы климаты оның мүшелерінің интеллектуалдық, сезімдік және мінездерінің жігерлілік белгілеріне тәуелді болып келеді. Жекелеген педагогтардың танымдық белсенділігі, өнер тапқыштығы ұжымды инновациялық қызметті дамытып, жаңа технологиялар іздестіруге ұмтылады. Жігерлі педагог-жетекші соңынан өзгелерді ерте алады. Егер ұжым мүшелерінің ақыл-ойы, сезімі, ерік-жігері педагогикалық қызметке жұмылдырыл-са, онда табысқа жету қиын емес.

Жеке адамның ұжымға және оның әлеуметтік-психологиялық климатына ықпал жасайтын негізгі әдістері – көзін жеткізу, сендіру, жеке үлгі көрсету. *Көзін жеткізу* адамдардың бағасын, пікірін, қалыптасқан мінез-құлық нормалары мен ережелерін нақты адамның - көз жеткізетін тұлғаның түсінігіне сәйкес өзгертуге бағытталады. Осы жағдайда көз жеткізуші факторлардың қуатын, қисынмен дәлелді пайдаланып, тек ақыл-ойға ғана емес, әңгімелесу-шінің сезіміне де әсер етеді. *Сендіру* процесінде бір адамның екінші адамға немесе тұтас ұжымға әсері ырықты немесе ырықсыз түрде іске асады. Сендірудің көмегімен педагогикалық ұжымда көңіл-күй қалыптасып, идеялар, педагогикалық құндылықтар орнығады. Ұжымдағы жағымды әлеуметтік-психологиялық климаттың қалып-тасуына жеке тұлғаның жасайтын ықпалының тиімді әдісі *жеке үлгі көрсету* болып табылады. Ол үлгі адамның өз еңбегіне, әріптестеріне, ұжымдық пікірге қатынасы болуы мүмкін. үлгі барлық кезде де нақты, ол әрекет пен мінез-құлықтың үлгісін береді, көңілдегі мен өмірдегіні салыстыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық ұжымдағы келіспеушілік

Жағымды психологиялық климат қалыптастыруға кедергі жасайтын факторлардың қатарына ұжымдағы келіспеушілікті немесе "климаттық ауытқуды" атауға болады. *Әлеуметтік-психологиялық келіспеушілікті* көптеген мамандар *адамдардың тікелей қарым-қатынасы*

саласында пайда болатын қарама-қайшылықтың күрт шиеленісіп кетуі ретінде қарастырады. Педагогикалық ұжымда пайда болатын келіспеушіліктер өз табиғатында тұлғааралық келіспеушілік болып табылады. Ондай жағдайда адамдар іс-әрекеттің мақсатына келіспейді немесе оған қол жеткізудің әдістері мен құралдары туралы әртүрлі пікірде болады.

Келіспеушіліктер әртүрлі себептердің салдары болуы мүмкін. Педагогикалық ұжымдағы тұлғааралық келіспеушіліктер бірлескен педагогикалық әрекет процесінде орныққан өзара байланыстың бұзылуына байланысты туындайды. Ол педагогикалық қызметке байланысты мұғалімдер, басшылар арасындағы іскерлік сипаттағы байланыс болуы мүмкін.

Педагогикалық ұжымда орын алатын келіспеушіліктің негізгі үш тобын бөліп көрсетуге болады. Бірінші топ - кәсіптік-педагогикалық әрекетті мақсатқа жетуге кедергі келтіретін, іскерлік байланыстардың бұзылуынан туындайтын кәсіптік келіспеушіліктер. Бұндай келіспеушіліктер жұмыстағы ынтасыздықтан, мұғалімдердің әрекет мақсатын түсінбеуінен және өз ісін жете білмеуінен туындайды. Екінші топ - педагог мінез-құлқының өзара қатынас нормасына сай келмеуіне, сол сияқты мінез-құлық пен іс-әрекеттің ұжым мүшелерінің бір-бірінен күткен талаптарына сай келмеуінен туындайды. Ол педагогтың өз әріптестеріне және оқушыларға көрсеткен әдепсіздігі, кәсіптік этика нормаларының бұзылуы, ұжым талабын орындамау және т.б. түрінде көрініс береді. Үшінші топ – педагогикалық процестерге қатысушылардың мінез бен темпераменттік ерекшеліктері негізінде тұлғалық сәйкессіздіктен туындайтын келіспеушіліктер. Бұл топты негізінен ұстамдылық, өзіне деген бағасы мен пікірінің аса жоғары болуы, эмоциялық тұрақсыздығы, шамадан тыс өкпешілдігі сияқты сапалар құрайды.

Келіспеушілікті реттеу мынадай қисынды әрекеттердің бірізділігінен тұрады: келіспеушіліктің алдын алу; пайда болған жағдайда келіспеушілікті үйлестіру, жою; келіспеушілік ахуалды шешудің ең оңтайлы шешімін қабылдау; келіспеушіліктің түйінін шешу. Келіспеушілік-тің алдын алу кезінде сол адамның неге осылай жасағандығын анықтаудың маңызы зор. Мектеп басшысы қалыптасқан келіспеушілік ахуалға немқұрайлы қарамауы тиіс, сондықтан ол келіспеуші жақтарды ашық әңгімеге тартып қалыптасқан жағдайды бірге талдап, талқылауы тиіс. Келіспеушілікті басқару кезеңінде басшы жеке әңгімелесіп, келіспеуші жақтарды алдағы кездесуге, араласуға психологиялық тұрғыдан дайындауы тиіс.

Егер келіспеушілікті бастапқы кезеңінде келістіру мүмкін болмаса, онда оны шешудің тактикасы мен стратегиясы жасалуы керек. Оны мектеп директоры немесе оның орынбасарлары іске асырады, қажет болған жағдайда ұжымдық шешім қабылданады. Ол бойынша келіспеуші ұжым мүшелеріне біршама уақыт бір-бірімен араласпау немесе ол араласуды шектеу туралы шарт қойылуы мүмкін. Кәсіптік келіспеушіліктер еңбек жағдайын, оқу-тәрбие процесін өзгерту, мектеп жұмысының тәртібіне түзету енгізу арқылы реттеледі. Ал тұлғалық сәйкессіздік-тен туындаған келіспеушілікті жою күрделі сипат алады. Бұндай жағдайда басшы келіспеуші жақтарға өзге де пікірлердің өмір сүруін мойындататындай шешім қабылдайды.

3. Отбасы – ерекше педагогикалық жүйе

Социология ғылымы отбасын тұтас қоғамдық организмнің бөлігі, әлеуметтік тәрбие беретін ұжым ретінде қарастырады. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық салада орын алған өзгерістерді міндетті түрде отбасының өмірінен көрініс табады. Бірақ, өндірістік кәсіптік, саяси ұжымдарға қарағанда отбасына қайта құру тікелей әсер ете бермейді. Отбасының моральдық, психологиялық жаңаруы барынша созылмалы, оның үстіне қарама-қайшылықты, күрделі болып келеді. Сондықтан да отбасында жаңа қатынастар, жаңа мораль-дық орнығуы экономикалық салаға қарағанда баяу қарқынмен іске асады. өйткені, отбасындағы қайта құруларға негізгі әлеуметтік, экономикалық факторлар мен бірге биологиялық, психологиялық және демография-лық факторлар да қатысады. Отбасын "болжамдаудың" қиындығы осындай себептерге байланысты.

Отбасылық өмір байланыстарын жан-жақтылығы-мен сипатталады. Олар - әлеуметтік, биологиялық, шаруа-шылық-экономикалық, адамгершілік және психология-лық қатынастар. Отбасы дамуының кезеңдері оның бір қызметінің жойылып, екінші қызметінің қалыптасуымен және отбасы мүшелерінің әлеуметтік қызметінің сипаты және ауқымының өзгеруімен байланысты. Отбасы қоғамға және адамға қатысты маңызды қоғамдық қызметтер атқарады.

Отбасының қоғамға қатысты негізгі қызметтері мыналар:

ұрпақтар алмасуын қамтамасыз ететін бала туу, өсіру қызметі;

білім, дағды, шеберлік, рухани құндылықтарды кейінгі ұрпаққа жеткізетін тәрбиелік қызмет; өндірістік – шаруашылық қызметі;

отбасының жұмыстан, оқудан бос уақытын ұйым-дастыру қызметі;

Отбасының адамға қатысты қызметі мыналар;

Жұбайлық қызметі. Жұбайлар ең жақын адамдар.

Ата-аналық қызметі- отбасының үйлесімді өмірін, олардың зейнет жасындағы игілігін

қамтамасыз етеді;

Тұрмысты ұйымдастыру қызметі. Отбасы тұрмысы психологиялық тұрғыдан алғанда ең жайлы тұрмыс болып есептеледі.

Отбасының қызметін, оның көп түрлілігі мен байланыстарын ескере отырып, қазіргі отбасы дамуының бағыттары мен бірқатар ерекшеліктеріне тоқталған жөн. Оларды тани білу және ескеріп отыру мұғалімдер мен ата-аналардың отбасының тәрбиелік қызметін іске асыруына көмектеседі.

Ауылдық және қалалық отбасы дамуындағы ерекшелік олардың әлеуметтік жағдайына байланысты болмақ. Мысалы: ауылды жердегі бала ауылдастарының қатаң бақылауында болады. Бұл бір жағынан жағымды құбылыс болғанымен, екінші жағынан бұндай әлеуметтік бақылау шектеушілік сипатымен тұлғаның еркін дамуына кедергі болады. Ал қалаларда, әсіресе үлкен қалаларда бұндай бақылауға мүлде орын жоқ.

Ата-аналардың білім деңгейіне байланысты да отбасында ерекшеліктер орын алады. Мысалы: ата-аналардың білімі жоғары болған сайын олардың балалары мектепте жақсы оқиды. Қазіргі ата-аналар жұмыс басты болғандықтан бала тәрбиесі көбіне білімі төмен аталар мен әжелерге жүктеледі. Кейде бір отбасында ата мен әженің және жас ата-аналардың тәрбие жүйесі қақтығысып қалады. Отбасы тәрбиесіне ден қойған мұғалім бұл жағдайды естен шығармауы тиіс.

Қоғамда жүріп жатқан тұрғындардың материалдық жағдайға байланысты жіктелуі отбасы тәрбиесіне материалдық жағдайы әртүрлі ата-аналардың қарым-қатынасына әсер етеді. Отбасында балаларға отбасылық бюджеттің 25-50% жұмсалады. Материалдық кірісі мол отбасыларда педагогикалық көрсоқырлық тойынғандық (шамадан тыс еркелету, көңілін жықпау, мейманасы тасығандық) жағдайда алып барады. Тойынғандық дегеніміз- өмірге, өмірдегі материалдық және рухани құндылықтарға деген жеккөрінішті, немкетті қатынас. Жастайынан осындай ортада өскен балалардың арасынан торығушылар, қаңғыбастар, "қызықты" әсерді іздеушілер өсіп шығады.

Қазіргі кезде отбасының "уақталу" процесі жүруде. Ол дегеніміз – жас ата-аналардан тұратын әжесіз, атасыз отбасылар. Бұл отбасының беріктігін нығайтып, дербес ұжымды қалыптастырады. Қиындықтар достық пен ынтымақтастықты нығайтып, қуаныш пен қайғыны бөлісуге тәрбиелейді. Дегенмен жас отбасында алғашқы кезде тұрмыстың түзелмеуі, бала тәрбиесі сияқты қиындықтар кездескенімен, оларды шешу қоғамның құзырында.

Отбасы мүшелерінің кемуі, туылған бала санының азаюы да отбасы дамуының ерекшелігін құрайды. Қалалық отбасында бір-екі бала ғана тәрбиеленеді. Бала туудың азаюының себептері сан алуан және өте күрделі; олар ата-аналардың жұмысбастылығы; мектепке дейінгі мекемелермен қамтамасыз етілмеу; бала тәрбиесіне шығынның көп жұмсалуы; әйел-ананың шамадан тыс жұмысбастылығы; отбасының қолайсыз тұрғын үйі; тұрмыстық жағдайы; ата-аналардың "өзі үшін өмір сүруге" ұмтылған тоғышарлық ұмтылысы және т.б. Бала туудың азаюы – шағын отбасындағы тәрбие әдістерін жасау деген және педагогикалық проблеманы алуға тосады.

Қазіргі отбасы ажырасу санының едәуір артуымен сипатталады. Ажырасудың 90 пайызы тұрмыс қолай-сыздығы мен дайындықсыздықтың салдары. Дегенмен барлық ажырасуларға жағымсыз баға беруге болмайды, өйткені кей жағдайда ажырасу баланың психикасына теріс әсер ететін ұрыс-жанжал, отбасылық кикілжіңнің алдын алады.

Бір балалы отбасының әлеуметтік - педагогикалық проблемалары

Бір балалы отбасы көпшілікпен араласу, ұжымдық қызмет тәжірибесін игеру жағынан баланы қиын жағдайға қалдырады. Бұндай отбасыларда аға, әпке сияқты тәлімгер іні, қарындас сияқты қамқорлығына алатын бауырдың болмауы ұжымдық туыстық қатынастар аясын мүлдем тарылта түседі. Осындай жағдайда баланың қызығу-шылығы мен қажеттілігін қамтамасыз етуде ата-ананың педагогикалық нормаларды сақтамауынан бастауыш сыныптағы кезінен оның бойында тоғышарлық, ұжымды жатырқаушылық қасиеттердің қалыптасқандығын аңғарамыз.

Кейінгі кезде немере, шөбере туыстарды айтпаған-ның өзінде бірге туған бауырлардың да туыстық қатынас-тары салқындай бастағандығы аңғарылады. Көп балалы отбасының балалары ауылда, мектепте, ұжымда, қатар құрбылары арасында тез сіңісіп кетеді, өйткені олар отбасында бір-біріне қамқорлық, құрмет жасауды көріп өседі. Ал бір баламен шектелген отбасылардың бұқаралық сипат алуы балалар арасында жатырқау, тасбауырлық сезімдердің нығая түсуіне негіз қалайды.

4. Оқушы отбасымен байланыс орнатудың психологиялық-педагогикалық негіздері

Мұғалімнің оқушылардың ата-аналармен жүргізетін жұмыстарының негізгі түрлері мен әдістеріне сипаттама бермес бұрын отбасымен байланыс орнатудың бірқатар психологиялық-

педагогикалық ерекшеліктеріне тоқталған орынды.

Бірінші ереже. Мектеп пен сынып жетекшісінің отбасымен және жұртшылықпен жүргізетін жұмысының негізі ата-аналардың беделін көтеру және нығайтуға бағытталуы тиіс. Сынып жетекшісінің ақыл үйретушілік, көсемдік сөз саптауы өкпе, реніш, ыңғайсыздыққа негіз болады. "Міндеті", "қажетті" деген үзілді-кесілді сөздерден соң ата-ананың ақыл кеңес сұрауға деген ынтасы жоғалады. Ата-аналардың көпшілігі өз міндеттерін жап-жақсы түсінеді, бірақ тәрбие практикасында өз білгенін көңілдегідей қолдана алмауы мүмкін. Сондықтан оларға не істеу керек екендігімен бірге қалай істеу керектілігін білу де маңызды. Мұғалім мен ата-ананың арасындағы бірден-бір дұрыс норма - ол бірін-бірі құрметтеу. Осындай жағдайда бала тәрбиесін қадағалау, тәжірибе алмасу, ақыл-кеңес, бірлесе шешім қабылдау сияқты екі жақты да қанағаттандыратын формаға ауысады. Бұндай қатынастың маңыздылығы сол - мұғалім мен ата-аналарда жеке жауапкершілік, азаматтық парыз, өзіне деген талап-шылдық дамып нығаятын болады.

Ата-аналардың жұмыс орнына "Үлгерім экраны", "Ашық журнал" сияқты тәрбие құралдарын ілу нәтиже бермейді. "Қара тізімге" ілінген әкелер мен аналар ондай форманың тиімсіздігін айтады. Өйткені, сол арқылы олардың балаға көңілі толмауы оны жазалауға, мектепке деген теріс көзқарастың қалыптасуына алып барады. Балалары туралы жағымсыз әңгіме естіген ата-ана мектептің маңайын көргісі келмейді. Көп жағдайда осы негізде әке мен шешенің ара қатынасы бұзылады. Осының бәрі түптің-түбінде баланың мұғалімді, мектепті жек көруіне ұласады. Мұғалім, сынып жетекшісі осы жағдайларды ескеріп, жұмыс әдістері мен түрлерін таңдағанда баланың көз алдында ата-аналардың беделін көтеру және нығайтуды басшылыққа алуы тиіс.

Екінші ереже. Ата-ананың тәрбиелік мүмкіндік-теріне сенім арту, олардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін көтеру тәрбиелік белсенділігін арттыру. Ата-аналар психологиялық жағынан мектептің барлық бастамалары мен талаптарын қолдауға дайын. Тіпті педагогикалық дайындығы, жоғары білімі жоқ ата-аналардың өзі бала тәрбиесіне терең түсіністікпен және жауапкершілікпен қарайды.

Үшінші ереже. Отбасының өміріне орынсыз араласуға жол бермейтін педагогикалық әдеп. Сынып жетекшісі-ресми тұлға. Ол өз қызметі аясында көп жағдайда қаласа да қаламаса да отбасының өзгелерден "жасыратын" құпия сырларына куә болуы мүмкін. Жақсы сынып жетекшісі отбасы үшін бөтен емес, қайта ата-аналар одан көмек күтіп сеніп сыр айтады, ақылдасады. Сондықтан отбасы қандай болса да, ата-аналар қандай тәрбиеші болса да мұғалім барынша әдепті болуы тиіс. Ол отбасы туралы барлық білімін ата-аналардың тәрбие ісіне көмектесуге, ізгі ниетті орнықтыруға жұмсауы керек.

Төртінші ереже. Тәрбие мәселелерін шешуге өмірге құштар, көтеріңкі көңіл күйді басшылыққа алу, жеке тұлғаның табысты дамуына бағыт ұстау, баланың жағымды қасиеттеріне, отбасы тәрбиесінің күшті жақ-тарына сүйену. Тәрбиеленушінің мінезін қалыптастыру қиындықсыз, қайшылықсыз және оқыс оқиғасыз іске аспайды. Егер осының бәрі даму заңдылығы түрінде қабылданса (бала мінезінің тұрақсыздығы, соқтықпалы сипаты т.б.) онда қиындық, қайшылық және күтпеген нәтиже педагогты әбіржітпеуі тиіс. Қалыптасқан педагогикалық міндетті шешудің ондаған тәсілдері болғанымен солардың біреуі ғана нақты жағдайға толық нәтиже беруі мүмкін. Сондықтан педагогика ғылымына дайын тәрбиелік рецент беретін анықтама деп емес, тұлғаға тиімді ықпал жасайтын жалпы заңдылықтар туралы ғылым деп қарау қажет.

Ата-аналармен, оқушы отбасымен байланыс орнату мұғалімнің ең басты міндеті. Ондай байланыс орнатудың бір формасы оқушы отбасында болу. Бұл форма мұғалім-дер мен ата-аналарға өте жақсы таныс болғандықтан оның екі кезеңіне ғана тоқталу қажет сияқты.

Отбасында болу, шақыру арқылы іске асқаны жөн. Статистикалық мәліметтер бойынша балалардың 80 пайыздан астамы әкесі де, шешесі де жұмыс істейтін отбасыларда тәрбиеленеді. Демек кез келген уақыт мұғалім үшін қолайлы бола бермейді. Мұғалімнің кенеттен үйге келуі ата-аналарды жұмыстан қалдыруы, күн тәртібін бұзуы, алаңдатуы мүмкін. Шақыру бойынша отбасында болу ата-ананы да, мұғалімді де қолайсыз-дықтан құтқарады.

Отбасында болуға мұғалім дайындалуы тиіс. Ол дайындық шәкіртінің ең жағымды, қызықты құндылық-тарын айқындау болуы тиіс. Дегенмен ол құндылық-тардың өзі мұғалім санасында қорытылып, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан сенімді шығуы керек.

Отбасымен, ата-аналармен байланыс орнату отбасы тәрбиесін насихаттауға ықпал жасайды. Бұл мәселелерде ата-аналар мен мұғалімдерге "Семья и школа", "Воспитание школьников", "Бастауыш мектеп", "Ақжелкен" журналдары мен "Ұлан" газеті сияқты басылымдарда жарияланған материалдар көмек жасайды. Дей тұрғанымен сынып жетекшісінің жанды сөзін ата-аналар құлақ қойып тыңдайды. Оның өз атына айтылған мақтау сөздерімен бірге тәрбие міндеттерін шешу туралы ақыл - кеңестерін тыңдау ата-аналарға қуаныш сыйлайды.

Ата-аналар мен сынып жетекшісінің байланыс жасауының бір түрі ата-аналардың

педагогикалық тапсырмаларды орындауы болмақ. Ондай педагогикалық тапсырмалардың бірнеше түрін атауға болады.

Тапсырманың бірінші түрі – Белсенді тәрбиелік позиция, балалармен тікелей жұмыс жасаудан туындайды. Олар: қызығушылықтар бойынша құрылған үйірмелерге жетекшілік жасау, дербес қамқорлыққа алу, тәлімгерлік және т.б.

Тапсырманың келесі түрі – мұғалімге, тәрбиешіге ұйымдастырушылық көмек көрсетуден туындайды. Олар: саяхат ұйымдастыруға ықпал жасау, қызықты адамдармен кездесулер ұйымдастыру, сынып кітапханасын жабдықтау, кітапқұмар клубын ұйымдастыру.

Ендігі тапсырмалар мектептің материалдық базасын дамыту және нығайтуға қатысудан туындайды. Олар – кабинетті безендіру, құралдар, приборлар дайындау, мектепті көгалдандыру, жөндеу жұмыстарына қатысу.

Бұл аталғандар қоғамдық жұмыстар мен тапсырма-лардың бір бөлігі ғана. Қоғамдық жұмысқа тартуда ата-аналардың немен айналысқысы келетіндігін анықтау үшін сынып жиналысында олардың өз ұсыныстарын жазбаша беруін өтінуден бастау дұрыс болады.

5. Мұғалім, сынып жетекшісінің оқушы ата-аналармен жұмыс істеу формалары мен әдістері

Мектептің отбасыларымен жүргізетін барлық жұмыстары **ұжымдық** және **дербес** болып негізгі екі топқа бөлінеді.

Ұжымдық жұмыс формаларын мыналар құрайды.

Педагогикалық лекторийлер ата-аналардың назарын белсенді тәрбиелік мәселелерге аударуды мақсат тұтады. Жұмыстың бұл формасы ата-аналарды тәрбие теория-ларын жүйелі білімдерімен қаруландыруға бағытталады.

Сынып бойынша педагогикалық білім беру деп аталатын жұмыс формасын 1 –11 сыныптан бастап қолға алу қажет. өйткені педагогикалық ағарту жұмысын осы кезден бастау тиімді. Оның алғашқы сабағын мектеп директоры немесе орынбасарлары бастап бергені жөн. Педагогикалық білім беруде параллель-сыныптардың ата-аналарын біріктіруге болады.

Көптеген мектептерде *педагогикалық білім университеттері* табысты жұмыс істейді. Білім берудің бұл формасы лекциялық курстан және семинар сабақтарынан тұрады. Бұндай күрделі жұмыс формасына барлық ата-аналар аудиториясы дайын болмауы мүмкін. Сондықтан да бұл жұмыс формасын аса сақтықпен практикаға енгізу керек.

Мектептерде ата-аналардың тәрбие проблемаларына арналған *жылдық қорытынды ғылыми-практикалық конференцияларын* өткізу дәстүрге айналған. Конферен-цияға "Балаларды еңбекке тәрбиелеу", "Жақсылыққа апарар ең төте жол – имандылық арқылы" және т.б. тақырыптар таңдап алынып, мектепте ол проблема жыл бойы теориялық және практикалық қырынан зерттеледі. Осындай жағдайда ғана конференция өз атына лайық қорытынды болып шығады.

Ашық есік күндері немесе ата-аналар күні үлкен дайындықты қажет етеді. Әдетте оны тоқсанның басында, немесе каникул күндерінде өткізген тиімді. Бұл күнге мектеп арнайы тақырыпқа сай безендіріледі, кезекшілік ұйымдастырылып, мерекелік бағдарлама түзіледі. Мереке-нің құрылымын мына үлгіде түзуге болады.

Мәжіліс залында ата-аналар үшін 1-11 сынып оқушы-ларының концертін ұйымдастыру. Концертте үздік өнер көрсеткен сыныпты, жекелеген оқушыны атап өтуге болады.

Сыныптардағы кездесулер. Оқушылар бұл жайында ата-аналарына қалай оқып, қалай жүріп тұратындығын айтады, үйренген дағдылары мен шеберліктерін көрсетеді. Бастауыш сынып оқушылары кәдесыйлар дайындап ата-аналарға тарту етеді;

"үздік суреттер", "үздік қолөнер шебері", "Фото-мерген", "өнертапқыштар мен конструкторлар" және т.б. көрмелерге қатысу;

Спорт зал, спорт алаңында ата-аналар комитетінің жүлдесіне жарыстар ұйымдастыру;

Мәжіліс залында көркем фильмдер көруді ұйымдастыру. Ата-аналарға арналған "Менің атым Қожа", "Алты жасар Алпамыс", "Көксерек" және т.б. фильмдерді ұсынуға болады.

Мерекені ұйымдастырудың нұсқалары көп болуы мүмкін, ең бастысы оларды ұйымдастырғанда ата-аналар-дың назарын мектепке, тәрбие жұмыстарына аудару болуы керек.

Сынып ата-аналарының жиналысы – дәстүрлі жұмыс формасы болғанымен оны өткізудің әдістемесі жетілдіруді қажет етеді. Сынып жиналысын ұйымдас-тыруда, оның проблемалық тақырыбын айқындап алудың маңызы зор. Мысалы "Балаларды тәрбиелеуге қиындықпен бетпе-бет келу көмектеседі ме әлде одан жалтару көмектеседі ме?" деген тақырыпты таңдап алған соң, оны өткізуге дайындауда ата-аналармен алдын ала сұрақ-жауап өткізуге болады.

Ол сұрақтар мынадай болуы мүмкін.

1. Сіздің мінезіңізді, ерік күшіңізді өміріңізде кездескен қандай қиындықтар шынықтырды деп ойлайсыз?
2. Балаңыздың қиындыққа тап болған кездегі (сөз, іс-әрекет, сезім мен көңіл-күй) ахуалын еске түсіріп, сипаттап беріңіз.
3. Сіздің балаңыз қиындықтардың қандайын жеңіп, қандайына шамасы жетпейді?

Осы мазмұндағы сұрақтар ата-ананың ойын жинақтап, тәрбие мәселесіне терең мән беруіне көмектеседі.

Дербес жұмыс формалары ата-аналармен жұмыс жүргізуде маңызды рөл атқарады.

Педагогикалық консультация - дербес жұмыстың кең тараған формасы. өкінішке орай балалары сыныптан-сыныпқа көшкен сайын ата-аналардың белсендігі төмен-дей береді. Консультацияның негізі - ата-аналардың сұрақтарына жауап беру. Педагогикалық - психологиялық тұрғыдан алып қарағанда консультация ата-ананың бастамасына мұғалімнің қалауы, отбасына көмек көрсетуге дайын болу, ата-аналарды мазалаған сұрақтарға нақты ақыл – кеңес беру сипатында болуы тиіс.

Бақылау сұрақтары

1. Мектептің педагогикалық ұжымы, отбасы және қоғамдық ұйымдар қызметін үйлестіруші орталық болуының себебі не?
2. Мектеп педагогикалық ұжымының басқа ұжымдардан айырмашылығы неде?
3. Педагогикалық ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалдың белгілері қандай?
4. Тәрбие ұжымы және педагогикалық жүйе ретінде отбасының ерекшеліктері қандай?
5. Қоғамға және нақты жеке адамға қатынасына қарай отбасының негізгі қызметтерін атаңыз.
6. Қазіргі заманғы отбасы дамуының ерекшеліктері қандай?
7. Оқушы отбасымен байланыс орнату ережелерін атаңыз.
8. Мұғалім – тәрбиешінің оқушы отбасымен бірлікте жүргізетін жұмыстарының әдістемелеріне сипаттама беріңіз.
9. Мұғалім – тәрбиешінің ата-аналарымен дербес жұмыс жүргізуінің тәрбиелік тиімділігін негіздеп беріңіз.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

4.1 Педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығы. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оларды аттестациялау

1. Педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығы. Білім берудегі инновациялар

Жаңа енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің ныса-насына айналды. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді.

Тұтас педагогикалық процестің инновациялық стратегиясында жаңашылдық процестерді тікелей алға апарушылар ретінде мектеп директоры, мұғалімдер мен тәрбиешілердің рөлі арта түсуде. Оқыту процесінің көптүрлілігіне қарамастан - дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдық және басқа – жетекші педагогикалық қызметті іске асыру мұғалімнің еншісінде қалып отыр. Оқу-тәрбие процесіне қазіргі заманғы технология-лардың енгізілуіне байланысты мұғалім мен тәрбиеші кеңесшінің, ақылшының және тәрбиешінің қызметін одан әрі игеруде. Мұғалімнің кәсіптік қызметі арнаулы, пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика мен психологияның, оқыту мен тәрбие технологиясы сала-ларының қазіргі заманғы білімдерін де қамтитын болғандықтан мұғалімнен арнайы психологиялық - педагогика-лық дайындық талап етіледі. Осы негізде педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық қалыптасады.

Инновация – жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді.

Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар – озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инноватика пәні, инновациялық процесстердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарас-тырылуы тиіс, яғни инновациялық процестердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарас-тырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысуында пайда болатын теориялық және практикалық жаңалықтарды қолдану болуға тиіс.

Бұның барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. өйткені, мұғалім жаңа педагогикалық технологияның, теория мен концепцияның авторы, талдап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару мұғалімнің өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымдағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс таңдап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді. Ал педагогикалық қызметте инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен айқындалады.

Біріншіден, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар білім беру жүйесін, әдістемесі мен түрлі типтегі оқу орындарының оқу тәрбие процестерін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген мұғалім мен тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралына айналуға.

Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Осы жағдайда мұғалімдер арасында педагогикалық білімнің рөлі мен беделі арта түсіп отыр.

Үшіншіден, мұғалімнің педагогикалық жаңалықты игеру және қолданылуға деген қатынасы сипатының өзгеруі. Оқу-тәрбие процесінің мазмұнын қатаң тәртіпке бағындырып қойған жағдайда мұғалімнің өз бетінше бағдарлама оқулық таңдаудан бұрын педагогикалық қызметтің жаңа әдіс тәсілдерін пайдалануға мүмкіншілігі болмады. Егер бұрынғы уақытта инновациялық қызмет негізінен жоғарыда ұсынылған жаңалықтарды практикада қолданумен шектелсе, қазіргі уақытта ол барынша баламалы, зерттеушілік сипат ала бастады. Сондықтан да мектеп, білім беру органы басшыларының қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі мұғалімдердің енгізген инновациясына

талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдай жасау болуы тиіс.

Төртіншіден, жалпы білім беретін оқу орындарының нарықтық қатынастарға енуі, жаңа типті сынып ішінде мемлекеттік емес оқу орындарының құрылуы нақты бәсекелестік ахуал туғызуда.

Озық педагогикалық тәжірибе және педагогика ғылымы жетістіктерін практикаға енгізу

Қазіргі заманғы мектепте нақты педагогикалық қызметте іске асыруға болатын орасан зор педагогикалық тәжірибе жинақталған, бірақ олардың бәрі бірдей қолданыла бермейді, өйткені көптеген мұғалімдер мен басшыларда ол тәжірибені зерттеу және қолдану қажеттілігі қалыптаспаған, сол сияқты ол тәжірибелерді таңдау мен талдаудың дағдысы мен іскерлігі жетісе бермейді. Мұғалімдер нақты іс-әрекетінде өзінің, сол сияқты әріптесінің де педагогикалық тәжірибесіне талдау жасаудың қажеттілігіне мән бермейді.

Педагогикалық тәжірибе көпшілік және озық болуы мүмкін. Озық педагогикалық тәжірибе тарихылығымен ерекшеленеді. өйткені әрбір жаңа кезеңде мектептің материалдық, әдістемелік, кадрлық және басқа да мүмкін-діктерінің кеңеюімен педагогикалық қызметтің жаңа талаптары пайда болады. Сонымен бірге озық тәжірибе педагогика ғылымы мен практикасының қазынасын үнемі толықтырушы, жаңартушы қызмет те атқарады. Озық педагогикалық тәжірибені жасау және таратуда мұғалімнің позициясы үлкен рөл атқарады, сондықтан нақты тәжірибенің жетекші ережелеріне талдау жасап, оны қолдануға кіріскенде субъективті факторлардың ықпалын ескеру арқылы оның нәтижесі мен педагогикалық ұжымға кірігуіне болжам жасау қажет. Педагогикалық тәжірибеде объективті және даралық құндылықтар бір-бірімен астасып жатады, бірақ педагогикалық қызметтегі даралық ерекшеліктердің бәрі бірдей көпшіліктің игілігі бола алмайды. Тек жеке тұлғаның жаңа тәжірибе жасауға ықпал жасайтын бірегей және қайталанбас ерекшелік-тері ғана назарға алынады. Озық педагогикалық тәжірибе бұқаралық негізде қалыптаса отырып, объективті педагогикалық заңдылықтарды игерудің деңгейін де танытады (Ю. К. Бабанский). Озық педагогикалық тәжірибенің бір түрі болып есептелетін жаңашылдық пен зерттеушілік педагогикалық тәжірибе сезімдік тәжірибелер-ден теориялық талдау және жинақтауға алып баратын басқыш сияқты. Жаңашылдық пен педагогикалық зерт-теудің бірегей үлгісін көрсеткен Ресейдің И. П. Волков, Т. И. Гончарова, И. П. Иванов, Е. Н. Ильин, В. А. Кериновский, С. П. Лысенкова, Р. Г. Хазанкин, М. П. Шетинин, П. М. Эрдинов, Е. А. Ямбург және т.б. ғалымдар мен педагогтардың тәжірибелі мұғалім қауымының игілігіне айналды.

Мұғалім қызметінің инновациялық бағыттылығы-ның екінші құрамды бөлігі - психологиялық-педагогика-лық зерттеулердің нәтижесін педагогикалық қызметтің практикасына ендіру. Педагогика мен психология бойынша ғылыми зерттеудің нәтижелері уақытылы хабардар ету мүмкіндігі болмағандықтан мектеп қызмет-керлеріне белгісіз болып қалады.

Педагогикалық зерттеудің нәтижелерін практикаға енгізу үшін практикалық қызметкерлердің алынған нәтижелермен арнайы танысады, оны іске асырудың орындылығын, сол арқылы осы негізде ғылыми зерттеу нәтижесін практикада қолдануға деген қажеттілік анық-талатындығы В. Е. Грурман, В. В. Краевский, П. И. Керташева, М. Н. Скаткин және басқа ғалымдар арнайы еңбектерінде атап айтылған. Мамандар тарапынан жедел әдістемелік көмек көрсету арқылы бұл ғылыми ұсыныстарды іске асыру әдістері мен тәсілдерін игеруге болады.

Осыған байланысты жаңа педагогикалық идея мен технологияның насихатшысы және таратушысы кім болады деген сұрақ туындайды. Жеке мұғалімнің, мектептің тәжірибесін, ғылыми зерттеу мен таратуды мектеп директорының ғылыми істер жөніндегі орын-басары немесе оқу ісінің меңгерушісінің жетекшілігімен жан-жақты дайындалған мұғалімдер тобы жүргізуі тиіс.

Бұндай топты құрудың қажеттігі бірқатар жағдайлар-ға байланысты. Біріншіден, педагогикалық жаңалықтың немесе түбірлі педагогикалық идеяның, технологияның авторы, оның құндылығы мен перспективалығын аңғара бермейді. Екіншіден, қосымша уақыт және т.б. қажет етеді деп ол өзінің идеясын іске асыруға көбіне құлшына кіріспейді. үшіншіден, жаңалық автордың баяндауында жүйелі ғылыми және әдістемелік негіздеме таба алмауы мүмкін. Төртіншіден, автор инновациясы және оны іске асыру жолдары туралы баяндағанда өзінің немесе әріптестерінің жеке тұлғалық ерекшеліктеріне байланыс-ты мұғалім-әріптестері тарапынан "кері тебу" реакция-сына тап болуы мүмкін. Бесіншіден, аталған топтың функциясы идеяны іске асырумен шектелмейді, сонымен бірге оны талдау және түзетумен де айналысады.

Алтыншыдан, бұндай топ педагогикалық мони-торинг қызметін атқарады - отандық және шетелдік баспасөз материалдары және жоғары оқу орнының тәжірибесі бойынша жаңа идеялар, технологиялар мен концепцияларды жүйелі түрде талдап, іріктеп отырады.

Педагогикалық жаңалықты практикаға енгізу қызметін басқару бұл жұмысқа автордың қатысуын

жоққа шығармайды, қайта оның дербес шығармашылық мүмкіндіктеріне ынталандырып, қабілетін дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Осылайша мектеп жағдайында педагогикалық инновацияны жасаушылар мен насихаттау-шылардың күші біріктіріледі. Нақты практикада инновациялық процестердің сипаты алынған нәтиженің маз-мұнымен, енгізілуге тиісті жаңалықтың күрделілік деңгейімен, сол сияқты практиктердің инновациялық қызметіне дайындығының деңгейімен ерекшеленеді.

Педагогикалық инновацияның критерийлері

Инновациялық бағыттылық белгілі бір жаңа енгізілімнің тиімділігіне баға беретіндей нақты критерий-лерді пайдалануды қажет етеді. Педагогика бойынша зерттеу тәжірибелеріне сүйене отырып, педагогикалық жаңалықтың мынадай критерийлер жиынтығын анықтауға болады: жаңашылдық, оптималдық, жоғары нәтижелік, бұқаралық тәжірибеде шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі.

Инновацияның негізгі критерийі ғылыми педагогикалық тәжірибеге де баға беруде басшылыққа алынатын жаңашылдық деп білеміз. Сондықтан инновациялық процеске араласқысы келетін мұғалім қолға алған жаңалығының мәнін, оның жаңашылдығының деңгейін анықтап алуы тиіс. Біреулер үшін жаңалық болып табылатын құбылыс екіншілер үшін олай болмауы мүмкін. Осыған байланысты мұғалімдерді инновациялық процеске тартқанда олардың еріктілігін, тұлғалық ерекше-лігін, дербестік-психологиялық мінездемелері ескерілуі тиіс. Жаңашылдықтың бірнеше деңгейін бөліп көрсетуге болады. Олар: абсолютті, локальді-абсолютті, шартты, субъективті, танымалдық деңгейі және қолдану аймағы бойынша.

Критерийлер жүйесіндегі оптималдық нәтижеге қол жеткізуге мұғалім мен оқушының жұмсаған күшінің шығыны мен қолданған тәсілінің тиімділігін айқындайды. Әртүрлі мұғалімдер әртүрлі еңбек жағдайымен бөлек оқушылар ортасында бірдей жоғары нәтижеге қол жеткізеді. Оқу процесіне педагогикалық инновацияны енгізіп, барынша аз дене, ой еңбегін және аз уақыт жұмсап жоғары нәтижеге қол жеткізу оның оптималдығын білдіреді.

Нәтижелік инновацияның критерийі ретінде мұғалім қызметіндегі оң нәтижелердің барынша тұрақтылығын білдіреді. өлшемдегі технологиялық, нәтижені бақылау мен белгілеудегі, түсіну мен баяндаудағы тұтастық бұл критерийді, жаңа әдістің маңыздылығын, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдерін бағалаудың басты құралына айналдырады.

Инновациялық бұқаралық тәжірибеде шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі педагогикалық инновацияны бағалаудың критерийі ретінде қарастырылады. Шындығында, құнды педагогикалық идея немесе технология шартты ерекшеліктерімен, күрделі техникалық жарақтан-дырылуымен немесе мұғалім қызметінің ерекшеліктерімен тар шеңберге тығылып, қолдану мүмкіндігі шек-теулі болса, онда біз педагогикалық жаңашылдық туралы айта алмас едік.

Инновацияны бұқаралық педагогикалық тәжірибеде қолданудың бастапқы кезеңі жекелеген мұғалімдер мен тәрбиешілердің қызметіне негізделгенімен олар сыннан өтіп, объективті баға алған соң ғана жалпыға бірдей қолдануға енгізуге ұсынылуы мүмкін.

Жоғарыда аталған критерийлерді білу және педагогикалық инновацияны бағалауда қолдана алу педагогикалық шығармашылыққа негіз қалайды.

Арнайы әдебиеттерді және мектеп қызметінің тәжірибесін талдағанда оқу орнының жұмысында педагогикалық жаңалықты практикада қолдануға белсенділіктің төмен екендігін аңғарамыз. Ал осындай педагогикалық инновациялардың іске асырылмай қалуының ең кем дегенде екі себебін атауға болады. Бірінші себеп, инновацияның қажетті сараптама мен сыннан өте бермейтіндігі. Екінші себеп, педагогикалық жаңалықты көбіне ешқандай алдын ала ұйымдық, техникалық, ең бастысы тұлғалық, психологиялық қатынастар тұрғысында дайындықсыз енгізіледі.

Педагогикалық инновацияның мазмұны мен критерийлерін тап басып тану, оларды қолданудың әдіс-тәсілін меңгеру жеке мұғаліммен бірге оқу орнының жетекшісіне де оны енгізуді объективті бағалау мен болжам-дауға мүмкіндік береді. Мектептерде жоғарының нұсқауымен енгізілген инновациялық жаңалықтар қысқа мерзімде ұмытылып кетеді немесе бұйрықпен тоқтатылады.

Осы сияқты жағдайлардың негізгі себептерінің бірі – мектепте инновациялық ортаның белгілі бір ұйымдық, әдістемелік, психологиялық сипаттағы оқу процесінде инновацияны енгізуді қамтамасыз ететін кешенді шаралардың болмауы. Бұндай инновациялық ортаның болмауы мұғалімдердің әдістемелік тұрғыдан дайындықсыздығын, оларда педагогикалық жаңа енгізілімнің мәні туралы мағлұматтың аздығынан байқалады. Ал қолайлы инновациялық орта педагогикалық ұжымда мұғалімдердің жаңа енгізілімге "қарсылық" коэффициентін төмендетеді, кәсіптік қасаңдықты жоюға көмектеседі. Инновациялық орта мұғалімдердің педагогикалық инновацияға

қатынасынан нақты көрініс табады.

2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оларды аттестациялау

Мектептегі әдістемелік жұмыс педагогикалық мәдениетті көтерудің шарты.

Мұғалімнің кәсіптік дайындығы оның педагогикалық жоғары оқу орнын бітірумен аяқталмайды, ол мұғалімнің кәсіптік қызметінің бүкіл кезеңін қамтиды. Сонымен бірге мұғалімнің кәсіптік білімін үздіксіз көтеріп отыруы оның шығармашылық қабілетін дамытуды және дербес педагогикалық тәжірибесін үнемі дамытудың шарты болып табылады. Егер мұғалім қоғамдық ортада белсенді позиция ұстанып, оның дербес тәжірибесі әлеуметтік және педагогикалық тәжірибемен кірігіп, педагогикалық ұжымның қолдануға ие болып, кәсіптік шығармашылық ізденісі көтермеленіп отырса, мұғалімнің кәсіптік шеберлігі мен педагогикалық мәдениетінің артуы барынша жемісті болады.

Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру жоспарына сәйкес олар бес жылда бір рет мұғалімдер біліктілігін көтеру институттарында немесе педагогикалық жоғары оқу орындарының арнаулы факультеттерінде арнайы дайындықтан өтуі тиіс. Біліктілік көтеру немесе педагогикалық ЖОО базасында мұғалімдердің алған арнайы білімдерді практикалық тұрғыдан қорытылып, мектепте сыннан өткізуді қажет ететіндігі аңғарылады. Бұндай жағдайда мектепте арнайы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыстардың жүйесі мұғалім үшін баға жеткіліксіз көмек болады.

Әдістемелік жұмыстар дербес және жеке ерекшеліктер ескерілген жағдайда мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік дайындығын жетілдіруге деген сұранысына жауап бере алады. Ал, әдістемелік жұмысты жеке ерекшеліктерді ескеріп жүргізу, бірқатар субъективті, объективті алғышарттарға байланысты. Ең бастысы мұғалімнің ғылыми-әдістемелік дайындығын жетілдірудегі өмірлік және кәсіптік бағдары, кәсіптік деңгейі мен тәжірибесі ескерілуі тиіс. Мектептің әдістемелік қызметінің озық тәжірибелері мен дәстүрлерін сақтау және дамытудың да маңызы зор. Осы жұмыстардың бәрі де мектеп директорының оқу-тәрбие ісі бойынша орынбасарының құзырында болады.

Мектептегі әдістемелік жұмысты басқару оның міндеттері, мазмұны және ұйымдық негіздің директоры, оның орынбасары ғана емес, мұғалімдер де анық та нақты ұғына алғанда барынша тиімді болады. Ал мектептегі әдістемелік жұмыстардың жалпы міндеттерін былайша тұжырымдауға болады: мектептік педұжымының педагогикалық тәжірибесін жүйелі түрде зерттеу, жинақтау және тарату, педагогика ғылымының жетістіктерін жұмысқа қолдану қызметінде инновациялық бағыттылықты қалыптастыру; мұғалімдердің теориялық (пәндік) және психологиялық-педагогикалық дайындық деңгейін көтеру; жаңа оқу бағдарламаларын, жоспарларын, мемлекеттік білім стандарттарын оқып, үйренуді ұйымдастыру; оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологиясы, түрлері мен әдістерін байыту; жаңа нормативтік құжаттар, нұсқау-әдістемелік материалдармен танысуды ұйымдас-тыру; ғылыми-әдістемелік көмекті дербес және жеке ерекшеліктерді ескеріп ұйымдастыру - жас мұғалімдерге, пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілері мен тәрбиешілерге; педагогикалық жұмыста белгілі бір қиындыққа кезіккен мұғалімдерге; педагогикалық білімі жоқ мұғалімдерге және т.б; мұғалімдердің өздігінен педагогикалық білім көтеруіне кеңес беру; жалпы кәсіптік-педагогикалық мәдениет деңгейін көтеру.

Мұғалімнің әдістемелік жұмыстарының мазмұнын кәсіптік-педагогикалық мәдениетінің құрамды бөліктерін ескере отырып айқындаған дұрыс деп білеміз. Олар - мұғалімнің жалпы мәдени дайындығы; әдістемелік, тәрбиешілік, зерттеушілік, кәсіптік-адамгершілік, басқара білу мәдениеті. Әдістемелік жұмыстың мазмұны кәсіптік-педагогикалық мәдениеттің әрбір бағыты бойынша нақтыланып, бірнеше ұзақ мерзімдік зерттеудің нысанына айналуы мүмкін.

Мұғалімнің әдістемелік, инновациялық жұмысқа қатысуы соңғы нәтижеде оның жеке педагогикалық жүйесінің, дербес педагогикалық жұмыс стилінің қалыптасуына ұласады.

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мектептің типі, оның орналасқан жері және т.б. жағдайларға байланысты түбірінен ерекшеленуі мүмкін. Бұндай жағдайда 50-ден 100-ге дейін оқушысы, 10-12 мұғалімі бар шағын комплектілі орта мектептерде едәуір қиындық кездеседі. Ауыл мектептерінің тәжірибесі осындай бірнеше мектепті ірі ауыл мектебінің базасында құрылған әдістемелік бірлестікке топтастырудың тиімділігін көрсетіп отыр.

Мектепте әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі түрлері

Мектепте әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың түрлері өзгермелі болып келеді. Олар мынадай негізгі факторларға байланысты өзгеріп, жаңарып отырады.

Білім беру төңірегіндегі мемлекеттік саясат, заң актілері, құжаттар;

Мұғалімдердің педагогикалық мәдениетінің деңгейі, олардың жеке кәсіптік өлшемдері болжамдау процесінде анықталған әдістемелік сауаттылығы.

Мектеп ұжымының моральдық-психологиялық ауа-райы, әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудағы материалдық-техникалық мүмкіндігі.

Мектептегі педагогикалық тәжірибені оқып үйрену, мұғалімдердің инновациялық белсенділігі, мектеп басшыларының әдістемелік жұмысты кәсіптік деңгейде іске асыруға дайындығы; мұғалімдердің арасындағы, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы нақты жағдай.

Көптеген мектептерде әдістемелік жұмыстарды үйлестіретін әдістемелік кеңестер жұмыс істейді. Мектептің педагогикалық кеңесіне қарағанда әдістемелік кеңестің бір ғана функциясы бар, ол - әрбір мұғалімнің педагогикалық қызметінің ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеру. Оның жұмысының тиімділігі ең кемі екі жағдайға тәуелді: кеңеске кімнің жетекшілік жасауы және мүшелерінің құрамының қандай екендігі. Әдістемелік кеңеске білім берудің әртүрлі оқу пәндерінен сабақ беретін барынша тәжірибелі мұғалімдер енеді. Олар әртүрлі әдістемелік құрылымдардың жетекшілері болуы мүмкін. Көбіне әдістемелік кеңеске оқу ісінің меңгеру-шісі басшылық жасайды.

Мектеп әдістемелік кеңесі мұғалімдердің кәсіптік біліктілігін арттырудың тактикасын айқындайды. Кеңес бірлестікте, комиссияларда қаралатын мәселелерді жоспарландырады. Мектептің әдістемелік жұмыстарының жалпы бағдарламасын, семинар, практикалық материалдардың жоспарын жасайды.

Осылайша, әдістемелік кеңес мектептегі әрбір мұғалімнің кәсіптік-педагогикалық мәдениетін көтеру жұмысын басқаруда сайланбалы және ақылы өкілдікті танытады.

Мектептің әдістемелік жұмыстарының өзін ақтаған мынадай түрлерін атауға болады;

Пәндік әдістемелік бірлестіктер, мектептегі бірыңғай әдістемелік күн, проблемалық семинарлар мен практикумдар, жас мұғалім мектебі, озат тәжірибе мектебі, мұғалім-дермен дербес жұмыс жүргізу, ашық және үлгілі сабақтар өткізу, ғылыми-педагогикалық конференциялар, педагогикалық оқу, рөлдік, іскерлік және ұйымдық-қайраткер-лік ойындар, педагогикалық жағдайды талдау және модельдеу, мұғалімдердің шығармашылық есебі, педагогикалық консилиум және т.б.

Осылардың арасында мұғалімдердің пәндік әдісте-мелік бірлестіктері барынша кең тараған. Ол пәндес мұғалімдермен бастауыш сынып мұғалімдерін біріктіреді де, ең кемі 4-5 пән мұғалімін топтастырады.

Пән бірлестіктерінің әдістемелік жұмысының маз-мұны көп қырлы болып келеді. Онда оқу-тәрбие жұмыстарының және оқушылар білімінің деңгейін көтеру, тәжірибе алмасуды ұйымдастыру, озық педагогикалық тәжірибені және педагогика ғылымының жетістіктерін енгізу мәселелері қаралып, жаңа оқулықтар мен оқу бағдарламаларының күрделі тараулары талқыланады. Сонымен бірге тәжірибелік оқу бағдарламалары мен оқу құралдарының нұсқалары, олардың нәтижелері деп талқыланады. Бірлестік мүшелері білім беретін және қадағалайтын компьютерлік бағдарламаларды талдап жасайды және сынақтан өткізеді. Оның тиімділігі мен нәтижесіне баға береді. Бірлестік жұмысының мазмұны оқушылар білімін тексеретін тақырыптық, шығарма-шылық бақылау жұмыстарын қарастыруды да қамтиды.

Әдістемелік бірлестіктің жұмысы сол пәннің мұғалімдерінің педагогикалық қызметін, оқушылардың білім сапасын арнайы жоспармен іске асырылады. Жоспарда жаңа оқу жылының мақсаттары мен міндеттері айқындалып, негізгі ұйымдық-педагогикалық шаралар (кабинеттерді безендіру, дидактикалық материалдарды сыннан өткізу, бақылау жұмыстарының мәтінін бекіту және т.б.) қамтылады, ғылыми-әдістемелік баяндамалар-дың тақырыптары, пән бойынша ашық және үлгілі сабақ-тар белгіленіп, оқушылардың білім, іскерлік және дағды-ларының сапасын тексерудің мерзімі мен түрі айқындалады.

Әдістемелік жұмыстардың тиімді түрлерінің бірі бірыңғай әдістемелік күн (мектептің барлық педагог қызметкерлері үшін оқу тоқсанына бір рет) екі тоқсан аралығында атқарылған әдістемелік жұмыстарды қорытындылауға арналады. Бірыңғай әдістемелік күннің тақырыбы мұғалімдерге алдын ала хабарланады. Бірыңғай әдістемелік күннің қарсаңында арнайы тақырыпқа педагогикалық бюллетень шығарылып, әдістемелік талдамалардың, мұғалімдермен оқушылар шығармашы-лығын, психологиялық-педагогикалық әдебиеттердің көрмесі ұйымдастырылады.

Бірыңғай әдістемелік күні атқарылар жұмыстың мазмұны мыналарды қамтиды: ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар өткізу, оларға талдау жасап, кеңінен талқылау, жаңа әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау, өткізілген шараға баға беріп, талдау жасайтындай бірыңғай әдістемелік күннің қорытындысы мен "дөңгелек үстел", мәжіліс немесе баспасөз конференциясын өткізу.

Мұғалімнің теориялық және практикалық дайын-дығының біртұтастығы проблемалық семинарлар мен практикумдар барысында көрінеді. Олар мұғалімнің өз білімін көтеру әрекетін

ынталандырып, оны педагогика-лық инновацияға ұмтылдырады. Проблемалық семинар жұмыстарының мазмұны қазіргі заманғы педагогикалық теорияны қамтиды.

Соңғы жылдары әдістемелік жұмыстар жүйесінде практикалық сабақтардың белсенді түрлері кеңінен қолданылуда. Олар: іскерлік, рөлдік ойындар, ойын-практикумдар, ұйымдық-әрекеттік ойындар, түрлі тренингтер. Бұл жұмыс түрлерінің даусыз жетістігі – орындалған әрекеттің көп нұсқалылығы, нақты практикаға барынша жақындығы ұжым болып талқылауға қолайлылығы және т.б. Әйтседе практикумдарды ұйымдастырушылар мұғалімдердің бұндай шараларға қатысуға ықылассыздығы, оларды жүргізуге әдістемелік дайындықтың аздығы сияқты кедергілерге тап болуда. Бұның бәріде проблемалық семинарлар мен практикумдарды ұйымдастыруға білікті басшылықтың керектігін танытады.

Озат тәжірбие мектебі негізінен дербес және ұжым-дық тәлімгерліктің мақсаты мен міндетін іске асыратын әдістемелік жұмыс түрі. Қазақстан мектептерінде тәлімгерлік дәстүрдің бай тарихы бар болғанымен бір мектеп қабырғасында ұйымдастырылған озат тәжірбие мақсатты, толыққанды сипат алады. Бұл мектептің негізгі міндеті - тәжірибелі мұғалімнің, басшының тәжірибесі өз әріптесіне әдістемелік көмек көрсету. Бұндай мектепті қалыптастыру көбіне ерікті негізде басталады.

Озат тәжірбие мектебі жұмысын бағалау екі жақты тиімділікті ескеру тиіс. Мектеп басшысы мұғалімдердің сабақтарына қатысып, оларға сабақ технологиясы мен әдістемесі, жоспарластыру мәселелерімен ақыл-кеңес беріп, білім берудің теориялық мәселелерін талқылаумен бірге мектептің педагогикалық жүйесін жетілдіреді, өзінің кәсіптік позициясының дұрыстығына көз жеткізеді. Озат тәжірбие мектебінің екінші тиімділігі – мұғалім әріптес-тердің жаңашыл, шебер мұғалімнің шығармашылық лабораториясымен тікелей танысуға мүмкіндігінің болуы деп білеміз.

Озат тәжірбие мектебінің құрылымында оның бір көрінісі немесе дербес буыны ретінде жас мұғалім мектебінің жұмысын ұйымдастыруға болады. Оның мәні - жұмысты жаңа бастаған жас мұғалімдер тәжірибелі мұғалімнің немесе мектеп басшысының жетекшілігімен бірлестікте бірігеді. Оның жұмысы сабақтың және сыныптан тыс шараның мақсатын белгілеудің техникасы мен әдістемесі, сынып жетекшісі жұмысын жоспарлас-тырудың ерекшеліктері, сынып ұжымының тәрбиелік деңгейін анықтау сияқты арнайы жоспармен жүргізілді. Жас мұғалім мектебіндегі оқуларда сабақтың технология-лық картасын жасау, оқу процесінде компьютер құрал-дарын қолдану сияқты практикалық шаралар қарас-тырылады. Тәжірибелі педагогтің жетекшілігімен бір-бірімен араласқан жас мұғалімдер кәсіптік дамуын жолға қойып, өзінің шығармашылық қасиетін іске асыруға ұмтылады.

Көптеген мұғалімдердің тәжірибесі көрсетіп отырған-дай, педагогикалық шығармашылық пен белсенді әрекеттің күрт бәсеңдеуі болашақ мұғалімдердің жоғары оқу орнында алған теориялық білімдерден соң мектептегі алғашқы жылдары бірден таза практикалық қызметпен айналысуынан туындайды. Сондықтан бұл кезеңде арнайы теориялық дайындықты үзбей оны практикада қолдану арқылы тереңдетудің маңызы зор. Жас мұғалім мектебі міне осы маңызды міндетті шеше алады.

Мектептерге эксперименттік жұмыстар ұйымдас-тыруға кең мүмкіндік беріп отырған кезеңде проблемалық (инновациялық) топтың әрекеті қызу қолдау табуда. Мұғалімдердің мұндай тобы мектеп басшыларының, ғалым-педагогтардың, мұғалімдермен өзінің бастамасы-мен құрылуы мүмкін. Бұл топ озат тәжірибені өз мектебінде және одан тысқары жерлерге де жинақтап, таратуға күш салады.

Егер проблемалық топ өз концепциясын немесе әдістемелік жаңалығының талдамасын жасап, практикаға енгізумен айналысатын болса, онда ол топ ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі белгілері бар эксперимент-тік-тәжірбиелік әрекет жүргізеді. Ал ондай жұмыстар зерттеу тақырыбы мен мәселелерін негіздеу, күткен нәтижелерге болжам жасау, зерттеу әдістерін таңдау сияқты маңызды міндеттерді қамтиды. Бұл жұмыстар педагогикалық ЖОО, ФЗИ және МБА педагог оқытушыларының ғылыми жетекшілігімен іске асады. Проблемалық топтың қызметіне басшылық тарапынан ықылас қойылып, мүдделік танытылса, ол мектептің педагогикалық ұжымында жақсы инновациялық атмосфера қалыптастыра алады.

Мектептегі әдістемелік жұмыстардың ұжымдық түрлерінің бірі педагогикалық ұжымның таңдаған ғылыми-әдістемелік тақырып бойынша қызметі. Бұл жұмыс түрінің тарихы терең болғанымен оның жұмысын-да көптеген шарттылықтар сақталып қалған. Оның негізгі себептерінің бірі – тақырыпты кездейсоқ таңдаудан туындайды. Бұндай жағдайда зерттеу тақырыбы нақты ұжымның нақты мәселелерін шешуге арналмаса, онда ол зерттеу тақырыбының өмірі қысқа және соңы сәтсіз аяқталады. Бұндай жағдайда мектеп басшылары алынатын нәтижені, оған жеткізетін мақсаттарды, әдіс-тәсілдерді анықтап, ұжымды соңынан ерте білуі, олардың сол тақырып пен жұмыс істеуге деген құлшынысын оятып, шығармашылық қасиетін жұмылдыра білуі тиіс. Бұл істе қажеттілігіне қарай ғылыми-педагогикалық күштерді бірлесіп жұмыс жасауға (кеңес,

жетекшілік, ынтымақ-тастық) тартудың маңызы зор.

Ғылыми-әдістемелік тақырыппен жұмыс істеудің тиімділігінің төмен болуының бір себебі - педұжымның өз мектебіндегі мәселелерді айқындап, мақсатын белгілей алмауы, бірлесе жұмыс істеуді жолға қоя алмауы. Келесі бір себеп, педагогтың зерттеу тақырыбы бойынша озат тәжірибемен теориялық негіздерді, оның үйренуге деген ынтасының болмауы. Осыдан келіп жұмысқа деген ынта жойылады, уақыт, күш босқа жұмсалады.

Ұжымдық зерттеу тақырыбы бес жылға жоспарлануы мүмкін. Бұндай жағдайда әр жылдың мақсаты, міндеті айқындалып, әр әдістемелік буынның (пәндік-әдістемелік бірлестік, пәндік комиссия, проблемалық топ) жұмыс көлемімен мазмұны белгіленеді, оны іске асырудың, есеп берудің мерзімдері жоспарластырады, әрбір аралық кезең ғылыми практикалық конференция, педагогикалық оқу, жалпы мектептік семинар, педагогикалық немесе әдіс-тәсілдік кеңес түрінде жалпы мектептік есеппен қорытындыланады.

Ғылыми-педагогикалық конференциялар, педагогикалық оқулар, шығармашылық есептер жекелеген мұғалімдердің, әдістемелік бірлестіктердің әдістемелік жұмыстарының қорытынды түрі болып табылады. Автор-лар хабарлама, баяндамаларында әріптестерін зерттеу жұмыстарының нәтижесімен таныстырады. Ал қатысушы мұғалімдер, оны өз жұмыстарының нәтижелерімен салыстырып, ұсынылатын әдістәсілдердің тиімділігіне көз жеткізе алады. Мектеп директорының ғылыми істер бойынша орынбасары қызметі енгізілген мектептерде бұл жұмыс барынша қомақты, нәтижелі болып жүргізіледі. Ғылыми-практикалық конференциялар, педоқулардың қорытындысы салтанатты сипат алып, өзге ұжымдардан шақырылып, зерттеу және әдістемелік жұмыстарының нәтижелері бойынша мұғалімдер марапатталады.

Әдістемелік жұмыстардың түрлерін ұйымдастырудың негізгі сипатына тоқтала отырып, әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың түрлерін ескі не жаңа, күні өткен не қазіргі заманғы деп бөлуге болмайтынын атап айтуға тура келеді. өйкені, оның тиімділігі дербес, топтық және ұйымдық қажеттіліктер мен олардың мүмкіндіктеріне тікелей байланысты.

Мұғалімнің өзінің педагогикалық білімін көтеруі

Мұғалім әдістемелік жұмыстың қандай түрін таңдаса да соңғы нәтижеде оның тиімділігі мұғалімнің өз бетінше өз білімін көтеруге байланысты болмақ. Сондықтан да үздіксіз білім беру процесін жоғары оқу орны – мұғалімдер білімін жетілдіру институты – семинар, курс, практикум және т.б. оқу түрлерімен шектеуге болмайды, оған осы оқу түрлерінің арасындағы тынымсыз ой еңбегін де жеткізу керек. Ересек адамның өз білімін көтеруі барынша даралығымен ерекшеленеді, содан да мұғалімнің өз білімін көтеру жұмысына тәжірибелі әріптесі, беделді мектеп басшысы тарапынан тиянақты көмек қажет.

Мұғалімнің өзінің педагогикалық білімін көтеру оның өз бетінше педагогикалық құндылықтар, технология, шығармашылық тәжірибелерді игеруі қарастырылады. Оның мазмұны психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдердің, педагогикалық жұмысты ғылыми ұйымдастырудың негіздерін, жалпы педагогикалық мәдениетті қамтиды.

Мұғалімге өз білімін көтеру жұмыстарын ұйымдастыруға көмек көрсетілгенде ғана оның кәсіптік қызметіндегі қажеттілігі, жеке қызығушылығы ескерілуі тиіс. Мектепте арнайы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс мұғалімдердің жеке қажеттілігін ескеріп жоспарластырылғанда мұғалім ұжымдық оқу түріне тартыла отырып, өзін қызықтырған сұрақтарға жауап таба алады.

Мектеп директоры және оқу ісінің меңгерушісі әдістемелік жұмысты ұйымдастырғанда өз мектебі педагогтарының алдындағы қиындықтарға баса көңіл бөледі. Әркімге қатысты мәселелерді бірлесе талқылау мұғалімнің өз білімін көтеру әрекетіне ықпал жасайды. Сондықтан да директордың, оқу ісінің меңгерушісінің өз білімін көтеруді ынталандыруы және оған басшылық жасауы негізінен жанама сипат алады.

өздігінен білім көтеру ауқымды мәселелерді қамтиды. Әйтсе де педагогикалық өз білімін көтеру мұғалімнің педагогикалық оқу орнында оқымаған, бірақ қазіргі уақытта мектеп үшін өзекті мәселелерге бағытталуы тиіс. Осындай мәселелердің қатарында педагогикалық қатынас, оқуды дербестендіру және жіктеу, дамыта оқыту, лицей, гимназия, колледж сияқты жаңа типті оқу орнында оқыту ерекшеліктерін атауға болады. Мәселелер топтамасының арасында оқушылардың ғылыми көзқарасын, оның рухани мәдениетін, азаматтық тәрбиесін қалыптастыруды атауға болады.

Әрбір мұғалімнің өздігінен білімін көтеруі ой еңбегінің техникасын білу, ақыл-ой әрекетінің дербес ерекшеліктерін ескеру негізінде құрылады. Мұғалімнің өздігінен білімін көтеруі оның бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, дербес жұмыс жоспар түзіп, оны іске асыра алуына тікелей байланысты.

Педагог қызметкерлерді аттестациялау

Мектептің педагог қызметкерлерін аттестациялау бұрынғы Кеңес Одағында 1972 жылы енгізілді. Алғашқы аттестациядан кейінгі кезеңде аттестациялау туралы құжаттар білім беру жүйесіндегі өзгерістерге сай бірнеше рет өзгертіліп, толықтырылды.

Аттестацияның негізгі мақсаты педагог қызметкерлердің кәсіптік біліктілігін көтеру, шығармашылық белсенділігін дамыту, әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету. Ынталандырудың негізгі құралы ретінде мұғалім еңбегіне ақы төлеуді жіктеу болмақ. Ал аттестация өткізудің негізгі принциптері еріктілік, алқалық оның объективті, әділ өтуін қамтамасыз етеді. Бұл принциптер аттестациялық комиссия жасақтауда қатаң сақталады.

Қазіргі ереже бойынша үш түрлі комиссия құрылады. Бас аттестациялық комиссия республикалық, облыстық деңгейде, ал аудандық, қалалық комиссия тиісті білім мекемелерінің деңгейінде құрылады. Ал, білім беру мекемесінің аттестациялық комиссиясын құру пед-кеңестің құзырында болады.

Әр комиссия өз компетенциясына сәйкес мәселе-лерді қарастырады. Ал аттестациялау комиссияның негізгі шешімі – біліктілік санат беру. Қазір үш біліктілік санат берілген, жоғарғы санатты республикалық, облыстық, бірінші санатты аудандық, қалалық, екінші санатты- мектеп аттестациялау комиссиясы береді.

Мұғалімнің немесе мектеп басшысының қызметі екі кешенді көрсеткіштермен бағаланады. Біріншісі - қызмет қорытындысын жинақтау, екіншісі – практикалық қызметті эксперттік бағалау. Бірінші көрсеткіш бойынша мұғалім шығармашылық есеп, ғылыми-әдістемелік немесе – тәжірибиелік-эксперименттік жұмыстарды ұсына алады. Екінші көрсеткіш бойынша ол бірнеше нұсқада психолог-педагогикалық экспертизадан (сараптаудан) өтуі тиіс. Кейбір мектептерде, аудандық, облыстық технология, тестілеу, эксперттік бағалау тәсілдері қолданылады. Деген-мен педагогикалық қызметті болжамдау және жинақтауды аттестациялау комиссия нақтылап, түзету енгізіп отырады.

Мұғалімдерді аттестациялау педагогтың біліктілік санат сұраған арызы арқылы бес жылда бір рет өткізіледі. Кейде аттестация мұғалімнің педагогикалық біліктілігін айқындау үшін педкеңестің шешімімен, басқару әкім-шілігінің бастамасымен де жүргізілуі мүмкін.

Шағын комплектілі мектептерде аттестация өткізуді ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Ондай мектеп мұғалімнің аттестациялауды аудандық білімінің немесе ірі мектеп базасында құрылған комиссия атқарады.

Тәжірибесі көрсетіп отырғандай аттестациялаудың табысты болуы оны ұйымдастыруға, қорғау мен бағалау-дың дұрыс жолға қойылуына, ұжымда іскер тілеулестік көңіл-күйдің қалыптасуына тәуелді. Жалпы айтқанда, мұғалімдерді аттестациялау мектептің ғылыми-әдістемелік жұмыстарының стратегиясы мен тактикасын анық-таудың негізі болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Білім берудегі "инновациялық процестер" терминінің мәні не?
2. Инновациялық орта қалыптасуда педагогикалық ұжымға түсер пайда қандай болмақ?
3. Білім беру процесіне енетін педагогикалық инновация-лар көрсеткіштерінің сипаттарын атаңыз.
4. Мұғалімнің инновациялық қызметтерін дамытушы диагностикалық әдістердің мән-мағынасы қандай?
5. Мектептегі ұйымдастыру-әдістеме жұмыстарының біріне қатысып, оны талдауға салыңыз.
6. Педагогикалық қызметкерлерді аттестациялаудың негізгі мақсаты не?
7. Аттестация нәтижелері бойынша мұғалім қызметін қолдап, қуаттаудың қандай формалары қабылданған?

ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ

Қандай да болмасын ғылым салаларының пайда болуы және дамуы қоғамның өмірлік қажеттілігінен туады. Мысалы, химия, физика, биология - өзімізді қоршаған табиғатты тану ғылымдары ретінде, философия, экономика негіздері - қоғамдық құбылыстарды, психология - жеке тұлғаның санасы мен мінез-құлық ерекшеліктерін тану қажеттілігінен пайда болды.

Педагогика ғылыми пән ретінде қоғамдық құрылыс пен өндірісті сақтап дамытуға, өсіп келе жатқан ұрпақты мақсатты түрде неғұрлым нәтижелі даярлауға деген қоғамның қажетінен туған. Философиялық ой-пікірлерден бастау алған педагогика тәрбиеге байланысты бірте-бірте жинақталған теориялар мен қағидалар және фактілерді ой елегінен өткізіп, тәрбиенің мәнін даму заңдылықтарын түсіндірудің басты құралы, әртүрлі педагогикалық құбылыстарды жан-жақты зерттеудің ғылыми және әдістемелік негізіне айналды.

Педагогикалық ойлардың дамып жетілуі ертедегі шығыс елдерінің (Египет, Вавилон, Үнді, Қытай) философиялық жүйесінде қалыптасып, ежелгі грек философиясының өкілдерінің еңбектерінде саясат, тәрбие, мемлекет, жеке адам туралы құнды пікірлерімен жалғасын тапты.

Мұндай тәрбиелік тағылымдар мен педагогикалық ойлар және оқу үрдісінің үлгілі тұжырымдары бұл кітапта күні бүгінге дейінгі әлеуметтік-қоғамдық дәуірде ұш-тасып, өзінің тарихи шешімін тауып отыр.

5.1 Көне грек ойшылдарының ғылыми және ағартушылық ой-пікірлері

Демокрит б.з.б. 270 жылдар шамасында өмір сүрген. Ежелгі грек философ материалисі. Демокрит ғылым іздеу мақсатымен Египет, Вавилон, Иран, Арабия, Үндістан және Эфиопия елдерін аралайды. Ол философия мәселе-лерімен қатар физика, математика, физиология, медицина, музыка теориясы, поэзия т. б. шұғылданады. Диоген Лаэртскийдің айтуынша, Демокрит 70-тен астам шығарма жазған, 300 - ге жуық фрагменті осы заманға дейін сақталған. Ол әлемдегі барлық заттар атомдар мен бос кеңістіктен құралған дейді.

Қозғалыс дүниенің, табиғаттың өзіндік қасиеті, одан басқа сырттан, әсер етуші ешбір күш жоқ дейді. Дүниедегі құбылыстардың бәрі себепті табиғи қажеттіліктен туады. Дүние танымының қайнар көзі - сезім, түйсік деп есептелгенімен, ақыл-ойды сезімнен жоғары қояды. Адамгершіліктің өзі осылардан туындайды - дейді. Жеке адамның дамуы "ақылдан" басталады деген тұжырым жасайды. Әрбір адамның дара дамуы ақылдың нәтижесі деген, оның ілімінің тағы бір ерекшелігі, сезім мүшелері қабылдаған түйсіктер күңгірт, көмескі білім берсе, ақыл-ой осы сезім мүшелері қабылдаған түйсіктерді сараптау арқылы заттар мен құбылыстардың ішкі сырын, мән-жайын, себебін ашып ақиқатқа жеткізеді дейді. Этиканы өз алдына ғылым саласы деп тұңғыш таныған Демокрит болды. Адам не нәрсеге нысап тұтып, көңіл-күйі орнықты болса, бақытты болады деп түсіндіреді. Демокрит әлеуметтік қайшылық адамдардың дәрежі мінезінен туады деп біледі. Сөйтіп, ол бұл пікірі арқылы мінез - құлықты-лықтың педагогика-психологиялық негізін салды. Демокриттің атомистік ілімінің философия ғылымының дамуы тарихында маңызы зор болды.

Сократ б. з. б. 469-399 ж. шамасында өмір сүрген. Ежелгі грек философы. Афинада туған, мүсіншінің баласы. Жастарды софистерге қарсы күресте тәрбиелеуді мақсат етіп, қаланың көшелерімен алаңдарында айтыстар ұйымдастырып, өз ілімін уағыздады. Ол еңгімелесу, пікір алысу арқылы ақиқатқа жетудің жолын ашып, диалектиканың негізін салушы ғұламалардың бірі болды. Сократ ұғымды философияның зерттеу пәні ету арқылы ежелгі грек философиясының дамуына зор ықпал етті. Аристотельдің айтуынша, Сократ болмыстағы нақтылы уақиғалар шындығына индуктивтік әдіс арқылы жалпы ұғымдарға көшу және әр заттың мәнін білдіретін, сол ұғымдарға анықтама беру жөніндегі ілімінде объективтік идеализм бағытын ұстады деп көрсетті.

Сократ этикада рахымшылдық, мейрімділік, білімде, даналықты, жақсылықты терең түсінгенде ғана мейрімді бола алады, ол ақиқат - шындық, таза болмыс адам ақылының алғышарты деп, өз кезеңі үшін ақылды дамытуды уағыздады. Саясатта Сократ әділетсіздікке негізделген барлық басқару формаларын - монархияны, тирантияны, аристократияны, плутократияны - түгелдей қатаң сынға алды. Алайда, ол әділеттілікке негізделген мемлекетті қажет деп тапты. Сократ философия тарихында ақиқатты талмай іздеген терең, дара ойшыл ретінде орын алып, сақталады.

Платон б. з.б. 427-347 жылдар шамасында өмір сүрген. Ежелгі грек философы, Сократтың шәкірті. Платон Африкадағы жоғарғы дәрежедегі ақсүйек тұқым-нан шыққан отбасында дүниеге келді. Платон Афинада өз мектебі Платон академиясының негізін қалайды. 367 және 361 жылдары Сицилияға барып, өмірінің соңғы жылдарын Афинада өткізіп, көптеген еңбектер жазып,

лекция оқиды. Платон жөнінде өз шәкірттерімен бірге, Аристотельдің шәкірті Аристоксен көп жазған. Тек, Диоген Лаэртский жазған Платонның өмірбаяны сақталған. Оның көп шығармалары сақталмаған. Көптеген мағлұматтар Платонның хаттары, Апулейдің "Платон және оның ілімі жөніндегі" трактатарында Порифирий-ден үзінділер, Цицеран еңбектері мен Византия сөздігіндегі Платон мақаласында сақталған.

Платон тәрбиенің бүкіл халықтығын жақтады. Тәрбие мемлекет тарапынан берілсін деп есептеді. Сондай-ақ, мемлекетке дейінгі тәрбиенің қоғам тарапынан болуын уағыздады. Ол Афина мен Спарта тәрбиесін біріктіре сыбайлас жүргізуді ұйғарды. Платон мектепке дейінгі ойынның рөлін жоғары бағалай отырып, әңгіменің балаларға ұғымды да, түсінікті болуын жақтады. 4-7 жастағы балаларға ойын мен әңгімені ұштастыра жүргізуді ұсынды. Ол мемлекет тарапынан берілетін тәрбиенің жүйесін ұсына отырып, қыз балалардың дене тәрбиесін жақсартуды талап етті.

Сондай-ақ, Платон академиясының маңызы ерекше, Платон академиясы әуелде мектеп өкілдерінің ішінен сайланған, схоларх басқаратын музаны қадір тұтатын философиялық қоғам ретінде қалыптасады. Платон академиясы негізінде сол дәуірдің өзінде 5 академия құрылады. 5-академия Платон философиясының стоицизм, пифагоризм және перипатеттер мектебінің идеяларымен ұштастырылады. Академияның оқу, тәрбие, білім алуды уағыздаған кездері де болған. Осы негіздегі Платон пікірлері, ойлары мен ғылыми жүйесі педагогика ғылымының дамуына себеп болды.

Аристотель - б. з. б. 384-322 жылдар шамасында өмір сүрген. Ежелгі грек философы және ғалымы. Көптеген ғылымдардың, соның ішінде логика ғылымының негізін қалаушы.

Аристотель өзіне дейінгі философия мен ғылым жетістіктерін қорытып жүйеге келтіріп, әртүрлі ғылым саласынан көптеген еңбектер жазып қалдырған. Аристо-тель еңбектері ұшан-теңіз. Кейбір деректерде төрт жүз, кейбіреуінде мыңға жеткен. Аристотельдің философиялық көзқарасы "Метафизика", "Жан туралы", категориялар және "Аналитика" деген шығармаларында жан-жақты баяндалған. Оның пікірінше этикалық идеялар тек қоғамда ғана іске асырылып отырады. Платонның адамды сезімнен тыс о дүниеге тәуелді деп санауына қарсы шықты. Адамға белсенділіктің тән екенін атап көрсетті. Аристо-тель өз ішінде адамгершілік пен этиканы адамдардың маңызды сипаттамасы деп таныды. Ол қоғамдық тәрбие мен отбасы тәрбиесінің өзара байланысты болуын жақтады. Адамның туғаннан мүмкіндігі болады, ол даму тәрбие арқылы жүзеге асады - деген тоқтам айтты. Мектепке дейінгі тәрбиеде де ол құнды маңызды пікірлер айтты.

Аристотель әдебиетті, грамматиканы, тарихты, философияны, математиканы, геометрияны, музыканы оқыту қажеттілігін тұңғыш дәлелдеп берген ғалым. Моральдық тәрбиенің тағылымын дәлелдеп берді. Әсіресе, ол дене тәрбиесіне маңыз бере отырып, сурет салу, жазу-сызу, музыканы балаға жасынан үйретудің рөлін ерекше

бағалаған еді. Ол баланың жас ерекшелігін тұңғыш айтқан ғұлама. Дене тәрбиесі баланың күшіне әсер етуін талап етті. Аристотельдің ағартушылық идеялары кейінгі педагогика ілімінің дамуына зор ықпал етті. Ол грамматикалық мектептерді дамытуды жақтады. Грек тілі мен риториканы, әдебиет пен тарихтан білім бере отырып, шешендікке үйретуді бірінші кезекке қойды.

"Саясаттануда" ол былай деп жазды: "Мейірбанды-лық пен зұлымдық, әділеттілік пен әділетсіздік т. б. отбасы мен мемлекеттің негізін қалайтын ұғымдарды сезім тұрғысынан қабылдау адамның ғана қолынан келеді деп көрсетті. Философ адамгершіліктің көзі енжарлық пен дәрменсіздікке емес, керісінше белсенділік пен жасампаз-дыққа деп дұрыс түсінгенін байқатады. Адамның әділетті, жігерлі болуы, оның ішінде игілікті ісімен тығыз байланысты. Аристотель ілімін дамытып, дүниеге танытқан ұлы шәкірттерінің бірі әл-Фараби болды.

Сондай-ақ Аристотель қоғам мен мемлекет туралы да алдыңғы қатарлы позиция ұстады. Мемлекет құрылысы халықтың талап-тілектерінен туындауы қажет - деді. Ол оқу, тәрбие, білім қоғамды дамытушы күш деген тұжырым айтты. Ақыл-ойдың, адамгершіліктің күшіне сенген Аристотель сезімнің танымдық сатылары (түйсік, қабылдау, бақылау) мен ойлау формаларында (ұғым, пікір, ой тиянағы, соны пікірлер) біртіндеп, сатылап дамитынын дәлелдеді. Оның философиялық ойлары әрқашан ағартушылық ойларымен ұштас келеді.

5.2 Шығыс ойшылдарының педагогикалық ой-пікірінің пайда болуы мен қалыптасуы

1. Әл-Фараби - дүние жүзі мәдениеті мен ғылымының негізін салушы (870-950)

Әбу Насыр Мухаммед ибн Уздағ Тархан әл-Фараби (870-950 ж.) ойшыл, философ, элеуметтанушы, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логик, музыка зерттеушісі. Қазіргі Шымкент облысының жеріндегі көне Фараби (бертін замандағы Отырар) қаласында туған. 20 жасына дейін сонда оқып тәрбиеленіп, кейін Самарқанд, Бухара, Хиуа және мұсылман шығысының көп жерлерін аралаған, ұзақ уақыт бойы араб халифатының саяси, мәдени орталығы - Бағдатта тұрған. Арабтың мәдениеті мен ғылымы дәуірлеген шақта сонда оқып, білім алып, ғылыми жұмыстармен айналысқан. өмірінің соңғы жылдарын Каирда, Алеппода, Дамаскіде (Шам шауарында) өткізген.

Фараби есімі дүние жүзі мәдениеті мен ғылымының тарихынан берік орын алады. Оны Шығыстың Аристотелі деп атаған. Артында қалған ғылыми мұрасы өте мол. Екі жүз қырыққа жуық трактат жазған. Олар ғылымның алуан түрлі саласын - философия мен логиканы, математика мен физиканы, астрономия мен ботаниканы, минералогия мен лингвистиканы, медицина мен музыканы қамтиды. Осынау ұланғайыр еңбектерінің ішінде философия мен элеуметтанудың, этика мен эстетиканың проблемалары үлкен орын алады.

Фараби шығыс перипатетизмнің аса көрнекті өкілі, араб тілінде әлемге тараған прогресшіл қоғамдық философияның негізін салушылардың бірі. Ол философияның, логиканың, элеуметтанудың, этика мен эстетиканың әр түрлі саласына сан қырлы үлес қосты.

Этика Фараби мұрасының ішінде үлкен орын алады. Этиканы ол ең алдымен жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі концепцияларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Жақсылық мазмұн-мағынаның бір бөлігі, сондықтан ол материяның өзінде бітіп қайнап жатыр. Ал жамандық жақсылық сияқты емес, ол болмыс жоқ жерден пайда болған дейді. Ұлы ғалымның осынау этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Бірақ жамандықты жақсылық жеңгенде ғана адам баласы ізгі мұратына жетеді деп қарайды (әл-Фараби, Әлеуметтік-этикалық трактаттар. -А., 1973, 132б). Фараби бұл салада жасаған қорытындының басты түйіні - білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде, Фарабидың гуманистік идеялары әлемге кең тараған. Ол ақыл ой мен білімнің биік мәнін, халықтар арасындағы туысқандық, достықтың принциптерін егіле жырлады, адамгершілік, мораль мәселесін діни тұрғыдан берілетін негіздеу екенін көрсетті.

Риторика, поэтика, өнер, музыка, т. б. жөніндегі еңбектерінде айтылған көркемдік-эстетикалық көзқарастары әлі күнге мәнін жоймаған. Ұлы ойшылдың көз тіккен эстетикалық проблемаларының ауқымы үлкен, шеңбері кең. Эстетика мәселесі жөнінде айтқан соны пікір, тың идея, батыл тұжырымдар оның көптеген шығармаларында кездеседі. Мысалы, "Риторика", "Поэзия өнерінің каноны туралы трактат", "Поэзия өнері туралы" т. б. еңбектерінде көрсетілген.

Музыка зерттеу саласында Фараби әр алуан шығар-маларымен қатар "Музыка туралы үлкен кітап" атты іргелі кесек еңбек қалдырды. Бұл жұмыс музыкалық дыбыстың сипаты мен құрылымынан бастап, музыканың поэзиямен байланысына дейінгі "Музыка ғылымының" мәселелеріне ғана арналмай, музыканың жағымды әсерін, жан-жақты дәлелдеді, сондай-ақ, оның тәрбиелік мәні зор екенін баса айтты. Адамның музыка шығару қабілеті, дарындылығы дәрежесінің әр түрлі сатысын көрсетті, адамның жан дүниесіне жақсы, жаман әсер ететін музыкалық жанрларға талдау жасайды.

Адамды жетіле түсуге, бақытқа, молшылыққа жетелеуді көздеген Фараби әділеттілікті халықтар достығын насихаттауда, мәдениетті, ғылымды жасауда барлық адам бірдей екенін уағыздаған гуманистік идеялары, оның өз заманындағы Шығыс елдерінің, әрі дүние жүзі халықтарының көкейтесті проблемаларымен үндесіп жатады. Сондықтан да оның энциклопедиялық мол мұрасы біздің қазіргі ХХІ ғасырдың басындағы әлеуметтік өмір мен мәдениеттің ішіне кірігіп, ұласып кетеді. Фарабидің: "Бақытқа жету жолында барлық халық бір-біріне көмектесетін болса, жер беті түгелімен берекеге толады", - деген сөзі тап бүгін де өте мәнді. (Әл-Фараби. Философиялық трактаттар, -А., 1972, 5-б).

Ол адамның іс-әрекетінде зерделіліктің (зиялылық-тың) рөлі аса зор деп бағалады. "Олардың ақыл-ойы халықтар арасындағы ұрыс-жанжалдардың (соғыстың) пайдасыздығын ұғуға жетеді". Сондықтан олар ең жоғарғы игілікке, берекеге жету жолында, (демек бақытқа жету жолында) бір-бірімен келісімге келуі керек". Гуманизмді халықтар достығын насихаттап, адамның өзін, оның ақыл-ойын, қабілет пен жігерін өте жоғары қояды, адамның шынайы бақытын тілейді, оларды тынымсыз іздену, оқу-үйрену арқылы өзін-өзі жетілдіруге шақырады. Тек адамның мінез-

құлқына байланысты ғана одан жаман немесе жақсы қылық шығады", - дейді (әл-Фараби, Әлеуметтік-этикалық трактаттар. -А., 1973, 10, 12, 114-б).

Жаратылыс тану ғылымдарының ішінде Фараби заманында медицина ғылымы жақсы дамыды. Антика заманы мен орта ғасырларда философия мен медицина жөніндегі білім бір-бірімен тығыз байланыста болатын. Көптеген философтар дәрігерлікті және философияны қатар зерттейтін. Фараби творчестволық мұрасында медицина саласынан да еңбектер бар.

Оның медициналық-философиялық идеялары тек соңғы кезде ғана ғалымдардың зерттеу объектісіне айналды. "Адам денесінің органдары жайында Аристотельмен келіспеуіне байланысты Галенге қарсылық" атты трактаттары орыс тіліне аударылып басылып шыққаннан бері зерттеле бастады. өзбек ССР-інің Шығыстану институтында сақтаулы жатқан қолжазбалардың ішінде Фарабидің "Жануарлардың органдары (денесі), олардың функциясы мен потенциясы" атты еңбегі бар екені айтылады.

Медицина саласындағы трактаттарды ғылымның жаратылыс тану, философиялық идеялары және грек заманындағы классикалық ғылымның жетістіктерімен тығыз байланысты екенін көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге оның ғылыми тұрғыдан дұрыс та деректі білімнің тазалығы үшін күрескендігін дәлелдейді, білімнің ұланасыр энцикло-педиялық сипатта екенін, әр ғылымның күрделі проблема-ларын аналитикалық жолмен шешетіндігін айқын аңғартады.

Ол жаратылыс тануды теориялық білім деп қарайды. Ал медицинаны практикалық өнердің әлде қандай бір түріне жатқызады. Оның айтуынша, жаратылыс тану әрбір табиғи заттың мазмұн-мағынасын түсіндіріп беруге қызмет етеді. Материяны, оның формасын әрекетінің себебін анықтайды, бұл қасиеттері оның болмысын, мақсатын көрсетеді, бұл зат сол үшін тіршілік етеді, сөйте отырып әрқайсысының жеке-дара белгілерін түсіндіреді.

Ол медицинаны практикалық өнер деп қарап, оның міндеті мен мақсатын, функциясын ерекше даралап айтады. Медицинаның әрекеті белгілі бір аурумен ауырған адамға емдік ету арқылы денсаулығын қалпына келтіруге бағыт алған. Сонымен дұрыс дерекке сүйенген медицина-ның міндеті адамның ауруының себебін ашып қана қою емес, оның денсаулығын сақтау, жеке органдарын аман ұстаудың және аурудың туу себептерін сипаттауға айырықша орын беріледі. Оның себеп-салдар байланысын сыртқы әсермен ұштастыру негізінде қарастырады. Ғалым денсаулықты сақтауда, ауруды жазуда айналаны қоршаған ортаның, дәрі-дәрмектің, тамақтың рөлі зор екенін көрсетеді. Сондай-ақ, дәрігердің білім, тәжірибесі, түрлі дәріні медициналық аспаптарды қолдана білуі де қажетті шарт екенін атайды. Оның пікірінше, адамның барлық органдары бір-бірімен өзара байланысып жататындығын білу дәрігерлік емдеудің ең маңызды принципі болуға тиіс.

Білімнің мазмұн-мағынасын анықтау және оған жіктеу жасау жөніндегі Фараби ілімі орта ғасырдағы ғылыми ой-пікірдің ең маңызды жетістіктерінің бірі болды. Сөйтіп, ол білім салаларының дамуында және оларды жүйелеуде елеулі рөл атқарады. Фарабидің ғылымдарды жүйелеу жөніндегі теориялық-тарихи мәні материалдық заттарды адамның санасынан тыс, өз бетімен дербес өмір сүретін және белгілі бір қасиетке ие болып тұрған құбылыс деп мойындауында, демек мұның бәрі материалистік көзқарасқа негізделген. Ғылымның объектісі және жіктеуі жөніндегі Фарабидің ілімі өзінің мәні жағынан Беконның ғылыми білімдерді жіктегенде субъективтік принципті негізге алған ілімнен анағұрлым жоғары тұр.

Ғылымды жіктеу жөніндегі Фарабидің еңбегі XI-XII ғасырларда көне грек, латын тілдеріне аударылды, сөйтіп Батыс Еуропа ғалымдары арасында жоғары бағаланды. Батыстың кейінгі зерттеушілері оның бұл трактатын орта ғасырдағы ғылымның энциклопедиясы деп атады. Фарабидің ғылымды жіктеу теориясын сан ғасыр бойы ғылымның дамуына игі әсерін тигізді, ғылыми мәнін сақтап келді.

Фарабидің логикалық-гносеологиялық, әлеуметтік-этикалық, эстетикалық-теориялық т. б. пікірлерімен жете танысу оның сан салалы мұраларын, оның ғылыми тұжырымдары өзінен кейінгі дәуірдегі Шығыс пен Еуропа халықтарының философиялық, эстетикалық, қоғамдық, этикалық ой-пікірін және өнердің дамуына ықпалын тигізді, Фараби өз алдына жеке-дара тұрған үздік ойшыл, ғалым болды.

Совет ғалымдары 20-жылдардан бастап-ақ Фарабидің өмірі мен творчесвосын зерттеуге кіріскен. Шығыстың ұлы ойшылының мұрасын зерттеу оның 1100 жылдық мүшелі тойына дайындық үстінде қыза түсті. Осыған орай 1966 жылы КазССР Ғылым академиясының философия мен құқық институтында оның мұраларын зерттеуге арнаулы топ құрылды. Бұл топ Фараби еңбектерін жинау, аудару, қазақ, орыс тілдерінде бастырып шығару жөнінде көптеген жұмыс істеді. Қазір оның 7 томдық еңбегі шықты. Осылайша Фарабидің көптеген трактаттарын жинау, ғылыми тұрғыдан жүйелеу, басып шығару ісі оның туған жері Қазақстанда жүзеге асырылды.

Фарабидің қолжазбаларын аудару, кітап етіп шығару үшін СССР мен өзбек ССР Ғылым академияларының Шығыс тану институттарында, Братислав музейінде (Чехословакия) сақталған және Каирда, Бейрутта, Хайдарабатта, Анкарада, Берлинде, Лондонда т. б. қалаларда басылып шыққан Фараби шығар-маларының араб тіліндегі түп нұсқасы пайдаланылды.

әл-Фараби тәрбиенің барлық мәселелерін логика-мен, тәрбие мұратымен, білім алумен, үйренумен үлгілі тәжірибемен, оқумен байланыстыра уағыздағанын білеміз. Ол өзі жазған "Ақыл мен түсінік" атты еңбегінде ақылды-лық пен адамгершілік үлгілі тәрбиеге байланысты, оның негізі таза еңбекте, еңбек өз кезегінде - тәрбиенің негізі-нен туындайды деген еді. Тәрбие қоғамдық өмірдің жалпы және қажетті категориясы екенін біз тәрбие тағылымы-нан жақсы білеміз. Демек, жас өспірімдер мен аға буын арасындағы мирасқорлық тәрбие арқылы жүзеге асады. Дәлірек айтсақ, тәрбие жеке адамның адамгершілік, ақыл ойының дамуында, еңбекке баулуда басты рөл атқарады. Барлық қоғамдық-экономикалық формацияларға тән құбылыс ретінде тәрбиенің жалпылық белгілері бар. Ол тәжірибенің ұрпақтан ұрпаққа берілуі, білім меңгеру, денсаулық сақтау, дүниеге көзқарасты қалыптастыру. Алайда, тәрбиенің мақсат, мазмұны, ұйымдастыру түрі, әдісі қоғамдық қатынастардың тарихи дамуына сәйкес өзгеріп отырады. Алғашқы қоғамда тәрбие аға буынның өмірге қажетті практикалық дағдыларын жас буынға үйретумен шектелді. Балалар барлығы бірдей тәрбие алды. Таптық қоғамының тууына байланысты тәрбие таптық сипат алды. Феодализм дәуірінде тәрбиенің сословиялық сипаты айқындала түсті. Әр сословие балаларының тәрбиесінің өз міндеті, мазмұны және түрі болды. Буржуазиялық қоғамда сословиялық мектептердің орнына таптық қайшылықты күшейтті. Қазіргі капиталистік елдерде де әртүрлі әлеуметтік топтар тәрбиесі арасында дифференциация бар.

Еңбек тәрбиесінің теориясын, тәрбиенің жалпы және қоғамдық категориясы ретінде Педагогика ғылымы жан-жақты зерттеп келді. Демек, еңбек тәрбиесі белгілі бір қоғамда жасөспірімдер мен жастардың еңбекке саналы да адамгершілікті арқау етіп, мирас тұтатын көзқарасты, жоғары саналылықты еңбек үстінде қалыптастыратын процесс.

әл-Фараби Аристотельдің ғылыми мұраларын жан-жақты зерттеп, өзінің ғылыми еңбектерінде адам ақыл-ойының дүние танудағы құдіреттілігін дәріптейді. "Қайырлы қала тұрғындарының көзқарасы", "Бақытқа жету" тағы басқа шығармаларында ғылымды меңгеруді бұл дүниедегі бақыт, кемел табудың қажетті шарты деп санайды. Ол өз заманындағы ғылымдардың барлық салаларынан әсіресе, математика, астрономия, физика, жаратылыс тану ғылымдарынан көп мұра қалдырды, трактаттарында, адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, тәрбиелерін адамды ақылдылыққа үйретіп, еңбекке үйретіп баулудың, күнделікті өмір сүрудің тыныс-тіршілік құралы - деп тұжырымдайды. "Бақытқа жету" атты еңбегінде, жас ұрпақ тәрбиесі, жеке бала тәрбиесі, тіпті кейде жеке адам тәрбиесі, жастар тәрбиесі, жас жұбайлар тәрбиесі жайлы жан-жақты ұлағатты ұғымдар, трактаттар, өсиеттер, үлгілі-өнегелі сөздер, пікірлер біздің заманымызға дейін сақталып, ол ұрпақтан ұрпаққа беріліп, халықтық педагогиканың қазынасына айналды. Онда тәрбиенің педагогикалық мақсат, міндеті, оның философиялық негізі баяндалып тұжырым-далады. Оның ойынша, бақытқа жету басы - таза еңбек, адал еңбек, (ой толғанысы) болып есептеледі.

әл - Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп тұжырым жасады. Ол өзінің "ғылымдар тізбегі" немесе "ғылымдарды жіктеу" деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен-үлкен бес салаға бөледі. Олар: 1 - Тіл білімі және оның тараулары. 2- Логика және оның тараулары. 3-Математика және оның тараулары. 4-Физика және оның тараулары. 5-Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы. әл-Фараби педагогика ғылымын - Азаматтық ғылымға жатқызған. Ол Азаматтық ғылымды - оның саласы педагогиканы оқу, білім алу тәрбиенің құралы деп есептеген. Еңбек ету, саналы болу, адамгершілік, ақылдылық - табиғаттан туындауы шарт деген ғылыми тұжырым жасады. Фараби адамның өзі табиғат, адам - жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғарғы сатысына көтерілген, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білген, түсінікті сөз сөйлей білетін саналы белгілі бір ортаның мүшесі. Сол кездегі түсінік бойынша, Фарабидің орта - деп отырғаны бүгінгі қоғам болса керек. Адам туралы материалистік бағытты ұстаған Фараби - адам еңбек ету нәтижесінде жоғары сатыға көтерілді деген тұжырымға келді.

Әл-Фараби тәрбие процесінде "қатты әдіс" пен "жұмсақ әдісті" ұштастыруды талап етеді. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды. Қазіргі тәрбие процесі тұрғысынан қарағанда, "қатты әдіс" - деп отырғаны жазалау да, "жұмсақ әдіс" - деп отырғаны мадақтау болса керек. Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін қолдану жолдарын дәлелдеп кеткен дана ғалым. "Ғылымдар тізбегі", "Ғылымдардың шығуы" атты еңбектерінде ол ғылымдарды үйрену, үйрету реттерін белгілейді. Евклид негіздеріне жазған түсініктемесінде оқытудың көрнекілік принциптерін жақтайды. әл-Фараби тек педагог ғана емес, асқан әдіскер ғалым болған. "Музыканың ұлы кітабы", "Алмәгеске түсініктеме" деген еңбектерін - ғылымды түсінікті, қонымды баяндаудың өз заманындағы тамаша үлгілері, оларды белгілі бір

оқушылар тобына арнайы жазылған оқулықтар - деп қарауға болады.

Аристотельден кейінгі дүниежүзілік білім мен мәдениеттің "екінші ұстазы" болған әл-Фараби Аристотельдің шығармалары жайында көптеген трактаттар мен түсіндір-мелер жазды. Осы тұрғыдан қарай отырып білімді, ол философиялық категория деп қарады. Білім, Фараби еңбектерін негізінен алсақ - философиядағы бүкіл таным-ның даму процесінде қалыптасқан адамзат мәдениетінің, рухани қазынасының жиынтығы Фарабиден кейінгі ғалымдар, әсіресе философ, педагог ғалымдар, айналадағы дүниені жан-жақты зерттеп, заңдылықтарын ашып игерудің нәтижесінде қоғамдық өмірдің даму сатыларына сәйкес, адамдардың іс-әрекеті мен тәжірибесінде айқындалып дәлелденген белгілі жүйедегі ұғымдар дүниесі - деп білімге тұжырымды анықтама берді. Мысалы, Ыбырай мен Абай Фарабидің білім туралы трактаттарын жетілдіре, дамыта отырып - білімді еңбектің, еңбек тәрбиесінің тәжірибелік, өмірдегі, күнделікті тіршіліктегі іске асырылған жемісі деп тұжырымға келді.

Тарихқа, тәрбие тағылымына, еңбек пен еңбек тәрбиесінің даму жодарына көз салсақ, білім туралы мынадай мағлұматтар айтуға болады. Демек, адамзаттың дамуы, қоғам, айнала орта, қолы жеткен біліміне сүйене отырып, табиғат күштерін өздеріне бағындыру арқылы, материалдық игіліктерді өндіріп, қоғамдық қатынастарды өзгертті. Педагог ғалымдардың зерттеуіне қарағанда білімнің ең қарапайым тұрмыстық формалары жас балалар-да кездеседі. Оны әрі қарай дамыту, жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек тәрбиесін жан-жақты жүргізу арқылы орындалады. Әрбір адам және әрбір жас, әрбір оқушы өзінің қоршаған дүние мен қоғамдық орта жөнінде эмпирикалық тәжірибелік мағлұматтар алады. Тіпті, алғашқы қауымдағы адамдардың өзі көптеген тұрмыстық білімге ие болып, оны әдет-ғұрып, ата-баба тәжірибесі, өндіріс құралдарын пайдалану әдістері тағы басқа тіршілік қаракеттері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келді. Білімнің қай түрі болмасын адамзат тәжірибесінің, тәрбиенің еңбектің негізінде дамып отырады. Сондықтан, Фарабиден кейінгі әр түрлі қоғамда, адам баласы дамуы-ның әрбір тарихи кезеңдерінде - ғалымдар, философтар, тарихшылар, педагогтар білімді адамдардың объективті өмір процесінің жемісі деп қарап, оның даму диалектика-сының заңдарын ашу танымының бірден-бір міндеті деп санайды. Фарабидің еңбектерін зерттеген, әрі қарай өзінің таным теориясы ұғымын ең алғаш рет философияға 1854 жылы енгізген Шотландия ғалымы Фаррьер - былай деп айтқан екен.

... Дүние тану теориясында да диалектикалық жолмен байымдау керек, яғни біздің дүние тануымызды даяр тұрған өзгермейтін нәрсе деп ойламау керек, қайта білмеушілік пен білушілік қалай туатынын, толық емес, айқын емес, білімнің қалайша толығырақ, айқынырақ білімге айналатынын тексеру керек" деген болатын.

2. Әл-Фараби еңбек тәрбиесі туралы

_____ Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деді. Ол ғылымды тарихи процесс деп түсініп, ғылым-жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама жасады. Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда, ол ағарту - оқу мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. Еңбектің өзі өнер - еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалып-тастырады - деген болатын Фараби. Ол еңбектің өзін қоғам-ның өмір сүруінің негізгі адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды. Фараби еңбек процесінің бағыттарын белгіледі. Ол мақсатқа сай қызмет, яғни, еңбектің өзі, еңбек заттары мен еңбек құралдары. Адам еңбегі бағытталған нәрсенің бәрі еңбек заттары деп аталады. Оның еңбек туралы бұл тұжырымдарын күні бүгінге дейін жалғастырып келе жатқан ғалымдар бар.

Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенеді. Демек, ол қандайда болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыс-тары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деген қағиданы ұдайы басшылыққа алып отырды. Осы негізде алсақ, еңбек тәрбиесінің теориясын Фараби - "өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын бір тұтас білім жүйесін құрайды деп тұжырым-дады". Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ бұл тұжырым оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беріп, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу - деген сөз. Фараби еңбек тәрбие-сінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін көрсетті.

өз заманындағы білім-ғылым, өнерден, оқу-тәрбиеден әл-Фарабидің із қалдырмағаны жоқ деуге болады. Одан қалған ғылыми еңбектің саны жүзден астам. Сол еңбектерді ғылымдар саласына бөлетін болсақ, олар: математика, логика, музыка, астрономия, дәрігерлік, лингвистика,

поэзияриторика, педагогика /Фараби заманында ағартушылық ғылым деп аталған/. Оның пікірінше, оқу-тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алады. "Тәрбиені неден бастау керек", "Философияны үйрену үшін не білу керек" деген еңбегінде ғылымды, оқу-ағартуды меңгеру, білім-тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны меңгеру үшін адамның ар тазалығы, оның жеке басының тазалығын, еңбек сүйгіштігі мен қызығушылығын бірінші орынға қояды. Осыдан келіп, мұның барлығын меңгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Осы негізде ол, оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды. Ғылымдар тізбегі, "Ғылымдардың шығуы" атты еңбектерінде Фараби ғылымдарды үйрену, үйрету реттерін белгілейді және тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымын, үлгісін, болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім етіп қалдырады.

әл-Фараби жас ұрпаққа және жеке адамдарға тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін, ұстаздық жасайтын адамдарды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша тәрбиеші адам /қазіргі мұғалім/ - "мәңгі нұрдың қызметшісі". Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған оттың көзі" - деген Фараби. Орта Азия ғұламасы Фарабидің шәкірті, оның ілімін әрі қарай жалғастырушы Ибн Сина: "Фарабидің тәрбие тағылымдарының ең маңыздысы әрбір жеке адамды еңбекке тәрбиелеу болды. өйткені, еңбек сүйгіштік, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Ол кімде-кім өзінің тіршілігі үшін, өзіне пайда келтіретін еңбекпенен айналысқанда ғана, нағыз ел адамы бола алады - деген өмірлік өсиет қалдырып кетті", - деп көрсетті.

Еңбек пен еңбек тәрбиесінің ғылыми негізін қолдауда XII ғасырда жазылған "Фарабидің энциклопедиясы" атты еңбектің маңызы ерекше. әсіресе, мұның трактат ретінде ғылым тарихында алатын орны ерекше. Бұл трактат "Ғылымдар Энциклопедиясы", "Ғылымдар реті", "Ғылымдар классификациясы" т. б. аттармен Шығыс және Батыс елдерінде өте ертеден-ақ мәлім болған. Бұдан көп ғұламалар тәлім алған.

Еуропа ғалымдары да бұл еңбекпен өте ертеден таныс. Фарабидің Энциклопедиясы" сол кездің өзінде /XII ғасырда/ арабшадан латын тіліне екі рет аударылған. Одан кейінгі ғасырларда бұл еңбек толық емес үзінді түрінде ескі еврей, неміс, ағылшын, француз, ислам және түркі т. б. тілдеріне аударылған. Роджер Бэкон, атақты әбу әли Ибн Сина /980-1937/ және басқалар Фарабидің Энциклопедиясының тікелей әсерімен өздерінің көпке мәлім энциклопедиялық еңбектерін жазды.

Еңбектің құндылығы, оны басқа халықтардың өз қажетіне жаратуы - оның еңбек заңдарына, еңбек адамдарының өз жұмысына саналылықпен, ұқыптылықпен қарап, өндірісті дамыту, еңбек өнімін, жеке адамның еңбекке құш-тарлығын, ынта-жігерін арттыру мақсатына негізделгендігінде.

әл-Фараби жаратылыс тану ғылымның негізін салған тұңғыш ғұламалардың бірі. Математиканы жаратылыс тану ғылымның басты саласы деп түсіндірген. Біз, қазір техника-лық ғылымдарды жаратылыс тану ғылымының басты саласына жатқызамыз. Фараби "теориялық арифметикаға қысқаша кіріспе" - деп аталатын еңбегінде барлық құбылысты табиғат - жаратылыстану әлемінің ауқымында дамитынын дәлелдеді.

әл-Фарабидің еңбектерін, оның қоғамды дамытудағы ой-пікірлерін, тәрбие тағылымдарын Ибн-Сина /Авицена/, әл-Бируни, Омар Хайям сияқты шығыс ғұламаларымен қатар Роджер Бэкон, Леонардо да Винчи тәрізді Еуропа ғалымдары да көп пайдаланған. Фараби химия, медицина, география, минерология, Азаматтық ғылым - тәрбие туралы т. б. жаратылыс тану ғылымдары бойынша шығармалар жазған. "Ал химия өмірінің қажеттігі туралы" атты трактатында өз тұсындағы қабыршағынан ғылыми дәнін бөліп алып, оны белгілі бір зерттеу пәні бар жаратылыс тану ғылымының бір саласы ретінде қарастырды. әл-Фараби медицина саласында "Адам ағзалары жөніндегі Аристотельмен алшақтығы жөнінде Галенге қарсы жазылған трактат". "Темперамент туралы" еңбектер жазған, онда негізінен медицинаның теориялық мәселелерімен айналысып, медицина өнерінің мәнін, міндет-мақсатын анықтап беруге тырысады. Ол еңбекті бірнеше салаға бөліп, медицина саласын дамытуды - "таза" еңбектің жемісі дейді де, пайдалы қоғамдық /тіршілік - еңбегі/ еңбекті дамытудың, өмір сүрудің құралы деп қарастырды. әл-Фараби философиялық және натурфилософиялық еңбектерінде жаратылыстанудың көптеген мәселелеріне тоқталады. әл-Фарабидің ғылыми-философиялық еңбектері оқу-тәрбие мәселелеріне арналған. Оның пікірінше оқу, білім алу, ғылыми адам болу адамгершілік және еңбек тәрбиесі мәселелерімен тығыз байланысты. Ол білім алу, оқу еңбегін пайдалы еңбекке жатқызады.

Ол жалпы теориялық ой-пікірдің жетістіктерін жаңғыртып, жетілдіре түсті. Халық даналығы данышпандық, пікірлерге ден қойды. Сөйтіп, өзінің философиялық төл концепциясын жасады.

Қоғам туралы ілімді, этика мен эстетиканы, этнопедагогиканы дамытты. Аристотельдің еңбектеріне сүйене отырып, ол антика заманының теориялық озат ой-пікірлерін сыннан өткізіп барып, оның қажеттісін ала білді, өз заманының ілімін белгілі бір жүйеге салды. Аристотельдің жаратылыстанудағы ғылыми және стихиялық материалистік тенденцияларын мейілінше күшейтті. Фараби, Платонның идеалистік және мистикалық қателерін түзетті.

Фараби еңбектерінің, оның өз дәуірі үшін шығармашы-лық мұраларын зерттеп, кейінгі ұрпаққа қалдырған оқу-ағарту, білім беру ілімінің тәрбиелік мазмұны мен мәнінің еңбек пен еңбек тәрбиесі туралы тағылымның тәжірибелік маңызы мынадай болды.

1. Еңбек әрбір қоғамдық құбылыс ретінде өзгеріп отырады, еңбек - еңбек тәрбиесінің мазмұны мен мәнін өзгертеді.

2. Әл-Фараби ілімі тәрбиенің әрбір қоғам кезіндегі /феодализм, капитализм, социализм/ элеуметтік мәнін ашты. Фараби ілімі тәрбие - еңбек, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесі-нің теориялық негізін қалыптастырды.

3. Ғылымдар тізбегін жасау, оны әрбір топқа бөлу арқылы - болашақ жасөспірімдерді жан-жақты жетілдірудің қажеттілігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. ғылымның еңбек пен еңбек тәрбиесіндегі негізін және оның теориясын жасады.

4. Еңбектің, еңбек тәрбиесінің ғылыми негізін сала отырып, оны практикада, өмірде қолданудың тәжірибесін көрсетті.

5. Әл-Фараби ілімі шығыс халықтарының педагогика-лық ой-пікірінің дамуында революциялық - төңкеріс болып есептеледі. Демек, ол шығыс халықтарының салт-санасы-ның, әдеп-ғұрпының ағартушылық, тәлім-тәрбиелік ой-пікірінің, ғұламалық тағылымының дамуында жаңа кезең ашқан - халықтық педагогиканың негізін қалады.

3. Махмуд Қашқари ілімінің тарихи маңызы (1030-1090)

Махмудтың өмірбаянына қатысты мәліметтер өте жарытымсыз. Оның өмірі жайындағы мәлімет өз кітабында айтқан азын-аулақ хабардан әрі аса қоймайды. Махмудтың толық аты-жөні Махмуд абы Хусейн ибн Мухаммед Қашқари. Оның әкесі Қашқарда туып-өскен. Ол кезде арабша білім алған түріктер сол кездің салтымен өз фамилиясын туған жерінің атымен атаған. Сөздің соңын-дағы - парсының тәндікті, белгіні білдіретін жұрнағы. Қазақша айтсақ - қашқарлық дегенді білдіреді. Әкесі Қашқарда туып-өсіп, соның тұрғыны болғанымен, өмірі-нің көп кезеңін Баласағұн қаласында кешкен. Атақты ғалым осы Баласағұн қаласында (Қырғызстанның қазіргі Тоқмақ қаласы) туған. Балалық және жастық шағының көп мезгілін Ыстық көл маңындағы қышлақтарда өткізеді. өз айтуынша, оның әкесі Қараханидтер тұсындағы әміршілердің бірі Насыр ибн Әлидің нәсіліне жатады. Махмуд алғашқы білімді Қашқар қаласында алады да кейін Орта Азия мен Иранның біраз қалаларын аралауға сапар шегеді. Сапарының негізгі мақсаты - өзінің білімін толықтырып, жетілдіру болады. Ол сол заманғы араб мәдениеті мен ғылымының көрнекті орталығы болған Бағдат қаласында да біраз уақыт тұрғанға ұқсайды.

Махмуд Қашқари арабша жоғарғы білім алған өз заманының аса көрнекті ғалымы болған. Араб филология-сын жетік білген және өз білімін туған халқының тілі мен әдебиеті, тарихы мен этнографиясы, географиясы жайында зерттеулер жүргізуге жұмсаған. Махмуд Қашқаридың дәл қай жылы туып, қанша жыл өмір сүргендігі әзірше белгісіз. Бұл жөніндегі жалғыз дерек кітабының аяғында ол "бұл кітап мені өлімге бір табан жақындатты" деп жазады. Бұл бір жағынан, автор өзінің бұл тарихи еңбегін жазуға ұзақ жылдар бойы еңбек еткенін дәлел-десе, екінші жағынан оның біраз жасқа келгендігін де көрсетеді. Олай болса Махмудтың туған кезі XI ғасырдың басы болса керек. өйткені "Диуани лұғат-ат-түрк" хиджра есебімен 464-жылдың бесінші айының алғашқы күні (қазіргі жыл санау бойынша 1072 жылдың 25 қаңтарында) жазыла бастаған, 466 жылдың алтыншы айының 10 күні (1074 жылдың 10 ақпанында) аяқталған. Осыдан екі ғасыр өткен соң 1266 жылдың тамыз айында 'Диуани лұғат-ат-түрк" түп нұсқасынан бір сириялық кісі көшіріп алады. Көшіруші былай деп жазады: "Әуелі Сава, кейін Шам (Дамаск) қаласының тұрғыны Мұхаммед бин Әбібәкір ибн Әбілфатих (оны тәңірі жарылқасын) осы кітапты түп нұсқасынан көшіріп, 664 жылы оныншы айдың жиырма жетінші жексенбі күні бітірді". "Диуани лұғат-ат-түрк" автордың соңғы еңбегі болса керек. өзі-нің айтуынша ол бұл кітаптан бұрын да түркі тілдері-нің синтаксистік жүйесі жайында ("Джавахир ан-нахви фллафи түрк") "Түрік тілінің синтаксистік жүйесінің негіздері" деген ғылыми трактат жазған. Алайда оның бұл еңбегі сақталмаған болу керек, сондықтан осыдан басқа еш мәлімет жоқ.

Махмуд Қашқаридың түркі халықтарының ішінде нақ қай халық өкілі екені туралы да ешбір мәлімет жоқ. Рас, оны түркі халықтарының біріне телуге тарихи деректер мүмкіндік бермейді. өйткені қараханидтер тұсындағы түркі халықтарының кейін араласып, бір-біріне ете жақын болып

кеткені соншалық, пәлен тайпа - тек қана пәлен халықтың этногенезін құрады деп айтуға келмейді. Бір тайпаның өзі кейінгі дәуірде бірнеше халықтардың құрамына кіріп, сіңісіп кетіп отырған. Ал Махмудтың сол кездегі түркі тайпаларының қайсысынан шыққандығы жайында өзінің бір ескертпесі жөнінде айта кеткен жөн. Оның айтуынша, оның ата-бабасы сөз басындағы а дыбысына х дыбысын қосып айтатын болған. Бұған қарағанда, оның туған тайпасы Орта Азия жеріне бір жақтан келген емес, осы аймақтың тұрақты ескі тұрғыны. Дегенмен, бұл ескертпенің өзі де Махмудтың нақ қай тайпадан шыққандығын анықтауға мүмкіншілік бермейді.

Бірсыпыра зерттеушілер Махмудтың қашқарлық екеніне қарап, оны ұйғыр деп танып, оның ұлы мұрасын да ескі ұйғыр тілінің ескерткіші дейтін пікірге ойысатын сияқты. Бірақ олай деп тұжырымдауға пәлендей айқын дәлел жоқ. Қашқар қаласының ол кездегі этникалық құрамын айырып алудың өзі қиын. Оның бер жағында "диуани лұғат-ат-түрікті" - тек ескі ұйғыр тілінің ескерткіші деуге тағы да дәлел табу қажет. Онда сол кездегі түркі тайпаларының бәрінің де әдеби, тілдік мұралары бар. Онан соң, сол кезде Қашқаридың ата-бабасы шыққан рудың немесе тайпаның қай халықтың құрамына енгені де айту оңайға түсе қоймайды. Кейбір шетел зерттеушілері, де әсіресе, Түркия зерттеушілері Махмуд Қашқари Анатолия түріктерінен шыққан ғалым деп даурығып жүр. Анығында Махмуд Қашқари жоғарыда келтірілген ескертпе арқылы өз ата бабаларының қалай да ортаазиялық тұрғын екенін дәлелдеп отыр. Олай болса, бұл жерде оның тұрағы мен шыққан халқын Түркия жеріне көшіре қоярлықтай қисын жоқ. Оның үстіне дәуір ескерткіштерін Түркия ғалым-дарының панисламистік, пантүркистік мақсатпен жарама-са кетуі тегін емес. Ғылым тарихы олардың осы тәрізді талай "кәсібін" біледі. Олар тіпті Орхон-Енисей жазбаларын да иемдембекші болғаны да мәлім.

Махмуд Қашқаридың атын бізге, біздің заманы-мызға жеткізген оның ұлы мұрасы "Диуани лұғат-ат-түрк". Сондықтан Қашқари жайындағы, оның тарихи ерлігі жайындағы мәселені - сол еңбегі, оның мәні мен маңызы, онда сөз болған шешуін тапқан ғылымдық мәселелерден бөлектеп қарауға болмайды. Осы екеуін бірлікте алып, жарыстыра әңгімелегенде ғана бұдан тоғыз жүз жылдай бұрын өмір сүрген, еңбек еткен ұлы ғалымның нағыз бейнесін еске аламыз.

М. Қашқари еңбегі негізінен сол дәуірдегі түркі тайпаларының тілдік құрылыстарын жүйе-жүйемен баян-дауға арналған. Бірақ кітаптың берер мәліметі онымен ғана шектелмейді. Қашқари еңбегін қазіргі заманда, тек қана тіл мамандары оқып, зерттеп қоймай, сонымен қатар, әдебиетші, тарихшы, этнографтар мен географтардың да үңіле қарап, жете зерттеп, жүргені кездейсоқ жай емес. Қашқари еңбегінің әдеби маңызы жайлы неміс оқымыс-тысы М. Хартман "Диуани лұғат-ат-түрк" - халықтық әдебиеттің үлгісі, соның негізінде құрылған" дейді де, осыдан екі-ақ жыл бұрын жазылған "Құдатқу білігі" ("Бақыттылық жайлы ілім") - сарай әдебиетінің нұсқасы деп табады. Бұл "Диуани лұғат-ат-түрк" түркі халық-тарының ескі әдебиетінің тарихында аса сирек кездесетін әдебиет үлгісі екендігін анықтаған ғалымның пікірі.

Махмуд Қашқари еңбегінде, жоғарыда көрсетілгендей, сол заманғы түркі тайпалары жайында мәлімет беріледі. Ол мәліметтер қай халықтың қандай тілде сөйлейтіні жайында ғана емес, олардың орналасу тәртібі, қай тайпаның қайдан келгендігі, қандай территорияны мекендейтіні, әдет-ғұрыптық ерекшеліктері және т. б. болып келеді. Осыған байланысты М. Қашқари өмір сүрген дәуірдің кейбір тарихи жағдайларын еске түсіре кеткен мақұл. М. Қашқари XI ғасырда өмір сүріп, еңбек етті. Бұл дәуір тарихта қараханидтер деген атпен белгілі М. Қашқаридың өзі де осы қараханид патшалығы өміршілерінің біріне туыстық жақындығы барын айтады. X ғасырда басқа тайпалар арасында үстемдік алған Қарлұқ тайпалар одағы Жетісу өңірінде негізгі түрік халықтарынан шыққан қараханидтер, яғни Илекхан династиясының бастауымен өздерінің қуатты мемлекетін құрады. Қараханидтер мемлекеті тарихта түркі халықтары арасындағы алғашқы мұсылман династияларының бірі еді. Мемлекеттің орталығы әуелі Баласағұнда (Қырғызстанның Тоқмақ қаласы) болады, кейін Қашқар қаласына ауысады. Қарақанидтер мемлекетінің нағыз дәуірлеген кезі X-XI ғасырлар болса керек.

Бұл кездерде қараханидтер мемлекетінің шекарасы Жетісудан бастап Қашқар, Бұқар, Самарқанд қала-ларына, Сырдария бойларына дейінгі мол территорияны алып жатқан. Қараханид мемлекетінің құрамы да әрқилы болған. Сол заманда отырықшы әрі мәдениеті жоғары болған ұйғырлар, Сырдария мен Амудария бойларындағы иран мен түркі халықтарының арасынан шыққан қоспа тұрғындар және т. б. мемлекет құрамының ала-құлалы-ғын дәлелдеумен бірге оның мәдениетінің де қат-қабат сырларын аңғартқандай. Қараханидтер мемлекетінің мәдениеті мемлекет құрамындағы халықтар мәдениетінің қосылған түрі іспетті болған. Бұл кезде мемлекет территориясындағы қалалар да қатты дамыған. Мемлекеттің халық құрамына қарай, екі түрлі жазба әдеби тіл қалыптасқан. Бірі - мемлекеттің шығысында қарлұқ-ұйғыр тайпалары батысында, Хорезм маңында, оғұз-қыпшақ тілдерінің негізінде екіншісі - мемлекеттің тайпалары

тілдерінің негізінде қалыптасқан.

М. Қашқари еңбегінде Қараханидтер мемлекетінің құрамына енген түрік тайпалары атап-атап көрсетіліп отырады. Қашқари түрік нәсіліне жиырма түрлі тайпа жатады деп көрсетеді. Осы тайпалардың әрқайсысы бірнеше рулардан тұратыны айтылады. "Бірақ ол рулардың бастыларын атадым да, майдаларын тізіп жатпадым" деп көрсетеді. Қашқари тайпаларды екі топқа бөліп, батыстан шығысқа қарай орналасу тәртібі бойынша санап шығады. Сонда бірінші топқа (солтүстік топқа): батыстағы тайпа - бегенек (печенег), онан соң қыпшақ, оғұз, иемек, башқұрт, басмыл, қай, йабақ, татар, қырғыз жатады. Екінші топқа (оңтүстік топқа:) ең батыстағы тайпа - чығыл, тухси, яғма, ырғақ, йарук, йумул (жумул) ұйғыр, қытай, таббач (табқач) жатады. Ал соғдақ арғу (арғұн), түбүт (тибет) тайпалары бұл жерге басқа жерден келгендер деп көрсетіледі. Түбүттер туралы Қашқари былай деп жазады: "Түбүт - түрік жерінде тұратын тайпа. Киік әтір соларда болады. Қылмысты болып, қаша көшіп, теңіз жолымен Чинға жетіп, сонда орнығып қалған. өсіп-өнген, олар банисабат ұрпағы. Олардың солтүстігінде ұйғыр, шығысында Қытай, батысында Кашмир, оңтүстігінде үнді теңізі. Олар өз ана тілін әлде қашан ұмытып, түрік тіліне үйренсе де, түрік сөздерін өз тілінің заңдарына лайықтап айтатыны байқалады. Мысалы, ана деген сөзді ума деп, ата деген өзді оба деп атайды. Арғұлар "Диуани" мәлімет-тері бойынша осы күнгі Шымкент пен Тоқмақ қалаларының аралығындағы кең территорияда тұрған. Сол маңдағы тайпалар арасында олар көп уақыттар бойы үстем болған. XI ғасырда яғни "Диуани" жазылған мезгілдерде арғұлар өздерінің бұрынғы басымдығынан айырылады да билік басқа тайпаның қолына көшеді. Сонысына байланысты арғұрлар бұрынғы мекенін де өзгертеді.

Ал ұйғырлар негізінен бес үлкен қалада: Сумии, Кужу, Жанбалық, Бесбалық, Ианыбалық (балық - ескі түрік тілінде қала деген сөз) деген қалаларда тұрады деген мәлімет беріледі. Қыпшақтар мекені деп Товар және Қашқар маңындағы бір кішірек қала аталады. "Диуани-дағы" мәліметтерге қарағанда олар шаруашылықпен, балықшылықпен айналысқан. Сонымен қатар сол кезеңде қыпшақтар әлсізденіп, ыдырап, біразы оғыздарға, біразы чығылдарға, т.б. тайпаларға қосылып кеткені де аңғарылып отырады. Ал оғұздар - түркі тайпаларының бірі, олар түрікмен болып табылатынын айта келіп, түркімендердің жиырма екі рудан құралатынын, олардың әр қайсысының өзіне тән таңбасы, малға салатын ендері барлығын, әлгі рулар өзара сол ен - таңба арқылы айырлатынын хабар-лайды. Рулардың аттары, ен-таңбалары атап-атап көрсетіледі. Мұндай тарихи этнографиялық мәліметтер Қашқари еңбегінде жиі кездеседі.

Сөздікте берілетін әрбір сөздің тұсында (егер ол этноним, мал, құс, т.б. атауларға немесе әдет-ғұрыптарға, салт-сана, шаруашылық кәсіпке байланысты сөз болса) мүмкін боларлық бар мәлімет беріліп отырады. Сөйтіп, Қашқари еңбегінің маңызды бір жері осы материалдарға байланысты болып келеді. Әрине, Махмут Қашқари филолог және оның еңбегінде осы тұрғыда жазылған. Еңбектің құрылысының жинақы, жүйелілігі, ондағы мәселелердің ғылыми тұрғыдан маңыздылығы мен дәлдігі авторды өз заманының аса ірі оқымыстысы есебінде танытады.

"Түркі тілдері сөздерінің сөздігі" ең алдымен лексико-кографиялық мұра есебінде көңіл аударады. Қашқари сөздерді реттеп беруде өзіне тән тәсіл қолданады. Ол ең әуелі аз әріптерден құралатын сөздерді береді де, одан әрі әріптің санына қарай дамытып отырады. Қандай сөздерді беріп, қандай сөздерді бермеу мақұл дегенде, сол кезеңде тайпалар тілінде қолданылып жүрген яғни, актив сөздерді ғана беру керек деп мәлімдейді. Бұл автордың алдын-ала ойластырылған принцип бойынша жұмыс істегендігін дәлелдейді. Ол сөздік жасауды әйтеуір білген, естіген сөздерді тізе беру деп қарамайды. Сонымен қатар автор тілдің сөздік құрамындағы актив сөздер мен пассив сөздерді айыра қарап, екеуін екі түрлі құбылыс деп есептейді. "Түркі тілдері сөздері жинағының" лексико-графикалық мәні мұнымен ғана бітпейді. Онда антоним мен синоним сөздер, омоним сөздер мен метафоралар, диалектілік сөздер бас-басына ажыратылып түсіндіріліп отырады. Ал мұндай жүйеге келтіру, байқампаздық Қаш-қари заманындағы лингвистика үшін аса бір ірі табыс еді. Автор ескірген сөздерді, шеттен кірген сөздерді сөздікке енгізбедім деп мәлімдейді. Әрине, бүгінгі түркі тарихы тұрғысынан алғанда, олардың "Сөздікте" берілуі аса маңызды іс болар еді. Алайда автор өз принципіне басынан аяғына дейін берік.

Сонымен қатар Махмут Қашқари бұл еңбегінде түркі тілдерінің алғашқы классификациясын береді. Осы мақаланың басы жағында сөз болған түркі тайпаларын екі топқа (солтүстік және оңтүстік) бөліп қарауы - тюркология тарихындағы алғашқы классификациясы еді. Бұл классификацияда Қашқари географиялық (орналасу орнына қарай) принцип қолданады. Алғаш рет Қашқари қолданған географиялық принцип біздің заманымыздағы басқа да классификацияларда да қолдау тапты. Сондай-ақ Қашқари көрсетіп кеткен кейбір диалектілік айырмашылықтар да кейін түрік тілдерін топқа бөлуде басты принцип болып қалады.

М. Қашқари өз заманындағы түркі тілдерінің қайсы-сы қандай дәрежеде дамығанын да

айтып отырады. Оның айтуынша түркі тілдерінің ішіндегі ең жеңіл тіл оғұз тайпа-ларының тілі, ең сындарлы, әдемісі яғма, тухси тайпалары мен Іле, Ертіс, Еділ бойларынан бастап ұйғыр қалаларына дейінгі аралықта тұратын тайпалар тілдері. Бұлардың ішінде де ең сындарлысы және көп тарағаны - ұйғыр тілі. Әрине, Қашқари заманында ұйғыр тілі түрік тайпаларының арасында әдеби тіл міндетін атқарады. Сондықтан да ол басқа тілдерге қарағанда көп жерде қолданылады.

Махмұд Қашқари және оның еңбегі "Диуани лұғат-ат-түрк" жайындағы қысқаша мәлімет осындай. Мақалада оның еңбегінің басты-басты мәселелері ғана атап көрсетілді. "Диуани лұғат-ат-түрк" әлі жете зерттелген емес. Соның өзінде бұл еңбектің тілін бір ғана халық тіліне телуге болмайды. Онда осы күнгі Орта Азия мен Қазақ-стан, Еділ-Орал бойлары, тіпті солтүстік Кавказ жерін мекендейтін барлық түркі халықтары тілдерінің элемент-тері бар. "Диуани лұғат-ат-түрк" кітабы тілінің сөздік қорында болса да, грамматикалық құрылысында болса да қазіргі қазақ тілі материалдарымен сай түсіп, кейбір фонетикалық, грамматикалық өзгерістеріне қарамай, мән-дес болып отыратын фактілерді жиі кездестіруге болады. Мұның өзі Қашқари еңбегін қазақ тіліне жақындығы тұрғысынан зерттеу жұмыстарын жүргізудің аса қажет екендігін дәлелдейді.

Махмұд Қашқари өз заманының аса білімдар перзенті болған. Оның ғылыми мұрасы - "Диуани лұғат-ат-түрк" - соның айқын куәсі.

4. Жүсіп Баласағұнның "Құтты білік" дастанының тәрбиелік маңызы мен мәні (1021-1075)

Көне дәуірдегі түркі халықтары мәдениетінің тербеліп өскен бесігі Шу мен Іле өзені аралығында ұлан байтақ өлкеден XI ғасырда аты әлемге әйгілі ақын, философ, қоғам қайраткері Жүсіп Хасхаджиб Баласағұн музыкант отбасында дүниеге келген. Жүсіп жыл қайыру дәстүрі бойынша санағанда барыс жылы (яғни 1021 жылы) туған. Жүсіп туралы жазба деректер көзін ақынның өз шығармасы "Құтты біліктен" ғана табамыз. Ақын дастанын жасы елуге келгенде он сегіз ай ішінде жазып бітіргенін айтады. "Құтты білік" дастаны ("Бақытқа жеткізуші білік") түркі тілді туысқан халықтардың бізге келіп жеткен дүниежүзілік мәнге ие бірден-бір жазба әдеби ескерткіші. XI ғасырға дейінгі жазба әдеби тілдің даму жолдарын білдіре алатын асыл мұраларының бірі.

Жүсіп өз заманындағы ғылым саласымен толық танысып кемелденген шағында "Құтты білік" тәрізді классикалық шығармасын жазуға бет бұрды. Араб, парсы тілдерін жақсы білумен бірге өз ана тілін де терең меңгеріп, бар байлығын бойына дарытқан Жүсіп ана тілінің көркемдік қуатын әлемге таныту бағытын ұстады. өз тілін менсінбей араб, парсы тілінде сөйлеу, шығарма жазу сияқты сырттан таңылған қорлық салты үстем кезде өз ана тілінде көркем шығарма жазу дәстүрін қалыптастырып кетуі - соның тарихи еңбегі.

"Құтты білік" - XI ғасырға дейінгі түркі тілді халықтардың қоғамдық ой санасында орын алған рухани құбылыстарды тұтас қамтыған энциклопедиялық қуатқа ие көркем туынды.

Абай шығармаларында жүйелі түрде мол таралатын мораль философиясы жайлы ой толғаныстардың ішкі төркіндері әсіресе ондағы жуан мәртлік жөнінде айтылатын пікірлерімен іштей іліктестік табатын рухани қазына көздерінің біріне - XI ғасырда қазақ жерінде жазылып, дүниеге келген "Құтты білік" дастаны. Бұл ойымызға айғақты дәлел ретінде екі түрлі себепті еске алмақ керек. Оның бірі - Абайдың ақындық кітапхана- сының қорында Жүсіп Баласағұнның атақты дидактикалық дастаны "Құтты біліктің" де болғаны жайында ақынның немере інісі Мұтылғанның жазбаша дерегіне сүйенеміз. Дастандағы жәуан мәрттілік жайлы пікірлер желісімен Абайдың 17, 38-қарасөзі мен "Ғылым таппай мақтанба", "Әсемпаз болма әрнеге" т.б. өлеңдеріндегі ойлардың іліктес, төркіндес келіп жатуы, тамыры тереңде жатқан рухани туыстық танытқандай нақтылы ұғымдармен ұштастырады.

М. Әуезов те бұл дастанға көп көңіл бөлген. Москва университетінде оқыған лекциясында осы дастанға арнайы тоқталып, талдау жасап, пікір білдірген. Бұл аталған деректер тобы "Құтты білік" пен қазақ әдебиетінің байланысы жайлы арнайы зерттеу жұмысын жүргізуді қажет етеді.

"Құтты білік" XI ғасырда өмір сүрген түркі тайпа-ларының бәріне түсінікті әдеби тіл негізінде жазылуы себепті, оны әр дәуірде мәдениеті мен ғылымы үдере даму жолына түскен түркі тілді бауырлас халықтардың бәрі де ортақ мұра ретінде зерттеп, ғасырлар сырына қаныға бермек. Мақсат - әр халық осы ұлы мұрадан пікір суыртпақтап, өзінің рухани өзекті желісін тарта білуіне кеп тіреледі.

Музыкант отбасында туғандықтан музыканы, күй тартып, өлең айтып, нақышты музыка сазын лез бойына толық дарытқан. Баласағұнның бізге жеткен ең ірі туын-дысы түркі тілінде жазылған 13 мың жолдың Ғибрат - өнеге поэмасы. "Құтты білік" 1069 жылы жазылған. Бұл - саясат, өнеге, тәрбие жөнінде толғаныс тапқан, үлкен тәрбиелік мәні мен маңызы бар, тағылымы - терең, философиялық трактат.

Баласағұнның адамның дамуы, жеке адам басының жетілуі, өсуі тікелей тәрбиенің жетістігі, ол адам табиғатына байланысты бола отырып, оның тарихи дамуының үстінде үнемі өзгеріске

ұшырайтынын анықтады. Бұл пікір XIX ғасырдың 40 жылдарынан басталған және 60 жылдар үстінде дами түскен Еуропа педагогтары мен сол жылдардағы прогресшіл-орыс педагогтарының пікірімен үндес келеді. Баласағұн - философ ретінде және тәрбиелік тағылымға толы-педагог ретінде артына өшпес мұра, тәрбиелік дәстүр, өнеге қалдырған адам. Оның үйретуінше, адамның жетіліп қалыптасуы, оның ішінде жастар тәрбиесі - қоғамдық жағдайлардың, айнала ортаның ықпалымен, оң әсерімен тәрбие арқылы және адам табиғатын туысынан - дүниеге келумен бірге болатын қасиеттер арқылы қалыптасады. Оның ішінде адамнан өсіп-жетілуінде, оның дүниеге келуі мен ілесе келетін қажетті кейбір сапалар мен қасиеттердің болатындығын мойындады. өзінің "Құтты білік" деген еңбегінде бұл қасиеттер мен сапалар даяр күйінде бола салған адам ақылының мінез-құлқының дарындылықтары емес, ол туыстан ілесе жүретін ерекше-ліктер сол дарындылықтардың дамуына себепкер ғана бола алады. Бұл нәсілдік ерекшеліктер адамның өзі өмір сүретін қоғамдық жағдайлар арқылы және сол адамның қабыл-дайтын тәрбиесі, тәрбиені жүзеге асыратын -еңбек арқылы сақталады және жетіледі - деп үлкен философиялық тұжырым, педагогикалық мәнді тағылым жасаған адам. Баласағұн орта, айнала дүние, әлем, қоршаған орта мен өмір деген ұғымдарды жете қолданған. Ой-тұжырым-дарына қарағанда сол ұғымның барлығы қазіргі қоғам - деген мағынаға, ой жүйесіне, пікірге толық сай келеді. Ол еңбекті сол кездегі, өзі өмір сүрген ортадағы, қарым-қатынас құралы - деп пайдаланған.

Баласағұнның тәрбие тағылымының бастауы болар-лықтай мына бір пікірін келтіруге болады: "Тәрбиенің барлық ұждағаттылығы, саласы мен түрі... өзара ұйымдас-қан, ұйымшыл тату да тәтті адамдар құрамының, тобының - жетелі адамдар тобының, зерделі адамдар құрамын толықтыратындай биікке көтерілуі қажет. Тәрбие өз кезегінде, әсері мен ықпалында - мирасқорлы", пайдалы еңбектің көзі болуы шарт - деп ой түйеді Баласағұн. Бұл үлкен өсиет. Бүгінгі педагогикалық тұрғыдан алғанда үлкен ұжым тәрбиелейтін, педагогиканың бала тәрбиесіндегі басты мақсаты мен міндетін айқындайтын әдіс еңбек тәрбиесін ұйымдастырудың негізгі десе де болады. Сондай-ақ, бұл еңбек пен тәрбиенің педагогикалық негізі, теориясы деуге толық болады.

Баласағұн рубайларының тәрбиелік тағылымы негізінен үш сатыға бөлінеді. Бірінші - әрбір жеке адамның білімді болуы. Білімді болу үшін оқу қажет. Екінші - барлық байлық, молшылық - ол үшін еңбек, кәсіп, адалдық, тазалық, қажет. үшінші - әлеуметтік, табиғи күштілік - ол үшін бірлік, достық бостандық керек.

"Құтты білік" дастанында үйленудің, ұл-қыз өсірудің қиыншылығы көркем суреттелген. Автордың ойынша егер ұл-қызың жаман болса төрдегі басыңды көрге сүйрейді. Ал, өзіңе ұқсап туған жетелі бала сенің түріңді, бет-бейнеңді жоғалтпаумен қатар, туған тіліңді де болашақ-қа жоғалтпай апарады:

"Егер, ұл-қыз жақсы болса, зерделі,
Айтқаныңнан айнымай дәл келгені.
Егер жаман болса, сені ұлытар,
өзің өлсең - тәрк етер де ұмытар."

(3377, 3378 - бәйіттері) Қараханидтер дәуірінде отанды қорғау, елді басқару, жұмыстың ең ауырын атқару, отбасын асырау, бала-шаға мен ата-анаға қамқорлық жасау, т.б. негізгі жұмыстар ерлердің еншісінде болған. Сондықтан білімді де білікті, ізетті де жүректі ұл өсіру әкенің назарынан тыс қалмаған. Жүсіп Баласағұн дастанында әке тәрбиесіне аса көңіл бөлген:

"Бейбастақ қып өсірсе ұлдың қылығын,
Кінәлі әке, жазығы жоқ ұлының" -

деп ақын ұл бала үшін Әке тәрбиесінің орнын ешкім толтыра алмайтындығын айтады. Әке әрқашанда балаға бағыт-бағдар, үлгі-өнеге болып, ұлға, ерлерге тән мінез-құлық қалыптастырады.

Ж. Баласағұнның:

"Ұл өсіргің келсе дана жүректі
Қатты ұстап: үйрет білім, ізетті.
Кім ұл-қызын шолжаңдатса бетімен,
Тартар күйік, ет кескендей етінен".

деген ой-тұжырымдары бүгінгі педагогика ғылымының негізгі шарттарына сәйкес келіп жатыр.

Ақынның ойынша жақсы әке болу қиынның қиыны. Әке неғұрлым күшті, батыл, кішіпейіл, жұбайына адал, балаларына мейірімді болса, соғырлым үй ішінде, ауыл-аймағында беделді болады.

Егер ана табиғи ерекшеліктеріне байланысты үйдегі тәрбие жұмысында көбінесе сезімге, эмоцияға жүгінсе, ер кісі бала тәрбиесін ақылға салып, салқынқандылық танытып, сезімге бой алдырмай өмірімен байланыстыра жүргізеді. Әкелік сезімнің ең негізгісі - жауапкершілік сезімі.

Осы сезімді болашақ үй иесі болатын ұл балада қалыптастырудың мәні үлкен. Сонымен қатар ұл баланы ағайын-туыстарға, ата-анаға, іні-қарындастарға қолқабыс жасауға үйретіп, оның бойына ерлік, батылдық, тәуекел-шілдік сияқты ер адамға тән қасиеттерді сіңіру керек.

Жүсіп Баласағұн жетесіз ұлдан жетелі құл артық, пайдасыз ұл жаудан жаман дей келіп, ата-аналарға мынадай кеңес береді:

"Ұл-қызыңа үйрет білген білімді
Қолыңа ұстат кеудеңдегі күніңді.
Сонда ұл-қызың адамдықтан таймайды
Көңілі - таза, көзі шоқтай жайнайды".

Сонымен қатар тәрбиенің күшіне шүбәсіз сенген ақын:

"Балам білім жолын қусын десеңіз,
Бесігінде ақ ілім шоғын көсеңіз...
Білім үйрет сәбиіңе сарыла,
Уыздай ұйып, сүттей сіңір қанына!
Сәбиінде көкірекке түйгені
өлгенінше санасында жүреді!".

деп педагогикалық ой түйеді. Оқу-тәрбие ісінде балғын жастық табиғатын түсінуге жетелейді. Баланың ақыл-есінің, мінез-құлқының ерекшеліктерін еске алмайтын, олардың бәрін бір қалыпқа сыйғызу тәжірибесінен аулақ болуға шақырады. Ұлы ойшылдың салиқалы педагогика-лық пайымдаулары ұрпақ тәрбиелеуде әркез есте ұстайтын тағылымдар екендігі сөзсіз.

5. Ибн Сина еңбек пен еңбек тәрбиесі туралы (980-1037)

Ибн Сина - ұлы гуманист. Ол еңбекке, еңбек етуге, еңбек тәрбиесіне гуманистік, қоғамдық тұрғыда қарайды. Ол өзінің практикалық ісіне ақылдылық пен ұстаздық тұрғысынан қарап, сол тұрғыда еңбек туралы былай деп тұжырым жасайды: "Егер қоғамдағы жұмыс-қа жарамды барлық адам түгелімен пайдалы еңбек етсе, онда тіпті жұмысқа жарамсыз адамдарды түгелдей асырап бағуға, болады. Ол тек еңбектің тазалығы мен халықтығын талап етеді" - деген. Мұны өзінің рубай-ларында атап көрсетіп кеткен. Ол өзі өмір сүрген кезең үшін - қоғамдық пайдалы еңбек пен еңбек адамдары-ның өзара қайырымдылығы мен мейірімділігін ұдайы ұштастырып отыратын еңбектің тәсілі мен бөлінісі болуын уағыздады. Ол туралы еңбек заңын жасауды қажет деп санады. Осының барлығы дұрыс ұйымдас-тырылған және әділетті құрылған қоғамда /мемлекетте/ пайдалы еңбекпен шұғылданбаған немесе өзінің орнын таппаған бірде-бір адам болмауға тиіс. Ол қоғамның барлық мүшесінің белгілі бір кәсіппен шұғылдануын талап еткен. Осы ретте ол қоғамдық және ортақ пайдалы еңбек, қоғам үшін де жеке адам үшін де пайдалы деген ой түйеді.

Ибн-Синаның мемлекетке, "жалпы" адамзатқа "арналған", жеке адамдар санасын, білімін, оқып үйрену, тәрбие алу үшін арнаулы қаржы /қор/ бөлуге тиіс деген тұжырым жасаған. Бұл қаржы халық арасынан жина-латын алым-салықтан, мемлекеттік меншіктерден, мекемелерден түсетін өніммен жиналуы керек, - деп сол орта ғасырлық дәуірге дейін үлкен ұстаз екенін көрсете білді. "Ортада" жиналған қаржылар жұмысқа жарамай-тын мүгедектерге, қарттарға, ауруларға жәрдем ретінде берілсе, ел қорғаушы, тәртіп сақтаушы, жауынгерлерге жастарды "тәрбиелеуші" ұстаздарға, үйретуші адамдарға жалақы ретінде төленуі тиіс - деген Ибн Синаның бұл ойы, оның үлкен экономист екенін дәлелдейді. Адам-дардың денсаулығы - айнала ортаға, экологияға бай-ланысты да оның айтқандарының зор тарихи маңызы бар. Оның "жеке адам" туралы тағылымдары адамның бойына адамгершілік, еңбек, тәрбиелік қасиеттері оны ұлағатты ғалым, ұстаз тәрбиеші қатарына қосады. Дәлірек, айтсақ, мемлекеттік қор "Жалпы халық игілігіне айналсын, соларға жұмсалсын - деген пікір мемлекеттік, жалпы халыққа бірдей білім берілсін, бірдей тең оқысын деген пікірлермен ұштасады. Бұл да оның ағартушылық көз-қарасын дәлелдейді.

Адалдық, ақылдылық, адамшылық,

Қайырымдық, мейірімді, жанашырлық.

Тәрбие, оқу, сана-білімдарлық,

Үшеуі ұлғатқа жол ашарлық.

Міне, Ибн-Сина бір адамның бойынан осыншама қасиеттің табылуын еңбек, оқу, тәрбиеден іздейді. Нақыл, ұстаздық, ұлғаттық өсиеттері осы жоғарыдағы даналықтан туындатады.

Ибн-Сина Әл-Фарабиді ұстаз тұтқан. Фарабиді еске алу шағын және ұстаздық пен тәлімгерлік туралы, ол былай деген: "Тәлімгер табиғатына өзімшілдік, қара басының қамын ойлау

жат. Нағыз тәлімгер өзіне даңқ, атақ іздемейді, керісінше, өз шәкірттерінің болашақта ұлы еңбекқор, ойшыл, ғалым болғанын жан-жақ тәнімен қалап, сол үшін бар өмірін сарп етуге даяр тұрады. Тәлімге жұтаңдық адамзат баласына жат, білім тіршілік - өмір бұлағы" - деген екен. Еңбек туралы айта келіп, ол еңбек - адамзат тіршілігінің, әрбір жеке адамының, жеке тұлғаның рахаты, көретін қызығы, тыныс тіршілік қоры - деген. Міне, көріп отырғанымыздай сан ғасыр өтсе де Ибн-Сина айтқан тәлімгерлік, ғұламалық өзіндік ілімі мен үлгілі ойы бүгінгі, бұдан кейінгі болашақ ұрпаққа берілген ақ бата, таптырмас тәлімгерлік тағылым. Ол айтқан тәлімгерлер - бүгінгі оқытушы, мұғалім, тәрбиеші-лер. Ендеше, осылардың тәрбиелік, еңбектік, ұстаздық жолының жемісін, кең даңғылының арнасын ашып көрсеткен Орта Азияның дана ғалымы Ибн-Сина.

Ақыл-ойдың құдіретті күшіне кәміл сенген ғалым. Бұлардың екеуі де еңбектің, еңбек тәрбиесінің, жалпы тәрбие тағылымының нәтижесі, жемісі, - деп қарастырады. Еңбегі бардың өнбегі бар қағида, тағылым еңбек үлгісін Ибн-Сина қалдырған тағылым көрінеді. Ұлы Абайдың да тәрбие мен еңбек тағылымдарының Ибн-Синамен сабақтас жерінің бар екенін аңғаруға болады. Мысалы, Абай өмір сүрген тұста қазақ елінің өндіргіш күштері тым мешеу еді. Қазақтың ол кездегі кәсібі мал бағу ғана болды. Сол кезде малы аз кедей мен малы жоқ жалшыда көп болатын. Олардың бәріне бірдей еңбек кәсібі жетіс-пейтін. Бұлардың жалақысы тапқан тағамынан артылмайтын. Бұлардың өте ауыр халін Абай "Қараша желтоқсан мен сол бір екі ай" - деп басталатын өлеңінде реалистік тұрғыда сипаттайды. Ауылда атқаратын еңбек жоқ кедейлер мен жалшыларға Абай: "Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, малың болса сыйламай тұра алмас ел" - деп ақыл береді. Абайдың еңбектің маңызы мен мәнін көрсетуде Әл-Фарабиден кейінгі ғұлама ғалым Ибн-Синаға ниеттестіктен ұстаз тұтқандықтан туған өлеңдер екен. Ибн-Синада жалшылық пен кедейлік Орта Азияны мекендейтін барлық мұсылман еліне тән құбылыс деп одан құтылудың бірден-бірі дұрыс жол еңбек етуде, еңбек бөлінісін жолға қою - деп қинала жазған екен.

Ибн-Синаның даналығы: "Табиғат жер бетіндегі бақыттың, байлықтың көзі. Бұл көзді реттеу, иемдену үшін табиғатты білу керек, ол үшін білім мен таза еңбек қажет деді." Біз Х ғасыр алдында өмір сүрген Ибн Сина еңбек пен еңбектің маңызын, білімін, тәрбиелік тағылы-мын ерен биікке көтергенін көреміз.

6. Фирдауси Әбілқасымның - әлемдік тәлімі

Фирдауси Хорасандағы Табахан мекені, қазіргі Фердаус қаласында дүниеге келген. Парсы-Тәжік халқының ұлы ақыны. Қатардағы шаруа отбасында дүниеге келген. Білімді үйінде алып, парсы, араб тілін, тарихын терең білген. Фирдауси - оның бүркеншік аты, мағынасы "жұмаққа" деген ұғымды аңғартады. Шығармаларын осы есіммен жазған. Ирандағы Сасани әулетіне тән тарихи Хроника жанрында жазылған "Патшалар кітабы" (Хватай наман) негізіндегі мәліметтерге сүйеніп, Фирдаусиге өз "Шаұнамасын" жазуға парсы ақыны Дакини кеңес береді. Дакини бастаған осы ұлы істі әрі қарай жалғастыруды Фирдауси қолға алады. Ол өзіне дейінгі жазба деректерге сүйеніп, әрі өз бетімен көне мифтік мағлұматтар мен эпос-тық аңыздарға, халық санасынан орын алған деректерді, шежірелерді сұрау салып ізденеді. өзі жазған "Шаұнамаға" Сасани әулетінің тарихи хроникасында жоқ Систан елі мен Рүстем жайлы зор аңыз жырларды тыңнан қосады. Рүстем образы кейінен бүкіл әлем әдебиетіндегі ең таңдаулы ұнамды кейіпкер бейнесіне айналып кетті. Фирдаусидің "Шаұнамасы" үш саладан тұрады. 1. Мифо-логиялық - бұл бөлім мифтік, космогониялық аңыздар мен зороастризм дінінің қасиетті кітабы "Авестадағы" кейбір деректерді қамтиды. 2. Ерлік, батырлық бөлімінде Систан батырлары мен Рүстемнің қауармандық істері арнайы жырланады. 3. Тарихи бөлімінде Дари, Ескендір т. б. тарихи адамдар сөз етіледі. Осы саланың бәрінде иран, туран халқының басынан кешкен төрт мың жолдық тарихи оқиғалары тұтастай шығарма желісіне сіңірілген. Дастанда елу патшаның өмір тарихы суреттелгендіктен Фирдауси шығармасының атын "Шаұнама" деп атаған. Шаұнаманың көлемі 110 мың өлең жолдан тұрады. Мұны ақын 35 жыл бойы жазған. Шығарманың көлемі орасан зор болсада, ол бастан аяқ он бір буынды мутакариб өлшемімен жазылған.

"Шаұнама" Еуропаға XVIII ғасырда тарап зерттеле бастады. 1829 жылы Калькутта қаласында ағылшын оқымыстысы Т. Мокан 17 түрлі қолжазба нұсқаға сүйеніп, "Шаұнаманы" төрт том етіп бастырды. 1838-78 жылдар аралығында Француз ғалымы Ж. Молб Парижде 30 түрлі қолжазбаға сүйеніп жарыққа шығарды. 1877-84 жылдары неміс ғалымы И. А. Вуллерс жариялады. XIX ғасырда "Шаұнаманың" бір бөлімін "Рүстем-Зорабаты" орыс ақыны В. А. Жуковский неміс тілінен орыс тіліне аударып бастырды. Фирдаусидің мың жылдық мерей тойына байланысты "Шаұнама, XIII-XIV ғасырдағы қолжазбаның негізімен салыстырылып, 1960-71 жылдар аралығында 9 том болып жарияланды. "Шаұнаманың" өлеңмен, қарасөзбен жазылған нұсқалары Орта Азия мен қазақ елі арасына көп тараған. Қазақ әдебиетінің классигі Абайдан

бастап, кейінгі буын ақындардың (Ораз Молда, Майлықожа, Шәді Төре, Тұрмағанбет т. б.) шығарма-ларында шығыстық сюжеттердің ену дәстүрі молынан кездеседі. Ораз Молда, 1856-70 ж. "Шаунаманың" көлемді үш аудармасын жасады. "Шаунаманы" қазақ тіліне аударуда Тұрмағанбет Ізтілеуов зор еңбек сіңірді. Оның аудармасы үш бөлімнен: ("Жамшид-нама", "Рүстем-Дастаны", "Дарап-нама") және 40 мың өлең жолынан тұрады. Осылардың ішінен "Рүстем-дастан" ғана алғаш рет 1961 жылы жарық көрді.

7. Низами Гәнжауи тағылымы - тәрбие тәлімі

Азербайжан ақыны әрі ойшылы Низами Гәнжауи 1141 жылдар шамасында туған. Еңбектерін парсы тілінде жазған. өз заманы үшін едәуір білім алды. Жас кезінде лирикалық өлеңдер жазып көрді. 1173 жылы Аппақ атты қыпшақ қызына үйленіп, көп өлеңдерін соған арнаған. Низами Гәнжауидың негізгі шығармасы "Хомсе" (Бес кітап). Оған "Құния қазына" (1173-80), "Ләйлі мен Мәжнүн" (1188), "Жеті ару" (1197), және "Ескендірнама" (1203) атты бес дастаны кіреді. Лирикалық өлеңдер жинағының (динаванның) жекеленген бөлімдері 6 қасида, 116 ғазел, 20 рубай сақталған. Низами дастандары композициялық құрылысы, сюжет тартымдылығы көркем тілі, биік гуманистік идеясымен ерекшеленеді. "Құпия қазына" - дидактикалық-философиялық поэма. Ақын онда өкімет басшыларын әділ болуға, қармағындағы халқына қамқорлық жасауға шақырады. Поэма діни сарында жазылғанымен негізінен гуманистік мақсатты көздейді. "Хұсрау мен Шырын" поэмасында Хұсрау Шаұхтың Шырын сұлуға деген махаббаты суреттелген. Шығармада басты кейіпкер ретінде Шаұх емес, әйел бейнесі алынған. Автор Шырынды ғажайып қасиет иесі етіп көрсетеді. Поэмада ерлік пен адамгершілік үлгісі ретінде Фаррұад суреттелген, "Ләйлі-Мәжнүн" поэмасы екі араб аңызының сюжеті негізінде жазылған. "Жеті ару", Баұрам Гоур шау жөніндегі аңызға негізделген. Поэма Баұрам Гурдің жеңіл мінезді Шаұзададан біртіндеп ақылды да әділ патшаға айналуы, жолсыздық пен зұлымдыққа қарсы күресі суреттеледі. Автор халықтың ауыр тұрмысын, қайғылы халін көрсетумен бірге сарай маңындағылардың қорқаулығы мен зұлымдығын әшкерлейді. Соңғы поэма "Ескендірнама" деп аталады. Автор бұл поэмасын өз творчествосының қортын-дысы - деп санайды. Низами Гәнжу творчествосы кейінгі дәуірлерде, шығыстың көптеген ақын-жазушыларына елеулі әсер етті. 13 ғасырдан бастап Низами поэмаларына еліктеп жазылған ондаған шығарма пайда болды. Мысалы, оған Әмір Хұсрау Дехлеун, Ә. Науаи, Ә. Жәми Каши тағы басқалардың дастандарын жатқызуға болады. Низами шығармалары қазақ еліне көптен мәлім. Оның дастандары ерте кездің өзінде-ақ қазақ арасына ауызша және жазбаша түрінде кеңінен таралған. Низами Гәнжауи негізінде Абай "Ескендір" атты поэма жазып, ұлы ақынның идеяларын одан әрі дамыта түсті. Совет өкіметі жылдарында Низами творчествосы Қазақстанға кеңінен тарады. Оның "Ләйлі-Мәжнүн" дастаны қазақ елінде бірнеше кітап болып басылды. Ақын шығармасы жөнінде қазақ ғалымдары М. Әуезов, Е. Исмаилов, А. Нұрқатов т. б. мақалалар жазды.

Низамидың тәрбие тағылымдарында - халықтық тәрбиенің әсерлі құралы ретінде халықтың ауыз әдебиеті мен өз халқының тарихына, жазба әдебиеті мен ана тілі негізгі оқу пәні болуға тиіс деді. Ол өз шығармаларында поэма мен дастандарында - тәрбиенің негізі жалпы адамгершілік деп есептеді. Адамгершілік - ақыл мен еңбек-тің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің жемісі мен нәтижесі деп уағыздады. Жастар махаббатын жырлау арқылы адамгершілік, эстетикалық тәрбиенің негізін салды.

Ғұлама Низами - адамды жетілдірудегі тәрбиенің рөліне ерекше мән берді. Олар ең алдымен өз кездеріндегі ресми педагогикада - айнала ортадағы өзіндік болып жатқан ағартушылық, тәрбие мен оқу процесінің көрініс-теріндегі орын алып келген баланың дами отыра, жетіле алатын мүмкіндіктеріне сенбестік туғызатын көзқарас-тарға қарсы шықты.

Орыстың ұлы ойшылы, сыншы, революцияшыл-демократ, революцияшы-демократиялық педагогиканың негізін салушы В. Т. Белинский - өзінің 1829 жылы жазған "Ойлау" атты тәрбие жөніндегі шығармаларында: "Тәрбие-нің әсерімен адам Сократтай терең ойлы, ізгі жан, Фирдауси мен Низамидей тәрбиенің тегін терең түсінген - ғұлама, тәрбиенің күшімен "Ләйлі мен Мәжнүн" мен "Шаунамадай" ұлы шығарма туғызған ірі тұлғалар туады - деп көрсеткен болатын. Сондай-ақ Белинский бұл ғұламалардың тәрбие тағылымдарын талдай келіп, өмір тағдыры осы тәрбиеге тәуелді, тәрбие адамның бірінші мұраты деп, оның рөлін шетінен асыра бағалады. Мысалы, Низамидің лирикалық шығармалары ғасыр біткен сайын, дәуір өзгерген сайын жаңарып, үлгі ретінде қабылданып келген, кейінгі ғасыр-ларда туған лирикалық поэмалар мен дастандар, "Қызжібек пен Төлеген", "Қозы мен Баян" осы "Ләйлі мен Мәжнүн" негізінде жазылған. Бұл шығарма "Ләйлі мен Мәжнүн" бүкіл Орта Азия мен Қазақстанның Кавказ халықтарының төл туындысына айналып келген.

Низамидың қай шығармасын алсаңыз дене еңбегі, оның ішінде еңбек тәрбиесі адамнан ажырамайтын, адамның күнделікті тіршілігінің негізгі борышы делінеді. Бүгінгі педагогикалық еңбек тәрбиесі туралы ой-жүйесі бостандықты, әйел теңдігін, езгіден құтылу, жеке адамның қол өнершілдігі, кәсіпкерлігі, ауыл шаруашылық еңбегінің салалары, әр түрлі мамандықты меңгерудің қажеттілігі жатыр делінген. Олардың түсінігінше мамандық - жақсы тұрмыс, молайыр өмір сүрудің өзінің бостан-дығын да қорғай алады.

Низамидің "Ләйлі мен Мәжнүндегі" жеке адамдардың бас бостандығы, әсіресе әйел теңдігімен оның бостандығы, жастардың арасындағы арақатынастық пен махаббат тақырыбы - бүгінгі адамгершілік, ақыл-ой, еңбек пен еңбек тәрбиесінің бастауы - негізгі сілемі.

Низамидың тағылымдары, өзі өмір сүрген ортадағы ой-пікірін, бүгінгі тұрғыдан талдасақ, оның шығарма-ларындағы білім мен тәрбиенің бүкіл жүйесінің өзегіндегі принцип-тәрбие мен білімнің халықтығы болуға тиіс. Халыққа деген сүйіспеншілік, бұл сүйіспеншілікті сол халықтың бағыттылығы жолындағы күреспен ажырамас-тай байланыстыру - ғұламалардың артына қалдырған негізгі педагогикалық идеясы еді. Олар бұл үшін өз халқының өмірінен алшақ кетпей алдыңғы қатарлы мәдени қазынаны халық бұқарасының рухани өмірінен азық етуді, сол жолда өмір бойы адал қызмет етуді қатты талап етті. Низами тағылымдарын сұрыптайтын болсақ: өз жерімізден, өз айналамыздан дәуіріміздің алдымызға қойған сұрақтарын сұрыптап алып, сол сұрақтарға қанағат-танарлық толық жауап беру біздің басты міндетіміз - деген тұжырым жасауға болады.

Фирдауси мен Низами мұраларын ғасырдан ғасырға дейін жалғастырып, біздің дәуірімізге - дейін алып келген Жүсіп Баласағұн, Ахмед Яссауи, Әлішер Науай, Омар Хаям, әл Бозажани, әл Бируни, әт Туси, Мақтымқұлы, әбу Бәкір ән Наршау т. б. болды.

Қазақ жеріне таратқан, тұңғыш таныстырған Абай мен Абай мұрасын зерттеушілер болды. Мұхтар Әуезов 1926 жылы жазған "Қаракөз" пьесасын - "Ләйлі Мәжнүн" негізінде жазған. Демек, Фирдауси мен Низами туынды-ларының ауқымы кең - бұлар Кавказ бен Азиядан басталып бүкіл Қиыр Шығыс елдерін қамтыған мол мұра.

8. Мұхаммед Хайдар Дулати тәрбие және еңбек тәрбиесі туралы (1499-1551)

Белгілі тарихшы, әдебиетші, Моғолстан мен Орта Азияға тарихы жөніндегі аса құнды түпнұсқа болып саналатын - "Тарихи Рашидидің", "Джаханнама" дастанының авторы.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың балалық шағы Темір әулеті мемлекеттерінің күйреуі, Моғолстанның ыдырауы және қазақ хандығының өркендеу дәуірімен тұтас келеді. Сұлтан Махмуд хан мен Мұхаммед Шайбани ханның феодалдық соғыстары кезінде, туыстары, оны Кабулдағы Бабырға жібереді. Бабырдың айтуы бойынша Мұхаммед Хайдар Дулати жан-жақты білімді адам болған. Сол кездегі саяси оқиғалар мен қайраткерлерді, сондай-ақ Қазақстан мен Орта Азия, Моғолстанның өткен тарихын, әсіресе халықтың дәстүрін, оқу-ағарту мәселелерін, тәрбие тағылымдарын жақсы білген. Тәрбиені "Бабырнама" негізінде құрды, ең бастысы тарихын, сол дәуірдегі әрбір халықтың ұлт-дәстүрін, қоғамдық-құрылысты, тарихи - тәжірбиені, саяси-ақуалды, ұлттық тәрбиені -халықтық педагогика /ол кездегі ата-бабалық тәрбие деп түсінген/ негізінде жүргізуді уағыздаған.

1541-1546 жылдары Кашмирде "Тарихи Рашидиді" жазды. Ол бұл еңбегінде қазақтардың /өз тайпасы Дулат-тардың/ өткені жайлы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен әңгі-мелер, алғашқы қоғамдағы еңбек процесінің құрылғандығы, феодалдық қоғамдағы таптық тәрбиенің пайда болуы, Моғолдардың аңызы, туралы жырлар, Моғол хандарының әлеуметтік-тәрбиелік үстемдігімен хандардың оқу, тәрбие ісіндегі дара ерекшеліктері, олардың еңбек бөлінісі, дәуірдің тәрбиелік ерекшеліктері қарастырылды. Әсіресе, еңбек, еңбек ету, еңбек тәрбиесі туралы бұрынғы тәжірбиелер мен соңғы деректердің тарихи және тәрбиелік мәні келтірілді/, еңбек парсы тілінде жазылған/. Автор өзінен бұрынғы белгілі ғалымдар - Жувейнидің, Жамал Қаршидің, Рашид ад-дидің, Ходдолла Казвинидің, Шарафаддин Әли Иоздидің, Абдуразақ Самарханидің т/б. тарихи шығармаларын пайдаланды. Олардың әрқайсысының өмір сүрген дәуірінде еңбек ету, еңбек тәрбиесінің қойылысына, еңбектің қоғамдағы орнына талдау жасаған. "Тарихи Рашиди де" қазақ хандығының құрылғаны және одан кейінгі Жетісу мен Дешті қыпшақ-тағы оқиғалар, тарихи тәжірибе мен тәрбие тағылымдары, сол кездегі педагогикалық ой-пікірлердің пайда болуы мен дамуы талданып жазылады. Сондай-ақ, еңбекте Моғолстанның құлауы, феодалдық соғыстар, сыртқы жауға қарсы қазақтар мен қырғыздардың, өзбектермен достастық одағының қалыптасуы мұндағы саяси оқиға-лар, жеке адам санасының қалыптасуындағы тәрбиенің атқаратын ролі жайлы көптеген мағлұматтар келтіріледі.

Мұхаммед Хайдар "Тарихи Рашидиде" еңбек пен еңбек тәрбиесін жеке адамды

қалыптастырумен ұштас-тыра қарастырды ол өзінің дәлелдеулерінде - жеке адамды қалыптастыру еңбек пен еңбек тәрбиесінің нәтижесі дей келіп, "Жеке адам болу дегеніміз - өзін азаматтың адамы ретінде сезіну, сан ғасырлар бойы халық тәжірибесі туғызған рухани мәдениеттің мәңгілік игіліктерін бойына дарытып, осы игіліктерді еңбекке, әлеуметтік мәнді қызметке, қоғам-дық өмірге, адамдар қатынасына, күнделікті тұрмысқа енгізу - дейді. Хайдар - тәрбие адамды ақылдылыққа, адамгершілікке үйретеді, адамгершілік пен ақыл-ой тәрбиесінің алғашқы ұғымдарын енгізді. Сондай-ақ ол өз еңбегінде "Жеке адам болмыстың жаңа формасы жөніндегі өз халқының жасампаз істерін, бұхараның творчествосына белсенді және саналы түрде қатысатын, қоғамға пайдалы болуға деген ішкі қажеттілікті сезінетін адамды айтамыз" деген тұжырым жасады. Хайдар Дулатидың осы пікір-леріне орай Шығыс тарихының докторы, Ленинградтық ғалым - академик Бартольд Василий Владимирович өзінің "Хайдар мырза" - деген еңбегінде былай деп көрсетті. "Хайдар Дулати әл-Фарабидан кейінгі еңбек пен еңбек тәрбиесінің негізін салды, қоғамдағы еңбек пен еңбек тәрбиесі аса құнды да пайдалы категориялар, Хайдар әрбір жеке адамның еңбек тәрбиесі арқылы биікке көтерілуі тиіс екенін дәлелдеп берді.

9. Қадырғали Жалайридің еңбек пен тәрбие тағылымдары (1530-1605)

Орта ғасырдағы қазақтың ғұлама ғалымы Қадыр-ғали Жалаири ана тілімен қатар араб, парсы тілдерін жете игеріп, Шығыстың классикалық озат әдебиеті мен мәдениетін терең білген. Ол Орта Азияның атақты ғалымдарымен теңдес білімдар адамның бірі. "Мен дүние жүзіндегі неше түрлі мемлекеттерді аралаған, әділ үкім, нақыл сөзге қанық көптеген кітаптар оқыған адаммын"- деп жазды ол "Жылнамалар жинағында". Бұл шежіре кітапта ол қазақ жері, оның қалалары т.б. сол кездегі адамдар туралы аса құнды тарихи деректер қалдырды. Ол әсіресе, сол кездегі қазіргі Жетісу жерін мекендеген адамдардың қант қызылшасының өнімін арттырып, бұл өңірді түгел баққан адамдар болған, бұлар нағыз еңбек адамдары деген мәліметтер келтірген. Бұл таза еңбектің жемісі деген. Ол қол еңбегін пайдалы еңбек және халықтық еңбек деп екіге бөлген. өзі өмір сүрген дәуірде қазақ хандарының алдына үлкен талаптар қойған. Хандар халық қамын жесін. Халықтың тек мал бағумен бірге отырықшылықпен айналысып, егін егіп, астық өсіріп жер кәсібімен айналысуын уағыздаған. Халықтың бірлесіп еңбек етуін жақтаған. Ол өзінің шежіре кітабында жер атауларын анықтаған. Еңбектің түрлерін белгілеген.

Шежіре кітабында /термин ретінде/ әрбір руға байланысты еңбектің түрлерін келтірген. Ол еңбек атау-лары, халықтың салт дәстүрін көрсеткен. Олар: адал еңбек, пайдалы еңбек, халықтық еңбек, көпшілік еңбек, бірлестік еңбек т.б. Ол жастардың халықтық еңбекпен айналысуын мақұл көрді. Ол туралы өлең жолдарын арнады.

Халқыңның қамын жесең, таза еңбек ет,
Дәстүрді ұста, көксеген мұратқа жет.
Болашаққа апарар бірақ жол бар,
Білім, еңбек, тәрбие - ол парасат.

Автор "Жылнама" атты еңбегінде Шығыс елдеріне, оның шауарларына шолу жасап, қазақ сахарасын мекен-деген жалайыр, арғын, қыпшақ, қаңлы найман, қоңырат т.б. түркі ру-тайпаларын тарихын анықтап беріп, осы халықтардың дамуындағы тәрбиенің және еңбектің ролін жоғары бағалады. Жастарды әке-шешелері үшін еңбек етуге шақырды, отбасы иесі жастар - деген тұжырым жасады.

Ол үлкендердің кішілерге, жастарға беретін тәрбие-сін "үлкендер ұлағаттылығы" - деп атады. Жастарға тәрбиенің мәнін түсіндірді. Оны ақындық жырға қосты:

Жалындаған ұл өссін,
Тәрбиелі қыз өссін.
Екеуі де өсіп дамысын,
Қалыптассын жаңғырсын,
Бермесін жауға намысын.

Қадырғалидың жастарға арналған осы бір ғұлама-лық, ақындық шумағы оны ғалымның бүгінгі жастарға берген батасы, ұстаздық үлгісі, артына қалдырған тәрбие-лік нақылы деуге болады. Бұл бүгінгі жастарды жаңа адам етіп қалыптастырудың үлгісі, мұнда адамдық намысқа, жауынгерлікке тәрбиелейтін, патриоттық тәрбиенің негізі бар деуге болады.

Ол өзінің "Жами-ат-тауарих" атты еңбегінде еңбектің тәрбиелік мәніне зор баға беруі өте құнды айтыл-ған пікір еді. Ол еңбек адамгершілікке үйретеді, балалар-дың жеке басының дамуын, оның денесінің жетілуін жақсартады. өз түсінігі бойынша Қадырғали еңбек тек жастарды емес, үлкен адамдарды жақсы тұрмыс құруға, тіршілік етуге, материалдық байлыққа жеткізеді деді.

Қадырғалидың үйретуі бойынша, адамның жетіліп қалыптасуы қоғамдық жағдайлардың ықпалымен, қоғам-дағы еңбек бөлінісімен, жеке еңбек пен еңбек тәрбиесін уағыздаушылардың ықпалымен, тәрбие және еңбек тәрбиесі арқылы және адам табиғатында туысынан - дүниеге келумен бірге болатын қасиеттер арқылы қалыптасады. Осының ішінде адамның қалыптасуында еңбек пен еңбек тәрбиесі шешуші рөл атқарады. Демек, Қадырғали ғалым философия ретінде адамның жетілуіне, оның дүниеге келумен бірге болатын, қажетті кейбір адамгершілік, еңбек салаларын, тәрбие салаларын, оны адамның сапалық қасиеттерімен, тәрбиенің күшінен болады - деп мойындады.

10. Әлішер Науаидың тәрбие тағылымдары (1441-1501)

Науаи - өзбек халқының ұлы ақыны, ойшылы, мемлекет қайраткері. Әлішер Науаи 15 жасында түркі және парсы тілдерінде бірдей жазатын белгілі ақын болды. Ғиратта, Мешхедте, Самарқанда оқып, логика, фило-софия, математика пәндерінен мағлұмат алды. өзінен бұрынғы Фирдауси, Низами, Дехлауи, Хорезми, Саиф сарал, замандастары Атаи, Саккакл, Лутфи, Жәми творчествосымен танысты. Оның ағартушылық көзқарас-тарының дамуы Фирдауси мен Низами еңбектерімен танысқан соң пайда бола бастады. 1472 жылдан бастап өз қаржысына мектеп салдырып, 1476 жылдан бастап творчестволық жұмыспен айналысқан. "Жақсылардың тандануы", "Гаууарлар шоғыры", "Құстар тілі", "Көңілдерің сүйгені" атты әдеби-теориялық шығармаларында тәрбие тағылымдары жан-жақты сөз болады. Ал, дидактикалық тұрғыда жазылған "Ғажайып мәжілістер", "Ажал патша-ларының тарихы" атты еңбектерінде ағартушылық көзқарастары айқындалған. Ол философиялық көзқарас-тарын, ағартушылық, педагогикалық көзқарастарымен ұштастырып, өз халқын отырықшылыққа шақырады, отырықшы халықтың оқу-ағарту ісі дамитынын, мәдениетті елге айналатынын тұжырымдаған. Ол тәрбие мәселелерін өзінің "Бес қайрат" - адам, оның ақыл-ой қабілеттері мен тәрбиесі туралы" деген кітабында жазды. Педагогикалық көзқарасын, философиялық көзқараспен ұштастыра отырып, ол барлық адамдар бірдей тең рухани қабілеттіліктен туады, бізді, жеке тұлғаны, жеке адамды адам ететін тек қана тәрбие деді. Тәрбие өз кезегінде еңбектен туындап еңбек тәрбиесінің негізін салады деп ғылыми тұжырым жасады. Науаи өзі өмір сүрген заман-дағы еңбек пен еңбек тәрбиесінің адам төзгісіз ретсіз-дігін әшкерелей отырып, барлық азаматтарға бірдей болатын таза еңбектің болуын, бірдей болатын тәрбиенің, бір текті міндет мақсатын құру қажеттігін айтты. Мұндай тәрбие мен еңбек деді Науаи бүгінгі қоғамды дұрыс жолға салады, оны жағдайлы етеді, бүкіл халықтың, көпшілік азаматтардың тұрмысын жақсартады. Ол тәрбие-нің халықтығын жақтады. Тәрбиенің тең праволығын көкседі. Әлішер Науаи - "Тәрбие арқылы ғана азаматтар, барша халық өздерінің жеке басы мен ұлттық қамқор-лығын ұштастыра білетін патриоттарды тәрбиелейді" - деді.

Әлішер Науаи XV ғасырда жасаған 400 шайырдың творчествосынан мәлімет беретін "ғажайып мәжіліс-тер" атты кітабын жазды. Бұл еңбегінде бұл жазушылар мен ақындардың қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және ағартушылық, тәрбиелік озық ойлы, көзқарастары мен ой-пікірлері, нақты суреттелген, кейінгі ұрпаққа өсиет, тағылым ретінде қалдырған. Оның бұл ой-пікірлері, тәрбиелік тағылымдары, бүкіл шығармалары XV ғасыр-дың өзінде Мауаранахр мен Хорасанда ғана емес, Иран, Азербайжан, Шығыс Түркістан, Үндістан, Мысыр, түркі елдерін, кейіннен Еуропа мен Америка елдеріне кеңінен тараған. Ақын творчествосы, еңбектің қоғамдық пайдалы-лығы, тәрбие туралы ой-пікірлері Шығыс танушы ғалым-дарды, ағартушы педагогтардың творчествосынан кең көрініс тапты

өзі жасаған тәрбиенің халықтық теориясына сүйене отырып, Науаи тәрбиенің мақсаты мен міндетін азаматтарды саналы адамгершілік рухта тәрбиелеу деп белгіледі. Бала тәрбиесінде, тіпті жеке адам тәрбиесінде - жалпы адамға деген сүйіспеншілік бала тәрбиесінде ұштасып жатуы қажет деді. Науаи - тәрбие жеке адам-дардың қоғамдық орнын анықтайды деп тұжырым жасады. Оның еңбектерінде еңбек тәрбиесі адамның еңбек үстінде қалыптасуын, айнала қоғамдық жағдай-лардың ықпалымен және адамның табиғатында туысынан дүниеге келумен болатын қасиеттер арқылы қамтамасыз етеді. Ол еңбектің қоғамдық маңызын анықтады. Жеке адам өзі өмір сүрген ортада немесе белгілі бір қоғамда еңбек даярлығынан өтсе, еңбек оның дене жағынан жетілуін қамтамасыз етеді. Ол адам еңбек арқылы өзінің тыныс-тіршілігін, өмірін қамтамасыз етеді, - деді. өзбек жазушысы М. Айбектің "Науаи романының қазақша аудармасына /1950/ алғы сөз жазған" Мұхтар Әуезов "Науаидың ғұламалығы жеке адамға деген мейірбандығы, адамды қоғамдық деңгейге дейін көтерудегі еңбек пен еңбек тәрбиесін, тәрбиенің адамгершілік, ақыл-ой, саяси бағдарламасын қоғам өмірімен байланыстыра білуі" деген болатын. Сондай-ақ, М. Әуезов "роман образдары еңбек адамдары, сол орта ғасырда Науаи өз елін еңбек етуге, отырықшылыққа егін

егуге, бау-бақшада жұмыс істеуге үйреткен, өзі қолма-қол жұмыс істеген, өзіне сая-бақ құрып алған. Жұртын соған шақырған. Адам өмірі еңбекке негізделуі қажет деген Науаидың үлкен өсиеті деген еді".

Науаидың дәлелдеуінше еңбек - қоғамдық дамудың жемісі. Ол қоғам өміріндегі, адам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамиды. Еңбек тәрбиесі еңбектен туындайды, - деп үлкен көрегендік жасады. Науаи Орта ғасырдағы тәрбие ілімінің негізін салушылардың бірі. өйткені, оның тәрбие тағылымдары тәрбиенің барлық түрін қамтиды. Ал, еңбек тәрбиесі туралы тұжырымдары XIX ғасырға дейінгі ең озық пікір. Еңбек өмірдің құралы деуі соның айғағы. Жас бүлдіршіндерді еңбекке шақырады. "Бақтағы бала" деген өлеңінде:

Көбелекті қуалап,
Бақта жүр бала секіріп,
Зиянкесті түгел жояды,
Қалдырған дақты өшіріп.
Жүзімдерін саялап,
Гүлдерге су құяды.
Бүлдіршінің бұл да еңбегі,
Баққа деген миуалы.
Аралары бақтағы,
Гүл шырынын жияды - дейді, ұлы ақын.

Демек, ол бала тәрбиесінің бастауы еңбек деген тұжырым жасады.

11. Омар Хайямның ағартушылық ой-пікірлері (1040-1123)

Омар Хайям - тәжік және парсы халықтарының Орта ғасырларда өмір сүрген ұлы ғалымы, көреген ойшылы, дарынды ақыны. Сол кездегі, оның ғылыми зерттеулері математика мен астрономияны жаңа сатыға көтерді. Философиялық еңбектері кейінгі ұрпақтардың ой өрісін кеңейтті. Ал, өлеңдері поэзияның жаңа түрін қалыптастырды.

Омар Хайям 1040 жыл шамасында (кейбір деректер бойынша 1048 жылы) туған. Жергілікті медреседе оқып білім алған. Оның негізгі ұстазы Нишауурдың белгілі ғалымы Насыреддин Шайх Мұхаммед Мансур дарынды Хайям өз бетімен де оқып білім алады. Ғалымның жігіттік шағы Балх қаласында өткен, ол онда математика, физика, астрономия, философия, дін негіздері, тарих ілімдерімен шұғылданған, араб тілін еркін меңгеріп шыққан. Одан кейін Самарқанд, Мерв, Исфаған, Рей тағы басқа қалаларда тұрып қызмет істеген.

Математик ғалым Мыңбай Ысқақовтың дәлелдеу-лері мен зерттеулеріне қарағанда Хайям үлкен мате-матик болған. Халық астрономиясының негізін салған. Оның математикадан жазған басты-басты екі еңбегі сақталған, оның бірі - Алгебра мен Әлмүнәбәлс есеп-терінің дәлелдемелері туралы. Екіншісі-Евклид кітабын-дағы қиын тарауларға түсіндірмелер. Алдыңғысында алгебра, соңғысында геометрия мәселелері баяндалады - дейді Мыңбай Ысқақов.

"Қатынастарды құру және оларды зерттеу" туралы кітабында шамалардың рационал және ирроционал қатынастарына сандық өрнек табу жөніндегі әл-Фараби идеясын дамытып, сан ұғымын оң нақты сан ұғымына дейін кеңейту қажеттілігін дәлелдеді. Омар Хайям еңбек-теріндегі жаңалықтарды Насреддин Туси т. б математик-тер қолдап дамытты. Алтын мен Күмістен тұратын заттар-дың мөлшерін анықтау тәсілі туралы трактатында Архимед шешкен физикалық есептерді жетілдірді. Омар Хайям музыка теориясымен де шұғылданды.

Омар Хайям Аристотель мен Ибн Синаның фило-софиялық көзқарасын ұстады. Жаратушыны мойын-дағанымен, өмір-тіршілік құбылыстарының өзара байла-нысатын өз дәуірі үшін материалистік тұрғыда түсін-діреді. Ол философиялық көзқарастарын мына төменгі еңбектерінде тұжырымдады: "Болмыс және Борыш туралы трактат", "Үш сауалға жауап", "Жалпыға ортақ ғылымның пәні жөнінде" т. б. философиялық шығармалары мәлім.

Омар Хайям әлемге әйгілі төрт тағандардың (Рубайдың) авторы ол "өмір мен өлім", "Жақсы мен жаман", " Жастық пен кәрілік", "Қанағат пен озбырлық", "Махаббат пен зұлымдық", "Құштарлық пен тақуалық", парқын төрт жолдан тұратын бір шумақ өлеңге сиғызды. Оның төрт тағандары - адам өмірінің әр қырын, кезеңдерін қамтитын тапқыр да өткір адамгершілік пікірлерге құрылған өрнекті өлең шумақтары мұнда ақынның өмір-тіршілік құбылыстарына қоғамдық-әлеуметтік қатынастарға көз-қарасы айқын көрінеді. Ол жеке бастың азаттығын жырлады, дүниедегі әділетсіздікке қарсылық білдірді, адамды теңдікке, бостандыққа шақырады. Ақын өлең-дерінде шарапатты дәріптеу, сауық-сайран, махаббатты қызықтыру едәуір орын алады.

Омар Хайям өмір сүрген дәуірде айнала ортаны, халықты, оның ұлы адамдарын өз өлеңдерінде және рубай-ларында жырға қосып мадақтады. Адамның ұлылығы тәрбие мен білімге

байланысты - деген ой түйді. Еңбек, еңбек тәрбиесі, білім, жалпы тәрбие адамды ұлы етеді деді. Оны былай жырлады.

"Еңбек, білім, тәрбие
Басын қоссаң мәнді де
Үшеуін бірдей меңгерсең
Жібермес Сені-өлімге!

Үшеуінің мәңгілік категория, тәрбиенің еңбек, адамгер-шілік, еңбек тәрбиесінің бірлікте жүзеге асырылуын уағыздап тұрғандай. Ол өзі өмір сүрген дәуірде өмірдегі байлық пен молшылық тек еңбек арқылы келеді және қалыптасады. Ол еркіндікті аңсап, тәрбиедегі демократиялық бағытты - еркін тәрбиені жақтады. Еркін тәрбие еңбек тәрбиесінің жемісі - деді Омар Хайям. Оның өлеңдерін, бүгінгі педагогикалық тұрғыдан қарасақ адам-ды жан-жақты жетілдіру сарыны басым. Аз сөзбен көп мағына беру, бір шумақ өлең арқылы тәрбиені, бірнеше түрін бір адам бойына енгізу идеясы көрініп тұрады. Мұнысы бейнелеп салыстыру арқылы адамдық, адамгер-шілік, ақылдылық, парасаттылық, мейірбандық элементтері ұштасып жатады. Бұларды молайтып, толық-тырып, жеке адам бойына, тәрбиенің әсіресе еңбек, адамгер-шілік, ақыл-ой, дене, патриоттық тәрбиені батыл енгізуді ұсынды. Ол философиялық көзқарастарында тәрбиені, еңбек тәрбиесін, тұлғаның адамгершілік сапаларын қалып-тастыратын тағылымы артық туынды деген.

Омар Хайямның төрт тағандарын зерттеушілер әр түрлі түсіндіреді. Біреулер мистикалық-софьлық десе, басқалары атеистік сарында ұғады. Дұрысы ол да емес, бұл да емес-деп Омар Хайямның өзі айтқандай, қазіргі оқушы оның өлеңдеріндегі өмірге құштарлықты, ақиқат-қа талпынысты, тіршіліктің мәнін парықтауын, енжарлық пен екі жүзділікті ажуалауын ұнатады. Омар Хайям өлеңдері қалыптасқан композицияның құрылымы бар, лирикалық шығарма. Оның стилі күрделі емес. Аз сөзбен көп мағына беру пернелеп, бейнелеп айту арқылы автор өз ойын еркін жеткізеді. Оның тілі қарапайым да, жаттық. Омар Хайям рубайларының түркі тілдеріне аударылған кейбір шумақтары қазақ оқушыларына ілгеріден таныс болатын. Ақын Қуандық Шаңғытбаев қазақ тіліне аударған 325 рубай 1965 жылы жеке кітап болып шықты. Ол екінші рет "Шығыс Жұлдыздары" 1973 жинағына басылды.

Омар Хайям тұңғыш календарь жасаған ғалым. Календарьдың көптеген түрлері бар, олардың әрқайсының дәлдігі әр түрлі. Тарихты халық жасайтындықтан, календарьды жасаушыда халық болып табылады. Ғұламалар Фараби, Хорезми, Бируни, Ұлықбектің тағы басқалардың календарь жөніндегі еңбектері уақыт есебін жүргізуді бір-талай тәртіпке келтірген. Календарьды түзеушілердің бірі Омар Хайям.

Парсы аңызы бойынша, адам бұдан сегіз мыңдай жыл бұрын, фервердик айының бірі күні жаралған. Ол кезде күн жазғытұрғы күн мен түннің нүктесінде болған. Осы аңызға сүйеніп, парсы Фервердиннің бірін жыл басы етіп есептейді де, оны жаңа жыл күні наурыз деп атайды (Нау-жаңа, Руз-күн деген). Қазақтың наурыз сөзі осыдан шыққан. Күн мен түннің күзгі теңелуін парсылар - "Меурен" деген. Бұдан Қазақтың "Мейрам" сөзі жасалған. Наурыз бен "Мейрам" парсылардың негізгі мейрамдары болған. Парсы ақындары "Ай мен Күн" - аспанның екі көзі деп жырлаған.

Омар Хайямның календары - дүние жүзі халық-тарында болған календарьдың ең жақсысы. Ол 1079 жылғы 15 наурыздан (Хиджра бойынша - 471 жылғы 10 рамазаннан) бастап қолданыла бастады. Сол күні Мәлік Шау жобаны декретпен бекіткен болатын.

Хайям календарының екі ерекшелігі бар. Бірі - оның аса дәлдігі, екіншісі күн қозғалысына негізделуі. Омар Хайям мұрасы математик, астроном, философ, педагог-ұстаз ретінде ұрпақтан ұрпаққа жалғаса береді және ол әрдайым жаңарып толықтырылып отырады.

12. Мақтымқұлының тәрбие тағылымдары

XVIII ғасырда өмір сүрген Түркіменнің классик ақыны. Азади Дәулетмәмбет ақынның баласы. Ол алғаш ауыл мектебінде, кейін Хиуадағы Шерғазы медресесінде оқыған. Орта Азия, Азербайжан, Иран халықтарының ауыз әдебиетінің нұсқаларын жастайынан жатқа білген. Мақтымқұл поэзиясының өзекті тақырыбы - адамгер-шілік және еңбек, еңбек ету, еңбек тәрбиесі. Осы негізде, оның қоғамдық, философиялық, ағартушылық көз-қарастары қалыптасады. өлеңдерінің тәрбиелік мәні ерекше. Ең бастысы өлеңдерінде халықтық бірлікке, татулыққа, бостандыққа, достыққа, еңбекке шақырады. Оған "Ер", "Түркімен", "Болмаса", "Елмекен" атты өлеңдері дәлел. Тәрбие мен білім әрбір адам болмысындағы қазынасы - деп ой түйіп, оны жырлауда қоғамдық деңгейге дейін көтереді. "Бұқара халық", "Туған ел", толғаулары арқылы ағартушылық көзқарастарын философиялық көзқарасымен ұштастырады. Еңбек пен еңбек тәрбиесі әрбір адамды жетілдіреді, қалыптастырады. "Еңбек пен өңбек" алты өлеңінде, еңбектің отбасынан басталатын тәрбиелік мәнін философиялық категорияға дейін көтерген. Адам өмірінің,

оның тұрмыс халінің ахуалы-ның, өзі өмір сүрген XV ғасырдағы жаңару жағдайын, оның жетілуі мен түзелуін еңбектен іздейді. өлеңдерінде еңбекті бірнеше категорияға бөліп, оны төмендегідей жырға қосады.

Оқу, білім - құлпырар еңбекпенен,
Көмкеріп - өнерменен өрнектелген.
Халықтың даналығы, өсиеті,
Еңбектің жемісі сол - өнбек деген.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов 1954 жылы жазған "Орта Азия сапарлары" атты еңбектерінде Мақтымқұлыны Түркімен ақындарының атасы - дей келіп, ол туралы былай деп жазды. "Мақтымқұлы - адамгершіліктің, достықтың, еңбектің ақыны. Ол тек Түркімен ақыны ғана емес, өлең-жырлары, адамгершілікті ең басты биікке көтерген - бүкіл Орта Азияға, тіпті Қиыр Шығыс пен Азияны қамтитын ауқымы кең үлкен поэзия аймағын жасаған тәрбиелік тағылымы үлкен ақын деп көрсеткен". Мақтымқұлының еңбек пен еңбек тәрбиесі туралы жырларының құндылығы сол, оның өміршеңдігі, тәрбиелік мәнінің жоғарлылығы. Тек өз дәуірі үшін емес, оның бүгінгі жастарды жан-жақты етіп, қалыптастыруға үлгі болатындығы.

Сондай-ақ Мақтымқұлы патриот және достықтың ақыны болған. өлеңдерінде халықты бірігуге ру алауыз-дығын жоюға, Иран шахы мен Хиуаны Бұқара Әмірі сияқты басқыншыларға қарсы күреске, ерлікке үндейді. "Керекті", "Ер", "Болмаса", атты өлеңдерінде, ел ішіндегі бек, қазылар, жалқаулық пен тоғышарлықты сынайды. "Егемен", "Түркімен"- өлеңдерін философиялық деңгейде жырлайды. Мұнда танымдық процесс басым әдет, салт хақында жаңа гуманистік бағыт ұстады, қоғамдық мәселелер көтерді. Бұған "Таусонар", "Қарамас", "Кетіп барады", "Болмаса" т. б. жырлары дәлел. Ол өзінің өлең-дерінде халық даналығын, ауыз әдебиетінің үлгілерін жырлаған. Мақтымқұлының өлеңдері халық арасына кең тараған. XVIII ғасырдың өзінде, оның бірсыпыра өлеңдерін Ф. Шопенинг мен Ходзо (1842.), Г. Вамбери (1863) Батыс Еуропада жырлады. Мақтымқұлының шығармалары - таңдамалы өлеңдері, хақында 1947, 1954, 1968 жылдары қазақ тілінде басылып шықты. Оның өлеңдерінің қай қырын алсаңыз достықтың, бостандықтың, адалдық, жоғары парасаттылық пен инабаттылық - эстетикалық талғамда жазылған. Ел ырысын молайту, әл-ауқатын жақсарту, молшылықта өмір сүру - өлеңдерінде бұлар демократиялық бағыт өлшемімен жырланады. Ол патриотизм, гуманизм, ұлы достықты, шынайы интер-национализмді - биік сезіммен жырлады. Бүкіл Орта Азияны жырға қосады. Сондықтан да Ұлы -достықтың ақыны болып қала бермек.

Мақтымқұлы өз қаржысымен мектеп ашады. Ол қоғамдық тәрбиені және мұғалімнің рөлін жоғары бағалады. Мектептегі "еркін еңбекті", балалардың қоғам-дық деңгейдегі еңбекке араласуын уағыздайды. Оны өзінің "Ер түркімен" атты өлеңінде жырлаған. Мақтымқұлының тағылымдық ерекшелігінің бірі, сол кездің өзінде "Жалпы халықтық тәрбие беру идеясын" жақтады. Оны мектептің, басты мақсаттарының бірі - деген педагогтар пікірін қолдады.

Мақтымқұлы балаларға тәлім-тәрбие беріп, ұстамдық көрсететін, үлгілі мұғалімдерді өз өлеңдерінің арқауы етті. Мұғалім өзі тәрбиелейтін балалардың әкесі деп есептеді. Оның ойынша мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол өз шығарма-шылығында "мұғалім ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі - деп мұғалімнің көркем образын, бейнесін жасады. Демек, Мақтымқұлы өз шығармаларымен өзі өмір сүрген ортаның, Әуезовтің сөзімен айтқанда, бүкіл Орта Азия ғұламасы болды. Мақтымқұлы оқушыларды мектеп қабырғасынан бастап ауыл шаруашылығының еңбегіне баулуды уағыздаған педагог-ғалым деседі болғандай, өйткені, ол Түркіменнің экология-лық-экономикалық жағдайында түйе өсіруге, әсіресе, қаракөл қойын өсіруге оның сол XVIII ғасырдағы экономикалық пайдасын тауып, оған жасөспірімдерді, оқушыларды ұдайы қатыстырып отыруды өлең, очерктер дастандар арнап - еңбектің мәнін көтеріп отырған. Ең бастысы ол еңбекке баулу мен еңбек тәрбиесінің жаршысы болған. Бұған "Еңбек ерліктің негізі" және "Еңбек ер атандырады" атты поэмалары дәлел. Бұлар өз кезегінде қазақ тіліне аударылған. Сондай-ақ, Мақтымқұлы өз дәуірінің жыршысы, өзі өмір сүрген кезеңінің ғұламасы, ұлы ойшылы, оның озық пікірі - демократиялық, гуманистік бағытты белгілеп берген - үлкен қайраткер.

5.3 XVII-XVIII ғғ. батыс педагогикасының дамуы

1. Ян Амос Коменский - Еуропа педагогикасының негізін салушы

Ян Амос Коменский 28-наурызда, 1592 жылы Морави қаласында дүниеге келді. Германияда білім алып, 24 жасында ол туыстар общинасының дін қызметшісі міндетін атқарды. 1618 жылы Коменский 240 километрге орналасқан Праганың шығысындағы Фульнекеге келді. Сол жылдары Еуропада протестантизмге қарсы күш - католиктік конитрреформация құрылды. 10 жылдық соғыстан кейін Римдік католиктік дін Моравияда заңды түрде жеңіп билік алды. Жоғары сославия өкілдері Коменскийге соған мүше болып кіру немесе отанын тастап кету ұйғарылған. Коменский соның әсерінен жер аударылып, семьясымен бірге Лешноға келді. Бұл Польшаның белгілі Общиналық орталығы болатын. Осыдан бастап, ол қуғын көріп 42 жыл бойы айдауда жүрді. Отанына қайтып орала алмады. 1656 жылы Лешнода оның қолжазбаларын өртеді. Бұл жылдары ол бала-шағасынан айырылды. өмірінің соңғы кезін ол Амстердамда өткізді. Голландия да ол өзінің көптеген еңбектерін шығаруға мүмкіндік алды. 1657 жылы латын тілінде "Ұлы дидактика" басылды. Я. А. Коменский өмірінің соңғы төрт жылы ішінде -"Адам ісін түзетудің бүкіл-жалпылық Кеңесі" атты еңбегін жариялады.

XVII ғасырда педагогика статус алып, өзінше ғылым болып бөлініп шыққаннан кейін Чехияның ұлы педагогі Я. А. Коменскийдің (1592-1670) беделі және еңбектерімен әрі қарай бекіп, дами түсті. Осы кезден бастап Коменский-дің теориялық ой-пікірлері педагогиканы дамытып, ол күні бүгінге дейін ғылыми маңызын жоғалтқан жоқ. Содан бастап, ол дүниежүзілік аренаға шығып педагогикаға әлем жұртшылығының назарын аударды, қолдау тапты. Коменский дәуірі Еуропада буржуазиялық формацияның үстемдік етіп тұрған кезі болатын, ол соған соқтығысып өзінің философ-гуманист, қоғам-қайраткері, аса көрнекті педагог екенін таныта білді.

XVII ғасырдағы мектептегі білім беру жүйесінің кемшілігін жақсы түсінген Коменский Еуропадағы оқу-ағарту ісін мүлде қайта құрумен айналыса бастады. Ол оқудың жаңа әдістері мен әдістемелігінің қажеттілігін айтып, білім беру жүйесінің, оқудың прогрессивтік жүйесін - оның барлық адамға бірдей және тиімді де түсінікті болуын, өзіне мақсат етіп қойды. Оның дәлелдеуінше - "Балаларды оқыту қажет, біртіндеп қарапайым, элементарлық ұғымдардан күрделіге көшіп отыру педагогикалық талаптардың негізі деп көрсетті. Коменский бастауыш оқуды ана тілінде (тек латын тілінде емес) жүргізуді ұсынды.

Ол тек ақылды адамдар тәрбиелеу емес, жеке тұлғаны түгелдей дамыту оқудың ең басты міндеті - деп есептеді. Тәрбиенің рөлін жоғары бағалаған педагог "Адам тек тәрбие арқылы ғана адам болады", "Адам болу үшін ол білім алуы тиіс", "Білімділер нағыз адам" - деді. "Ілім - нравтылықтың спутнигі" - деді педагог. Оның жүйесінің негізі - ақыл-ой, нравтық, діни тәрбиені жүзеге асыру. Оның айтуынша, ақыл-ой тәрбиесі ақылды еңбектің жемісі. Коменский білім алу тек жастардың ғана міндеті емес, барлық адам оқуы, үйренуі қажет - деді.

Коменский мектепке арнап бірнеше оқулықтар жазды, оның мақсаты балаларға өмірдің тұтас картинасын беру. Оның ғылыми еңбектері, оны бүкіл Еуропаға және жер жүзіне танытты. Ол іс жүзінде оқуды ғылымға айналдырды. Оның педагогикалық әдістері революциялық маңыз алды. Оқуды түбегейлі өзгертті. Коменский педагогика тарихында аса көрнекті орын алды. Оны ғылыми, теориялық маңызын жоғалтқан жоқ. Оның принциптері, әдістері мен әдістемеліктері, оқыту формалары, мысалы, сынып-сабақ жүйесі - педагогиканың теориялық негізі болып сақталып қалды.

Оқытудың жаңа әдісінің қажеттілігі. Коменский дәуірінде мектепте білім беру жүйесі бытыраңқылық күйде болды. Мысалы, ер балалар ғана білім алуға құқықты болды. Алайда кедей отбасының балалары мектепке қабылданбады. Сабақтарда латын әрпімен балалардың басын қатырды. Орта ғасырда көптеген мектептер Католиктік шіркеудің бақы-лауында болды. Шіркеудің қызметі латын тілінде жүргізілді. Мақсат мектепті латын тілінде оқытып дін иелерінің орнын толтыру еді. Педагогтар оқыту мақсаты мен міндетін ешбір ойламады. Жайдан күрделіге көшу ешкім-нің есіне келмеді. Тәртіп қатаң болды. Мектептердегі нравтық климат - ұрып, соғу мақсатын көздеді.

Бұл дәуірдегі мектепті Шотландия ағартушысы Саймон Лори - "Ешбір ойластырылмаған", "Ешбір қызықтырмайтын" деп атады. Ал, Коменский оданда ауыр етіп "Ақыл соғысы" - деп атады. Англияда Фрэнсис Бэкон латын оқуын айыптады, қайтадан жаратылыс пәнін үйретуді ұсынды. Вольфганг Ратке, Иоганн Валентин Андреэ - Германияда т. б. оқу жүйесін өзгертуге өз беттерінше жұмыс істей бастады. Демек, XVII ғасыр азабы - оқуды өзгерту туралы олардың ешқайсы-ның оқу туралы ойларын, ұсыныстарын қабылдамады.

Коменскийдің педагогика туралы алғашқы еңбегі 1630 жылы отбасында тәрбиелейтін аналар мен бала күтетін адамдарға арналды. 1631 жылы "Тілдер мен барлық ғылымдардың ашық есігі" атты еңбегі жарық көрді. Бұл латын тіліндегі оқуға революциялық дәстүрде соққы берген еңбек болды. Кітапта екі колоннаға бөлінген - Чех тілі мен латын тілін салыстыра оқытудың мән-жайы түсіндірілді. Еңбекте латынша оқытудың кемшіліктерін баса көрсетті. Бұл кітаптың құндылығы сонда, ол 16 елдің тіліне аударылды.

Коменскийдің көпке, оқушылар қауымына таныс жұмыстарының бірі - "Картинада бейнеленген әлем заттарының көрінісі" атты еңбегі. Бұл жасөспірімдерге арналған еді. XX ғасырда педагогика профессоры Элвуд Кабберли былай деді. "Бұл кітап Еуропада бастауыш оқуда 150 жыл орнына 200 жыл пайдаланылды, бұған теңдес кітаптың болмағанының куәсі" - деп, жазды. Қазіргі кітаптар мен оқулықтар Коменский еңбектері негізінде иллюстрация-ланып жарық көруде. 1657 жылы Коменский латын тілінде "Ұлы дидактика" атты еңбегін жариялады. Бұл кітап, оны дүние жүзіне танытты. Кітап Коменскийдің педагогикалық жүйесін толық және дәлелді түрде баяндаған шығарма болды.

Я. А. Коменскийдің кейбір педагогикалық принциптері:

Мұғалім материалының көлемі. "Мұғалім материалды қанша, білгенінше үйретуі қажет емес, оны оқушылардың меңгергенінше үйретуі тиіс" - деп көрсетті.

Оқыту әдістері. "Барлық уақытта практикалық, әр кезде қызығатын тартымды, осының нәтижесінде мектепте шын мәнінде өмірдің барлық үлгілерін көрсетіп тамаша шығарма-шылық өнер - бастауы болуы тиіс"

"Жақсы оқу - біреуге жай ғана көмек сияқты болмауы керек, ол аса бір ғанибеттілікпен шын мәнінде білімді меңгеру"-деді Коменский.

"Қабілетті мұғалім деп соларды ғана атауға болады, кім - өте шыдамдылықпен балаға білім бұлағын егетін, қиыншылықпен оны жеңе білетін адамды айтамыз" (Коменский Я. А.)

"Оқыту жай ғана көрсету емес: бір заттың пайдалана-тын орнына байланысты, екінші заттан айырмашылығын, формасын, шығу тегін т. б. кім жақсы айыра, талдай білсе, сол ғана жақсы оқыта алады" (Коменский Я. А.)

Логикалық байланыстар. "Мағынасыз нәрсені қанша айтсаңда, түсіне алмайсың, бағалайда алмайсың, дәлірек айтсақ, оны еске түсіруде мүмкін емес" (Коменский Я. А.)

"Бір бөлшегі жоқ дүние - түсініксізде, материалды талдайда алмайсың, алайда оны есіңе де түсіре алмайсың" (Коменский Я. А.)

Түсіну. "Түсіну көп жағдайда адамдар арасындағы ұғынысқа және қарым-қатынасқа байланысы. Неге, ол кіммен, немен байланысты, қандай жағдайда, қалай бірінен-бірінің айырмашылығы, ұқсастығы неде?"

"өте жақсы айтылған, алғаш рет біз текстіні оқуымыз қажет, демек, оның мазмұнымен танысу үшін, екінші рет - оны түсіну үшін, үшінші рет оны өзінің есінде жаңғырту үшін, төртінші рет біз оны өзімізше қайталауымыз қажет, мақсат оны қалай игергенімізде".

"Оқудың негізі айнала затты және құбылысты таным процесімен байланыстыру, басқалар байқағанда және зат туралы куәлікті жаттаудың қажеті жоқ".

"Құлақ көру мен сөзді байланыстырады - қолменде жалғастырады". Үйрену сыртқы сезім мен ақылдың арақатынасын айқындайды".

2. Джон Локктың педагогикалық ой пікірлері (1632-1704)

Джон Локк ағылшын философы және педагог. Ол өзің "Тәрбие туралы ойлар" атты еңбегінде тәрбиеге көзқарасын айқындайды. Ішкерлік сапасы кең, ауқымды білімімен ұштастыра білген, өзіне-өзі сенген адамының бейнесін жасаған. Манері сыпайы, нравтық жағынан сенімді көрегендер, оның педагогикасының кейіпкерлері осылар. Ол тәрбиенің психологиялық негізіне және нравтылықтың қалыптасуына ерекше назар аударды. Ол баланың туа пайда болатын сапасын жоққа шығарды, ол баланы "Таза тақтаға" (tabula rasa) теңеді, оған жазуға да сызуға да болады. Алайда оған тәрбиенің күшін пайдалану тиімді.

Д. Локк болашақ "көрегендерге" қандай да қолөнермен айналысуды, парфюмер бұйымдарымен, лактаумен, гравир-леумен айналысуды ұсынды. Алайда, ол ғылыми-практика-лық білімдер жүйесіне ерекше көңіл аударды. Оның педагогикалық теориясының негізгі бөлігі өтілетін пәннің мазмұнын талдаумен байланысады. Сондай-ақ, оның практикалық қолданылмалы мәнін аша түскен жөн. Атап айтқанда, оқудың орталығы көрегендер мен білімділер даярлайды.

3. Жан - Жак Руссоның педагогикалық теориясы (1712-1778)

"Болжамалы, болжам! Мен қайталап айта бергім келеді, ешқашан тоқталмаспын, біз сөздің

маңызына ерекше, артық тоқталып жүрміз. Біздің бос сөзділігіміз, құрғақ жаттауымыз, мылжың сөздігіміз, тәрбиеміз - тек мылжыңдар тәрбиелеуге жарап жүр". (Ж. Ж. Руссо).

Педагогикадағы догматизммен, схоластикамен, бос сөзділікпен - XVII ғасырда француз материалистері және ағартушылар Д. Дидро (1713-84), К. Гелвеций (1715-1771), Л. Гольбах (1723-1789), әсіресе Ж. Ж. Руссо (1712-1778), қажымай күрес жүргізді.

Ж. Ж. Руссо баланың табиғатпен байланыста жетілетінін жақтады. Оның пікірінше тәрбие, "Баланың табиғи ерекшелігіне араласпай, оның өсуіне ерік беруі қажет" деді. Оның айнала қызығушылығын, еліктеушілігін, дарындылығын табиғи тұрғыда зерттеуді ұйғарды. Руссо тәрбиедегі қаталдықты (ұрып соғу, зомбылық), сүйіспеншілікпен ұштас-тыруды ұйғарды. Тәрбиедегі жоғары идеалдықты жақтады. Тәрбиешінің қолы, қолөнершінің қолындай, ол оның басының жұмыс істеуі - (ақылы, дарыны, ой-өрісі) сол дәуірдегі философтардан бір кем болмауын уағыздады. Оның теориясы - оқу тәрбие туралы өзінен бұрынғы ілімге негізделіп жасалды. Ең бастысы ол баланың айнала ортаға, өмірге ерекше білім құмарлығының болуын, оның өсуін, дамуын ұдайы мұғалім бақылап отыру тәсілдерін ұсынды. Тәрбие нәтижесі - білімді меңгеру процесінен туындайтынын атап көрсетті. Қолөнермен айналысу, пайдалы заттарды жасау, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысу - бұл таза, адал еңбек жалғасы болып есептеледі. Оның еңбек туралы ойлары прогрессивтік бағыт ұстады.

4. Иоганн Генрих Песталоциидің педагогикалық ой-пікірлері (1746-1827)

"Ой менің сүйікті халқым! Сен, маған жақын, өте жақын тұрсың. Мен сені көріп тұрмын, мен сенің мәдени рухани көтерілуіңе көмектесемін! -деп өзінің алғашқы педагогикалық ойларын осылай түйді.

Швейцария педагогі, демократ, бастауыш оқудың дидактикалық негізін салушылардың бірі. Ол тәрбие табиғаттан туындайтын болуы тиіс, сондықтан тәрбие адам бойындағы табиғат берген рухани және дене күшін баланың сапалық ерекшелігімен, оның жан-жақты талпыныстармен ұштас-тыруы тиіс екенін дәлелдеді. Песталоциидің элементарлық білім беруі ақыл-ой, адамгершілік, дене және еңбек тәрбиесі-мен ұштасып, өзара байланыста адамның гармоникалық дамуын қамтамасыз етуін талап етті.

Еңбек тәрбиесінде, баланы оқытуды Песталоци алдына мақсат етіп қойып, ұзақ мерзімді бала дамуын қамтамасыз ету жолдарын көрсетті. Ол сол кезең үшін басты проблема оқуды өндірістік еңбекпен ұштастыруды шешу мәселесін қойды. Сабақта балалар "білім беру" ертегілерін тыңдасын, ауызша есептеуді үйренсін, бір мезгілде еңбектенсін - деген тұжырым жасады. Ол балалар күнделікті өсімдікті, құсты, жануарларды күтумен айналыссын - деді. Олар кендірді және жүнді өңдеуді үйренсін, өздері тұратын ауылдың айналасындағы үлгілі шаруашылықтарда болсын, басшылармен, шаруашылық иелерімен кездессін, тікелей практикалық іс үйренсін - деді. Балалар еңбек сабақтарында шаруашылықты жүргізуді, есептеуді, сауаттылыққа үйренуі тиіс - деді.

Ол балалар қоғамдастығын ұйымдастырып, оны үлкен еңбек коллективіне дейін көтеру қажеттілігін ұсынды. Тәрбие-тәрбиенушілердің нравтық қалыптасуының қайнар көзі, негізі болуын талап етті.

5. Клод Адриан Гельвецийдің педагогикалық ой-пікірлері (1715-1771)

Гельвеций философ және материалист. Оның даналықтарының негізгілері: "Тәрбие ережесі осындай - талас туғызатын және ешбір анықталмаған күйінде қала бермек, егер оны қандайда болмасын белгілі бір мақсатқа тұрақты да тұтас күйге бағыттамаса".

Олар: "Асқан бір қоғамдық игілік, ерекше қанағат-танарлық рухани дүние, адамдар санасының көбейіп, олардың айтарлықтай бағытқа ие болуы".

"Егер мен адамдар өз тәжірибесінің жемісі, оның нағыз шындық екенін дәлелдеген болсам, онда мен ешбір күмәнсіз, халық алдына ұлы шындықтың бетін ашқан болар едім".

"Тәрбие, ең бастысы біздің жүрегіміз шашқан жылуын жеткізе білсе, ол қоғамға және жеке тұлғалар үшін пайдалыда, күнделікті әдетпен дағдыға айналар еді".

"Тәрбие құдіретін дәлелдеудің ең күшті құралы - ол біз тұрақты бақылап жүрген әр түрлі тәрбиенің өзара байланысы және олардың әртүрлі жемісімен қортындысы".

"Тәрбие шырқау шыңына жеткізген болса, алайда, кейде ойлап ой жеткізе алмайсың, демек, барлық адамдардан, олардың арасынан асқан дана адамдар дараланып шықса, олар тәрбиені тез қабылдайтын ерекше құдіретті адамдар болса, соған жетсек". Тәрбиенің көмегімен

адамдар арасында жарыс ұйымдастыруға болар еді, оларды көңіл аударуға белгілі бір ұғымға назар аудара білсе, оларды гуманистік-үлкен жүректілікке жүрек жылуын шаша білуге тәрбилесек, ақылын шындық үшін жұмсауға арнай алатын, барлық адамдарды асқан дана, ержүрек болмасада, кем дегенде, пікірі дұрыс, жоғары саналы адамдар тәрбиелеп өсірсек". Тіпті болмаса тәрбие ғылымын жетілдіру сатысына көтере білсек, оғанда ризашылық жасар едік, халқымыз, осыған ұқсас адамдардан тұрса және құралса, онда ешбір таласыз, әлемдегі бірінші халық - деп айтуға әбден болады".

"Қазір, біз тұрып жатқан өмірдегі басқару формалары - біздің тәрбиеміздің бөлігін құрайды".

"Әрбір елде адамды қалыптасытру өнері көп жағдайда, басқару формасына тығыз байланысты, алайда, қандайда бір, қоғамдық тәрбиедегі өзгерістер, мемлекеттік құрылыстың өзін өзгертпейінше болуы мүмкін емес".

"Мен әлі де оқуды, үйренуді жалғастырамын, менің тәрбием әлі толастаған жоқ. Ол сонда ғана тоқтайды. Сонда ғана, оған менің қабілетім жетпеген күні мен дүниеден өткеннен кейін, менің барлық өмірім сол, ол - дәлірек айтсам, ұзақ ғұмырлы тәрбие".

6. Адольф Дистервегтің тәрбие туралы ойлары (1790-1866)

Неміс педагогі "Адам алған тәрбие, өз мақсатына сонда ғана жетеді және біткен болып есептеледі, оның күшін және еркін билеп, өзі әрі қарайғы өмірінде туындатып, жаңартып жинай білсе және оның әдісімен құралын меңгере білсе, осылай айнала ортамен дұрыс қарым-қатынас жасай білсе, міне тәрбие күші осында" (А. Дистервег, таңдаулы педагогикалық шығармалары. -М., 1956, 118 -бет).

"Нағыз тәрбие - дамудың табиғатқа ұқсас түрін және оның күнделікті өсіп-жетілуіне ұдайы ұмтылады". Егер талант ерте оянса немесе шамадан тыс шаршаса соның салдарынан, оның қызметімен іс-қимылы әлсірей бастайды немесе мезгілсіз тоқтайды. Егер талант, кеш оянса, ол қандай қабілетті болса да, ешқашан ойлаған мақсатына жете алмайды". "Тым ерте" және "Тым кеш" - бәрібір екеуі де тәрбие үшін зиянды сөздер.

"Одан не пайда? егер тәрбие бізді бұзатын болса, қажеті сол бізді жақсылыққа бағыттап, оған жеткізсе".

7. Мишель Монтень және Джон Дьюйдің тәрбие мен оқу туралы ойлары (1533-1592)

Аса көрнекті француз ойшылы, философиялық скептицизмнің оның адам танымының шамасы және оның көптеген жағдайларға байланыстылығын жақтайтын өкілдерінің бірі.

Орта ғасырдағы схоластикалық ғылымның қарсылас-тарының бірі ретінде ол өзінің барлық күшін, шіркеулік әдет-ғұрыптарға жұмсаған, ат төбеліндей топты әшкерледі. Монтень (философиядағы) заттың өзін, одан пайда болатын мән мен мазмұнды зерттеп, тәжірибелі ғылым үшін күресті. Осыдан келіп, Монтеннің педагогикалық көзқарастары өсіп қалыптасты. Ол ұдайы дамытын білім беруді жақтады. Оның түсінігінше мұндай білім - есті механикалық жаттаулар-мен шырмамайды, ойлаудың өз бетінше түрін дамытып, сындық талдауға мүмкіндік береді. Ол мұндай ойға-гуманитарлық және жаратылыстану пәндерін зерттеу арқылы жетті.

Монтеннің дәлелдеуінше, тәрбие баланың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді, ол теориялық білім дене жаттығуларымен толығады, оның эстетикалық талғамын арттырады, жоғары адамгершілікке баулиды.

8. Джон Дьюи (1859-1912)

Америка философы, прагматизмнің өкілі, ірі әлеумет-танушы және педагог. XIX ғасырдың соңында сол дәуірдегі мектепке үстемдік еткен, формализм мен догматизмге қарсы шығып, жаңа мектеп ашу идеясын ұсынды. Бұл мектептер оқушылардың жеке тәрбиесі және олардың өз бетінше қызығушылығы негізінде жұмысын бастап, оларға қажетті білімді ойын және еңбек іс-әрекеті процесінде алатын болады - деп көрсетті.

Дьюидың 90 жылдардағы (өткен ғасырда) сол кездегі дәстүрлік әдістерді сынауды және бастауыш мектептердегі оқу жұмысын ұйымдастыру туралы ойлары, сол кезең үшін пайдалы болды. Алайда, оның идеяларының АҚШ-тың элементарлық мектептерінің практикасына көптеп ендірілуі және тағы басқа елдерге қолданылуы, оған сол үшін оқудың жүйелілігін төмендетіп және оның ғылымилығын бұзады деген айып тағылды. Сөйтіп, IX ғасырдың екінші жартысын-дағы Дьюидың прагматикалық педагогикасы үлкен сынға ұшырады. XX ғасырдың басында Дьюи өзінің прагматикалық философиясы және педагогикасы негізінде "Тәрбие дегеніміз - балалар тәрбиесінің таратылуы және түрлендірілуі" деген идеясын ұсынды. Жалпы алғанда, ол балалардың жеке тәрбиесінің жинақталуын, оқушылардың ғылыми білімді жүйелі меңгеруінен

жоғары қояды.

5.4 Орыс және кеңес педагогтарының көзқарастары

Орыс педагогикасында тәрбие туралы ой-пікірлер мен қолданылмалы идеялар тез қалыптасты. Ерте заман-ның өзінде Руста мектептер ашылды. 1030 жылдың өзінде Новгородта 300 балалық мектеп ашылғаны ел жадында. XII ғасырдағы "Князь Владимир Мономахтың балаларды үйретуі" атты педагогикалық трактаты, өз кезінде кеңінен тарағаны белгілі. Бұл трактатта - өз Отаныңды сүю және қорғау туралы, адамдарға көмек көрсету және қайырым-дылық құрметті болу және үлкендерге, құрдастарға, жасөспірімдерге сыйлы болу, сауаттылыққа ынталылық-пен жету т. б. озық ойлар басым болды.

XVII ғасырда Елифаний Славинецкий және Симеон Полоцкий тәрбие мәселелерін жасады және қарастырды.

Орыстың педагогикалық ойының дамуына М. В. Ломоносов үлкен үлес қосты. Ол "Риторика", "Россия грамматикасы" т. б. бірнеше оқу кітаптарын жазды. Россия педагогикасына өлшеусіз із қалдырған Н. И. Новиков болды. Ол "Жүрек және ақыл үшін балалар кітабы" атты Россияда бірінші рет журнал шығарды.

Орыстың ағартушысы демократтары, философтар және жазушылары - В. Т. Белинский, А. Н. Герцен, Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов еңбектері көпке танымал. Л. Н. Толстойдың көрегендік идеяларын бүкіл жер жүзі мойындады. Н. И. Пирогов еңбектері мектепте ұдайы оқытылып келеді. Бұлар сословиялық мектептерді сынады, халықтың тәрбиесін қайта өзгерту ұрандарын көтерді.

Ұлы орыс педагогы К. Д. Ушинский (1792-1870)

К. Д. Ушинский есімі XIX ғасырдың екінші жарты-сындағы орыс ағарту-ісінің көрнекті қайраткерлерінің қатарынан бірінші орын алады. Ол Россиядағы педагогика ғылымының және орыс халық мектебінің іргетасын қалаушылардың бірі. Оның "Балалар әлемі", "Ана тілі", "Педагогикалық антропология" атты еңбектері балалар мен мұғалімдер үшін таптырмайтын, қайталанбас, орыс-тың педагогикалық әдебиетінің алтын қорына қосылған туындылар. Сондай-ақ, педагогика ғылымы саласынан шетелге тұңғыш танылған еңбектер болды.

Ушинскийдің педагогикалық жүйесінде оқудың принциптері мен мақсаттары, тәрбиенің мәні мен маңызы көрнекті орын алады. Ол қарапайым, заңдылық-парадоксті қамтитын тәрбие, егер ол адамға бақыт сыйлағысы келсе, онда ол бақыт үшін тәрбиелемей, өмірге және еңбекке баулу керек. "Тәрбиені жетілдіре отырып, адамдардың дене, ақыл-ой, нравтық күшін белгілі деңгейден әрі жалғастырып - көтеріп тастауы мүмкін" - деп жазды. Қалай болса да, адамда және тәрбиенің жоғарғы мұраты, тағы да бір ерекше күш тауып, межелі мақсатқа жетуге жол табуы тиіс"-деп көрсетті.

К. Д. Ушинский мектептегі қоғамдық тәрбиенің орталығы, ол мұның ең маңызды тұлғасы мұғалім деп бағалайды. Білім берумен тәрбие ісі көптеген жағдайларға байланысты деген. Олар: мектептің өзінің ішкі жағдайы, мектепте қалыптасқан дәстүрлермен тәртіптер, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдары т. б. Ал, осылардың ішіндегі ең негізгісі - мұғалім, оқу мен тәрбие сол мұғалімнің сапалы сабағына байланысты болады деген. Осы жағдайды ескерте келе Ушинский былай деген: "Тәрбиеде барлығыда тәрбиешінің жеке басына негізделуі тиіс ... Ешқандай жарғы және бағдарлама, ешқандай оқу орнының жасанды орта-лығы, қаншалықты жетілдірілгенімен, тәрбие ісінде жеке тұлғаны, мұғалімді алмастыра алмақ емес, тәрбиешінің тәрбиеленуші әсерінсіз мінез-құлыққа сіңерліктей шын тәрбие беру мүмкін емес."

Оқытудың дидактикалық негіздері

Дидактика және әдістеме мәселелері К. Д. Ушинский еңбектерінде көркем орын алады. Бұл мәселелер оның "Адам тәрбиесі", "Н. И. Пироговтың шығармалары", "Ана тілін оқытуға басшылық", "Швейцарияға педагогикалық саяхат" атты шығармаларында кең түрде баяндалды.

1. Ушинский оқудың тәрбиелік сипатта болу принципіне ерекше мән берді. Оқуды ол "Теорияның негізгі құралы" деп бағалады. Сондықтан оқу тәрбиелік ерекшелікте болуға тиіс. Ушинский сабақта әрбір оқытушы балаға деректерді ғана ұсына бермей, мақсатты түрде олардың ақыл-ойында, адамгершілігін де дамытатындай етіп ұйымдастырылуды талап етті.

2. Ушинский оқудағы баланың саналылығы мен белсенділігі оқу процесін ұйымдастырудағы негізгі және жетекші принциптердің бірі деп бағалаған. Оқу ісінің сапалы құрылуы оқу процесін белсенді ететіндігінде, бүкіл оқу процесінде бала белсенділігін тудыратындай ол түсінді де сенді. Сондықтан оқудағы баланың саналылығы мен белсенділігі бір-бірінен бөлінбейді - деп есептеледі.

3. Ушинский оқытудағы көрнекілік принципінің көптеген мәселелеріне жаңаша талдау жасаған, бұл принципті жаңа сатыға көтерген. Оқытудағы көрнекілік - Ушинскийдің дәлелдеуінше, оқуды жалпы ұғымдарға емес, нақты факторларға, нақты образдарға негіздеу. Көрнекілік әдісімен оқу - оқушыларды өз бетінше байқауға, үйретуге негізделеді.

К. Д. Ушинский көрнекілік мәселесіндегі оқытудың көрнекілігі мен жолдарын тұңғыш рет анықтады. Бастауыш мектептердегі көрнекіліктің әдістемесін жасады.

Ушинскийдің ескеруінше бала табиғаты үнемі көрне-кілікті талап етіп отырады. Сондықтан, көрнекі құралмен оқытуды баланың ерте жасынан бастау керек - деген. Ушинский көрнекіліктің бастапқы оқуда көбінесе сөзбен байланысты болуын талап етті, себебі сол арқылы баланың ойлай білуді де, тілі де дамиды.

Ушинский оқыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі жолы кластағы сабақ жүйесі деп білді және осы жүйе үшін күресті. Ушинский еңбектерінде ретті, дұрыс ұйымдас-тырылған жақсы сабақтың негізгі белгілері анықталды. Олар: сабақтың негізгі мазмұны мен деректерін білдіріп отыру, бұрынғы тиянақты меңгерілген білімдерге іштей байланысты түрде жаңа ойларды, ұғымдар мен деректерді ендіру, білімдердің байланыстарын ескеру, оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен белсенділігін арттыру, өтіліп жатқан тақырыпты оқушылардың терең меңгеруін ойластыру, саналы тәртіп пен реттіліктің болуы т. б.

К. Д. Ушинский оқу процесін сапалы ұйымдастырудың басты шарты-әдістемелік шеберлікте, ал әдістемелік шеберлік әр түрлі оқыту әдістеріне байланысты деп есептеді. Ол мынадай негізгі оқыту әдістерін ұсынды: түсіндіріп оқыту, оқытушы-ның әңгімесі, бақылай әңгімелесу, әр түрлі жаттығулар (ауызша, графикалық, жазбаша).

Әрбір сабақтың сапалы болуы - мұғалімнің бүкіл сынып бойынша жұмыс істей білуінде, әрбір оқушының зейінін сабаққа жұмылдыра білу шеберлігінде деді - Ушинский. Бұл туралы ол былай деді - "өз сабағына барлық оқушыларды тарта білуі мұғалім ісінің көрнекілігі".

Н. К. Крупскаяның педагогикалық теориясы (1870-1939)

Кеңестік оқу-ағарту жүйесінің негізін салушылардың бірі. Халық ағарту туралы алғашқы декретті жасаған - педагог. Педагогиканың басты проблемасы - тәрбиенің негіздерін және политехникалық оқуды, білім мазмұнын, жас ерекше-лік педагогикасын, коллективке тәрбиелеу мәселелерін т. б. тұңғыш рет шешкен Н. К. Крупская болды.

Педагогика тарихында тұңғыш рет бірыңғай мектеп жүйесін ұсына отырып, педагогика тек тәрбие мәселелерін шешпей, оның мазмұнын талдап ғана қоймай, оның түбегейлі проблемалары халықтың оқу-ағарту ісін ғылыми негізде жүргізудің жолдарын көрсетіп берді. Жас ұрпақты жоғары адамгершілік рухта тәрбиелеу проблемаларын шешу жолдарын ұсынды. Үлкендер тәрбиесін насихаттау, тәрбиенің ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы тарихи дамудың негізі - деген қағиданы көтерді, оны тәрбиенің арқауы етті.

Крупская - оқытудың мазмұны мен методикасы туралы. Н. К. Крупская мектеп оқуының мазмұнын анықтай келе еңбекшілердің өмірлік тілек-талаптарынан тыс мектептің тұра алмайтындығын ескертті. Крупскаяның дәлелдеуінше білім беру мазмұны жасөспірімдерді күн-делікті өмірге қажетті практикалық әрекетке даярлауды көздеуі тиіс.

Крупская мұғалімдердің Бүкіл одақтық бірінші съезінде сөйлеген сөзінде мектеп беретін білім шаруа-шылықтың талаптарымен байланысты болу міндетін көрсетті. Оқыту мазмұны мектептен кейінгі өмірге жол сілтеуі тиіс екендігін, оқушыға белгілі бір мамандықты таңдауға көмектесу қажеттілігін атап айтты. Н. К. Крупская оқу процесіндегі теорияның практикамен тығыз байланысты-лығы оқушылардың оқу материалын терең және тиянақты түрде меңгеруінің де ең тиімді жолы - деген тұжырымының маңызы ерекше.

Оқу пәндері арасындағы тығыз байланыстылықты қызу қуаттай отырып, оны материалистік көзқарасты қалыптастырудың қажетті жолдарының бірі деп санаған да Н. К. Крупская болатын.

Н. К. Крупская жеке пәндердің арасындағы тығыз байланыстылық политехникалық білім берудегі маңызын ашты. Ол жаратылыс тану сабақтары материалистік көзқарасты қалыптастырып, еңбек тәрбиесін беруде үлкен рөл атқарса, әдебиет сабақтарының патриотизм, гуманизм сезімдерін тәрбиелеуде зор мән барын атап көрсетті. Н. К. Крупская оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмыстарын ұйымдастыруды, практикалық жұмыстар жүргізуді, өндіріске, табиғатқа, музейлерге экскурсиялар ұйымдастыруды айырықша атап көрсетті. Н. К. Крупская үйге тапсырма беру мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Класқа жалпы берілетін тапсырмамен қатар балаларға жеке-жеке тапсырма берудің қажеттілігін айтты. Қандай жағдайда болмасын тапсырманың шамадан тыс болмауын талап етті. Мұғалім шеберлігін талап етті, өз пәнін жете

меңгерген мұғалім ғана сапалы білім береді - деді. Оқытылатын материалды, негізгі мәселені ашып көрсету, оның өмірдегі мәнін айқындау, оқушыларды сабақ үстінде ойлануға, балалардың сезіміне әсер ету мұғалімнен шеберлікті талап етеді. Сондықтан, мұғалім өз білімін толықтырумен қатар, шеберлігін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті. Крупская мұғалімнің жұмысын жоғары бағалай келіп, ауыл-село мұғалімдерінің еңбегін ерекше құрметтеді.

А. С. Макаренконың қызметі мен еңбектері (1889-1939)

"Педагогикалық поэма", "Мұнара үстіндегі ту", "Ата-аналар кітабы" т. б. еңбектердің авторы. Тәрбие теориясын ұжымдарда және ұжым арқылы жасап, іске асырды. Ол балалар ұжымын, педагогикалық басқарудың принциптерін ұсынды. Еңбек тәрбиесінің әдістемелігін жасау баланы отбасында тәрбиелеу және саналы тәртіп қалыптастыру проблемаларын зерттеді.

"Балаларды тәрбиелеу туралы лекциялары", балаларды отбасында тәрбиелеу жөніндегі өте маңызды ғылыми және көркем әдебиет болып есептеледі. Бұл еңбектер ата-аналар арасында жүргізілетін педагогикалық үгіт жұмысынан бастап, оны өрістетуге және бүкіл тәрбие жұмысының құлаш жаюында ерекше рөл атқарады. Отбасы үлкен, аса жауапты жұмыс, бұл жұмысты, ата-аналар басқарады, бұл үшін адам қоғам алдында, өз бақыты және балалары алдында жауап береді"- деді Макаренко. Ол жеке тұлғаны дамыту, оның қоғамдық рөлі туралы көптеген жұмыс істеген педагог.

Оның айтуынша "Жеке тұлғаны дамытудың жолдары - ұжымшылдық, еңбек сүйгіштік, жоғары адамгершілік, биік саналылықты, осыларды тұтас, жиынтық негізінде жүргізу" - деді А. С. Макаренко.

В. А. Сухомлинский мен В. Ф. Шаталовтың өмірі мен қызметі (1918-1975)

В. А. Сухомлинский "Жастарды адамгершілікке" тәрбиелеудің проблемаларын" зерттеді. Сухомлинский еңбектері басты да күрделі міндеттерді шешу - барлық жастарға орта білім беруге арналған. Педагогиканың мұндай күрделі де маңызды міндеттері - комплексті түрде, мектеп практикасы арқылы, мектептің қазіргі жағдайына байланысты шешіліп, нәтижесі тез арада тарап кетті. Ол халықтық педагогиканың үлгісіне сүйенеді. Ол халықты нағыз тірі құрал ретінде педагогикалық даналықтың көзіне айналдыра отырып зерттеді.

Білім беру мен оқыту органикалық талдаудың көзі, дамыған сезім мен ақылдың бірлігі, халық пен адамның үзіліссіз білім алуының қалыптасқан сұранысы. Сухомлинский өзінің көптеген еңбектерінде ең маңызды ой-пікірі - педагогтың мынадай екі мәселені шешуіне арналады. Біріншіден, оқушыларға білім қорын жинақтауға мүмкіндік беру. Екіншіден, оқушыларды ұдайы, барлық өмір бойы өз білімін толықтырып отыруға әсіресе, адамзат мәдениетінің қазынасын тиімді пайдалануға үйрету. Оның айтуынша, білім беру творчестволық процесс - адамның, жеке тұлғаның қалыптасуы өмірлік толастамайтын ағынды, тасқынды процесс. Оқыту, білім беру, тәрбие бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып, кезекпе-кезек жалғасып отыратын тарихи процесс. Сухомлинский: "Адам білім арқылы жұмыс істеуге үйренуі - адамгершіліктің ең жоғарғы мұраты" - деп тұжырымдады.

Қазіргі Россияда кәсіптік даярлыққа асқан қызығушы-лықпен талаптар қойылуда. Жаңа типті оқу орындары ашылып, оған жаңа оқу-құралдары жасалуда, гимназиялар, колледждер, лицейлер, жоғары кәсіптік училищелер, жекелей кәсіптік авторлық мектептер ашылып өз концепциясын жасау үстінде. Инженерлік - педагогикалық институттар, индустриальдық-педагогикалық техникумдар, педагогикалық колледждер көптеп ашылуда. Кәсіптік білім беру ұдайы дамуда. Бұл басқа ғылымдар мен ұдайы байланыста дамып, білім берудің комплексті жүйесін іске асыруда, жаңа теория мен концепция жасауда, мұның барлығы практикада сыналуда үстінде.

В. Ф. Шаталов - Донецк мұғалімі.

Бүкіл Жер жүзіне белгілі педагог ғалым, жазушы. Шаталов педагогикалық процестің мақсаты - барлығын оқытып, барлығына берік білім беру (барлық балалар талантты болу), оның ұраны - білім барлығына. Педагогикалық процестің басты принципі - ашық болашақ. Мінез, орындалған жұмыс үшін, оған ешқандай көмек болмаса, оған "бестік" баға қойылатыны даусыз. Басқа принциптері материалды бірнеше рет қайталау, аса биік теориялық даярлық оқудың жоғарғы типі және уақыт үнемділігін сақтау. Мұның барлығын сақтау - өмір, мектеп ұраны. Сапалы білім, саналы тәртіп.

В. Ф. Шаталов педагогикасы - оқушылардың ойлау іс-әрекетіне, психологиялық тірек жасайды. Ол оқу про-цесіндегі үлгерім, сапалы сабақ, тұрақты білім беруге негізделеді. Шаталов

оқу материалын мүлде қайта қарап толықтырады. Ол одан ірі блок жасады. Көп қайталаудан бұл блоктар "ықшамдалады" және "жинақталады". Оқу материалы схемаға түсіріледі, конспект жасалады.

В. Ф. Шаталов қолданған әртүрлі әдістер: түсіндіру, тірек конспектiлер (сигналдар), символдар, дыбыстандыру, оқулықпен жұмыстау, тіректі сигналдарды жазбаша қайта жаңғырту, өзара бақылау қағаздарын толтыру т. б. Оқудың мазмұнын байланыстыру және бұл әдісті бір тұтас педагогикалық процеске пайдалану жаңашылдардың оқушылардың танымдық іс-қимылын сатылы түрде дамуын қамтамасыз етеді. Бұл туралы В. Ф. Шаталов өзі былай деп жазды: "Бірінші саты - көпсалалы, білімдарлықпен - жүйелі, эмоциональды түрде таңдаған параграфты мұғалімнің сабақты түсіндіруі. Екінші саты - тірек плакаттары бойынша, оқу материалдарын түсіндіру, дауыстап оқыту, негізгі ұғымдарды әртүрлі символдардың көмегімен, кодты шешу арқылы түсіндіру және олардың өзара логикалық байланысын анықтау. үшінші саты, тірек сигналын үйрену, сол арқылы әрбір оқушы үйренеді және альбомдарына жапсырады. Төртінші саты - оқулықпен және үй жағдайында - тірек сигналдарының беттерімен жұмыс істеу. Бесінші саты - келесі сабақта тірек сигналдарын жазбаша еске түсіру. Алтыншы саты - тірек сигналдары бойынша жауап қайтару (жазбаша және ауызша жай дыбыспен, магнитофонды өзара бақылау қағаздары бойынша т. б.) Жетінші саты - бұрын өткен материалды тереңдету және жай қайталау.

5.5 Қазақстан педагогтарының еңбектері мен ой-пікірлерінің қалыптасуы және дамуы

Шоқан Уәлиханов - ғалым, ағартушы (1835-1865)

Тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеушісі, археолог, этнограф, саяхатшы, ағарту-шы-демократ. Құсмұрын бекінісінде (Көкшетау облысы), Абылайханның немересі, қазақтың сұлтаны Шыңғыс Уәлихановтың отбасында дүниеге келген. Ауыл мектебінде оқыған, кадет корпусын бітірген (1853). Батыс Сібір Генерал -губернаторында әскерлік қызмет атқарған. Орта Азия мен Қытайға жасалған бірнеше экспедицияға қатысқан. 1859-1862 ж.ж. Петербургке барған кездерінде А. Щапов пен Т. Елисеев т. б. тобындағы, тәрбиесіндегі демократиялық бағыттағы интелегенциямен араласады. Н. Г. Чернышевскийдің "Современник" және А. И. Герценнің "Колоколымен" танысады. Ғылым Академиясының және орыстың география-лық қоғамының жұмысына белсене араласады.

Шоқан Уәлиханов мұсылман дін басшылары халық ағарту ісін өз қолына алғанын, мектептер мен медреселер құнды оқушыларға құрғақ жаттататынын, оның маңызын түсінбей-тінін, сол кезең үшін, оның ешбір пайдасыз екенін қатты сынады. Қазақтардың білім сипатының, оның мәнділігі мен маңызын, сол кезең үшін гумандық, халықтық - деп түсінген Шоқан, білім мен оқу ғана қазақтарды әлеуметтік-әділетті күреске жұмылдырады, тек білім мен оқу көшпенділерді қоғамдық прогресс пен еркін дамуға жол көрсетеді - деген үлкен гуманистік ой-пікірде болды.

Шоқанның көзқарастары материалистік бағыт ұстады. Психологияны, оның ішінде этнопсихологияны, оның этнопсихологияның табиғатын түсінуі, оның әртүрлі факторларын толықтыруы соны көрсетеді. Орта Азия, Қазақстан мен Шығыс Түркістан халқының психологиялық ерекшелігі туралы мәселені Ш. Уәлиханов жалпы мәдениетті дамыту және "халықтық рухты" қайта ояту проблемаларымен берік байланыста етіп шешуге тырысты. Ғалым Шоқан халық мінезінің сипатын, оның пайда болуын көп жоспарлы, сан қилы мақсатта қарастырды. Сөйтіп, ол өзінің көптеген шығармаларында халық тұрмысын, әдет-ғұрпын, тілін, өзара қарым-қатынасын, дінін, оның әрқайсының ерекшелігін асқан дәлдікпен талдау жасады.

Ш. Уәлихановтың оқу-ағарту қажеттілігі туралы ойы, ғылым халықты дамытатынын, олардан оқу-тәрбиедегі маңызды жол ұрпақ тәрбиесінің бастауы екенін дәлелдеуі, оның прогрессивтік көзқарастарының ерекшеліктерін көрсете отырып, Қазақстандағы қоғамдық ойдың дамуына айтарлық-тай әсер ететінін дәлелдейді.

Ғалымның шығыс, батыс халықтарының көптеген тілдерін білуі әр түрлі қайнар көздерге сүйене отырып, көне жазбаларды, жылнамаларды салыстыра зерттеуге, тарихи шындықты ашуға мүмкіндік туғызды. Шоқан өз ойын нақты дәлелдеу үшін Орта Азия халықтарының тарихын көп зерттеген Жолбарыс әулетінен шыққан Абылғазының "Түрік шежіресі" атты белгілі кітабына жүгінеді. "Түрік шежіресін" толықтыра түсу мақсатында ол "Қазақ шежіресі" еңбегін жазады. "Қазақтардың көшпелі еркін тірлігі Азияда дүниеге келіп, дамығаны күмән туғызбаса керек. Олай дейтін себебіміз, орыс жылнамалары (Псков жылнамалары) біздің сөзімізді растайды", - деп баяндайды да, сол кездегі көптеген авторлардың еңбектеріне шолу жасайды, олардың деректерін шежірелермен салыстырады.

Қазақтың әрбір ру басылары өз ру-тайпасының шежіресін - шыққан тегін, елдің әдет-ғұрып заңдарын, ескі жарлықтарын, халықтың басынан өткен тарихи жайларды көп жасаған ақсақалдардан ыждауатпен үйреніп, өзінің шешендік өнерін шыңдауда аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, маңызды оқиғаларға қатысты ұлағатты асыл сөздерді ұзақ уақыт жаттайтынын, сондай дайын-дығы бар билердің аузынан шыққан сөздерді халық ұйып тыңдайтынын, ол нақыл сөздердің өмірдің бар саласын қамтитындай өсиет-өнегеге, тәлім-тәрбиелік, ғибраттық мазмұнға толы болатынын ұлы ғалым тебірене жазған.

Зерттеуші тарихи аңыздар - тарихи деректер жаңғырығы деп білген. Оның танымдық мағлұматтарын ғылыми еңбектерінде шебер пайдаланған. Ауызша айтыл-ған тарихи толғаныстарды, жазба және археологиялық мәліметтерді өзара салыстырып, ең сенімді дегенін кәдеге жаратқан. Тарихи аңыздардың маңызын ашуда Шоқан-ның асқан білімпаздығын танытатын мұрасының бірі - "Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихынан жазбалар". Зерттеуші бұл еңбегін жазу үстінде дүние жүзі шығыс-танушыларының бұрын-соңды жарық көрген шығарма-ларына жүгінгенін көреміз. Левшин, Риттер, Клапрот зерттеулеріндегі пікір қайшылықтарын, неміс шығыстану-шысы Вильгельм Шоттың және орыс этнографы Евгений Огородниковтың якут (саха) халқының тарихы туралы айтқан пікірлеріндегі бұрмалаушылықты, қателер мен үстірт жорамалдарды ғалым аталған еңбегінде сынады, өзінің батыл ойларын айтады.

"Қазіргі қолда бар деректерді ел аузындағы аңыздар-мен, ноғайлармен қарым-қатынас жайлы орыстың елшілік фактілерін Жалайридың "Жылнамалар жинағымен" салыстырған жөн" -

деп жол сілтеген кемеңгер ғалым "Қырғыздар туралы жазбаларында" Орта Азия көшпелілерінің өздерінің ата-бабаларының, даңқты батырларының ерлік істерін баяндайтын, құйма-құлақ аңызшылар аумай-төкпей жеткізген аңыздары бар, бұл аңыз-ертегілер халықтың өткендегі өмірінің қысқаша тарихи суретін бейнелейді, өздерінің батырлары мен халық арасындағы оқиғалары туралы аңыздарды жырға айналдырып, келешек ұрпаққа от басындағы естелік-әңгіме ретінде жеткізіп отыру барлық көшпелілерге тән салт", - деген салиқалы қорытынды жасайды.

Ш. Уәлихановтың әдеби мұрасынан халық ауыз әдебиетінің барлық нұсқаларына байланысты ойлы тұжырымдарды, тың мағлұматтарды табуға болады. Талантты ғалымның "Бұқардың Абылайға айтқаны", "Абылай туралы жырлар", "Шора", "Орақ жырлары", "XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыздар" т. б. шығармалары қазақ әдебиеті тарихына қатысты көлемді зерттеулер болып табылады. Сондай-ақ Шоқанның "Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы" еңбегі поэзиямыздың теориясы жөніндегі алғашқы зерттеулердің қатарына жатады. Ал атақты "Жоңғар очерктері", "Қырғыздар туралы жазбалар" сияқты монография дерлік шығармаларының көптеген беттері қазақ әдебиеті мәселелеріне арналған.

Ш. Уәлиханов қазақ өлеңдері мен ауыз әдебиеті туралы алғаш деректер жинаған Н. П. Рычковтың 1770 жылы жарық көрген "Күнделік жазбаларын", А. И. Лев-шиннің 1832 жылы баспадан шыққан "Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласы туралы жазбаларын" т. б. ғалым-саяхатшылардың жазғандарын ой елегінен өткізіп, сын-ескертпелер жасағанын айта кеткен жөн.

Әдебиетімізді, тарихымызды, мәдениетімізді, ағарту-шылық тәлімді теріс түсіндіруді көздегендерге батыл наразылық білдірген Уәлиханов өзі бас болып әдеби мұрамыздың шынайы мәнін ғылыми негіздеуге арналған зерттеулер жазды. Қазақтың халық поэзиясына алғаш теориялық талдау жасады.

Ғалым өзінің "Жоңғар очерктерінде" халық аузындағы нақыл сөздерді зерттеудің этнография үшін орасан зор маңызы бар екенін, оны өзінен бұрынғы ғалымдар да сан рет аңғарғанын, өйткені одан халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы айқынырақ көрінетінін тебірене жазған. "Ескі нақыл сөздерге бай келу Солтүстік Азия мен Орта Азияның көшпелі халықтарының ерекше бір қасиеті болып табылады. Ондай нақыл сөздер не ру ескерткіші ретінде, мәселен заң, ғұрып аңыздары ретінде қариялар аузында қасиеттеліп сақталып отырады, не халық жыры түрінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа белгілі жыршылар арқылы жеткізіліп отырады".

Қазақ мақалдары ықылым замандағы көріністі, сенімді айқындай түсетін құрал ретінде пайдаланыла-тынын жазады. Қазақ тілінде халықтың мінез-құлқын, жалпы ерекшелігі туралы ұғымды нақты білдіретін мақалдар да бар екенін айта келіп, мақалдарды бір тілден екінші тілге аударғанда мәні кететінін, оны дәл аударудың қиындығын айтқан және өзінің үш жүздей мақал жинағанын да білдірген. Зерттеуші халықтың тұжырымды ойға құрылған мақал-мәтелдерінің қайсыбіреулерінің мазмұнын дәл сақтай отырып орыс тіліне аударды, оған түсініктер берді. Ондағы ойы орыс оқырмандарын халқымыздың мәдениетімен, әдебиетімен тереңірек таныстыра түсу болды.

Әпсаналар мен аңыздарда әр қырынан көрінетін, бүкіл түркі тектес халықтарға ортақ тарихи тұлғалардың бірі - ұлы бабамыз Қорқыт Ата туралы Шоқан Уәлиханов қысқа болғанымен мәнді, мағыналы мағлұматтар келтіреді. Әр халықтың жазба мәдениеті, ауыз әдебиетінің үлгілері жайлы баяндағанда, Қорқыт Атаның да көптеген халықтарға танымал бейне екеніне тоқталады. "Жоңғар очерктерінде" Қорқытқа байланысты ертегі, жырлар территориялық және тіл жағынан жақын халықтардың әдеби, мәдени бірлігін нығайтуға септігін тигізгенін айтады.

Әлемдік әдебиет пен мәдениеттен және оқу-ағарту ісінен хабардар болған Шоқан - түркі тектес халықтардың әдеби мұраларын да білгірлікпен зерттеген ұлы ғалым. Әсіресе, қырғыз елінің "Манас" жырына айырықша көңіл бөледі. "Манасты" өркениетті елдерге тұңғыш таныстырушы Ш. Уәлиханов екенін мақтан етуге тиіспіз.

Зерттеуші өзінің "Қырғыздар туралы жазбалар" еңбегінде халық есінде, тамаша философ ретінде сақталған Асанқайғының Жырғаланда көшіп-қонып жүрген қазақ екенін, оның аты тек қазаққа ғана емес көрші қырғыз еліне де мәлім болып, "Манас" жырында кездесетінін, зираты Ыстықкөлдің маңында екенін ескертеді.

Шоқан аса қабілетті қайсыбір жыршылар мен жыраулардың өміріне, ол туралы айтылған естелік аңыз-дарға, жыршылар мен жыраулардың өздері шығарған өлеңдерге айтарлықтай мән берген. Ол "XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыздар" деген мақаласында Бұқар жырауға қатысты біраз мәліметтер келтірді. Жырау-дың Абылай алдында айтылған өлеңінің аудармасын жасайды. Сөйтіп, Бұқар жырауды орыс оқырмандарына тұңғыш рет Шоқан таныстырды.

Шоқан қазақтар импровизаторлық өнерге шебер келетінін атап көрсетеді. Зерттеушінің

көшпелі елдердегі суырып салушылық өнердің жоғары дәрежеде дамыған-дығы жайлы пікірлері назар аударарлықтай мәнді. өлең сөзді суырып салып айту, кідіру-мүдіру дегенді білмеу себебін өзінше топшылай келіп, Шоқан: "Мұндай қасиет-тің болуына көшпелілердің алаңсыз өмірі әсер етті ме, болмаса ұшы-қиыры жоқ жасыл дала мен моншақтай тізілген жұлдызды, көк, ашық аспанды сұлу табиғат әсер етті ме, ол әзір бізге мәлімсіз", -деп жазады және "қазақ ақындарының импровизаторлық өнері көшпелі елдің салт-тұрмысына байланысты ғасырлар бойы қалыптасқан ақындық дәстүр негізінде туып, дамыды"... "Импровизаторлық өнері жағынан қазақ ақындары көшпелі араб ақындарынан бір де бір кем түспейді", - деп салыстыра ой түйеді.

Естеліктерден Ш. Уәлихановтың өнерге, оны баян-даушыға деген сүйіспеншілігін, екіншіден, ана тіліміздің қоспасыз, таза күйінде сақталуын қадағалаған қамқоршы екенін және халық арасында жылт етіп көрінген игі нышанды қалт жібермемей тыңдай да, зерттей де білгенін аңғарамыз.

"Қазақтар жаратылысының өзінен-ақ қабілетті, дарынды және ғажайып сезімтал келеді... Сұлтандардың ерлік істері мен естеліктерін жырлайтын суырып салма ақындары олардың барлық руларында кездеседі. Қазақтардың батырлық эпосы мен аңыздары, ертегілері өте көп және олар өлең мен музыканы жақсы көреді".

Шоқанның бұл пікірлері поляк саяхатшысы Адольф Янушкевичтің ойларымен үндес келеді: "... мен алғаш рет өлеңшілерді тыңдауға мүмкіндік алдым. Бұлар қазақ трубадуралары, даланың бардтары - ұлы ақындары. Олардың өлең шығаруы мен қазақтардың көбіне тән орындау дарыны осы халықтың ақыл-ой қабілетін тамаша айғақтайды, қазақтар еңбекке де бейімділігін байқатады".

"Қытайлар мен мұсылман жазушыларының деректері бойынша, ертедегі қазақтардың өз жазуы болған және басқа көшпелілерге қарағанда мәдениеттің анағұрлым жоғары сатысында тұрған". Шоқанның мұндай қортын-дыға келуіне оның Орхон-Енесей, Талас жазба нұсқа-ларымен де таныс болуы, Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайының нығайғаны, сондай-ақ Қазақстан мен Ресейдің арасындағы алғашқы саяси байланыстар осы кезеңде жасала бастағаны, мұндай дипломатиялық қатынастардың болғандығын 1575-1584 жылдары жүргізілген патша архивінің тізімдері айқындайтыны, "38-ші жәшікте Қасым ханның тұсын-дағы қазақ кітаптары мен көшірмелері бар" деген деректі дәлел, басқа да көптеген көне жазба нұсқаларда сақталған нақты фактілер себепші болған сияқты.

Шоқан Уәлихановтың әдебиет зерттеу ғылымына қосқан үлесі оның И. Н. Березиннің "Хан жарлығына" жазған пікірі мен Жалайридің "Жәмих-ат-тауариғы" ("Жылнамалар жинағы") тарауларын алғаш орыс тіліне аударып, ондағы шығыс терминдерінің сөздігін жасағанынан да көрінеді.

Ш. Уәлиханов "Профессор И. Н. Березиннің "Хан жарлығы" кітабына ескертпе" деген шығармасында Сеадат-Гирей жарлығында ноғайлының Орал ордасындағы рубасы, ақтастық Әли биді қазақ жырларында күні бүгінге дейін айтылатын Кіші орданың батыры Шораның қалай талқандағаны суреттелген.

"Жәмих-ат-тауарихты" тарихи, әдеби құнды мұра ретінде бағалаған Ш. Уәлиханов Қадырғали Жалайри халқымыздың тарихын, өмірін басқа тарихшылардан жақсы білгендіктен, өз еңбегінде оларға кең орын бер-генін, тілі өте көркем екенін қызыға жазған. Есімі аңызға айналған, түрік тілі арқылы дүние жүзінің барлық негізгі тілдеріне аударылып, әлемді шарлаған атақты "Оғыз-нама" эпопеясының бас қауарманы Оғызхан жайыл мәлімет-терге зор көңіл бөлген.

Ш. Уәлиханов зерттеулерінде "тарихи жыр" терминін қолданған. А. Байтұрсыновтың "Әдебиет танытқыш" еңбегінде тарихи жырдың жанрлық ерекшелігіне мынандай анықтама берілген: "Тарихи жыр деп, тарихта болған оқиғалар, қазақтан шыққан адамдар турасында басқа жұрттардың тарихында жазылған мағлұматтар бар, халық-тың өзінің есінен кетпеген, қазақ басынан кешірген оқиғалары толып жатыр, солар туралы өлең етіп шығарған сөздер болса, солар тарихи жыр болады". Шоқан XVIII-XIX ғасырларда, Абылай заманы тұсында ерекше дамыған тарихи жырларға зор мән берген. Ғалымның "XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыздар" атты еңбегінде тарихи жырларда, аңыздарда есімдері зор сүйіспеншілікпен айтылатын тарихи тұлғаларға, олардың қауармандығына ғылыми дәлдікпен, көркем барлау жасаған.

Шоқанның "XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз" шығармасында атақты Баян батырдың қазасы, қалмақ әйелдерінің (Шарыштың анасының, Теміржан батырдың қарындасының) жоқтау зары, елшілік алмасу дәстүрі және басқа да жайлар қамтылған.

"XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз" -белгілі сюжетке құрылған, оқиғасы қызғылықты, адам психо-логиясын терең ашып суреттеген асыл мұра, әрі қысқа, әрі нұсқа туынды. Ұлы зерттеуші осынау құнды шығар-масында тарихи кейіпкерлерді қандай шебер шоғырлан-дырған, заман тынысын қалай дөп басып, естен кетпестей айшықты бейнелеген десеңші! Көз

алдыңызға кесек бітімді, мәрт мінезді ірі тұлғалар, жанды қауармандар келеді. өзіңізді қазақ даласындағы ұрыс майданына араласып кеткендей сезінесіз. Бұл қаламгер дарынының сиқырлы құдіреті болса керек!

Ш. Ш. Уәлиханов өзінің атақты "Жоңғар очерктері" арқылы әлемге танылды. Бұл ғылыми, әдеби, тарихи, публицистік құнды еңбек өткен ғаырдың алпысыншы жылдарында Еуропа ғалымдарын, шетел баспасөзін, әсересе неміс зиялыларын елең еткізді. "Жоңғар очерктері" Шоқанның ардақты есімін дүниеге асқақтата шарлатты.

Онда саяси-әлеуметтік мәні бар оқиғаларды ұлы ғалым жалынды публицистикаға тән сипатта шебер баяндайды. Философиялық терең ой түйіп, батыл пікірлер айтады. Сөйтіп, ғылыми очеркті саяси деңгейге көтереді. Ал өзінің аса көрнекті мұрасы "Сот реформасы туралы ғылыми хатында" саяси көзқарасын бұрынғыдан да тереңдете түскен.

Ш. Уәлиханов Қашқарға барған сапарында көптеген материалдар, ауыз әдебиеті үлгілерінің бірнеше түрлерін, аса сирек кездесетін кітаптар алып қайтты. Этнографиялық очерктер, санақ мәліметтері, тарихи хабарлар, онда халық әдебиетінің үлгілері, білім, ғылым, оқу қырлары жинақталған деректер толы. Шоқанның тарихи тағылымы ұрпақтан-ұрпаққа сақталады.

Ыбырай Алтынсарин қазақ педагогиксының негізін қалаушы (1841-1889)

Қазақ педагогикасының негізін салушы, педагог - ағартушы, ақын және прозаик, публицист балалар жазушысы, орыс графикасы негізінде қазақ алфавитінің негізін қалаушы. Алтын-сарин мектеп пен тәрбие өз халқының тұрмысы мен өмірінің тарихи ұлттық ерекшелігіне сәйкес келу идеясын ұсынды. Сондай-ақ, оның тамаша тарихи болашағына асқан сеніммен қарады. Ы. Алтынсаринның пікірі бойынша, ауыл мектептері болыс мектептерінің бірінші бөлімінің бағдарламасы бойынша жұмыс жасауға тиіс болды. Оқу ана тілінде жүргізілуі тиіс - деген қағида ұсынды. Ы. Алтынсарин қазақ халқына білім беру тек бастауыш мектеппен ғана шектеледі - деген пікірден аулақ болды. Ол орта мектептер құру туралы ойларын халқына жеткізді және қазақ балаларының университеттерде оқуын қалады. Алайда, ол Россия патшаларының жағдайындағы осыған ұқсас жоспарлардың өмірге сәйкес келмейтінін ескере отырып, Оренбург және Троицк жанындағы гимназия мен Қазақ университеттерінде оқитын қазақ балаларымен жастарға арнаулы стипендия тағайындады. Ы. Алтынсарин кәсіптік білім берудің маңызын жете түсінді және жақтады. Ол Торғайда төменгі қолөнер училищесін ашудың жоспарын жасады және оны ашуды қолға алды. Ағаш - токоры, слесарлы - ұсталық, тігін бөлімі бар Торғайдағы Яковлев қолөнер училищесі тек 1884 жылы ғана ашылды. Ы. Алтынсарин Қостанайдағы ауылшаруашылық училищесін ашу үшін өзінің екі үйінің орынын және училище учаскесі үшін қыстауындағы жерін берді. Алайда, бұл үстемдік етуші топтың әсері салдарынан ол ұлы Октябрь төңкерісіне дейін ашылмады, қолдау таппады. Училище сол күйінде ашылмай қалды. Ы. Алтынсаринның табандылығымен Орынборда 1886 жылы мұғалім даярлай-тын қырғыз мектебі ашылды. Бұл Орыс-қазақ мектептеріне мұғалім даярлаудың орталығына айналды. Сөйтіп, Алтынсарин қазақ халқының өмір мен салтына сәйкес келетін қолтума қазақ мектептерін ашудың жолдарын көрсетіп берді, өзі ашты. Бұл жүйенің ең басты құндылығы барлық мектеп типінің мирасқорлығы болып есептеледі. Мұның ерекшелігі осында. Россия жағдайындағы мұндай мектептердің көпшілігі тұғырына тірелген еді.

Тұңғыш қазақ мектебін ашып, оқытуға кіріскен Ыбырай соған тікелей көмектескен Н. И. Ильминскийге жазған (1864 жыл, 16 март) хатында: "Осы жылы наурыздың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де есті, жақсы балалар. Мен оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айызымды қандырып, небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды... Кейін парақор болып шықпаулары үшін, оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырмын. Күлсеңіз, күле беріңіз мен кейбір оқытудан бос уақыттарда оларға ресми түрде молда болып та қоямын, сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын. Менің қашаннан арман-тілегім қалай да пайдалы адам болып шығу еді. Ал қазір осыған қолым жетіп отырғанын ойласам, көңілім толық жұбаныш табады", - деп жазады.

Ұлы ағартушы-педагог тек мектеп ашумен шектеліп қалуға болмайтынын, бұған лайықты оқу-әдістемелік құрал-жабдықтар керек екенін жақсы түсінді. Сондықтан Ы. Алтынсарин Ушинский, Паульсон, Водовозов, Бунаков тәрізді педагогтардың әліппе, оқулықтарын негізге ала отырып, қазақ балаларына арнап "Оқу құралын" жазды. Сондай-ақ ол әдістемелік мәні бар "Семья мен мектеп", "Халық мектебі" журналдары мен қолөнері үшін қажетті Гестерманның техникалық коллекциясын, физика, химия кабинеттері үшін құрал-жабдықтар алдыруға 600 сом жинағанын

айтады. Мұның бәрінен оның жалаң оқумен қанағаттанып қалмағанын, бұған қоса ғылым мен техника тетіктерін үйретуде көрнекілік тәсіл ұстанғанын көрсетеді. Сондай-ақ аса қажетті кітаптар мен журналдарды орталық мектептерге топтап жинау арқылы сондағы кітапханаларды байытуды көздеді, оқимын деген жастар мен мұғалімдердің өз білімін көтеруіне қолдан келгенше жағдай жасамақ болады. Автор сол тұстағы мектептерде дін сабағының өту мүмкіндігін пайдаланып, қазақ балалары үшін "Шариятул-ислам" атты оқулық жазды. Бұл кітап кезінде балалардың мұсылман діні-нің қағидаларын игеруіне айтарлықтай үлес қосты.

Ыбырай жастарды оқу-білім, өнерге үндегенде, құрғақ насихатқа ұрынбайды, қайта өз ойын нақтылықпен дәлел-деуге ұмтылады. Айтпақ пікірді оқушы зердесіне еркін сіңіру үшін әр алуан ұстаздық амал-тәсіл қолданады. Бұл тұста ол, ең алдымен, шешендік қайталауларды ұтымды пайдаланады. Ақын әр шумақ сайын:

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

деген жолдарды әдейі қайталай отырып, оқу-білімнің пайдасын айтуда бала жүрегіне жол таба білген. Сол хрестоматияға сөз басы ретінде берілген "Бір Құдайға сыйынып, кел, балалар, оқылық" атты өлеңде ақын оқушы түсінігіне жеңіл қарама-қарсы ұғымдарды әдейі шендес-тіріп қолданады. Мәселен, ол білімділік пен надандықтың аражігін ашып көрсету талабында жарық пен қараңғылық-ты қатар, жарыстыра алып сипаттайды. Осы орайда алды-мен оқудың пайдасын жарыққа балап:

Оқысаңыз, балалар
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар -
десе, надандықтың мән-жайын:
Оқымаған жүреді,
Қараңғыны қармалап, - дейді.

Автор өзі үндеп отырған оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына үлкен мән береді. Ол үшін инемен құдық қазғандай ыждауат, сабырлылық қажет екенін ескертеді. Сондай сарыла ізденудің арқасында қол жеткізген оқудың азбас, тозбас өнерге айналатынын айтады. Ақын ойынша: оқу-білім мәңгілік, ол жұтамайды, таусылмайды. Ал бұған қарама-қайшы тұратын надандықты ақын:

Надандықтың белгісі -
Еш ақылға жарамас.
Жайылып жүрген айуандай
Ақ, қараны танымас...
Жөн білмеген наданға
Қыдыр ата дарымас, -

деп бейнелейді. Сондықтан ол өз ойын қорытқанда да оқу-білімінің өмірдегі орнын, қажеттілігін баса көтереді. Осы орайда да Ыбырай бала жүрегіне жақын ата-ананың ертеңгі күнін көлденең тарта сөйлейді.

Әлпештеген ата-ене
Қартаятын күн болар.
Қартаяғанда жабығып,
Мал таятын күн болар.
Ата-енең қартайса,
Тіреу болар бұл оқу.
Қартайғанда мал тайса,
Сүйеу болар бұл оқу! - дейді.

Әдебиетімізде бұған дейін оқу-білім өнерге бірыңғай шақыратын мұндай жырлардың жоқтығын ескерсек, осы "Кел, балалар, оқылық" өлеңінің мән-маңызы атты өлеңін бастан-аяқ тың мазмұнды, жаңа сипатты шығарма дей аламыз. Ыбырай мұнда қазақ балалары түгіл, ересектердің ұғымын-да жоқ техника тетіктері мен құрал-жабдықтарының іс-әрекет, қозғалысы мен адамға көрсетер қызметін суреттейді. Шынында, құлақ естіп, көз көрмеген паровоз, пароход, радио, телеграф, телефон, газ, электр, самолет, т. б. Сондықтан бұлар-ды қазақ балаларына айтып түсіндіру талабында ол ел өмірінде бұрыннан бар жұмбақтау тәсілін ұстанады.

Автор сол таныс емес техника заттарының іс-әрекет-терін алдымен өзімізде бар

нәрселермен теңеу арқылы ұғындырмақ болады. Айталық, ол паровозды "аты жоқ құр арба" деп бейнелесе, ал суда жүзген кемені кәдімгі нән балыққа балайды. Бұл, біріншіден, жұмбақ шешіп үйренген қазақ балаларының ойлау қабілеті мен соған деген ықылас-ынтасын арттырса, екіншіден, жаңа заттың болмысы мен қызметінен хабардар болып, нақты түсінік алады. Осындай танымдық сипаты жағынан теңдесі жоқ бұл жырлардың бір үзіндісі төмендегіше болып келеді.

өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзіңді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді.
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді! ...

Рас, еңбек пен өнерді игеруге шақыру халық ауыз әдебиеті үлгілерінде бұрыннан бар, алайда мұндағы негізгі мақсат көшпелі өмірдің талап-тілектері төңірегінде аса қоймайтын.

Ы. Алтынсарин алғаш балаларға арнап жазған әңгімелерін өзінің төл өлеңдеріне қосып, сол Хрестоматия-сына енгізді. Осы қысқа әңгімелерінде ол жас шәкірттерді адамгершілікке, ізгілік пен бауырмалдыққа, адал еңбек пен әділдікке, әдептілік пен сабырлыққа, зейінділік пен білімді еркін игеруге шақырды. Ыбырай прозасының басты ерекшелігі қазақ халқының мәдени-әлеуметтік өмірін арқау ете отырып, жаңа буын жастардың өсіп жетілуіне қажетті үлес қосу еді. Ұлы ағартушы өз Хрестоматия-сының түзілім міндеті туралы Н. Н. Ильминскийге жазған хатында былай дейді: "Қазақ балаларына, меніңше, мағы-налы анекдоттар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер немесе оларды қызықтыратын, мысалы, жібек құртының, көбелектерінің өзгерулері сияқты әңгімелер тәуірірек болады. өлең жағын мен мүмкін болғанынша қазақ өлеңдерінің арасынан іріктеп аламын. Екінші кітабымды мен балаларға қызықты етіп, табиғат құбылыстары, табиғат күштері туралы, тарих және географиялық-ғылыми әңгімелер келтірмекпін". Бұдан тұңғыш ұстаздың шәкірттерге ғылымның әр саласынан тыңғылықты білім беретін пәндік оқуды енгізуді ойластырғанын көреміз.

Ыбырай әңгімелерінің негізгі түйіні: жас буынды өнер-білімге үндеу, адамгершілік мінез-құлыққа тәрбиелеу болып келеді. Ол ел-жұртқа қажет білім мен өнерді игерудің төте жолы тұрақты мектептер арқылы іске асады деп санады. Сондықтан ағартушы қазақ халқын егін егіп күн көретін отырықшылыққа шақырды. өз әңгімелерінде отырықшылықтың артықтығын дәлелдеуге ерекше зер салады. Мысалы, "Қыпшақ Сейітқұл", "Киіз үй мен ағаш үй".

"Қыпшақ Сейітқұл" атты әңгімесінде автор мал баққан халықтың жұт пен барымтаға тәуелді екенін айта келіп, жоқшылыққа ұшыраған отыз үйлі тобырдың басшысы Сейітқұлдың ақылдылығы мен тапқырлығын жастарға үлгі етіп ұсынады. Ол сауда жасауға мал жоқ, ұрлық істеуге оның түбі қорлық деп санап, өзен-сулы Қабырға деген жерге елін көшіріп келіп қоныстандырады. Жұртқа кетпен беріп, аз жылда малды ауыл болып, байып та кетеді. Ойдан-қырдан келушілер көбейіп, артынша төрт жүз үйлі ауылға айналады. Сөйтіп, адал еңбек, маңдай терімен байыған жұрт өзгелер батып келе алмайтындай қорған тұрғызып, қалалардан киім-кешек, азық-түлік алдырып, мамыражай өмір кешеді. Бұларға кезінде қосыл-маған Сейітқұлдың ағасы ұрлықпен жүріп қолға түсіп мерт болады. Ыбырай осы оқиғаны тартымды да көркем етіп әңгімелей отырып, жортуылшының басы жолда қалғанын, ал адал еңбек еткендердің аз жылда ел қатарына қосылғанын нақты дәлелдей алған.

Сондай-ақ жазушы "Аурудан аяған күштірек", "Асыл шөп", "Малды пайдаға жарату" атты әңгімелері қайрым-дылық пен бауырмалдық, сабырлық пен шыдамдылық секілді қасиеттерді тәрбиелеуге арналған. Ендігі бір алуан әңгімелері табиғат құбылысы мен оған деген адамның қарым-қатынасын ашуға құрылады. Автор өмірлік құбылыстың сан алуан болып келетіндігі секілді соларды ұғып түсінудің де әр қилы екенін ашып аңғартуды көздейді.

Сондай-ақ жазушының балаларды әдеп пен әділдік-ке, қанағатшылдық пен жомарттыққа, сақилық пен тазалыққа, ізеттілік пен бауырмалдыққа шақыратын әңгімелері де бір төбе. Бұлардың ішінде жан-жануарлар тіршілігінен алып жазылғандары да аз емес. Мысалы, "Түлкі мен ешкі", "Қарға мен құрт", "Сауысқан мен қарға" т. б. Алайда, оның балалар табиғатына жақын, қазақ өмірінен алып жазған шығармаларының өзі аса елеулі. Осы орайда қара сөзбен келсе де айтыс

өнерін еске түсіретін "Жан-жануарлардың дауласқаны", "Байұлы", "Сәтемір хан", "Жәнібек батыр", "Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары" тәрізді топтамаларында тапқырлық, шешендікке баулуды мақсат етеді. Ыбырай өз әңгімелерін де шешендік, нақыл, аталы сөздерді жиі қолданып отырады. Айталық, ол "Әке мен бала" әңгімесінде ақыл-насихатқа толы: "Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың. Азға қанағат ете білмесең, көптен де құр қаларсың" секілді жолдарды ұсынса, "Қыпшақ Сейітқұлда": "Сейітқұл жұрт ағасы болды, енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, маңдай термен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөриден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды", - деп шешендік үлгіде сөйлейді.

Сонымен Ы. Алтынсарин өзінің қара сөздерінде тәрбиелік мәнді, қысқа сюжетті, шағын әңгімелердің алғаш рет негізін салды.

Демек, осы тұрғыдан алып қарасақ Ыбырай ақын, тұңғыш педагог, ұстаз - ғалым. Оның мұрасы тарихқа да әдебиетке де тән, ұстаздық тәрбиелік ой-пікірілері қазақтың таусылмас қазынасы.

Абай Құнанбаевтың ағартушылық тағылымы (1845-1904)

Абай ақын - ұлы тұлға, маңдай алды ақын екені, таңдаулы туындылары дүние жүзі поэзиясының озық үлгерімен деңгейлес тұрғаны - білген адамға айқын шындық. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған жүздеген өрен жүйрік жырау, жыршы, ақындары бар қазақ әдебиетінде Абай орнының ерекше болуы тегін емес.

Абай халықтың түбегейлі мүддесін, арман-тілектерін оқу-білім қаншалықты терең ұғып-түсініп, қандай ойшыл-дық деңгейде, қандай көр-кемдік қуаттылықпен айтып, жеткізе алғандығында. ақын үлкен творчестволық тұлға болып қалыптасып жетіліп, кемеліне келуі үшін тиісті қоғамдық жағдай, аса зор дарын мен даналық, үздіксіз еңбек, ізденіс, білім - міне осылардың түйісіп келуі шарт.

Абайдың педагогикалық мұраларының негізгі идея-ларының бірі - адамдардың өзара қарым-қатынасы, әсіресе, жастарды еңбекке баулу. Ақын, ойшыл ұлы ұстаз - Абай халықтың әл-ауқатының деңгейі, санасы, мәдениеті, адамдардың өзара қарым-қатынасы, бір-біріне мейірбандығы мен парасаттылығы, ұлттың ерекшелігі, салт-дәстүрінің дамуы - сол халықтың еңбек сүйгіштігіне, еңбек ету дәрежесіне тікелей байланысты екенін даналықпен болжады. Еңбекті Абай, басқада қазақ ағартушылары сияқты - байлықтың, молшылықтың көзі - деп санады. Жастарды еңбекке шақырды. Оған 1886 жылы жазған мына бір шумақ өлеңін келтіруге болады.

"Қартайдық, қайғы ойладың ұлғайды арман,

Шошымын кейінгі жас балалардан,

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман - деп, өз кезіндегі еңбек етпейтін жастардың осындай жағымсыз мінездерін сынады. Енді бірде Абай

"Осындай сидам жігіт елде мол-ақ,

Бәрі де шаруаға келеді олақ,

Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,

Бар өнері қу борбай сымпыс шолақ.

Абай даналығы еңбек ет - мал тап деген ақылға саяды. Тек еңбек, еңбек құмарлық халықты өнерге үйретеді, білімге меңзейді, ғасырлар бойы қайыршылық жайлаған халықты - еңбек ғана биікке шығарады, психологиясын өзгертеді - деген Абай даналығы бұл күнде де күшін жойған жоқ.

Еңбек Абайша айтсаң-өнер. Жастардың еңбек тәрбиесі, сонда ғана жүзеге асады, егер ол халықтың бүкіл көпшіліктің, түптеп келгенде, бүкіл қоғамның игілігі не айналғанда, оның молшылық қажетіне жараған жағдайда, білім алып, бақытты болған шағында. Ол еңбек тәрбиесі - басқа барлық тәрбиенің негізі. Басқалары ақыл-ой, адамгершілік, патриоттық, эстетикалық, эколо-гиялық пен экономикалық еңбек тәрбиесінің құрамдас бөлігі екеніне дәлелдеп берді.

Еңбек тәрбиесін, оқу мен білім алудың негізі - деп түсінген Абай жас ұрпақтың барлық тәрбиесінің көзін- бұлағын еңбектен іздеді. Ол еңбек пен қоғамдық еңбектің тұтастығын, бірлігін - парасаттылық пен инабаттылықтың, білімділіктің, тұлғалықтың, ісіне талғамын, үлгілері - өмір-дің, тіршіліктің жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететінін аса көрегендікпен дәлелдеді, оған өлең жолдарын, ғақлияларын арнады. Ең бастысы: еңбек пен адамгершілік сапасын қалыптастырады, адамды, жастарды эстетикалық рухта тәрбиелеп, оларды әдемілікке, көрнектілікке жеткізеді, оларды жарқын болашаққа шақырады, материалдық игілікке жол ашады. Ақын пікірінше еңбек - адамды жан-жақты дамыған, ғұламалыққа көтереді, баулиды, жетелейді. Абай арманы еңбекке, адамгершілікке, ақыл-ойға, парасаттылық пен инабаттылыққа негізделген,

үлкен мәдениеттіліктің қайнар бұлағына айналған. Абай тағылымы - даналықтың, ғұламалықтың, құдіреттіліктің, имандылықтың кәусар тамшысы, ағынды тасқыны, дария көлі, мұхиты.

Абай поэзиясының ең басты ерекшелігі тәрбиелік тағылымы мол асыл мұрасы ол өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді жан-жақты барынша толық бейнелеп берді.

Бірақ, ақын творчествосы жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз. Сол замандағы қоғамдық өмір салтының, ой-сана, білім-ғылым түсініктердің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқанын, түп-тамыр әріде жатқанын ескерсек, Абай поэзиясы - ағартушылық көзқарасы қоғамның дамуындағы бір елеулі кезеңді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттық мінез-құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көшінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп көрсете білді. Ал қоғам өміріндегі көптеген адамгер-шілік, моральдық проблемалардың, мысалы, әділдік, бірлік, достық, білімділік, еңбек сүйгіштік, талаптылық, адалдық, солармен қатар озбырлыққа жауыздыққа, екіжүзділікке төзбеушілік секілді сан түрлі мінез-құлық мәселелері қай заманда да мәні жоймайтындығын және қанша заман ауысып, уақыт, жағдай өзгерді дегенмен, халықтың ұлттық ерекшеліктері, адамгершілік қасиеттері жаңғырып, жаңаша сипат ала отырып, жалғастық тауып өрістеп, дами беретінін ескерсек, Абай поэзиясы кейінгі дәуірлердің, соның ішінде бүгінгі замандағы өмір шын-дығын танып-білуге үлкен себін тигізе алатыны қақ. Олай болса, Абай творчествосын өз дәуірінің шеңберінде ғана қалатын, осы мағынада біз үшін тек тарихи маңызы бар, өткінші құбылыс деп санауға болмайды, ол - заман ауысып, уақыт озған сайын қоғамдық ой-санаға ықпал-әсері арта түсіп, өркендеп, дамып отыратын асыл мұра.

Тарихи принцип тәрбиелік тағылым Абай творчество-сының сол дәуірдегі қоғамдық өмірмен тамырластығын танып-білудің бірден-бір қажетті шарты екенін мойындай отырып, ақын шығармаларын бүгінгі оқырмандар әсіресе, жасөспірімдер қалайда өздерінің өмірге көзқарасы, арман-мұраттарын жалғастыра, жанастыра қабылдайтынын жоққа шығара алмаймыз. Абай творчествосының өз заманымен, сол кездегі қоғамдық өмірімен байланысын, сол кезде қандай зор танымдық, тәрбиелік міндет атқарғанын, сөз өнерінде не жаңалық әкелгенін толық түсінсек, сонда ғана біз оның кейінгі кезеңдерде, қазіргі заманда қоғамдық ой-сананың, мәдениеттің, оқудың өркендеуіне қандай ықпал жасап келе жатқанын толық аңғара аламыз. Сондай-ақ, ақын мұрасының өміршеңдігін, заман озған сайын маңызы, әсері қаншалықты күшейе түскенін зер салып байыптасақ, оның өз заманының озық тілек-мақсаттарына сәйкес тарихи өмірдің өзі туғызған бастапқы сипат-қасиеттерін айқынырақ тани аламыз. Оның ең басты бір қыры оқу-тәрбиелік маңызында.

Абай шығармаларында алдымен мейілінше мол, әр қырынан көрінетін, әрине, ақынның өз бейнесі, өз тұлғасы. Лирик ақын қоғам өмірінің шындығын өз көңіл-күйін білдіру арқылы, өз сезім толғаныстары, ой-толғам-дары арқылы танытады. Ақынның өз тұлға-бейнесі оны тебіrentкен ой-сезімдерден, айтылып, баяндалып отырған өмірдегі алуан түрлі жағдайларға, қоғамдық мәселелерге, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттеріне оның қатынасынан, берген бағасынан айқындала түсіп, жан-жақты толық көрінісін табады. Абай өзін ұстаз ретінде де көрсете алады.

Ақынның бейнесі дегеніміздің өзі де ылғи бір қалып-та, біркелкі сипатта көрінбейді, әр қырынан, әр жағынан ашылып отырады. Көптеген өлеңдерінде ақын өз көңіл күйін тікелей білдіріп, ойын тура айтады. өлеңдері кейде сұхбат, сырласу, кейде насихат, кейде ойға шому, ой толғау, тәрбиелік түрінде әр алуан болып келсе, ақын бейнесі анық, айқын қалпында танылады.

Сонымен қатар Абайдың өлеңдерінде әртүрлі топ-тың өкілдері әсіресе ұстаздар, жас адамдар үнемі бой көрсетіп отырады. Мысалы:

Жақсыға айтсаң, жаны еріп,

Ұғар көңіл шын беріп.

Жамандар адал еңбек қыла алмай жүр.

Кейде топтап айту үшін біреу ("Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда"), ("Әркім жүр алар жердің ебін қамдап"), кейбірі ("Кейбірі пірге қол берген") деген сияқты сөздерді де қолданады. Тіпті, сөзін тыңдаушыларға қаратып айтып, сен, сендер, өздерің деп отырып, көпшілік-ті мінезінде сипаттап кететіні де кездеседі. Мысалы:

Жұмыссыз сандал,

Еріксіз малды ал

Деген кім бар сендерге?

Абайдың қоғамдық мұрат нысанасы туралы айтқан-да, ол адамгершілікті, әділдікті насихаттап, елді адал еңбек етуге шақырып, білім-ғылымды, өнерді халықтың қажеті-не жаратуға алдымен мән бергенін естен шығармау қажет.

Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі мораль-дық принцип ретінде поэзиялық - тәрбиелік туынды-ларында да, қара сөздерінде де үнемі атап көрсетіп отырады.

Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.
Бастапқы екеу соңғысы
Біте қалса қазаққа,
Алдың-жалын, артың-мұз,

Барар едің қай жаққа? - дейді ақын "Әсемпаз болма әрнеге" деп басталатын өлеңінде. Сөйтіп, ол әділеттік, мейірбандық болмаған жерде ақыл мен қайрат та адамды жақсылыққа жеткізе алмайды деп түйеді.

Ғылым-білімді, оқу-тәрбиені уағыздаған ағартушы ақын ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалауы әбден орынды. Не нәрсеге болсын ақыл-таразы, ("ақыл-мизан, өлшеу қыл"), дүниенің сырын танып білуде адамгер-шіліктің ақылдың мүмкіндігі шексіз мол деп санайды.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.

Абайдың бұл пікірі ғылым үйренуге ұмылған жастарға айтқан сөздерінен де айқын танылады. Ақын жастардың басқалар айтқан сөзге ермей, ақылмен өлшеп тапқан өз пікірі болу керектігін айтып, сол пікірде табандап тұра білуі қажеттігіне ерекше назар аударған.

Абай ақыл туралы айтқанда, ақылдылық, естілік деген ұғым мен ақылмен танып-түсіну қабілетін білдіретін ұғымды ажыратып, оларды екі нәрсе деп қарайды. "Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек" дегенге Абай ақылды осы соңғы мағынасында алған. Философиялық тұрғыдан келіп, ой мен сезімді бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы екі ұғым деп қараған Абай "суық ақыл" мен "ыстық жүрек" бір-бірін толықтырады деп санайды. Осы екеуіне қайрат, жігер қосылса, адамның қасиеті кемеліне келеді деп есептейді.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.

Бұл ретте Абай ақыл-ой тәрбиесінің, адамгершіліктің мазмұнын жырлайды.

Абай жастарды тәрбиелеудің әр түрлі жолдарын, ең алдымен отбасында, мектепте және әдебиет арқылы тәрбиелеуді ұсынды. Балалардың дүниеге көзқарасын және мінезін қалыптастыруда отбасының рөлінің ерекше зор екенін көрсетті. Абай әлемінің кең өріс алуы, оның поэзиясы мен әлеуметтік, оқу-тәрбиелік демек, ағарту-шылық көзқарасының әлеуметтік сипат алуында болды.

Шәкерім Құдайбердіұлының тәліми көзқарастары (1858-1931)

Қазақтың тәлімдік ой-пікірлері көшпелі елдің бала тәрбиелеудегі тәжірибесін жинап-сақтап ғылыми педагогиканың бастау бұлағы болғаны дау тудырмайтын жәйт. Халық-тық тәлім-тәрбиенің ғылыми педагогикадан айырмашылығы оның тәжірибелік бағытта екендігінде, сонда, халық тәрбиесі дегеніміз ең алдымен жанұядағы тәрбие тәжірибесі болғанына күмән жоқ.

Ақын-ағартушы Шәкерімнің көзқарастары қыр халқының жас ұрпақты өсіру мен оқытып тәрбиелеудегі талаптарына сүйеніп негізделген.

"Түрік, қазақ-қырғыз үем хандар шежіресінде" Шәкерім өзінің тұлға ретінде қалыптасуына демеуші болған үш кісінің есімін атаған. Солардың біріншісі - үлкен атасы тобықты руының биі Құнанбай қажы өскенбайұлы.

Ерен әділдігімен ел ортасында құрметке бөленген Құнанбай қажының отбасы елге үлгі болып, бала тәрбие-леуде өз дәстүрлерімен ерекше көзге түсетін. Бұл ошақта Абай, Шәкерім, Ақылбай, Мағауия сияқты ақындар дүниеге келді. Шыққан тегіне, дәулет-байлығына мас-танбай қажы әулеті балаларының әрбіреуі киіз үйді құру мен бұзу, бүркіт салу, аң аулау, құс ату, ет бұзу, темір-терсек соғу, арба мен сағат жөндеу, бұдан да басқа тұрмыс жұмыстарын атқарған. үлкен атасы немере-шөбересінің ақыл-ойын, санасын, мінез-құлқын, қол өнерін халық-тың әдет-ғұрпын сақтай тұрып ретімен дамыта білген.

Туған жұрттың өсіп-өнуін армандаған, келешек ұрпақты тәрбиелеу тәсілдерін іздеген, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына қамқорлық жасауды көздеген Шәкерім өзі шыққан отбасының, атасы Құнанбайдың тәліми тәжірибесін үлгі тұтты.

Атасынан кейін ол ағасы Абайға соның жетелеуімен ержеткені үшін ризалық білдірген. Ұлтының мақтанышы болған ағалы-інілі тек қан жағынан туыс болып қоймай, олардың жан сырлары, рухани ізденістері ұштасып жатты. Әдебиетке біртабан жақын болған Шәкерім жастайынан ақыл-көні болған халықтың ауыз әдебиеті шығармаларын: жырлар мен өлеңдерді,

айтыс пен термені, қисса мен дастандарды көп білуге тырысты. Фольклор арқылы ақын туған даланың әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын, тарихын жетік білді десек, дау тумас. Сынды көзбен қарап қазақ елінің этнопедагогикалық талаптарын өз бойына сіңірді.

Халықтық тәлім-тәрбиеден ғылыми педагогикаға жол алғанының бір белгісі – 19 жасынан бастап Шәкерімнің шежіре жинауға кірісуі. Бұл еңбектің мақсаты тек қазақ рулары мен хандары, жүздері мен батырлары тарихын зерттеп игеру еместін. "Шежіреде" ақын-педагог тарихи оқиғаларға орай өз түсініктерін айқындап, қазақ жастарының тарихи санасын, өзіндік этникалық санасын жетілдіру мақсатын көздегенді.

Фольклор арқылы ақын қыз бала мен ұл бала тәрбие-леудегі ата-ана рөлін, әке-шешеге деген балалардың сүйіспеншілігін, әйелге деген қамқорлықты, адам өмірінің құндылығы мен маңызын тапты. Ауыз әдебиеті қазақ халқының қоғамдық өмірін қалыптастырудағы, елді бірлікке, жұртшылықты адалдыққа, адамгершілікке баулудағы әсері туралы ол әңгіме етіп тұратын. Жастар өзінің туып-өскен жерлерінде осындай шығармалардың бар болғанын біліп, адамгершілікті жоғары дәріптеген туыстарынан тәлім алсын деп ойлаған.

Шәкерім нағыз таза ұлттық ортадан шығып, дала педагогикасы объектісі болып, ұлттық рухтағы тәлімді өз басынан өткізген кезі келгенде ұлттық пен жалпы адамдық педагогиканың субъектісі мен зерттеушісіне айналды.

Неше тіл білсең - сонша рет адам боласың дейді халық нақылы. Таза қазақы ортадан шыққанына қарамай ақын араб, парсы, татар, шағатай, өзбек, орыс тілдерін еркін меңгерген. Оның лингвистикалық талаптары дүние жүзіндегі елдердің ғұламаларымен таныстырып, солардың демократтық, гуманистік идеяларына сәйкес өзіндік көзқарастарын түйіндеуге мүмкіндік берді. Шәкерім Шығыс және Батыс мәдениетін меңгеріп, жалпы адамдық құндылықтарды, соның ішінде этнопедагогикалық, этнопсихо-логиялық, моральдық концепцияларды философиялық лирикасында, ғылыми аңсарларында /трактат/ шынық-тырып дамытқан.

Шәкерімнің психологиялық тұжырымдамалары – оның көп жыл бойы Шығыс пен Батыс мәдениетін танып білуінің нәтижесі. Ақынның психологиялық көзқарастары философиялық лирикасында, "Үш анық" және "Мұсылман-дық шарты" аңсарларында айқындалған. Психологияға деген қызығушылық оның 1919 ж. қазақ тілінде шыққан психо-логия оқулығына пікір жазуға себеп болды. Ол "жансыры" деген терминді "психология" деп атаған. /Шәкерім Құдай-бердіұлы. Шығармалары. -Алматы, Ғылым, 1988, 340 бет/.

Ең алдымен ақынды психологияның философиялық негіздері қызықтырған. Ол өзінің жан туралы, жанның қасиет-тері мен қажеттіліктері туралы түсініктерін философияның негізгі мәселесімен ұштастырып қараған. Материя мен сананың қарым-қатынасы туралы сұраққа идеализм тұрғысынан жауап бере тұра, бар болмыстың себепкері жаратушы-құдай деп, Шәкерім тек өзіне тән дәлелдерді келтіреді.

өз заманына сай ғылыми көзқарастарға ие болған ағартушы адамның психикалық қызметінің табиғатын ашқанда, таным процестерінің механизмін көрсеткенде діни түсініктерден аулақ болған. Осы орайда айтып кеткен жөн болар: Шәкерім ортағасырлардағы ұлы қазақ ғұламасы, энциклопедист әл-Фараби және қазақ ойшылы Абай салған жолмен жүріп, солардың ой-пікірлерін дамытса, Шәкерімнің еңбектері Ж. Аймауытов пен М. Жұмабаев-тың оқулықтарына жол сілтейді.

Психикалық қызметтің формалары туралы ойларында Шәкерім гилозоистармен панпсихистарға бір табан жақын. Оның ойынша, жан адамдарда да, жануарларда да, өсімдіктерде де бар, бірақ, өсімдік пен хайуанат әлемінде түйсік дәрежесі төмен болады. Шәкерімнің адам танымы мен жәндіктердің психикасының сапалық айырмашылығы туралы жазған ойлары қазақ қоғамындағы гносеология дамуындағы жаңа сөз, ой-пікір, жаңа кезең және саты ретінде Қазақстанның ғылыми психологиясының негізін қалағаны анықтан анық.

Ойшыл-рационалистің ерекше назарын аударған мәселенің бірі – таным процестерінің табиғаты, түп-тамыры. "Біз әр нәрсені денедегі сезімімізбен білеміз. Мұқым барлықтың бәрі жаралыс жолмен еріксіз бар болып жатқанын көріп, біліп тұрамыз... Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек, мұрын иіс, тіл дәмнен хабар бермек. Бесеуінен мидағы ой хабар алып, жақсы, жаман, әр істі сол тексермек." (Шәкерім. үш анық.)

Ақын-философ шығармаларында таным процестері материалистік диалектикадағыдай белгілі үш дәреже, сатыларға бөлінбеген.

Сонымен, Ш. Құдайбердіұлы халықтық тәлімді сынды електен өткізіп, дүниедегі сан түрлі педагогика-лық тұжырымдарды жан-жақты қарастырып, этникалық және ғылыми педагогикалық ой-пікірлерді өзара бай-ланыстырып туған қоғамының қазынасына айналдырды.

Шәкерімнің тарихи, ғылыми, философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары Қазақстан ғылымының негізін салған кәсіби педагогтар, психо-логтар, философтар мен тарихшылардың ойларының қайнар көзі болды.

Жамбылдың тәрбие тағылымы (1846-1945)

Жамбылдың тұңғыш кітабы 1944 жылы "Песни и поэмы" деген атпен орыс тілінде әуелі Алматыда, соңынан Мәскеуде шықты. Толық жинағы қазақ тілінде Сәбит Мұқановтың бас мақаласымен 1946 жылы шықты. Кітаптың беташарында бірсыпыра фактылармен, қазақтың тоқсан-нан асқан қарт ақыны бас-аяғы бір-екі жылдың ішінде одақ көлеміне қалай әйгілі болғаны айтылғанды.

1936 жылы Мәскеуде қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігі болғанда Жамбыл мен Сәкен Сейфуллин екеуі Еңбек Қызыл ту орденін алды.

Жамбыл бүкіл Жетісу өңіріне аты шыққан дарқан ақын болды. Қазақтың қараңғылық халі қырық бөлініп қаналған мешеулік жағдайы, оның өрісін бұдан әрі жібермеді. Соның өзінде, ізсіз ұшарсыз өшіп қалмай, жер бетіне жарып шығып, жұрт көзіне жоталы дарын иесі екенін таныта алуы, кейін осы қалып дәрежеде Мұхтар Әуезовтың "Абай жолы" романына елеулі бір ақындық образына негіз салуы - Жамбылдың көптің бірі емес, ілеуде бір ұшырасатын ерен талант екенінің айғағы.

Баспа жүзінде қазақ оқушысы Жамбыл есімін ең алғаш 1923 жылы Шамғали Сарыбаевтың "Қазақтың революцияға дейінгі ақын-жыраулары" атты мақаласында таныды. Бұдан кейін Жамбыл есімі он екі жыл бойы баспа жүзінде көрінбей кетті.

Бірақ Жамбыл жырынан тиылған емес, ешкім ерен көңіл бөлмесе де қарт ақын өз төңірегіне революция заманы, жаңалықтарына әрдайым үн қосып, халқының күрес жолын, бақыт жолын жырлап отырды. Алайда, сондағы жырларының көпшілігін ешкім жазып алмағандықтан ізсіз-түзсіз жоғалып кеткен. Тек 1927 жылы Жетісу жері Түркістаннан бөлініп Қазақстанға қосылғанда шығарған "Қазақстан тойына", 1927 жылғы жер бөліс науқанына арналған "Заман ағымы", 1928 "өркенің өссін еңбекшім" деген бірен-саран жырлары ғана сақталған. Бұл осы екі-үш жырының өзін бүгін оқып тыңдасақ қарт жырау сол жылдары қазақ жеріндегі жер бөлінісін, оның еңбекке байланыстылығын, барлық байлық жер қойнауында деп, егіншілікпен айналысқан бау-бақша-мен гүлденген Жетісу жерін жырлайды, халықты, қалың жұртшылықты сол жылдардағы еңбекшілердің бірігуін еңбек етуге шақырады.

Еңбекшіге арналған бұл өлең жырының өзінде еңбекшілерді бірлесіп еңбек етуге, жастарды еңбекке, білімге, тәрбиеге нұқсаған қаншама өсиет өнеге жатыр. Сол жылдары одан кейінірек те жазылған "Тарих тағылымы-тәрбие" атты өлеңінде мынадай жыр шумақтары тәрбиенің өмірдегі орнын, сол дәуірдегі және бүгінгі жастарымызды тәрбиенің, еңбектің құдіретіне тағылым етуге шақырады.

Барлық адам өмірі,
Еңбектен келіп жаралған.
Тіршілік, тыныс, рахат,
Еңбекпенен табылған, немесе ендібір жерінде өлеңнің:
Қуаныш, шаттық қызығы,
Табиғат - байлық рызығы.
Жер, су, шалғын, бәйшешек

Еңбекпен өсіп танылған, - деп жырау бір ғана еңбектің, маңызы мен мазмұнын қаншама жырға қосады. Осының өзі ақынның алғашқы жыр бастауы еңбек пен еңбек тәрбиесі туралы үлкен тағылым болса керек.

Отызыншы жылдардың соңы, қырқыншы жылдардың басындағы ақын өмірінің шырқау биігі деп аталатын кезеңі басталып, жыр маржанын төгіп, халық даналығын, халықтың дәстүрін, әдет-ғұрпын дәріптеп, өсиетті-ұлағатты жырларын жазып, жастарға батасын бергендей болады. Оған мынадай өлең шумақтарын келтіруге болады:

Жастарым жайнап жаңғырған,
Еңбекпенен танылған.
Көз жіберсек өткенге,
Еңбексіз қолың жеткен бе?
Теңсіздік басы байлылық,
Құр сенделдік, қаңғыдық.
Ерінбей адал еңбек ет,
Рахатын тап жаныңның.
Еліңнің аяулы ұлы бол,

Біл бабаңның қадірін, - деп еңбектің мазмұнын аша отырып, еңбектің түбі өнбек және рахат деген ой түйеді ақын.

Жамбылдың өлең-жырларында патриоттық сезім, тәрбиенің күші бар, тәрбиенің күшіне сенген ақын, тәрбие тағылымын, үлгісін әрбір өлеңнің арқауы ете білді. Қарт жырау Жамбыл бұл жерде өлеңдерін педагог, мұғалім, оқушыларға тура арнап жазбағаны белгілі. Алайда, ол сол өзі өмір сүрген дәуірдегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық күйін, жаңа мәдениетін, халықтың, бүкіл қоғамның тарихи дамуын, дәуірге, белгілі бір кезеңге байланысты оқу-ағарту процесінің қалыптасу үлгісін жырына қосты. Бүгінгі педагогикалық тұрғысынан қарап, ақын жырларын талдап, зерттесек, ол адамгершілік, ақыл-ой, дене тәрбиесін, патриоттық, идеялық-саяси тәрбиені, еңбек тәрбиесінің құрамдас бөлігі ретінде қарап көп жырларында еңбекті, еңбек тәрбиесінен бастап тәрбиенің барлық түрін, еңбек тәрбиесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Мұның ішінде тәрбиенің негізгі категориялары ақылдылық, даналық, адамгершілік, ұлағаттылық пен парасаттылық Жамбыл өлең-дерінің өзекті проблемалар ретінде қаралады, соны жырға қосады. Мұны мына шумақтардан айқын көре аламыз.

Еңбекпен туған елімнің
Ағызып білім бұлағын
Адамшылық, даналық
Туғызып ақыл "құрағын".
өнерім өшпес өмірім
Даналығым, ақылым
Пайда тигіз халқыма
Лапылда, жырым лапылда!
Жастарым жайна, жалында
Еңбектің тігіп ордасын,
Оқы-оқы, өнер қу қалма қапыда
Бүгінгі ұлы дүбірде,
Бұл да бір сын ақынға
Болашағым ұрпағым,
Лапылда, өшпей лапылда!

Ақын толғаулары оқу, өнер, білімге, келешекке меңзейді, жасөспірімді алдағы өнер асуына, болашаққа, сәулетті де салтанатты өмір сарайын соғуға шақырады.

Жамбыл 1930 жылдардың соңында жазған "Абай жастар жыршысы", "Абайды еске алу", "Абай ізімен" атты өлеңдерде Абайша толғанысқа, Абайша халқын сүюге, жастарды оқу, өнер, білімге шақырады, оларды баулиды, тәрбиелейді.

"Айтыстың арыстаны" аталған Жамбыл өткір, уытты жырлары мен қатар кең тынысты, ұзақ этикалық туындылар шығарады. Айтыстың әр шумағында тіпті әрбір жолында халқының, сол кезеңдегі еңбекші бұқараның мүддесін көздейді. Теңсіздікті, бостандықты, ерлікті, әйел теңдігін жырға қосады. Мұны Құлмамбет, Сарбас, Досмағамбет сықылды үстем тап дәстүрінен, алдымен өзінің ақындық шеберлігі биік тұрады. Мысалы:

Шат елдің шешенімін, даңғылымын,
Шыным сол, правом бұл, заңды мұңым,
Астанам, Алатаудан саңқылдасам,
Жетпей ме, жер жүзіне жаңғырығым.

Сондай-ақ, Жамбыл өзінің айтыстағы ақындық биігін тәрбие тағылымы ретінде жырлайды, оны жастарға өнеге ретінде қалдырады. Тағы да ақынның мына бір айтыс шумақтарын келтірелік:

Тегінде кәрі құлақбын, сұңғыламын,
Сондықтан сұлу сөзді жыр қыламын.
Соғайын сезімменен, "Сұлу Сарай".

Жастарым отыратын "Тұрақ" болсын, - деп ақын жастарға өлеңмен, айтыс өлеңімен тұрақ, мекен, бақыт іздейді. Жамбыл адам бойындағы адамгершілікті, ақыл-дылықты, батылдықты жырлай отыра, келеңсіз құбылыс-тарды, әділетсіздік, орынсыз байлықты әшкерлейді, сынап-шенейді. Құлмамбетпен айтысында:

Құлмамбет ақылдықты айт, батылдықты айт,
Елімде орнап қалған татулықты айт,
Қарынбайдай сарандар толып жатыр,
Айта алмасаң жайыңа, үйіңе қайт.

Жамбылдың қандай өлең-жырларында болмасын, айтыста, дастан, поэма, жеке өлеңдер жазудағы ақындық дәстүрінде болсын, әйел образы, әйел бейнесі, тәрбие тағылымы бұл

тақырыпты жырлаудағы ақындық межесі, оның поэзиясының шырқау биігі болып табылады. Мұның әр жолында бүкіл шумақта ақынның адамгершілік этно-эстетикалық ақылға құрылған үн бар.

Даналық, парасатты-білімді адам,
Әлемге-ақыл асып құрған саян.
Ақтоқты, Сара, Күләш, Жібек, Баян,
Теңдік іздеп, әлемге болған аян.
Қазақ қызы әр кезде жыр мен дастан,

Салған емес, ешқашан алдына жан, - деп қазақ қыздарының сонау теңсіз қоғамындағы тағдырын, олардың болмысын, адамгершілігін қандай қиын дәуірде болмасын жоғары ұстаған қазақ қыздары мен әйелдерінің мәртебесін Жамбыл өз жырында жоғары биікке көтере білді. Тарих тағылымын, тәрбиенің тіпті өзінің басындағы үлгісін, өткен өмірін, кейінгіге жас ұрпаққа Жамбыл үлгі етіп ұсынды. Оны былай жырлайды.

Таусылмастай тағылым күнім болсын,
Басында бақыт, өзіңе жырым қонсын.
Тәрбие даналығы басымдағы,
Ұрпаққа, болашаққа үлгі болсын, - дейді ақын.

Жамбылдың тәрбие тағылымдары, өлеңдерінің өмір-шеңдігі, өнерпаздың бейнесі жазған өлеңдерінің санымен ғана анықталып қоймайды, поэзиядағы әлі күнге дейін ешкім асып түсе алмаған сапасымен, әсіресе, өнерпаздық диапазонының кеңдігімен, тақырыптарының, қамтыған мәселелерінің әр алуандығымен, сол сияқты ақындық ерекшелігінің жан тебіренерлік күшімен, үлкен ұлағатты тәрбиелік тағылымы-мен анықталады. Мұны Жамбылдың соғыс аяқталып, халықты еңбек жолына түскендегі мына бір өлеңінен көруге болады.

Шарықта, шаттан, шабыттан,
Жеңімпаз батыр халқымыз!
Жығылды туы дұшпанның
Біз жеңдік, Жеңіс - салтымыз

Құтты болсын жеңісің!
Жайраттың фашист жендетін
Жеңіп тұріп түстің сен
Жолыңа бейбіт еңбектің, - деп жырлағанды.

Жамбылдың басына түскен қайғы Ұлы Отан соғысы зардабының әрбір ата-анаға түскен қайғымен тұстас келгені белгілі. Бұл оның баласы Алғатайдың соғыста қаза табуы еді. Баласы Алғатайға арнаған жыры күні бүгінге дейін сақталып, тарих бетінен табылса, тағылым ретінде арнаулы орын алды. Онда ақын:

Алатауды айналсам,
Алғатай сені табам ба?
Қаратауды айналсам
Қалқатайды табам ба?
Сарыарқаны кезсем мен
Сарғайып босқа қалам ба?
Жасым жүзе келгенде
Мұндай суық хабарды
Естісем нетті - "өлгенде"
Мұң-зар қайғы-қасірет

Бермесін еш пендеге! - деп күңіренеді ақын, бұл от басы тәрбиенің балаға деген әке ғұмырының, әке құшағы-ның айқара ашылуын, арман еткен баласын жоқтауының зары-мұңы, жоқтауы-қайғылы жанның шеруі еді.

Жамбыл жаңалықтың жыршысы болған. Қарт жырау күнделікті айнала ортаны, көзімен көріп құлағымен естігенін өлең-жырларының арқауы ете білген. Соғыстың соңғы жылдарының бірінде Мұхтар Әуезов пен Ақжан Машанов Жамбылдың үйіне, көңілін сұрауға барады. Дәл сол кезде әл-Фараби кім деген мәселе әдебиетшілер мен ғалымдардың, қазақ зиялыларының арасында үлкен әңгімеге айналып жүрген кез екен.

М. Әуезов - Жәке сіз әл-Фараби туралы қандай дерек естідіңіз, не білесіз - дейді. Сырқаттанып жатқан Жамбыл басын көтеріп, неге білмеймін, білемін. Мен дастан жазып жатырмын - деп мына бір өлең шумағын айта жөнелді. Ол:

Әл-Фараби бабамның,
Даналығын тапқаным.

Жүсіптің (Баласағұн) "Құтты білігін"
Басыма оқып жастандым.
Абай бастаған жыр көшін,
Алға апарып тастадым.
Қадырғали (Жалайри) мен Хайдардың (Дулати)
Даналығын саралап,
Арқауы еттім дастанның
Ғұламалар ізімен,

Адаспай алға басқаным - деп әрі қарай шыдай алмай, қисайып жата кеткен. (Академик Мұқаметжан Қаратаев естелігінен). Міне, Жамбылдың ғұламалығы, оның тәрбиелік тағылымы көне заман деректерін кейінгі ұрпаққа жеткізе білгендігі.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда Жамбыл жырлары, оның тәрбиелік тағылымдары XX ғасырдың басындағы, одан кейінгі кезеңдердегі халықтық педагогиканың негізін қалаудың айқын айғағы. Жамбылдың бүгін орнатып жатқан гуманистік және демократиялық қоғамда ұлт мәдени тілімізге, оның оқу-ағарту ісіне өзінің өлең жырлары арқылы қосқан үлесі, сіңірген еңбегі, тәрбие тағылымдары жастарымызды адамгершілік рухта тәрбиелеп еңбекке баулудың үлгісі болмақ.

Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық қызметі (1873-1937)

Ахмет Байтұрсынов - қазақ мәдениетінің тарихында үлкен, бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Оның тарихи тағылымы мол, тәрбие туралы өзіне тән прогрессивтік ой-пікірі бар ұлы - ғалым. Қазақ философиясының (тіл білімі және әдебиет тану) негізін салушы педагог-ағартушы, мәдениет және қоғам қайраткері.

А. Байтұрсынов - алғашқы қазақ тілінің авторы (1912). Сол кездің өзінде ол жүзеге асырған қазақ жазуы ("Жаңа емле ережесі" айнала ортадан тиісті бағасын алды. Оған прогрессивтік зиялы қауым ерекше назар аударады. Ал, 1924 жылы, ол жаңа қазақ алфавиті ретінде қабылданып, оған ғалымының құрметіне - Байтұрсынов аты берілді. Ол өз заманында барлық түркі тілдес халықтардың ең жақсы үлгісі ретінде қабылданды. Сондай-ақ, біздің шетелдік отандастар күні бүгінге дейін Байтұрсынов графикасын пайдаланады. Байтұрсыновтың әдістемелік еңбектері қазіргі кездің өзінде үлкен беделмен қолданылады. Оның қазақтың тіл білімі және қазақ тілін оқыту методикасы өзінің сапалылығымен және ана тіліміздің ерекшелігін жинақтайтын оқулық негізі ретінде үлкен табыспен мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылып, қолданылмалы қазақ тілінің қолтума оқулығына айналып отыр.

Ол өмірінің алғашқы жылдарын бала оқытудан бастайды. Ол жөнінде былай деп жырлайды.

Адамдық диқаншысы - қырға шықтым,

Келі жоқ, көгалы жоқ-құрға шықтым.

Тұқымын, адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге бұл халықтың - деп бейқам жатқан халқын сауаттандырып, өнер - білімге, мәдениетке жетектеді.

Бұл тұста 1890 жылдар үстінде Ахмет Байтұрсынов тәрізді оқыған, білім алған, мектеп бітірген, орысша сауат ашқан өзге де қазақ азаматтарының алғаш көріне бастаған кезі еді. 1896 жылы Байтұрсынов Омбыда жұмыс істеп отырып Ақмола, Семей оқу жүйесін басқарады. Сол жылдары ол Қазақ даласында бала оқыту жайы, оны қатты толғандырады. Осы кезеңде қазақтарды оқыту Ахметтің ой-түюінше өзгелердің емес, өзі тектес оқығандардың халық алдындағы парызы - деп түсінеді. Байтұрсыновтың осындай мақсаттарды көздеп, саяси-көзқарастарын шындай түсуі Қарқаралыда өмір сүрген 1896-1907 жылдар кезеңімен байланысты. Осы жылдары оның айналасына қазақ зиялылары топтала бастайды.

Байтұрсынов 1907-1917 жылдар арасында Орынборға жер аударылып сонда тұрған жылдарында ғылым, білімге бұрынғыдан да терең үңіліп, қазақ балаларын оқытудың әдістерін, қазақ тілі мен әдебиеті, өнері, тарихы, мәдениеті туралы өрен ойлар айтып, бастауыш мектептерге арнап оқулықтар мен оқу құралдарын жаза бастайды. Халық мұраларын, ауыз әдебиетін - эпос, ертегі, жұмбақтар жинап бастыру ісімен айналысады, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданады.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақ елінің жоғын жоқтап, санасына сәуле құюға байланысты жасап жүрген еңбектері елге тарай бастайды. 1913-18 жылдар арасында бейресми газет "Қазақ" газетінің редакторы болып жұмыс істеген жылдарында - газет бетінде халықты оқуға, білімге, өнерге, бостандыққа, теңдікке шақырған ойларын газет бетіне ашық жариялағанды.

Қазақтарды надандық шырмауынан шығарудың бірден-бір жолы ғылым-білімге ұмтылу, оқу-ағарту жұмысымен айналысу деп түсінген Байтұрсынов бұл пікірін "Қазақ" газетін жариялауға ұдайы ұмтылыс жасаған. 1911 жылы Орынборда басылған "Маса" атты жинағы, халықты өз тағдыры үшін күреске шақырып, жұртшылықты шырт ұйқысынан оятқан дабылды еңбек - топтама туынды болған. Ахмет қалғыған халқын ең болмаса маса болып шағып оятайын, ойландырайын - деген мақсат көздейді.

Сары маса болып ызыңдаған өзі екенін, Ахмет Байтұрсынов, 1909 жылы Петербургте басылған "Қырық мысал" атты еңбегінде "Малшы мен Мысал" туындысында жасырмай ашық айтады. Онда мынадай шумақ-өлеңдер болған:

Мысалы, қазақ малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды пәле дедік аңдып жатқан,
Пәленің түрін көрген мен Сары маса,
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.

"Айқап журналы" мен "Қазақ" газеті бетінде көптен көтеріп жүрген, елдің санасын көтеруден бұрын, сауат ашар "Әліп-би" тіл құралын жазу үшін графика және қазақ тілінің дыбыстық жүйесін жасаумен Байтұрсынов 20 жылдар еркін айналысады. Ол әуел баста араб графикасына бейіл береді. Дәл осындай құралдың ересектер үшін де аса қажет екенін ескеріп "Әліпбиді" жазады, бұл оқулық 1924 жылы Орынборда, 1926 жылы Семейден басылып шыққан. Ал "Тіл құралы" 1914 жылдан бастап жариялана бастайды.

Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық, ғалымдық, қайраткерлік, ақындық қасиеттерін сараласаңыз - өзінен бұрынғы үш ғұламаның Абайдың ақындығын, Ыбырай-дың ағартушылығын, Шоқанның ғалымдығын, оны бір өзі таңдап алғандай. Байтұрсыновтың бойынан осы үш қасиет бірдей табылған. өлеңін, ақындық шеберлігін Ахмет Абайша түрлеп, адам бойындағы надандықты шенейді, саналылыққа ел болып бірігуге шақырады.

Бұл неткен жұрт ұйқышыл,
Болсын кедей, болсын бай,
Жатыр бейқам жым-жырт жай -десе, енді бірде
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,
Адалдық, алтыбақан, дертпен кірдік,
Жан-жақты жаратқанға күзеттіріп,
Жақынмен ырылдасып, иттей үрдік - деп сол кездегі шындықты жырлайды.

Абайдың бірден-бір өлеңін өткен уақыттың жайын ғана жырлайтын, кезеңдік дүние деп қарай алмайтыны-мыз сияқты, Байтұрсынов туындыларының да шеңбері ауқымы уақытпен шектеліп қалған емес.

Байтұрсынов өмір шындығын, тәрбие тағылымын мынадай етіп келтіреді.

Тықылдап, құр пысықтап сөйлейтін көп,
Екіндеп ұшқыр атта қарқындаған,
Бос белбеу, босаң туған бозбала көп,

Киіздей шала басып қарпылмаған - деп сол екі шумақ өлеңде - бүгінгі біздерге, жастарымызға арналып айтып тұрғандай емес пе? Ахмет Байтұрсынов еңбек тәрбиесін жырлаған, еңбек тағылымының туын көтерген дана -адам.

Ахмет Байтұрсынов еңбексіз, арзан істерді надан-дықты, мешеулікті, білімсіздікті өткір сынға алған.

"...Жаны ашып, жауан үшін қайғырма?

Жаны мол, жақыны мол, малдың құлы... десе, ол "Жұртыма" деген өлеңінде -

Келгенде өзді-өзіңе мықтысыңдар,
Қайтейін өзге десе көнгішсіңдер,
Сықылды сынық бұтақ төмендесең,
Кім жұлмас оңайдағы жемісіңді.

Ахмет үлкен аудармашы. Ол Крыловты аударған. "Арыстан, киік үәм түлкі" деген мысал өлеңін былай тұжырымдайды. "Кісіге таза жолдас табу қиын,

Көбіне-ақ дос етеді мал мен бұйым,
Досыңнан, дұшпаныңнан бірдей сақтан,

Басыңда Сірә "Ахмет болса миың" - деп, өзіне арнаған. Енді бірде:

Ойлама шын достарым мол екен - деп,
Сөзіне ере берме жол екен - деп.

Досыңды қиын іске қайрап тұрған,

Білгейсің шын дұшпаның сол екен -деп, немесе ол "Жұртыма", "Қара бұлтта" деген

өлеңдерінде қансып жатқан далаға жауудың орнына, қарабұлттың жауыны, теңізге жаууын орынды сынады. Жаңбырсыз "Даланы" бейқам жатқан қазақ дейді. Ахмет өлеңі, аудармасы болсын, бәрін қазақ өміріне әкеліп тірейді. Оянар ма екен, сабақ аларма екен, серпілер ме екен деумен болады.

Қаршадайынан елім - деп езіліп, халқым - деп қайғы жеген Ахмет Байтұрсыновты - азап пен тозақтың бәрін басынан кешірген, ақыры қаратүнек надандықтың құрбаны болған, оның өнер, білім, оқу-тәрбие, тарихи тағылымы ұрпақтан-ұрпаққа сақталып, ұлы адамның аты -әр адамның, бүкіл жұрттың жүрегінде мәңгі сақталары даусыз.

Мағжан Жұмабаев -ағартушы педагог (1893-1938)

Мағжан Жұмабаев - қазақтың кемеңгер ұлы ақыны. Ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбан-дыққа шалғандардың бірі. Қынап-тағы семсердей, халқының игілігіне не істеуге жұмсада даяр болған. Ол ұлтының патриот ақыны, оның ерекше ұлт жандылығы, жастарды патриоттық сезімге тәрбиелеудің үлгісі болды. Ол бір жағы ұстаздары, бір жағы әріптестері Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов біреуі тіл маманына айналып кетсе, біреуі бір қолымен роман, бір қолымен есеп оқу-лығын жазса, Мағжан ұстаздық етумен шұғылданған, оның үстіне оқу-әдістемелік құралдарын жазған. Ал, ақынның "педагогика" кітабы, айтарға жоқ, қазақ баласын тәрбиелеуде күні бүгінге дейін мұғалім, жалпы қазақ қауымы үшін таптырмайтын үлгі, тұңғыш қолтума оқулық.

Мағжан Жұмабаевтың "Педагогика" оқулығы - әрі оқулық, әрі әдістемелік тұрғыдағы, автордың көзінің тірісінде екі мәрте жарық көрген. Бірі 1922 жылы Орынборда, екіншісі 1923 жылы Ташкент қаласында басылған.

Мағжанның "Педагогика" кітабы онбес бөлімнен тұрады. Онда рухани жан тәрбие мен дене тәрбиесі жан-жақты терең қамтылған Жұмабаев кітабының Орынборда шыққан нұсқасына М. Жолдыбаевтың қазаққа "Педагогика" кітабы қажетті де ғажап дүние, тұңғыш оқулық деуінің маңызы үлкен. Мағжанның пайымдауынша бұл кітап, баланың бесікке салған күнінен бастап, тәйтәй басқан әр қадамына, елжірей көз салуы, қайтсе ол нағыз жігіт, азамат болады, осы заманғы өркениет өресіне қол артады-деп толғануы ғажап пікір, нағыз педагогикалық толғаныс таза шешім.

Кітапта тәрбие деген не? - деп сұрақ қойып анықтама беріледі. Педагогиканың қандай пән екеніне түсінік беріле отырып, жалпы педагогика оның ішінде дене тәрбиесіне жан-жақты талдау жасалады. Тәрбие бөлімдері туралы да нақты әдістемелік материалдар бар. М. Жұмабаев балалар әдебиетінің классигі мысалы әртүрлі эпостар, балаларға арналған фольклорлық туындылардың авторы. Ең бастысы баланы бесіктен еңбекке тәрбиелеудің негізін салған ұстаз - жазушы. Мағжан туындылары бала тәрбиесінің - таптырмас құралы, әдістемелік түп нұсқасы, қолтума дүние деуге әбден болады.

Жүсіпбек Аймауытов - жантанушы (1889-1931)

Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Қызылту болысының Бірінші ауылында өмірге келген. Жастайынан білімге құштар болып, алдымен ауылдағы молдадан, кейін Баянда, содан соң қалада дәріс алған. 1914 жылы Семей қаласын-дағы мұғалімдер семинариясына түседі де, оны 1919 жылы бітіріп шығады. Сауатты жас азамат сол XX ғасырдың бас кезіндегі үлкен-үлкен саяси-экономикалық өзгерістер мен төңкерістерді тек газет бетінен оқып қоймай, оларға тікелей қатысады. Халықтың өркендеуін жеделдетуге қатысқысы келді, өзі байқаған дағдарыстардан шығу жолдарын да іздеді. Елеулі екі үлкен романы - "Қартқожақ" пен "Ақбілегі" оған куә бола алады. Күрескер жазушы, ақын, драматург Жүсіпбекті біз қазақ философиялық ойын дамытуға тікелей қатысқан адам деп бағалай аламыз. Оның шығармашылық мұрасы - философиялық толғауы терең рухани қазынамыз: қазақ болмысы, ұлтаралық қатынастар, дала шаруасының санасы, әйел теңдігі, адамгершілік нормалары, таптық қоғам өмірі, өтпелі кезеңдегі билік нысаны сияқты күрделі теориялық мәселелер көркем әдебиет құралы мен тілі арқылы сөз болды, өзіндік шешім тапты, Ал "Психология" аталатын оқулығы осы күнге шейін маңызын жойған жоқ.

Абайдан сусындаған, оның жан-жақты да күрделі дүниетанымын өз заманында өте жақсы түсінген, ұлы абайтанушы М. Әуезовпен көп мәселелерді түсінуде терезесі тең Жүсіпбек өзінің шығармашылығы мен қоғам-дық қызметін, Абай өсиетін жүзеге асыруға қолынан келген бар мүмкіншіліктерін өмірінің ең соңғы күндеріне дейін аянбай қолданды.

Абайды өзінің бас ұстазы санаған Жүсіпбек ұлы ақын тағылымының қазақ елінің ертеңі үшін әлі де берері көп екенін жақсы түсінген. Абайдың шығармалары мен асыл сөздерінен алған сабағын былай түсіндіреді: "Ақынды дана, рахымды әділ, шынға сусаған, қыңырды жөнге, қисықты

тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай еді. Қазақтың әдебиетіне жан берген: сөздің сырын сырлап, ішін түрлеген, өлеңінен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. "өнер тап, оқы, характер қыл, тәрбие ал, ынсапты адам бол", - деп қақсап өткен Абай еді. "Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшы-лыққа қызмет ет", - деген Абай болатын. өмір жолында Абайдың айтпағаны аз. Ақыл білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда, Абай - қазақтан шыққан философ данышпан".

Абайды философ деп, хакім деп енді-енді ғана танып, біліп жатқанда, бұдан 75 жыл бұрын Абайдың кім екенін тап басып тұрып бірінші болып айтуы - Жүсіпбек Аймауытовтың да ойлау дәрежесінің жоғарылығын, көзқарасының жан-жақтылығын, білімінің тереңдігін анық білдіріп тұр.

Абайдың этикалық өсиеттері "адам бол" деген гуманистік идея еді. "Адам болам десеңіз: бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол", - деп, оның үлгісін берген Абай өз шығармаларында адам болудың біртұтас кодексін жасады. Олардың негізгілері: ақылды дұрыс пайдалану, талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, білім алу, дүние тану, әр нәрсенің өлшемін білу, өз арының алдында жауап беру, күрес, әділ, сыншыл болу, жамандықтан бойын аулақ ұстау және тағы басқалары. Ал Жүсіпбек бар болмысымен осы көзқарастарды түгелімен қабылдап, өзінің өмірлік өсиетіне айналдырды.

Ғылымсыз білім сыңаржақ: ғылым білімді ұлғайтады; ғылымсыз білім тым құрғақ, білімді орнына жұмсау керек. Білімді орнына жұмсайтын не? Ол - тәрбие". Сонымен, білімнің адамзат игілігіне жұмсалуды, жұмсалмауы тәрбиеге байланысты екен. Тәрбиесіз білімді адам сол білімін адамзаттың игілігіне де, сорына да оңды-солды жұмсай беруі мүмкін. Тәрбиелі адам, яғни иманды адам, толық адам ондайға бармақ емес, ол білімін өз орнына, игілікке, адамзаттың гүлденуіне жұмсайды ..."Міне, осындай-осындай ізгі ойларға жетелейді. Жүсекеңнің кезінде "Тәрбиеге жетекші" (Орынбор, 1926 ж.) "Психология" (Ташкент, 1927 ж.), "Жан жүйесі және өнер таңдау" (-М., 1929 ж.), "Сабақтың комплекстік жүйесінің әдістері" (Қызыл-Орда, 1929 ж.) секілді оқулықтар жазуы тегін емес. Педагогикалық көзқарастары адамға, оны тәрбиелеу мүмкіндігіне деген сенімінен басталады. өзінің "Тәрбие" деген мақалаларында Жүсіпбек, адамның хайуаннан айырмашы-лығы жайында әңгіме қозғай отырып, адам бойындағы ұнамсыз мінез-қылықтарының барлығы тәрбиенің кемдігінен деп қорытынды жасайды. Оның айтуынша, адам табиғаттың емес, тәрбиенің құлы болуы керек. Адам өміріндегі тәрбиенің рөлін зор бағалаған ол тарихтағы ірі құбылыс-тардың бәрін тәрбиемен байланыстыра отырып, былай деп жазды: "Алғашқы екі ғасырдай афиняндар мәдениетті, ғылымды күшті жұрт болған, неге? Данышпан Солонның жасаған ережесімен тәрбиеленгендіктен. Рим халқын атақты, күшті қылған кім? Тәрбие. Ескендірді данышпан хакім қылған кім? Аристотельдің тәрбиесі.

Тәрбиешіге қоғамда өте үлкен маңыз берген жазушы оны дәрігермен ғана салыстырады, тіпті, одан да жоғары қояды: "Адамдық көзбен тереңнен тексерсе, дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық. Дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады", - дейді. Тәрбие мәселесін мемлекеттік дәрежеге көтеру қажеттігін жете түсініп: "Тәрбиешіге Отан-ның келешек өмірін тапсыруға болады, себебі, тәрбие нәтижесінде ақылды адам көбейсе - Отанның күзетшісі, қорғаны", - деп атап өтеді.

Болашақ ұрпақты озық жетістіктерге тәрбиелеу, оларға білім беру процесін сол халықтың мінез-құлқымен тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын еске ала отырып жүргізудің қажеттігіне Жүсіпбек аса зор көңіл бөледі.

Абайдың көрнекті шәкірттерінің бірі болған Жүсіпбек өзінің туған халқын қатты сүйсе, дәл солай оның кемші-ліктерін де көрсетіп, қатаң сынға алып отырады. Мысалы, "Қазақтың өзгеше мінездері" деген мақаласында өз халқы-ның бұрынғы уақыттарда "ұйымшыл, елі жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл, досымен достасып, жауымен жауласуға табанды" болғанын айта отырып, отаршылдық езгінің әсерінен осы мінездер өзгеріп, "ұрлық, зорлық, өтірік, өсек, алдау, қулық, айдату, байлату, кісі өлтіру, өтірік мақтану, ынсапсыздық, тұрақсыздық, жалқаулық сияқты жағымсыз қылықтар" көбей-геніне қынжылады, сөйтіп, "ұсақтап келіп, жаужүрек батыр-ларымыздың батырлығы ауыл үйдің малын ұрлауда. Бұрынғы билердің жұрнағы кішкене дөңгелек жер болып қалды", - дейді. Ал енді осы жағымсыз қылықтардан құтылудың ең басты құралы, Жүсіпбек түсінігі бойынша, тәрбие, оқу, білім.

**Тәжібаев Төлеген - қазақтың тұңғыш
психолог - ғалымы, академик (1910-1964)**

1910 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, 9-ауылда туған. 1928 жылы Шымкенттегі Педагогикалық техникумды, 1935 жылы Москвадағы Н. К. Крупская атындағы Коммунистік тәрбие академиясын бітірді. Еңбек жылын 1938 жылы Абай атындағы педагогикалық

инсти-тутының педагогика және кафедра меңгерушісі қызметпен бастаған Тәжібаев одан кейінгі мерзімдерде халық ағарту комиссарының бірінші орынбасары, оның комиссары, және қазақ ССР сыртқы Халкомсовының комиссар орынбасары, қызметінде болады. 1944 жылдан бастап Қазақ ССР сыртқы істер Министрі, Қазақтың әл-Фараби атындағы Мемлекеттік ұлттық университетінің ректоры және қазақ ССР Министрлер Советі председателінің орынбасары болды.

1957-1961 жылдары Үндістандағы СССР елшілігінің кеңесті-өкілі болды. Ал, 1961 жылдан әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры және меңгерушісі қызметін атқарады.

1938 жылы педагогика ғылымының кандидаты, 1962 жылы педагогика ғылымының докторы дәрежесіне ие болды. 1954 жылдан Қазақ ССР ғылым академиясының академигі Т. Тәжібаев Қазақ ССР педагогика қоғамының президенті, жоғары және арнаулы орта білім Министр-лігінің педагогика және психология саласындағы ғылыми-әдістемелік кеңесінің төрағасы т.б. қоғамдық жұмыстар атқарды.

Т. Тәжібаев жауапты қоғамдық, мемлекеттік қызметтер атқарумен бірге, зор ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Оның К. Д. Ушинскийдің психологиялық көзқарасы туралы зерттеулерінің зор ғылыми маңызы болды. Ол жас ғалым-психологтарды даярлауда көп еңбек сіңірді. Тәжібаев Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің, оқу-ағарту ісінің дамуы және мектептер тарихын, Абай Құнанбаевтың философиялық, психо-логиялық және педагогикалық көзқарастарын жан-жақты зерттеген ғалым. XIX ғасырдың екінші жартысын-дағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісімен педагогикалық ой-пікір дамуы жөніндегі зерттеулері көлемді, әрі маңызды зерттеулер қатарынан саналады.

Сембаев Ібнияұлы - қазақ мектебінің тарихын тұңғыш зерттеген ғалым (1905-1989)

1905 жылы Жезқазған облысы, Шет ауданында Қарабұлақ аулында туған. 1931 жылы Абай атындағы Қазақтың Мемлекеттік Педагогикалық институтының химия факультетін бітірді. Педагогикалық жұмысты 1925 жылы мектепте мұғалімдіктен бастады. Одан кейінгі жылдары қазақ ССР Оқу Министрлігінің әдіскері, Қазақтың ауыл шаруашылық институтының оқытушысы, әрі директоры болды. Қазақ ССР-ы Оқу Министрі, әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі және проректоры, қызметін атқарды. Қазақ ССР Оқу Министрлігі жанындағы Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтының директоры және институт жанындағы үйлестіру Кеңесінің меңгерушісі болды.

1966 жылы Ғылым докторы дәрежесін, 1967 жылы профессор атағын алды. Ол ССР Педагогикалық ғылымдар академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды. Сембаев Ә. І. Қазақ Совет мектебінің қалыптасуын зерттеуге үлкен еңбек сіңірген ғалым. Оның 30-дан астам ғылыми еңбегі жарық көрді.

Ол үлкен қоғам қайраткерлері бола жүріп, Қазақ-стандағы педагогика ғылымының өркендеп өсуіне қазақ-ұйғыр, орыс-қазақ мектептеріне байланысты К. Д. Ушинскийдің, Н. К. Крупскаяның педагогикалық мұраларын жан-жақты зерттеген ғалым.

Раиса Лемберг - Қазақстан педагогикасын дамытуға үлес қосқан ғалым (1883-1965)

Соғыстан кейінгі жылдарда дидактиканың әр түрлі бағытында зерттеу жүргізді. 40 жылдары "Сабақтың құрылысы проблемасы", "Білімді бекіту және сабақтағы біліктілік" т. б. сабақ өтудегі мұғалім білімі мен оның шеберлігіне үлкен мән берді, оның дидактикалық негізін қалады.

Ал, 50-60 жылдары "Оқыту әдістемесі", "Дидактика-лық очерктер" т. б. мақалаларында Лемберг Р. Г. оқу процесін психологиялық негізде талдайды және сипат-тайды. Оның оқу құралы, оқыту жолдарын айқындайды, оқыту әдістемесінің творчестволық жолын белгілеп берді. Раиса Григорьевна елімізде бірінші болып психология-педагогикалық тоқыраудың салдарын жою жаңадан оның тиімді жолдарын іздеудің жаршысы болды. Оқудың тұрпайлығын жою, сабақты көрнекілікпен өткізу проблемаларын бірінші кезекке қойды. Оның ғылыми мектебінің шәкірттері - Г. А. Уманов пен Н. Д. Хмель Лембергтің ілімін жалғастырып, өздері оның білімін таратты.

Қартбай Бержанов - "Педагогика тарихы" оқулығын қазақ тілінде тұңғыш жазған ғалым (1924-1976)

Педагогика ғылымының докторы, профессор Қ. Бержанов артына үлкен педагогикалық мұра қалдыр-ған, Қазақстандағы педагогика ғылымының дамуына қосқан өзіндік үлесі бар көрнекті ғалым.

1947 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының тарих факультетін бітірісімен институт қабырғасындағы қоғамдық және педагогикалық іске қызу араласып, студенттерге тәлім-

тәрбие береді. Кейінен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында проректор әрі педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарған ол 1967 жылдан өмірінің соңына дейін әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік универ-ситетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болды.

Қ. Бержанов бірнеше оқулық пен монографиялық еңбектің, 200-ге тарта мақаланың авторы. Оның бірі "Қазақстан мұғалімдерінің (1917-1941) қоғамдық және мәдени ағартушылық ісі тарихынан" атты монографиясы Қазақстандағы тұңғыш жазылған еңбектердің қатарынан орын алады.

Ғалым туындыларының негізгі өзегі педагогика тарихының мәселелері болып саналады. Ол оқу-ағарту және жалпы мәдениет саласындағы халықтар ынтымағы мен достығын өз еңбегіне ұдайы арқау етіп отырады. Оның "Оқу-ағартудағы халықтар достығы" атты ғылыми педагогикалық туындысы осы тұрғыда жазылған маңызды еңбек.

Ол ХІХ ғасырдың бірінші ширегінде орыс-қазақ қатынастарының даму тарихында Қазақстанның ағарту ісі мен мәдениетіне, оның тарихы мен табиғи байлық-тарын зерттеуге ықпал етіп, белгілі із қалдырғандар - декабристердің Қазақстан жерінде болуының зор маңызы бар деген тұжырымға келеді.

Орыс мәдениеті мен оқу-ағарту ісінің Қазақстанның оқу-ағарту ісіне тигізген тағы бір ықпалы ұйымдастырылған кадет корпусы. Сонымен бірге, Россияның ұлт аймақ-тарында, соның ішінде Қазақстанда орыс білімінің таралуына ықпалын тигізген, 1789 жылы Орынбордағы Меновой двор мешітінің жанынан қазақ балаларына арналған мұсылман мектебінің ашылуы қазақ жастарының орыс тілін үйренудегі алғашқы қадам болғанын баяндайды.

Қазақ жерінде тұңғыш мектеп ашқан, дала қоңырауы атанған Ыбырай Алтынсариннің, ұлы ағартушылар Абай мен Шоқанның орыстың озық мәдениетінен сусындап, оның оқу-ағарту саласындағы озық идеяларын қазақ жеріне тұңғыш таратушы екенін түйіндей отырып, ол бүгінгі Қазақстан мектептеріндегі үлкен өзгерістер ұлы орыс мәдениеті және орыс-қазақ достығының нәтижесінде қол жеткен теңдесі жоқ табыс екенін дәлелдейді.

Ғалымның ұзақ жылдар бойғы зерттеулері нәтижесінде жазылған бағалы еңбектерінің бірі - "Педагогика тарихы" оқулығы. Бұл жоғары оқу орындары оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттердің қолтума кітабына айналды.

Оның ғылыми еңбегінің қай-қайсысы болмасын адамгершілік және еңбек тәрбиесінің принциптері тұрғысында жазылған. Автор 1920 жылдардағы Қазақстан жерінде алғашқы мектептің киіз үйлерде ашылғаны, алғашқы мұғалімдердің педагогикалық білімі жоқ, қысқа курстарда оқыған сауаты ғана бар екеніне арнайы тоқталып, оның заңды құбылыс екенін ескерте кетеді. Сол мектептердің бүгінгі тәрбие мен оқудың бірлігін, оның берік үлгісін жасаған қазақ мектептеріне дейінгі дәрежеге көтерілуі ұлт саясатының салтанат құрып отырғанының айқын айғағы деп тұжырым жасаған. Сондай-ақ ол кеңес мектебінің алғашқы жылдарындағы халық ағарту ісін дамыту мен қалыптастыруда Н. К. Крупская, М. И. Калинин, А. В. Луначарский, А. С. Макаренко т. б. көрнекті педагог-тердің тәжірибесі, олардың педагогикалық ықпалының орасан зор болғанын өз еңбектерінде ерекше көрсетеді.

Ол педагогика тарихын белгілі бір жүйемен зерттеді. Мысалы, ол ХVІ-ХVІІ ғасырдың аралығындағы жаңа педагогиканың негізін қалаушы ұлы славян педагогі Ян Амос Комнескийден бастап, әр түрлі кезеңдегі педагогика ғылымының дамуына өзіндік үлес қосып келе жатқан, педагогикада өз дәуіріне тән бетбұрыс жасаған, демек әрбір ғасырда өмір сүрген педагогтардың: Ж. Ж. Руссо, И. Г. Пестолоции, М. В. Ломоносов, В. Г. Белинский, А. И. Герцен, К. Д. Ушинский, Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов, Л. Н. Толстой, И. Н. Ульянов, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев т. б. көптеген педагогтердің еңбектеріне талдау жасап, олар туралы өз кезінде республикалық журналдар мен газеттерге мақалалар жазды.

Ғалым зерттеулерінің басты бір өзегі - педагогика-ның білім беру және оқыту теориясын жетілдіретін саласы - кеңестік дидактиканы зерттеуі еді. Ол дидактиканы қазақ топырағымен байланыстыра зерттеді. Мысалы, ол біріншіден прогрессивті орыс педагогикасының дидактикалық үлгі-өрнектері қазақ мектептерінде Ы. Алтынсарин ашқан мектептердің тәрбиесі арқылы жүзеге асырылды десе, екіншіден, С. Көбеевтің "үлгілі бала" оқулығын дидактикалық еңбектер қатарына қосады. үшіншіден, ол "Айқап" журналының материалдарын да дидактикалық еңбектер қатарына қосуды да оның еңбектерінің жан-жақтылығын дәлелдейді

Қ. Бержанов өмір бойы ұстаздық етті. Одан дәріс алған, лекция тыңдаған, ғылыми білім және тәрбие көрген мұғалімдер республиканың түпкір-түпкірінде жемісті еңбек етіп, ұстаздық қызметте жүр.

Григорий Уманов-Қазақстан педагогикасын дамытушы ғалым (1931)

Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік университеті тарих факультетінің түлегі бүгінде педагогика ғылымының докторы, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбек сіңірген қайраткер Г. А. Уманов белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, сондай-ақ өзі еңбек ететін Абай атындағы Алматы Мемлекеттік Ұлттық университетінің педагогика кафедрасының профессоры. Сонымен бірге кафедра жанындағы педагогикадан кандидаттық және докторлық ғылым дәреже беретін ғылыми кеңес мүшесі, Ташкент ғылыми кеңестің мүшесі т. б.

Ол жергілікті халық тарихын, ұлттық дәстүрін, тілін, мәдениеті мен әдебиетін үйренуді өзінің борышы деп біліп, бүкіл отбасымен қазақ театрына барып, ұлттық өнерден сусындай бастады. Сол кездері ер жетіп қалған Григорий де мұндай мәдени демалыстардан қалыс қалмайтын. Кейін ол Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түскенде осы бағытынан танбады.

Шынында да, Г. А. Умановтың студенттік өмірі тек ізденіспен өтті. Оқуда озат болумен қатар, факультеттің, тіпті, университеттің қоғамдық жұмысына да белсене араласты. Үнемі білсем деген талпыныста жүретін оған кезінде тарих ғылымының докторы, атақты академик Серікбай Бейсенбаев, белгілі тарихшы ғалым Есмұқан Бехмахановтар дәріс беріп, ұстаздық етті. Білімдері терең, парасатты да мәдениетті ғалымдардан ғибрат алудың өзі де Григорий Абрамович үшін тәнті болған жас сол кезде-ақ "үлкен ғалым боламын" деген арманды көкірегіне мықтап түйген еді.

Университетті 1954 жылы бітірген ол еңбек жолын Алматы медицина училищесінің тарих пәнінің мұғалімі болудан бастады. Кейін Алматыдағы еңбек колонналары мектептерінде мұғалім және директор болып еңбек етті. Міне, осы кезден бастап ол қиын балалар тәрбиесін зерттеумен айналысты. Ұзақ жылғы еңбек, мол тәжірибе көп кешікпей өз жемісін берді. Ол 1960 жылдардың басында "СССР-де кәмелетке жетпеген балалардың қылмыс жасау себептері" атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Бұл еңбек кейін монографиялық кітап болып шықты.

Негізі әр ғылымның өзіндік зерттеу ерекшелігі бар. Оның еңбектеріндегі ерекшелік - теорияның тәжірибемен тікелей байланысы. Мысалы, 1968 жылы "Жеке оқушылар-мен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мәселелері", 1969 жылы жарық көрген "Кәсіптік-техникалық училищелердегі тәрбие жұмысының жүйесі" атты монографиялары соның айқын айғағы. Қазақстандағы кәсіптік-техникалық оқу орындарының, әсіресе, училищелердің озат тәжірибесін жинақтаған бұл дүниелерді оқушылар оқулық ретінде пайдаланып келді. Ал, 1970 жылы Г. Уманов "Қазақстанда кәсіптік-техникалық білім дамытудың педагогикалық проблемалары" атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Ол көп кешікпей үлкен кітап болып шықты. Мұны педагог ғалымдар, сол кездегі көрнекті педагог Р. Г. Лемберг Қазақстан педагогикасына қосылған үлкен үлес деп бағалады.

Ол өзінің "Бала бақыты" атты кітабында баланы жасынан еңбекке үйретудің тәрбиелік жүйесін жасаған. Тәрбие ісінде орынсыз ағаттықтар жіберуден сақтан-дырады. Сондай-ақ, ол Москвадан орыс тілінде шыққан "Мы и наши дети" атты еңбегін В. Сухомлинскийдің "Балаға жүрек жылуы" атты кітабы негізінде жазғанын автор мақтаныш тұтады.

Г. А. Уманов зерттеулерінің тағы бір ерекшелігі барлық проблеманы кез келген объектісін жергілікті халықтың топырағынан іздейді. өзінің өскен ортасының табиғатын, ғылыми-техникалық прогресін мәдениеті, оқу-тәрбие ісін, әдебиетін, тарихын өз зерттеулерінің берік компоненттері етіп ала білді. Соңғы оншақты жылдар ішінде жазған "СССР-де оқушыларға кәсіптік бағдар беру" Қазақстанда кәсіптік-техникалық білім беруді дамытудың педагогикалық проблемалары, "Жеке оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысының жүйесі", "Қиын балалар-мен жүргізілетін тәрбиенің маңызды мәселелері" атты еңбектерінде және Қазақстандағы оқу-ағарту, тәрбие мәселелеріне арналған теориялық танымды мақала-ларында екжеі-тегжейлі баяндалған.

Сондай-ақ Г. Уманов - қазақ әдебиетінің даму тарихымен де айналысқан ғалым. Ол, тарих, әдебиет және педагогиканы біртұтас деп қарайды. Оған көптеген педагогиканың зерттеулері дәлел. Мысалы, "Бала бақыты" атты кітаптары тәрбиенің түйінді мәселелерін шешуде қазақ балаларының жүріс-тұрысы, қазақ отбасының күй-жайы, дәстүрі, халық педагогикасының мұралары жан-жақты талданып жазылған.

Сондай-ақ, Уманов өте қайырымды да парасатты, зиялы ғалым. Олай дейтініміз, оның жетекшілігімен 100-ден астам адам педагогика ғылымының кандидаты және докторы дәрежесіне ие болды. Ол толып жатқан диссертацияның оппоненті болып сөйледі. Қыруар кітаптар мен монографияларға, әдістемелік оқу құралдарына, оқулықтарға беташар жазып, батасын берді. Ол лекция оқуда да еңбек тәрбиесінің майталмен маманы. Бүгінгі Қазақстан педагогикасының көш бастаушыларының бірі. Оның педагогика саласындағы жүзеге асырылған істері айтарлықтай.

Умановтың бастамасымен Абай атындағы педагогикалық институттың барлық факультеттеріне "Мектеп күнін немесе үзіліссіз педагогикалық тәжірибе" енгізілген болатын. Оның мақсаты педагогикалық практиканың мерзімін ұзарту, яғни студенттер бірінші курстан бастап әр жылы 35-40 сағаттан педагогикалық тәжірибеден өтеді. Көп ұзамай бұл бастама Алматы қаласының барлық педагогикалық оқу орындарында қолдау тапса, ал 1989-90 оқу жылында бұл тәжірибе республиканың барлық педагогикалық оқу орындарының оқу-тәрбие жоспарына енгізіліп, жүзеге асырылды.

Соңғы кездері ғалымды еліміздегі оқу-ағарту ісін қайта құру, ондағы басты проблема жаңа адамды дамыту, қалыптастыру және тәрбиелеу қатты толғандыратын болды. Ізденіс тағы да іс жүзінде көрініс тапты. Оның бірі - ғалымның бастамасымен Алматы қаласындағы 36, 65, 31 мектептердің жанынан ғылыми оқу-әдістемелік комплекс құрылуы. Комплекс үш бағытта: ("Оқушылардың танымдық іс-қимылын белсендендіру", "Оқушыларды идеялық-адамгершілік рухта тәрбиелеу", үшіншіден, "Қиын балалар тәрбиесін жетілдіруде" жүйелі жұмыс жүргізуді көздейді. Бұл іске бүкіл кафедра мүшелері жұмылдырылды. Мұндағы ең түпкі мақсат-қайта құру негізінде жоғары оқу орындарының қызметін мектепке жақындату, оқу тәрбие процесінің тиімділігін арттыру еді. Бұл ісі өзінің жалғасын табуда.

Жарықбаев Құбығұл - Қазақстанның көрнекті психологы (1929)

Әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық Университетінің профессоры, педагогика ғылымының докторы Қ. Б. Жарықбаевтың тәрбие тағылымы мол адам. Жүсіпбек Аймауытовтың сөзімен айтқанда "Тәрбиелі адам, демек иманды адам, ол білімін өз орнына, игілікке, адамзаттың гүлденуіне жұмсайды" - деген екен. 1946 жылы Ақтөбе оқытушылар педагогика институтын бітірген балаң жігіт Құбығұл Бозайұлының ойына Жүсіпбек Аймауытовтың осы бір тәрбие туралы ғұламалық даналығы, аталық сөзі кірмегенде шығар, немесе елес берді ме оны сол кезден бастаған тәрбие туралы талпыныс пен білім алу туралы үлкен ұмтылыс, зор арман Алға қазақ орта мектебінде ұстаздық қызметін бастағанда, оны болашаққа жетелей берді. 1947 жылы алғаш Төлеген Тәжібаев ұйымдастырған әл-Фараби атындағы қазақтың Ұлттық Университетінің "Логика және психология" бөлімін бітіріп шықты. 1951-1977 жылдары Қызылорда педагогикалық институтының оқытушысы, және Шымкент педагогикалық институтында доцент, психология кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1977 жылдан бері әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі кейінгі жылдары "Этнопсихология және педагогикалық психология" кафедрасының профессоры болып қызмет атқарып жүр. Аңсаған арман оның басындағы мінез-құлықтық психологиялық ерекшелік психология ғылымын зерттеуге тұлғалық берілгендігі, оны биік межеге жетеледі. Сөйтіп ол алғашқы еңбегін "Абай қазақ халқының ұлы ағартушысы" және "Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы" еңбектері жарыққа шыға бастағаннан бері қарай, ол елуге тарта психология саласын қамтитын оқулық пен оқу құралдарын, оқу бағдарламаларын жазды. 800-дей ғылыми мақаланың авторы. Мұның барлығы психологияның маңызды мәселелеріне арналған. Демек Құбығұл Бозайұлы ХХ ғасырдың соңғы ширегінде педагогика, әсіресе психология ғылымының дамуына зор үлес қосқан көрнекті ғалым. Қазақстанның психология ғылымының негізін салушылардың бірі. Абай атындағы АлМУ-дың педагогика кафедрасындағы докторлық ғылыми кеңестің және әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің психологиядан докторлық ғылыми дәреже беретін кеңестің мүшесі.

1962 жылы қазақ тілінде жазған тұңғыш психология оқулығы (1970-82-94) қайтадан үш рет басылды. Сонымен бірге "Махамбет өтемісұлы жастар тәрбиесі хақында" (1976), "Әл-Фараби" (1977), "Аталар сөзі - ақылдың көзі" (Монография, 1980), "Ұстаздық еткен жалықпас" (психология очерктері, 1987) жазылды. Осы еңбектерінде автор қазақтың тәлім-тәрбиелік нұсқасын психологиялық ғылыми негізе айландырып жастар және ұрпақ тәрбиесінің психологиялық негізін салды. Сонымен қатар ол "Қазақтың тәлім-тәрбиелік ой-пікір антологиясы" (1995), "Этнопсихология" (1998), "Қазақ мектептеріндегі оқу-тәрбие процесінің этнопсихологиялық мәселелері" (1997), "Психология пәнін оқытудың кейбір мәселелері" (1987) еңбектері әл-Фарабиден бері қарайғы қазақтың этнопедагогикалық немесе халықтық педагогиканың күні бүгінге дейінгі дамуына талдау жасайтын тарихи тағылымы мол, жастар тәрбиесін халықтық педагогика негізінде тәрбиелейтін және білім беретін тарихи еңбектер.

Қ. Б. Жарықбаев "Қазақ психологиясының тарихы" (1996), "Развитие психологический мысли в Казахстане" (1968), "Жүсіпбек Аймауытовтың психологиялық ой-пікірлері" (1998) еңбектері арқылы Қазақстандағы психо-логиялық ой-пікірдің дамуын, оның әртүрлі тарихи кезеңін тереңнен тартып талдайды. Осы жоғарыдағы еңбектердің барлығында да Құбығұл Бозайұлы сан

ғасырлық тарихы бар, қазақ халқының көне заманнан бергі тәлім-тәрбиесін, психологиялық және педагогика-лық оқу-ағарту туралы ой-пікірдің қалыптасу бағыт-тарын саралап та сараптап, бүгінгі өмірдің талаптарына сәйкес зерттеп, жазды.

Қ. Жарықбаевтың ғылыми - ізденіс бағыттарының негізі - ағартушылықты: тәрбие, оқу-ағарту, білім беруді, оның ішінде психологиялық ілімді зерттеуді өзінің биік межесі етіп ұстаған. Ғалым - жаңа рухта жас ұрпақ тәрбиелеу, адамгершілік, жақсы мінез-құлық қалып-тастыру қажеттіліктерін тек қана тәжірибеде іске асырып қоймай, бұл мәселелерді теориялық тұрғыдан да терең зерттеген.

2003 жылы "Қазақ психологиясының дамуы мен қалыптасуы" туралы психология ғылымының докторы дәрежені алу үшін диссертация қорғады

Пысықтау және бақылауға арналған сұрақтар

1. Әл-Фарабидың оқу-ағарту және тәрбие туралы ой-пікірлері, оның жаңа адамды қалыптастырудағы тарихи маңызы.
2. Фарабидің еңбек тәрбиесі туралы тағылымдарын талдаңыз.
3. Фараби ғылымды қалай жіктеді?
4. Махмұд Қашқари еңбектерінің тарихи маңызы және ғылыми мұраларына талдау жасаңыз.
5. Қашқаридың "Диуани лұғат-ат-Түрк" атты еңбегінде қандай тарихи және тәрбиелік мәселелер көтерілген?
6. Баласағұн Жүсіптің отбасы тәрбиесі туралы өсиеттері және "Құтты білік" дастанының қоғамда алатын орны қандай?
7. Қадырғали Жалайри мен Мұхаммед Хайдар Дулати-дың, еңбек тәрбиесі туралы ой-пікірлерінің тарихи маңызын талдап, тәрбиелік мәнін қалай түсінуге болады?
8. Фирдауси мен Низамидің адамзат тіршілігі, өмір мен қоғам, отбасы даналықтарын талдап, жастар тәрбиесі туралы тағылымдарының тарихи маңызына түсінік беріңіз?
9. Ибн-Сина еңбек тәрбиесі туралы қандай пікірлер айтқан және дәрігерлік қызметінің тарихи маңызы қандай?
10. Әлішер Науаи мен Мақтымқұлының Орта Азия ойшылдарын ретіндегі еңбектерінің тарихи маңызын қалай түсінесіз?
11. Ян Амос Коменскийдің педагогиканың негізін салушы ретіндегі еңбектерінің маңызы қандай?
12. Я. А. Коменский оқытудың қандай әдістерінің негізін салды?
13. Джон Локк пен Жан-Жак Руссоның тәрбиенің табиғатпен байланыстығы туралы ой-пікірлері, оның педагогикадан алатын орны қандай?
14. И. Т. Песталоцци мен К. А. Гельвецийдің тәрбие туралы ой-пікірлері және оның педагогикалық маңызы мен мәні қандай?
15. А. Дистервергтің тәрбие туралы даналықтарының тарихи маңызы қандай?
16. К. Д. Ушинскийдің дидактикалық принциптерінің - оқыту мен білім берудегі алатын орны және оның мектеп тәжірибесіндегі тарихи мәні?
17. Н. К. Крупская мен А. С. Макаренконың педагогика-лық еңбектері және оның тәрбиелік мәнін түсіндіріңіз?
18. В. А. Сухомлинский мен В. В. Шаталовтың педагогикаға қосқан жаңалықтары туралы айтыңыз?
19. Қазақ ағартушыларының Ыбырай, Абай, Шоқан, Шәкерімнің әлеуметтік-педагогикалық ой-пікірлерінің пайда болуы мен қалыптасуының тарихи маңызына талдау жасап, тәрбиелік тағылымнан қалай дәріс алуға болады?
20. А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытовтың Қазақстан педагогикасының дамуына қосқан үлестері туралы айтып беріңіз?
21. Қазақстан педагогтарының тәрбие, оқу, білім беру туралы ой-пікірлерінің бүгінгі егеменді еліміздің оқу-ағарту білім беру, ісін дамытудағы рөлі қандай?

Әдебиеттер

1. Ақпанбек Г. Қазақтардың дүниетанымы. -Алматы, Қазақ университеті, 1989.
2. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. -А., 1991.
3. Айтмамбетова Б., Бозжанова К., т. б. Балаларды семьяда адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. -Алматы, 1985.
4. Айтмамбетова, Бейсенбаева. Тәрбиенің жалпы әдістері. -А., 1991.
5. Айғабылова Н. Бала мінезінің қалыптасуы және оны тәрбиелеу жолдары. -А., өнер. 1972.
6. Ахметов Ж. Балаларды мәдениеттілікке тәрбиелеу жолдары. //Қазақстан мұғалімі, 18 ақпан, 1994.
7. Алмаханова Х. Жас өспірімдерге эстетикалық тәрбие беру. /Методикалық нұсқау. А., 1990.
8. Ақназарова Б. Класс жетекшісі. -А., Мектеп, 1973.
9. Әбенбаев С. Оқушы жастарға эстетикалық тәрбие беруді жетілдіру. -А., 1992.
10. Әбенбаев С. Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі. -А., 1999.
11. Әбдіразақов Е. Адамгершілік, имандылық тәрбиесі. -Шымкент 1994.
12. Әбиев Ж. Жаңа адамды қалыптастыру. -Алматы, 1988.
13. Әбиев Ж. Еңбек тәрбиесінің педагогикалық негіздері. -Алматы, 1997.
14. Әбиев Ж. Оқушыларға атеистік тәрбие беру. Алматы, //Қазақстан мектебі, 1959. ғз.
15. Әбілова З. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. -А., 1972.
16. Әбілова З. Этнопедагогика. -А., 1997.
17. Әтемова Қ. Ата-аналар жиналысының мәні. Қаз. мем. 1-1996.
18. Болдырев Н. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. -Алматы, 1987. III-VI тарау.
19. Болдырев Н. Класс жетекшісі. -А., Мектеп, 1980.
20. Богословский В. т. б. Жалпы психология -А., Мектеп, 1980, 13 тарау.
21. Безкаравайный С., Жұмабаев А. Мектепте өткізілетін тарихи-әдеби кештер. -А., Мектеп, 1968.
22. Бержанов Қ. Тәрбие мен оқытудың бірлігі. -Алматы, 1973.
23. Бержанов Қ., С. Мусин. Педагогика тарихы. -А., Мектеп, 1984.
24. Бержанов Қ. Оқу-ағартудағы халықтар достығы. Алматы, 1976.
25. Баранов С. Принципы обучения. -Москва, 1975.
26. Бабанский Ю. Педагогика. -Москва, 1988. 23-тарау.
27. Батышев С. Научная организация учебно-воспитательного процесса. -М., 1975.
28. Внутришкольное управление: Вопросы теории и практики. Под ред. Т. И. Шамовой.
29. Дорженов С. Бүгінгі ислам. -Алматы, Білім қоғамы, 1988.
30. Дүйсенбинова Адамгершілік тәрбиесіне айқын бағыт //Қазақстан мектебі. 7-1991ж/
31. Елеманов С., Күктілеуов А. Жастарға арналған праволық білім беру негіздері. -А., 1985.
32. Егембердиев Ж. Мектеп жұмыстарын жоспарлау /Методикалық ұсыныстар. -А., Мектеп, 1975.
33. Жұмаханов Ә. Семьяда балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. -А., 1985.
34. Жас ұрпаққа адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру концепциясы. //Қазақ мұғалімі, 1-тамыз 1989.
35. Жақыпов А. өнеге өрісі -А., Мектеп, 1975.
36. Жұмабаев Ә. Ата-аналар жауапкершілігі. -А., 1977.
37. Ильина Т. Педагогика, -М., 1984 жыл.
38. Иванова Н., Қозғамбаева М. Оқыту процесінің мәні. -Алматы, 1991.
39. Керімов Л. Праволық тәрбие жүйесі. (11-лекция). -А., 1991.
40. Капралов Р. Класс жетекшісінің жұмысы. -А., 1983.
41. Классный час и его организация. -А., Мектеп, 1989.
42. Капралова Р. Сынып жетекшісінің ата-аналармен жүргізетін жұмысы, -А., 1973.
43. Керімов Л. Қиын бала және оны қайта тәрбиелеу. -А., 1990.
44. Көпжасарова М. Оқушыларды класстан тыс жұмыстарда коллективизмге тәрбиелеу. -А., Мектеп, 1978.
45. Көшекбаев Н. Оқыту теориясы. - Алматы, Мектеп, 1976.
46. Кочетов А. Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуі. -М., Просвещение, 1967.

47. Крупская Н. Көркемдікке тәрбиелеудің міндеттері туралы. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. -А., 1973.
48. Крупская Н. Трудовая школа и научная организация труда. Пед. соч. в 10-ти томах. 4. -М., 1959.
49. Крупская Н. Памятка по НОТ для школы юных пионеров. Пед. соч. в 10-ти томах 5. -М., 1950.
50. Крупская Н. Надо беречь свое и чужое время. Пед. соч. в 10-ти томах. Т. 5. -М., 1959.
51. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. -Астана, 1998.
52. Лемберг Р. Оқыту әдістері. -Алматы, 1958.
53. Лернер И. Дидактические основы методов обучения. - Москва, Педагогика, 1981.
54. Методика правового воспитания. -М., 1984.
55. Макаренко А. Ұстаздық дастан. -А., 1985.
56. Макаренко А. Ата-аналар кітабы. -А., 1985.
57. Маслов., Карагоз Ю. Планирование воспитательной работы в учебной группе. -М., 1985.
58. Мурзалин С. Рухани байлық -А., /Қазақстан, 1988.
59. Махмудов М. Мектепте проблемалы оқытуды ұйымдастыру. -Алматы, 1981.
60. Николаева В. В школе и после школы вместе: Книга для учителя. -М., Просвещение, 1989.
61. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Ой. Ақыл. Адамгершілік. -А., Білім, 1994
62. Нұрғалиева Г. Оқыту әдістері. Алматы, 1991.
63. Нұрмағанбетов С., Овчинникова Р. Мектептегі кластан тыс жұмыстар. -А., Мектеп, 1969.
64. Нұрланова Г. К. Орта ғасыр ғұламаларының тәрбие тағылымдары. -Алматы, //Қазақстан мектебі, №7. 2003 ж.
65. Оқушыларды сабақтан тыс уақытта тәрбиелеу. -А., Мектеп, 1975. /Құрастырған: Қырқалов В. П., Шпитальник П. Э./
66. Основы внутришкольного управления (Под ред. П. В. Судоминского) -М., Педагогика, 1987.
67. Оқушыларды тәрбиелеудің үлгі мазмұны. /Редакциясын басқарған И. С. Макаренко. Аударған З. Бейсенбаев/. -А., Мектеп, 1978.
68. Положения о рейтинго-тестовой контроле качества знаний, навыков и умений студентов. - Алматы, Казгумя, 1996.
69. Педагогика школы /Под ред. Г. И. Щукиной. -Москва, Просвещение, 1977.
70. Подласый И. Педагогика. Кн.1. -Москва, 2000.
71. Подласый И. Педагогика /Кн. 1./. – Москва, Владос, 2000.
72. Планирование воспитательной работы (Методические рекомендации классным руководителям 4-7 классов). -М., 1986.
73. Педагогикалық басшылық. //Бастауыш мектеп. Т. 1, 1987.
74. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы. /Ред. басқарған А. Петровский. -А., Мектеп, 1987.
75. Поташкин М. Об анализе воспитательной работы. Народное образование, 1976, № 2.
76. Радченко И. НОТ учителя. -М., Просвещение, 1982.
77. Сокольников Ю., Ефременко Н. Учет классным руководителем результатов воспитания учащихся. -Воронеж, 1977.
78. Сабыров Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайын-дығын жетілдіру. -Алматы, Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының баспа кабинеті, 1999.
79. Сухомлинский В. Балаларға жүрек жылуы. -А., 1976.
//Қуаныш мектебі.
80. Сабыров Т. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары - А., Мектеп, 1978.
81. Сабыров Т. С. Ақыл-ой тәрбиесі -А., Мектеп, 1973
82. Сейталиев К. Тәрбие теориясы . -Алматы, 1986.
83. Сухомлинский В. А. Мектептің жас директорларымен сырласу. -А, 1987.
84. Сапарғалиев Г. Оқушыларға праволық тәрбие беру туралы. -А., 1988.
85. Смайылова М. Тәрбие жұмысын жоспарлау туралы. //Қазақстан мектебі, №10, 1988. 29-30 беттер.
86. Степаненков Н. О планировании работы классного руководителя. -Минск, 1978.
87. Сабыров Т. Оқыту теориясының негіздері. - Алматы, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі баспаханасы, 1992.

88. Сабақ беру тиімділігін арттыру /Құрастырған Б. Сманов. -А., 1989.
89. Төлеубеков А. Р. Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. -Алматы, 1991 ж.
90. Ушинский К. Адам-тәрбие нысанасы. Таңдамалы шығармалары. Орыс тілінде, 8 т.
91. Ұзақбаева С. Эстетикалық және экономикалық тәрбие негіздері. -А., 1991.
92. Ұзақбаева С. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. -А., 1990.
93. Ұстаздың шеберлікке жету жолдары. /Құрастырған Ж. Нұржанова. -Алматы, 1991.
94. Фролова Г. Организация и методика клубной работы с детьми и подростками. -М., 1986.
95. Харламов Н. Педагогика, -М., 1990.
96. Хрипкова А., Колесов Д. Жаманнан жирен. -А., 1988.
97. Шешенханова М. Мектеп басқарудың демократиялық алғы- шарттары //Қазақстан мектебі журналы, 1993.
98. Илиясова А. Класс жетекшісінің жүргізетін тәрбие жұмысының жүйесі. -А., 1991.
99. Этические беседы с учащимися. /Под ред. И. Ф. Харламова/. -Минск, 1977.

Ж. Ә. Әбиев., С. Б. Бабаев., А. М. Құдиярова

Педагогика

Оқу құралы

***ЖШС «Заң әдебиеті» бас директоры
Жансеитов Н. Н.***

Оператор: Умурова Г.О.

050057 Алматы қ., М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.

Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.

E-mail: law_literature@nursat.kz